Қазақстан су қорларын ықпалдасып басқару негізінде су шаруашылығы саясатын жаңартуға кірісті. 2003-жылы Су кодексі қабылданды. Қазақстан өз территориясында өзен бассейндерінің сегізін айқындап, солардың әрқайсысының жанынан өзен бассейндері ұйымдарын (ӨБҰ) құрып, трансшекаралық өзен бассейндері жөнінде бірқатар халықаралық келісімдерге қол қойды. Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су қорлары жөніндегі комитеті

(СҚК) су қорларын басқарудың ұлттық органы болып табылады. СҚК суды ықпалдаса пайдаланудың мастер-жоспарын пысықтауға және жоспарлар негізінде сегіз бассейіннің әрқайсысын қорғауға жауапты. Бүгінгі күні аталған жоспарлар өне қоймаған күй кешуде және іс-қимыл бағдарламалары мен қаржылық тетіктерді ойластырмаған.

Одан әрі ілгері бастыруға деген саяси қауқар әлсіз, ал қажетті институциональді өзгерістер баяу жүреді. Су саласын реформалау әкімшілік басқаруды күшейтумен қатар жүріп отырмаған. Осы уақытта су қорларын басқарудың белгілі бір қырларына (мысалы, қоршаған ортаны қорғау, ауыл шаруашылық мақсаттарында пайдалану, жер асты суларын өндіру және су сапасының мониторингі) жауап беретін сан-алуан институттар өз жұмыстарын тиісінше үйлестіре алмай отыр. Су қорлары жөніндегі комитеттің ондай үйлестіруді қолға алу үшін жеткілікті құзыреті жоқ.

Қазақстанда су қорларын ықпалдаса басқару бойынша шешім қабылдау бастапқы деңгейде қалып отыр, өйткені қажетті сапалы техникалық және қаржылық ақпарат жоқ болып тұр. Сегіз ӨБҰ пайдаланылған су мөлшері жайындағы ақпаратты, бұрынғысынша, Су қорлары жөніндегі комитетке жолдайды. Алайда, ол су сапасы жайлы және қолға алынған түзету шаралары жөніндегі ақпаратты тым шектеулі көлемде береді. Су қорларын басқарудың ұлттық органдары тиісті ұлттық бағдарламаны жасап шығаруға керекті егжей-тегжейлі ақпаратқа ие болмай отыр. Бұған қоса, мұндай тың мәселелерді шешетіндей Су қорлары комитетінің және ӨБҰ-ның мүмкіншіліктері әлі де мардымсыз. Халықаралық ұйымдардың көмегімен аталған бағытта күш салу үрдісі басталып та кеткен. Осы уақытта ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ) қазақстандық мамандар арасында дағды және тәжірибемен алмасу үшін жеткілікті түрде қолданбай келеді.

Бүкіл су шаруашылығы инфрақұрылымына техникалық қызмет көрсету саласына бағытталуы тиіс инвестициялардың 90-жылдардан бері көрініс тапқан орасан зор тапшылығы алаңдаушылықты күшейтіп отыр. Ірі қалалардың бірқатарында инфрақұрылымның сексен пайызы тозған, ал аймақтардың біразында облысаралық тарату желісі қираған. 2002 және 2003-жылы тиісінше Ауыз су бағдарламасы мен Ауылдық жерлердің дамуы бағдарламасы қабылданғалы бері мемлекет ауыз су инфрақұрылымын қалпына келтіруге көбірек қаржы бөле бастады (бұл қаржы 2000-жылғы 5 миллион АҚШ долларынан 2007-жылғы 200 миллион АҚШ долларына дейін өсті). Бірқатар облыстарда сумен қамтамасыз ететін кәсіпорындар қалпына келтіріліп, ендігі техникалық қызмет көрсету жауапкершілігін өз мойындарына алған облыстық әкімшілік меншігіне берілді. Дегенмен шешімін күткен мәселелер әлі де бар: көп жағдайда облыстық басқару органдары өздеріне жүктелген тапсырмаларды тиісінше орындай алмайды. Судың арзан болғаны сумен қамтамасыз ету саласында сапалы қызмет көрсетуге бөгет болып тұр. Сумен қамтамасыз ету кәсіпорындарының тиімділігі мониторингтен өтпейді, ал сумен қамтамасыз ету саласындағы мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру қажет болып тұр.

КІРІСПЕ

І.1 Физикалық мәнмәтін

Қазақстан – құрлық қоршаған, Орталық Азияға орналасқан мемлекет. Аумағы 2,717,300 км², жерді қамтитын Қазақстан көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алады және Орталық Азиядағы бес мемлекеттің ішінде ең үлкен ел болып табылады. Қазақстан батыстан шығысқа қарай 3,000 км-ге (Еділ өзені мен Каспий теңізінен Алтай тауларына дейін) және солтүстіктен оңтүстікке қарай 1,700 км-ге (Орал тауының оңтүстік бөлігі мен Батыс Сібір жазықтарынан Қызылқұм шөліне және Тянь-Шань Тауына дейін) созылып жатыр. Қазақстан солтүстікте Ресей Федерациясымен (шекараның ұзындығы 6,846 км-ді құрайды), шығыста-қытаймен (1,533 км), оңтүстікте Қырғызстанмен (1,051 км), Өзбекстанмен (2,203 км) және Түркіменстанмен шакараласады.

Елде 7,000-нан аса өзендер бар, солардың көпшілігі шағын өзендерге жатады. Елдегі басты өзендердің қатарына Ертіс (Қазақстандағы ең ұзын өзен, жалпы ұзындығы 4,248 км, қазақстандық бөлігі – 1,700 км-ді құрайды), Есіл (жалпы ұзындығы – 2,450 км, қазақстандық бөлігі – 1,400 км), Орал (жалпы ұзындығы – 2,428 км, қазақстандық бөлігі – 1,082 км), сондай-ақ Сырдария (жалпы ұзындығы – 2,219 км, қазақстандық бөлігі – 1,400 км) өзендері кіреді. Каспий теңізінің жағалық сызығы бойынша шекарасы 1,894 км-ді (елдің батысында), Арал теңізінің шекарасы – 1,070 км (оңтүстік батыста) құрайды. Оның үстіне Қазақстанда 48,000 көл және су қоймалары бар, солардың ең ірісі Балқаш көлі (16,996 км²).

Қазақстандағы жер үсті суларының көлемі 100.5 км³-ді құрайды, солардың жартысына жуығы көрші елдерден бастау алады. Жер үсті суларының ағысы айқын көрінетін маусымдық сипат алады ағыстың 90%-на дейін Көктем мезгіліне келеді), ал өзендер жоқтың қасы Маңғыстау облысы су тапшылығын бастан кешіреді. Бір жылдың ішінде және көп жылдық кезең аралығындағы су деңгейі мен көлемдерінің біршама жоғары ауытқуы да сондай-ақ ел аймақтары бөлігінде қосалқы әркелкі бөлінуіне себеп болады.

Елдің бедері (рельефі) негізінен шөл далалар мен төбелі жерлер арқылы көрінеді. Шөлдер және шөлейтті жерлер ел аумағының 2/3 астам шамасын құрайды. (тасты, тұзды және құмды тақырлар). Ең ірі шөлдер Қызылқұмның құмды құнарсыз жерлері мен батпақ жайлаған Бетпақдала жерлерін қамтиды, олар елдің Оңтүстік бөлігіне орналасқан.

Елдің топографиясы үшін құбылмалылықтың (өзгермеліліктің) жоғары деңгейі тән. Ең төменгі аумақ елдің Каспий теңізінен шығысқа қарай оңтүстік батысында орналасқан, онда теңіз деңгейінен 132 м төмен Қарагие ойпаты жатыр. Ең биік белгі (Хантәңірі шыңы 6,995 м) Қазақстан, Қырғызстан және Қытай шекараларының тоғысында, Тянь-Шаньның шеткі оңтүстік-батыс нүктесіне орналасқан. Қазақстанның шығыс шекарасын бойлай өтетін Алтай тауының да сондай-ақ заңғар шыңдары бар. Қазақстанның континенттік климаты ыстық та құрғақшылықты жазбен және суық, әрі біршама құрғақ қыспен сипатталады.

Аймақтар бойынша температураның күрт ауытқулары байқалады. Температураның ең үлкен айырмашылығы шөл дала мен елдің таулы аудандары арасында болады. Оңтүстік өңірлерге анағұрлым жұмсақ қыс пен ыстық жаз тән. Солтүстіктен соғатын суық та қатты жел далалы өңірдің қысын әсіресе сұрапыл етеді. Ауданға қарай, қаңтардағы күндізгі орташа температура -19°C –дан 4°C-ға дейін, шілдеде – 19°C-дан 26°C-ға дейін ауытқып тұрады. Жазда негізінде ауаның температурасы 45°C-ға дейін көтеріледі, ал қыста 45°C-ға дейін төмендеуі мүмкін.

Қазақстан жауын-шашынның жылдық төмен деңгейімен сипатталады. Шөл далаларда жауын-шашынның деңгейі жылына 100 мм-ден төмен болса, ал далалы аймақта-жылына 250 – 350 мм шамасында құбылып тұрулары мүмкін. Далалы өңірде найзағай жарқылдары көбіне нөсер

жауындарға (тасқындарға) ұласады. Қыс мезгілінде ел аумағының үлкен бөлігін қар басады. Шындарынан мәңгі қар кетпейтін таулы аудандарда жауын-шашынның деңгейі жылына орта есеппен 1,500 мм-ге жетеді.



Астана

Жер пайдалану үлгісінің негізгі ерекшелігі-ел аумағының шамамен 68%-ын құрайтын ұзақ жылдық шабындықтар мен жайылымдардың молдығы. Екіншіден, Қазақстанның орасан байтақ жері мен халықтың қоныстануының төмен тығыздығына байланысты егістік жерлердің елдің жалпы аумағының небәрі 7.9%-ын ғана құрайтынына қарамастан, Жан басына шаққанда 2 га егістік жер келеді.

1997 жылы желтоқсанда Астана Қазақстан Республикасының елордасы болды. 2007 жылғы ахуал бойынша Астана қаласындағы халықтың есептік саны шамамен 577,000 адамды құрады. Елорданың халқы жедел өсуде. Қазақстан Республикасының бұрынғы астанасы-Алматыда 2 миллион тұрғын бар. Алматы елдің ең ірі ғылыми, мәдени және қаржы орталығы. Елдегі басқа ірі қалалардың қатарына Қарағанды көмір бассейнінің кіндік ортасына орналасқан Қарағанды қаласы жатады (халқы 440,000 адам). Қарағанды-Қазақстанның өнеркәсіп орталығы, көмір өндіру мен көмір өндіретін техниканың өндірісі қаланың негізгі саласы болып табылады. Елдегі тағы бір ірі қала Шымкент (халқы 400,000 адам), ол химиялық өндіріс пен қорғасын және мырыш балқытуды (қорытуды) қоса есептегенде, ауыр индустрияның орталығы болып табылады.

I.2 Табиғи ресурстар

Қазақстан Республикасы табиғи ресурстарға, пайдалы қазбалар мен минералды ресурстардың кендеріне бай ел. Кейбір есептерге сәйкес Қазақстан уран, қорғасын және мырыш қорларының деңгейі бойынша әлемдегі екінші ел, марганец қорларының деңгейі бойынша әлемдегі үшінші ел және мыс қорларының көлемдері бойынша әлемдегі бесінші ел болып саналады. Қазақстан сондай-ақ алмас экспорттаушы ел және ол көмір, темір мен алтын өндіретін елдердің ондығына кіреді.

Барланған мұнай қорлары 30-дан 40 миллион баррель шамасында есептеліп, елді мұнай қорларының деңгейі бойынша 11-ші орынға шығарады. Кейінгі бірнеше жылдың ішінде мұнай өндірудің жылдам қарқынмен өсуі байқалады. Бұл шетелдік инвестицияларды тартумен және өндіріс тиімділігінің артуымен байланысты. 2006 жылы 57 миллион тонна шикі мұнай өндірілді. Осы көрсеткіш елді мұнай өндірудің деңгейі бойынша әлемдегі 18-ші орынға

шығарды. Қазақстан 2015 жылға қарай мұнай өнімдерін 150 миллион тоннаға дейін көбейтуге бағытталған орасан зор жоспарлар жасап отыр.

I.1 Сурет: 2001 жылғы ахуал бойынша жер пайдалану



Дерек көзі : Қазақстанның ақпараттық базасы (ұлттық индикаторлар).
<http://www.undp.kz/infobase/tables.html?id=42>: 2007 жылы 19-шы қыркүйекте барды.

Табиғи газдың барланған қосалқы қорлары 1,500–2,500 миллиард шамасындағы текше метрді құрайды да (мтм), елді қосалқы қорлардың деңгейі бойынша 11-ші орынға шығарады. Алайда, Қазақстан 2003-ші жылы ғана құрғақ газдың экспортшысына айналды. 2006 жылы Қазақстанда 28 миллиард текше метр табиғи газ өндірілді. 10 жылдан кейін өндіру көлемдерін жылына 60-80 мтм-ға дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

I.3 Адамзаттық мәнмәтін

Қазақстан-халқы аз ел. Халықтың қоныстануының орташа тығыздығы 1 км²-ге шаққанда шамамен 5,6 адамды құрайды. Ел халқының үлкен бөлігі солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс өңірлеріне шоғырланған. Орталық және Батыс Қазақстандағы облыстар халық аз қоныстанған аумақтарға жатады. 1999 жылғы санақ бойынша елдің халқы негізгі этникалық екі топтан тұрады-қазақтар және орыстар. Қазақтардың үлесі 59.2%-ды құрайды. Қазақстанның аумағында украиндарды (2.9%), өзбектерді (2.9%), татарларды (1.5%), ұйғырларды (1.5%), немістерді, шешендер мен кәрістерді қоса есептегенде, 24 этникалық топтар тұрады.

Кейінгі алты жылдың ішінде елдің демографиялық көрсеткіштері біршама тұрақты болды (I.1 кестені қараңыз). 2001 жылдан бері халықтың жалпы санының өсуі 3.6%-ды құрады және орташа өмір сүрудің ұзақтығы да сондай-ақ артып келеді. Бала туу деңгейі 32%-ға өсті. Өлім-жітімнің деңгейі 2%-ға ұлғайды. Балалар өлімі деңгейінің 26%-ға төмендеуіне байланысты оң серпін байқалады.

Қазақстан Республикасы – екі тілді ел. Халықтың 64.4%-ы сөйлейтін қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие.

Әдетте бизнесте пайдаланылатын орыс тілі ресми тіл болып жарияланды. Елдегі халықтың үлкен бөлігі орыс тілінде сөйлейді. Алдын-ала жасалған деректер бойынша, елде тұратын этникалық қазақтардың тең жартысы ғана қазақ тілін еркін меңгерген, дегенмен қазақ тілі барған сайын кеңінен тарауда.

І.1 Кесте: Демографиялық көрсеткіштер және денсаулыққа байланысты көрсеткіштер, 2000–2006 жылдар

	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006
Халық, млн адам	14,9	14,9	14,9	15,0	15,1	15,2	15,4
Бала туу (1,000 адамға)	14,9	14,9	15,3	16,6	18,2	18,4	19,7
Бала туудың Жалпы коэффициенті*	1,8	1,8	1,9	2,0	2,2	2,2	..
Туылған кездегі болжалды өмір сүру ұзақтығы	65,5	65,8	66,0	65,8	66,2	65,9	66,2
Ер адамдардың болжалды өмір сүру ұзақтығы	60,2	60,5	60,7	60,5	60,6	60,3	60,6
Әйелдердің болжалды өмір сүру ұзақтығы	71,1	71,3	71,5	71,5	72,0	71,8	72,0
0-14 жастағы халықтың %-ы	..	24,3	23,5	27,2	26,6
65 жастан жоғары халықтың %-ы	..	11,9	11,9	10,5	10,4
Өлім-жітім (1,000 адамға)	10,1	10,0	10,1	10,4	10,1	10,4	10,3
Балалар өлімі (1,000 адамға)	18,8	19,1	17,0	15,7	14,5	15,2	13,9

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі ұлттық агенттігі; 2006 жылғы статистикалық жылнама. ҚР статистика жөніндегі агенттігінің веб-сайты; 2007 жылғы 23 қараша.

Ескерту: Қазақстандағы БҰҰДБ (<http://www.undp.kz/infobase/>) Ақпараттық базасының веб-сайты 2007 жылғы 26-шы қараша.

Дәстүрлі этникалық қазақтар мұсылман-сунниттерге, ал орыс тұрғындары православиеге жатады. Қазір халықтың 47%-ы мұсылман дінін, 44%-ы орыс православиесін ұстанады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының (БҰҰДБ) адам дамуы туралы 2006 жылғы есебінің деректері бойынша Қазақстан адам дамуының орташа деңгейіндегі елдер тобына жатады. Елдегі адам дамуының индексі (АДИ) 0,723-тен (1995) 0,794-ке (2005) дейін көтеріліп, Қазақстан Республикасын шолуда қамтылған 177 елдің арасында 73-ші орынға орналастырды. Қазақстан Орталық Азия елдерінің ішінде ең жоғары АДИ-ге ие.


І.4 Экономикалық мәнмәтін

Бұрынғы Кеңес Одағының экономикалық жүйесінде бидай өсіруге, металлургияның дамуы мен минералды ресурстар өндіруге байланысты Қазақстанға ерекше рөл берілді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бұрынғы тығыз экономикалық байланыстар үзіліп, сондықтан ел өндірістің күрт құлдырауын, жоғары инфляция мен елеулі қаржы үйлесімсіздігін (дисбаланс) бастан кешірді. Қазақстанның экономикасы күрт қысқарып, ел 1990-шы жылдардың бірінші жартысында 36 % ЖІӨ-і жоғалтты.

Елдегі экономиканың екінші ең ірі секторы және жұмыс беруші ауылшаруашылығында 1999 жылы өнім мол болып, ол 21,6 %-ды құраған жалпы ауылшаруашылық өндірісінің өсуіне қозғау салды. Сонымен қатар әлемдік рыноктағы мұнайдың жоғары бағалары 14,3%-ды құраған өнеркәсіп өндірісінің өсуіне себеп болды. 1999 жылдың бас кезінде ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін ұлғайтумен ұштастырылған Қазақстандық валютаны (теңге) флотациялау ел экономикасын өсу соқпағына шығаруға көмектесті. Мұнай секторына жасалған шетелдік инвестициялар мұнай өндірушілік қуаттың ұлғаюына септігін тигізді және экспорт көлемдерінің айтарлықтай өсуіне түрткі болды. 2000 жылдан бастап ЖІӨ-нің тұрақты жылдық өсуі байқалып, ол 9.3%- 13.5% межелерінде құбылып отырды.

1999 жылы тіркелген теңгенің құнсыздануынан (девальвация) кейін, инфляция қарқындарының қысқа мерзімді азайуы байқалды, бірақ бұл толқын ұзаққа созылған жоқ: 2001 жылға қарай тұтынушылық бағалар инфляцияның (ТБИ) орташа жылдық орташа деңгейі 10%-дан аз шаманы құрады. Кейінгі 4 жылдың ішінде ТБИ 8 пайыздан төмен болды. Осы кезден бастап инфляция қарқындарының шамалы ғана өсуі белгіленді; 2006 жылы инфляцияның деңгейі небәрі 8.6%-ды ғана құрады.

І.2 Сурет: Экономика секторлары бойынша 2000, 2003 және 2006 жылдардағы ЖІӨ (жиынтық ЖІӨ%)



Дерек көздері: БҰҰ ЕЭК деректерінің статистикалық базасы; 2007.

Кейінгі жылдарда Қазақстан ЖІӨ-ге қатысты қарыз арақатынастарының көрсеткішін ойдағыдай төмендетті. 2000 жылы мемлекеттің жалпы қарызы ЖІӨ-нің 21,7 %-ын құраса, ал 2005 жылы осы көрсеткіш 8,9%-ға дейін төмендеп, 5 миллиард АҚШ долларын құрады. Жоғары макроэкономикалық көрсеткіштер мен қаржылық сауықтыру Қазақстан Республикасының бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының қатарынан Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) алдында 2000 жылы өз қарызын өтеген ең бірінші ел болуына септігін тигізді, яғни Қазақстан графиктен жеті жыл алға кетті.

Қазақстан, әсіресе оның мұнайгаз саласы, шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) үлкен көлемдерін тартты. Барлық ШТИ-дің Орталық Азия өңіріне 80%-дан астамын және Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азияға (ШЕКОА) 10%-ға жуығын Қазақстан еншіледі. ШТИ-дің жиынтық жалпы түсімі 2005 жылдың соңына қарай 53,8 миллиард долларды құрады. Бұл көрсеткіш ШЕКОА басқа елдердің арасындағы ең жоғары көрсеткіш болды. ШТИ-дің жан басына шаққандағы көрсеткіші (\$1,537) ШЕКОА өзге елдердің ішінде Әзірбайжаннан ғана кейін. Шетелдік мұнай компанияларының Қазақстандағы өз филиалдарына жасаған ішкі фирмалық заемдарын ескергенде, еліміз қаралып отырған өңірдегі ШТИ-дің ең ірі алушысы болып саналады.

Кейінгі сегіз жылдың ішінде (1999-2006) байқалған жедел экономикалық өсу жұмыссыздық деңгейін 13,5% - дан (1999) 8,1%-ға (2005) дейін азайтуға жағдай жасады. Жұмыспен қамту деңгейлерінің артуы мен нақты жалақының өсуі халықтың тұрмыс деңгейінің көтерілуіне себеп болды. Қазақстанда жанбасына шаққандағы ЖІӨ-нің ең жоғары деңгейі (сатып алу қабілетінің теп-теңдігі (СҚТ) кезінде 8,300 АҚШ доллары (2006ж.) және ШЕКОА елдерінің ішінде жалақының ең жоғары деңгейі тіркелді (Ресей Федерациясын қоспағанда).

Алайда тұрмыс деңгейінің көтерілуі елдің барлық аймақтарында бірдей болған жоқ. Ұзақ мерзімді жұмыссыздықтың жоғары деңгейі Солтүстік Қазақстанның өнеркәсіпті аудандарында сақталса, ал кедейлік болса ел Оңтүстігінің ауылдық өңірлері үшін проблема жасайды.

I.2 Кесте: Іріктемелі экономикалық көрсеткіштер, 2000–2006 ж. ж.

	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006
ЖІӨ (алдыңғы жылы өзгеріс %)	9,8	13,5	9,8	9,3	9,6	9,7	10,6
Ағымдағы бағалардағы ЖІӨ (млн. АҚШ доллары)	18 292,4	22 152,1	24 636,5	30 832,8	43 150,1	57 123,7	77 238,0
Ағымдағы бағалардағы ЖІӨ (млн теңге)	2 599 898,8	3 250 599,2	3 776 282,7	4 611 970,2	5 870 139,6	7 590 597,3	9 738 939,4
Халықтың Жан басына шаққандағы ЖІӨ (Жан басына шаққанда АҚШ доллары)	1 229,0	1 490,9	1 658,0	2 068,1	2 874,2	3 771,3	5 016,5
Халықтың Жан басына шаққандағы ЖІӨ (Жан басына шаққанда АҚШ доллары)	4 304,0	5 013,0	5 598,0	6 229,0	6 974,0	7 828,0	8 300,0
ИПЦ (алдыңғы жалпы өзгеріс %, орташа жылдық көрсеткіш)	13,2	8,4	5,8	6,4	6,9	7,6	8,6
ИПЦ (алдыңғы жалпы өзгеріс %, орташа жылдық көрсеткіш)	38,0	0,4	0,2	9,3	16,8	23,7	18,4
Тіркелген жұмыссыздық (еңбекке жарамды хылықтың %-ы)	12,8	10,4	9,3	8,8	8,4	8,1	..
Шоттардың ағымдағы балансы (млн АҚШ доллары)	366,0	-1 390,0	-1 024,0	-273,0	335,0	-1 056,0	-1 797,0
Шоттардың ағымдағы балансы (ЖІӨ %)	2,0	-6,3	-4,2	-0,9	0,8	-1,8	-2,3
Таза ШТИ түсімі (млн АҚШ доллары)	1 278,0	2 861,0	2 164,0	2 213,0	5 436,0	2 123,0	6 556,0
Таза ШТИ ағымдағы (ЖІӨ %)	7,0	12,9	8,8	7,2	12,6	3,7	8,5
ШТИ-дің жиынтық көлемі (млн АҚШ доллары)
Валюталық резервтер (млн АҚШ доллары)	1 594,0	1 997,0	2 555,0	4 236,0	8 474,0	6 084,0	17 737,0
Жиынтық сыртқы қарыз (млн АҚШ доллары)	22 884,0	32 713,0	43 403,0	73 455,0
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспорты (млн АҚШ доллары) *	10 341,0	10 188,0	11 567,0	14 945,0	22 612,0	30 529,0	41 570,0
Тауарлар мен көрсетілетін импорты (млн АҚШ доллары) *	-8 970,0	-10 579,0	-11 578,0	-13 307,0	-18 926,0	-25 475,0	-32 840,0
Тауарлар мен көрсетілетін экспорты (млн АҚШ доллары)	1 371,0	-391,0	-11,0	1 638,0	3 686,0	5 054,0	8 730,0
Жиынтық қарыз бен экспорт көлемдерінің арақатынасы (%)
Жиынтық қарыз бен ЖІӨ-нің арақатынасы (%)	74,2	75,8	76,0	95,1
Орташа жылдық айырбас бағамы (теңге(АҚШ доллары)	142,13	146,74	153,28	149,58	136,04	132,88	126,09
Халықтың саны, млн	14,88	14,86	14,86	14,91	15,01	15,15	15,40

Дерек көздері: БҰҰ ЕЭЖ деректерінің статистикалық базасы; ҚР Ұлттық банкінің статистикалық бюллетені (қаңтар 2007 ж.); ҚР статистика агенттігінің веб-сайты (<http://www.stat.kz/>) 23 қараша 2007 жыл.

Ескерту: * ҚР Ұлттық банкінің есептері

Бірақ өнеркәсіп өндірісінің құлдырауына ұшыраған аймақтарда тұратын көптеген жұмысшылардың бейресми жұмыспен қамтылу фактісі, ал ауылдық аудандарда экстенсивті бейресми экономикалық әрекеттің байқалуы, халық қазір бастан кешіп отырған қиындықтарын әйтеуір жұмсартыды. Есептік деректер бойынша, көлеңкелі экономика ЖІӨ-нің шамамен 30% -ын құрайды.

I.5 Институттар

Қазақстан – президенттік республика. Президент мемлекеттік басшысы және ол халықтың дауыс беруімен жеті жыл мерзімге сайланады. Президент Премьер-министрді және Министрлер Кеңесін тағайындайды, Конституцияға түзетулер енгізуге ұйытқы болады, Үкіметті тағайындайды және таратады, парламентті таратады, референдумдар шақырады және облыстар мен қалалардың әкімдерін тағайындайды. Бұған қосымша, ҚР Президенті ҚР Парламенті қабылдаған заңнамаға тиым сала (вето) алады.

Атқарушы билікті Үкімет іске асырады. Премьер-министр министрлер Кеңесінің төрағасы болып саналады және ол Үкімет басшысының міндетін атқарады. Министрлер Кеңесі Вице-премьер-министрді, Премьер-министрдің үш орынбасары мен министрліктердің басшыларын өз құрамына енгізеді.

Парламент екі палатадан тұрады. Мәжілістің (төменгі палата) құрамында 107 депутат (мүше) бар, олардың 98-і ұлттық бір сайлау округінің партиялық тізімі бойынша сайланады. Қалған 9 депутатты Қазақстан Халықының Ассамблеясы сайлайды. Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі 5 жылды құрайды. Сенаттың (жоғарғы палата) құрамында әр облыстан сайланатын 32 депутат (әр облыстан, Алматы және Астана қалаларынан 2 депутаттан), сондай-ақ ҚР Президенті тағайындайтын 15 депутат бар. Сенат депутаттары жартысының сайлауы әр 3 жыл сайын өткізіледі. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – 6 жыл. Заңдардың басым бөлігін ҚР Үкіметі ұсынғанымен, Мәжіліс депутаттары мен ҚР Үкіметінің мүшелері заңнамалық бастама көтеру құқығына ие.

I.3 Кесте: Министрліктер

Ауыл шарушылық министрлігі
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Қорғаныс министрлігі
Экономика және бюджет жоспарлау министрлігі
Білім және ғылым министрлігі
Төтенше жағдайлар министрлігі
Энергетика және минералды ресурстар министрлігі
Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
Қаржы министрлігі
Сыртқы істер министрлігі
Денсаулық сақтау министрлігі
Индустрия және сауда министрлігі
Ішкі істер министрлігі
Әділет министрлігі
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Туризм және спорт министрлігі
Көлік және коммуникациялар министрлігі

Дерек көзі <http://en.government.kz/structure/org>
19 қараша 2007 жыл.

Сот жүйесінің үш деңгейі бар: Жергілікті соттар, облыстық соттар және 44 мүшеден тұратын ұлттық Жоғарғы сот. Бұған қосымша, сот жүйесі өз құрамына Конституциялық Кеңесті енгізеді, оның құрамына 7 мүше, мамандандырылған төрелік соттар мен әскери трибунал жүйесі кіреді.

Конституциялық Кеңес заң шығарушы органдар қабылдаған заңдардың конституцияға сәйкестігін анықтайды, сайлаулар мен референдумдардың нәтижелеріне қарсы болудың, сондай-ақ олардың мағынасын түсіндірудің ережелерін белгілейді. Президент төрағасын қоса есептегенде, оның үш мүшесін тағайындайды.

Қазақстан әкімшілік тұрғыда 14 облысқа және екі муниципалды аудан-Алматы мен Астанаға бөлінген. Облыстардың құрамына 159 аудан, 241 кент және 2,049 ауыл кіреді. Әрбір облыс, аудан және Кент дербес сайланбалы әкімшілік органға ие, оларға бюджет қалыптастыру және жергілікті салық салуға бақылау жасау өкілеттіктері берілген. Қалалардың да, сондай-ақ әкімшілік органдары бар. Ірі қалалар аудандарға бөлінеді, әр ауданның өз әкімшілігі болады. Осы әкімшілік органдар бес жыл мерзімге сайланады.

Облыстық және аудандық Әкімшіліктер жергілікті орындаушыларды сайламайды. Әр облысты ҚР Президенті тағайындаған. Әкім басқарады. Қала әкімдерін облыс әкімдері тағайындайды. Әр әкім жергілікті бөлімдерді басқаратын штат мүшелерін тағайындайды. Президент әкімдердің шешімдерінің күшін жоюға уәкілетті.

Кейінгі үш жылдың ішінде маңызды үш саяси оқиға болды. 2005 жылғы желтоқсандағы Президент сайлауында Нұрсұлтан Назарбаев қайта сайланып, оған сайлаушылардың 91%-ы дауыс берді. 2007 жылы мамырда Президент өкілеттіктерінің екінші мерзімі аяқталды да, Парламент ҚР Президентін қайта сайлауға шек қоймау құқығын белгіледі. 2007 жылы тамызда өткен Парламент сайлауларында «Нұр Отан», президент партиясы жеңіп шықты, ҚР Парламентінің Мәжілісінде 98 орын алған осы партия елдегі ең үлкен партия болып табылады (88% дауыс).

I.6 Экономикалық қызмет және оның қоршаған ортаға әсері

Ауыл шарушылығы

2005 жылы ауыл шарушылығының үлесіне Қазақстан Республикасы ЖІӨ-нің 6.6%-ы келді. Ауыл шарушылығы секторында елдегі жұмысқа жарамды халықтың 32.4%-ы жұмыспен қамтылды.

Қазақстан астық өндіру мен экспорттау бойынша әлемдік көшбасшылардың бірі. Елдегі егістік жерлердің құнарлы топырағы мен климат бидай, арпа, күріш, жүгері, тары және қарақұмық өсіру үшін қажет мінсіз жағдайларды қамтамасыз етеді. Дәнді дақылдардың негізгі түріне жоғары құрамдағы протеин бар жоғары сапалы бидай жатады. Негізгі өнеркәсіптік дақылдар мақтаны, қызылшаны және май жасайтын күнбағыс, зығыр, соя және қыша сияқты дақылдарды қамтиды. Осы аталған дақылдардың ең маңыздысына –Оңтүстік Қазақстанның суармалы алқаптарында өсірілетін мақта жатады.

Жерді қарқынды өңдеу бастапқы құнарлы топырақтарға елеулі әсерін тигізді де, топырақтың азуы ауылшарушылық өндірісі үшін күрделі кедергіге айналды. 20 ғасырдың 50-ші жылдарында топырақ баптау қолға алынғаннан бері топырақтың органикалық затының 50 пайыздан астамы жойылып, соның есебінен, топырақ тығызданып, құнарын жоғалтты, жел және су эрозиясына ұшырады. Өзбекстанда мақта өсірудің нәтижесінде Арал теңізінің тартылуы ауылшарушылық қызметінің Қазақстанның қоршаған ортасына тигізген әсерінің ең айшықты мысалы болып табылады..

Елдің солтүстік және орталық аудандарына әсерін тигізетін жел эрозиясы ауыл шарушылығына байланысты тағы бір экологиялық проблема болып табылады. 50-ші және 60-шы жылдарда бидайды кең ауқымда, суармалы жерлерге бидай егуге байланысты Қазақстанның байтақ далалары тың және тыңайған жерлерді игеру бағдарламасын іске асыру барысында жыртылған кезде, құнарлы топырақтың едәуір алқаптары жойылды. Соның салдарынан, 90-шы жылдардың орта шеніне қарай түрлі дәрежедегі тақырға айналу елдегі жайылымдық жерлердің шамамен 60%-ын қамтыды.

I.1. Ендіріме: Арал теңізін қалпына келтіру

Арал теңізі Өзбекстанның ирригациялық, әсіресе мақта өсіруге байланысты қажеттіліктері күрт өскен 1960 жылы таяздана бастады. Ауылшарушылығының мұқтаждарына қажет су Сырдария және Өмудария өзендерінен алынды да, соның салдарынан өзендер теңізді қанықтыру мен оның су қорларын толықтыру мүмкіндігін едәуір азайтты.

1993 жылға қарай Арал теңізі су көлемдерінің 60%-ға жуығынан айырылды. Соның нәтижесінде Арал теңізі өзара байланыссыз үш суайдындарына бөлініп, судың деңгейі 15 метрге төмендеді де, шегіне түскен жаға сызығы Арал портын теңіздің бастапқы шекарасынан 25 км-ге қашықтатты. 2004 жылға қарай Арал теңізі бастапқы көлемінен $\frac{1}{4}$ -ге дейін таязданды, сондықтан судың өсе түскен тұздылығы табиғи орта аумағының кемуіне байланысты Арал теңізіндегі балық популяциясын толық дерлік жоюға ұшыратты.

Арал теңізінің суын молықтыру және экожүйеге тигізілген зиянды азайту үшін Сырдариядағы ирригациялық құрылыстарға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұған қосымша, 2005 жылы тамызда бетон бөгеті салынды (Көкарал), ол Арал теңізінің екі жартысын бөлді. Теңіздің Солтүстік бөлігіне жіберілген судың қосымша көлемдері судың деңгейін 30-дан 38 метрге дейін көтеруге, яғни тіршілікке қабылеттілік деңгейі болып есептелетін 42 м белгіге дейін жақындатуға мүмкіндік туғызды. Қосымша сулар тұздың құрамын азайтуға септігін тигізді де, сондықтан Арал теңізі жоғалған акваториясын (су айдынын) қалпына келтіре бастады. 2006 жылы қайтармалы сулар Арал теңізінің Солтүстік бөлігінде балық аулау кәсібін жаңғыртуға жағдай туғызып, балықтардың айтарлықтай саны қайтып оралды да, тіпті экспорт үшін де жететін балық аулауды қамтамасыз етті.

Орман шарушылығы

2006 жылы орман алқаптарының аумағы 24,6 миллион га-ны құрады, соның жартысын (12,3 миллион га) толығымен орман жайлаған. Орман қорының шамамен $\frac{2}{3}$ тамыры жағынан ағаштың қылқан жапырақты түрлерін қамтиды, солардың ішіндегі ең көбі қарағай мен шырша. Жапырақты тоғайдың ең көп тараған түрлеріне қайың, тал, қандағаш және үйеңкі жатады. Құрлықтың жалпы аумағына пайыздық арақатынаста қабылданған орман алқаптарының аумағы 4.2%-дан (1998) 4.5%-ға (2006), дейін шамалы өсті, бірақ осы оң серпінге ағаш егу аумағымен салыстырғанда ағымдағы ағаш кесу көлемдерінің артуына байланысты қауіп төніп тұр. Бұл орайда, кеңістік қатынаста ормандар өте әркелкі бөлінген: орман алқаптарының басым бөлігі (69%) республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығыс және солтүстік шекараларының бойында кездеседі. Заңсыз ағаш кесу мен орман өрттері ормандарға ең үлкен қауіп төндіреді.

Қытайға, Қырғызстанға және Өзбекстанға экспортқа жіберілетін ағаш материалдарының рыногы 1995 жылы ашылды, сол себепті ағаш дайындайтын жеке компаниялар құрылды және ағаш экспорты өсе түсті. Сонымен қатар, ағаш материалдары экспортының күрт өсу шамасына қарай да, сондай-ақ заңсыз ағаш кесу проблемасы пайда болды. Өнімнің жеке түрлерінің экспортына тиым салу арқылы Үкімет заңсыз ағаш қыркуды тотатуға немесе тым болмағанда азайтуға әрекет жасады, бірақ осындай күш-жігердің нәтижесі әзірше байқалмайды.

2001 жылдан бері ағаш кесудің көлемдері орман алқаптарын регенерациялау аумағынан асып түседі. 2006 жылы ағаш кесудің аумағы 41,400 га-ны, ал ағаш отырғызудың көлемі небәрі 21,700 га-ны ғана құрады. Көп жылдық қарқынды ағаш кесудің нәтижесінде әсіресе Алтай ормандары зардап шекті. Қағида бойынша, ағаш кесу елді мекендердің жанындағы оңай жетуге болатын аудандарда немесе жолдар мен өзен арналарының бойында жүргізілді. Осындай аудандарда ағаш дайындау жұмыстарына орман кодексі қатаң тиым салады, бірақ экологиялық заңнаманы сақтамау орманды тез сиретуге ұшыратады.

Орман өрттері-орман ресурстарына айтарлықтай зиян тигізетін кең тараған құбылыс. 2004 жылы 1,315 орман өрттері тіркелді. (ең көп саны). Олардың саны 2005 жылы 760-қа дейін төмендеп, 2001 жылғымен салыстырғанда біршама азайды (786). Сонымен қатар өрт шалған орман алқаптарының аумағы 30,800 га-дан 14,500 га-ға дейін екі есеге қысқарды. Ағаш материалдары ысырабының бағасы тұрғысынан кері серпін болды-ысырап болған ағаштың бағасы 3 58,6 миллион теңгеден (2001) 724,1 миллион теңгеге дейін (2005) екі есе өсті.

Өнеркәсіп

Мұнайгаз саласы Қазақстанның ең маңызды экономикалық секторын құрайды. 2005 жылы осы сектор елдің экспорт табыстарының 62%-ын еншіледі, осы табыстар таяу жылдарда тұрақты түрде өсе береді. Өндірістік және қайта өңдеу қызмет түрлері қоршаған ортаға, әсіресе елдің өндірістік аймақтарына жағымсыз әсерін тигізді.

Мұнайгаз секторы ауаның ластануына айтарлықтай ықпал етеді. Сектордағы 75 %-ға жуық ластайтын заттар атмосфераға, 20%-ы суға және қалған 5% -ы топыраққа шығарылады.

Мұнайгаз кәсіпорындарының шоғырланған аймақтарға тигізетін жергілікті әсері едәуір. Атырау облысында ауаның ластануының 99.9%-ға жуығы мұнайгаз кәсіпорындарының жұмысымен байланысты. Осындай ахуал Қызылорда (96.7%), Маңғыстау (94.1%) және Батыс Қазақстан (89.7%) облыстарынан байқалады.

Мұнай өндіретін кәсіпорындар жер үсті және жер асты суларын ластайды, атап айтқанда бұл Каспий теңізі суының, сондай-ақ теңізге тікелей жақын орналасқан топырақтарға (жер қыртыстарына) қатысты. Өндірілетін мұнайдың кең орындарындағы ысыраптары 3.5% шаманы құрайды. Өткізгіш құбырлар арқылы өнімді тасымалдауға байланысты ысыраптар одан да көп. Есепті деректер бойынша Кен орындары мен өткізгіш құбырлар жүргізілген аймақтарда мұнай төгу 1 км²-ге 0,02 тоннаны құрайды. Төгудің негізгі себептері коррозиямен, механикалық зақымдармен және конструктивті ақаулармен байланысты. Осы ысыраптарды өндірістің түрлі кезектерінде баламасыз есепке алудың нәтижесінде жағдай одан сайын шиеленісе түседі.

Кен өнеркәсібі секторы көлемі бойынша Қазақстандағы мұнайгаз секторынан кейінгі екінші өнеркәсіптік сектор болып табылады. Ол сондай-ақ шикі мұнай экспортынан кейінгі екінші экспорттық секторға жатады. Кен өнеркәсібінің үлесіне Қазақстанның экспорттық табысының (кірісінің) 30%-ы, ЖІӨ нің 16%ы және жұмыспен қамтудың 19%-ы келеді. 200-ден аса Кен өндіруші кәсіпорындар қомақты көлемде тауар өнімін өндіреді, олар: көмір, темір рудасы, хромит рудалары мен ферросплавтар, алюминий, мыс, қорғасын, мырыш, болат, титан губкасы, уран, барит және т.б.

Өндіретін руданың жалпы көлемінің 95%-ы браққа шығарылатын болғандықтан, Кен өндіруші өнеркәсіп қалдықтарының үлкен көлемдерін шығарады. 2007 жылдың бас кезіне дейін өндіруші өнеркәсіптің жиналған қатты қалдықтары миллиард тоннаны құрағаны есептеп шығарылды, соның салдарынан топырақ пен су ластанған.

Қазақстанда уран рудаларының әлемдегі ең ірі Кен өндіру кешені бар. Уран рудасын өндіру мен қайта өңдеу топырақты ластады және 106 миллион тоннаға жуық радиоактивті қалдықтар шығарып, халықтың денсаулығына үлкен қауіп төндірді. Осындай қалдықтардағы радиацияның деңгейі 35-тен 3,000 мР/ч-ға дейін ауытқиды, және радиацияның жалпы көлемі 50,000 Ки-ден асады.

Энергетика

Қазақстан орасан үлкен және алуан түрлі энергетикалық ресурстарға бай, бірақ көмір энергия жасаудың негізгі көзі болып табылады. Екібастұз бен Торғайдың ашық көмір Кен орындары жылыту жүйесі мен электр энергиясын жасау жүйесінде пайдаланылатын арзан көмірді қамтамасыз етеді, ал Қарағанды бассейнінің анағұрлым сапалы көмірі металлургияға қолданылады. Елдің жалпы энергетикалық қажеттіліктерінің шамамен 52%-ы (7 тармақтағы 7.2 суретті қараңыз) көмірмен өтеледі. Қазақстанның климаттық жағдайлары жылу энергиясының ірі тұтынушылары болып табылады, әрі жылу қажеттілігінің 50%-ы отын ретінде төмен сапалы көмірді пайдаланылатын орталықтан жағылатын жылу электр станцияларымен жабылады.

Энергетикалық сектор төмен сапалы көмірді және электр станцияларында лайықсыз тазалау жабдығын пайдаланудың нәтижесінде атмосфералық ауаны ластайтын басты көздердің біріне жатады. Қазақстанда энергияның тиімділігі төмен. Мұнай баламасының бір килограммын пайдалану ел экономикасына 1.8 АҚШ долларын береді, ал дамыған елдердің осындай көрсеткіштері 1 кг мұнай баламасына орта есеппен 5,5 АҚШ долларын құрайды.

I.7 Экологиялық ахуал

Ауа

Ауаның ластануы Алматы қаласы мен республикадағы басқа да ірі өнекәсіптік қалалар үшін проблема туындайды. Осы проблеманың пайда болуына әсерін тигізетін бірнеше факторлар бар, оған Алматы қаласының географиялық орналасуы, қоршаған ортаны қорғау кәсіпорындарының төмен көрсеткіштері мен электр энергиясын және жылу энергиясын өндіру үшін көмірді кеңінен пайдалану фактілері жатады. Ірі қалаларда, әсіресе Алматыда төмен сапалы отын (жағармай) пайдаланатын жеке меншік автомобильден санының көбейе түсуі жылжымалы ластау көздері арқылы ауаны одан сайын нашарлатып жіберді. Ең зиянды заттар Қазақстанда есепке алынбайды, сондықтан нақты көрсеткіштер беймәлім күйінде қалады.

Қазақстан парник газдарының (ПГ) ірі шығарушысы болып табылады. Халықаралық энергетикалық агенттіктің деректері бойынша Қазақстан ЖІӨ-ге шаққанда ПГ шығындылары бойынша бірінші орын (3.38 кг/\$) және Халықтың Жан басына шаққандағы ПГ шығарындылары бойынша 13-ші орын алады (жан басына шаққанда 13.3 тонна көміртек қос тотығы). Энергетикалық сектор-осы шығарындылардың негізгі көзі. 2005 жылы елдегі ПГ шығарындыларының 78%-ы энергетикалық сектордың үлесіне тиді (7.5. Кестені қараңыз).

Су

Елде бар су ресурстарын пайдалану өте ысырапты және үнемсіз жүргізіледі. Ирригацияның тиімсіз әдістері, бүлінген ирригациялық құрылым мен су қашыртқының болмауы су ысыраптарына және суармалы жерлердің тұздануына себеп болады.

Жалпы алғанда, бірқатар өзен алаптарының ластануына қарамастан, жер үсті суларының сапасы жақсы болып саналады. Ең лас су алаптарына Орал және Ертіс өзендерінің су айрықтары жатады, бұларға химия, металлургия, мұнай өңдейтін және машина жасайтын кәсіпорындардың ағынды сулары ағызылады. Елдегі жер асты суларының көлемі жылына 15.1 км³-ді құрайды, ал пайдаланудың деңгейі небәрі 7.9% ғана. Алайда жер асты суларының ластануы мен сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымының бұзылуы халықтың мұқтаждары үшін жер асты суларын жабдықтауды қиындатады. Соның себебінен тұрмыстық сумен қамтамасыз етуде жер үсті сулары барынша көп пайдаланылады.

1979 жылдан бері Каспий теңізінің су деңгейі тұрақты көтеріліп келеді. Бұл себептер негізінен табиғи сипат алады. Теңіздің солтүстік бөлігінде 10,000 км² астам жерді су басты (Атырау облысы). Су деңгейі көтерілуінің осындай ахуалы сақталған жағдайда жағалаулық қала Атырауды, басқа 8 елді мекенді және Каспий өңіріндегі Қазақстандық көптеген мұнай кеніштерін 2020 жылға қарай су басуы мүмкін. Су деңгейінің көтерілуі жағалаулық аймақтарды экологиялық тозуға ұшыратты (атап айтқанда, мұнаймен ластау), бұл Орал өзенінің сағасындағы бірегей аумаққа қауіп төндіреді және жергілікті халықтың экономикалық қызметіне қысым жасайды.

Қалдықтар

Өңірдегі кәсіпорындардың жұмыс істеуіне тән қалдықтармен байланысты өзіндік проблемалар әр облыста бар. Шығыс Қазақстан облысында Кен өндіру секторы мен металлургияның уытты қалдықтарының көлемі 1.3 миллиард тоннаны құрайды. Алматыда қалдықтардың үлкен

бөліктерін электр станциялары және металл рудаларын байыту кәсіпорындары генерациялайды. Қарағанды облысында ластау көздеріне Кен өндіру (атап айтқанда, көмір өндіру), металлургиялық және химиялық кәсіпорындар жатса, ал мұнайгаз кәсіпорындары Қызылорда, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарындағы қалдықтар шығарудың көздері болып табылады. Уытты және радиоактивті қалдықтар да сондай-ақ әскери базалар «Байқоңыр» ғарыш айлағы және Семей ядролық полигоны сияқты өнеркәсіптік емес аудандардан байқалады.

Қазақстанда қалдықсыз кәсіпорындар іс жүзінде жоқтың қасы. Кейбір кәсіпорындар өздерінің өнеркәсіптік қалдықтарын екінші қайтара пайдаланады. Қалдықтарды екінші қайтара пайдаланудың пайызы аймақтар бойынша Павлодарда 1.5% -дан 2.0% -ға дейін, Қарағандыда 25% -ға дейін өзгеріп отырады.

Муниципалды қалдықтардың жалпы көлемі жылына шамамен 13.9-15.0 миллион м³ құрайды. Кенттенудің үрдіс қарқындары қатты қалдықтардың шығуын көбейтіп жіберіп, соның салдарынан бірқатар қалалардағы коммуналдық қызметтердің саны өсе түскен халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға шамалары келмейді. Муниципалды қызметтер көлік, отын және кадрлар тапшылығын бастан кешіп отыр. Қалалардың сыртында қалдық жинаудың жоғары бағасы мен қаржыландырудың болмауы қызметтер көрсетудің толық тоқтауына, тұрғын аймақтарда қалдықтардың жиналуына немесе заңсыз үйінділердің пайда болуына себеп болады.

Қалдықтарды басқару негізгі үш проблемамен бетпе-бет кездеседі: (а) қалдықтар сұрыпталмайды және жинау кезінде бөлінбейді; (б) муниципалды қалдықтар көбіне қауіпті қалдықтармен араласады; (в) қалдықтарды қайта өңдейтін құрылыстардың жетіспеуі. Қалдықтардың басым бөлігі экологиялық және санитарлық нормаларға сай емес қаладағы коқыс тастайтын жерлерде сақталады.

Жердің тозуы және тақырға (шөлге) айналуы

Құрғақ климатпен, жауын-шашынның төмен деңгейімен, қатты буланумен және дүркін-дүркін қуаншылықтармен сипатталатын Қазақстанның экожүйесі әрине шөлге айналуға бейім. Жердің тозуы мен шөлге айналу проблемасы Кеңес заманында ауыл шарушылығы мен жер пайдаланудың тұрлаусыз әдістері арқылы шиеленісе түсті. Қазақстан жерінің жалпы аумағының шамамен 2/3 (66%) бөлігі тозуға ұшыраған. Ахуал елдің бидай өсіретін солтүстік аудандарында, сондай-ақ мақта мен күріш егілетін Сырдария өзенінің аңғарындағы Оңтүстік аудандарда қиындай түседі. Дара дақылға негізделген егін шарушылығы экожүйелерге зиян келтіріп, жел эрозиясы мен тұздың ұлғаюының әсерінен топырақ құнарсызданды.

Қоршаған ортаға төнетін ауылшарушылық емес қауіптердің қатарына іс-әрекеттің өндіруші түрлерімен байланысты жердің тозуы жатады, олар жиналып қалған, көбіне уытты қалдықтарды көметін орындар ретінде пайдаланылатын орасан үлкен жер алқаптарына әсерін тигізеді. Екінші себеп биологиялық алуан түрлілік пен шабындықтардың аумағын азайта түсіп, орман-тоғайлардың жайылмалы экожүйесін тоздыратын өзен ағысын реттеумен байланысты.

БҰҰ шөлге айналумен күресу жөніндегі Конвенциясы (ШК БҰҰК) бойынша үшінші есепте (2006 ж) мазмұндалған цифрлар көрсеткендей, жердің шөлге айналуы мен тозуына байланысты жалпы жылдық экономикалық ысыраптар 93 миллиард теңгені құрауы мүмкін (6,2 миллиард АҚШ доллары).

Радиоактивті ластау

Радиация, сірә, Қазақстандағы ең тұрақты және күрделі қауіп болса керек. Кеңес заманында елдің солтүстік-шығысында орналасқан Семей полигонында 500-ден аса ядролық қарудың сынағы жүргізілді. Сынақтардың едәуір санының барысында (116) ядролық қарудың жер үсті

жарылыстары жасалып, біршама аумақтарға радиоактивті жауын-шашындар жауды. Сынақтар көбіне жергілікті халықты эвакуациялаусыз немесе ескертусіз жүргізіліп, адамдар радиацияның үлкен дозаларына ұшырады. Семейдегі сынақтарға тиым салу күшіне енгеннен кейін 1990 жылы ядролық сынақтардың тоқтатылғанына қарамастан, өңірде радиациямен зақымдалу, туа біткен кемістіктер, анемия (қаназдық) пен лейкомия оқиғалары тарады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметтің Бірінші шолуын дайындаған кезден бері (2000 ж) Семей Ядролық сынақ полигонында радиацияға қатысты бірқатар іс-шаралар жүргізілді. Осы іс-шаралар негізінен, полигон аумағына барлау әрекетін жүргізуге және зақымдалған аймақтың картасын жасауға бағытталды. Қазір Ұлттық ядролық орталық осы аталған аумақта радиологиялық және экологиялық сараптама жүргізуде.

Семей сынақ полигонының қауіпсіздігін, соның ішінде, іргелес аумақтарда тұратын халықтың қауіпсіздігін арттыруға байланысты шаралар қабылданды. Полигоннан тыс жерлердегі радиацияның анағұрлым айқын дерегін алу үшін мемлекеттік эпидемиологиялық қадағалау қызметі Павлодар облысындағы іргелес Май ауданында өзінің мониторингтік қызметін кеңейтті. 2005 жылы сынақ полигонының шекараларын белгілеу үшін 600 км демаркациялық сызықты қамтитын шаралар жоспарланды, бұл шаралар жергілікті халықтың, мал жаю сияқты заңсыз әрекеті үшін зақымданған жерлерді пайдалануына бағытталады. Өкінішке қарай, осы қауіпсіздік шараларының іске асырылғаны туралы ақпарат жоқ.

1999-2006 жылдар арасында халықаралық ұйымдардың қатысуымен радиацияның әсерін зерттейтін бірқатар жобалар жүргізілді. Осы бағдарламалар радиацияның әсеріне ұшыраған халықтың ұлттық электронды медициналық тізімдемесін жасауды, сондай-ақ иондайтын радиацияның шекті шамадан тыс дозаларының халықтың өмір сүру ұзақтығына, бала туу мен өлім-жітімге тигізетін әсерін зерттеуді қамтыды.

Аудандарды аймақтарға бөлуді және бүкіл ел бойынша уран өндірудің нәтижесінде радиоактивті заттармен зақымдалған учаскелерін анықтауды мамандандырылған ұйым жүргізеді. Бірқатар радиоактивті артқы үйінділерді қалпына келтіру ісі қолға алынды (сондай-ақ 8 тараудағы 8.3 Ендірімені қараңыз).

1.1 Карта: Қазақстан картасы



Ескерту: Картада көрсетілген шекаралар мен атаулар ресми түрде танылмауы және БҰҰ тарапынан бекітілмеуі мүмкін.

**I БӨЛІМ: САЯСАТ ЖАСАУ, ЖОСПАРЛАУ
ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

1 Тарау

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДА САЯСАТ ЖАСАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

1.1 1999 жылдан бері қол жеткен прогресс, және ағымдағы мәнмәтін

Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағдай

Он жыл құлдыраған Қазақстан экономикасы 2000-жылдан бастап жоғары қарқынмен өсе бастады. Шынайы ІЖӨ (ішкі жалпы өнім) –нің жылдық орташа өсімі 10 пайыздан асты. Елдің мол көлемдегі қазба байлықтары мен минералды ресурстарына деген әлемдегі жоғары сұраныс, мал шаруашылығы мен бидай өндірісі бар аймақтарда ауыл шаруашылығының гүлденуі, экономикалық реформалардың қолдауын көрген қызмет көрсету саласының екпінді дамуы, жекешелендіру саласындағы алға басушылық пен тікелей инвестициялардың келіп құйылғаны –қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-қимылдарды қарастырған алғашқы Шолу жазылғаннан кейін елдің экономикалық ахуалының мейілінше өзгеруіне мұрындық болды.

Аталған кезеңдегі басты мәселе кедейшілікті жою (халықтың 28% - ы күнкөріс қалтасының ең төменгі көлемінен аз келетін табыс тауып отырды), қоршаған орта сапасының нашарлауын ауыздықтау, атап айтқанда, қоршаған ортаға экономикалық тірлікке байланысты тиетін әсерді өсірмеуге тірелді. 2006-жылы Қазақстан Республикасының Президенті елдегі тұрақты дамуға (ТД) жоғары басымдылық берілетінін жариялады.

ҚР Үкіметінде 2000-2002 жылдар аралығындағы кезеңде экологиялық мәселелер аясындағы құзыреттерді қайта бөлістіру бағытында өзгертулер орын алды, ол кезде су қорлары мен ормандарды қорғау үшін жауапкершілік Қоршаған ортаны қорғау министрлігінен (ҚОҚМ) Ауыл шаруашылығы министрлігіне (АШМ) көшті. Бұған қоса, *Тұрақты даму жөніндегі әрекеттердің ұлттық жоспары* күшін жойды. Оның орнына 2003-жылы ҚР Үкіметі *2004-2015 жылдар аралығындағы экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын* қабылдады. ТД-дың маңыздылығы 2006-жылы қабылданған *2007-2024-жылдар аралығында ТД-ға көшу тұжырымдамасынан* (ТДКТ) көрініс тапты. Табиғатты қорғау саласындағы заң қабылдау бағытында болған елеулі жетістік деп 2007-жылы қабылданған *Экологиялық Кодекстің* сомдалуын атауға болады.

Тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғау ісінің кешенді саяси негіздері

2002-жылдан бері экологиялық реформаларды, соның ішінде жаңа бюджеттік және салық жүйесі, бағалар мен сауданың либерализациясы, мемлекеттік *кәсіпорындардың* жекешелендірілуі, іскерлік пен кіші бизнестің етек жаюы, мемлекеттік басқаруды жетілдіру, сондай-ақ стратегиялық жоспарлауға деген көзқарас тұрғысында жүзеге асыру ісі мейілінше алға басты. Стратегиялық жоспарлау Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамуының ұзақ мерзімді перспективаларын және экономикалық әрекеттерді мемлекет тарапынан реттеуді айқындау ісінде мемлекеттің қолданатын маңызды құралына айналды.

Стратегиялық жоспарлаудың бір іргетасы деп *Қазақстанның 2030-жылға дейінгі дамуының стратегиясы* немесе «*Қазақстан-2030*» деп аталатын бағдарламаны атауға болады. Оны ҚР президенті 1997- жылдың қазан айында жария еткен болатын. Бұл стратегия кең ауқымды саяси мақсаттарға жетуге бағытталған барлық стратегиялар мен тиісті жоспарлар үшін сілтеме

жасалатын басты құжат болып табылады. Басты кешенді тапсырма 2001-2010 – жылдар аралығындағы экономикалық тіршілік деңгейін екі есе көтеруге келіп саяды.

«Қазақстан-2030» қоршаған ортаны қорғау мен ТД бойынша бірқатар мақсатарды біріктірген. Солардың ішінде: қоршаған орта сапасын тұрақтандыру, адам өміріне жайлы келетін ортаны қамтамасыз ету, келер ұрпақ үшін табиғи байлықтарды қорғау мен солардың өндірілуі мен пайдаланылуын тиімді ету секілді мақсаттар бар.

«Қазақстан-2030» бағдарламасының екінші кезеңі 2010-жылға дейінгі дамудың стратегиялық жоспарының 2001- жылы қабылдануымен қатар келді. Бұл жоспар еңбекпен қамту мен әлеуметтік қорғау, денсаулық саласындағы реформалар және агроөндірістік саясат бағытындағы стратегиялық негіздерді қамтиды. Бұл жалпы бағыттар неғұрлым егжей-тегжейлі келетін және 1998-2008 жылдарға арналған «Халық денсаулығы» бағдарламасы мен 2005-2007-жылдардағы әлеуметтік реформаларды тереңдету бағдарламасында қарастырылған мақсаттар мен шаралар жиынтығына негізделіп айқындалған.

«Қазақстан-2030» және мемлекет таңдаған өзге де басты стратегиялық бағыттармен бірге қоршаған ортаны қорғау мен ТД бойынша бірқатар құжат пысықталып алынды (1.1 салындысын қара).

1.1 Ендіріме: Тұрақты даму және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі негізгі стратегиялық құжаттар

- 1999 – Биоалуандықты сақтау мен тұрақты дамытудың ұлттық стратегия мен іс-қимыл жоспары
- 2000 – 2030-жылға дейін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту мен белгілеу тұжырымдамасы
- 2002 – 2002–2010 жылдарға арналған «Ауыз су» салалық бағдарламасы
- 2003 – 2003–2005 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында кедейшілікті азайту бағдарламасы
- 2003 – Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдар аралығындағы өндірістік-инновациялық даму стратегиясы
- 2003 – 2004-2015 жылдар аралығындағы экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы
- 2005 – Қазақстан Республикасында 2005-2015 жылдар аралығында шөлейттенумен күрес бағдарламасы
- 2006 – Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық дамуы жөніндегі стратегиясы
- 2006 – Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдар аралығында тұрақты дамуға көшу тұжырымдамасы (ТДКТ)

2008–2010 жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспары

Қазақстан Республикасы үкіметінің 2008–2010 жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың жоспары стратегиялық жоспарларында, Президент жолдауларында және Республикалық бюджеттік комиссия қабылдаған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007–2009 жылдарға арналған бағдарламасында белгіленген басымдылықтар бойыша қортындылар шығарады, сондай-ақ шешілуі тиіс келешек мәселелерді айқындап қарастырады. Атап айтқанда, Жоспар экологиялық сақтандыру мен аудит, экологиялық білім беру, экологиялық хабарландыру және шешім қабылдауға қатысу, сонымен қатар жаңғырмалы энергияға қатысты іс-шаралар секілді қоршаған ортаны қорғау мен ТД жөніндегі іс-қимылдарды қамтиды. Оларға ТД индикаторлары, ТД бойынша орталықты және стандарттау бойынша жаңа техникалық комитеттерді ашу кіреді.

1.2 Тұрақты дамудың саясаты, стратегиялары және жоспарлары

Тұрақты дамуға көшудің тұжырымдамасы

2006 жылы қабылданған 2007–2024 жылдарға арналған тұрақты дамуға көшудің тұжырымдамасы (ТДКТ) Қазақстанда ТД-ға қол жеткізудің басты құжаты болып табылады. Соны жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының үкіметі 2007–2009 жылдарға

арналған ТДКТ – ны жүзеге асыру қимылдары жоспарының алғашқысын бекітті (Салынды 1.2. қараңыз). Орталық және жергілікті атқарушы органдар әр жартыжылдық сайын жұмыс барысы жайында Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне (ҚОҚМ) есеп беріп тұруы тиіс.

ТДКТ мақсаты – ел экономикасының ұзақ мерзімді бәсекелестігіне қауіп төндірмей, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мақсаттардың тиісті тепе-теңдігіне қол жеткізу. Ол ТД негізгі қағидаларын анықтайды, негізгі міндеттерін сипаттайды және саяси іс-шараларды жүзеге асыруға қатысты базалық механизмдерін ұсынады. ТДКТ белгілі бір мерзім ішінде атқарылуы тиіс сандық мақсаттағы тиімділіктің 12 индикаторын белгіледі (1.3 ендірімені қар.).

1.2 Ендіріме: Мемлекет қаржыландыратын жобаларды бекіту үдерісі

Мемлекеттік бюджет қаржысымен қаржыландырылатын жобаларды мақұлдаудың процедурасы келесідей негізгі сатылардан тұрады: жобалық ұсынысты пысықтаған әкімшілік орган сол жобаны жүзеге асырудың шаралары жоспарын және қажет болып тұрған бюджетті ұсынуы тиіс.

Республикалық бюджеттік комиссия жобаның жүзеге аса алу мүмкіндігін және жобаның қайталанбауын тексереді. Жоба мақұлданған жағдайда сұралып отырған бюджет автоматты түрде мемлекеттік бюджет аясында бөлініп тұрады. Жобаны жүзеге асырушы жыл сайын Республикалық бюджеттік комиссияға және Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жобаның іске асу барысы жөнінде есеп беріп отырады.

Әрбір жобаның жүзеге асырушылары мен мақсаттары болуы тиіс. Процедураның жақсы пысықталғанына қарамастан, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жобалардың игерілуін неғұрлым тиімді сараптауға мүмкіндік беретін сараптамалық тетіктердің қажет екенін мойындап отыр. Бұл әсіресе ТД жөніндегі жобаларға қатысы бар, олар өзара байланысқан үш түрлі негізді біріктіретіндіктен әдетте күрделі келеді.

Дереккөзі: 2007–2024 жылдары тұрақты дамуға көшу жөніндегі Тұжырымдама (2006 ж.)

Тұрақты даму жөніндегі Ұлттық Кеңес (ТДҰК) оның жұмысшы органы ретінде қызмет атқаратын ҚОҚМ бірге ТДКТ жүзеге асыруға жауапты институт болып саналады (Институционалды шеңбер және потенциал тар.қар.).

ТДКТ жүзеге асыру барысындағы алға басушылық 2006 және 2024 жылдар аралығында, әрбір үш жыл сайын өлшенетін болады. Қоршаған ортаның сапасына келетін болсақ, мұндағы алға басушылық экологиялық заңнама және саясат³ бойынша экологиялық тұрақтылық жөніндегі Йельск Орталығымен (ИЭО) жасалынған индекстің негізінде өлшеніп отырады. ИЭО орташа шамамен 21 жиынтық экологиялық индикаторды білдіреді, өз кезегінде, олардың әрқайсысы негіз құрайтын 76 өзгермелі бірліктің жиынтығына негізделіп жасалған. Осы ауыспалылардың көпшілігінде Қазақстан бойынша ешқандай мәлімет жоқ. Осыған байланысты негізді мәнге ие болғанға дейін, индекске тиісті жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет.

1.3 ендіріме: Тұрақты дамуға өту тұжырымдамасы тиімділігінің 12 негізгі көрсеткіші

1. Халық, миллион адам
2. Болжалды өмір сүру ұзақтығы, жыл
3. Орташа өмір сүру ұзақтығы
4. Еркектер мен әйелдердің болжалды орташа өмір сүру ұзақтығының айырмашылығы, жас
5. Энергия тұтынуы, ГВт
6. Энергияны өңдеу, ГВт
7. Энергиядан айрылу, ГВт
8. Ресурстарды қолдану тиімділігі Ағымдағы жылдағы энергия өндірісі көрсеткіштерінің өткен жылғы энергия қолдану көрсеткіштеріне арақатынасы.
9. Қоршаған ортаның сапасы
10. Тұрмыс деңгейі, КВт/халықтың саны
11. Тұрмыс сапасы, КВт/ч
12. Экологиялық тұрақтылық көрсеткіші

³ <http://www.yale.edu/esi/> қар.

ТДКТ ресурстарды пайдалану тиімділігінің индекстерімен өлшенетін (РПТИ), өндірістегі ресурстарды қолдану тиімділігін арттыруға басты назар аударады. Оның назар аударатын келесі бағыты Қазақстанда әлі күнге төмен болып отырған өмір сапасын арттыру. Бұл көрсеткіш өмір сүру ұзақтығы, халықтың жан басына кірісі, білімі мен экологиялық қауіпсіздігі саласындағы жетістік сияқты индикаторлардың көмегімен өлшенетін болады.

Қоршаған ортаның басымдылығына мыналар жатады:

- кедейлікпен күресу;
- халықтың денсаулығына қатысты экологиялық қауіптің алдын алу және деңгейін төмендету;
- шөлге айналумен күресу;
- биологиялық әралуандықты сақтау;
- көшетханалық орындардан бөлінетін газ және озон қабатын бұзатын заттармен қатар, атмосфераға тасталатын қалдықтарды қысқарту;
- ауыз суға қолжетім деңгейін кеңейту;
- трансшекаралық қоршаған орта мәселелерін шешу;
- қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру;
- радиациялық және биохимиялық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету.

ТДКТ жүзеге асырудың «Қазақстан-2030» бағдарламасына сәйкес 4 кезеңі мен мерзімі қарастырылған. Сондай-ақ экономикалық диверсификациялау мен технологиялық инновацияларды уақтылы алға жылжытумен бірге барлық саяси салаларға ТД қағидаларын енгізуге арналған дайындық кезеңі де (2007–2009 жж.) назардан тыс қалмаған. Келесі кезең (2010–2012 жылдар) басты мақсатқа қол жеткізуге, яғни Қазақстанды Бүкіләлемдік экономикалық форум индексімен анықталатын бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енгізуге бағытталған.

2007–2009 жылдардағы дайындық кезеңіне арналған іс-шараларының жоспарында мақсаты және атқарылатын нақты іс-шаралар қамтылған, тағайындалған мемлекеттік органдар көрсетілген, осы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қолданыстағы қаржы ресурстары мен мерзімі белгіленген. Негізгі қабылданған іс-шаралар қатарына заң шеңберіне кіретін ТД қағидаларын интеграциялау және жаңа стратегия мен заңдарды өңдеу, мысалы энерготімділік, қайта қалпына келтірілетін энергия және суды қосқанда, қайта қалпына келтірілетін дереккөздер туралы заңдарды өңдеу шаралары жатады (1.4 енд.қар.). ТД жөніндегі ұлттық орталық және су ресурстары орталығы сияқты жаңа институттар құру жұмысы да жоспарланған. 2006 жылы қаржы құралы ретінде қызметтегі даму институттарының негізінде Тұрақты даму қоры құрылды («Қазына»⁴ Қоры) (6 тар.қар.). Бұл қордың мандаты – ТД қағидаларымен қатар экономикалық өсімді және бәсекеге қабілеттілікті алға ілгерілету. Бүгінгі таңда аталған қордың портфелінде экологиялық жобалар жасалынған жоқ.

Қызмет

Мемлекет қоғамның барлық секторын ТД және экологиялық қауіпсіздік мәселелерін талқылауға қатыстыруға талпыныс жасауда. Елде ҚОҚМ өкілдері, мемлекеттік тұлғалар, ғылыми-зерттеу институттарының өкілдері, *мәслихат*⁵ мүшелері, іскер топ және халықаралық ұйым өкілдерінің қатысуымен бірқатар семинар, конференция т.б. іс-шаралар өткізілді. Осы аталған оқиғалар бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланды және ТД туралы қоғамдық пікірдің қалыптасуына және оны насихаттауға қатысты маңызды рөл атқарды. Жалпы алғанда, мұндай кездесулер ТД алға жылжыту бойынша мемлекеттік ұйымдар құруға үлкен септігін тигізді.

⁴ Слово “казына” в переводе с казахского означает “казна”.

⁵ Мәслихат – жергілікті деңгейдегі дәстүрлі қазақ кеңесі (әкіматпен сал.).

Облыстық және жергілікті деңгейде тұрақты дамуға көшу туралы Тұжырымдаманың жүзеге асырылуы

ТД облыстық жоспары су ресурстарын шоғырлана басқаруға (СРШБ) (9 тар.қар.) берілетін, елдің негізгі өзен бассейндеріне (1.1 картаны қар.) сәйкесетін, сегіз аймаққа арналған аймақтық деңгейде жасалуы қажет. ТДКТ жоспарына сәйкес, оған басқа іс-шаралармен қатар, еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік қауіпсіздікке, кедейшілік деңгейін төмендетуге, азаматтық қоғамды дамытуға, аймақтық экономикалық дамуға, экологиялық тұрақтылық пен қоршаған ортаның экономикалық құралдарын енгізуге бағытталған іс-шаралардың кең аясын жүзеге асыру барысы қамтылған. Бірқатар облыстарда, мысалы Балқаш-Алакөл аймағында ТД дербес бағдарламалары мен жоспарын жасау жұмысы басталды. 2007–2009 жылдарға арналған Балқаш-Алакөл бағдарламасының жүзеге асырылуы 215.3 миллион теңге шамасында бағаланып отыр (бұл шамамен 1.8 миллион АҚШ долларын құрайды). Бұл сомаға мемлекеттік бюджетті, жергілікті кәсіпорындар мен халықаралық грантты ассигнациялау міндеті кіреді. 2008 жылы Арал-Сырдария аймағы мен Жайық-Каспий аймағының ТД бағдарламасы жасалады деп күтілуде. Ұлттық үкімет пен ТД аймақтық бөлімдерінің аралығындағы диалогқа әрекеттесу үшін ТД негізгі мәселелерін шешуге бағытталған үйлестіру орталықтарын құру жоспары да бар.

1.4 Ендіріме: Энергияны тиімді пайдалану және ТД мәнмәтінінде жаңғыртылатын энергия көздерін 2024 жылға дейін дамыту тұжырымдамасының жобасы

Тұрақты даму жөніндегі Ұлттық кеңестің (ТДҰК) сұранысы бойынша, ҚОҚМ және Экология және Климат Қазақ Ғылыми-зерттеу институты (ҚазЭЖКҒЗИ) энергияның баламалы дереккөздерін дамыту туралы Тұжырымдама жасады. Тұжырымдама жобасы энергетика және минералды ресурстар Министрлігінің қарарына ұсынылды, бұл Министрлік оның техникалық мазмұнын талдауға және жөндеуге қатысты жұмыс тобын құрды. Қаржы салдарын талқылау мақсатында барлық министрліктер бойынша мәтінге енгізілген толықтырулар мен өзгерістер 2007 жылдың қыркүйек айында ТДҰК мақұлданып, ҚР Үкіметінің қарарына ұсынылды.

Аталған Тұжырымдама 2024 жылға дейінгі кезеңдегі энерготиімділікті арттыру есебінен энергияны сақтау мақсатын алға қояды. Мұндағы аралық мақсат – 2009 жылға дейін энерготиімділігін 33 пайызға дейін арттыруды көздеп отыр. Құжатта сондай-ақ қайта қалпына келтірілетін энергияның баламалы көздерінің үлесіне қатысты бастапқы энергияның жалпы ұсынысында (БЭЖҰ) қайта жаңартылатын энергияның дереккөздерін дамытудың орташа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттары берілген (мысалы, энергияның баламалы дереккөздерінің үлесі бастапқы энергияның жалпы ұсынысында 2012 ж. – 0.05%, ал 2018 ж. – 5% құрауы тиіс). Қайта жаңартылатын энергияны дамыту барысы жел, күн энергиясы мен жылу сорғыларына негізделген. Іске асырылып жүрген пилоттық жобалары түрлі энергиялық баламаларда айқын басымдылығымен, уақтылы орындалуымен көзге түсуде. Мәселен, Алматы облысында халықаралық қауымдастықтың қолдауы бойынша жел қондырғылары құрылысының пилоттық жобасы жасалынды. Тұрғын үй бөлмелерін жылытуға қолданылатын жылу сорғыларының қолданылу тиімділігін көрсететін демонстрациялық жобалар да қолданыста бар. Тұжырымдамада қайта жаңғыртылатын энергияға арналған баламалы құқықтық шеңбер құру, сондай-ақ осы технологияларды кеңінен таратуға деген ынталандыруды арттыру қарастырылған.

Іс жүзінде, Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрлігі энергияның баламалы көздерін қолдануға өз салымдарын салуға дайын инвесторларды (отандық және шетелдік) қызмет барысына тарту бағдарламасын жасады. Баламалы энергия өндіретін инвесторлардың салық жеңілдіктері болады. Дегенмен елде халықты өз үйлерінде энергияны қайта жаңартатын көздер орнатуға бастайтын ешқандай экономикалық ынталандыру жоқ, ал электроэнергияның бағасы бұрынғысынша төмен болып отыр, бұл энергияны қайта жаңарту нарығы деңгейін көтеруге мүмкіндік бермейді (8 тар.қар.). Тұжырымдамада алға қойылған мақсатқа қол жеткізумен байланысты қаржы нәтижелерінің талдауы берілмеген.

Астана және Алматы сияқты екі ең ірі қалаларда ТД дербес жоспары жасалынған, бірақ олардың әрқайсысы сегіз аймақтың біреуінің құрамына кіреді. *Астана қаласының тұрақты даму стратегиясы және қызмет жоспары* (ТДСҚЖ) ҚР Президентінің 2006 жылғы үкімімен бекітілді. Үш жылдық қызмет жоспары Астана қаласының атқарушы комитеті және жуырда құрылған Астана ТД Орталығының қамқорлығымен жүзеге асырылуда. 26 бағдарламаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Жұмыс барысын мониторингтеу мақсатында ТД индикаторлары жасалады. Сондай-ақ жұмыс барысы туралы жыл сайын есеп те дайындалмақ. Астана қаласының негізгі әлеуметтік мәселелерінің қатарында мұндағы денсаулық сақтаудың

әлсіз жүйесі, қоғам талабына бара-бар емес білім, күннен-күнге артып келе жатқан білікті мамандардың жетіспеушілігі, сондай-ақ құрылыс индустриясының тез көтерілуімен байланысты экологиялық мәселелері бар. Осы айтылған мәселелерге қарамастан, азаматтық қоғам әзірше ТД қатысты тиісті белсенділігін көрсете қойған жоқ. ТД бағдарламасын жасауға қатыспаған іскер топтар өздерінің дербес өнеркәсіптік-инновациялық бағдарламаларын жасауда.

Дегенмен ТД осындай бағдарламалары мен жоспарларын жасау сегіз аймақтың мемлекеттік басқаруындағы әрбір облыстық орган үшін оңай шешілер шаруа емес, себебі олар ҚОҚМ тарапынан қолдау күтіп отыр. ҚОҚМ ТД жөніндегі жергілікті кеңесін құрып, дайындықты ұйымдастырып, ережелер жасап және ТД облыстық және жергілікті жоспарларын құра отырып, бұл мәселенің одан әрі өркендеуіне әрекет ету үстінде. Ауылдық аудандармен салыстырғанда, ТД үрдісімен жақсырақ таныс жекелеген қалалық аумақтар (қалалар) үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) мен халықаралық ұйымдардың көмегіне иек артты.

Тұрақты дамудың басқа да стратегиялары мен жоспары

Мыңжылдықты дамыту және кедейлік деңгейін төмендетудің мақсаты

2005 жылы Үкімет «Мыңжылдықты дамытудың мақсаттарын» қарастырды (МДМ). Елдің ағымдық негізгі бағыттары 1 МДМ («Кедейлік пен аштықтың кеңінен етек алуы»), 6 МДМ («ВИЧ/СПИД, безгек және басқа да ауру түрлерімен күресу») және 7 МДМ («Экологиялық тұрақтылықпен қамтамасыз ету») негізінде жасалған.

Кедейлік, білім, жұмысбастылық, әлеуметтік көмек, бастапқы денсаулық сақтау, тұрғын үй, көлік, халықтың кедей бөлігінің мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысуын және олардың ақпаратқа қолжетімін қамтамасыз ету үрдістеріне қатысуы көзқарасы тұрғысынан жан-жақты анықталды. 1 МДМ жетістікке қол жеткізу мақсатында Қазақстан келесі қысқа мерзімді шараларды жасап шығарды: *2000-2002 жылдары кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жүргізу Бағдарламасы, 2003–2005 жылдарға арналған кедейлік деңгейін төмендету Бағдарламасы және 2005–2007 жылдарға арналған әлеуметтік реформаларды тереңдету Бағдарламасы.* Аталған бағдарламалар қатарына сондай-ақ экологиялық компоненттер, мысалы, қауіпсіз ауыз суға қол жеткізу мәселесі де кіреді. Кедейлік деңгейі (кірісі күнделікті тұрмыстық шектен төмен халықтың пайыздық көрсеткіші) экономикалық өсімнің қарқындап артуының нәтижесінде 2000 жылғы 31.8%-дан 2006 жылға дейін 9.8% елеулі түрде төмендеді. Бұл көрсеткішті мемлекеттің 2000 жылы алға қойған, яғни 2005 жылға дейін кедейлік деңгейін 20% дейін төмендету қажеттілігі туралы міндетімен салыстыруға келеді. Алайда жұмыссыздықтың жоғары деңгейде болуы ауылдық аудандар мен шағын қалаларда күрделі мәселе болып отыр. Сондай-ақ еңбек сұранысы мен ұсынысының аймақтық теңсіздігі де орын алған, себебі жұмыс күші тұрмысына сәйкес баспананың жетіспеушілігіне байланысты бірден ұжымдаса алмайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) өзінің сипатына қарай 2003-2005 жылдары кедейлік деңгейін төмендету бағдарламасын жүзеге асыруға қатысты кедейлік деңгейін төмендетудің және адамзат капиталын дамытуға бейім әлеуметтік дамудың кешенді ұлттық аймақтық бағдарламасын жасауға ұсыныс жасады. 2005–2007 жылдары әлеуметтік реформаны тереңдету жөніндегі Бағдарлама кедейлік деңгейін төмендету үшін әлеуметтік саясаттың құралдарын қолдануға бейімделді (мысалы, еңбекақы мен зейнетақының төменгі мөлшері). Дегенмен көрсетілген бағдарламаға экологиялық компоненттердің қамтылуы мүмкін емес.

Қазақстан жалпы бастауыш білімінде ғана емес (2 МДМ), сонымен бірге бастауыш және орта білім аралығында тепе-теңдік болуына қол жеткізді (3 МДМ). Осы жайтқа байланысты мектеп пен мұғалімдердің, әсіресе ауылдық жерлерде жетіспеушілігі ең күрделі мәселеге айналып отыр.

Балалар мен аналардың өлім деңгейін төмендету мақсаты (4 және 5 МДМ) және зорға қол жеткізілген күрделі аурулармен жүргізілген күрес (6 МДМ) сияқты, денсаулық сақтау көрсеткіштерінің артуы да баяу қарқынмен жылжыды. Денсаулықты қорғау мәселелері де судың ластануы өзекті мәселесі мен халықтың су мен канализацияға шектеулі қолжетімі бар екендігінің айқын көрсеткіші. Сумен жабдықтау жүйесіне инвестиция салынып отырғандығына қарамастан, судың сапасы көптеген ауылды жерлерде әлі күнге дейін төмен болып отыр. Қала тұрғындарының 15 пайызы және ауыл тұрғындарының 29 пайызының қауіпсіз ауыз суға қол жеткізе алмауда. Бұл көрсеткіштерді 2005 жылғы МДМ мәліметтерімен салыстыру қажет – 6 пайыз және соған сәйкес 15 пайыз.

Барлық облыстардың билігі мен Алматы және Астана қалаларының билік орындары МДМ жергілікті деңгейде жүзеге асыруға байланысты атқарылатын қызметтердің сәйкес жоспарларын дайындаулары қажет. БҰҰДБ дайындық кезеңінде оңтүстік облыстарға көмек көрсетті. 2005 жылы БҰҰДБ облыстардың есептерінің қорытындылары бойынша бағалау жұмыстарын жүргізіп, МДМ орындалуын алға жылжыту жөніндегі ұсыныстарымен таныстырды.

Секторлық стратегиялар

Секторлық стратегиялардың бірқатары қоршаған ортаны қорғау саласы қызметі нәтижелерінің бірінші Шолуы дайындалғаннан кейін жасалынды, алайда, мұнда ТД мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері теңбе-тең деңгейде ескерілмеген.

2015 жылға дейінгі аумақтық даму Стратегиясы (2006 г.) экономикалық аймақ құру, экономикалық диверсификациялау, ішкі миграциялану үрдістері мен аумақтық инфрақұрылымның дамуын басқаруды қосқанда, елдің аумақтық дамуының стратегиялық бағыттарын анықтайды. Берілген стратегия сондай-ақ мемлекеттік инвестицияның негізгі басымдылықтарын анықтай отырып, өнеркәсіп, энергетика, инжиниринг, көлік, байланыс және әлеуметтік инфрақұрылымның ұлттық, облысаралық және облыстық деңгейде дамуын үйлестіреді. Стратегия экономикалық дамуды алға жылжытудың басымдылығын алға қояды және оған ТД қағидалары немесе қоршаған ортаны қорғау мақсаттары кіргізілмеген. Осыған байланысты, 2007 жылы барлық облыстар өзіндік аумақтық стратегияларын жасап, осы мәселені ілгерілетуге бағытталған кластерлерді белгілеуі керек болатын. Шындығында, облыстардың аумақтық бағдарламалары сонымен бірге кедейлік пен серіктестік мәселелерін де қамтуы тиіс еді. Алайда ТД аймақтық бағдарламалары мен аумақтық бағдарламалары түрлі әдістерді қолданады, және осыған орай, үйлестіруші механизмнің болмауына қарай бір-бірін қайталауы немесе тіпті бір-біріне қарама-қайшы келуі де ықтимал.

2003 жылы экономикалық диверсификация мен инновациялық қызметті күшейту мақсатын алға ілгерілетуге байланысты *2003–2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму Стратегиясы* (ИИДС) жасалынды. Стратегия сандық нәтижесі мен мерзімі белгіленген қызметтік үш кезеңнен тұрады (2003–2005 жылдар, 2006–2010 және 2011–2015 жылдар). Мемлекет осы *Стратегия* мен тұрақты дамудың әдістеріне қатысты бұрынғы СПУР арасында бірқатар сәйкеспеші тұстары бар екендігін мойындады, бұл кемшіліктер ИИДС жүзеге асыру барысында елеулі түзетулер енгізуді қажет етеді. ИИДС жүзеге асыру барысын жеңілдету үшін, 2006 жылы билік орындары ТД Қорын құрды («Қазына»⁶ қоры) (6 тар.қар.), бұл қорға Инвестициялық қор, Инновациялық қор және Даму Банкі сияқты бұрыннан қызмет көрсетіп келе жатқан қорлар бірікті. «Қазына» қорының негізгі мандаты – кен өндірмейтін салалардағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы экономикалық өсімді және бәсекеге қабілеттілікті алға ілгерілету. Өзінің атауына қарамастан, Қордың портфелінде қоршаған ортаны қорғаумен байланысты бірде-бір жоба жоқ, тұрақты дамудың критерийлері немесе қоршаған ортаны қорғау, әзірше ұсынылып отырған жобаларды қаржыландырудың шарты болып табылмайтын іспеттес.

⁶ «Қазына» қазақ тілінде «байлық қоры» деген мағынаны білдіреді.

2010 жылға дейінгі дамудың Стратегиялық жоспарының (2001 ж.) бір бөлігі болып саналатын 2010 жылға дейінгі агроөнеркәсіптік саясат өндірістік технологияларды заман талабына сай жаңарту және отандық нарықты қорғау арқылы ауылдық аудандардың экономикалық жағдайын жақсартуды басты нысана етіп алған. Дегенмен аталған Саясатқа қоршаған ортаны қорғауға, тұрақты ауыл шаруашылық тәжірибе немесе тұрақты жер, пестицид және жер тыңайтқыштарын қолдануға қатысты ешқандай мәселелер енгізілмеген. 2006–2010 жылдарға арналған ауыл шаруашылығын Тұрақты даму тұжырымдамасы (2005 ж.) ауыл шаруашылығы өндірісін тұрақтандыру, оның тиімділігін арттыру және азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған болатын. 2006–2010 жылдары ауыл шаруашылығын тұрақты даму Тұжырымдамасын (2005 ж.) жүзеге асыруға арналған 2005–2008 жылдары атқарылатын іс-шаралар жоспары техникалық ауыл шаруашылығы құралдарын жаңартумен қатар, Бүкіләлемдік сауда ұйымына (БСҰ) кіру туралы ағымдық келіссөздерді назарға ала отырып, ауыл шаруашылығына тиесілі отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу мақсатында, БСҰ талаптарына сәйкес, ауыл шаруашылық өнімдерінің қауіпсіздік жүйесі мен сапасын бағалау үрдістерін үйлестіруге бағытталған.

2004–2010 жылдарға арналған ауылдық аудандарды дамыту Бағдарламасының әлеуметтік бағытқа негізделген. Оны жүзеге асырудың бірінші кезеңінде (2004–2006) 100 ауыл мектебі, 63 денсаулық орталығы, сумен қамтамасыз ету жүйесін қосқанда, ауыз суын өндіруге қатысты 193 қондырғы құрылыстарына 202 миллиард теңге (бұл шамамен 1.6 миллион доллар) жұмсалды. Келесі кезеңі ауылдық аудандардағы ақпараттық технология мен байланыс технологияларын (АБТ) арттыруды және микрокредиттеу арқылы кәсіпкерлікті дамытуды ілгерілетуді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ пошта және банк жүйелері ұйымдастыруды талап етеді. Сонымен қатар 5,250 ауылдық білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт орталықтары және 1000 сумен қамтамасыз ету пункттері құрылыстарын қаржыландыруды қарастыратын, ауылдық аудандарды дамытудың облыстық бағдарламаларын құру жөніндегі жоспар да жасалынған.

1.3 Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі саясат, стратегиялар және жоспарлар

2004–2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік Тұжырымдамасы

жылы қабылданған 2004–2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік Тұжырымдамасы (ЭҚТ) қоршаған ортаны қорғау туралы негізгі стратегиялық құжатқа айналды. ЭҚТ экожүйенің сақталуы мен табиғи және өнеркәсіптік апаттардың алдын алуды қосқанда, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етудің қағидалары мен басымдылықтарын айқындайды. Оның бірінші сатысына (2004–2007 жылдар) қалдық деңгейін бағалау және ластану деңгейін төмендету шараларын дайындау міндеттері тиесілі. Екінші (2008–2010 жылдар) және үшінші (2011–2015 жылдар) сатылары қоршаған ортаның сапасын тиісті деңгейде тұрақтандыруға және жабайы табиғатты қорғауға қатысты экологиялық талаптарды күшейтуге бағытталған.

ЭҚТ төмендегідей негізі сұрақтарды анықтайды :

- ауа райының өзгеруіне және озон қабатының бұзылуына әкелетін антропогенді қызмет түрлерін азайту ;
- биоалуандықты сақтау, шөлге айналудың және жердің нашарлауының алдын алу ;
- экологиялық апатты аймақтарды және әуе/ғарыштық сынақ полигондарынан залалданған аймақтарды қайта қалпына келтіру ;
- Каспий теңізінің ластануының алдын алу ;
- су ресурстарын ластанудан қорғау және суды пайдалануды қысқарту ;
- бұрын жіберілген ластануды жою;
- ауаның радиоактивті, бактериологиялық және химиялық ластануын төмендету, ауаның трансшекаралық ластануын қосқанда;
- өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың көлемін қысқарту;
- табиғи апаттардың салдарына әрекеттесу.

Экологиялық қауіпсіздік Тұжырымдамасын жүзеге асыру жөніндегі қызмет жоспары (2004 ж.) қоршаған ортаның жағдайын басқару жүйесін жетілдіруге бағытталды және ол 2005–2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының жасалуына негіз болады.

2004 жылы Тұжырымдаманың бірінші сатысын іске асыру мақсатында 14 облыстың әрқайсысы, сонымен бірге Алматы мен Астана қалалары 2005–2007 жылдары қоршаған ортаны қорғау жөніндегі өзіндік жергілікті бағдарламаларын жасап шығарды (1.5 ендірімені қар.). Бұл бағдарламаларда есеп айыру бағасы мен қаржыландыру дереккөздерін қосқанда, белгілі бір жобалар қамтылуы мүмкін еді (мысалы, орталық немесе жергілікті бюджеттен, кәсіпорын құралдары және шетелдік гранттар).

1.5 Ендіріме Қарағанды облысының 2005–2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы

Қарағанды облысында қоршаған ортаның елеулі прессингін құрайтын, кен өнеркәсібі, ауыр өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жақсы дамыған. Табиғи ресурстар мұнда кеңінен қолданылады, және оларды қорғау мәселесі көбіне назардан тыс қалып қояды. Жергілікті суларда сынаптың жоғары деңгейде кездесетіндігі анықталды. Балқаш көлі өнеркәсіптің ластау қаупіне ұшыраған, оның деңгейі суарылуға жіберілетін судың басым бөлігіне орнатылған су қақпағының ықпалымен төмендетілген. Облыстағы экологиялық жағдайды жақсарту мәселесі ұзақ мерзімді шараларды талап ететін негізгі міндет болып саналады.

2005-2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұлттық Бағдарламаға сәйкес 2005 жылдың желтоқсан айында жергілікті басқару органдары қоршаған ортаны қорғау туралы Облыстық бағдарламасын жасап шығарды. Берілген бағдарламада ауа мен судың, жерасты ресурстарының ластану деңгейін төмендету және қалдықтарды азайту туралы нақты жұмыс бағыттары көрсетілген. Бюджеті 3.8 миллиард теңгені құраған Бағдарлама (375 миллион АҚШ доллары) жергілікті бюджет, ластаушы кәсіпорындар мен басқа да дереккөздердің құралдары тарапынан қаржыландырылды. Кәсіпорындар салған құралдары Бағдарламаны жүзеге асыруға жұмсалатын жалпы шығынның жартысынан астамын құрайды деп күтілді.

Негізгі басымдылықтар қатарына кәсіпорындардың күкірт қалдықтары мен көмір шахталарының метан қалдықтарын тастауын қысқарту, сондай-ақ жерасты және жерүсті суларын ластанудың барлық көздерінен, ішінара Кен өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының ластаушы көздерінен қорғау жұмыстары кіреді. Облыста оның аумағына жақын Семей ядролық сынақ полигонының радиоактивті және химиялық сынағын зерттеу және қоршаған ортаға ықпал етуін бағалау, сондай-ақ осы аумақтарды қайта қалпына келтірудің техникалық шараларын дайындау жұмыстары жалғастыру жоспары жасалынды. Бұған қоса, облыста «Байқоңыр» жұмысымен байланысты оның ықпалын төмендету жөніндегі жұмыстар атқару қолға алынбақ (мысалы, зымыран және оның құрамдас бөлшектерінің жекелеген бөліктері).

Ескерту: 2005–2007 жылдарға арналған қызмет Жоспарының бір бөлігінде 2005–2007 жылдарға арналған Қарағанды облысының жердің шөлге айналуымен күресу Бағдарламасы жобасын жүзеге асыру міндеті қамтылған. Аталған жоба облыстағы құрғақшылық жерлерін (Шет ауданы) басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған. Жобаның бағасы 550 миллион теңгені құрайды (4.3 миллион АҚШ доллары).

2005–2015 жылдарға арналған шөлге айналумен күрес жүргізу бағдарламасы

Жердің шөлге айналуы мен тозуы – Қазақстанның ең өзекті мәселесі. Ел Үкіметі осы аталған мәселелерді 2005 жылы қабылданған *2005-2015 жылдарға арналған шөлге айналумен күресу Бағдарламасы* арқылы шешуді көздеп отыр. Оның бірінші сатысына (2005–2007 жыл) шөлге айналуға ұшыраған жерлерге инвентаризация жүргізу және бағалау жұмыстары кіргізілді. Шөлге айналумен күрес жүргізу шаралары туралы шешім қабылдауда жұртшылықтың қатысуы мен ақпараттылықтың деңгейін арттыру мәселелеріне басты назар аударылды. Шектеулі ресурстардың болуына қарай жердің құлдырауының алдын алу мақсатында жерді қайта қалпына келтіру жөніндегі ұшқыш жобасының тек кішігірім бөлігі ғана бағдарламаның бірінші сатысында қамтылды. Ал шөлге айналу барысы бақылауға қол жеткізу мен осы мәселені кідіруге арналған тұрақты жағдай қалыптастыру бағдарламаның екінші (2008–2010 жыл) және үшінші (2011–2015 жыл) сатыларының негізгі міндетіне айналды. Бұл жерді қолдану үрдістерін ұйымдастыруға байланысты нормативтік талаптарды жүргізу, тұрақты жер қолданысының экономикалық ынталандыруы және халықаралық конвенцияның талаптарын орындау сияқты шараларды қолдану арқылы іске асырылмақ.

1.1 Карта: Тұрақты даму аймақтары



Дерек көзі: ҚОҚМ, 2007 ж.

Ескерту: Осы картада көрсетілген шекаралар мен атаулар БҰҰ тарапынан мақұлдауды немесе тануды білдірмейді

Дегенмен бұл шаралардың іске асырылу барысы бағдарламаның бірінші кезеңінде қаражаттың жетіспеушілігіне орай қиындай түсті. Алайда мемлекеттік бюджеттен бөлінген құралдар (яғни, 122 миллион теңге немесе 1 миллион доллар) толық жұмсалуды мүмкін еді, тек халықаралық серіктестердің уәделескен 3 миллиард теңгенің жалпы сомасынан 447 миллионға ғана қол жетті. Осының нәтижесінде ҚОҚМ толық шамада бірінші сатыдағы барлық жоспарланған жобаларын іске асыра алмады. Бұған қарамастан, ҚОҚМ мәліметтері бойынша алға қойылған мақсаттың шамамен 80 пайызы қолда бар ресурстардың нәтижесінде орындалды.



Астана, Президенттік Сарайы

Экологиялық қауіпсіздік Тұжырымдама және 2004–2010 жылдарға арналған ауылдық аудандарды дамыту Бағдарламасы сияқты басқа да құжаттар жердің шөлге айналуы және құлдырауы мәселелерін шешуге бағытталып жасалынған.

Биоалуандылыққа қатысты Бағдарлама

2000 жылдан бастап, биоалуандықты қорғау және басқару саласында бірқатар стратегиялық құжаттар жасалынды.

- 2004–2006 жылдары балық гендерін сақтау және балық шаруашылығын дамыту Бағдарламасы.
- 2005 – 2007 жылдары жабайы тұяқты аңдар мен киіктердің сирек және жойылып бара жатқан түрлерін сақтау және қайта қалпына келтіру Бағдарламасы, яғни тоғай маралы, парсы қарақұйрығын және архар (*Ovis vignei arkal*), алтай архарын, қазақстандық архар, қызылқұмдық архар, тяньшан архары, қаратаулық архар, құлан (*Equus hemionus hemionus*) және қарақұйрықты сақтау туралы бағдарлама.
- 2004-2006 жылдарға арналған «қазақстан ормандары» Бағдарламасы, ормандардың сақталуын, орман алқаптары ауданының біртіндеп кеңеюі және орманды өрттен, жәндіктер мен аурудан қорғау тиімділігін арттыру, ормандардың жас құрамы, түрлілік құрамы және санитарлық жағдайын жақсартуды қарастырады.

2005 жылы қабылданған Мемлекеттік есеп жүргізу, Қазақстан Республикасында кездесетін жануарлар әлемінің кадастры мен мониторингі ережелері аңдардың қауіп алдындағы түрлерін қорғауға қатысты жасалынған маңызды қадам болып отыр. 2004 жылғы жануарлар әлемін қорғау, қалпына келтіру және қолдану туралы Заңға жануарлар мен олардың мекен ету ортасын сақтау шаралары енгізілген. Мысалы, мұнда инвазивті бөгде түрлерінің мәселелері туралы айтылған, дегенмен оларды күту туралы ешқандай мақсат белгіленбеген. Сонымен бірге, атқарылып жатқан түрлі іс-шараларға, мәселен, бекіре балығын аулауды бақылау және жеңілдіктер енгізу шараларының жүргізіп жатқандығына қарамастан, Каспий теңізіндегі бекіре балығының популяциясының азаюы тоқталар емес.

2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының ерекше күзетілетін табиғи аумақтарын орналастыру және дамыту Тұжырымдамасы – биоалуандылыққа қатысты жасалынған құжаттың тағы бірі. Қазақстандағы күзетілетін аумақтардың ауданы 14.8 миллион га немесе елдің жер аумағының 5.44% пайызын алып жатыр. 2010 жылы 2.24 миллион га ауданды алатын жаңа күзетілетін аумақтар құру және Алматы облысындағы Көлсай көлі мен Шарын каньонындағы Ұлттық қорықты қосқанда, қазіргі қолданыстағы күзетілетін аумақтардың ауданын 1.0 миллион га үлкейту жұмысы жоспарланып отыр. Күзетілетін аумақтардың жалпы ауданы 18.04 миллион га немесе елдің жалпы аумағының 6.63% алып жатыр, оның 1.6% қорықтарға, 1.4% - ұлттық парк және жартысынан астамы (3.4%) – мемлекеттік резервтер мен табиғи ескерткіштерге бөлінген.

2002–2010 жылдарға арналған ауыз су Бағдарламасы

2002 жылы 2010 жылға дейін су ресурстары секторы мен гидроэнергетиканы дамыту Тұжырымдамасы жасалынды. «Ауыз су» салалық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 2002 жылы атқарылатын іс-шаралардың тиімділігі мен өтімділігіне сүйене отырып, ауыз сумен жабдықтау жұмыстарын жақсартуға бағытталған қызметтің дәлме-дәл жоспары жасала басталды. Бағдарламаның басты мақсаты 2005 жылға дейін ауыз су жабдығының одан әрі нашарлауының алдын алу және су ресурстарына қолжетім деңгейін кеңейтуге негізделеді. Бағдарлама су ресурстарын басқарудың экожүйелік әдісін алға қояды. Бағдарламаның міндеттері: (а) сумен жабдықтау жүйелерін қайта қалпына келтіру, жетілдіру және жаңа жүйелерін салу; (б) сумен жабдықтаудың баламалы көзін дамыту; (с) су сапасын арттыру және ресурстарды тиімді пайдалануды ілгерілету. Бағдарлама басымдылығының құрамына мына мәселелер кіреді: білім, жұртшылықты ақпараттандыру және адал ниетпен басқару (9 тар.қар.).

Қоршаған ортаның бұрынғы ластануын жою жөніндегі Бағдарлама

ҚР Үкіметі 1991 жылға дейін болған қоршаған ортаның бұрынғы ластануының барлық түрлерін жою туралы бағдарламасын жасады. Қазіргі уақытқа дейін оған шолу жүргізілді және проблемалық аймақтар анықталды. Енді қайта қалпына келтіру бағдарламасы 2008 жылдың ортасына қарай қабылданады деп күтілуде.

1.4 Заңнамалық межелер

Қоршаған ортаны қорғаудың заңнамалық шеңбері 2000 жылдан бастап қысқартылды. Мұндағы ең басты өзгеріс - *Экологиялық кодекстің* енгізілуі, ол бір жылға да жетпейтін өте қысқа мерзім ішінде жасалып, қабылданды. *Экологиялық кодекске* енгізілген соң үш негізгі заң (*Қоршаған ортаны қорғау туралы Заң*, *Экологиялық сараптама туралы Заң* және *Атмосфералық ауаны қорғау туралы Заң*), бұған қоса, *Экологиялық кодекс* қабылданған кейін 80 нормативтік-құқықтық акті қысқартылды.

Қоршаған ортаны қорғау туралы Заң 1997 жылы қоршаған ортаны қорғау, экологиялық ақпарат және оны жариялау, экологиялық мониторинг, экологиялық аудит, экологиялық апаттарды басқару, сонымен бірге қоршаған ортаны қорғауды бақылауды (тексеру) басқарудың негізгі қағидаларын орнатты. 2004 жылы Заңға қалдықтарды басқару жөніндегі ережелер кіргізуді қарастыратын өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. 2005 жылы берілген Заң ерікті және міндетті экологиялық аудит туралы ережемен толықтырылды.

1997 жылғы *Экологиялық сараптама туралы Заң* 2004 жылғы 20 желтоқсандағы соңғы өзгерту және толықтырулары арқылы қаржыландыру мәселелерін, сараптама комиссиясын құру және экологиялық сараптама туралы заңнаманы сақтамауға қатысты жауапкершілік мәселелерімен қатар, экологиялық сараптама (ЭС) өткізу процедурасын ретке келтірді.

2002 жылғы *Атмосфералық ауаны қорғау туралы Заң* ауа күйін мемлекеттік тұрғыдан бақылаудың базалық шарттары мен қағидаларын айқындады, сонымен бірге мемлекеттік

органдардың біліктілігін анықтады, жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен міндеттемелерін, сондай-ақ атмосфералық ауаның қауіпті ластағыш көздері және ауаны қорғауды мемлекеттік бақылау процедуралары бойынша базалық талаптарын белгіледі.

2006 жылғы *Ерекше күзетілетін табиғи аумақтар туралы Заң* жоғары экологиялық, ғылыми, тарихи, мәдени және рекреациялық құндылықтарды танытатын басқа да облыстарды және табиғи ресурстардың шекарасын кеңейту және тұрақты басқару мен әкімшіліктендіру мәселелеріне қатысты сұрақтарды реттеді.

2005 жылғы *Міндетті экологиялық сақтандыру туралы Заң* міндетті экологиялық сақтандыру арқылы кездейсоқ ластану жағдайындағы кепілденген өтемақы төлемін жасауға бағытталған, мұндай өтемақы қызметі қоршаған ортаға және жеке тұлғаларға залал келтірумен тікелей байланысты кез келген жеке немесе заңды тұлғамен орнатылған келісімшартта қарастырылуы тиіс. Алдын ала атқарылған экологиялық аудиттің негізінде сақтандыру келісімшарты экологиялық залал өтемақысын жабады. Сақтандыруға тиесілі іс-шаралардың тізімі ҚР Үкіметімен анықталған. Сақтандыру сондай-ақ ластану салдарынан адамның өміріне, денсаулығына, мүлігіне және қоршаған ортаға келтірілген залалды өндіру үшін өтемақы төлейді. Халықаралық келісімшартқа негізделіп жасалынған әрбір қызметте келісімшарт талабы Заң ережесімен алмастырылады.

Міндетті экологиялық сақтандыру туралы Заң ластанудың тікелей салдарының мәселелерін реттейді, дегенмен мұнда өндірістің салдары немесе айқын тәуекелдер (мысалы, ауыз суының ластану салдарынан Адам денсаулығының нашарлауы) туралы ережелер берілмеген. Заң әлі бастапқы сатыда қолданылып жүр, осыған сәйкес әлі де кейбір бөлімдеріне, әсіресе өтемақы есептеу бөліміне түзетулер енгізуді қажет етеді. Заң жазылған уақытта оның ықпалына ұшыраған бірде бір оқиға тіркелген жоқ. Осылайша, қоршаған ортаға келтірілген залалға қаншалықты өтемақы жұмсалатындығын өлшеу мүмкін емес. Заң залалды қайта қалпына келтіруге кім жауапты екендігін қарастырмайды.

Экологиялық кодекс

Жалпы мазмұны

2006 жылдың наурыз айының басында ҚР Президенті 2006 жылдың соңына дейін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі кодекс жасау шартын ортаға салды. Берілген қысқа мерзімге қарамастан, *Экологиялық кодекс* 2007 жылдың қаңтар айында қабылданды. Халықаралық және қазақстандық, сонымен қатар халықаралық ұйымдар тарапынан түсіндірме беруге де сұраныс жасалынды. Жұртшылықпен ашық талқылаулар арқылы консультациялар алынды. Басты мақсат қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ағымдағы заңнаманың жаңа стандарттарды қамтамасыз етуі және бақылау жүйесін жетілдіруі тиіс озық халықаралық стандарттармен үйлесуіне негізделді.

Экологиялық кодекске қоршаған ортаны қорғау жөніндегі негізгі ұлттық заңнама (жоғ.қар.), сондай-ақ Базель Конвенциясы⁷ және Роттердам Конвенциясы⁸ сияқты көптеген халықаралық экологиялық конвенциялардың талаптары қамтылған. Дегенмен бұл құжатта жуырда Экономикалық ынтымақтастық және даму Ұйымының (ЭЫДҰ, 2007) өкілдері атап көрсеткен жекелеген сәйкессіздіктер мен қарама-қайшылықтар болуы мүмкін. Мысалы, Кодекс қабылданға дейінгі экономикалық тиімділікке талдау жасалмауымен байланысты, бірқатар заң талаптарының орындалуы туралы мәселелер әзірше өз шешімін тапқан жоқ.

Кодекс әрбір азаматтың экологиялық ақпаратқа қолжетімді құқығын және жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау және ТД жөніндегі шешім қабылдау үрдісіне қатысу туралы құқығын қарастырады. Экологиялық ақпарат туралы Кодекстің 21 тарауында органдардың экологиялық

⁷ Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау және оларды жоюды бақылау Конвенциясы

⁸ Жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерді халықаралық саудаға шығарудың алдын ала негізделген келісімі процедурасы туралы Конвенция.

ақпарат беруге, сонымен бірге оны берудің шарттары мен тәртібіне қатысты құқығы мен міндеттері берілген.

2007 жылдың аяғында Кодекстің орындалуын қолдайтын ережелер қабылданды. Оларға, мысалы, озонды бұзатын заттарды басқару, сондай-ақ импорт, экспорт және қалдықтардың барлық түрлерін басқару және кәсіпорынның өзін-өзі бақылау ережелері жатады. Дегенмен осы тұста Кодексті жасауға бөлінген қысқа мерзімді есепке алғанда, құжаттың түрлі тараулары аралығындағы ықтимал айырмашылықтар мен ақтаңдақтарды жоюға арналған оның түрлі ережелерін жан-жақты тексеру қажеттілігі туындайды. Кодекстегі негізгі ұғымдарды анықтау үшін оның аяғына дейін өңделуі талап етіледі, ал екінші заңнама жеткілікті деңгейде жасалынбаған.

Рұқсат және кешенді экологиялық рұқсат беру

Рұқсат беру жүйесі *Экологиялық кодекстің* құрамдас бөлігі болып саналады. Кодекс күшіне енгенге дейін рұқсат бір жылға берілетін, ал енді рұқсаттың үш жылға берілуі кодекспен енгізілген басты өзгеріске айналып отыр. Лицензиялауға тиесілі қызметтің төрт түрлі санаты бар. Олар Денсаулық сақтау Министрлігімен жасалған, Министрліктің 2005 жылғы “Санитарлық-эпидемиологиялық норма және ережелер туралы”, “Өнеркәсіптік нысандарды жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар туралы” Бұйрығына сәйкес жіктелген. Бірінші санатқа қауіптің 1 және 2 класына жататын қызмет түрлері, сондай-ақ жай минералдарды қоспағанда, минералды ресурстарды барлау және қазу жұмыстары енгізілген. Қауіптің 3 кластағы қызметі, жай минералдар кені, орман қызметінің барлық түрлері және ерекше су қолдану II санатқа кіреді. III санатқа қауіптің 4 класындағы барлық қызмет түрлері жатады. Қауіптің 5 класы мен фауна қолдану, әуесқой (спорттық) балық және аң аулауды қоспағанда, IV санатқа тиесілі. ҚОҚМ I санат қызмет түрін атқаруға рұқсат, ал қалған үш санаттағы қызметтерге рұқсатты жергілікті басқару органдары береді. 2002 жылдан бастап қызметтің бір ғана түріне берілетін рұқсат шешімдері кешендік экологиялық рұқсатпен алмастырылды.

Экологиялық сараптама және қоршаған ортаның ықпалын бағалау

2006 жылға дейін қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау ережесі (ҚОЫБ), қоғамдық экологиялық сараптама (ҚЭС) және мемлекеттік экологиялық сараптамалары (МЭС) *Экологиялық сараптама* туралы Заңда қарастырылды. Қазіргі уақытта осыған сәйкес ережелер *Экологиялық кодекске* енгізілді. ҚОЫБ процедурасы Министрліктің 2007 жылғы «*Жоспарлы экономикалық және басқа да қызмет түрлерінің қоршаған ортаға ықпалын алдынала жоспарланған, алдынала жобаланған және жобалану үстіндегі құжаттарды жасауды дайындау арқылы бағалау жұмыстарын жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы*» Бұйрығымен реттеледі. Ашық дәрістер өткізу процедуралары Министрліктің 2007 жылғы «*Ашық дәріс өткізу туралы*» Бұйрығымен реттеледі.

ҚОЫБ және – өзара байланысты екі процедура. Әдістемеші аккредиттелген жекеше компаниялар арқылы орындалатын ҚОЫБ өткізуі тиіс, сондай-ақ ҚОЫБ құжаттамаларының дайындығының жауапкершілігі де әдістемешіге жүктеледі. ҚОЫБ процедурасы екі кезеңде өткізіледі: ҚОЫБ өзінде және МЭС. ҚОЫБ бекітілген соң әдістемеші МЭС өткізілуін қамтамасыз етуі қажет. Білікті орган құжаттардың сапасын тексереді, визалайды және екі құжатты да әдістемешіге қайтарып береді. Виза жұртшылық пен осы үрдіс барысына қатысқан басқа да органдардың пікірін ескере отырып қойылады. ҚОЫБ процедурасы рұқсат беру процедурасына дейін атқарылады, әдістемеші соған сәйкес есеп беруі және білікті органның рұқсат алуға қатысты өтінішіне қорытынды жасауы тиіс. ҚОЫБ процедурасы шамамен – екі ай, ал МЭС - үш ай уақыт ішінде атқарылады.

Жобадан кейінгі талдау – барлық жағдайда міндетті, бір жыл сайын трансшекаралық контекстегі қоршаған ортаға ықпалын бағалау жөніндегі Конвенцияның 7 бабына сәйкес өткізіліп отыратын процедура.

Қоршаған ортаның стратегиялық бағасы (ҚОСБ) туралы *Экологиялық кодексте* анық ештеңе айтылмаған. Дегенмен *Экологиялық кодекстің* (47(2) бап) ережесінде барлық мемлекеттік құжаттар (заң жобалары, тұжырымдама, стратегия, бағдарлама және қызмет жоспарлары) қабылданғанға дейін МЭС жіберілуі тиіс деген талап қойылған.

Қоғамдық экологиялық сараптама

Қоғамдық экологиялық сараптама (ҚЭС) МЭС теңбе-тең болып саналуы мүмкін, бірақ оған аз талап қойылады. ҚЭС жекеше құралдармен қаржыландырылады. Оның нәтижелері ҚОЫБ пен МЭС құжаттамаларына қосымша ретінде беріледі, әдістеме жасаушыға беріледі және қарамағына МЭС кіретін жергілікті органда тіркеледі. Әзірше ҚЭС ықпалын бағалау оңай мәселе емес, себебі 2003 жылдан 2007 жылға дейінгі аралықта тек екі ҚЭС қана өткізілді.

Экологиялық аудит

Экологиялық аудит *Экологиялық кодекспен* реттеледі. Кәсіпорын/заңды тұлға қоршаған ортаға елеулі залал келтірсе, кәсіпорын қызметінің бірігуі, ажырауы және қайта таратылуы арқылы қайта ұйымдастырылса, сонымен бірге кәсіпорын банкротқа ұшырағандығы туралы мәлімдегенде аудит жүргізу міндетті болып саналады. Ерікті аудиттер де міндетті экологиялық аудит процедурасы сияқты жүргізіледі. Аудит сәйкес кәсіпорындар арқылы қаржыландырылады.

Интеграцияланған шешім

Экологиялық кодекс сондай-ақ Еуропалық Одақтың кешенді ластануды бақылау және профилактикасына ұқсас интеграцияланған шешімін енгізді (КЛБП). Бірақ интеграцияланған шешімді *Экологиялық кодекстің* бір ғана бабы реттеп отырады. Бұл істі жүзеге асыру қолданыстағы институционалды шеңбер мен жобалау туралы ережелерге өзгерістер енгізуді талап етеді. Осыған байланысты, мемлекет Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрлігі арқылы ҚОҚМ интеграцияланған шешімді жүргізуіне мүмкіндік беретін институционалды реформамен жұмыс жасау үстінде. ҚОҚМ 2008 жылдың басында қабылдануы мүмкін қаулыны жасауды қолға алды (2 тар.қар.).

Лицензиялау

2007 жылғы *Лицензиялау туралы Заңға* бірқатар маңызды өзгерістер енгізілді. Біріншіден, жұмыс басталғанға дейін міндетті лицензиялауға жататын қызмет түрлерінің тізімі қысқартылды; екіншіден, бұрын бекітілген бірнеше органдарды лицензиялау үрдісіне кіргізу тәртібімен салыстырғанда, қазіргі уақытта тек лицензия беруге жауапты бір ғана мемлекеттік орган бар. Бұған қоса, лицензияны бір айға дейін (ірі кәсіпорындар үшін) және 10 күнге дейін (шағын бизнес үшін) алу уақыты қысқартылды. Лицензияларды ҚОҚМ экологиялық бақылау жөніндегі Комитеті тексереді. Осылайша, бұрынғы процедуралардың әкімшілік ауыртпалықтары азайды, осыған орай кәсіпорындар өз қызметін ертерек бастай алады.

Басқа заңнама

Басқа заңнамалар жекелеген кодекстерге жинақталды (IV қосымшаны қар.). *Орман кодексі*, *Жер кодексі* мен *Су кодексі* 2003 жылы қабылданды. *Орман кодексі* орманды қолдану, қорғау және сақтау, сондай-ақ ормандарды қайта қалпына келтіру жұмыстарын реттейді. Ормандарды қорғау және сақтауға қатысты жекелеген сұрақтар кішігірім заңдар арқылы реттеледі: мысалы,

Үкіметтің 2002 жылғы «Сексеуілді сақтау шаралары туралы»⁹ Қаулысы, Үкіметтің 2002 жылғы «Орманға келтірілген залалға өтемақы төлеу ережелері туралы» Қаулысы, Үкіметтің 2001 жылғы «Қызыл Кітапқа енгізілген өсімдіктерді заңсыз жинау, зақымдау немесе жою салдарынан келтірілген залал туралы» Қаулысы, сондай-ақ «Орманның өрт қауіпсіздігі ережелері туралы» Шешімі. 2004 жылы Парламент Орман кодексінің жаңа нұсқасын қабылдады. Су кодексі туралы толық ақпарат 9 тарауда берілген.

1.5 Институционалдық межелер және әлеует

Ұлттық деңгей

Тұрақты даму жөніндегі Ұлттық кеңес

жылы құрылған ТДҰК қызметтің барлық секторлық түрлеріне ТД қағидаларын енгізуге, сонымен бірге түрлі министрліктердің қарамағындағы сәйкес қызметтерді интеграциялауға және үйлестіруге бағытталып жасалған. ТДҰ Кеңесіне ТДКТ жүзеге асыру міндеті жүктелген. ТДҰК – Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі, Еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігі мен Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрлігінің қолдауымен ҚР Премьер-министріне тікелей есеп беретін жоғары деңгейдегі орган. Басқа министрліктер, ғалымдар, ҰЕҰ мен халықаралық ұйымдар да мүше немесе бақылаушы болып саналады.

ҚОҚМ – Кеңестің атқарушы буыны. Ол Кеңестің ТДКТ ағымдық жоспарында белгіленген ағымдық басымдылықтардың негізінде стратегиялық бағыттар мен тірек құжаттары мәселелері талқыланатын жыл сайын екі рет өткізілетін мәжілісін дайындаумен айналысады. ҚОҚМ таңдап алған басымдылықтары ҚОҚМ ұсыныстарын жасағанға дейін, бекіту үшін ТДҰК жіберіледі. Стратегиялық құжаттар кеңінен консультация беру процедурасына сәйкес негізгі тараптардың қатысуымен жасалады (1.4 ендірмені қар.). Бұған қарамастан, министрліктер арасында ынтымақтастық орнату оңай мәселе емес, осыдан жоба жасау барысында біліктілік пен мүддеге қатысты дау-дамайлар жиі туындайды. ҰЕҰ ТД жобаларын жүзеге асыруға қатысады.


Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі

ҚОҚМ – қоршаған ортаны қорғау жөніндегі орталық атқарушы орган. Ұлттық экологиялық саясатты жасау және оны жүзеге асыру, заңды орындау және мемлекеттік бақылау мен мемлекеттік экологиялық сараптама жұмыстарын атқару ҚОҚМ тікелей міндеті болып саналады. ҚОҚМ елдің қоршаған ортаны қорғау мемлекетаралық экологиялық келісімдер саласындағы бекітілген халықаралық конвенцияларын сақтауын қадағалайды. Ол сонымен бірге ластаушы заттардың қалдығы мен қоқыстарын бақылайды, кәсіпорындарға I санаттағы рұқсат береді және ластаушы заттардың ең жоғары көлемі мен құрамын белгілейді.

2000 жылы геология комитеттері, орман шаруашылығы мен аң шаруашылығы, су ресурстарын басқару және қоршаған ортаны қорғау комитеттері ҚОҚМ құрамына кірді. 2000 жылдан бастап 2002 жылдар аралығында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттен басқа барлық комитеттер, сонымен бірге оларға жүктелген су, орман, ұлттық парк, биоалуандық және жерасты ресурстарына қатысты міндеттері түрлі министрліктер немесе ҚР Президенті Әкімшілігінің қарамағына ауысты. Бұл ереже 2008 жылы да осылай сақталады.

⁹ *Haloxylon ammodendron* немесе сексеуіл – құмды шөл топырақта өмір сүруге бейім ағаш түрі. Сексеуіл ағаштардың басқа түрлеріне маңызды қолдау болады, мысалы, жабайы аңдар мен шөптесін өсімдіктерге көлеңке әрі қорғаныш бола алады, сондай-ақ өзінің тамыр жүйесімен құмды нығайта отырып, эрозияның алдын алады.

1.1 Сурет: Қоршаған ортаны қорғау



Министрліктің ағымдық құрылымы 1.2 суретте көрсетілген. Мұнда 130 қызметкер жұмыс істейді, оның ішінде 31 адам қоршаған ортаны қорғау Комитетінің (инспекция) қарамағына кіреді. Бұл комитет қоршаған орта мен табиғи ресурстарды қорғау жұмыстарын бақылап, қадағалайтын арнайы өкілетті мемлекеттік орган болып табылады (2 тар.қар.).

ҚОҚМ қарамағы бойынша қызмет істейтін мамандандырылған институттар төмендегідей:

- Ақпараттық-талдау орталығы, экологиялық ақпарат жинауға және оны жұртшылыққа жеткізуге жауапты орталық;
- Мемлекеттік «Қазгидромет» кәсіпорны, метеорологиялық жағдай, ауа райы және қоршаған орта мониторингіне жауапты. Ол өзінің аймақтық орталықтарынан ақпарат жинайды және бұл мәліметтерді өңдейді (3 тар.қар.);
- Экология және климат жөніндегі ғылыми-зерттеу институты¹⁰, бұл ҚОҚМ-нің ғылыми-зерттеу органы болып есептеледі. Ол экология, биоалуандықты басқару және көпжақты экологиялық келісімдер шеңберінде қабылданған міндеттемелердің сақталуын басқару жұмыстарын жүргізеді. Ол құрылыс жобаларын алдын ала бағалау, геологиялық зерттеулердің жобасын жасау, сейсмикалық аудандардағы құрылыс жобаларын жасау, қалақұрылыстық құжаттамалары мен инженерлік жүйе және тораптарын жасау сияқты басқа да міндеттерді атқарады.
- «Қазэросервис» әуе кемелерін реттеу және оның қауіпсіздігі мәселелерімен айналысады.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі міндеттемелер жүктелген басқа да мемлекеттік органдар (1.1 кестені қар.)

Ауыл шаруашылығы Министрлігінің Орман және аң шаруашылығы Комитеті орман алқаптары және ерекше күзеттегі табиғи аумақтарды басқарумен айналысады: Қазақстан Республикасының 14 облысындағы 9 ұлттық табиғи қорық және 6 ұлттық табиғи парк. Комитеттің жергілікті деңгейдегі аумақтық бөлімшелері орман шаруашылығы мен биоресурстарды басқарады. Комитетке есеп беруге тиісті ормандарды сақтау жөніндегі 138 мемлекеттік агенттік орманды қорғау мен сақтау жұмыстарына жауапты.

Ауыл шаруашылығы Министрлігінің су ресурстары жөніндегі Комитеті су ресурстарын қорғау және оларды тиімді қолдану бойынша мемлекеттік есеп беру жүйесін жүргізеді. Оның жауапкершілігінің ауқымына мынадай қызметтік сатылар кіреді: (a) табиғи су ағыстары мен жерасты суларының су қақпағы; (b) тұщы су қолдану; (c) өндірістік су қолдану; (d) ауыл шаруашылығының су қолдануы; (e) тұщы суды сақтау және су жабдықтаулары жүйесінде өзгерістік қолданыстар; (f) канализация суын табиғи су айдыны мен жерастына ағызу (9 тар.қар.).

Басқа мемлекеттік агенттіктердің қоршаған ортаны қорғау саласында бірқатар арнаулы өкілдіктері бар. Олар:

- Энергетика және минералды ресурстар Министрлігінің атом энергетикасы жөніндегі Комитеті (радиоактивті қалдықтарды және радиацияның басқа да көздерін басқару);
- Төтенше жағдайлар жөніндегі Агенттік (өртті қосқанда, төтенше жағдайларды басқару және ескерту);
- ҚР статистика жөніндегі мемлекеттік Агенттігі (экологиялық басқару және қоршаған ортаны қорғауға байланысты статистика).

жылы ҚР Үкіметі түрлі министрліктер, агенттіктер мен ведомстволар атқаратын қоршаған ортаны қорғауға қатысты іс-шараларды үйлестіруді күшейту жөніндегі ведомствоаралық комиссия¹¹ құру туралы шешім қабылдады («Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру жөніндегі Ведомствоаралық комиссия құру туралы» Қаулыны қар.). Комиссия ҚР консультациялық орган болып саналады. Оның міндеттері төмендегідей:

¹⁰ См.: <http://ecoclimate.kz/>

¹¹ <http://ru.government.kz/documents/premlaw/08.2003/page01>

- экологиялық жағынан қауіпті қызмет түрлерін анықтау және қоршаған ортаға ықпал етуді төмендету шараларына қатысты ұсыныстар;
- табиғатты қорғау заңнамалары бойынша ұсыныстар дайындау;
- қоршаған ортаны бақылауды оңтайландыру бойынша ұсынымдар дайындау және тірі табиғи ресурстарды реттеу;
- қоршаған ортаны қорғауға арналған жаңа экономикалық құралдар ұсыну.

Аумақтық деңгей

ҚОҚМ жергілікті деңгейде 14 облыста және екі қала – Астана және Алматы қалаларында (жалпы алғанда, 800 қызметкерді қамтитын) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық басқармалары бар (ҚООАБ). Аумақтық басқармалар ҚОҚМ 2005 жылғы Бұйрығымен реттеледі. Оның міндеті, негізінен алғанда, жергілікті бөлімшелерді тексеру болып табылады, дегенмен олар сондай-ақ кәсіпорындар үшін консультация беру рөлін атқарады және жергілікті маңыздылықтағы жобаларға мемлекеттік экологиялық сараптама жасауды іске асырады.

1.1 Кесте: Қоршаған ортаның салалары бойынша жауапкершілікті бөлу

Орта	Жауапты орган
Ауа	Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі
Биоалуандық және орман	Ауыл шаруашылығы Министрлігі (Орман және аң шаруашылығы Комитеті)
Балық	Ауыл шаруашылығы Министрлігі (Балық шаруашылығы Комитеті)
Жер иелену және топырақты қолдану	ҚР Президенті Әкімшілігінің жер ресурстарын басқару жөніндегі Агенттігі
Мұнай, радиоактивті қалдықтар	Энергетика және минералды ресурстар Министрлігі
Жерасты қазбалары	Энергетика және минералды ресурстар Министрлігі (Экология және жерасты қазбаларын қолдану жөніндегі Комитет)
Қалдық (муниципалды және өнеркәсіптік)	Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі
Су	Ауыл шаруашылығы Министрлігі (Су ресурстары Комитеті)

Дереккөзі: Министрліктер мен агенттіктерден түскен тікелей ақпарат. 2008

Атқарушы жергілікті орган ретінде қызмет атқаратын *Әкімдіктер*¹², және өкілеттік жергілікті орган ретінде қызмет атқаратын *мәслихаттар* мемлекеттік бақылау жасайды және олар табиғатты қолдану туралы кейбір ережелер мен тарифтерді бекіте алады. Сондай-ақ олар (белгіленген ауқымда) кәсіпорындардың қоршаған ортаны ластағаны үшін төлейтін төлемінің мөлшерін анықтайды (5 тар.қар.). Олар таулы және орман жайылымы мен шалғынды жерлермен қатар, табиғи ресурстарды бөледі, сонымен қатар өзінің құзіретінің шеңберінде табиғатты қолдану туралы ережелер шығарады.

Су ресурстары қазіргі уақытта жасалып жатқан гидрографикалық бассейндік қағидаларға сәйкес өзен бассейндерін басқару жөніндегі ұйымның қарамағына кіреді (9 тар.қар.).

1.6 Интеграция және үйлестіру тетіктері(механизмдері)

Көптеген экономикалық және аумақтық даму стратегиялары және онымен байланысты, 2000 жылдан бастап жасалынған бағдарлама және қызмет жоспарларының құрамына ТД негізгі қағидалары да, қоршаған ортаны қорғау қажеттілігі де қамтылған. Көп жағдайда, олар экономикалық мақсатқа қол жеткізуге бағытталған және олар табиғи ресурстарды сақтаудың

¹² Әкімдік – мәслихатқа ұқсас орган, облыстық деңгейде.

және қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын толық ескере бермейді. Бұған қоса, осы аталған стратегиялардың басым көпшілігі 2007–2024 жылдарға арналған тұрақты дамуға көшу Тұжырымдамасына (2006 ж.) дейін жазылуына орай, оларда сектораралық әдіс жасау қажеттілігі де ескерілмеген. Кең жұртшылық, оның басты қатысушы ретіндегі рөліне қарамастан, дамудың жергілікті жоспарлауымен қатар, стратегиялық жоспарлау үрдісіне қатыстырылып жүр, жұртшылықтың, осыған сәйкес, осы мәселелерге қызығушылық танытандығы да айқын.

ТД мақсатына саяси тұрғыдан қуатты қолдау көрсету және *Экологиялық кодексті* орындау міндеті орталық үкімет деңгейінде атқарылды, мұнда, тұтастай алғанда, осыған сәйкес тұжырымдар мен мәселелерге қатысты жақсы түсінік қалыптасқан. Сонымен бірге, қызмет жоспарлары мен стратегиялар жасауға талап етілетін әлеует облыстық және муниципалды деңгейге мүлдем бара-бар емес. Осы мәселе әр түрлі бағыттағы (мысалы, экономикалық даму бағдарламасы, облыстық аумақтық стратегия, өзен бассейндері деңгейінде ТД қатысты облыстық қызмет жоспарлары және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі облыстық бағдарламалар) бағдарламаларды қатар жасаумен байланысты міндетті күрделендіріп отыр. Тұтастай алғанда аса күрделі болып саналатын осы мәселелерді жергілікті деңгейде реттеу, келісу де қиындық туғызып отырғандықтан, осы қиындықтар олардың тиімділігінің беделін түсіріп, ресурстардың шығындалуына себеп болуда. Орталық билік осы бағдарламаларды жасауға байланысты аймақтық және жергілікті деңгейде соған сәйкес басшылық жасауды қамтамасыз етуі тиіс. ҰЕҰ және халықаралық донорлар бірқатар облыс және қалаларға қолдау көрсетуде (мысалы, экологиялық білім мәселелері және жоба жасау және оны жүзеге асыру әлеуетін арттыру мәселелері бойынша), дегенмен, бұл ережеден гөрі, ерекшелікке ұқсайды.

1.7 Қорытындылар мен ұсыныстар

Тұрақты даму – Қазақстан үшін негізгі міндет. ТД өзара байланысты және өзара тамырлас үш негіздің көзқарасы тұрғысынан қарастырылады, олар: экономикалық даму, әлеуметтік даму және қоршаған ортаны қорғау. Қазақстандық 2007–2024 жылдарға арналған тұрақты дамуға көшу Тұжырымдамасы (ТДКТ), бұған қарамастан, экономикалық өсімге ерекше назар аударып отыр, осылайша ТД әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштерінің маңыздылығына жеткіліксіз мән беріліп жүр. Ұлттық даму Стратегиясы, ең бастысы, экономикалық диверсификациялау мен бәсекеге қабілеттілікті алға ілгерілетуге бағытталған. Осындай мақсаттардың маңыздылығымен қатар, бүкіл қоғамның көзқарасы тұрғысынан шарасыз келісімдерді оңтайландыру үшін қоршаған орта мен экономикалық белсенділік арасындағы байланысты да ескерген жөн. Бұл осы даму стратегияларының экологиялық саясаты мәселелеріне қатысу және интеграциялауды қамтамасыз ететін институционалды құрылымды қалыптастыруды талап етеді. *Тұжырымдама* энергетика, көлік және ауыл шаруашылығы сияқты салаларды сектораралық әдіс және қоршаған ортаны интеграциялау құралдарымен қамтамасыз етпейді. Кедейлік деңгейін төмендету мәселелеріне байланысты қол жеткен елеулі жетістікке қарамастан, әлеуметтік жағдайды жақсарту және өмір сапасын, әсіресе ауылдық жерлердегі тұрмыстық жағдайды арттыру үшін алда атқарылуы тиіс міндеттер өте көп. Жалпы алғанда, азаматтық қоғамның ТД стратегиялық жоспарлау және оны жүзеге асыру үрдісіне қатысуы шектеулі күйінде қалып отыр.

1.1 ұсыныс:

Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық саясат салалары аралығында оңтайлы үйлестіктің орнауына қол жеткізу үшін Үкімет Тұрақты даму жөніндегі Ұлттық кеңес арқылы келесі міндеттерді шешуі қажет:

- *секторлық саясат пен стратегиядағы экологиялық және әлеуметтік мәселелерді тиісті деңгейде интеграциялауды қамтамасыз ету үшін білікті министрліктер аралығындағы ынтымақтастық деңгейін арттыруда Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Министрліктің үйлестіруші рөлін күшейту;*
- *ҚОҚМ секторлық саясат жобаларына талдау жасауға және соған сәйкес тұрақты даму қағидалары стратегиясын орындауға байланысты жауапкершілік жүктеу;*

- Барлық мүдделі тараптарды, сонымен бірге азаматтық қоғам мен ҮЕҰ тарту арқылы ұлттық және жергілікті деңгейдегі тұрақты даму бағдарламаларын жасау және оны жүзеге асыру барысында серіктестік пен айқындылық деңгейін арттыру.

ТД аймақтық жоспарлауы ТД сегіз аймағындағы, елдің сәйкес сегіз өзен бассейнінің аумақтық деңгейінде дамуы тиіс. Бірқатар аймақтарда, мәселен Балқаш-Алакөл бассейні, Алматы және Астана қалаларында ТД жөніндегі өзіндік бағдарламалары мен қызмет жоспарларын жасау жұмыстары бастау алды. Дегенмен басқа аймақтарда, әсіресе ауылдық аудандарда қол жеткізген жетістік саусақпен санарлық. Жергілікті деңгейде ақпараттылық пен әлеуеттің жетіспеушілігі *Тұжырымдамаға* қатысты қызметтерді жасауға және оны жүзеге асыруға кері ықпалын тигізіп отыр. ТД аймақтық жоспарлауы мен ішінара халықаралық ұйымдармен бірігіп атқарылатын аумақтық даму бағдарламалары түрлі әдістер қолданады, үйлестірудің бара-бар механизмдері болмаған жағдайда қайталауларға және қарама-қайшылықтардың туындауына себеп болуы ықтимал. Бұған қоса, ТД жөніндегі ұлттық зерттеулер мен ақпараттық мәліметтер *Тұжырымдаманы* жүзеге асыру кезеңінде жеткіліксіз болып отырған сияқты. Осы облыстардағы жетістіктер елдің ТД саясатының айқындылығын халықаралық деңгейде күшейтуге мүмкіндік беруі ықтимал.

1.2 ұсыныс:

2007–2024 жылдарға арналған тұрақты дамуға ауысу Тұжырымдамасын жүзеге асыруды аймақтық және жергілікті деңгейде, әсіресе, ауылдық аудандарда қолдау үшін Үкімет мына міндеттерді орындауы қажет:

- тұрақты даму бағдарламаларын жасау және оларды жүзеге асыру туралы жергілікті сектораралық үйлестіру кеңесі мен жұмыс топтарын құру арқылы аймақтық және жергілікті деңгейде сектораралық ынтымақтастықты күшейту;
- әлеуеттің жергілікті деңгейде дамуын күшейту, мысалы жергілікті басқару органдарының өкілдерін аймақтық деңгейдегі тұрақты даму бағдарламаларын жасауға, сонымен бірге осы саладағы халықаралық тәжірибеге қол жеткізу бағытында оқытуды ұйымдастыру;
- білім беру бағдарламаларын жасау және жұртшылықтың тұрақты даму мәселелері бойынша ақпараттылық деңгейін, сондай-ақ кең жұртшылықты қосқанда, жергілікті органдар мен басқа да мүдделі тараптардың ақпараттылық деңгейін көтеру. Сонымен бірге 3.6 ұсынымды қара.

2006 жылы құрылған «Қазына» тұрақты даму қоры инвестициялық жобаларды үйлестірудің жаңа механизмі болып саналады. Ол экономикалық диверсификация мен бәсекеге қабілеттілікті ілгерілетуді басты нысаны етіп алған. Негізінен, әлеуметтік және экологиялық аспектілерді салалық инвестициялық стратегияларға сәйкес интеграциялауды ілгерілетуге бағытталған стратегия ТД алға жылжуын қамти отырып, елге елеулі әлеуметтік пайда әкелуі мүмкін. Дегенмен бүгінгі таңда мұндай стратегия жоқ. Осыған орай, Қор мандатын кеңейту қажеттілігі туындайды, оған ТД мен қоршаған ортаны қорғау компоненттерін интеграциялайтын экологиялық жобалар мен жоспарларды қаржыландыру мәселелерін енгізу қажет.

1.3 ұсыныс:

Үкімет «Қазына» тұрақты даму Қорымен және басқа да мүдделі тараптармен бірігіп, тұрақты даму және экологиялық аспектілік қағидаларды Қордың инвестициялық саясаты мен жобасымен тиімді етіп интеграциялау үшін стратегия құруы тиіс. Үкімет сондай-ақ экологиялық инвестицияларды қаржыландыруды қамтуы қажет Қордың мандатын кеңейту мүмкіндігін қарастыруы керек.

2002 жылдан бастап қоршаған ортаны қорғау саласындағы өкілеттіктерді түрлі министрліктер арасында бөлуде өзгерістер болды. Бұл су, орман және табиғи ресурстарды қорғау және оларды қолдануға жауапты тек бір ғана министрлік – Ауыл шаруашылығы Министрлігі дегенге тоқтам жасалды. Ауыл шаруашылығы Министрлігінің Су ресурстары Комитеті мен

Орман және аң шаруашылығы Комитеті сияқты мамандандырылған комитеттердің де қоршаған ортаны қорғау шеңберінен шығатын өз мандаттары бар. Түрлі министрліктер аралығында қоршаған ортаны қорғау саласына қатысты тиімді де жеткілікті ынтымақтастықтың орнағандығына қарамастан, бұл экологиялық басқарудың басқа салаларына тән емес.

1.4 ұсыныс:

Үкімет түрлі министрліктер аралығындағы экологиялық саясат мәселелері мен олардың ішіндегі қоршаған ортаны қорғау саласын басқаруды үйлестіру міндеттеріне қатысты тізбектік (қосымша) жауапкершілікті нақты әрі айқын анықтауы тиіс. Бұл табиғи, су және орман ресурстары салаларына тікелей қатысты.

Бірінші Шолу дайындалған уақыттан бастап Қазақстан қоршаған ортаны қорғауды басқарудың заңды және саяси шеңберлерін күшейтті және жаңартты. 2006–2007 жылдары Қазақстан негізгі экологиялық заңдар мен *Экологиялық кодекс* ережелерін интеграциялауда маңызды қадам жасады. Қатаң уақыттық шеңбер жағдайында осы кешенді міндеттерді атқару барысында кодексте саясатты жасау және оны жүзеге асыруда мәселелер туындатуы ықтимал қарама-қайшылықтар мен сәйкеспешіліктер туындайды.

1.5 ұсыныс:

Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі ұлттық деңгейдегі және халықаралық ұйымдардың барлық мүдделі тараптарымен біріге отырып, экологиялық заңнаманы ЕО Нұсқауларына сәйкес үйлестіруді жалғастыра отырып, оны жетілдіруі керек.

2 Тарау

ҚҰҚЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ТЕТІКТЕРІ

2.1 Қүзіретті мекемелер мен олардың өкілеттіліктері

Қоршаған Ортаны қорғау Министрлігінің (ҚОҚМ) екі тармағы-Лицензиялау және Реттеу Тетіктерін ынталандыру Басқармасы (ЛРТЫБ) және Экологиялық Бақылау Комитеті (ЭБК) жекелеген реттеуші талаптарды іске асыру және оларды сақтаудың ұлттық деңгейде қамтамасыз етілуіне жауапты. (1-ші бөлімнің 1.2 және осы бөлімнің 2.1 суретін қараңыз) Олардың жұмыс ауқымы ауа мен судың сапалық ахуалы, жергілікті тұрғын үйлер мен өндіріс орындарынан шығатын қалдықтар, радиологиялық жағдай, тау-кен өндірісін бақылау сондай-ақ жер мен биологиялық қорларды қорғап отыруды қамтиды. Жекелеген кәсіпорындар үшін реттеуші талаптары олардың *Қоршаған ортаға әсердің бағасы (ҚОӘБ)* таразылаған соң және арнайы рұқсат негізінде (ЛРТЫБ) арқылы белгіленіп отырады. (ЭБК) болса, реттеуші талаптардың орындалуын тексеріп, егер орындалмаса әкімшілік шаралар қолдануды қамтамасыз етеді және азаматтық істерді қарауда Мемлекет тарапынан қатысады. Ол сондай-ақ заңға қайшы әрекеттер турасында айғақтар жинап, қылмыстық іс қозғауға бастамашы болуға құқылы. Бұл екі басқарма экологиялық реттеуге және талаптарды сақтауға қатысы бар ұлттық және жергілікті билік орындарының іс-қимылдарын өзара үйлестіруші. Оның басқа бір маңызды қызметі лицензиялау мен бақылау ісінде кері байланысты қамтамасыз ету, яғни заң шығарушы орындар мен саясат жасаушыларға тексеру жүргізу.

Ұлттық деңгейден төменгі сатылардағы реттеуді іске асыру мен оған бақылау жүргізу және талаптардың орындалуын әкімшілік деңгейде қадағалау Қоршаған Ортаны қорғаудың 16 аймақтық басқармасына (ҚОҚАБ) жүктеледі. Олар 14 облыс пен Алматы және Астана қалаларында. Олар билігі өз құзырындағы заңдық тұлғалар бола тұра, (ЛРТЫБ) мен (ЭБК) алдында есеп береді. Басқарудың мемлекеттік органдары (ҚОҚАБ) орындарына жетекшілік ету және оқып-үйретуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың жұмысына баға беріп отырады.

ҚОӘБ-не қатысты өкілеттіктерді бөлу және лицензиялау кәсіпорындардың категориясына байланысты. Ол категориялар өнеркәсіптің өзіндік ерекшеліктеріне қарай, адам денсаулығына әсер ету қаупі жөнінен 4 түрге бөлініп қарастырылады. 4-ші категория кәсіпорындарының жұмысына олардың өтініші негізінде рұқсат беріледі. Ал 1-ші категориядағы кәсіпорындар жұмысын ЛРТЫБ қадағалайды, басқа категориядағы кәсіпорындар аймақтық мекемелердің құзырында болады. Ұлттық деңгейдегі инспекторлар кәсіпорындардың жұмысы мен ҚОҚАБ қызметінің нәтижесін бағалау үшін кез-келген кәсіпорын тармағында тексеру жүргізеді. Жыл сайын бір аймақтық басқарма тексерілуі керек.

ЛРТЫБ мен ЭБК-нің басқару құрылымдарындағы автономия деңгейі әрқилы. ЛРТЫБ толықтай ҚОҚМ құрамына кіретіндіктен оның басқару қызметіне бағынышты. Ал ЭБК-нің өзін-өзі басқару деңгейі біршама жоғары. Бұл орган 2004-ші жылғы қыркүйекте ҚР президентінің жарлығымен құрылған. Бұл жарлықта саясат қалыптастыру мен реттеп отыру және бақылау қызметтерін бір-бірінен бөлу талап етілген еді. Ал ЭБК қызметі үкіметтің 2004-ші жылғы 29-шы қазандағы номер 1126-шы бұйрығымен реттеледі. ЭБК төрағасы премьер-министр тағайындайтын саяси тұлға және ол ҚОҚМ-не жүгінбей ақ шұғыл шешімдер қабылдай алады. ЭБК өзінің іс-қимыл жоспарын жасайды және өзінің есебін дайындайды. ЭБК дербес заңды тұлға және 2008-ші жылдан бері ҚОҚМ бюджетінен бөлек. Ол бюджетті жоспарлау мен орындауды бақылау Комитеттің өз құзырында. 2008-ші жылға дейін ЭБК-нің күн сайынғы әрекетінің өзі Министрліктің бақылауында болды.

2008-ші жылғы ақпанда ҚОҚМ құрамында ЛРТЫБ-ны алмастыруы қажет басқа бір комитет құрылды. Оны құрудағы мақсат-экологиялық сараптауды және лицензиялауды күшейту, сондай-ақ реттеу жұмысын саясатты қалыптастыру жұмысынан бөліп алу болды. Мұндай бөліну тұрғысында әртүрлі пікір айтылуда. Кейбіреулер бұл қадам жұмыстың тиімділігін арыттырады десе, басқалар ақпарат алмасудағы қиындықтар мен ұжымның(штат) қысқаруынан келіп шығатын проблемалардан қорқады. Олар қазіргі кездегі қызмет орындары әкімшілік қолдау бөлімдеріне өтіп кетеді деп сескенеді. Ұсынылған реформа кадрлар жағынан қиындыққа қарамастан, министрлік пен оның тармақтары үшін бөлінген қызмет орындарының шектелуіне байланысты қызметкерлер санын азайтуға жол ашады. Осының салдарынан реттеу мен бақылау сапасына нұқсан келуі мүмкін. Рұқсат беретін тұлғалар мен тиімді бақылау жүргізу үшін қажетті инспекторлар арасындағы ақпарат алмасуы да бұзылуы мүмкін.

2.1 Сурет: Экологиялық бақылау комитетінің ұйымдық құрылымы (ЭБК)



Ескерту : Ұжымдық құрамы барлығы 31 адам.


Дерек көзі: ЭБК , 2007.

Реттеу мен орындауға бақылау жүргізуге келгенде табиғат қорғаушы орындардың құзырлары олардың әлеуеттерін жүзеге асыруға толық жететіндей көрінеді. 2000-шы жылмен салыстырғанда өкілеттіктер мен оларды қолдану тәртібі алғашқы және 2-ші деңгейдегі заңнамаларда егжей-тегжейлі көрсетілген. Инспекциялаудағы жекелеген өкілеттіктер (мәселен жұмыс орындарында ескертусіз жүргізілген тексерулер мен жоспарланған тексерулердің жиілігі) халыққа ауыр тиген реттеудің әкімшілік жүгін азайту мен ұсақ паракорлықты жою қажеттілігіне байланысты 10 жыл бойына шектеулі болып келді. Дегенмен бұл шектеулер өзінің мақсаттарының біріне де жеткен жоқ. Өкілеттіктер күшейтілген жағдайдың өзінде ресми тұлға мен субъектінің екеуі де, орындауды реттеу, тексеру және бақылау мүмкіндіктері болмашы ғана жақсарады, өйткені бұған керек мамандар мен басқа да ресурстардың жеткіліксіздігі оған қолбайлау болады деген ойда болады. Бұл тығырықтан шығу үшін әлеуетті арттыра түсу мемлекеттік бағдарламаның басты бағыттарының бірі болды.

Әлеуетті арттыра түсудің мемлекет қаржыландыратын бағдарламасында жұмыс істеу жағдайының қолайлы болуына және құрал-жабдықтың сапалы болуына баса назар аударылды. Мәселен ЭБК құрылған соң іле-шала, өзінің аймақтық мекемлеріндегі лабораториялардың еңбек өнімділігін арттыру бағдарламасын қабылдады. Мұның өзі қызметкерлердің санын көбейту, мамандар даярлау, сапаны қамтамасыз ету мен ақпараттық бақылаудың деңгейін жоғарылатуды көздейтін еді. Бұл бағдарлама аясында зертханалардың 95 пайызы толықтай жабдықталды және Атыраудағы ҚОҚАБ үшін теңіз кемесі сатып алынды. Жалпы алғанда,

2004-2007 жылдары лабораториялар инфрақұрылымын жасақтауға 1,8 миллиард теңге (13,9 миллион АҚШ доллары) жұмсалды. Дегенмен ҚОҚАБ зертханаларының өнімділігі әлі күнге дейін жеткіліксіз саналады. Мәселен, ЭБК есептеулері бойынша, қолда бар құрал-жабдық орта есеппен ауаның сапасын 15-20 параметр, су сапасын 25-30 параметр және топырақ сапасын 20 параметр бойынша ғана бақылауға мүмкіндік береді. Бұлар лақтауға бейімді мыңдаған заттар мен қосындылардың тек аз ғана бөлігі. Құрал-жабдықтың мүлтіксіз жұмысы мен оған техникалық көмек көрсету үшін қажет құралдарға (немесе қаржыға?) да толық қол жетпей отыр. Зертханалардың сертификаттау ісі де күрделі болып қалуда. Атап айтқанда Қазақстан ISO 17025/2005 стандартын қабылдаған осы уақытта ол «Зертханалық сынақтар мен калибрлеу сапасына қатысты жалпы талаптар» деп аталатын стандарт негіздеріне қайшы келуде. Сондай-ақ қиындықтар зертхана қызметкерлерін уақтылы даярлау мен ұстап отыруға қажетті мүмкіндіктің шектеулігі және уақытқа тәуелділігіне байланысты болып отыр.

2.2 Сурет: Қоршаған ортаны қорғаудың Аумақтық басқармасының ұйымдық құрылымы (ҚОҚАБ)



Дерек көзі: Қарағанды ҚОҚАБ (<http://www.karecology.kz/>), 2007-ші жылы ашылған интернет ұясы.

Қызметкерлер құрамының білімі мен біліктілігін арттыу үшін 2004ші жылы ҚОҚМ ішінен мамандарды дайындау орталығы құрылды. (3-ші тарауды қараңыз) Бұл орталық мемлекеттік мекемелер мен сырттан келген басқа да адамдар мәселен, кәсіпорындардың өкілдеріне де қызмет көрсетеді. Жұмыстың мұндай реті орталықтың тұрақтылығы үшін қажет, өйткені жекеменшік мекемелерден келгендер ақылы негізде оқиды. Сабақтарды ҚОҚМ қызметкерлері немесе сырттан шақырылған мамандар жүргізеді. Дайындық курстары 40 сағатқа созылады

және экологиялық басқару саласының көптеген мәселелерін, оның ішінде реттеу шеңберінің өзгеруі, саяси тетіктерді қолдану, сондай-ақ тексеру мен заңдылықтың орындалуын бақылау мәселелерін қамтиды.

Өндірістен қол үзбей оқу және ұжымның тәжірибе алмасуы әлеуетті дамытудың қосымша құралдары саналады. ҚОҚАБ салалық білім алуға хұқылы. Мәселен Шығыс Қазақстан облыстық ҚОҚАБ тау-кен өндірісі мен металлургия саласына тексеру жүргізе алатын біліктілігі жоғары мамандар даярлайтын орталық бола алады. Білімді тарату үшін ЭКБ тұрақты (тоқсандық немесе жарты жылдық негізде) семинарлар ұйымдастырып отырады. өкінішке орай, мұндай семинарларға тек басшылар ғана қатысады және қатардағы инспекторлар үшін іс жүзінде тәжірибе жинау қиынға түседі. Сонымен қатар халықаралық әріптестер, (мәселен, БҰҰ-ның Европа жөніндегі экономикалық комиссиясы(ЕЖЭК), БҰҰ-ның Даму бағдарламасы, БҰҰ экологиялық бағдарламасы, Орталық және Шығыс Европа елдеріндегі қоршаған ортаны қорғауға көмек пен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (OECD/EAP) жұмыс тобы әртүрлі тақырыптағы семинарлар өткізді. Мамандарды даярлау деңгейі екіжақты тәжірибе алмасу арқылы мәселен, Норвегия, АҚШ және Канада мамандарымен тәжірибе алмасу арқылы одан сайын шыңдала түседі. Европалық Одақ Қазақстанда экологиялық саясат пен осы саладағы заңдылықты сақтау мәселесінде әлеуетті арттыру жолында жаңа жобаға бастамашы болып отыр.

Осындай күш салуға қарамастан, тиісті орындар институционалды мүмкіндіктерді дамыта алмады және кей кезде тіпті сақтап қала алмады. Еңбекақының аз болуы мен жұмыс жағдайының ауырлығы біріге келіп, білікті мамандардың тұрақтамау үрдісін тудырды. Мамандар тұрақтамауының жоғары болуы жұмыстың кейбір түрінің сапасыздығына әкеп соқты. Әлі күнге дейін жекелеген заңдар мен жарлықтар ұжымның өкілеттігін шектеуде. Қазіргі заманғы табиғат қорғау заңдары мен саясат туралы түсінік аз. Осының нәтижесінде ұжымдағы 800 адамның қайсысы биологиялық сараптамаға, лицензиялау мен тексерулерге қатысып жүргенін және олардың біліктілігі қандай екенін айту қиын.

2.1 Кесте: Экологиялық реттеу мен ереже сақтауды қамтамасыз етуге қатысатын ҚОҚМ қызметкерлер құрамының саны

	2000	2006
Ұлттық деңгей		
Экологиялық сараптама	..	9
Рұқсаттар беру	..	9
Тексеріс пен орындауды бақылау	20	31
Ұлттық деңгейден төмен сатылар		
Экологиялық сараптама
Рұқсаттар беру
Тексеріс және орындауды бақылау	408	505
Қортынды	428	536

Дерек көзі: Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, 2007.

Бұл жағдай жүктеменің артуымен күрделен түседі. Мұның өзі шағын және орта кәсіпорындар саны көбеюімен(ШОК, келесі тарауды қараңыз) байланысты. Осы жағдай кем дегенде белгілі бір реттеуді және сәйкестік мониторингін жүргізіп отыруды қажет етеді. Алғашқы және 2-ші кезектегі заңдардың шеңбері кеңейе түсуін есепке алғанда және қызметкерлер санын көбейтуге мүмкіндік жоқ кезде ЛРТЫБ мен ЭБК алдында қолда бар қорларға қатысты және жұмыстың сапасын қамтамасыз етумен байланысты қиындықтар пайда болуда.

Бұл мәселені шешудің бір жолы Үкіметтің басқа да атқарушы органдарымен өзара ықпалдастықты күшейтуі. Осылайша, қызметтердің қосарланып кетуінен арылуға және оның нәтижесінде қорларды рәсуа етуден құтылуға көмектеседі. Ақпарат алмасу мен бірлескен тексеру жұмыстары Денсаулық сақтау және Төтенше Жағдайлар министрлігі арасында, салық органдары мен полиция арасында да жүргізіледі. Бірлескен қимылдың белгілі бір деңгейі

табиғи қорларға бақылау жасауға жауапты атқару органдарының мәселен, су қорлары жөніндегі комитет, орман және аң шаруашылығы комитеті, балық шаруашылығы комиеті (аталған комитеттердің барлығы Ауыл Шаруашылығы министрлігінің құрамында) сондай-ақ жер ресурстарын басқару агенттігінің арасында сақталып отырады. ЭБК қызметкерлері бірқатар облыстарда тексеру сапарларының 20 пайызына басқа мекемелерден келген әріптестер бірлесе қатысқанын мәлімдейді. Бұл қимылдар мекеме аралық жарғылар, я болмаса, өзара түсіністік туралы меморандумдар, сондай-ақ жылдық немесе тоқсандық тексерістер кестесінің негізінде іске асты. *Жеке кәсіпкерлік жөніндегі № 124-III* заңның (2006ж.) қосымшасы, әртүрлі органдар жүргізетін тексерулердің ауқымын анықтайды. Дегенмен реттеу шарасына қатысты жұртшылық осыншама көп тексерулердің мейілінше үйлестірілуін қалайды. Олар бір-бірін қайталайтын тексеріс сияқты кемшіліктердің болмағанын жөн көреді. Мұндай кемшіліктер қоршаған ортаны қорғауды басқару және табиғи қорларды басқару сияқты құрамы тым бөлшектеліп кеткен мекемелерге тән деуге болады.

Қоршаған ортаны қорғау заңдылығының сақтауын қадағалауға қатысы бар ұйымдардың қатарында Бас Прокуратура (БП) мен соттар бар. Аймақтық деңгейде БП-ның құзырын экологиялық прокурорлар жүргізеді. 2007-ші жылға дейін олардың басты міндеті атқарушы органдар үстінен бақылау жүргізу болған еді. БП-ның соңғы бірнеше жылдағы баспасөз мәлімдемелерінің мазмұнына жасалған сараптама экологиялық прокурорлардың көбінесе айыппұл салумен, сондай-ақ айыппұлдарды жинаумен әуестеніп кеткенін көрсетті. Бұл жерде айыппұлдар салу заңдылықтың қаншалықты бұзылғанын есепке алмай жүргізілген. «Айыппұлдармен әуестеніп кету» әдісі жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғауға қатысты көзқарасын өзгертуге кедергі болды. 2007-ші жылы БП қылмыстық жауапкершілікке тартуды өз құзырына алды. Ол сондай-ақ қылмыстық тексеру жүргізіп, экологиялық қылмыстар бойынша істерді соттарға тапсыру мәртебесіне ие болды. Бұл жайт БП жұмысы теңгеріліп, байсалды бола түседі деген үміт туғызады. Соттар болса, экологиялық істерді қарауға келгенде түсіністік танытпай немесе қолдау көрсетпей отыр. Дегенмен бұл жағдай қоршаған ортаны қорғау турасында көбірек хабардар ету ауқымын арттыру әрекеттеріне байланысты уақыт өте жақсарып келеді.

Барлық құзырлы органдар мемлекет бюджетінен қаржыландырылады. Елде басқарушы қызметтердің (ҚОӘБ-іне шолу жасау, рұқсат беру және тексеру жүргізуді іске асыру) іске асырылуы үшін түсім жинау бекітілмеген. Сондай-ақ мұндай түсімнің болашақта белгіленеріне де үміт жоқ. Айыппұлдардан жиналған қаржы бірден бюджетке аударылады. Негізінде бұл жайт, мемлекеттік органдар өздерінің іс-қимыл, күш-қуатын түсімді арттыруға жұмсайтын жағдай тудырудан аулақ болуға көмектеседі. Түсімнің молаюы айшықты көрініп қалуда, өйткені кері әсері бар ынталандыру ресми жариялаған мақсаттарға қайшы келіп жатыр. Бұдан бұрын атап өтілгендей, БП заң бұзушылықтың ерекшелігіне үңіліп жатпай-ақ барлық жерде айыппұл салуды кең қолдануды талап етуде. Қаржы министрлігі де дәл осындай ретте, «жоспарланған» айыппұлдарды бақылап және олардың қанша жиналғанын хабарлап отырады. Кәсіпорындардың заңдылықты орындауына жазалаусыз-ақ, басқаша жолмен (мәселен ескерту айтылған хатпен) қол жеткізуге тырысқан инспекторлардың жемқорлыққа қатысы бар деп айыпталып жататыны жиі кездеседі. Мұндай әдіс «айыппұлдарға аңшылықты» сақтап қалып отыр.

Реттеу стратегиясы және сәйкестікті қамтамасыз ету мен қорларды бөлу шеңберлерінің арасында іс жүзінде байланыс жоқтың қасы. әр жыл сайын ҚОҚМ өзінің бюджет бағдарламасын дайындайды және ол парламентте бекітіледі. Дегенмен ЛРТЫБ және ЭБК-нің қызметіне қатысты шағын бағдарламалар осы бюджеттік бағдарлама аясына кірмейді. Оны былай қойғанда, бюджеттік бағдарламаның баяндамалық бөлімінде, қорлардың қаншалықты тиімді шығындалуын бағалауға көмектесетін нақтылы мақсаттар немесе тетіктер сипатталмаған. Мұндай үлгіні сақтай отырып, қаржыландыруды арттырудың дұрыс болатынын дәлелдеуге ешқандай айғақ жоқ. Тура осы сияқты, сәйкестікті қамтамасыз ету бағдарламасын оңтайландыру да күрделі мақсат, өйткені шешім қабылдауға жауапты тұлғалар қайсыбір бағыт-бағдар мен әдіс-құралдардың қаншалықты тиімді екенін терең түсінбейді.

2.2 Реттелетін қауымдастықтың сипаттамасы

Соңғы 20 жылда Қазақстанда реттелуге жататын қауымдар құрамына аз ғана мемлекеттік кәсіпорындар кірген біркелкі қауымнан ШЖОК сипатындағы кәсіпорындар үлесі басым әркелкі құрамға дейін өзгеріп, ілгеріледі. Осы екі арада кәсіпорындар саны 2000 шамасына дейін жетіп тұрақталды.

Реттелетін қауымдастықтар Денсаулық сақтау министрлігі жасайтын бағалау схемасына қарай, кластерлерге бөлінеді. ҚОҚМ деректеріне сәйкес, қоршаған ортаға әсері жағынан ауыр өнеркәсіп бәрінен ерекше көзге түсіп тұрады. Бұл сала ауаны ластауға ең көп үлес қосады (мәселен ЛРТЫБ есептері бойынша ауаны ластаудың 72 пайызы 17 кәсіпорынның үлесіне тиеді екен. Ал ШЖОК-дың экологиялық салмағы дәлме-дәл саралауға келіңкіремейді. Соған қарамастан сан жағынан басым ШЖОК-дың жартысынан астамы қоршаған орта үшін мейілінше қауіпті салаларда жұмыс істейді. Реттелуге жататын қауымдастықтың әрқилы бөліктеріндегі сәйкестік моделдері мен осы сәйкестікке әсер етуші факторлар әлі күнге толық зерттелмеген. (2.3 кесте)

2.2 Кесте: Тіркелген кәсіпорындардың саны (2003–2006 жж., сәйкес жылдың 1 қаңтарына қарай ахуал бойынша)

	2003	2004	2005	2006
Ірі	2 014	2 011	2 026	2 049
орта	10 674	10 700	10 676	11 512
кіші	170 108	177 334	195 707	213 347

Дерек көзі: Қазақстанның жыл сайынғы статистика басылымы, 2003–2006.

2.3 Кесте: Секторлар бойынша тіркелген кәсіпорындардың саны (2006 жылдың 1 қаңтарына қарай ахуал бойынша.)

Сала	Кіші	Орта	Ірі	Барлығы
Ауылдық, аңшылық, орман шаруашылықтары	11 173	833	267	12 273
Балық шаруашылығы, балық өсіру	364	15	4	383
Тау-кен өндірісі	1 271	112	76	1 459
Өнеркәсіп	16 563	842	315	17 720
Электр қуатын өндіру және тарату, газ және сумен қамту	1 324	203	117	1 644
Құрылыс	23 089	593	163	23 845
Сауда, жөндеу, жеке және тұрмыстық заттар	76 074	585	71	76 730
Қонақүйлер мен мейрамханалар	2 624	83	17	2 724
Басқа да салалар	80 865	8 246	1 019	90 130

Дерек көзі: Қазақстанның жыл сайынғы статистика басылымы, 2006.

Осы екі арада табиғат қорғау орындары реттелетін қауымдастықтар жөнінде толыққанды мағлұматтарға қанықпыз деп санайды және жаңадан құрылған кәсіпорындар жөнінде уақытлы мәліметтер алып тұру үшін мемлекеттік ұйымдардағы әріптестермен арадағы өзара ынтымақтастық деңгейіне қанағаттанушылық танытып отыр. Әдеттегідей, ҚОҚАБ әрбір кәсіпорын турасында дерек жинайды. Онда соңғы 5 жыл ішіндегі қажетті материалдар, санкциялар туралы ақпарат және ресми іс-қатынас қағаздары (хат-хабар) сақталады. Жалпы алғанда 60 мыңнан астам нысан экологиялық әрекеті жағынан реттеп отыруға жатады. Қоқыс төгу(рұқсат етілген және заңсыз), пестицидтер сақталатын қоймалар мен уытты жоюшы құрылғылар турасында жеткілікті ақпарат жоқ. Ал түгендеу жүйесі енді ғана дамып келеді. Мәліметтерді жинаудың, сақтаудың, саралаудың және реттелетін қауымдастық туралы ақпарат бөлісудің электрондық құралдары қолданылмай келеді.

2.3 ҚОӘБ және рұқсаттар

Қазақстанда кәсіпорындар үшін жекелеген реттеу талаптары ҚОӘБ-ні есепке ала отырып, рұқсат беру арқылы орнықтырылады. Реттеуші талаптар бойынша шешім қабылдау процесін негіздеуші барлық материалдар (ҚОӘБ бойынша зерртеулер мен есептер, ашық мәжілістердің хаттамалары, рұқсат алу үшін берілген өтініштер мен басқа да реттеуші құжаттар) тиісті лауазымдағы экологиялық органдар арқылы «экологиялық сараптама» деп аталатын процедура шеңберінде тексерілуі шарт. І-ші категориядағы кәсіпорындардың экологиялық сараптамасын (ЭС) ЛРТЫБ қызметкерлері ал ІІ-ші және ІІІ-ші категорияның сараптамасын ҚОҚАБ жүргізеді. Халықаралық сарапшылардың көмегіне де жүгінуге болады, алайда ол тек кеңесші мәннен аспайды. Сарапшылардың қызметін жобаларды жасаушылар қаржыландырады. Ал қоғамдық сараптама деп аталатын сараптаманы тәуелсіз сарапшылар жүргізеді. Қортынды құжаттар (сараптама қортындылары мен рұқсаттар) қалың жұртшылыққа кейде тіпті қатардағы инспекторларға да берілмейді.

Қоршаған ортаға әсер ету бағамы

ҚОӘБ пен экологиялық сараптаманың процедуралары 2007-ші жылғы 28-маусымда ҚОҚМ бекіткен экологиялық кодекс пен оны толықтырушы екі құжатта бұйрық бекітілген. Бұл процедура реттелетін қауымдастықтың, реттеуші орындардың, кеңесші компаниялардың және бұқара халықтың қатысуы арқылы көрсетілген бірнеше дәрежеден тұрады. ҚОӘБ кәдімгі жоспарлау мен экологиялық шаралар үшін жарайды, дегенмен оны іріктеудің айқын көрсетілген тұсы жоқ. ҚОӘБ әртүрлі дәрежеде, көлемі мен қоршаған ортаға әсеріне қарамастан кез-келген жоба мен кәсіпорын үшін қажет етіледі.

Жаңа жобалар дүниеге келгенде, (мәселен, жаңа кәсіпорындар құрылғанда) табиғат қорғаушылармен арада жерге орналасу (жерді алу) жайын кеңесу қажет. Бұл ретте жерді пайдалануға рұқсатты тек *әкімдіктер* (ұлттық деңгейден төменгі әкімшіліктер) беретіні жеткіліксіз болады. Осы жағдайда, жобаны жасаушылар ағымдағы экологиялық ахуал турасында есеп беруі шарт. Мұндай есеп экологиялық сараптамаға берілетін өтінішпен қатар ұсынылады. өтініштің өзі халықтың қалың тобымен кеңесілуі қажет. Экологиялық шолу жағдайына оң баға берілсе, жер жобаны іске асырушыға беріледі.

Алдын-ала ҚОӘБ техникалық-экономикалық негіздеу сатысында технологиялық шешімдерге баға беру үшін талап етіледі. Ірі жобалар үшін әр сатыда әр орында зерттеулер жүргізіледі. Олардың әсері бағаланады. Бірақ қанша қалдықтың шығарылатынының дәлме-дәл есебі талап етілмейді. Барлық экологиялық құжаттарды қамтитын техникалық-экономикалық негіздеме ЭС-ға ұсынылады. ЭС-ны ұлттық немесе жергілікті деңгейде жобаның маңыздылығын есепке ала отырып, ҚОҚМ жүргізеді. ҚОӘБ-нің алғашқы бекітілген нұсқасы жобаны жүзеге асыру үшін несие алудың басты шарты болып табылады.

Келесі сатыда ҚОӘБ-нің барлық деңгейі сараланады. Бұл кезеңде шығарындының жоғарғы шамасы көрстелген есептер, төтенше жағдайларға дайындық, барлық ортада мониторинг-бақылау жүргізу бағдарламасы сияқты егжей-тегжейлі мәлімет талап етіледі. Аталған құжаттар мемлекеттік органдардың шолуына ұсынылуы керек. Егер жобалық құжаттар соңғы кезеңде қайсыбір өзгерістерге ұшырайтын болса, (мәселен, технологиялық түзетулер) жобаны жасаушы тарап осы өзгерістерді ҚОӘБ материалдарына қосуы шарт. Мұндай түзетулер кейіннен мемлекеттік органдардың назарына ұсынылатыны өз алдына.

Ең соңғы құрылыстан кейінгі кезеңде ҚОӘБ капитал жұмсалуды 50 миллион АҚШ долларынан асатын ірі жобалар үшін қажет. Бұл бағамдау жобаның іске асырылуы басталғаннан кейінгі 1 жылдан соң жүргізіледі. Мұның өзі экономикалық тірліктің экологиялық қауіпсіздігін растау және қоршаған ортаны қорғау жоспарына қажетті түзетулер енгізу үшін істелетін шаруа.

Жақында, осы кезге дейін жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар, әсіресе, Кеңес Одағы заманында салынған кәсіпорындар үшін ҚОӘБ жүргізу туралы заң талабы өз күшіне енді. Жаңа реттеу тетігінің экологиялық аудиттан қанша айырмасы бар екені беймәлім. Кәсіпорындар мен МЕҰ бұл талап әкімшілік ауыртпалықты күшейте түседі және экологияға келгенде нақты пайдасы жоқ деп санайды.

ҚОӘБ барлық кезеңінде ашық түрдегі қоғамдық тыңдаулар жүргізілуі шарт. 2006-шы жылы осындай тыңдаулардың 95073-і (маңызы бар ҚОӘБ-нің 50 пайызы) өткізілген. Ал 2000 жылы олардың саны небәрі 3683 болған еді. Қоғамдық тыңдаулардың хаттамалары ҚОӘБ құжаттамаларының қатарына қосылуы міндетті. Қоғамдық тыңдаулар сапасы қанағаттанарлық дәрежеге жете қоймаса да, олардың кеңірек қолданысқа енуі қоғамның тек процедуралық шартты деңгейде ғана емес, іс жүзінде де атсалысуы принципін іске асыруға көмектеседі. Ережеге сәйкес, жобаларды жасаушылар ҚОӘБ материалдарын дайындауға сырттан мамандар тарту үшін ЛРТЫБ сертификаттаған арнаулы компанияларға жүгінеді. Дегенмен сертификация сапаны бірден қамтамасыз ете алмайды. ҚОӘБ туралы берілген деректердің 10-15 пайызы сапасының төмен болуына байланысты кері қайтарылып жатады. ҚОӘБ материалдарын дайындауға рұқсаты бар компаниялар өздерінің қызметі бойынша жылдық есеп тапсырулары міндетті. Олардың есептерінің мақсаттары мен мән-мағынасы айқын емес, өйткені олар осы компаниялардың бұдан арғы жұмысына ықпал етпейді. Тіпті осындай бір компания даярлаған ҚОӘБ материалдарының өзінде бірнеше кемшілік табылып жатады және бұл олқылықтың болуы ЛРТЫБ рұқсаты кері қайтарып алынады деген сөз емес.

Мемлекеттік органдармен арада құжаттамаларды шолу уақыты 2 аптаға созылады, бұдан соң 3-6 ай аралығында ЭС жүргізіледі. Дегенмен теориялық тұрғыда барлық процедура 2 жылға созылып кетуі мүмкін. (бұл мерзімге 2-3 айға жоспарланған рұқсат беру кезеңі кірмейтінін айта кету керек. Іс жүзінде шешім қабылдау ҚОӘБ материалдарын толық алған соң 1 ай ішінде еңсеріледі. Шолулардың саны артуымен және әкімшілік жүктеменің ұлғаюымен мұндай теориялық есептеулер дағдыға айналып кетуі ықтимал деген қауіп бар. Бұл әсіресе жүктемесі үлкен облыстарға (Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар, және Солтүстік Қазақстан облыстарына) тән. Реттеуші органдарға түсетін салмақтың артуы сондай-ақ сараптамалық шолудың сапасына да әсер етеді: олардың көпшілігі жалпылама тұрғыда жазылған және орындалуды міндеттейтін күш-құзырға ие емес.

2.4 Кесте: Экологиялық сараптама мен қоршаған ортаға әсердің бағалары бойынша 2000–2006 жылдарда жүргізілген шолулар саны

Зандық мәртебес	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006
Ұлттық	438	440	369	487	416	436	585
Ұлттық деңгейден төменгі сатылар	8 297	10 682	14 267	16 802	23 255	25 741	30 470

Дерек көзі: Лицензиялау және Реттеу Тетіктерін ынталандыру Басқармасы (ЛРТЫБ), 2007.

Экологиялық рұқсат беру

әдетте экологиялық рұқсат беру (шешімдер) ауа мен суды ластаушылар үшін ШЖШ-ны белгілейді сондай-ақ өнеркәсіп ауқымының қандай шектен аспауы қажеттігін және қалдықтарды жоюдың мөлшерін көрсетіп береді. Рұқсат ету процедуралары 2002-ші жылы жетілдірілген. Лауазымды орындар табиғи орта үшін 3 рұқсат орнына кешенді түрде 1 рұқсат береді. 2005-06 жылдары ҚОҚМ рұқсаттар шеңберін өзіндік мониторинг жүргізіп тұру бағдарламасына және қоршаған ортаның ахуалын жақсарту жоспары деп аталатын қосымшалармен кеңейтті. Осы тармақтарда кәсіпорын өзінің өнеркәсіп процестерін экологиялық талаптарға сәйкес жағдайға қалай ыңғайлайтынын көрсетуі тиіс. 2007 жылы елдің елдің рұқсат беру жүйесіне басқа бір өзгеріс енгізілді. Рұқсаттардың күшінде болуы мерзімі реттелетін қауымдастыққа жүктелетін әкімшілік салмақты азайту үшін 1 жылдан 3 жылға дейін ұзартылды. Дәл осы мақсатпен кіші және орта кәсіпорындар үшін белгіленген процедуралар да түрлендірілді. 2007-ші жылғы жағдай бойынша бұл категория ЭС жүргізу боцынша жергілікті әкімшіліктің, ал рұқсат беру бойынша ҚОҚАБ құзырларында.

2007-ші жылы сынақтық негізде кешенді рұқсат беру қолға алынды. Ол ластанудың алдын алу мен бақылауды бірлесіп қолға алу жөніндегі Европалық Одақ директивасында белгіленген негізгі көрсеткіштердің сақталуымен іске асырылуы керек. «Рұқсат беру науқаны» 2007-ші жылдың 1-ші қыркүйегінде басталса да, кешенді түрде шешім қабылдаудың процедуралық жай-жапсары әлі де даму сатысында жатыр. Осылайша бұл әдіс 2009-шы жылға дейін іс жүзінде енгізілуі ықтималдығы аз.

Реттеу талаптары рұқсат беруге лайық жағдайлардың дамуы үшін негіз қалыптастырады. Олардың кейбірі қатайтылды. Мәселен, жағылып кететін ілеспе газдардың көлемін Жаһандық деңгейде азайту (ІГКА) шеңберінде мемлекеттік және жекеменшік сектордың әріптестігі ісіне Қазақстан Республикасының ат салысуы аясында газды жағып жіберуді азайту бағытында біраз маңызды өзгерістер болды. ҚОҚМ бұған қоса, қоршаған ортаның сапасы жөніндегі кеңестік стандарттарға реформа жасауды жоспарлады. Бұл олардың орындалуын күшейту және сақталу ісін алға жылжыту мақсатында керек болды. Реформа игі қадам болғанымен, әр кезде жан-жақты мақұлдана қойған жоқ. Мәселен ауыл шаруашылығы министрлігінің су қорлары жөніндегі комитеті жақында, жер беті суларының сапасына әсер ететін «теріс ықпалды әрекеттердің жоғарғы шегі» туралы нормаларды енгізді. Мұның өзі судың сапасы жөніндегі европалық топтастыру (классификация) мен ескі ЖБКШ (жол берілетін концентрация шегінің) қалыптарын тоғыстыру сияқты әсер қалдырады. Бірақ ол судың сапасын сақтау жөніндегі мақсаттар мен нормаларды тәуекелді менеджментке негізделген экологиялық жоспарлаудың өзіндік құралына айналдыра алмады. Жаңа *Экологиялық Кодекс* қоршаған ортаның сапасы жөніндегі мақсат міндеттер ұғымын енгізе отырып, осындай өзгерістерді ұсынады. Дегенмен бұл ретте жаңа кодекстің баптары іске асырылуы керек.

Рұқсат беру шарттарының ауқымында жақсару байқалуына қарамастан, көптеген нысандар, оның шарттарында қорғаныстың қажетті деңгейі қамтамасыз етілмеген деп санайды. Атап айтқанда пайдаланудан (эксплуатация) шығаруға байланысты талаптардың жоқтығы проблемалар туғызуда. Осы тұрғыда ластанудан тазарту жұмыстарын атқармай-ақ елден кетіп қалуы ықтимал шетелдік инвесторлар тарапында күдік туындайды. Осындай оқиғалардың болғанын растайтын айғақ жоқ болса да, осындай күдіктің қала беруі, өз тарихында қоршаған ортаның ластануын бастан кешірген ел үшін түсінікті жайт.

Кәсіпорындарға өздерінің экологиялық іс-тәжірибесін экономикалық циклдармен ұштастыруға, осы арқылы экологиялық инвестицияларға қол жеткізуге болатын жағдай тудыруға қажетті талаптардың бірсыпырасын енгізу жақында ғана басталды. Осындай іс-тәжірибенің жоқтығы қиын жағдайға әкеп соқтырған бір оқиға болды. 2005-жылы ҚР үкіметі, 2004-ші жылғы желтоқсанда қабылданған заңның баптары сақталмағанын алға тартып, мұнай өндіруші «PetroKazakhstan» компаниясына ілеспе газды жағуды тоқтату жөнінде талап қойды. Нәтижесінде компания өндірісті доғарып, елдің рыногынан кетуге шешім қабылдады. Бұдан соң басқа компаниялар осы істе қосымша уақыт беру туралы келісімге келе бастады.

2.4 Сәйкестікті ілгерілету

Қазіргі уақытта елде сәйкестікті әрі қарай дамытудың кешенді бағдарламасы жоқ. Дегенмен бұл механизмнің әртүрлі тармақтары пайдаға асып жатқаны байқалады. Ең әуелі қоршаған ортаны қорғау орындары реттелетін қауымдастыққа әртүрлі мәлімет береді. Мәселен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңдардың барлығы ҚОҚМ-нің интернет ұяшығында орналастырылған. Реттелетін қауымдастық кейбір техникалық нұсқаулықты ала алады, ал инспекторлар сайттарды қарап шығу кезінде ондағы деректемені заңға енгізілген өзгертулер туралы деректермен толықтырып отырады.

2005 жылы, ЭБК ірі кәсіпорындардың талаптарды мүлтіксіз орындауы сарапталып отыратын және оның нәтижесі 5 категория бойынша бағаланатын жаңа әдісті күшіне енгізді. Бұл әдіс басқа да дамушы елдерде кәдеге жарап жатқан, мәселен Қытайдағы «жасыл сақшы» және Индонезиядағы «PROPER» сияқты рейтингтердің жүйесіне негізделген. Дегенмен осы

әдіснаманың сыңаржақтылығы бұл схемадан инсекторлар ғана емес, кәсіпорындардың да сырт айналуына алып келді. Қазіргі уақытта бұл әдіснама қайта қаралуда. Жалпы алғанда лауазымды орындар «реттелетін қауымдастықтар арасындағы экологиялық жауапкершілікті сезіне жұмыс істеу» сияқты мақсатқа жету үшін қолға алған тетіктер әзірге өте шектелген күйінде және дамытуды қажет етеді.



Екібастұз ГРЭС-2

Осы уақытта МЕҰ, кәсіпорындардағы оқытып-үйретуге және мейілінше таза өндіріске қарай бет алу үрдісіне тартылуда. Мәселен, Алматыда тұрақты өндіріс және тұтыну Орталығы жұмыс істейді. Европалық Одақтың ТАСИС бағдарламасы шеңберінде анағұрлым таза өндірісті тұрмысқа ендіру үшін потенциалды дамыту ісінде техникалық көмек көрсетілді. Сондай-ақ таза өндірісті қалай басқару керектігі нұқсаулығы құрастырылған. Алматы мақтамата комбинатында, Тентек электр станциясында және «Жігер» сүт зауытында 3 аудит жүргізілді.

Экологияға негізделген басқару жүйесін қабылдауға келгенде кәсіпорындар қызығушылығы артып отыр. 2007-ші жылы қыркүйектегі жағдай бойынша, Қазақстанның 241 кәсіпорны ISO 14 000 сертификатына ие. Ондайлардың көбі Алматыда (175 кәсіпорын сертификатталған). Бұл назар аударатындай көрсеткіш, өйткені ISO 14 000 тек 2005-ші жылы ғана енгізілген. Соған қарамастан, елдің барлық 2 мың кәсіпорнын қамтып, осы тізімді жалғастыра түсу үшін әлі қыруар іс тындыруға тура келеді. ISO стандарттарына көшуді ынталандыруға жағдай туғызу мақсатында, мемлекет сертификат алған кәсіпорындар үшін қоршаған ортаны ластағанына қарай алынатын төлемдерді жеңілдетті. (5-ші тарауды қараңыз)

Орнықты даму жөніндегі Қазақстандық бизнес-кеңес (ОДҚБК) 2003-ші жылы құрылды. Ол басқалармен қатар, өндірісті «жасылдандыру» процесінде маңызды қозғаушы күштердің бірі саналады. Корпоративті жауапкершілікті дамытуды белсенді түрде алға тартып келе жатқандар арасында Қазақстан-Канада бизнес қауымдастығы, Қазақстандағы Европалық бизнес қауымдастығы және Қазақстандағы Америка сауда палатасы бар.

2.5 Сәйкестік мониторингі

Сәйкестік мониторингі әртүрлі 3 жолмен: (а) реттелетін қауымдастық өзі жүргізетін және есебін кейініректе жариялайтын өзіндік мониторинг; (b) құзырлы орындардың тексеруі; және (c) жұртшылықтан түсетін шағымдар мен басқа да шаралар арқылы іске асады. Мониторинг жүргізгенде бұдан өзге қосымша екі әдісті қолданады: (а) міндетті экологиялық аудит, және (b) сыртқы мониторинг. Ұлттық заңдарға енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкес, бұл механизмдердің барлығын қолдану-зандылық тұғырын нығайта түседі.

2.1 Ендіріме: Тұрақты даму жөніндегі Қазақстандық бизнес-кеңес (ТДҚБ)

ОДҚБ өндірістік кәсіпорындар, ҚОҚМ және донорлар қауымдастығының бірлескен бастамасы нәтижесінде құрылды. Өнеркәсіп өкілдерінің қатарына Евразиялық өндіріс ассоциациясы, Қазмұнайгаз, Қазцинк, Ақтөбедегі хром қоспалары заводы, Қазақмыс, Соколов-Сарыбай тау-кен байыту комбинаты, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг, АЭС Екібастұз, Тенгизшевройл және «Қазақстан алюминийі» кіреді. Бұл кеңестің қызметі экологиялық заңдылықты дамытып оны іске асыру, сондай-ақ, сәйкес жаңа жобалары, заң күші бар актілер және саяси құжаттарға байланысты талдау өткізіп, кері байланысты қамтамасыз ету 2003–2006 жж. ОДҚБ елдің экологиялық заңдарының сақталу проблемасы жөнінде бірнеше семинар ұйымдастырды. ОДҚБ Экологиялық Кодексті жасап-жетілдіруде белсенді рөл атқарды. 2007 жылғы наурызда ҚР Үкіметі мен іскер топтар ҚОҚМ мен тұрақты даму жөніндегі Ұлттық Кеңестің (ТДҰК) қолдауымен ұйымдастырылған бизнес-форумда бас қосты. Мұның өзі жасампаз диалог үшін және тәжірибе алмасу үшін тұғырнама мен бастама болды. ОДҚБ сондай-ақ өзінің мүшелері үшін оқу-үйретуді ұйымдастырады және ұлттық және халықаралық деңгейлерде бірлескен жұмысқа әрқашан қолдау көрсетеді.

Экологиялық мониторинг және кәсіпорындардың есеп беруі

Экологиялық өзіндік мониторинг пен кәсіпорындардың есеп беруі ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарда бұрыннан бері қалыптасқан. Мониторинг бағдарламаларының көпшілігі осыдан 3-5 жыл бұрын қолға алынса да, байырғы кәсіпорындардың кейбірінде ондай бағдарлама 1970-ші жылдардың ортасынан бері бар. *Экологиялық кодекстің* қабылдануымен, өзіндік мониторингтың заңдық негізі қалыптасты. Оған халықаралық іс-тәжірибенің көптеген элементтері, мәселен, ірі кәсіпорындар үшін, ШЖОК және тек таза өндіріспен айналысатын кәсіпорындар үшін түрлендірілген мониторинг ауқымы енгізілді. Мұның сыртында, әкімшілік және Қылмыстық кодекстерінде бұрмалаушылық пен салақтықты азайтуға бағытталған ережелер бар.


Реттелетін қауымдастық (іс жүзінде ең ірі кәсіпорындар) барлық орталар үшін мониторингтің жекелеген бағдарламаларын қалыптастыру және оларды құзырлы органдардың бекітілуіне тапсыруға жауапты. Кәсіпорындар осы бағдарламаларды іске асыруға жауапкершілікті (және шығындарды) көтереді. Сондай-ақ керекті білім мен тәжірибе, құрал-жабдық пен сараптамалық құралдарды қамтамасыз етуі міндетті. Кейбір ретте мұндай қызмет мердігерлік негізінде іске асады.

Өзіндік мониторингтің нәтижелері тұрақты (статистикалық) есептер түрінде және де, төтенше жағдай немесе апат бола қалған жағдайда шұғыл түрде құзырлы орындарға тапсырылып отырады. Кәсіпорындар ауа, су және зиянды (улы) қалдықтар жөнінде үлгі бойынша статистикалық есеп беріп отырулары қажет. Олардың өзі кеңес заманынан қалған есеп үлгілеріне негізделген. Ауаның тазалығын қорғау жөніндегі есеп статистика (санақ) агенттігіне жолданады. Су туралы есеп бассейндерді басқару құзыры бар ұйымдарға да ұсынылады. Кәсіпорындардың статистикалық есеп беру міндеттілігі толық жария етуге жатпайды және жұртшылық осы турасында тек жалпылама мәліметтермен таныса алады. барлық іскер адамдар (тіпті ең ұсақтары да) осындай есептерді дайындап, оларды ҚОҚАБ-ның бекітуін сұрауы керек және оларды салық төлеу жөніндегі тоқсандық есептермен қоса, салық органдарына жолдауы қажет.

Экологиялық Кодекс кәсіпорындардың мониторингін жетілдіруге себеп болса да мұндай жүйенің тиімділігіне бірқатар проблемалар кедергі болып отыр. Реттеу шеңберіндегі кейбір тұстар, оның ішінде негізгі ұғымдардың көмескі анықтамасы мен 2-ші сатыдағы заңдылықтың дамымауы сияқты түйткілдер шешімін таппай қалуда. Әдетте құзырлы орындар кәсіпорындардан келетін шығынды немесе пайданы есепке алмай, барынша көп өлшемдер бойынша мониторинг жүргізуін қажет деп санайды. Есеп берудің өзі тармақталып кеткен, күрделі сипатта болып отыр. осы екі арада құзырлы органдарда жиналған деректерді бақылауға алып, немесе сұрыптап отыратындай тиісті құралдар болмай отыр. деректердің сапасы да күдік тудырады немесе мемлекеттік сараптаушы зертханалар мен кәсіпорындар зертханалары жүргізген өлшем-пішімдер арасында айырмашылық болатын кездері ұшырасып жатады. Мұндай олқылық өлшемдердің сапасы нашар болуы және деректерді бұрмалаудан

шығып отырған көрінеді. Зертханалық талдаулар сапасының проблемасы қарама-қайшылыққа себеп болып, кей ретте мәселе соттарда шешілетін жағдайға алып келетіні сирек емес.

2.3 Сурет: Экологиялық өзіндік есептілік аясындағы ақпарат ағындары



Дерек көзі: ЭЫДҰ, 2004, жаңартылған 2007.

Тексерулер

Мемлекеттік органдар жүргізіп отыратын тексерулер сәйкестікті қамтамасыз етудің кез-келген бағдарламасының негізі болып саналады. Сәйкестік мониторингтің бұл түрі аса зәру және дәлме-дәл мағлұматтар алуға көмектеседі. Қазақстанда тексерулер тәртібі 2007-жылғы *экологиялық кодекс* пен 2006-жылғы 31-ші қаңтардағы №124-ші, *Жеке кәсіпкерлік туралы заңмен* реттеледі. Бұл осы жүйені барынша ашық ете түседі және жемқорлықтың алдын алуға көмектеседі. Заңдылық шеңберлері инспекторларға бірқатар өкілеттіктер береді. Дегенмен олар сәйкессіздіктің барлық түрлерін анықтау үшін жеткіліксіз. (мәселен, жоспарланған тексерулер жылына бір нысанды ғана тексерумен шектеледі. Жұртшылықтың, БАҚ қоғамдық айыптаушылардың, облыстық билік өкілдерінің немесе Парламент мүшелерінің өтініштері бойынша бұдан басқа да арнаулы тексерулер жүргізілуі мүмкін.

Жыл сайын және жарты жыл сайын өткізілетін тексерудің кестесі жасалады. Ең ірі кәсіпорындар жыл сайын, ШЖОК орта есеппен 2-3 жылда бір мәрте тексеруге ұшырайды. 2006-шы жылы барлығы 15 000 тексеру өткен. Тексерілетін орынды белгілеуді облыстық бас инспектор мақұлдауы және ол тексеру алдын-ала БП-да тіркелуі шарт. Инспекторлар белгілі бір орынды тексермес бұрын ұзақ уақыт рәсімдеуден өтеді: кейбір деректерге қарағанда, бұл процедура жұмыс уақытының 10 пайызын алады.

Тексерулер кешенді түрде жүргізіледі немесе тек бір ортаның ғана ахуалы тексерілуі мүмкін. Кешенді тексеріс ең көп тарағаны. Инспекторлар тексерілер орынға бармас бұрын, сәйкестіктің бұрынғы жағдайы мен барлық рұқсат қағаздары жөнінде шолу жасап алады. Тексерілетін учаске немесе орын туралы жеке бақылау ақпаратізімін (ведомость) жасау да инспектордың мойнында. Реттелетін қауымдастық учаскенің тексерілетіні турасында 10 күн бұрын хабардар болады. Кейбір сарапшылардың әсіресе, ҰЕҰ өкілдерінің пікірі бойынша көптеген кәсіпорындар осы уақытты өздерінің заңға қайшы әрекеттерін жасыру үшін пайдаланады.

Орындарды тексеру мерзімі әрқилы. ШЖОК-арды тексеру 1-2 күннің ішінде жүргізілсе, ірі кәсіпорындарды тексеруге бір айға жуық уақыт жұмсалуды мүмкін. Кейбір кәсіпорындарда тексеріс қайталап жүргізілуі ықтимал. Бұл сол орында болған соң қайта тексерудің қажеттілігі туындаған жағдайда іске асырылады.

Учаскелерді тексеруге келген инспекторлар экологиялық құжаттардың қаншалықты дұрыс және сәйкес екеніне көз жеткізіп, қоршаған ортаны қорғау шараларын бағалауы, құрал-жабдықтың жай-күйі мен қоршаған ортаны ластаған болса, ол үшін төлемдердің қаншалықты дұрыс жүргізілгенін анықтауы шарт. Іс жүзінде көптеген инспекторлар тек қажетті құжаттаманы шолып өтумен және мұржаларға орнатылған аспаптарды тексерумен ғана шектеледі. Өндіріс процестері мен экологиялық көрсеткіштерді бағалау мүмкіндіктері кейбір факторлардың әсеріне: өндіріс процестерін жетік білмеу, істегі тәжірибенің жетіспеуі, мониторинг жүргізетін құрал-жабдықтың саны жағынан шектелуі болуы салдарынан өте төмен. Орынға әрбір сапардан соң инспекторлар өздері байқаған ереже бұзушылықты, орындалмай қалған заңдық талаптар, сәйкессіздіктердің себептері мен олқылықтарды қалай түзету жөнінде жасалған ескертулерді тіркеп, жазып алып жүрулері шарт.

Шағымдар мен сұрау салулар

Экологиялық инспекторлар экологиялық сәйкессіздіктер туралы жұртшылықтың арыз-шағымдары мен басқа органдардың (мәселен Парламент немесе БП) сұрау салуларына назар аударулары керек. Мұндай шағымдар турасында нақтылы санақ мәліметі жоқ, дегенмен ЭБК пікірінше, учаскелерді тексерудің 30 пайызына жуығы (бұл да облысына байланысты) осындай шағымдар мен сұрау салулар нәтижесінде жүргізілетін болып шықты.

Міндетті экологиялық аудиттер

2005 жылы заңнамалық база өзгерді. Бұл экологиялық міндетті аудитті енгізу үшін қажет болды. Заң бойынша экологиялық аудит белгілі бір жағдайларда, мәселен компания қайта құрылған немесе банкротқа ұшыраған жағдайларда керек. Дегенмен осы әдістің іс жүзінде қолданылып жатқанына күмән бар.

2.6 Сәйкессіздікке шара қолдану

ЭБК деректеріне сәйкес, 2006-шы жылы 13 000-нан астам экологиялық заң бұзушылық тіркелген. Қазақстанда осындай заң бұзушылыққа қандай шаралар қолданылуы қажеттігі азаматтық әкімшілік және қылмыстық заңдарда жазылған. Заңды орындау пирамидасының жоғарғы шегіндегі санкциялардың өзі заң бұзушылықтың қайталануына мықты тосқауыл бола алады. мәселен қоршаған ортаға қарсы қылмыстар үшін 8 жылға дейін, ал экоцид(экожүйелер мен табиғат қорларын қасақана жою) үшін 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы кесіледі.

Азаматтық кодекс қоршаған ортаға келтірген зиян үшін өтемақы төлеу қажет болған кезде қолданылады. Мөлшерін инспекторлар белгілейтін мұндай өтемақылар өз еркімен төленеді немесе экономикалық соттар арқылы өндіріп алынады. Мәселен 2005-ші жылы ЭБК нұқсан келтірілуіне байланысты 2431 іс бойынша 3,8 миллиард теңге(28,6 миллион АҚШ долларын) талап еткен. Олардың 3,5 миллиард теңгесі(26,3 миллион доллар) өз еркімен төленген айыппұлдар болғандықтан, 2094 істің жабылуына алып келді. Келтірілген шығындар үшін соттасу жолымен өтемақы өндіріп алу іс жүзінде қиын. Мұндай кездерде өтемақылардың 10-нан 25 пайызы ғана жиналады. өтемақылардың қаншалықты дұрыс тағайындалғаны да талас тудырып жатады, өйткені есептеу әдістерін өте сенімді деуге келмейді. Инспекторлар болса жазалаудың бұл әдісін тиімді деп санамайды өйткені көп жағдайда экологияға келген зардаптың орны тола бермейді. Реттелетін қауымдастыққа қоршаған ортаны қалпына келтіруді толық мойнына алу және оны қаржыландыру жөнінде талап қойылса, бұл экологиялық жағынан да, экономикалық жағынан да тиімдірек талап болар еді.

Экологиялық заңдылықты бұзғандарға қолданылуы мүмкін әкімшілік шаралар қатарына: (a) ескерту; (b) әкімшілік айыппұлдар; (c) лицензияны немесе рұқсатты кері қайтарып алу немесе әрекетін тоқтатып қою; (d) қылмыс жасауға қолданылған немесе қылмыс нәтижесінде қол жеткен мүлікті тәркілеу; (e) айрықша құқықтарынан айыру; (f) еңбек әрекетін тоқтату немесе тиым салу; және (g) заңсыз салынған ғимараттарды бұзып тастау кіреді. Жазалау шараларының алғашқы үш түрін инспекторлар белгілдейі, ал қалған 4 түрі 2005 жылы құрылған әкімшілік соттардың сот істері арқылы заңды күшіне енеді.

Іс жүзінде осы санкциялардың тек шектеулі түрлері ғана қолданылады. Ең көп таралған санкция әкімшілік айыппұл салуға келіп саяды. Дегенмен көп ретте, айыппұлдар реттелетін қауымдастықтың тірлігіне ықпал етуде тиімсіз шара саналады. Бұл түйткілді шешу үшін ҚОҚМ өзінің заңдылықты сақталуын бақылау жөніндегі бөліміне лицензия-рұқсаттардың күшін тоқтатып қою немесе еңбек әрекетіне уақытша тиым салу сияқты тетіктерді қолдануға кеңес берді. Аталған санкциялардың қаржылай нәтижесі мен іс-әрекетке ықпалы зор болды. Сәйкессіздікке жауаптың осы стратегиясы бойынша 2006-шы жылы еңбек әрекетіне тиым салу 2002 жылмен салыстырғанда 2 есеге өсті. Бір ғажабы, аталған уақыт аралығында айыппұл жинау 10 есе өскен. Қоршаған ортаны ластағаны үшін түсімдер мен ақшалай айыппұлдар жинауға келгенде, ондағы жауапкершілік алаңдаушылық туғызады, өйткені көптеген инспекторлар мен басшы қызметтегілер алғашқы орынға қаржылық масқаттарды қояды. Әкімшілік сәйкессіздіктерге қатысты шешімдер 15 күн ішінде қабылдануы керек. Бұл мерзім бір айға дейін созылуы мүмкін. Он күн арасында шағым беруге болады. Айыппұлдар 30 күн ішінде төленуі шарт. Басқаша жағдайда төлем әкімшілік соттар арқылы өндіріп алынады. Бұл жерде әкімшілік шешімді іске асырғаны үшін қосымша төлем қарастырылмаған.

Инспекторлардың әкімшілік санкцияларды қолдану өкілеттілігі шектелгеніне қарамастан, *Әкімшілік заң бұзушылық туралы Кодексте* айыппұлдардың тек жоғарғы және төменгі шектері белгіленгеніне байланысты өзінбілемдікке жол беріліп қоюы мүмкін. Мұнымен қатар Кодекс айыппұлдар салу хұқығын лауазымды тұлғаның шенімен байланыстырып қойған. Инспектор жеке тұлғаға 10 айлық көрсеткіш мөлшерінде, өкілетті тұлғаға 25, ал заңдық тұлғаға 150 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салуға хұқылы. (1 айлық есептік көрсеткіш 2006 жылы 1093 теңге болды) Ал бас инспектор жеке тұлғаға 50 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, өкілетті тұлғаға 150, ал заңдық тұлғаға 1000 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салуға хұқылы. Айыппұлдар жинаудан заңсыз пайда көру ықтималдығын зерттеп отыратын сараптамалық құралдар да жоқ. Осылайша қолданылып жүрген айыппұлдар салу санкциялары көп жағдайда теңгерілмеген...Өзінбілемдіктің бұдан да үлкен үлгісі еңбек әрекетіне тиым салу мақсатында сотқа шағым түсіруге байланысты шешімдерден көрініп қалып жатады. Осындай санкцияларды қолданудың нақты межелері (критерийлері) жоқ.

Экологиялық заң бұзушылықтардың тек 1 пайызы ғана қылмыстық жауапкершілік ретінде қарауға жатады екен (бұл табиғат қорғау және ластаумен байланысты қылмыстар бойынша орташа көрсеткіш; соңғы аталған өрескел заң бұзушылықтар олардың қылмыс екенін дәлелдеудің қиындығына байланысты сирек кездеседі). Экологиялық қылмыс түрлері *Қылмыстық Кодекстің* 11-ші бабында сипатталған. *Қылмыстық Кодекске* сәйкес, осындай қылмыстарға қарсы мынадай санкциялар: (a) айыппұлдар; (b) қызметінен айыру немесе белгілі бір еңбек түрімен айналысу хұқығынан айыру; (c) еңбекпен түзеуге салу; (d) жеке бас бостандығын шектеу; (e) қамауға алу; және (f) түрмеге жабу қолданылады. Қылмыстық істер бойынша мәжбүрлеу құқықтарын пайдалану істің тек сотта қаралуы арқылы іске асырылады. Қылмыстық істер азаматтардың шағымдары немесе құзырлы экологиялық яғни құқық қорғаушы ұйымдар ұсынған айғақтар негізінде қозғалады. Орта есеппен, экологиялық бақылау орындары қозғаған істердің 40 пайызына айыптау үкімі шығарылады. Қылмыстық Кодексте корпоративті жауапкершілік қарастырылмаған.

2.7 Нәтижелілік көрсеткіштерін басқару

Экологиялық сәйкестік пен орындауды бақылаудың 50-ден астам көрсеткіші Қазақстанда шартты түрде құрылымдық деп атауға келетін шеңберге жоспарлы негізде жиналады. Негізгі көрсеткіштер қатарына тексерулер саны, ереже бұзушылықтар саны, жиналған айыппұлдар саны, қылмыстық істер саны кіреді. Осы көрсеткіштің бірсыпырасы жыл сайын жарық көретін статистикалық мәліметтерде жарияланады. Сонда да сәйкестік пен талаптарды орындауды бақылаудың жалпы жүйесі сырттағы қатысушылар үшін түсініксіз болып қалуда. ЭБК мен ҚОҚМ алдында тұрақты есеп беру жүйесі бар. Жалпылама есептер әр ай сайын, кешендік есептер жарты жыл сайын және жылына 1 рет, тапсырылып отырады. Сондай-ақ ҚОҚМ алдында күн сайынғы ахуалды хабарлап отыру есебі тағы бар. бұл ішкі есеп беру жүйесінің жоғарғы деңгейін қамтамасыз етеді делінеді. Дегенмен ҚОҚАБ беріп отыратын мәліметтердің мол болуынан ұлттық деңгейдегі органдар үшін оларды сараптау, шешім қабылдау, әрі қолдану да қиын.


2.5 Кесте: Ереже сақтамауға іріктемелі шара қолдану (2002–2006 жылдар)

Сәйкессіздікке жауап қадамдары	2002	2003	2004	2005	2006
Қарекетіне тиым салынған кәсіпорындар	98	77	88	145	208
Айыппұлдар, млн. теңге	61	67	105	137	557
Зардаптың орнын толтыруға арыздану, млн теңге	454	1 895	2 042	3 758	4000*

Дерек көзі: Қазақстанның жыл сайынғы статистика басылымы, 2003–2006 және ҚОҚМ, 2007.

Ескерту : * шамамен алғанда.

2.4 Сурет: Экологиялық қылмыстардың 2002–2005 жылдардағы қылмыстық істерінің саны



Дерек көзі: Қазақстанның жыл сайынғы статистика басылымы, 2003–2006.

Жұмыстың нәтижесі көбіне, жүргізілген тексерулер, өндірілген айыппұлдар, немесе жабылып қалған өндірістер сияқты шаралармен өлшеніп жатады. Жұмыс сапасы, пайдаланылған қорлар немесе қол жеткен нәтиже (ең болмағанда аралық нәтиже) есепке алынып жататыны сирек. Жұмыстың көрсеткіштеріне құрылған басқарушылық жұмыс тиімділігі төмен деп саналғандарды жазалау үшін пайдаланылады. Бұл ретте тиімділіктің төмен болу себептерін жоюға әрекет жасала бермейді. Сонымен қатар ЭБК көрсеткіштерді шолу процесін енгізді және 2008-ші жылы табиғат қорғау әрекеттерінің нәтижесін дамытуы және сәйкестік деңгейін көтеруі тиіс жаңа жүйені қабылдауды жоспарлап отыр.

ҚОҚАБ саясатты іске асыру мен заңдарды орындауда кері байланысты қамтамасыз етіп жатса да, оның пайдасы шектеулі. Әр жыл сайын бағыт-бағдар (стратегия) саны мен заң шығарушылық белсенділік сияқты артып келеді. стратегия мен заңдар өткен тәжірибеге терең шолу жасалмастан қабылданып жатады. Мұның өзі сәтсіздіктердің түп-тамырын түсінуге себеп болмайтыны анық. Мұндай қадамдар саясатты қалыптастыру мен реттеуді тек «символдық» түрде сақтап қалады.

2.2 Ендіріме: Сәйкестілік пен орындалуды бақылау туралы әр айлық есептерде пайдаланылатын негізгі көрсеткіштер

- Тексерілген кәсіпорныдар саны;
- Сәйкестілік бұзылған оқиғалар саны;
- Жарлық етілген және орындалған әкімшілік бұйрықтар саны;
- Әкімшілік заң бұзушылықтар саны;
- Жауап ретіндегі әкімшілік шаралар, оның ішінде ауызша және жазбаша ескертулер және айыппұлдар саны;
- Өндірісті тоқтатып қою жөніндегі сотқа түсірілген шағымдар саны;
- Зардап үшін өтемақы төлеуді талап еткен арыздар саны;
- Жобаның қаржыландырылуын тоқтату туралы әкімшілік бұйрықтар саны;
- Рұқсат пен лицензияны тоқтатып қою туралы әкімшілік бұйрықтар саны;
- Табиғат қорларын пайдалану туралы келісімдерді бұзу жөнінде құзырлы органдарға жолданған талаптар саны;
- Қылмыстық істердің сотта қаралу саны.

Дерек көзі: ЭБК, 2007.

2.8 Қорытындылар мен ұсыныстар

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы белсенділіктің алғашқы шолуының нәтижелері дайындалған уақыттан бастап, ҚР Үкіметі маңызы бар реттеуші және институционалдық реформаларға серпін берді, мәселен, Экологиялық Кодекске ең үздік тәжірибе негізінде қалыптастырылған, селбестірілген шешімдер ұғымы, сондай-ақ, ірі және ұсақ кәсіпорындарды реттеуге келгенде дифференциалды қадамдар қажеттігі енгізілді. Тексеру органдары мен орындауды бақылаушы мекемелер мәртебесі жоғарылатылды, сонымен қатар, еңбек ету жағдайлары жақсартылып, дайындық деңгейі арттырылды. ҚР үкіметі кеңауқымды тексеру ісін қолдануды кеңейтті, кәсіпорндардың мониторинг жоспарын жақсартты, санкциялардың деңгейін көтеріп, заң бұзушылықтарды әлеуметтік жағынан айыптауды алға тартты. Бұдан өзге, мемлекеттік және мемлекеттік емес саналатын қайраткерлер заңдылық талаптары туралы білім өрісін кеңейтуге көмектесті. Мониторингтің институционалдық ауқымы құрылымдық және салалық реформалар есебінен жетілдірілді, сондай-ақ бөлінетін ресурс-мүмкіндіктер де арттырылды.

Осы аталған оң өзгерістерге қарамастан, көптеген проблемалар шешімін таппай қалды. Институттар әлуетін жеткіліксіздігін сезініп отыр. Реттеуші талаптар әрқашан айқын және шынайы бола бермейді. Сәйкестілікті қамтамасыз ету үшін қолданылатын «тексеру және жазалау» стратегиясы айтарлықтай өзгере қоймады, ал онымен байланысты жұмыс әдістері тек аздап қана жетілдірілді. Сәйкессіздіктерді дер кезінде анықтау төмен тұрғыда. Ал азаматтық, әкімшілік және қылмыстық заң қолдану жүйесі сол баяғысынша, сәйкестілікті қамтамасыз ету әрекетін жақсартуға емес, санкциялар қолдануға негізделіп қалуда. Аландаушылық тудыратын кейбір сұрақтар жауапсыз қалуда. Заң қолданудағы әділеттілік, тең қараушылық және ашықтық мәселелері ойдағыдай емес.

Осындай жағдайда институционалдық және реттеуші ауқымға және сәйкестікті қамтамасыз ету стратегиясына терең өзгерістер енгізу қажет, жетілдіруге мұқтаж салалар төменде атап өтіледі.

Институционалдық даму

Халықаралық өлшемдерге сәйкес, реттеу мен орындауды бақылаушы органдар өздерінің заңға сәйкес айқын белгіленген міндеттері бар жеке мекемелер(институттар) түрінде қалыптасуы керек. Сатылас бағынатын сипаттағы құрылымда заң қолданатын шешімдер қабылдау құқығы, мәселелер тиімді шешімін табуы мүмкін ең төменгі сатыларға дейін тапсырылуы ләзім. Ұлттық деңгейдегі органдар аймақтық бөлімшелерге, тұтастықты сақтап қалу, әлеуетті арттыру, әдіснамалық басқаруды қамтамасыз ету, қызметкерлерді оқып-үйрету, және қаржыландырудың сәйкес тетіктері мен жұмыс нәтижелерін саралау істерінде қолдау көрсетуі тиіс. Ішкі құрылым ұжымдық жұмыстың сапасы артуына көмек болуы керек және қызметі қоршаған ортаны қорғау саласында заң тәртібін қолдануға қатысы бар ұйымдар мен мекемелер арасында жұмыс бабындағы тиімді қарым-қатынас орнатылып, сақталып отыруы қажет. Оған қоса құзырлы органдар өздерінің қызметін тиімді атқаруы үшін тиісті қорлардың (адамдар, материалдық немесе қаржылық) бөлінуін талап ете алады. Шешуші фактор еңбек ресурстарының саны, әсіресе сапасы. Алайда ең білікті делінген мамандардың өзі жеткілікті дәрежедегі қаржыландырусыз және көмекші құралдарсыз өз міндеттерін атқара алмайды.

Қазақстанда бұл өлшемге әлі күнге қол жете қойған жоқ. Саясат қалыптастыру мен реттеу қызметтері бір-бірінен ажыратылған күйінде болғанымен, жаңа комитеттерге бюджеттік дербестік жетіспей тұр. Осы уақытта ҚОҚМ өзінің атқарушы бөлімшелері үшін айқын мақсат-міндеттерді белгілеп бермей отыр. сондай-ақ деңгейлес (біркелкі тең) және сатылас (жоғарыға бағынышты) құрылымдар бір-біріне кереғарлық етуде. Мұның өзінде ҚОҚАБ-ры ҚОҚМ-нің әртүрлі бақылау органдарына бағынышты. Мамандардың тұрақтамауы жұмыс жағдайының нашар екенін көрсетеді. Осылар ҚОҚМ мен оның бөлімшелерінде жұмыс істейтін мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби біліктілігін көтеруге мүрсат бермей отыр. ресурстарды бөліп беру соңғы бірнеше жылда өсіп отырғаны байқалған, реттеуші жұмыстың, міндет-жүгіне сәйкес келмейді.

2.1 Ұсыныс :

Қоршаған Ортаны Қорғау Министрлігі заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету үшін институционалды мүмкіндіктерді күшейтуді жалғастыруы керек. Атап айтқанда ;

- *Бюджеттік жоспарлауды жұмысты жоспарлаумен байланыстырып реттеу және тексеру ауқымына сәйкес бюджеттік қаржы бөлу;*
- *Қызметкерлерді жұмыста ұстау мен жоғарғы еңбек тиімділігіне қолдау көрсететін жағдайлар жасау.*

Стратегия мен құралдарды реформалау

Реттеу мен сәйкестілікті қамтамасыз ету-түпкі мақсат емес. Сайып келгенде, бұл қоршаған ортаны қорғау саласында сәйкестікке қол жеткізу және нәтижелерді арттыруға бағытталған құрал ғана. Мұндай жүйеде құзырлы органдар реттеуші талаптарды орнатып, өзінің стратегияларын, заңды орындау ерікті болатын және заң бұзушылыққа жол берілмейтін ретте қалыптастыруы керек. Жекелеген амалдарды немесе олардың үйлесімін қолдану, реттелетін әрбір қауымдастықтың өзіндік ерекшелігіне, атап айтқанда, сәйкестілікке келгенде олардың тарихы қандай болғанымен байланысты. Реттелетін қауым тарапындағы тексеру қадамдары әділ, дәйекті, сондай-ақ ашық және қалыпқа сай болуы керек. Құзырлы билік орындары табиғат қорғау заңдарын сақтауды тиімді және әділ түрде қамтамасыз ету үшін, бейресми, әкімшілік, азаматтық және тіпті қылмыстық саладағы заңдық құралдарға толықтай қол жеткізуі керек. Заңдық қорғаныстың қолда бар амалдарының қайсыбірін қолдану қажеттігіне таңдау жасау, әр жағдайға сәйкес ережелермен белгіленуі тиіс.

Қазақстанның құқықтық жүйесіне жақында енгізілген өзгерістер реттеуші қадамдардың реформасына серпін берді. Маңыздысы сол, реттелетін қауымдастыққа әртүрлі қадам жасау мүмкін болды. Реформалар қарқыны мен олардың нәтижелері әлі де дамуды қажет ететін өзгерістерді тізгіндеуге тәуелді болмақ. Мәселен, кешенді шешімдерді тікелей іс жүзіне асыру

өндіріс процестерін және жобалардың экономикалық бағасын жете біле бермеушіліктен туындайды. Бұдан өзге, кешенді рұқсаттардың процедуралық қырлары мен мазмұндары әлі нақтылауды қажет етеді. Осымен бір мезгілде ШЖОК-ды реттеу ісін оңайлату, әрқайсысы жеке сектор үшін қабылдануы тиіс, бірақ міндетті түрде орындалуы қажетті заңдық ережелердің жоқтығынан кейінге қалдырылып келеді. халықтың реттеуші талаптарды қабылдауға үлес қосуына да көңіл бөлінбей келеді, ашық түрдегі тыңдаулар экологиялық және қаржылық тәуекелдерді басқарудың бір тетігі емес, процедуралық артық жүк сияқты қабылдануда.

Инспекциялау іс-тәжірибесін жетілдіруге арналған күш салуға және тәуекелге негізделген амалдарды басшылыққа алуға қарамастан, негізгі талаптарға сәйкессіздікті анықтап алу ықтималдығы, мәселен, ЛЖШ сияқты, төмен болып қалуда. Бұл біршама дәрежеде процедуралық кемшіліктерден келіп шығады (мәселен, инспекциялардың жиілігіне шектеу қою немесе жұмыс учаскесін тексеретіні турасында 2 апта бұрын хабарлау), сондай-ақ ол ұжымның дайындығы жеткіліксіз болуымен және процедураларды орындаудың дәстүрлі жолын бұлжытпай ұстануға (мәселен, рұқсаттың күшінде болуы, есеп беруді өз уақытында тапсыру және қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдерді дер кезінде төлеп тұру) байланысты. Бірқатар секторларда экологиялық өлшем-критерийлерінің болмауы-процедураларды сақтауға шектен тыс көңіл бөлінуінің тағы бір айғағы. Сондай-ақ, реттелетін қоғамдастық ұсынатын есептердің жақсартылған талдауы арқылы сәйкестікті айқындау мүмкіндіктерінің лайықты түрде қаралатыны екіталай.

Сәйкессіздікке қарсы жауап ретіндегі шаралардың арасында айыппұлдар басым түр. Әкімшілік Кодексте бекітілген жалпы ұстанымдарды сақтауға қарамастан, айыппұлдардың неге сүйеніп есептелетіні анықталмай отыр. жауапкершіліктен босатудың ұзақ мерзімінен кейін ірі көлемдегі айыппұлдарды күрт қолдану экологиялық заңдылықтың сақталуына бақылаушы мекемелер тарапынан сенімсіздік тудырады. Жалпы алғанда, сәйкессіздіктерге қолданылатын шаралардың стратегиясы негізінен қаржылай мақсаттарды көздегендіктен іске қосылады.

2.2 Ұсыныс:

Реттелетін қауымдастықта экологиялық қарекет тиімділігін арттыру және заңдылықты сақтауға ықпал ету үшін Қоршаған Ортаны қорғау Министрлігі, шектелген мүмкіндіктерді есепке ала отырып, ҚОӘБ пен мемлекеттік экологиялық сараптаманың процедураларын және заңдылықты сақтауды қамтамасыз ету құралдарын реформалауы тиіс. Бұл ретте ҚОҚМ үшін мыналар қажет:

- *Орта және шағын ауқымдағы белгілі бір жобалар үшін ҚОӘБ пен мемлекеттік экологиялық сараптама процедураларын оңайлату және қысқарту;*
- *Ең үздік халықаралық тәжірибеге толық сәйкестікті сақтай отырып, ірі кәсіпорындарға берілетін кешенді рұқсаттар процедурасына көшу мен жақында ойластырылған ережелерді ендіру және ірі компаниялар үшін экологиялық рұқсаттарды қалыптастыруды жалғастыру;*
- *Пайдаланудан шығару шарттарын экологиялық рұқсат беру аясына көшіру;*
- *Заңдылықтың сақталмауын анықтау ықтималдығын арттыру үшін тексерулердің жиілігіне қойылған шектеуді алып тастау (бұл транспаренттілікті күшейте түсумен бірге қолға алынуы керек) және басты назар заңдылықты оқтын-оқтын бұзатын ірі ластаушылар мен компанияларға аударылатын, тәуекелге негізделген тексеру әдісіне қарай қадамдарды жалғастыру, сондай-ақ қажет болған жағдайда ескертілмеген тексеру жүргізу;*
- *Тексерулер жүргізу әдістерін жетілдіре түсу және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қарекет нәтижелеріне, оның ішінде, құрал-жабдықтың техникалық жай-күйіне көңіл бөлу;*
- *Әкімшілік есеп беру ауыртпалығын азайту және шешім қабылдау үшін кәсіпорындардың есептеріндегі мағұматтарды пайдалануда ҚОҚМ әлеуетін нығайта түсу;*
- *Ақшалай айыппұлдарды тоқтаусыз сала берудің орнына экологиялық жауапкершілік режимінің құрамдас бөлігі ретінде экожүйелерді қалпына келтіру талаптарын енгізу;*
- *Айыппұлдардың көлемін бағалап отыру үшін ашықтықты қамтамасыз ететін компьютерлік құралдарды жасап шығару және пайдалану. әкімшілік заң бұзушылықтарға*

жауап ретінде, орындауды бақылау сатысында үкіметке сенімді арттыра түсетіндей етіп, санкциялардың жеңілінен ауырына көшу.

Қайтадан бағалау және түзету әрекеттері

Құзырлы орындарда, реттеушілік сәйкестікке қол жеткізу жолындағы табыстар туралы хабарлау, басқару және бағалап отыру үшін жекелеген көрсеткіштері болуы керек. Жұмыс нәтижелерін басқарып отыру жүйесі тек, әдеттегідей мониторинг үшін ғана емес, сондай-ақ барынша қолайлы амалдар мен стратегияны ойлап табу, үшін сондай-ақ жауапкершілік деңгейін көтеру үшін қажет.

Қазақстанның табиғат қорғау ұйымдары жұмыс нәтижелерін басқару жүйесін жетілдіруге күш салды. Дегенмен жақсару тек ішінара ғана көрініп, көп жағдайда ретту циклының жұмыс істеуін қамтамасыз етуші бірқатар ұйымдардан түгел емес, бірер ұйымдардан ғана байқалды. Басты проблемалардың бірі-жұмыс нәтижесі туралы мағлұматтардың тек сипаттама түрде ғана болуы, ал бұдан кейін оның шешім қабылдауға әлсіз бейімделгенінде жатыр. қалың жұртшылықтың қолы жыл сайын жаряиланып отыратын статистикалық мәліметтерге ғана жетеді. Ал онда сәйкестік және заң қолдану туралы ақпарат нәтижелерді елеп-екшеуге онша сәйкес келмейтін, қортынды көрсеткіштермен ғана шектеледі. Құзырлы орындардың жұмыс барысы туралы есептер жариялауға жатпайды.

2.3 Ұсыныс:

Экологиялық реттеудің барлық циклында қамтылған мекемелер қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ету үшін Қоршаған Ортаны Қорғау Министрлігі, Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігімен, Бас Прокуратурамен және басқа да әріптестерімен бірлесе отырып, қарекет нәтижелерін басқару жүйесін жақсартуы тиіс. Бұл үшін ҚОҚМ мыналарды қолға алуы керек:

- *Заңдылықты сақтау және сәйкестіктің көрсеткіштерін реттеуші циклды уақытында қайта қарап, тек ең оңтайлы көрсеткіштерді ғана сақтап қалу.*
- *Заңдылықты сақтау және сәйкестік жөніндегі деректерді бір ізге салып, бір қалыпқа түсіру;*
- *Шешім қабылдау процесін көрсету үшін заңдылықты сақтау және сәйкестік жөніндегі деректерге сәйкес нысанда талдау жасау;*
- *Деректерді басқару жүйесін пайдаланушылар үшін оның барынша толыққанды, дәлме-дәл және ыңғайлы жүйесін қалыптастыру және рұқсаттар мен инспекциялар туралы хабарланып тұратын, жалпы жұртшылық қол жеткізе алатындай жүйеде деректер базасын қалыптастыру.*
- *Экологиялық реттеу мен заңдылықты орындауды қамтамасыз етуге қатысы бар барлық ұйымдар тапсыратын, атқарылған жұмыс туралы есептерді жариялап отыру.*

3 Тарау

АҚПАРАТ, ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ҚАТЫСУЫ ЖӘНЕ БІЛІМ

3.1 Кіріспе

Қазақстанда 2000 ж. өткізілген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызмет нәтижелерінің бірінші Шолуы (ҚОҚҚНШ) ҚР экологиялық ақпараттылық табиғатты қолдануды басқару тізбегіндегі аса әлсіз орта болып отыр. Қоршаған ортаның қалпын қадағалау жұмысы 1997 жылдан бастап өз жұмысын тоқтатты. Қолда қандай ақпарат бар екендігін анықтау аса күрделі мәселеге айналды, қажетті ақпаратқа қол жеткізудің де мүмкіндігі күрделене түсті. 2000 жылғы Шолуда Қазақстанға қоғамның барлық өкілдері мен субъектілерінің: мемлекеттік органдар, жұртшылық, ғылым қайраткерлері, бұқаралық ақпарат құралдары және үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) ынтымақтастығын талап ететін қалыптасқан өзекті мәселелердің шешімін тез арада табуы қажеттігі туралы айтылған.

Содан бері Қазақстанда қоршаған орта мониторингі мен ақпарат жүйесінің елдің экологиялық саясаты үшін түбегейлі өзгеруіне маңызды мәні бар екендігі туралы жоғары деңгейдегі түсінік қалыптасты. Экономиканың жалпы өсімі және, ішінара, аса ластаушы салалардың дамуы жағымсыз экологиялық жағдайлардың артуына алып келуі мүмкін. Осындай нәтижелердің алдын алу және оларды азайту үшін толық мәлімет және сапалы баға қажет, осы жайттарды іздестірумен қазіргі таңда мемлекеттік, облыстық және жергілікті деңгейдегі жауапты тұлғалар айналысып келеді. Түрлі аймақтарда адам денсаулығы мен экожүйеге кері әсерін тигізіп отырған жағдайлар көп байқалады. Басқа күшті санамағанда, осындай өзгерістерге себеп болып отырған қозғалушы күштердің, себеп-салдарлық байланыстары мен әрекеттесу шараларының тиімділік деңгейін қалыптастыру үшін жаңа да тиімді әдістер табу қажет.

Бірінші ҚОҚҚНШ жазылған уақыттан бастап, Қазақстан экологиялық ақпаратқа үлкен қолжетімді жағдай қалыптастыруға, әрі жұртшылықты шешім қабылдауға тартуға мүмкіндік алып, көптеген жетістіктерге жетті. Аса жетік ақпараттандырылған азаматтық қоғам билік пен ластаушы кәсіпорындарға қысым көрсете бастады, осылайша олар саясаткер, бизнесмен және өнеркәсіпшілердің назарын қоршаған ортаны жақсарту қажеттілігіне және соның нәтижесінде пайдаға қол жеткізуге болатындығына аударуға күш салды. Дегенмен, Қазақстан үшін белгілі бір экологиялық мақсаттық көрсеткіштерге, сондай-ақ қоршаған орта жағдайын уақтылы әрі қолжетімді бағалауды пайдалану мүмкіндігіне жетуі аса күрделі мәселе болып отыр.

3.2 Қоршаған ортаның мониторингі

«Қазгидромет» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны елдегі қоршаған ортаның қалпын бақылау жөніндегі басты ұйым болып есептеледі, сонымен бірге оның құрамында құрылымдық бөлімі - Қоршаған ортаның экологиялық мониторинг орталығы (ҚОЭМО) құрылған. Бұл орталық бақылау станциялары мен талдамалық зертханалар торабын басқарады, облыстар мен қалаларға арналған әдістемелік нұсқауын жасап шығарады, зерттеулер жүргізеді және экологиялық ақпараттар ағынын басқарады.

«Қазгидромет»/ ҚОЭМО 19 қалада орналасқан 22 талдамалық зертханадан құралған тораптың қызметін басқарады. Он зертханада ауа мен су сынамаларына; тоғызында – ауа сынамасына, екеуінде – ауа үстінің сынамалары және біреуінде – радиоактивтіліктің өлшеміне талдау жүргізіледі. Екі зертханадан басқасы арнайы аккредиттеуге ие болды. 2008 жылы соңғы екі зертханана да аккредиттеледі деп күтілуде. Зертханаларда жасалынған талдау жұмыстарының

қорытындысы Орталыққа жай немесе электронды пошта арқылы жөнелтіледі. Сынаманың шамамен 40% жуығы өз зертханасы жоқ компаниялардан түседі және экологиялық нормалардың сақталуын тексеру үшін мемлекеттік зертханамен келісімшарт орнатылған.

90-шы жылдардағы құлдыраудан кейін қоршаған орта мониторингі станциялары торабы қайта қалпына келтіріле бастады. Қаржыландыру жағдайының жақсаруына байланысты, 2000 ж. бастап мониторинг станциялары мен нүктелерінің саны көбейді (3.1 кесте). Мониторингтің мембюджеттен жыл сайын қаржыландырылуы («Қазгидромет»/ ҚОЭМО бюджетінің 70% құрайтын) жылына орта есеппен 2% артып отырады. Бүкіл артық үлесті қаржыландырудың басқа да көздерін, ішінара жекеше кәсіпорындар да құрайды.

Қазақстанда мониторингтің қолданыстағы ережелерінің талаптарына жауап беретін мониторинг станциялары торабының оңтайлы және тиімді беріктігін бағалауға бірде-бір жұмыс жүргізілмеген. Осының нәтижесінде қаржыландыруға қатысты басымдылықтары да белгіленген жоқ. Мембюджеттен қаржыландыруға қатысты түскен өтініштер «Қазгидромет»/ ҚОЭМО олардың аймақтық органдарынан түсетін өтініштерді іріктеу түрінде рәсімделеді. Мұның негізгі мақсаты қолданыс станцияларындағы ескірген құрал-жабдықтарды алмастыруға және өлшеулерді автоматтандыруға негізделеді. 2007 ж. мониторинг үшін қолданылып отырған құрал-жабдықтардың шамамен 30 % жаңартуға немесе алмастыруға мұқтаж болды.

3.1 Кесте: 2000–2007 жж. «Қазгидромет» қоршаған орта мониторингі торабын дамыту.

Торап	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2010 жоспарл ануда
Ауа сапасының мониторингі									
мониторинг өткізілетін қалалар	19	20	20	20	20	20	20	21	35
стационарлық бақылау посттары, с.і	44	43	46	47	47	47	47	50	73
автоматты									23
жылжымалы зертханалар						6	9	13	23
траншекаралық мониторинг	1	1	1	1	1	1	1	1	
Атмосфералық жауын-шашын мониторингі	28	32	40	40	41	41	41	42	53
Қар қабатының мониторингі			32	20	29	32	32	33	47
Жерүсті сулары күйінің мониторингі									
бақыланатын су айдындары	44	48	52	67	72	75	74	80	94
гидрохимиялық қақпақтар	80	133	157	168	174	188	180	190	мәлімет жоқ
Су мен ауа сапасының аялық мониторингі	1	1	1	1	1	1	1	1	2
Топырақ күйінің мониторингі									
топырағында ауыр металдардың болуына									
бақылау жүргізілетін қалалар				7	10	11	15	18	32
берік органикалық ластағыштардың болуына									
бақылау жүргізілетін қалалар									30
Радиациялық аяның мониторингі									
гамма-сәулелену күнделікті өлшейтін									мәлімет жоқ
посттар	49	48	77	69	66	66	67	78	және және
бета-радиоактивтіліктің жиынтығын есептеу үшін									
жауын-шашын сынамасына іріктеу жүрг-н									мәлімет жоқ
посттар	27	34	40	39	39	40	40	40	

Дереккөзі: «Қазгидромет». ЕЭК БҰҰ ОЭП тобына ақпараттық мәлімет және ЕЭК БҰҰ қоршаған орта мониторингі және бағалау жөніндегі Жұмыс тобына елдік баяндама жасау, 2007ж.

Соңғы жылдары жұмсалған күшке қарамастан, мониторингтік бақылау жұмыстары елеулі салаларды қамтымады, осыған сәйкес өлшеуіштердің сапасы сынамалардың сирек іріктелуі себебіне сәйкес үнемі күмән туғызады. Республиканың солтүстік өңірінде жалғыз ғана «Бурабай» аялық мониторинг станциясы орналасқан. Қосымша аялық өлшеу жұмыстарын

жүргізу үшін «Қазгидромет» 2010 ж. Қазақстанның оңтүстігіндегі атмосфера қалпының мониторингтік станциясын жаңалау мүмкіндігін қарастырып отыр.

Өлшеу нәтижелері бұрынғыдай қазіргі уақытта да қоршаған ауа, яғни басым көпшілігі тіпті бұрынғы кеңес одағы кезеңінде белгіленген су қоймалары мен топырақтағы ластаушы заттардың шекті-ықтимал концентрацияларымен (ШЫК) салыстырылады. Қазақстан егемендік алған уақыттан бастап қайта қарастыруға ұшырамады және мұнда қоршаған орта сапасы стандарттарының тізімі халықаралық норма талаптарымен сәйкестендірілмеді. Стандарттардың саны шамадан тыс көп; олар аса төмен ықтимал концентрациядағы мыңдаған ластағыш заттармен астасып жатыр.

Регламенттелген ластаушы заттардың шамадан тыс мөлшері мемлекеттік органдарға экологиялық талаптарды сақтаудағы мониторинг пен бақылауға қатысты орындалуы қиын міндеттер жүктейді. Біріншіден, Қазақстанның қоршаған орта сапасының кейбір нормалары қолда бар өлшегіш құралдардың өлшеу шегінен тыс жатыр. Екіншіден, кейбір стандарттар жекелеген заттардың белгілі бір географиялық облыстарды немесе қоршаған орта нысандарында (мысалы, су қоймаларында) табиғи жолмен пайда болу жолдарын мүлдем ескермейді. Үшіншіден, жай мониторинг қазір және келешекте ластаушы көрсеткіштердің тек шектеулі ғана жиынтығын қамти алады. Төртіншіден, қазақстандық нормалар өнеркәсіптік кәсіпорындардың осы нормаларды сақтауының техникалық (кейде тіпті экономикалық) мүмкіндіктерін ескермейді. Нәтижесінде мониторингтің қорытындысы түрлі деңгейдегі ПДК артуын үздіксіз хабарлап отырады. Тұтастай алғанда, экологиялық нормалардың қолданыстағы жүйесі тиімді экологиялық саясат құруға мүмкіндік бермейді және халықаралық озық тәжірибе бойынша қайта қарастыруды және келісуді қажет етеді.

Қазақстан БҰҰ ЕЭК қоршаған ортаны қорғау және мониторингтеу жөніндегі Жұмыс тобына белсенді түрде қатысады. Алайда ауаның ластануының адамның денсаулығына әсер етуі туралы бағдарламаны қоспағанда, Қазақстан ЕЭК БҰҰ ауаның ластануының әсерінің мониторингі және бағалауы жөніндегі Халықаралық біріккен бағдарламаларына (ХББ) өзі қатысушысы болып саналатын үлкен арақашықтықтағы ауаның трансшекаралық ластануы туралы Конвенциясының (ҰАТАЛК) шеңберінде қатыса алмайды. Бүгінгі таңда Қазақстан өзі әлі белсенді түрде қатысып көрмеген ауаны ластағыштардың ықпалын зерттеу жөніндегі ұлттық үйлестіру орталығын анықтауға байланысты Конвенцияның Атқарушы органының бірнеше ұсыныстарына назар аудармады. Бұл жағдай Республикадағы ауаның ластануының орман, су, өсімдік және материалдарға жағымсыз әсер етуі туралы қазақстандық білім қорын едәуір деңгейде әлсіретеді.

Мониторингтің негізгі тораптарының қалпы төменде сипатталған, сондай-ақ 3.1 картада берілді.

Ауа сапасының мониторингі

«Қазгидромет» қалалардың ауа сапасын стационарлық посттар арқылы да, жылжымалы зертханалар арқылы да бақылайды. Торап станцияларының орналастырылу тығыздығы мониторингтің мемлекеттік ережелерінің талаптарымен сәйкеспейді (50 – 100 мың қалалық тұрғындарға бір станциядан). Дегенмен бұл торап бүгінде (3.1 кес.қар) жаңаланып отыр. Мембюджеттік ассигнациялау 14 қаланың ауа сапасына бақылау жүргізуге мүмкіндік туғызады, осылайша 2010 жылға дейін стационарлық бақылау посттарының жалпы санын 46% арттырады. Әрбір үшінші станция келешекте автоматтандырылады.

Қалалардың басым көпшілігінде мониторинг бағдарламасы 4 ластағышты қамтиды: өлшенген бөлшектердің жиынтық мазмұны (ӨБЖМ), азот қос тотығы (NO₂), күкірт қос тотығы (SO₂), көміртегі тотығы (CO). Кейбір станцияларда қалдықтардың және қолданыстағы өнеркәсіптік күштерінің аймақтық және/немесе жергілікті ерекшеліктеріне байланысты қосымша ластағыш заттардың пайда болуы байқалуда (Өскеменде олардың 16 түрі бар екендігі анықталып отыр).

Стационарлық посттардың басым көпшілігінде өлшеулер қолмен жасалады. Қазақстанның 4 қаласында (Ақтөбе, Алматы, Астана және Қарағанды) мұндай өлшеулерді шешу күніне төрт рет ауыстырылады, бұл мониторинг ережелерінің талаптарымен толық сәйкеседі. Басқа қалаларда, өлшеулерді шешу бағдарлама бойынша жартылай жүзеге асырылады (сынамаларды іріктеу күніне үш рет жасалады).

Қазақстанда халықаралық қауымдастықтың адамның денсаулығына және қоршаған орта үшін ең қауіпті деп танылған, ауада кездесетін, атап айтқанда: жерасты озоны (O_3), қатты бөлшектер (PM_{10} және $PM_{2.5}$), ауыр металдар, ұшқыш органикалық қоспалар (ҰОҚ) мен берік органикалық ластағыш (БОЛ) заттардың концентрациясын өлшеу жұмыстары жүргізілмейді.

Денсаулық сақтау Министрлігінің санитарлық-эпидемиологиялық қызметі уақыт өткен сайын тұрғын үй аудандары мен демалыс орындарындағы, ішінара магистраль, санитарлық-қорғау органдары мен тұрғын үй кварталдарына жақын демалыс орындары; қалалардағы мектеп, балабақша және емдеу мекемелеріндегі ауа күйіне бақылау жасап отырады. Бұған қоса, аталған қызмет тұрғындардың шағымдарын қабылдап, тұрғын үй аудандарындағы ауа сапасын өлшейді.

Қазақстандық ауаның ластануының мониторинг станциялары бірнеше дүркін тасталатын қалдықтардың жекелеген оқиғаларының салдарын толық шамада үнемі жеткізуге мүмкіндігі бола бермейді, жалпы алғанда, олар халықтың ауаның ластануына ұшырауының белгілі бір сипаттарын суреттеуге мүмкіндік беретін мәліметтерді ғана ұсынады. Дегенмен мәліметтердің түрлі жиынтықтар аралығындағы «тиімді-мөлшер» түріндегі интерпретациясы туралы мәліметтер берілмейді. Ауа сапасын бақылаудың қолданыстағы торабы ауаның ластану деңгейін, әзірше қалыптасқандай, қалдықтардың штаттық талапта жұмыс істеу барысындағы қалдықтар нормасын немесе ауа сапасы нормаларының арту себептеріне айналатын әрекеттерді анықтауға мүмкіндік беретін ерекшеліктерімен байланыстыруға қабілеті жоқ. ҚОҚМ және Денсаулық сақтау Министрлігі олардың жүргізіп отырған мониторингтік бағдарламаларымен келіспейді және үйлестірмейді.

Таяу уақытқа дейін «Бурабай» ауа қалпы мониторингінің жалғыз ғана трансшекаралық станциясында (3.1 сур.қар.) тек метеорологиялық параметрлерге ғана бақылау жасалынды. ЕЭК БҰҰ «Орталық Азиядағы ауа сапасын басқару және көмір жағудың таза технологиясын қолдану салаларындағы әлеуетін арттыру» жобасына қатысудың нәтижесінде, «Бурабай» станциясы 2007 жылы тұтастай реконструкцияланып, автоматтандырылды. Осы жайт ҰАТАЛК шеңберінде Еуропадағы ауаны ластағыштардың таратылуын бақылау және бағалаудың біріккен бағдарламасының талабына сәйкес өлшеу жұмыстарын бастауға мүмкіндік берді (ЕМЕП). Жекелеген жағдайда бұл Қазақстандағы PM_{10} өлшеуіштері мен жерасты озонның өткізілетін жалғыз станция болмақ. Қазіргі сәтте Қазақстан шекарасының тізбегінде (ұзақ уақытқа) ауа күйін мониторингтеу трансшекаралық станциясын орнату мәселесі жоспарланбаған.

Ішкі су айдындары қалпының мониторингі.

«Қазгидромет» 53 өзен, 8 көл, 11 су қоймалары, Каспийдің 3 каналындағы 183 су қақпағындағы судың гидрохимиялық сапасын мониторингтеуді бірге жүзеге асырады. Гидробиологиялық бақылаулар тоқсаныншы жылдары тоқтатылды әрі өз қалпына келтірілген жоқ. Қолданыстағы торап қырық параметр бойынша мәлімет береді және олардың химиялық құрамы мен қалқыңқы және органикалық заттардың бар-жоқтығын, негізгі ластаушы заттарды, ауыр металдар мен пестицидтерді анықтауға мүмкіндік береді. Сынамалар жылына бір рет қолмен 4-тен 12-ге дейін, яғни су айдындарының ластану категориясына байланысты алынады.

Су сапасын мониторингтеудің қолданыстағы ережелері бойынша талап етілетін пункт санымен салыстырғанда, бақылау пункттерінің саны аса төмен (3.1 карта). Бақылау пункттері тек үлкен

қалаларға жақын маңдағы ірі су айдындарына орналасқан. Жерүсті суларының шашыраңқы ластанулары мүлдем қадағаланбайды.



«Бурабай» табиғи ортасының аялық және трансшекаралық мониторингі станциясы

Ішкі жерүсті суларының күйін мониторингтеуді басқа мекемелер де жүргізеді. Мәселен, Су ресурстары жөніндегі Комитет трансшекаралық су ағыстары және су қақпалары, сумен қамту дереккөздерінің күйін бақылайды. Денсаулық сақтау Министрлігі ауыз су мен рекреациялық су айдындары: өзен, көл және су қоймаларындағы судың күйіне мониторинг жүргізеді. Жерүсті суларын мониторингтеуге тартылған мекемелер өз жұмыстарында өзара келісілген әдістемені қолданбайды. Кез келген үкіметтік орган өз бағдарламалық құралдары мен мәліметтер қорын пайдаланады. Нәтижесінде мониторингтің мәліметтері түрлі дереккөздер бойынша жеке-жеке бөлінеді және біріктіріліп қарастырылмайды.

Қазақстан трансшекарылық су ағыстарындағы су сапасын мониторингтеу саласындағы көршілес мемлекеттермен ынтымақтасуын жемісті дамытып келеді. Қытай және Ресей Федерациясымен жасалынған екіжақты келісімнің шеңберінде Қазақстан бірігіп қолданылатын өзендерді бақылаудың жаңа нүктесін анықтады немесе орнатты. Келісімшарт бойынша тараптар арасында жинақталған гидрологиялық және гидрохимиялық мәліметтермен алмасу және интеркалибрлеу жұмыстарымен алмасуда. Қазақстан Сырдария өзені суының сапасын мониторингтеу нәтижесінде алынған мәліметтерімен Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанмен Аралды құтқарудың Халықаралық қорының (АҚХК) гидрологиялық мәліметтерімен алмастырып отырады.

2007 жылы Қазақстан Қытаймен шекаралас жатқан Ертіс өзенінің су сапасын («экспресс-талдау») талдау зертханасын құру жұмыстарын қолға алды. Аталған зертхана таңдап алынған параметрлер бойынша судың сапасына тікелей бір орында-ақ тез арада талдау жасауға мүмкіндік береді. 2008 ж. тура осындай зертхананы Қытаймен шекаралас жатқан Іле өзеніне де құру жоспарланып отыр. Осыдан соң, Қазақстанның Қырғызстан, РФ және Өзбекстан ортақ су ағыстарындағы судың сапасын мониторингтеу зертханаларын құру жұмыстары жалғастығын табады деп тұжырымдалуда.

90-шы жылдары тоқтап қалған уақыттан бастап және 2000-шы жж. басында жерасты суларының мониторингі көлемді түрде біртіндеп қайта қалпына келтіріле бастады. 2003 ж. бақылаудың 770 жаңа пункті пайда болды және 2007 ж. олардың жалпы саны 5005 пунктке жетті. Бақылау торабына нысандағы 14 мердігерлік мекемелер мен Энергетика және минералдық ресурстар Министрлігінің геология және минералдық ресурстар Комитетінің қарамағындағы мемлекеттік (аймақтар) 5 кәсіпорын қолдау көрсетеді. Жерасты суларын бақылау пункттері ең алдымен жерасты сулары деңгейі (судың бар-жоқтығы) мен табиғи сулардың геохимиясын бағалауға қызмет етеді. Денсаулық сақтау министрлігінің санитарлық-эпидемиологиялық қызметі ауыз су қажеттілігіне қолданылатын жерасты суларына радиологиялық, бактериологиялық және кеңейтілген химиялық талдау жүргізуді іске асырады. Қазіргі таңда Республикадағы барлық ауыз судың 56% жерасты сулары құрайды. Қазақстанның

жүз су жеткізуші бөлімшелерінің ластануы аландатуда, бұл оларды ауыз су дереккөзі ретінде қолдануға жарамсыз етіп отыр. Қолданыстағы мониторингтік бағдарламалар ластанудың алдын алу шараларын жасау үшін қажетті ластаушы көздер мен жерасты суларының сапасы аралығындағы себеп-салдарлық байланысты анықтауға мүмкіндік бермейді.

Жағалаудағы теңіз суларының мониторингі

2005 ж. Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы қоршаған ортаның жағдайына байланысты туындап отырған алаңдаушылыққа жауап ретінде, «Қазгидромет» өзінің Атырау қаласындағы аймақтық базасының негізінде Каспий теңізінің мониторингі Орталығын құрды. Аталған Орталықтың мониторингтік бағдарламасына мұнай өнеркәсіптік нысандарының маңындағы ауаның күйін, жауан-шашын, ішкі және теңізүсті суларын, теңіз мұнай өнеркәсіптік нысандарына жақын су түбіндегі қалдықтарды, қалалық аудандар мен өнеркәсіптік нысандарға жақын маңдардың жер қыртысын, сондай-ақ радиоактивтілік деңгейін бақылауды жүзеге асырады. Биологиялық параметрлерге мониторинг жүргізілмейді. Орталық осы тораптан алынатын мәліметтерді дистанциялық барлау мәліметтері есебінен алып, толықтыруды жоспарлап отыр. Дегенмен мониторинг станциясының қолданыстағы торабы Каспий теңізіндегі тез қарқында дамып келе жатқан мұнайгаз барлауын қамтуы мүмкін.

Жер қыртысының жай-күйін мониторингтеу

«Қазгидромет» 16 қаладағы жер қыртысының ауыр металдармен (кадмий, мыс, қорғасын және мырыш) ластануына мониторинг жүргізеді (3.1 карта). Сынамалар жылына екі рет өнеркәсіптік қалаларда орналасқан бірнеше нүктелерде жинақталады. 2010 ж. «Қазгидромет» ауыл шаруашылық жерлерінің пестицид және басқа да БОЛ ластануына мониторинг жүргізу жұмыстарын бастауды жоспарлап отыр. Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің табиғатты бақылау жөніндегі бақылау Комитеті Республиканың өнеркәсіптік қалаларында сынамалар алу жұмыстарын жиі жүргізбейді. Денсаулық сақтау Министрлігі қаланың тұрғын үй және рекреациялық аудандарындағы сынамаларға эпизодтық іріктеу жүргізеді. «Қазгидромет» және Денсаулық сақтау Министрлігі кейбір қалалардың сынамаларының мәліметтерін қайталамай, қалай өзара толықтырып отырғандығы да беймәлім, өйткені олар ОЭП тобына тиісті органдардың қызметімен келісілген растаушы куәліктерін көрсетпеген.

Радиобелсенділік мониторингі

«Қазгидромет» қалалардағы сәулелендіру-гаммасының экспозициялық мөлшерін және атмосфералық радиоактивті құлаған заттардың қуаттылығын күнделікті өлшеу арқылы атмосфераның радиоактивті заттармен ластануына мониторинг жүргізеді (3.1 карта және 3.1 кес. қар.). «Волковгеология» ұйымы Республиканың облыстарын бұрынғы уран кенін өндіру салдарынан ластанған аймақтарға бөледі, осылайша радиация деңгейін жүйелі мониторингтеу нүктелерін анықтайды. «Волковгеология» Денсаулық сақтау Министрлігінің залалданған облыстардың радиациялық-гигиеналық сипаттамалары («төлқұжаттары») деп аталатын санитарлық-эпидемиологиялық қызметімен бірігіп қызмет атқарады. Мұндай ынтымақтастық 2004 ж. 011 «Қазақстан Республикасының радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылады. Бүгінгі таңға дейін қол жеткізілген нәтижелері 3.2 картада кескінделді (сондай-ақ 8.2 тарауын және 8 тар.бер. 8.1 енд. қара).

Қазақстанның Ұлттық ядролық орталығы бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағындағы жағдайдың радиологиялық және экологиялық жағынан бағалауды жүзеге асырады. Радиоактивті ластану саласы бұрын қауіпсіз деп есептелген жерлерден табылды. Ядролық сынақтың экологиялық салдары себеп-салдарлық байланыс туралы ғылыми білімнің жетіспеуіне байланысты бағаланбай келді.

3.1 Карта: ҚР-ғы экологиялық мониторингтің негізгі желісі



Дереккөзі: «Қазгидромет», 2007

Ескерту: Осы картада көрсетілген шекаралар мен атаулар БҰҰ тарапынан мақұлдауды немесе тануды білдірмейді

Биоәралуандылық, с.і. орманның биоәралуандылығының күйін мониторингтеу

Ауыл шаруашылығы Министрлігінің орман және аң шаруашылығы Комитеті бес жыл сайын қазақстандық ормандарға және олардың әрбір бес жылдағы кешенді бағалануына жыл сайын инвентаризация жүргізеді. Олардың қорытындысы жарияланбағанымен, сұраныс жасау арқылы алуға болады.

Аталған Комитет сондай-ақ Президент ісі жөніндегі Басқарманың игілігіндегі «Бурабай» Ұлттық табиғи паркінен басқа, барлық күзетілетін ұлттық парктерді басқарады. Күзетілетін барлық аумақтардың әкімшілігі өздерінің қарамағында орналасқан флора және фауна нысандарының тізімдемесін жасайды. Комитет Ұлттық Қызыл кітапқа енгізілген, тұяқты жануарларды тұрақты есепке алудың толықтырылған қорытындысынан алынған ақпараттың негізінде Қазақстанның сирек немесе жойылып бара жатқан өсімдік және жануарлар түріне есеп жүргізеді. Бұған қоса, шамамен 1500 аңшыдан құралған топ аулауға рұқсат берілген түрлерінің саны туралы мәлімет жинақтайды. Жиналған мәліметтер Білім және ғылым Министрлігінің Зоология Институтына өткізіледі, мұнда аң аулауға рұқсат беруге негіз жасалады. Заңнаманың аң аулаудан басқа, шаруашылық мақсатта қолданылатын түрлеріне есеп жүргізуді міндеттейтіндігіне қарамастан, Комитет ресурстардың жетіспеушілігінен бұл міндетті атқара алмай отыр.

Ауыл шаруашылығы Министрлігінің балық аулау жөніндегі Комитеті балық түрлерін инвентаризациялайды және Қазақстанда қоректенетін балықтардың тізімдемесін жасайды. Бұған қоса, Комитет сирек кездесетін және жойылып бара жатқан балық түрлері мен каспийлік итбалықтарды жүйелі түрде инвентаризациялап отырады. Соңғы инвентаризация 2006 ж. жасалынды. Олардың қорытындысы жарияланбағанымен, сұраныс жасау арқылы алуға болады.

Жалпы алғанда, Республикадағы омыртқалы жануарлардың түрлері туралы мәліметтер ғана шектеулі болып отыр. Қазақстандағы басқа жануарлар топтарының толық инвентаризациясы жүргізілген жоқ. Жабайы өсімдік түрлері туралы мәліметтер де шектеулі. Қазақстанның күзетілетін аумақтардан тыс жатқан жерлеріндегі жабайы флораға жүйелі инвентаризация жүргізілген емес. Орманда өсетін өсімдік түрлері туралы мәлімет жақсы қамтылған. Білім және ғылым Министрлігінің Ботаника және фитоинтродукция Институты 2001 ж. дәрілік өсімдіктерге арнайы инвентаризация жасады.

3.3 Ақпаратты басқару және есептілік

Ақпараттар жүйесі

2005 ж. бастап ҚОҚМ ақпараттық-талдамалық орталығы табиғи ресурстардың тізімдемесі бойынша берілген мәліметтерді қамтитын электронды база құру үстінде жұмыс жасауда. Бұл жұмыс Үкіметтің 2000 ж. 25 қыркүйектегі № 1449 «Сандық геоақпараттық жүйелердің негізінде Қазақстан Республикасының табиғи нысандары кадастрының Бірегей жүйесін жасау туралы» Қаулысын орындау мақсатында атқарылып отыр. 2007 жылғы Экологиялық кодексте осындай кадастрлар мен мәліметтер базасын жасау қажеттілігі туралы мәселе бекітілген. Қазіргі уақытта мұндай мәліметтердің орталықтандырылған базасында күзетілетін аумақтардағы орман шаруашылығы, сонымен бірге жергілікті, облыстық және мемлекеттік масштабтағы жабайы жануарлар мен балық түрлері туралы мәліметтер қамтылған. Бұл мәліметтерге көрнекілік ретінде карталар қосымша берілген. Бастапқы мәліметтер, негізінен алғанда, сәйкес статистикалық формалардан алынады да, базаға қолмен енгізіледі. Осы жайт жұмыс барысын баяулатып, оны көп еңбекті қажет ететін деңгейге жеткізеді.

Қазіргі уақытта мәліметтер қорында, ең бастысы, күзетілетін аумақтар мен аң аулауға рұқсат етілген жерлердегі орман, балық шаруашылығының тұрмыстық және әкімшілік мәселелері толық қамтылған. Дегенмен экологиялық саясатты өңдеу үшін бұл мәліметтер қорын пайдалану аса тиімді бола қоймас. Егер бұл мәліметтер қорына қолжетімді, кедергісі жоқ

жағдай жасалынса, оның табиғи ресурстарды тұрақты басқаруға жауапты жергілікті билік органдары үшін белгілі бір құндылыққа айналары сөзсіз. Бүгінгі таңда мүлдем бұлай емес. Тек келешекте ғана мәліметтер қоры пароль қолданушы, тіркелген тұтынушыларға (тек мемлекеттік билік органдарына) толығымен қолжетімді болады деп жоспарланып отыр. Бұған қарамастан, таяу арада қорға суды қолдану және қалдықтар туралы мәліметтер қосып толықтыру жұмысын жүргізу де жоспарға қойылған.

Энергетика және минералды ресурстар Министрлігінің геология және минералды ресурстар Комитеті жерасты суларын пайдалы қазба кадастрының бір бөлшегі ретіндегі мәліметтер қорын жасады. Аталған қорда жерасты суларының қоры мен қолданылуы, бұрғылардың орналасқан жері мен жерасты сулары сынамаларының талдау қорытындылары туралы мәліметтер жиынтығы берілген. Комитет мұны жарияламайды және ҚОҚМ мемлекеттік есепте қоршаған орта туралы жариялау үшін мәлімет бермейді.

2009 ж. Ауыл шаруашылығы Министрлігінің орман және аң шаруашылығы Комитеті Қазақстанның фаунасының жай-күйі жөніндегі электронды мәліметтер қорын (кадастрын) жасауды жоспарлап отыр.

Экологиялық статистика


2006 ж. ҚР статистика жөніндегі Агенттігі тұрмыстық қалдықтар туралы мәліметтер жинау үшін статистикалық форманың екі жаңа түрін жасап шығарды. 2004 ж. бастап экологиялық статистиканың мәліметтерін жыл сайын жариялаудың орнына, аталған агенттік «Қоршаған ортаны қорғау және Қазақстанның тұрақты дамуы» атты статистикалық жинақ шығарып келеді, мұнда алпыс көрсеткіш бойынша мәліметтер беріліп отырады. Жинаққа маңызды экологиялық мәселелермен қатар көлік қалдығы, көшетханалық газдардан бөлінетін қалдықтар, озонды бұзатын заттарды қолдану және өнеркәсіптік өндірісінің улы емес шығыстарды қайта өндіруі туралы мәліметтер тысқары қалған. Жинақта оқырманға түсінікті болуын жеңілдететіндей, мәліметтер берудің жаңа формалары қолданылмаған (кесте, диаграмма және т.б.). 2006 ж. Агенттік Қазақстанның өнеркәсіптік өндірісінің су сіңірімділігін бағалау қорытындылары туралы арнайы бюллетень жариялады. Агенттік билік органдарына «2007-2024 жж. тұрақты дамуға ауысу тұжырымдамасын» (ТДАТ) орындалу барысын бақылауға көмек беру үшін тұрақты дамудың бірқатар ұлттық индикаторларын анықтаумен айналысады.

Қалдықтардың кадастры және кәсіпорындардың есеп беруі

2002 ж. Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі Заңында жаңа талап енгізілді, бұл талапқа сәйкес барлық кәсіпорындар мен ұйымдар статистика органдарына берілетін қалдықтар туралы мәліметтерге қосымша ретінде, ластаушы заттардың қалдықтарына инвентаризация жүргізулері қажет. Инвентаризацияның мәліметтерін кәсіпорындардың өздері бекітуі тиіс, содан соң ҚОҚМ аумақтық органдарымен, яғни қоршаған ортаны қорғау жөніндегі облыстық аумақтық басқару орындарымен келісілуі керек. Инвентаризациялау процедурасы 2000 ж. 21 желтоқсанда бекіткен атмосфераға ластаушы заттардың қалдықтарының тасталуына инвентаризация жүргізу жөніндегі Нұсқау (№ 516-б Бұйрық) арқылы жүзеге асырылады. Қалдықтарды инвентаризациялау барысында кәсіпорын барлық ластаушы стационарлық көздерден атмосфераға тасталатын және автокөлік кәсіпорындарында бар, қолданылатын технологиялық үрдістердің материалдық баланста көрсетілген барлық зиянды әрі қауіпті заттарды ескерулері тиіс. Инвентаризация мәліметтері ҚОҚМ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық орталықтарымен (ҚОҚАО) келісілгені дұрыс. Инвентаризациялық материалдардың талдауы аяқталған соң ҚОҚАО кәсіпорынға келесі құжаттарды береді:

- Мемлекеттік тіркеуді талап ететін қауіпті заттардың тізімі;
- Кәсіпорынның статистика органдарына жыл сайын статистикалық есеп беруі тиіс зиянды заттарының тізімі.

3.2 Карта: Қазақстандағы тұрақты радиологиялық мониторинг станциясының орналасқан жері



Дереккөзі: Волковгеология, 2007

Ескерту: Осы картада көрсетілген шекаралар мен атаулар БҰҰ тарапынан мақұлдауды немесе тануды білдірмейд

Осыдан соң кәсіпорын стационарлық ластау көздерінің тіркеліміне ластаушы көздерді және олардың сипаттамаларын тіркейді. Тіркелімге келесі мәліметтер енгізіледі: (а) ластаушы көздердің саны; (б) әрбір ластау көзі бойынша қалдық нормалары; (в) оның жұмыс уақыты; (г) сүзілген заттардың мөлшері мен үлесі; (д) атмосфераға тасталынған зиянды заттар көлемін анықтау әдісі.

Қазақстандағы ластаушы зат қалдықтарының мемлекеттік тіркеу жұмысы осы қалдықтарды түрлі көздерден біріктіру жолымен жүзеге асыру арқылы жүргізіледі. Қалдықтардың бастапқы тіркелімі кәсіпорындардың ластағыш зат қалдықтарына жүргізген инвентаризациялық мәліметтерінен құралады. Инвентаризация мәліметтері облыс, өнеркәсіп саласы және жалпы мемлекеттік масштабта біріктіріледі. Мұндай жүйе барысында статистика жөніндегі Агенттікке қалдықтардың барлық көздердің тіркелімімен берілген қалдықтар туралы мәліметтерді байланыстыру мүмкін емес.

Есеп айырысудың сенімді әдістерінің болмау салдарынан Қазақстанда ауыр металдар мен БОЛ қалдықтарының тасталуы туралы есеп мүлдем берілмеген. Сондай-ақ мемлекеттік статистикалық есептің тек стационарлық дереккөздердің қалдықтары туралы мәліметтерді ғана сипаттайтындығын да айта кеткен жөн. Автожол көліктері мен басқа да көлік дереккөздерінің (темір жол, әуе, өзен және теңіз көліктері) қалдықтары талапқа сәйкес тіркелінбейді. Қазақстанда қолданылып жүрген есеп айырысу әдістері тек елеулі ғана белгісіздік үлесімен қалдықтарды бағалауды дайындауға мүмкіндік береді.

Осының нәтижесінде Қазақстанда өндірілетін қалдықтар туралы қолда бар мәліметтер тұтынушылардың талабына сәйкес жауап бере алмайды және олардың мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі көпжақты келісімде анықталғандай, халықаралық қауымдастық алдында есеп беру міндетін жүзеге асыруда тәжірибелік маңызы жоқ.

Жуық араға дейін Қазақстанның кәсіпорындары өздерінің экологиялық ақпараттарын ҚОҚАО өткізетін, осы тұстан бұл ақпараттар ҚОҚМ реттеудің рұқсат етуші және ынталандырушы механизмдері жөніндегі Департаментіне жөнелтіліп отырды. Бұл мәліметтерге бағалау жұмысы жүргізілмеді.

Экологиялық кодекс талаптарын орындау үшін 2008 ж. Қазақстанда 2001 жылдан бастап қызмет көрсетіп келе жатқан, қолданыстағы экологиялық өндірістік бақылау жүйесіне өзгерістер енгізілмек. Осы мақсатқа орай 2007 ж. ҚОҚМ кәсіпорындарды өзінің өндірістік үрдісінің экологиялық мониторингінің (бақылауының) қорытындылары туралы ҚОҚМ аумақтық органдарына есеп беруге міндеттейтін жаңа ереже шығарды. Бұл есепте атмосфералық ауа мен канализацияға тасталатын ластағыш заттардың сапасы туралы токсандық мониторинг мәліметтері берілуі қажет. Кәсіпорындар жылына екі рет су (егер жүргізілген болса) мен топырақ күйін мониторингтеу мәліметтерін қамтуы тиіс. Ережеде есепте сипатталуы тиіс параметрлерге қатысты нақты талаптар туралы айтылмаған. Бұл бақылау органдарының өкілдеріне кәсіпорындардың өз қарауы бойынша есеп беру мазмұнын талқылауға мүмкіндік береді, осы жайттың паракорлық пен зиянкестікке жол ашатындығы белгілі.

Экологиялық есеп беру жағдайы

Жуырда ғана орнын экологиялық кодекс алмастырған «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңнамаға сәйкес, Қазақстандағы қоршаған ортаның жағдайы туралы (ҚОЖ) мемлекеттік баяндамалар жыл сайын жарияланып отырады. Мұндай баяндамалар Министрлердің «Еуропаға арналған қоршаған орта» Бесінші Конференциясында мақұлданған, қоршаған орта жағдайы және оны қорғау туралы мемлекеттік баяндамалар дайындау жөніндегі Нұсқауға (Киев, 2003 ж.) сәйкес құрастырылады. Мұнда көбінесе Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдерімен (ШЕКОА) ЕЭК БҰҰ шеңберінде келісілген экологиялық көрсеткіштер басым

қолданылады. Графикалық нысандар, кесте, карта және басқа да көрнекі формалар әлі де жеткіліксіз деңгейде қолданылып жүр. Баяндамалар елеулі деңгейде әлі күнге дейін сипаттаушы мәнге ғана ие болып отыр. 2006 ж. дейін олар тек компакт дискілермен ғана берілді. Осыдан кейін баяндамалар шектеулі тиражбен басылып шығарылып (150 д. 2007ж.), түрлі деңгейдегі билік органдарының арасына ғана таратыла бастады. Олардың шектеулі тиражбен шығарылуына және министрлік вэбсайтына орналастырылмауына байланысты, жұртшылықтың баяндамаларға қатысты қолжетімділігі де шектеулі болды. Баяндамалар министрлік алқасының талқылауына ұсынылады. Дегенмен оның құрамындағы қорытындылардың экологиялық саясатты өңдеу барысында қолданылатындылығы жөнінде ешқандай дерек жоқ.

«Казгидромет» сатылымға түсетін және кең оқырмандар аудиториясына ұсынылатын ай сайынғы журналын шығарады («Гидрометеорология және экология»). Кәсіпорын сонымен қатар ҚР қоршаған ортаның ластануы туралы мерзімді (айына, тоқсан сайын, жарты жылда және жылына) бюллетендер; жерүсті суларының күйі туралы жылдық есеп; Мемлекеттік су кадастры; негізгі су ағыстарының ауыр металдармен ластануы және Балқаш, Каспий теңізі мен басқа да өзен бассейндерінің экологиялық жағдайы туралы, сондай-ақ Алматыдағы ауаның ластануы туралы күнделікті бюллетень жариялап отырады. Жыл сайын ҚОҚМ бекітілетін жөнелтілімдер тізіміне сәйкес, мемлекеттік органдарға тек Республикадағы қоршаған ортаның ластануы жөніндегі ай сайынғы және тоқсан сайынғы бюллетеньдер ғана беріледі. Басқа мекемелер немесе жеке тұлғаларға келетін болсақ, «Қазгидромет» оларға өздерінің ақпараттық өнімін ақылы негізде беріп отырады. Азаматтардың ақпарат алу сұраныстарына қатысты құқықтық нормаларға сәйкес, «Қазгидромет» жазбаша сұраныстарға орай жұртшылық өкілдеріне соған сәйкес мәліметтер мен ақпараттарды тегін таратады.

Жалпы, қоршаған орта мониторингінің нәтижелері мен жинақталып отырған мәліметтер мемлекеттік және облыстық деңгейдегі кешенді экологиялық баға дайындау үшін жеткіліксіз қолданылады. Сондай-ақ олар шешім қабылдау, саясат жасау мен Қазақстандағы жұртшылықтың ақпараттылығын арттыруда әлі тиімді қолданыс тапқан жоқ.

3.4 Жұртшылықтың қатысуы

Азаматтық қоғам және ақпараттылықты арттыру

Мәдениет және ақпарат Министрлігі жүргізетін, ҰЕҰ мемлекеттік тізімдемесіне тіркелген ҚОҚМ бағалауына сәйкес, 2007 ж. қоршаған орта мәселелері бойынша Қазақстанның 131 қоғамдық ұйымы айналысты. Ең белсенді ҰЕҰ арасынан «ЭКО-Форум» (алпыс ҰЕҰ бірігуі), «Экообраз», «Экошкола», «Экообразование» және «Табиғат» атауға негіз бар.

ҰЕҰ факультативті экологиялық білім беруде елеулі рөл атқарады. Олар бюллетень және мерзімді басылымдар шығарады. Кейбір ұйымдар, мысалы Тұрақты өндіріс және қолданыс орталығы мен Тұрақты дамуға арналған іскери топтардың қазақстандық кеңесі кәсіпкерлер мен өнеркәсіп иелерінің экологиялық мәселелер туралы шешім қабылдауға қатысуға деген назарын өзіне ерекше аудартып келеді. Осы аталған екі ҰЕҰ қазақстандық компанияларды кәсіпорындардың қоршаған орта мониторингін жетілдіру және министрлердің «Еуропаға арналған қоршаған орта» алтыншы Конференциясымен (Белград, 2007 ж.) мақұлданған экологиялық есеп беруді жақсарту жөніндегі ЕЭК БҰҰ Нұсқауына дайындалуға шақырды.

2006 ж. ҚОҚМ ақпараттық қолдау көрсетуінің барысында жалпы мемлекеттік жаңа газет («Эколог») айналымға шықты. Барлық облыстардан орта есеппен экологияға қатысты 1-2 мерзімді басылым табу аса оңай мәселе. Ерекше аталатыны үш облыс және Астана қ. Алматылық теледидар арқылы күнделікті қазақ және орыс тілдерінде «Эко» экологиялық бағдарламасы көрсетіледі.

2004 ж. ҚОҚМ өзінің вэбсайтын (www.nature.kz) тұтынуға ыңғайлы әрі мазмұнды ете отырып, бірнеше рет өзгертті. Мұнда төрт адам толық жұмыс күні бойынша қызмет атқарады. 2007 ж. жұртшылық пен министр аралығында тікелей диалогты қамтамасыз ету мақсатында вэбсайтқа «сұрақ-жауап» тарауы қосылды.

«Қазгидрометтің» өзінің жеке вэбсайты www.meteo.kz бар. Сайтта қоршаған ортаның жай-күйі туралы аса шектеулі мәлімет және Каспий теңізінің қазақстандық бөлігіндегі экологиялық орта туралы ақпарат орналастырылған. «Қазгидромет» Алматы қ. әкімдігімен қалалық тұрғындарға шынайы уақыт өлшеміндегі ластану деңгейі мен метеорологиялық орта туралы ақпарат беріп отыратын қалалық жарнамалық тақтайшалар торабын дамыту тұрғысында бірігіп қызмет жасайды. Егер осы тәжірибе «Қазгидромет» үшін жемісті әрі экономикалық жағынан тиімді болып шықса, онда осындай жарнамалық тақтайшалар Республиканың басқа қалаларында да пайда болады.

Жұртшылықтың шешім қабылдауға қатысуы

2004 ж. ҚОҚМ жұртшылықтың экологиялық Кеңеске көзқарасын талқылау тәртібі туралы меморандумға қол қойды. Қоршаған орта жөніндегі Министрдің бұйрығы бойынша Қоғамдық экологиялық кеңес құрылды. 2005 ж. бастап кеңес өз мәжілістерін өткізбейді және оның өзіндік жұмыс жоспары жоқ. 2006 ж. ҚОҚМ кеңестің жаңа құрамын бекітті және бүгінгі таңда оның құрамына ұлттық экологиялық ҰЕҰ, іскери және академиялық топ өкілдерімен қатар, министрдің өзі және ҚОҚМ жетекші мамандары кіреді. Кеңес мүшелері ҚОҚМ Алқалық кеңейтілген мәжілістеріне қатысады және мәжілістерде талқыланатын құжат жобаларына қатысты ұсыныстар береді.

ҰЕҰ сондай-ақ басқа да ресми органдардың мүшесі болып табылады. ҚОҚМ ұсынылған сегіз МПО тұрақты даму жөніндегі Кеңестің құрамына кірді. Қазіргі кезде өзен бассейндерінің құрылтайшы кеңестерінің (9 тар.қар) құрамына жұртшылық өкілдері де қосылуда. Дегенмен, ҰЕҰ өкілдері 2006 ж. бастап өнеркәсіптік жобаларды қаржыландыратын «Қазына» тұрақты даму мемлекеттік қорының кеңесіне кірмейді (1 және 6 тар.қар.).

Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің ҚОҚАО түрлі мәселелер тұрғысынан ҰЕҰ ынтымақтастық орнатқан. Мысалы, муниципалды ҚОҚАО Алматы қаласындағы жиырма екі ең іскер экологиялық ҰЕҰ ынтымақтастық орнату туралы ресми келісімшартқа қол қойды. Өзге орталықтар ҰЕҰ экологиялық инспекция, сонымен бірге дөңгелек стол, оқу семинарлары мен конференциялар ұйымдастыру жұмыстарына тарту үшін бейресми механизмдерді қолданып келеді.

ҚОҚМ 2004 ж. бастап ҰЕҰ экологиялық қызметіне қаржы қолдауын көрсетіп отыр. ҰЕҰ мембюджет есебінен атқаратын барлық жобалары ҚОҚМ жасалады. ҰЕҰ жобаны жасауға немесе оның тақырыбын жасауға мүмкіндігі жоқ. Қаржыландыру жұмыстары «мембюджет элеуметтік пакеті» экологиялық тарауындағы құралдардан алынады. 2007 ж. ҚОҚМ ҰЕҰ төрт жобасын жүзеге асыруға 10 млн. теңге (шамамен 80 мың АҚШ дол.) төледі. Осылайша ҚОҚАО жергілікті ҰЕҰ қолдау үшін олардың аумақтық «элеуметтік пакеттерін» қолдануда.

Қоршаған орта мен адамның денсаулығына елеулі әрі тікелей әсер етуі ықтимал жобаларға тоқталатын болсақ, шешім қабылдау мақсатында мемлекеттік экологиялық сараптамаға (МЭС) берілетін құжаттамаларда жобаны жасаушылармен ұйымдастырылған қоғамдық дәрістердің қорытындылары міндетті түрде қамтылуы қажет. ҚОҚМ қоршаған ортаға ықпал етуді бағалауға (ҚОБІБ) қатысты ережелерінде осындай құжаттамаларға және қоғамдық дәрістер өткізуге қойылатын талаптар нақты сипатталған. Ережеде де, олардың қолданылу үрдісінде де талаптар берілмеген әрі жұртшылықты МЭС жобаны жасаушы беретін қоғамдық дәрістерінің түйіндемесіне ұсынымдар мен кепілдемелер қоспау себептері туралы іс жүзінде ақпараттандыру мәселесі туралы айтылмаған.

2006 ж., ГЭЭ талаптарына сәйкес, бірнеше ҮЕҰ Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы мұнайбұрғылау операциялары, Батыс Қазақстандағы мұнайхимиялық кешені және «Нұрқазған» таукенөндіруші кешені құрылыстарын салу сияқты ірі көлемдегі қоғамдық дәрістерге қатысты. ҮЕҰ ұсынған пікірі осы аталған және басқа да жобаларға қатысты шешімдерді өңдеп жасауға көп ықпалын тигізді. Алайда ҮЕҰ кең жұртшылық кәсіпорындардың болжалдық немесе болып жатқан ластаулары жөнінде жеткілікті мәлімет ала алмайды деп есептейді. Олар сонымен бірге құрылыс кезінде жобаны жасаушылардың жұртшылықтың пікірін білдіретін ГЭЭ шешімін елемеген жағдайларын да еске салып өтті.

Мұндай заңдар жұртшылық пен ҮЕҰ дербес қоғамдық экологиялық сараптама (ҚЭС) өткізуге мүмкіндік береді. ҚЭС ҮЕҰ өткізуге үлгі боларлық орындар да бар, мысалы, 2007 жылы Экологиялық қоғам және «Табиғат» қоғамымен ұйымдастырылған «Қарашығанақ» мұнайгаз кен орындарын ҚЭС атауға негіз бар. ҚЭС қорытындылары ГЭЭ бойынша шешім қабылдауға арналған ұсыным ретінде бағаланады.

ҮЕҰ ҚР заң жобаларын талқылауға қатысқандығы туралы да мәліметтер бар. Мәселен, ҚОҚМ ұйымдастырған қоғамдық төрт дәрісте ҮЕҰ «экологиялық кодекс» жобасын талқылады. 2007 ж. шілде айында қалалық аудандардың экологиялық қауіпсіздігі жөнінде қоғамдық дәріс өткізілді. Мұндай дәрістер көбінесе аймақтық деңгейде ұйымдастырылады. 2007 б. бойы ҚОҚМ және оның аймақтық органдары қоршаған орта мәселелері тұрғысындағы қоғамдық дәрістер компаниясын өткізді.

Бұған қоса, ҮЕҰ өз бастамасымен заңнамалық актілердің маңызды жобалары бойынша қоғамдық дәрістер ұйымдастырғандығы туралы да мысалдар жеткілікті. Олардың ішінде 2002 жылы парламенттің сұрауы бойынша «Жасыл ортаны қорғау» экологиялық қоғамымен өткізілген «Орман кодексі» ОЭЭ жобасы, сондай-ақ 2003 жылы ҮЕҰ тобының бастамасы бойынша радиоактивті қалдықтарды импорттауға қатысты тыйымды алып тастауға бағытталған қоршаған ортаны қорғау туралы күшін жойған заңға түзетулер енгізу жобасы бойынша өткізілген қоғамдық дәрістер бар. ҚОҚМ өзінің барлық нормативтері мен ережелерінің жобаларын Қазақстанның жеті негізгі өнеркәсіптік және іскери кәсіпорындарына таратты және олардың ұсынылуын ескеріп отыр. Аталған бірлестіктер ҚОҚМ қаулы жобаларын талқылайтын сараптамалық кеңесі жөнінен аккредиттелген.

ҮЕҰ жұртшылықтың мемлекеттік органдардың ірі шетелдік компаниялармен орнататын, минералды ресурс және энергия өндірумен байланысты өнімдерінің тарауы бойынша келісімдер туралы мәліметке қол жеткізе алмай отырғандығына алаңдаушылық туындауда. Олардың пікірінше, мұндай келісімдер жоғарыда аталған келісімдермен ҚОҚМ құжаттамасында болжалуы әрі сипатталуы, сондай-ақ жұртшылық үшін қолжетімді болуы қажет, елеусіз жағымсыз экологиялық салдары бар жобаларды жасауға алып келеді.

Заңнама жұртшылықтың экологиялық рұқсат беру туралы шешім қабылдау үрдісіне қатысуын қарастырмайды. Жақын уақытқа дейін ҚОҚМ вэбсайтында министрлікпен берілген рұқсат туралы мәлімет берілді.

2004 ж. елдің барлық облыстарындағы сот және табиғатты қорғау жөніндегі прокурорларына арналған Конвенция бойынша ақпараттар алу, жұртшылықтың қоршаған ортаға қатысты мәселелер тұрғысында шешім қабылдау үрдісіне қатысуы туралы мәліметке қол жеткізуі туралы оқу семинарларының циклы ұйымдастырылды (Орхусс конвенциясы). Бұл акцияны ҚОҚМ, сондай-ақ Қазақстанның Жоғарғы соты мен Алматыдағы ЕҚЫҰ елдік офісі ұйымдастырған еді.

Қазақстанның Жоғарғы соты Орхусс конвенциясын жүзеге асыру жөніндегі жұмыс тобын құрды. Бұған қарамастан, Қазақстандағы қоршаған орта мәселелері бойынша әділ сот төрелігіне қол жеткізуіне қатысты, азаматтардың және ҮЕҰ табиғатты қорғау заңнамаларының бұзылуына байланысты шағымдары мен қуынымдарының әкімшілік және сотта кешіктіріліп

қарастырылуы, сонымен қатар сот орындарының азаматтар мен ҮЕҰ өтініштерін қарастырудағы негізсіз бас тарту жағдайларының артуы қауымдастықты алаңдатып отыр.

2004 және 2006 жж. аралығында конвенцияны бақылау жөніндегі Комитетке жұртшылық тарапынан Қазақстанның Орхусс Конвенциясының ережелерін талапқа сәйкес орындамай отырғандығы жөнінде төрт үндеуі түсті. Аталған Комитет өз қорытындысы мен ұсынымдарын төрт үндеудің үшеуі бойынша жариялады. Ұсынымдарымен қоса берілген бастапқы екі қорытынды 2005 жылы Алматы қ. өткен тараптардың Мәжілісінде мақұлданды. Комитеттің шешімі бойынша, Қазақстан Конвенцияның ережелерін билік және сот, әсіресе жергілікті деңгейдегі органдардың орындау барысын ретке келтірудегі бақылауын күшейту жұмыстарын белсендіруі тиіс. Бұл үшін биліктің осыған сәйкес органдары алдымен мемлекеттік қызметкерлер мен сот билігінің әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретін жүйелендірілген әдіс жасауы қажет. Сонымен қатар азаматтардың өзіндік экологиялық құқығы немесе олардың бірлестіктерінің құқығы бұзылған жағдайда сотқа жүгіну әрекеттерін жеңілдететін тиімді механизмдерді де дамытуды қолға алу қажеттілігі міндеттеліп отыр.

3.5 Экологиялық білім

Мектепке дейінгі және мектеп білімі

2001 ж. мектепке дейінгі білім беруде міндетті талап бойынша экология мәселелері кіргізілді. Қазақстанда жыл сайын үш жасар балаларға экология бойынша жиырма төрт және төрт жастан алты жасқа дейінгі балаларға қырық сегіз сағат сабақ өткізіледі. Осыған сәйкес экологиялық бағдарламалар жасалды; мектепке дейінгі мекемелердегі мұғалімдердің бағдарламаларына экологиялық мәселелер қосылды.

Қазақстан жаратылыстану, биология, география, химия және физика пәндері бойынша мектеп курстарына нақты экологиялық мәселелер енгізу арқылы оқушылар арасында экологиялық білім жүргізуді жүзеге асырады. Осы мәселелердің қоғамдық ғылымдар жөніндегі курстарға енгізілгендігі туралы айғақ жоқ. Экология өз бетінше факультатив ретінде өткізіледі. Мектептерде экологиялық білім беруге байланысты тұжырымдамалық әдістің болмауы мектеп бітірушілерінің қоршаған орта туралы біртұтас білімі туралы түсінігі бар екендігі жөнінен күмән туғызуға негіз болады. Экологиялық пәндерді тереңдетіп оқыту бірнеше мектептерге ғана ұсынылған.

Кәсіби және жоғары білім

Экология жөніндегі курс Қазақстанның бірде бір орта-техникалық білім беру мекемелерінің оқу жоспарына енгізілмеген. Республикада қоршаған ортаны қорғау саласына қатысты мамандар даярлайтын кәсіби-техникалық мекеме жоқ.

Экология барлық жоғары оқу орындарында міндетті оқыту пәніне айналған. Дегенмен басқа міндетті пәндермен салыстырғанда, экология пәні бойынша семестр соңында сынақ немесе емтихан тапсыру міндеті жүктелмейді, бұл түсінікті себептер бойынша студенттердің көп күш жұмсауын қажет етпейді. ҚОҚМ курс пәнін аяқтаған соң емтихан тапсыру қажетті болатындай тұрақты даму жөніндегі курсқа айналдырып, өзгерткісі келеді.

Мамандандырылған экологиялық оқу бағдарламалары қатары да бар, «Экология», «Өмір қызметі мен қоршаған ортаны қорғау» және «Су ресурстар және суды қолдану» тақырыптары. Мұндай тақырыптар Республиканың шамамен тек отыз ЖОО ғана өткізіледі. Экологиялық менеджмент, экологиялық құқық және экологиялық бақылау сияқты маңызды пәндер бойынша осы күнге дейін оқу бағдарламалары жасалмаған. Жоғарыда аталған пәндер бойынша дайындықтың болмауына қарай, мемлекеттік және жеке секторларда өнеркәсіптің қарқынды дамып келе жатқан экологиялық зиянды саласы, мемлекет ретіндегі ҚР мұқтаж болып отырған арнайы мамандардың жетіспейтіндігі сезіледі.

Біліктілікті арттыру

ҚОҚМ ақпараттық-талдау орталығының экология жөніндегі мамандардың біліктілігін арттырудағы озық мекеме болып есептеледі. 2005 ж. бастап осы аталған мекеменің басшылығымен жұмысты қоршаған ортаны қорғау және табиғатты қолдану саласындағы қайта даярлау және біліктілікті арттыру жөніндегі Орталық атқарады. 2005 және 2007 жж. осы орталық мемлекеттік экологиялық инспекция, экологиялық рұқсат беру жүйесі, аудит, сақтандыру және табиғатты тиімді қолдану туралы бес күндік арнайы курстардан өткен 900-ге жуық мамандар даярлады. Оқытудан өткен мамандар – бұлар, ең алдымен, ҚОҚМ қызметкерлері. Бұған қоса, Қазақстандық экология және ауа райы ғылыми-зерттеу институты кәсіпорындарға арналған озон қабатын бұзушы заттарға қатысты арнайы тақырыптар бойынша курстар өткізіп келеді. Мемлекеттік басқару Академиясы, қызметкерлерді қайта даярлау жөніндегі бас мекеменің басшылығы өздерінің бағдарламасына экология туралы пән енгізді.

Мемлекеттік биліктің бірде бір органы үлкендердің бейресми және арнайы емес негіздегі білім алуы үшін тікелей жауап бермейді. Білім алудың осындай түрлерін ҮЕҰ және Орталық Азияның Аймақтық экологиялық орталығы (ОААЭО) жүзеге асырады. Олардың жобалары, басым жағдайда, сыртқы донорлардың салымдарының мөлшеріне байланысты болады, осыған орай олар қысқа мерзімді сипатқа ие.

3.6 Саясат жасау мен шешімдер қабылдаудың негіздері

Мониторинг және мәліметтер

2000 ж. бастап Қазақстанда елдегі экологиялық мониторинг бойынша өткізілетін іс-шараларға ықпал ететін бірқатар заң және басқару құжаттары қабылданды. Мұндай құжаттардың қатарына кіретін құжаттар: «Атмосфералық ауаны қорғау туралы» Заң (№ 5, 11 наурыз 2002 ж.); Су Кодексі (№ 481-ІІ 9 шілде 2003 ж.); Президенттің 2003 ж. 3 желтоқсандағы № 1241 Декретімен қабылданған Қазақстан Республикасының 2004–2015 жж. экологиялық қауіпсіздігі туралы Тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасының 2005–2007 жж. қоршаған ортаны қорғау Бағдарламасы туралы Қарары (6 желтоқсан 2004 ж. № 1278).

Қоршаған орта және су ресурстары мониторингінің бірегей мемлекеттік жүйесі арқылы (ҚО ж ТРМБМЖ), түрлі мемлекеттік органдар өткізетін қоршаған орта мониторингі мен мәлімет жиынтықтарын үйлестіруді жақсартуға арналған маңызды құқықтық және ұйымдастыру шаралары қабылданды. ҚО ж ТРМБМЖ мақсаты – жауапты тұлғалар мен жұртшылықты уақтылы және сенімді ақпараттар және ҚОЖ қамтамасыз ету, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау шараларының тиімділігін бағалау.

Үкімет 2001 ж. 27 маусымдағы № 885 Қаулы бойынша ҚО ж ТРМБМЖ ұйымдастыру және жүргізу Ережесін бекітті. Осыдан кейінгі төрт жыл ішінде, ҚОҚМ 2005 ж. (өзінің 2005 ж. 17 қарашадағы № 314-б Бұйрығымен) ҚО ж ТРМБМЖ ұйымдастыру және жүргізуге арналған ведомствоаралық жұмыс тобын құрғанға дейін, оны жүзеге асыруға байланысты ешқандай іс-шара атқарылған жоқ. Бұл жұмыс тобының құрамына ҚОҚМ жауапты қызметкерлері; Өнеркәсіп және сауда, энергетика және минералдық ресурстар, ауыл шаруашылығы, төтенше жағдайлар, экономика және бюджеттік жоспарлау, денсаулық сақтау, ғылым, сондай-ақ қорғаныс Министрліктері; Жер ресурстарын басқару жөніндегі Агенттік; ақпараттандыру және байланыс Агенттігі, сонымен бірге ғылыми-зерттеу ұйымдары кіреді. Жұмыс тобы өз жұмысын ақпарат түрі мен форматын, сонымен қатар онымен ҚО ж ТРМБМЖ шеңберінде алмасу кестесін талқылаудан бастады. Осының қорытындысы ретінде басқа министрліктердің ұсынымдарын ескеретін Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Министрдің Қаулысы шықты (2007 ж. 31 мамырдағы № 172). Осы мәселенің ҚОҚМ-ға қажетті кезде берілмейтін, (мысалы, жерасты суларының сапасы туралы мәліметтер), бірақ экологиялық саясатты жетілдіру және ҚОЖ туралы баяндамалар дайындау үшін аса маңызды болып табылатын ақпараттар мен жекелеген ақпараттарға жазбаша өтініш жасауға мүмкіндік береді.

ҚО ж ТРМБМЖ алға жылжытуға байланысты басқа да қадамдар қатарына ҚОҚ Министрлігінің осы іске тартылған басқа да үкіметтік органдармен бірігіп қабылдаған (2006 ж. 13 сәуірдегі № 112-б Бұйрығы) ҚО ж ТРМБМЖ Тұжырымдамасы және оның элементтерін 2007 ж. Экологиялық кодекске енгізу жұмыстары жатады.

Әзірше ҚО ж ТРМБМЖ көмегімен тек оның құрамына кіретін мекемелерден Экология және ауа райы жөніндегі Қазақ ғылыми-зерттеу институтына ҚОЖ туралы ұлттық баяндамалар жасауға қажетті ақпараттарды жүйелі түрде алу мүмкіндігіне ғана қол жеткізілді. 2004 ж. ҚОҚМ төрт негізгі мәліметтер қоры, с.і. қалдық, қоқыс, шығыс, биоэралуандылық және табиғи ресурстар кіретін Интернетке негізделген, кешенді мәліметтер қорын жасау туралы бастамасын ортаға салды. Мәліметтер қорының операциялық жобасын жасау үшін тендерді жеңіп алған жеке кәсіпорын алынды. Жоба бекітілген соң келесі тендерлердің жеңімпаздарына (екі жыл сайын ұйымдастырылатын) мәліметтер қорын толықтыру және жаңарту құқығы беріледі. Мәліметтерді өндейтін мекемелер үздіксіз өзгеріп отыратындықтан, мұндай әдіс барысында мәліметтердің үздіксіз жиналып отыруы да екіталай. Осыған байланысты экологиялық және табиғи ресурстар туралы мәліметтер блогының ҚОҚМ-нің дербес өндірістік операциялары мен техникалық әдістемелерін қолдана отырып, ақпараттық-сараптамалық орталығы бірнеше жылдар бойы жасап келе жатқан мәліметтерімен қайталануы ықтимал.

Экологиялық кодекс Қазақстанның кәсіпорындарының экологиялық мониторингі мен есеп беруін жақсартуды жүзеге асырады. Оған өндірістік экологиялық бақылау (мониторинг) тұжырымдамасы кіреді. Аса тиімді жүзеге асыру мақсатында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Министр өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары және өндірістік экологиялық бақылау қорытындылары туралы есеп беру талаптарын келісу ережелері туралы Бұйрығын шығарды (2007 ж. 24 сәуірдегі № 123-б Бұйрық).

Жұртшылықтың қатысуы

Парламент Орхусс конвенциясын 2001 ж. 11 қаңтарда бекітті. Бұдан кейін парламентпен қабылданған бірнеше заңнамалық актілердің нәтижесінде елдің заңнамалық қоры Орхусс конвенциясының міндеттемелерімен сәйкестендірілді. Жұртшылықтың экология мәселелерін шешуге байланысты үрдісіне қатысуы туралы жайт 2004 жылғы «Экологиялық сараптама туралы» Заңға және 2007 жылғы Экологиялық кодекске енгізілді.

ҚОҚМ нақты процедураларды белгілейтін бірқатар нормативтік актілер шығарды, оның ішіндегі соңғылары – Министрдің «Көпшілікке дәріс беру ережелері туралы» Бұйрығы (2007 жылғы 7 мамырдағы № 135-б Бұйрық), сондай-ақ «Қоршаған ортаға ықпал ететін бағалау үрдісіне және шаруашылық және басқа да қызметтер жөніндегі шешім қабылдау үрдісіне қатысты экологиялық ақпаратты қолдану ережелерін бекіту туралы» Бұйрығы (№ 238-п от 25 июля 2007 г.).

«Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдау тұжырымдамасы туралы» Қаулы (2002 жылғы 23 қаңтардағы № 85 Қаулы) және «ҮЕҰ 2003-2005 жж. мемлекеттік қолдау бағдарламасы туралы» Қаулы (2003 ж. 17 наурыздағы № 253) экология саласында қызмет атқаратындармен қатар ҮЕҰ қаржы қолдауының негізін қалады.

Осы аталған маңызды қадамдарға қарамастан, Орхусс тұжырымдамасының ережелерін орындауға байланысты Қазақстанға әлі көп жұмыс атқару қажет. Қазақстанның Экологиялық кодексі жұртшылықтың жүзеге асырылу барысы қоршаған орта мен қоғамдағы адамдардың денсаулық жағдайына тікелей әсер етуі ықтимал заң, ереже, бағдарлама және тұжырымдама жобаларына мемлекеттік және қоғамдық экологиялық сараптамаларға қатысу мәселесін қарастырады. Дегенмен бұл заңдарда жұртшылықтың осындай құжаттарды дайындауға қатысу процедураларын жан-жақты айқындайтын нақты ережелер берілмеген. Осыған орай, секторлар бойынша стратегиялық мағынадағы құжаттардың жобалары қоғамдық талқылауға түспейді. Ереже жобаларын оң пікір алу мақсатында жеті ірі өнеркәсіптік және шаруашылық

бірлестіктер жіберуі (жоғарыдағы 3.4 тар.қар.) жұртшылықтың қатысуы деп саналмайды. Алайда ҚОҚМ кейбір жоспарларына қатысты жұртшылық талқылауға эпизодтық жағынан ғана қатысып қалады, бұл бағытта олар мақсат-бағдарлық ешқандай қызмет атқармайды. Жұртшылықты осылайша тарту жағдайлары Орхусс тұжырымдамасының 7 бабы талап ететіндей, айқын да түсінікті шеңберін мүлдем анықтай алмайды.

Қазақстан қазіргі уақытқа дейін Киев қаласында 2003 жылы қабылданған және жұртшылықтың келісілген жалпы мемлекеттік ЛТҚТ ұйымдастыру арқылы ақпаратқа қол жеткізуін кеңейтуге бағытталған Орхусс тұжырымдамасына қатысты Ластағыштарды тасымалдау және қалдықтардың тізімдемесі (ЛТҚТ) туралы Хаттамаға қол қойды. Елде мониторинг және бақылау, көп салалы министрліктер, өнеркәсіп пен бизнес және ҮЕҰ қатысуымен жалпы мемлекеттік ЛТҚТ мекемесінің ұйымдастырушылық және техникалық шеңберлерін талқылау жұмыстарының басталғандығы жөнінде ешқандай мәлімет жоқ.

Экологиялық білім

Экологиялық кодекс пен Тұрақты дамыту мақсатында білім беру Тұжырымдамасында экологиялық білім және дайындық, сондай-ақ тұрақты дамыту мақсатында білім беру (ТДБ) туралы ережелер қамтылған. Тұрақты дамыту Тұжырымдамасын жүзеге асыру жөніндегі ҚОҚМ жоспарында экологиялық білім мен ТДБ насихаттауға арналған нақты қызметтер аталған. ҚОҚМ және Білім және ғылыми Министрлігі біріккен бұйрығымен Экологиялық білім туралы Тұжырымдамасын бекітті (2003 ж. 24 қыркүйектегі № 229-б және 2003 ж. 25 қыркүйектегі № 697 Бұйрықтарға сәйкес). Осы аталған құжат бекітілген соң соған сәйкес нақты қызмет жоспары жасалмағандықтан, оның көпшілікке ықпал етуін, егер осылай болса, бағалау аса қиын.

Білім және ғылым Министрлігінде үйлестіруші орталық құрылмаған, егер құрылса бұл орталыққа экологиялық білім мен ТДБ үшін жауапкершілік жүктелер еді. 2005-2010 жж. білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі қызмет жоспарына экологиялық білім мен ТДБ шаралары кіргізілмеген. Министрліктер мен осы үрдістің негізгі қатысушылары аралығында жеткілікті өзара әрекеттестік жоқ.

Қазақстан 2005 ж. ТДБ Стратегиясын жасау және бекіту туралы жайтпен танысқан ЕЭК БҰҰ аймақтық бастамасы – ТДБ жөніндегі халықаралық ынтымақтастыққа қатысу туралы шешім қабылдады. Қазақстан осы уақытқа дейін жалпы мемлекеттік деңгейде осы стратегияны іске асыру жөнінде нақты қадамдар жасаған жоқ.

3.7 Қорытындылар мен ұсыныстар

1990-шы жылдардағы құлдыраудан кейін қазіргі уақытта Қазақстандағы ауа, су сапасы және радиациялық орта жағдайы сияқты салаларға жүргізілетін экологиялық мониторинг қайта қалпына келтірілу үстінде. 2000 ж. бастап мониторинг станциялары мен пункттердің саны артуда. Мемлекеттік бюджет тарапынан жақсы қаржыландырудың нәтижесінде ескірген құрал-жабдықтар мен қондырғылар жаңа құралдармен алмастырылып отыр. Ауа сапасын бақылауға арналған жалғыз трансшекаралық станция реконструкцияланды және автоматтандырылды. Қазақстан трансшекаралық су ағыстарындағы су сапасын мониторингтеу саласы бойынша көршілес мемлекеттермен ынтымақтастықты жемісті дамытып келеді.

Бұған қарамастан, бақылау жүйесін қолға алуда елеулі ақтаңдақтардың бар екендігі де белгілі. Бақылау пункттерінің саны экологиялық мониторинг қолданылып жүрген ережелеріне сәйкес талап етіп отырған мөлшермен салыстырғанда, едәуір аз. Өлшенетін көрсеткіштердің саны шектеулі және сынамалардың сирек жүргізілу себебіне байланысты, алынып отырған мәліметтердің сапасының дұрыс екендігі күмән туғызады. Қазақстанда әлем бойынша қоршаған орта мен адамның денсаулығына ең зиянды болып есептелетін ластағыш заттар қатарының ауадағы мөлшеріне өлшеу жұмыстары жүргізілмейді. Аялық мониторинг тек бір

станцияда ғана өткізіледі. Әйтсе де елдегі экологиялық мониторинг станциялары халықтың қоршаған ортаның ластануына ұшырағыштығы туралы жақсы ақпарат құру мүмкіндігіне ие бола алмай отыр, олар үнемі бірнеше дүркін қалдық тастау жағдайларының салдарын толық шамада сипаттауға қабілетті емес. Бұған қоса, ауа сапасын мониторингтеудің қолданыстағы торабы, талапқа сәйкес, ауаның ластану деңгейін қалдық сипатымен байланыстыруға мүмкіндік бермейді, егер осындай мүмкіндік болса, онда штаттық күн тәртібіндегі жұмыс барысында қалдық нормалары немесе ауа сапасының бұзылуына себеп болып отырған әрекеттерді анықтауға көп жеңілдік болар еді.

3.1 ұсыныс:

Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі «Қазгидрометтің» оның кемшіліктері мен қарама-қайшылықтарын, сондай-ақ әрі қарай модернизациялау және халықаралық ұсынымдар мен озық тәжірибелерге сәйкес мониторинг торабын жаңартуға бағытталған қызмет жоспарларымен қатар, стратегия жасау үшін өткізіп жүрген экологиялық мониторинг бағдарламасын қайта қарастырғаны дұрыс. Осындай қызмет жоспарларында төмендегідей мәселелерге арналған уақыт аясы мен қаржы құралдары көрсетілуі тиіс:

(а) *мониторинг мақсатын жалпы мемлекеттік және аумақтық көлемдегі негізгі экологиялық мәселелермен байланыстыру, сондай-ақ мониторингі мемлекеттік бағдарламалар мен жоспарларда анықталған экологиялық саясаттың мақсаттық көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бағалау құралы ретінде қолдану;*

(б) *өшінетін көрсеткіштердің тізімін кеңейту, ішінара, жерүсті озоны, PM_{10} , ауыр металдар және қоршаған орта мен су нысандарындағы биологиялық параметрлеріндегі БОЛ көрсеткіштерін енгізу;*

(в) *халықаралық деңгейде келісілген ұсынымдарға сәйкес, мониторингтің қосымша аялық және трансшекаралық станцияларын енгізу;*

(г) *автоматты өлшеуге ауысуды аяқтау және мәліметтер сапасын бақылау және оларды сақтау процедураларын жақсарту;*

(д) *себеп-салдарлық байланысты белгілеп, ол туралы әрі қарай қолданылатын іс-шаралар қабылдауға арналған саясатты бақылау және өңдеу жөніндегі органдарға хабарлап отыру мақсатында, қоршаған ортаның сапасы туралы мәліметтерді кәсіпорындардың қалдықтары туралы мәліметтермен өзара байланыстыру;*

(е) *Арал маңындағы мониторинг торабын құру.*

2002 ж. «Атмосфералық ауаны қорғау туралы» Заңға сәйкес, статистика органдарына жөнелтілетін қалдықтар туралы есептерге қосымша ретінде Қазақстанның кәсіпорындары ластағыш заттардың қалдықтарының тізімдемесін жасауға міндетті. Кәсіпорындар ластағыш көздерді стационарлық көздер мен олардың сипаттамалары тізіліміне белгілейді. Статистика жөніндегі Агенттікке өткізілетін қалдықтар туралы мәліметтер осы Агенттіктің басқа салалық іс тізімдемесін басшылыққа алуына байланысты, олардың тізіліміндегі мәліметтермен салыстырылмайды. Бұған қоса, Қазақстанда есептеудің сенімді әдістері жоқ болуына қарай, ауыр металдар мен БОЛ қалдықтары туралы ешқандай есеп жүргізілмейді. Мемлекеттік статистикалық есептерде тек стационарлық көздердің қалдықтары ғана белгіленеді. Жоғарыда айтылған жайттың барлығы да Қазақстанның өзіндік экологиялық саясатымен, сонымен қатар халықаралық мекемелер алдында беретін есебіне сәйкес көрсетуі міндетті қалдықтар кадастрын дайындау барысын күрделендіреді.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің талаптарын сақтау үшін 2001 жылы қызмет барысына кіргізілген, кәсіпорындарды экологиялық жағынан бақылау жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізу үстінде. Осы мақсатқа орай ҚОҚМ 2007 ж. кәсіпорындарды ҚОҚМ аумақтық органдарына өздерінің өндірістік үрдістерін экологиялық тұрғысынан бақылау қорытындылары бойынша есеп беріп отыру міндетін жүктейтін ережесін шығарды. Бұл ережеде есепте тиісті нақты параметрлердің көрсетілуі жетіспейді. Бұл бақылау органдарының өкілдеріне кәсіпорын есебінің мазмұнын өз қараулары бойынша жасауына, яғни парақорлық пен осы істі теріс пайдалануға әкелетіндей мүмкіндік береді.

3.2 ұсыныс:

Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі және Статистика жөніндегі Агенттік кәсіпорындардың экологиялық есеп беруіне қатысты ережені бірігіп қайта қарастырғаны дұрыс, осыған сәйкес кәсіпорындардың есептік мәліметтері халықаралық ұсынымдарға, қалдық кадастрларын дайындау және аумақтық түсімді қалыптастыру және соңынан ластағыш зат қалдықтары мен зиянды заттарды тасымалдаудың жалпы мемлекеттік тізілімін жасауға ыңғайлы болатындай етіп, осы талаптарды сәйкестікке келтіру және оңтайландыру үшін қажетті өзгерістер дайындаулары қажет.

2005 ж. бастап, ҚОҚМ табиғи ресурстардың кадастрлары (тізімдемесі) жөніндегі электрондық мәліметтер қорын жасаумен айналысады. Мұнда күзетілетін аудандардың орман шаруашылығын жергілікті, облыстық және жалпымемлекеттік деңгейдегі жабайы аңдар мен балық шаруашылығын басқару туралы карталық мәліметтерінде қосымша берілген мәліметтер қамтылған. Осы мәліметтер қорын жуық арада суды қолдану және шығыстар туралы мәліметтермен толықтырып, одан әрі жетілдіру туралы жоспарланып отыр. Дегенмен осы ақпараттарды «Қазгидромет» арқылы алынатын қоршаған ортаның сапасы туралы мәліметтермен толықтыру туралы ешқандай жоспар қарастырылмаған.

«Қазгидромет» жүйелі түрде елдің, сонымен қатар басқа да бассейндер мен аймақтардың экологиялық ластануы туралы бюллетендер шығарып отырады. Экологиялық ластану туралы бюллетендер үкіметтік органдардың ішінде тек ҚОҚМ бекіткен тарату тізімінің негізінде ай сайын және тоқсан сайын таратылады. Басқа мекемелер мен жекеше тұлғаларға келетін болсақ, «Қазгидромет» өзінің ақпараттық жарияланымдар ақылы негізде таратып отырады. Кәсіпорынның вэбсайтында аса шектеулі ақпараттар мен мәліметтер берілген. Осыған байланысты бұл вэбсайт жаңартуды талап етеді; онда күн сайын қоршаған ортаның сапасы туралы мәлімет жарияланып отыруы тиіс.

3.3 ұсыныс:

ҚОҚМ ақпараттар мен мәліметтердің барлық мүдделі тұлғаларға, соның ішінде барлық деңгейдегі үкіметтік органдарға, кәсіпорындар мен өндіріс орындарына, сонымен бірге көпшілікке қолжетімді болуы үшін «Қазгидрометтің» ақпарат тарату жөніндегі нұсқауларын қайта қарастыруы қажет. Егер шектеулер болса, мұндай шектеулер Қазақстан бір тарабы болып есептелетін Орхусс тұжырымдамасының аясынан шықпауы керек. Бұған қоса, «Қазгидромет» атмосфералық ауа, су мен топырақ сапасы туралы ақпараттарды, «Қазгидромет» тарабымен жасалынған өлшеу жұмыстарының көрсеткіштері бойынша ақпараттар мен бюллетендерді өзінің сайтына орналастырып, оны жаңартқаны дұрыс.

ҚО ж ТРМБМЖ әдістемесін қолға алу арқылы Қазақстан экологиялық мониторинг пен мәліметтер жинақтау жөніндегі қызметті үйлестіру жөнінде тиімді қадамдар жасады. ҚО ж ТРМБМЖ ұйымдастыру және өткізу үшін ҚОҚМ ықпалымен ведомствоаралық жұмыс тобын құрды. Аталған жұмыс тобы Жүйе Тұжырымдамасы ведомстволары аралығындағы келісімге, сондай-ақ сол жүйе шеңберіндегі түрлері, кескіні мен графикасына қарай мәлімет алмасуға ықпал етті. Осы жұмыс тобымен ынтымақтасудың нәтижесінде қазіргі таңда табиғи ресурстар кадастрының мәліметтер қоры жасалу үстінде.

Бұған қоса, ҚОҚМ Интернет арқылы қолжетімді болатын, сонымен бірге басқа мәліметтердің барлығына қосымша, қалдық, қоқыс, шығыс, биоэралуандылық пен табиғи ресурстар туралы қосымша мәліметтерді қамтитын кешенді мәліметтер қорын жасаудың бастамасын ортаға салды. Соңғы тестілеу жұмысы жасалған соң және құрылым мен жұмыс күні кестесі бекітілген соң жылына екі рет тендерлер өткізу негізінде осы мәліметтер қорын басқаратын компанияны таңдау жұмысы қолға алынады деп жоспарланып отыр. Мұндай әдісті қолдану барысында мәліметтер оларды өңдейтін ұйымдар жиі өзгеріп отыратындықтан үздіксіз жиналып отыруы екіталай мәселе. Бұған қоса, экология мен табиғи ресурстар туралы мәліметтерді қамтитын қордың сегменттері табиғи ресурстар кадастрының қолдағы мәліметтер қорын қайталауы ықтимал деген де ой бар.

3.4 ұсыныс:

ҚО ж ТРМБМЖ ведомствоаралық жұмыс тобын қолдау барысында Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Министрлік табиғи ресурстар кадастрының мәліметтер қорына қосымша ретінде қоршаған орта бойынша жеке мәліметтер қорын құру туралы, осылайша осы аталған екі мәліметтер қорын не өзара бір-бірін толықтырушы, не бірінші мәліметтер қорын оған қалдық, қоқыс және қоршаған ортаның сапасы туралы орасан көп мәліметтер қосып, едәуір кеңейтуге арналған жоспарды қайта қарастыруы қажет. Мәліметтер қоры ақпарат беріп отыратын ведомстволарға және Орхусс конвенциясының міндеттемелеріне сәйкес қалың жұртшылыққа қолжетімді болуы тиіс.

Қазақстан елдің заңнамалық қорын Орхусс конвенциясының міндеттемелеріне сәйкестендіруге ықпал еткен бірнеше заңнамалық актілерін қабылдады. Жұртшылықтың экологияға қатысты шешім қабылдау үрдісіне қатысуы туралы мәселе 2007 ж. «Экологиялық сараптама туралы» Заңға енгізілді, ҚОҚМ осы аталған мәселемен байланысты процедураларды нақты анықтайтын бірқатар ережелер шығарды. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Министрдің Бұйрығы бойынша Қоғамдық экологиялық кеңес құрылды. ҚОҚМ аумақтық ведомствалары түрлі мәселелер бойынша үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық орнатқан. Осындай ұйымдар бірнеше ірі жобалар қатары жөніндегі Мемлекеттік экологиялық сараптама ұйымдастырған қоғамдық дәрістерге қатысады.

Жасалынған барлық қадамның маңыздылығына қарамастан, бұл жұмыс жақын келешекте аяқтала қоймайды. Қазақстан Республикасының қазіргі заңнамасы жұртшылықтың қоршаған ортаны стратегиялық бағалауға қатысуы туралы мәселені қарастырады. Дегенмен мұндай қатысу процедурасына қол қойылмаған. Осының нәтижесі ретінде стратегиялық мағынадағы құжаттардың жобасы қоғамдық дәрістерге енгізілмеген. Ережелер жобасын оң пікір алу мақсатында өнеркәсіптік және шаруашылық бірлестіктеріне тарату мәселесін (жоғ. 3.4 тар.қар.) жұртшылықтың қатысуы туралы мәселе деп қарастырылмайды. Алайда ҚОҚМ кейбір жобалық жоспарларына қатысты, жұртшылық талқылауға эпизодтық жағынан ғана қатысады, олардың осы бағытта мақсат-бағдарлы қызметтерге қатысуы қарастырылмаған. Осындай жағдайлар өздігінен қатысудың айқын да түсінікті шеңберін анықтай алмайды. Жұртшылықтың экологиялық мәселелерге байланысты сот төрелігіне қолжетімі туралы бірқатар мәселелердің түйіні әлі өз шешімін тапқан жоқ.

3.5 ұсыныс:

Үкіметке, ішінара ҚОҚМ мен Әділет Министрлігіне ішкі заңнаманы Орхусс конвенциясының талаптарына сәйкестіруін аяқтап, ережені билік және сот, әсіресе жергілікті органдарының іс жүзінде қолдану шараларын қабылдау міндеті ұсынылады. Бұл үшін, басқа жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотымен ынтымақтастық орнату барысында мемлекеттік қызметкерлер мен сот төрелігіндегі жұмысшыларды оқытуға, сонымен бірге азаматтардың экологиялық құқық немесе олар көрсетіп отырған бірлескен құқықтарын бұзу барысында сотқа жүгінуінің тиімді механизмдерін енгізуге бағытталған стратегия дайындаған қажет болар еді.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен Тұрақты даму Тұжырымдамасында экологиялық білім, ТДБ дайындық туралы да ереже қамтылған. ҚОҚМ мен Білім және ғылым Министрлігімен бірігіп қабылданған Экологиялық білім Тұжырымдамасында осы уақытқа дейін жүзеге асырылмаған жалпы ережелер келтірілген. Білім және ғылым Министрлігінде экологиялық білім мен ТДБ жауап бере алатындай үйлестіруші орталық құрылмаған. ТДБ жөніндегі ЕЭК БҰҰ стратегиясын іске асыру үшін Министрліктер мен негізгі қатысушылар аралығындағы ынтымақтастықтың өзі жеткіліксіз болып отыр.

Мектеп бағдарламасында экологиялық білім беруге қатысты тұжырымдамалық әдістің болмауы мектеп бітірушілерінің басым көпшілігінің экологиялық мәселелер туралы біртұтас көзқарасының қалыптасқандығына күмән келтіреді. Кәсіби-техникалық оқу орындарының бағдарламаларында экология жөніндегі курс жоқ. ЖОО бағдарламаларында да экологиялық

менеджмент, экологиялық құқық және экологиялық бақылау сияқты маңызды пәндер қамтылмаған. Жоғарыда аталған пәндер бойынша дайындықтың болмауына байланысты, мемлекеттік және жекеше секторларда өнеркәсібін экологиялық зиянды сала ретінде қарқынды дамып келе жатқан мемлекет ретінде ҚР мамандардың жетіспеушілігі айқын сезіледі. Халықтың ішіндегі жасы үлкендерге бейресми және арнайы емес экологиялық білім беруге нақты жауапты болатындай мемлекеттік орган әлі анықталған жоқ.

3.6 ұсыныс:

ҚОҚМ ынтымақтасып отырған Білім және ғылым Министрлігі кәсіби даярлаудың жекелеген салаларына жауапты басқа да министрліктермен (мысалы, Денсаулық сақтау Министрлігі) біріге отырып, тұрақты дамыту білімі (ТДБ) жөніндегі үйлестірудің ведомствоаралық механизмін құруы қажет. Мұндай механизм мектепке дейінгі, мектеп және кәсіби-техникалық және жоғары білім, сонымен бірге бейресми және арнайы емес негізде білім беруші, және ҮЕҰ мен БАҚҰ қосқанда, басқа да мүдделі тараптардың мамандарының қатысуын қарастыруы қажет, бұл ЕЭК БҰҰ ТДБ жөніндегі стратегиясын жалпы мемлекеттік деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік берер еді.

4 Тарау

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

4.1 Қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың жалпы негіздері және олардың экологиялық қызметтің нәтижелілігі туралы Бірінші шолу жүргізілгеннен кейінгі дамуы

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет нәтижесінің бірінші Шолуы жазылған уақыттан бастап (2000 ж.) Қазақстан тұтастай алғанда халықаралық ынтымақтастықта және ішінара қоршаған ортаны қорғау саласында белсенді қызмет атқаруын жалғастырды. Экономиканың қарыштап дамуының нәтижесінде аталған ел өзін аймақтық та, әлемдік деңгейде де ірі қатысушы ретінде таныта білді. Атап айтқанда, Қазақстан Ресей Федерациясы мен Қытай аралығында орналасқан маңызды мемлекет бола отырып, Орта-азиялық аймақтағы өз рөлін сақтап келеді.

Қазақстан Республикасы 24 көпжақты табиғатты қорғау келісімдеріне (КТҚК) қол қойды, соның ішінде 12 келісім қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет нәтижесінің бірінші Шолуы жазылған соң бекітілді. Қазақстан 2006 жылы *2007 жылдан бастап 2024 жыл аралығы кезеңіне дейінгі Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға өту туралы Тұжырымдамасын* (ТДӨТ) қабылдады, бұл тұжырымдама елдің тұрақтылықты арттыру жолындағы экономикасы мен қоғамдық өміріндегі өзгерістерге ықпал етуі мүмкін. Қазақстан КТҚК аясында қабылданған өзіндік міндеттемелеріне сәйкес, ЕЭК БҰҰ, ЮНЕП, ЖЭҚ, ЕО сияқты халықаралық және Дүниежүзілік банк, сондай-ақ бірқатар донорлық мекемелермен ынтымақтастықта іс-әрекеттер жоспарлары мен оларды іске асырудың практикалық шараларын әзірледі.

Елде қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі халықаралық ынтымақтастықтың жалпы ауқымын қамтитындай бір де бір құжат жоқ. Дегенмен мұндай шеңбердің элементтері бірқатар құқықтық және саяси құжаттарда, атап айтсақ, Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет нәтижесінің бірінші Шолуы жазылған соң қабылданған *Экологиялық кодексте, ТДАТ, Қазақстан Республикасының 2005-2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау бағдарламасында* (әрі қарай – Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы) және *Қазақстан Республикасының 2004–2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігінің тұжырымдамасында* (әрі қарай Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы деп аталады) көрініс тапты.

Қазақстан халықаралық мекеме және форумдар қатарындағы өз рөлін арттыруға ұмтылу үстінде. 2007 жылдың қараша айында Мадрид қаласында өткен ЕҚЫҰ министрлерінің он бесінші Кеңесінде Қазақстан 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етеді деген шешімге келді. Министрлердің “Еуропаға арналған қоршаған орта” (Белград, 10–12 қазан 2007 жыл) алтыншы Конференциясында ЕЭК БҰҰ аймағының министрлері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылға белгіленген кезекті Конференцияны өткізуге қатысты ұсынысын жылы қабылдады. Қазақстан бұл шешімді халықаралық ынтымақтастықта өз күшінің танылғандығымен байланыстырып, тұрақты дамуға қатысты алынған бағыттың жалғастыруға ниет білдіруі ретінде қарастырады.

4.2 Басымдықтар, тәсілдер және саясат

Қағидаттар мен басымдықтар

Экологиялық кодексте (2007 ж.) Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау және табиғатты қолдану саласындағы халықаралық ынтымақтастығы туралы тарау берілген. Кодексте халықаралық ынтымақтастықтың басымдылығы мен қағидалары баяндалған (4.1 ендірімені қараңыз), сондай-ақ оның экономикалық негіздері анықталып, механизмі сипатталған, Қазақстан осы аталған мәселелер бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа қатыса алады және өз міндеттемелерін КТҚК аясында орындайды. Халықаралық ынтымақтастықтың қағидаларында халықаралық деңгейде танылған қағидалар қамтылған, атап айтсақ, халықаралық міндеттемені орындау, басқа елдердің табиғатына залал келтірмеудің алдын алу шараларын орындаудағы жауапкершілік, сақтық қағидасы, трансшекаралық қоршаған ортаға елеулі де маңызды ықпал ететін әрекеттер туралы мәлімдеу, сондай-ақ ластауға қатысты материалдық жауапкершілік қағидасы. Осылайша, берілген Кодекс халықаралық ынтымақтастықтың жалпы белгілерін сипаттай отырып, оның құқықтық шеңберін қалыптастырады.

4.1 Ендіріме: Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастығындағы басымдықтар

- Адамзаттың өмірі мен денсаулығына жағымды қоршаған ортаны қорғау
- Тұрақты дамудың жетістіктері
- Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты қолдану саласындағы ұлттық мүддені сақтау
- Трансшекаралық ластанудың алдын алу, төмендету және бақылау
- Экологиялық стандарт пен талаптарды сақтаудың негізінде еркін халықаралық сауда мен инвестицияны дамыту және қолдау
- Төтенше экологиялық жағдай туындағанда халықаралық көмек көрсету
- Трансшекаралық және аймақтық экологиялық мәселелерді шешу барысында халықаралық құқық нормалары мен қағидаларын қолдану
- Қоршаған ортаны қорғау және тұрақты дамыту жөніндегі халықаралық бастамаларға қатысу

ТДАТ (2006 ж.) елдің тұрақты дамуға көшуді жеңілдетуі мен оның халықаралық қауымдастықтағы жалпы мәртебесін арттыруға көзделген міндеттерінің тізімінен тұрады. Жекелеген іс-шаралар бойынша Қазақстанда «тұрақты дамудың халықаралық аймағын» құру, осы елде бас офисі бар халықаралық экологиялық мекеме орнату, ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуге және ірі халықаралық экологиялық кездесулер мен форумдарға қатысу туралы мәселелер қамтылған. Аталған мақсаттардың ішінде бірқатары орындалды (4.1 тарауын қараңыз).

Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы (2003 ж.) халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын сипаттайды және ол тиімді ұлттық экологиялық саясаттың тірек белгісі болып саналады. Бұл бағытқа мына мәселелер жатады: халықаралық келісімнің талаптарын іске асыру; қоршаған орта жағдайын бағалау және бақылаудың жалпы тәсілдері мен әдістемесін жасау; халықаралық тәжірибені қолдану; ұлттық экологиялық бағдарлама және жобаларды іске асыруда, қаржыландыруды қосқанда, халықаралық мекемелерді аса белсенді қатыстыру. Саяси құжатта Қазақстанның басты экологиялық мәселелеріне және олардың шешілуі тиіс деңгейіне (жаһандық, ұлттық немесе жергілікті) алғаш рет талдау жүргізілді және олардың классификациясы берілді.

Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (2004 ж.) *Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасының* негізінде халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейту жөніндегі тәжірибелік іс-шараларды жасауға және оларды жүзеге асыруға байланысты бағытталып жасалынды. Бұл іс-шаралар қатарына ұлттық табиғатты қорғау туралы заңнаманы талдау, ұлттық заңнаманың ЕО заңнамаға жуықтауын қамтамасыз ету, КТҚК орындау үшін, КТҚК жүзеге асыру жөніндегі жағдайын бағалау және есеп беруді дайындау мәселелері жатады. Осы міндетті орындау барысында қоршаған ортаны қорғау туралы жаңа бағдарлама жасалынды (2008–2010 ж.).

Осы аталған саяси құжатта халықаралық ынтымақтастықтың жекелеген салаларының тізімі берілген. Дегенмен осындай құжаттарды талдау арқылы төменде келтірілген салаларға ерекше назар аудару туралы қорытынды шығаруға негіз бар:

- Ауа райының өзгеруін жұмсарту
- Озон қабаты мен ауа сапасын қорғау
- Биоәралуандылықты сақтау
- Жердің шөлге айналуымен және тозуымен күрес жүргізу
- Траншекаралық сулармен қатар, су ресурстарын қорғау және басқару
- Қауіпті қалдықтардың трансшекаралық араласуымен қатар, қалдықтарды басқару

Аталған салалардың бірқатары бойынша бірнеше саяси құжаттар жасалынды, мысалы, *Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі айрықша күзетілетін табиғи аймақтарын дамыту және жайғастыру тұжырымдамасы* (2000 ж.) және *2005–2015 жылдарда шөлге айналу үрдісімен күресу бағдарламасы* (2005 ж.).



Ле-Алатау ұлттық паркі

Институционалдық және құқықтық ая

Жуырда қабылданған *Экологиялық кодекс* ұлттық табиғатты қорғау туралы заңнаманы және оның халықаралық нормалар мен стандарттарға, ішінара, ЕО заңнамасымен үйлестігін үндестіруге жасалынған ұмтылысты білдіреді (1 тарауды қараңыз). Халықаралық ынтымақтастық және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қамтитын басқа да заңдар қатарына *Орман кодексі* (2003 ж.), *Жер кодексі* (2003 ж.) және *Су кодексі* (2003 ж.) кіреді.

Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің (ҚОҚМ)¹³ негізгі міндеттерінің қатарына мыналар жатады: (а) қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру және жүзеге асыру; (б) қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму және олардың іске асырылуы салаларындағы халықаралық конвенциялар мен келісімдерді сақтау саясатын жасау. ҚОҚМ құрылымында осы міндеттерді орындауға және осы салалардағы ҚОҚМ қызметкерлер құрамының жұмысын үйлестіруге жауапты құқықтық қолдау мен халықаралық ынтымақтастық Басқармасы бар (1 тараудағы 1.1 ендімесін қар.). 2006 жылы ҚОҚМ мамандары КТҚК және екіжақты ынтымақтастықты орындаумен қатар, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі халықаралық ынтымақтастық саласы бойынша Қазақстанда

¹³ ҚР 28 қазан 2004 жылғы № 1113 Шешімі

жүргізіліп отырған іс-шараларға ішкі талдау жүргізді. Аталған талдаудың нәтижесіне сүйенсек, осындай ынтымақтастықтың ел үшін пайдалы екендігін атап көрсетеді және алайда, оның жетістіктері қолда бар ақтандақтар мен оларды жою туралы ықтимал әрекеттерге сыни баға бермейді.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі халықаралық ынтымақтастық саласы үшін басқа мемлекеттік органдар да жауапты. Атап айтсақ, Ауылшаруашылық Министрлігі трансшекаралық су қоймалары мен халықаралық көлдерді қорғау және қолдану Конвенциясын және жабайы флора мен фаунаның жойылып бара жатқан түрлерінің халықаралық саудасы туралы Конвенциясын (CITES), ал Төтенше жағдайлар Министрлігі өндірістік апаттардың трансшекаралық ықпалы туралы Конвенцияны орындауға жауапты болып саналады.

4.3 Ұлттық сипаттағы экологиялық мәселелер жөніндегі халықаралық ынтымақтастық¹⁴

Ауа райының өзгеруі

Қазақстан Республикасының аумағының осал тұсы - болжалып отырған ауа райы өзгерісіне тікелей қатысты. Өсімдік өсіру өнімділігінің төмендеуі, өзен суларының тартылуы мен таулы аудандардағы қардың төменгі шекарасының артуы сияқты ауа райының бірнеше әлеуетті әсеріне зерттеу жасалынды. Мұндай әрекеттер ел үшін ауа райында елеулі өзгерістер болатындығын растайды.

Қазақстан Республикасы 1992 жылы БҰҰ ауа райының өзгеруі жөніндегі Негіздемелік Конвенциясына (БҰҰАӨЖШК) қол қойды және оны 1995 жылы бекітті. 1999 жылы Қазақстан Киото Хаттамасына қол қойған еді, бірақ ол бекіту туралы заң жобасы дайын болғанымен, әлі күнге дейін бекітілген жоқ. Осы кезеңге байланысты саяси шешім қажет. Тұтастай алғанда, бекітуге қатысты үлкен қолдау бар, дегенмен, осыған қатысты қарама-қарсылық ерекше мүддесі бар бірқатар топтардан шығып отыр (мыс., өндірістік қалдықтар тастау жөніндегі міндеттердің ықпалына ұшырайтын және есебінің айқын болуын арттыруды қажет ететін компаниялар). Елдің ауа райының өзгеруі жөніндегі өткізілетін іс-шаралары мен жобалары 4.2 ендірімеде көрсетілген.

Ауа мен озон қабатын қорғау

Қазақстан, өзінің дамыған өнеркәсібімен және елдегі негізгі энергия көзі ретінде көмірді мақсат-бағдарлы қолдануымен Орта Азиядағы ауаның ластануына жауапты болып табылады, оның үлесі аймақтағы бүкіл елдердің ішінен 40% аса үлесті құрайды. Энергия тақырыбына арналған 7 тарауда және Кен қолдануға арналған 8 тарауда сипатталғандай, соңғы жылдары өнеркәсіптік қызметтің қарқынды дамып келе жатқандығы байқалады. Елдің энергиялық және өнеркәсіптік секторы басымдылығы, негізінен, қоршаған ортаны қатты ластайтын ескі құрал-жабдықтарды пайдалану барысында артты. Ауаның ластануының одан әрі күшеюінің алдын алуға арналған эмиссияны қысқартуды бақылаудың қазіргі тәжірибесін дамыту және таза технологиясын енгізіп, энергия тиімділігін арттыру қажет. 32 жыл уақыт кезеңі ішіндегі озон қабатының жағдайын зерттеу нәтижесі стратосфералық озон концентрациясының 7-8 пайызға төмендегендігін көрсетті, оның ең төменгі концентрациясына 1992 жылдан 1995 жылға дейін, ал ең жоғары концентрациясына –2003 жылы бақылау жасалған.

2001 жылы Қазақстан ауаның үлкен арақашықтықтағы трансшекаралық ластануы туралы конвенцияға қосылды (АҰҚТЛ Конвенциясы). Ол оның бірде бір хаттамасын бекіткен жоқ. Қазіргі кезде Қазақстан ЛЗМБ¹⁵ Хаттамасына қосылу туралы мәселені қарастыруда. Елде

¹⁴ Қазақстан Республикасымен бекітілген немесе қол қойылған, немесе ел үшін үлкен маңызға ие МСООС тізімі II қосымшада берілген.

¹⁵ Еуропа бойынша ауаның үлкен арақашықтықтағы трансшекаралық ластаушы заттарына мониторинг жүргізу және бағалау жөніндегі Ынтымақтастық бағдарламасын ұзақ мерзімге қаржыландыру туралы хаттама (ЛЗМБ).

«Қазақстандағы ауа сапасын басқару жүйесін жетілдіру және 2008-2010 жылдары АУҚТЛ Конвенциясы ЕЭК БҰҰ жекелеген хаттамаларын жүзеге асыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жобасы жасалынды. Конвенцияның Ұлттық есебін дайындау барысында күкірт қос тотығы, көміртек тотығы, бейметанды ұшқыш органикалық қоспалар, көміртек қос тотығы және экономика мен ауыр металдар (кадмий, көорғасын және сынап) және берік органикалық лаптағыштар (БОЛ) тастайтын негізгі көздер салалары бойынша өлшенген қатты бөлшектердің жиынтық көлемі белгіленді. Талдау жүргізуге арналған құралды Бурабайдағы фондық мониторинг станциясына Норвегия ұсынды (3 тарауды қара). ЕЭК БҰҰ ауа сапасын басқару және Орталық Азияда көмірді таза технологиямен жағуды қолданудың басымдылығын дамыту мәселелері қамтылған. Энергетика және минералды ресурстар Министрлігі ауа сапасын басқару жүйесін басқару бағдарламасын дайындау және ТЗВБР Конвенциясының жекелеген хаттамаларын орындауға дайындық жүргізумен айналысуда. Дегенмен Қазақстан Республикасының Конвенцияның қандай да бір хаттамасына қосылу мерзімі туралы әлі белгісіз.

Қазақстан озон қабатын қорғау жөніндегі Вена Конвенциясына (Озон конвенциясы) және озон қабатын бүлдіретін заттар туралы Монреаль Хаттамасына (1998 жылы), сондай-ақ Монреаль Хаттамасымен қатар Лондон Толықтырмасына (2001 жылы) қосылды. Қазақстан Копенгаген және Монреаль толықтырмаларына қосылу мәселесін қарастырып отыр, бірақ Пекин толықтырмасы сияқты аталған құжаттарды да әлі бекіткен жоқ. Конвенция мен хаттама талаптарын орындау міндеті ҚОҚМ жүктеледі. 2001 жыл мен 2004 жыл аралығындағы кезеңде ПРБҰҰ қолдауымен озонды бұзатын заттарды (ОБЗ) қолдануды төмендету және қолданыстан біртіндеп шығаруға, сонымен бірге ОБЗ қолданатын кәсіпорындарға алмастыру технологияларын орнату және оларға қолдау көрсетуге бағытталған бірқатар жобалар қолға алынды. ОБЗ қолдану, оны экспорттау және импорттау мәліметтеріне жинақтау, өңдеу және талдау жүргізу жұмыстары ұйымдастырылды. Қазақстан ОБЗ бірнеше түрлері бойынша импортқа шығаруды шектеуді белгіледі, атап айтсақ хлорфторкөміртегі, галон, тетрахлорид көміртегі және метилхлороформ. Монреаль Хаттамасының шеңберіндегі міндеттемелерін орындау барысында Қазақстан Озон Конвенциясы хатшылығына 1999–2002 жылдар аралығы бойынша ұлттық есебін берді.

Табиғат пен биоэралуандылықты сақтау, шөлге айналумен күресу

1994 жылы Қазақстан биологиялық эралуандылық туралы тұжырымдамаға (КБР) қосылды. ҚОҚМ – БЭК мәселелері жөніндегі білікті орган. 1999 жылы БЭК талаптарын орындау мақсатында Қазақстан биоэралуандылықты сақтау және тұрақты қолдану шараларының Ұлттық стратегиясы мен жоспарын қабылдады. Стратегия шеңберінде ормандардың биоэралуандылығын сақтау басымдылық ретінде анықталды. БЭК алға қойған талаптарына сәйкес Қазақстан биоэралуандылық туралы үш ұлттық есеп (соңғы есеп 2005 жылы дайындалды) және орман экожүйесі туралы есеп дайындады.

Ерекше күзеттегі табиғи аумақтар биоэралуандылықты сақтау жөнінен ерекше рөл атқарады. 2007 жылдың басындағы жағдай бойынша ерекше күзеттегі табиғи аумақтардың жалпы көлемі 14.5 миллион га аса жерді құрады (елдің 5.3% аумағы). Қазақстанда күзетілетін аумақтардың тоғыз түрі бар (мемлекеттік табиғи қорықтар, ұлттық парктер мен табиғи ескерткіштерді қосқанда), оның ішінде тек мемлекеттік табиғи қорықтар биоэралуандылықты қатаң қорғайды. *Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі ерекше күзеттегі аумағын дамыту және жайғастыру Тұжырымдамасы* 17.5 миллион га (елдің 6.4% аумағы) көлеміндегі күзетілетін аумақтың жалпы ауданына қол жеткізуді қарастыратын мақсатты белгілеп отыр. Берілген Тұжырымдама халықаралық мекемелердің қатысуымен 13 қосымша ұлттық парк (оның жалпы көлемі 2,100 га аса), 25 мемлекеттік табиғи қорық (2,800 га аса) және 6 биосфералық қорық (670,000 га) жасауды қарастырады. Жаңа күзетілетін аумақтар құру жөніндегі қызмет те басталып кетті. Ауыл шаруашылығы Министрлігінің орман және аң шаруашылығы Комитеті күзетілетін аумақтарды дамытуға және басқаруға жауап береді. Орман және аң шаруашылығы Комитеті мен ҚОҚМ аралығында биоэралуандылықты сақтау жөнінде шынайы үйлестік жоқ.

4.2 Ендіріме: Қазақстан және климаттың өзгеруі

Қазақстан 1992 жылы БҰҰ ауа райының өзгеруі жөніндегі Шеңберлік Конвенциясына (БҰҰАӨЖШК) қол қойып, оны 1995 жылы бекітті. 1997 жылы ҚР Үкіметі елдің МӨ қалдықтарының көлемін 1990 жылғы эмиссия көлеміне сүйене отырып, оны азайту және шектеуге бағытталған шараларды талқылауға дайын екендігі туралы мәлімдеді. 1998 жылы Қазақстан БҰҰАӨЖШК хатшылығына Бірінші Ұлттық мәлімдемесін жасады. Қазіргі уақытта екінші мәлімдеме жасауға дайындық жүргізілуде. 1999 жылы Қазақстан I Қосымша және В Қосымшасы тараптарына айналмай, Киото Хаттамасына қол қойды. Үстіміздегі жылы Қазақстан Конвенцияның I Қосымшасы тарапының міндеттемелерін қабылдауға ниет білдірді. Осылайша, Хаттаманы бекіткен соң, Қазақстан I Қосымша тарабына айналады, бірақ В Қосымшасында қалдықтарды қысқарту жөніндегі міндеттемелердің мақсаттық көрсеткіштері көрсетілмейді.

2000 жылы ҚР Үкіметінің Қаулысы бойынша ауа райының өзгеруі жөніндегі Ведомствоаралық комиссия (ВК) құрылды. ВК мақсатының қатарына мына мәселелер жатады: (а) Киото Хаттамасын бекітуге қатысты шешімдер қабылдау туралы ұлттық үйлестіруді жақсарту, елдің БҰҰАӨЖШК шеңберінде қабылданған міндеттерін орындау; (б) ауа райының өзгеруі туралы мәселелерді талқылауға қатысу; (с) елде бірігіп жасалған жобалар шеңберінде МӨ қалдықтарын қысқартуға бағытталған қызметті атқару. ВК құрамына Экономика және сауда Министрлігін қосқанда, бірқатар министрліктер және ҚОҚМ (төраға орынбасары ретінде) кірді.

Сонымен қатар ВК ПГ ағымдары мен көздерін түгендеу және мониторингтеу мәселелерін шешуге, жеңілдету және бейімдеу шараларына, технология беру, халықаралық талқылаулардың реттеуші қоры мен барысын жасауға қатысты. 2000 жылдан 2002 жылға дейінгі аралықта, бірқатар шешімдер мен кепілдемелер дайындалып өткізілген төрт келіссөзден соң, ВК бірде бір келіссөз жүргізген жоқ, дегенмен оның хатшылығы мен жұмыс органы (Ауа райының өзгеруі жөніндегі Үйлестіруші орталық) (4С) әлі күнге дейін жұмысын тоқтатқан жоқ. 4С – үкіметтік емес орган, ол мемлекеттің атынан қызмет етеді және Қазақстанды халықаралық деңгейде ауа райының өзгеруі жағынан танытады.

Киото Хаттамасының Бекітілуі қаржыландырудың сыртқы көздері мен жаңа технологияларға қол жеткізумен сәйкес, таза даму механизмі (ТДМ) мен бірігіп іске асыру механизмі (БИА) сияқты «икемді механизмдерге» қатысуға мүмкіндік береді. В қосымшасына қосылу барысы Қазақстан Республикасы үшін базалық жыл ретінде бекітілген, 1992 жыл деңгейіне қатысты міндеттемелердің алғашқы кезеңіндегі (2008–2012 жылдар) эмиссия көлемін төмендету туралы міндеттемелер қабылдауды талап етеді. Бұған қоса, Тағайындаулы ұлттық орган (ТҰО) құру туралы да түрлі пікірлер ұсынылды, ол да ТСО сияқты үкіметтік орган болуы мүмкін.

Қазақстан көптеген кедергілер мен тәуекелдердің болуына қарамастан, БИА жобаларын тартуға көп мүмкіндігі бар. Ең алдымен, Қазақстандағы БИА жобаларын жасауға арналған реттеуші қор әлі бастапқы кезеңде тұр. Қазақстанның I Қосымшасының да, В Қосымшасының да арнайы тарапы болып саналмайтындығын, сонымен қатар бұл елдің осы күнге дейін қалдықтарды қысқарту жөніндегі формалық жағынан міндетті мақсаттық көрсеткіштер белгілемегендігін ескерсек, қолданыстағы немесе жаңа жобалардың мүмкіндік дәрежесіне қатысты белгісіздік орнайды.

Елде ПГ қалдықтарын қысқартуға бағытталған бірқатар жобалар іске асырылуда. Энергия тиімділігінің бір жобасы жапондық мемлекеттік NEDO компаниясының қатысуымен аяқталды, бұл компания 15 миллион АҚШ доллары салымын жасады. Жобаның нәтижесінде жылу және электр энергиясын өндіретін қуаттылығы 130 МВт және 120 Гкал/с қос газ құбырының орнатылды. Сонымен бірге бұл қондырғыда тәулігіне 50,000 тонна тұщы суға дейінгі суды тұщытып өндіруші қондырғы да бар. Жыл сайын көміртек қос тотығының (CO₂) қалдығы 800 кг дейінгі мөлшерде қысқартылады деп жоспарлануда.

Экология және ауа райы жөніндегі Қазақ ғылыми-зерттеу институты (ЭАЖҚазҒЗИ) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырып отырған, ауа райын өзгерту жөніндегі зерттеулер жүргізеді. Институт 2000 жылдан бастап ҚОҚМ бақылауымен қалдықтарды үздіксіз түгендеу жұмысын жүргізеді. Түгендеудің сапасы артқандығына қарамастан, жекелеген секторлар бойынша эмиссияға қатысты жоғарғы белгісіздікпен байланысты күрделі мәселе сол күйінде қалады.

Қазіргі уақытта халықаралық мекемелерді қолдау барысында бірқатар жобалар іске асырылып отыр. Олардың бірқатары Батыс Тянь-Шянь *биоэралуандылықты* сақтау жобасы, *жыл құстарының қоныстанатын жері ретіндегі* жаһандық мәнге ие су-балшықтық пайдаланылатын жерлердің басымдылығын (су-балшықтық пайдаланылатын жер туралы аса толық мәліметтер Рамсар Конвенциясы туралы тарауда берілген – төм.қара) интеграциялық жағынан сақтау Жобасы, *Биоэралуандылықты тиімді сақтауға арналған ерекше күзетілетін аумақтардың ақпараттық жүйесін күшейту Жобасы* ЖЭЖ/БҰҰДБ тарапынан қаржыландыру арқылы орындалады. Осы жобалардың ішінде пайда алушылардың бірі - Ақсу-Жабағылы

мемлекеттік табиғи қорығы, осы қорық үшін басқару жобасы жасалынған. Қазіргі уақытта басқару жобасы жүзеге асу кезеңінде, мұнда қызметкерлер құрамын дайындау, байланыс құралдарын, көлік құралдарын, егістік және зерттеу құралдарын орнату, сондай-ақ инфрақұрылымды жетілдіру мәселелері жүзеге асырылу үстінде. Басқа аясы заңдық актілерге сәйкес ерекше күзетілетін аумақтар туралы заң жасауды көздейтін ТҚХО (Табиғатты қорғаудың Халықаралық одағы) ұсынымдарына сәйкес ұлттық заңнаманы үйлестіруге бағытталған.

Биоэралуандылықты сақтау туралы міндеттер ұлттық саяси құжатқа енгізілді. Мысал ретінде *2005 – 2007 жылдарға арналған жабайы тұяқты жануарлар мен ақбөкендердің сирек және жойылып бара жатқан түрлерін сақтау және қайта қалпына келтіру туралы бағдарламаны* айтуға негіз бар. Бұл жұмыс бойынша сирек және жойылып бара жатқан түрлеріне қатысты іс-шаралар мен мақсаттардың жоспарын жасау, өрістеуші түрлерімен қатар, популяцияланатын түрлеріне мониторинг жүргізу, сондай-ақ заңнамалық шеңберді жетілдіру сияқты міндеттер атқарылады. Бүгінгі таңда ҚР Үкіметі биоэралуандылықты таратушы жерлерде орналасқан фермерлік шаруашылық пен кәсіпорындарды ынталандыруға арналған экономикалық және реттеуші механизмдер жасауды қолға алды.

Қазақстан биологиялық қауіпсіздік жөніндегі Картагендік Хаттаманы бекіткен жоқ, алайда, қазіргі уақыт ішінде елде осы Хаттаманы бекіту туралы дайындық жүргізілу үстінде (Ауылшаруашылық Министрлігі жауапты мемлекеттік орган ретінде қатысады). ЮНЕП қаржыландырып отырған осы жобаның шеңберінде биологиялық қауіпсіздік жөнінде ұлттық аядағы құжат дайын болды.

2005 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Рамсар Конвенциясын бекітті, ол 2007 жылдың мамыр айында өз күшіне енді. Бұған қоса, 2005 жылдың желтоқсан айында Қазақстан жабайы жануарлардың өрістеуші түрлерін сақтау туралы Бонн Конвенциясын бекітіп (СМВ Конвенциясы), онымен 2006 жылдың мамыр айында бірікті. Қазақстан Республикасының халықаралық маңыздылықтағы бір су-балшықтық пайдаланылатын жері бар, ол Рамсар тізіміне енгізілген – Теңіз-Қорғалжың теңіздік жүйесі (бұл жүйе тізімге Кеңес одағы дәуірінен бастап енгізілген). Осыған ұқсас басқа да ірі су-балшықтық пайдаланылатын жерлер қатарына Алакөл көлдері жүйесі және Теңіз және Ырғыз өзендерінің қиылысында орналасқан Терғай қорығы жатады. Алайда аталған аумақ Рамсар тізіміне әлі кіргізілмеген.

2004 жылдың мамыр айынан бастап ЖЭҚ/БҰҰДБ, Ауыл шаруашылығы Министрлігінің орман және аң шаруашылығы Комитетінің қолдауымен *өрістеуші құс түрлерінің қоныстанатын жері ретіндегі* жаһандық мәнге ие: үш аумақта демонстрация жасау су-балшықтық пайдаланылатын жерлердің басымдылығын интеграциялық жағынан сақтау Жобасы қолға алынды. Жобаның жоспарланып отырған мерзімінің ұзақтығы - 7 жыл, ЖЭҚ салымының мөлшері –8.7 миллион АҚШ доллары, ҚР Үкіметінің салымы– 24 миллион АҚШ долларынан аса қаржыны құрайды. Бұл жобаның міндеттері мынадай: (а) биоэралуандылықты интегралды сақтау және басқару жөніндегі заңнамаларды жетілдіру; (b) ерекше күзеттегі аумақтарды басқару жүйесін күшейту; (c) жоба қатысушыларының ақпараттылық деңгейін арттыру және қолдау; (d) қауымдастықтардың қатысуымен өнімді ландшафттардағы биоэралуандылықты сақтау және тұрақты қолдану; (e) Өрістеуші құстар мен су-балшықты пайдаланылатын жерлердің Қорын құру. Үш жобалық аумақтың қатарына мыналар жатады: Теңіз-Қорғалжың көлі, Алакөл-Сасықкөл көлдері жүйесі және Каспий теңізінің жағалаулық аймағын қиып өтетін Орал өзенінің сағасы.

Берілген жоба шеңберінде Рамсар Конвенциясы мен СМВ Конвенциясы қызметтерінің жобасы, сонымен бірге биоэралуандылықты сақтау туралы бірқатар норма, стандарт және заң күшіндегі актілер жасалынды. Бұл жоба биоэралуандылықты сақтау саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге қолдау көрсетеді. Осы жоба бойынша қол жеткен жетістіктердің бірі 20,000 га ауданды алып жатқан Алакөл мемлекеттік табиғи қорығын 83,000 га дейін кеңейту жөнінде

қабылданған шешім. Жоба қауіп алдындағы экожүйені, сондай-ақ қорық аумағындағы сирек және эндемиялық түрлерін кешенді қорғауды қамтамасыз етеді.

1997 жылы Қазақстан Республикасы БҰҰ шөлге айналумен күрес жүргізу жөніндегі Конвенциясын бекітті (БҰҰШАКК). ҚОҚМ БҰҰШАКК шеңберінде ұлттық жауапты тұлға ретінде қызмет етеді. Берілген Конвенцияның Қазақстан үшін маңызыдылығы басым, себебі елдің 2/3 аумағы шөлге айналудың түрлі деңгейлеріне ұшыраған. Қазақстан Конвенция хатшылығына арнап үш ұлттық есеп дайындады: 2000 жылы, 2002 жылы және 2006 жылы. 2005 жылы Қазақстан 2005–2015 жылдарға арналған шөлге айналумен күрес жүргізу жөніндегі Бағдарламаны қабылдады, мұнда шөлге айналу себептеріне жүргізілген талдау және шөлге айналу үрдістерінің алдын алу және тоқтату жөніндегі айрықша іс-шаралар берілген (нақты мәлімет 1 тарауда, 1.3 бөлімінде келтірілген).

2003 жылдан бастап 2006 жылға дейінгі кезеңде БҰҰДБ/ЖЭҚ «*ОС жаһандық басқару мүмкіндіктерінің ұлттық өзін-өзі бағалау*» жобасына 200,000 АҚШ доллары көлемінде қаржы бөліп отырды, бұл жоба КООНБО, БҰҰАӨЖШК және БЭК талаптарын сақтау жөнінен Қазақстанға көмек көрсетуге бағытталып жасалынған. Басқа да жобалар жүзеге асырылды немесе жүзеге БҰҰДБ, ЖЭҚ, Азиялық даму банкі (АДБ), Франция, Германия және Ұлыбритания үкіметтері, Дүниежүзілік банкпен қатар, халықаралық серіктестермен бірігіп жүзеге асырылу немесе жасалу үстінде. АДБ аймақтық деңгейде жер ресурстарын басқару жөніндегі Орталық-Азия үйлестіруші банк болып саналады. Аталған бастама Орталық Азия елдерінің жер ресурстарын тұрақты дамытудың ақпараттық, елдер арасында ақпарат және тәжірибе алмасу жүйесін жасауға бағытталған.

2000 жылы Қазақстан жабайы флора мен фаунаның жойылып бара жатқан түрлерінің халықаралық саудасы туралы Конвенцияға қосылды. Орман және аң шаруашылығы Комитеті, сондай-ақ балық шаруашылығы Комитеті басқару органы ретінде, ал үш академиялық институт Конвенцияның ғылыми органы ретінде тағайындалған. Конвенция талаптарының орындалуын кедендік органдар мен Сыртқы істер Министрлігі қадағалайды. ҚОҚМ Конвенцияны іске асыруда қандай шамада қатысатындығы белгісіз.

Жалпы алғанда, Қазақстан биоэралуандылықты сақтау мен шөлге айналумен күрес жүргізу саласындағы халықаралық келісімдердің шеңберінде қабылданған өз міндеттемелерін орындау тұрғысында үлкен белсенділік танытты. Ел берілген салада көрсетілген халықаралық техникалық көмектің нәтижесінде мол пайда тапты және жағымды ықпал ететін саясат пен жобаны іске асырды.

Су ресурстарын басқару және қорғау

Су ресурстарын басқару мен қорғаудың трансшекаралық мәселелерінің Қазақстан үшін маңызы зор. Қазақстандағы су ағыстарының басым бөлігі трансшекаралық болып саналады, олардың бір бөлігі көрші елдердің аумағында жатыр (Қытай, Қырғызстан, Ресей Федерациясы және Өзбекстан). Бұл су қоймаларының қатарына ірі Шу, Есіл, Ертіс, Іле, Сыр-Дария, Талас, Тобыл және Орал өзендері кіреді. Бұған қоса, Қазақстан Каспий (Өзербайжан, Иран Ислам Республикасы, Ресей Федерациясы және Түркменстанмен қатар) және Арал теңізімен (Өзбекстанмен қатар) қосылатын елдердің қатарына жатады. Трансшекаралық өзендердегі судың көлемі мен сапасының Қазақстан мен Орта Азияның экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін үлкен маңызы бар. Аймақтағы су ресурстары біртегіс таралмайды. Егер Қырғызстан мен Тәжікстан су ресурстары мен гидротехникалық құрылыстардың көп болуымен ерекшеленсе, басқа үш Орта-азиялық елдер осы ресурстарды ауыл шаруашылығы мен өзге де су қолданушылардың мұқтажыдығын сумен қамтамасыз етуге байланысты бағынышты болып келеді. Плотина, канал және су қоймаларын қосқанда, гидротехникалық құрылыстарды басқару және ресурстарды бөлу туралы келісім жыл сайын талқыланады.

2000 жылы Қазақстан трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және қолдану туралы конвенцияны бекітті (Су конвенциясы). Дегенмен көршілес елдердің ішінде

тек Ресей Федерациясы мен Өзбекстан ғана осы құжатты бекіткен. Аймақ үшін су маңызды мәселе болып саналатындығына байланысты Қазақстан Орталық Азияның басқа да елдерінің Су Конвенциясына бірігуіне ықпал ететін іс-шараларға жиі қатысады. Осынау игі істер қатарына қоршаған орта мен суды қорғау туралы түрлі халықаралық форумдарға қосылу мәселесін көтеру және дипломатиялық бастамалар жатады. Қазақстан сондай-ақ Қытайды Ертіс өзені және Балқаш көлімен байланысты мәселені шешуге тартуға үлкен күш жұмсады. Экономикалық белсенділіктің күшеюінің нәтижесі өзен ағыстары мен су балансының өзгеруіне, осы бассейндердегі жерүсті және жерасты суларының ластануының күшеюіне, сонымен бірге Балхаш көлінің басым тұздануына және жартылай құрғақтануына ықпал етті. Әлеуетті тәуекелдердің алдын алу немесе оларды азайту мақсатында Қытай және Қырғызстан мемлекеттерімен бірігіп су ресурстарын трансшекаралық тұрғыда басқару туралы үшжақты келісімді орнатып, қол қою қажет. Қазақстан Су конвенциясының жетекшілігімен ЕЭК БҰҰ жариялаған *трансшекаралық өзен, көл және жерасты суларының Бірінші бағалануын* дайындауға белсенді түрде қатысқан еді.

2000 жылы Қазақстан мен Қырғызстан Шу және Талас өзендеріне қатысты екіжақты Келісімге қол қойып, Шу және Талас өзендерінің суын тиімді қолдану жүйесін пайдалану жөніндегі Үкіметаралық Комиссиясын құрды. Комиссия Келісімде көрсетілген су қолдану жүйесін бірігіп басқаруға жауап береді.

Қазақстан «*Орталық Азиядағы плотиналардың қауіпсіздігі: аймақтық қауымдастыққа қатысты басымдықты арттыру*» жобасына қатысады, бұл жобаны Финляндия Үкіметі БҰҰ Орталық Азия елдеріне арналған Арнайы бағдарламасының (ОАЕАБ) шеңберінде қаржыландырып отыр. Жоба мына мәселерді шешуге бағытталған: (а) қатысушы елдерді ұлттық реттеуші шеңбердің үйлесуіне қол жеткізу үшін плотиналар қауіпсіздігін жасауға немесе қайта қарастыруға ынталандыру; (б) плотиналарда апат немесе төтенше оқиғалар болған жағдайда ақпарат және мәлімет алмасу мақсатында субаймақтық ынтымақтастықты алға жылжыту. Жоба ЕЭК БҰҰ және ЭСКАТО¹⁶ Арал теңізін құтқару жөніндегі Халықаралық Қордың Атқарушы комитетінің қазақстандық филиалымен бірігіп жүзеге асырылады.

Қазақстан өз аумағында 2007 жылдың қазан айында Алматыда “Өзен бассейндерінің комиссиясы және трансшекаралық су ынтымақтастығының басқа да институттары” семинарын өткізді. Семинар ЕЭК БҰҰ, БҰҰДБ және ЕҚЫҰ бірігіп, Су конвенциясының басшылығымен жүзеге асырылатын «*Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдеріндегі су ынтымақтастығының басымдығы*» жобасының шеңберінде ұйымдастырылды. Семинардың мақсаты ВЕКЦА елдерінде шешім қабылдаушы сарапшылар мен тұлғалардың әлеуетін нығайтуға, сондай-ақ трансшекаралық суларды бірігіп басқаруды мақсат еткен өзен бассейндерінің біріккен комиссиясын қосқанда, тиімді институттар мен механизмдер құру және оларды қолдау мекемелері аралығында тәжірибе алмасуды қамтамасыз етуге негізделген.

Екіжақты және аймақтық ынтымақтастық мәселелері 4.4 бөлімінде және 8 тарауда қарастырылады.

Қалдықтарды және химиялық заттарды басқару

2003 жылы Қазақстан қауіпті қалдықтар мен оларды кәдеге асырудағы трансшекаралық қозғалысты бақылау жөніндегі Базель Конвенциясына қосылды. Базель Конвенциясының веб-сайтында аталған Конвенцияның Қазақстандағы білікті органы мен жауапты тұлғасы туралы ешқандай мәлімет берілмеген. Қазақстан зиянды қалдықтар мен оларды кәдеге асырудағы трансшекаралық қозғалыс салдарынан келтірілген залалды өндіруге қатысты жауапкершілік пен жәрдемақы туралы Базель Хаттамасымен тең Базель Конвенциясын қолдануға тыйым салу туралы Қосымшаны да әлі бекіткен жоқ. Базель Конвенциясының талаптарына сәйкес Қазақстан 2004 жылдан бастап Конвенция Хатшылығына жылдық ұлттық есеп беріп келеді. Елде зиянды қалдықтарды импорттауға және экспорттауға рұқсат беру жүйесі жасалынған.

¹⁶ Азия мен Тынық мұхитына арналған экономикалық және әлеуметтік комиссия

Екінші шикізат және өнім түріндегі қалдықтарды Қазақстан Республикасының аумағына шығарудың алдын алатын, зиянды қалдықтар декларациясының жаңа кедендік ережелері енгізілді. 2006 жылы экспортқа шығарылатын улы заттардың көлемі 98,000 тоннаны құрады (өндірілетін қалдықтардың жалпы көлемінен 0.042%), бұл қалдықтар негізінен алғанда, Ресей Федерациясының зерттеу институтына жіберілді. 2007 жылғы *Экологиялық кодексте* қалдықтар мен бақыланатын қалдықтар тобын анықтауды қосқанда, Базель Конвенциясының талаптарымен сәйкесетін зиянды қалдықтардың трансшекаралық қозғалысы туралы бап қарастырылған.

2007 жылы Қазақстан берік органикалық ластағыштар туралы Стокгольм Конвенциясын (БОЛ Конвенциясы) бекітті және қауіпті химиялық заттар мен пестицидтің жекелеген түрлерін халықаралық саудаға шығаруға алдын ала келісім беру процедурасы туралы Роттердам Конвенциясына қосылды.

ҚОҚМ БОЛ Конвенциясының ресми жауапты тұлғасы болып есептеледі. БОЛ қалдықтары Қазақстан үшін аса күрделі мәселе қатарынан орын алады. Бастапқы баға бойынша Қазақстанда қалдықтардың көлемі 250,000 тоннаны құрайды екен, яғни, бұл Ресей Федерациясын қоспағанда ВЕКЦА барлық елдерінің ішіндегі ең жоғарғы көрсеткіш болып отыр. Аса қобалжытатын өзекті мәселеге айналып отырғаны да осы көнерген пестицидтер және олардың сақталуы, электрлік құрал-жабдықтары (конденсатор және трансформаторлар), бұлардың құрамында полихлорланған дифенилдар (ПХД) бар, сонымен қатар ПХД уланған аумақтар. БОЛ Конвенциясын бекіту және БОЛ бірінші инвентаризациялау дайындығы БҰҰДБ/ЖЭҚ қолдауымен 2002 жылдан 2005 жылдар аралығында жүзеге асырылған «Стокгольм және БОЛ Конвенцияларының шеңберіндегі міндеттемелерді орындау бойынша Қазақстан Республикасына бастапқы көмек көрсету» жобасы аясында өткізілді (қаржыландырудың жалпы көлемі 550,000 АҚШ долларын құрады, соның ішінде 500,000 АҚШ доллары – ЖЭҚ салымы). Елде осы уақытқа дейін Конвенцияға енгізілген БОЛ бірнеше номалары мен ережелері жасалынып, қабылданбады. Миссия барысында Роттердам Конвенциясын жүзеге асырудың тәжірибелік қадамдары туралы ешқандай мәлімет айтылған жоқ.

Қазақстан химиялық заттарды халықаралық басқару үрдісіне орай жасалынған Стратегиялық әдіске қатысты (ХХБСҮ). Денсаулық сақтау министрлігі ХХБСҮ жауапты тұлғасы етіп тағайындалды (Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет).

Халықаралық мағынадағы басқа да экологиялық мәселелер¹⁷

Тәуекелдерді басқару

2001 жылы Қазақстан өнеркәсіптік апаттардың трансшекаралық салдары туралы Конвенцияға бірікті. ҚОҚМ және ТЖМ осы Конвенцияны жүзеге асыруға жауапты білікті органдар болып тағайындалды. Негізгі жауапкершілік ҚОҚМ жүктелді. Бұл жауапкершілікке мына мәселелер кіреді: (а) қауіпті өнеркәсіптік кәсіпорындарды анықтау, осы кәсіпорындардың қауіпсіздік инспекциясын жүргізу; (б) осындай кәсіпорындардың және жергілікті орган операторларының төтенше жағдайларға, ішінара, табиғи апаттардың салдарынан болатын өндірістік апаттарға дайындығын қамтамасыз ету; (с) олардың салдарына әрекеттесуді ұйымдастыру. Жүзеге асыру деңгейін арттыру мақсатында Қазақстан Конвенцияны орындаудағы ВЕКЦА мен ЮВЕ елдері арқылы қабылданатын шараларды күшейту тұрғысындағы көмек көрсету Бағдарламасына бірікті. Осы аталған қызметтің Қазақстанға 2007 жылдың сәуір айында келген мүшелері осы елдің туындауы ықтимал өндірістік апаттардың алдын алу, оған дайындығы мен әрекеттесуіне бағытталған институтционалдық және құқықтық шеңбері туралы мәліметтерге зерттеу жасай отырып, Қазақстан Конвенция шеңберіндегі көмек көрсету Бағдарламасында сипатталған барлық негізгі міндеттерді толық орындаған деген қорытындыға келді.

¹⁷ Қазақстанның экологиялық мәселелер бойынша ақпараттарға, жұртшылықтың шешім қабылдауға қатысуына және әділ сотқа қол жеткізу міндеттерін сақтауы туралы Ақпарат (Орхус Конвенциясы) 3 тарауда берілген.

Қазақстанға екінші фазаға (жүзеге асыру) қатысу туралы ұсыныс жасалынды, мұнда көрсетілетін қолдау Конвенция шеңберіндегі кешенді тапсырмалармен байланысты мәселелерді шешуші елдерге көмек көрсетуге бағытталған.

Қазақстанда өнеркәсіптік апаттардың трансшекаралық салдары туралы конвенцияны жүзеге асырудың заңнамалық базасы жасалынды. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет нәтижелерінің бірінші Шолуы жазылған соң ҚР Үкіметінің *Қауіпті өндірістік нысандардағы өндірістік қауіпсіздік туралы Заң (2002 ж.)*, *ТЖ аса тәуекелді мекемелерінің тізімін бекіту туралы шешімі (2001 ж.)*, *Қазақстанның 2004–2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі Тұжырымдамасы, сондай-ақ Апатты жағдайлар мен өндірістік апаттардың алдын алу және әрекеттесу және осы саладағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру Тұжырымдамасымен қатар (2005 ж.)* бірнеше заңдары, шешімдері және саяси құжаттары, қабылданды. Институционалды әлеуеттің дамуын төтенше жағдайларды мемлекеттік тұрғыдан бақылау және мониторингтеу жөніндегі Комитет пен Ұлттық кризистік орталығы (аталған екі ұйым да ТЖ Министрлігінің құрамына кіреді) қамтамасыз етеді. Кен қазушы және мұнайгаз салаларындағы, сонымен бірге Каспий теңізі жағалауы аймағындағы компаниялар атқаратын алдын алу және дайындық шараларына басты назар аударылады. ТЖМ және басқа да мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жұмыстары қолға алынған, дегенмен мұндай үйлестіруді, ішінара, ҚОҚМ ғана бірігіп іске асыруға болады.

Трансшекаралық ықпалдың қоршаған ортаға қатысты бағасы

2001 жылы Қазақстан трансшекаралық байланыстағы (Эспоо Конвенциясы) қоршаған ортаға ықпал жасауын бағалау конвенциясына (ҚОБЖБ) бірікті. Қазақстан Стратегиялық экологиялық бағалау Хаттамасын (СЭБ) бекіткен жоқ. Көрші елдердің ішінде осы Конвенцияны Әзірбайжан, Қырғызстан және Ресей Федерациясы бекітті. Қазақстан өз заңнамасын осы Конвенциямен үйлестіруге көп күш салды. 2007 жылғы *Экологиялық кодексте* осы конвенцияның талаптарына сәйкесетін ережелер қамтылған. ОВОС үрдісі Мемлекеттік экологиялық сараптама процедурасына енгізілген. Алайда жұртшылықтың іс жүзінде осы іс-шараға қатысуы әлі нақтыланған жоқ әрі көп жағдайда бұл тек қағаз жүзінде айтылып жүр (1, 2 және 3 Тар. қар.). СЭБ процесі *Экологиялық кодекс* шеңберіндегі заңды талап болып саналады, дегенмен мұнда берілген атау туралы тікелей аталған ешқандай мәлімет кездеспейді (3 тар. қар.).

Эспоо Конвенциясын жүзеге асыруға қатысты аймақтағы елдерге көмек көрсету және басқа елдерді де осы Конвенцияны қосуға үндеу мақсатында, халықаралық мекемелерге көмекші ретінде екі аймаққа арналған жеке ережелердің екі кешені құрылды, атап айтсақ: *Каспий теңізі аймағындағы трансшекаралық байланыстағы қоршаған ортаға ықпал етуді бағалаудың негізгі қағидалары және Орталық Азия елдері үшін трансшекаралық байланыстағы қоршаған ортаға ықпал етуді бағалаудың негізгі қағидалары*. ЕЭК БҰҰ қатысуымен 2005 жылдан бастап ұшқыш жобасын іске асыру қолға алынды (*Эспоо Конвенциясының Қазақстан мен Қырғызстанда тәжірибе жүзінде іске асырылуы*). Қырғызстанның кен өндіруші екі компаниясы бойынша (Жеруи алтын кені үлескесі және Андаш мыс/алтын қазба үлескесі) ОВОС материалдары Қазақстанға түсініктемелер беру үшін ұсынылды. Ұшқыш жобасын іске асыру тұрғысындағы екі ел арасындағы ынтымақтастық үлкен жетістікке қол жеткізді.

4.4 Екіжақты аймақтық ынтымақтастық және халықаралық техникалық көмек

Екіжақты және халықаралық ынтымақтастық

Қазақстан қоршаған ортаны қорғау саласында екіжақты және аймақтық ынтымақтастықты белсенді дамытып келеді. Республика қоршаған ортаны қорғау туралы оннан аса елдермен екіжақты қарым-қатынас жасауға қол қойды (Ресей Федерациясы, Қытай және Қырғызстан), Құрама Штаттары, Швейцария және Әзірбайжан. Ресей Федерациясымен жасалған үш келісім Байқоңыр космодромындағы экология және табиғатты қолдану мәселелерін (2005 ж.),

қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық (2004 ж.) және трансшекаралық су қоймаларын бірігіп қолдану және қорғау (1992 ж.) мәселелерін қамтиды. Қытаймен жасалынған келісім бойынша трансшекаралық өзендер туралы гидрологиялық және гидрохимиялық ақпараттар, мәліметтер алмасу үрдісі белгіленеді (2006 ж.). Шу және Талас өзендеріндегі гидрологиялық құрылыстарды мемлекетаралық қолданыста пайдалану туралы Қырғызстанмен жасалған келісім осы екі өзен бойынша Комиссия құралғаннан кейін өз күшіне енді (2000.).

Келтірілген мысалдар аймақтық ынтымақтастық үшін трансшекаралық су мәселелерінің ерекше маңыздылығын атап көрсетеді. Бұдан басқа да аймақтық ірі мәселелер қатарына Арал теңізі бассейнінің экожүйесі мен Каспий теңізіндегі ынтымақтастық жағдайы кіреді.

2000 жылы ОА бес елінің қоршаған ортаны қорғау министрлігінің сауалы бойынша ірі аймақтық мәселелерді шешу мақсатында қоршаған ортаны қорғау бойынша атқарылатын қызметтің Аймақтық жоспарын құру туралы бастамасын ортаға салды (ҚОҚҚАЖ). ҚОҚҚАЖ 2001 жылы тұрақты даму жөніндегі Мемлекетаралық комиссияның (ТДЖМК) жалпы жетекшілік етуімен БҰҰДБ және ЮНЕП қолдауымен дайындалып шығарылды. ҚОҚҚАЖ бес басым сұрақтан тұрады, атап айтсақ: ауаның ластануы, судың ластануы, жердің тозуы, қалдықтарды басқару және таулы экожүйелердің азуы. Әйтсе де ҚОҚҚАЖ шеңберінде жүзеге асырылатын аймақтық және екіжақты бағдарламалар мен жобалардың болмауы сияқты, ҚОҚҚАЖ келесі қызметі туралы да мәлімет берілмеген. Осыған орай, аймақтық ынтымақтастық пен аймақтық мәселелерге қатысты интеграцияланған әдістерді күшейту туралы жоспардың басымдылығына әлі қол жетпеген деген қорытындыға келеміз.

Трансшекаралық сулар

Қазақстан «Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдерінің су ресурстары саласындағы ынтымақтастығының басымдылығы» жобасына қатысады, аталған жоба ЕЭК БҰҰ Су конвенциясының жұмыс бағдарламасының шеңберінде жасалынған. Бұл жоба трансшекаралық суларды басқарудың түрлі аспектілері бойынша ВЕКЦА елдерінің мамандарын ұзақ мерзімді, көп салалы дайындықтан өткізуді қамтамасыз етеді. 2007 жылдың қазан айында Алматы су бассейндері, су басқару және аймақтық жоспарлау жөніндегі ЕЭК БҰҰ, БҰҰДБ және ЕҚЫҰ ұйымдастырған біріккен семинар өткізілді. Семинардың мақсаты: (а) трансшекаралық суларды бірігіп басқару институттарын құру аясындағы ВЕКЦА елдері, түрлі мекемелер мен жобалар аралығында тәжірибе алмасуға ықпал ету және әлеуетті дамыту; (б) тиімді біріккен органдар құруды алға жылжыту.

Жоғарыда аталған Қазақстан мен Қырғызстан аралығындағы Шу-Талас өзен комиссиясы гидротехникалық құрылыстарды мемлекетаралық қолдану, сондай-ақ суды басқару инфрақұрылымының техникалық қызмет көрсетуі мен пайдаланылуын анықтау және бөлу жұмыстарына жауап береді. Осы уақытқа дейін Комиссияның қызметі жағымды қырынан бағаланып келеді және ол басым жағдайда трансшекаралық сулар саласындағы ынтымақтастықты кеңейту тұрғысын күшейтуге байланысты Орталық Азияның көптеген елдеріне үлгі болуға лайық.

1992 жылғы Қазақстан мен Ресей аралығында қол қойылған трансшекаралық суларды бірігіп қолдану және қорғау туралы Үкіметаралық келісім екі ел арасындағы біріккен қызметтің негізіне айналды. Трансшекаралық сулардың гидрохимиялық және гидрологиялық мониторингі, ал Қазақстанда Солтүстік, Батыс және Шығыс Қазақстандағы гидрометеорологиялық орталықтар аралығында мониторинг өткізілу үстінде. Бұл Келісімде трансшекаралық сулардың жағдайы және өзендер елеулі деңгейде ластанған немесе оқыс су тасқыны болған жағдайдағы апатты мәлімдеу процедуралары туралы жиі (ай сайын) ақпарат алмасу үрдісі қарастырылған.

Арал теңізі жөніндегі ынтымақтастық

Арал теңізінің күрделі мәселесі кеңінен танымал. 1960 жылдан бастап 1990 жылдар аралығында жасалынған экстенсивті ирригациялық схемалар жалпы суармалы ауданды 8 миллионға жеткізіп, екі есеге арттырды. Арал теңізіне келіп қосылатын тармақтардың елеулі түрде азаюына байланысты теңіздің деңгейі де осы кезең аралығында 17 м дейін төмендеді. Осымен қатар болып отырған басқа да күрделі экологиялық мәселелер су мен жердің тұздануына ықпал етті. Аудандағы орманды алқаптың 50% жойылып, жердің эрозиясы күшейе түсті.

1993 жылы Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары Аралды құтқару жөніндегі Халықаралық Қор (АҚХК) құрды. Қордың негізгі міндеті – халықаралық қауымдастықты Арал теңізінің апатты жағдайы туралы мәліметтермен ақпараттандыру және Орталық Азияның бес елінен, донор-елдерінен және халықаралық мекемелерден Арал теңізі бассейні Бағдарламасына (АТББ) ресурстар тарту. АТББ негізгі міндеттері: (а) Арал теңізі бассейнінің экологиялық жағдайын тұрақтандыру; (б) бұзылған жерлерді қайта қалпына келтіру; (с) су және жер ресурстарын басқару әдістерін жетілдіру; (д) бағдарламалық жоспарлау және барлық деңгейде жүзеге асыруды басқару құрылымдарын құру. АҚХК Атқарушы комитеті Орталық-азиялық бес елмен және аймақтық мекемелермен біріге отырып, *2003 жылдан 2010 жылдар аралығындағы кезеңде Арал теңізі бассейнінің экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға арналған арнайы қызметтер Бағдарламасын* жүзеге асыруға қатысты.

Қазақстан ЕО қолдауымен ирригациялық сулар мен Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі су ағысын ұлғайтуға мүмкіндік беретін өзен сағасын жақсарту сұлбасын қолдауды тиімді қолдануды арттыру тарапынан қызмет көрсетіп отыр. Сонымен бірге Арал теңізінің солтүстік бөлігін жартылай қайта қалпына келтіру жұмыстары да жүргізілуде. Сырдария өзеніндегі ирригациялық құрылыстарға өзен ағысын арттыру үшін жөндеу және жаңарту жұмыстары жүргізілді. 2005 жылдың тамыз айында Қазақстан Арал теңізін екі жартыға бөлетін бетон дамбасының құрылысын аяқтады (Көкарал плотинасы), осының нәтижесінде Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі су деңгейі едәуір артты және оның тұздану деңгейі төмендеді. Едәуір балық қоры да қайта оралды. Арал қаласын теңіз және басқа плотинамен біріктіруді қайта қалпына келтіру мақсатында канал құрылысының жоспары жасалынды (Дүниежүзілік банк бөлетін несие арқылы қаржыландырылады). Дегенмен Арал теңізінің, негізінен алғанда Өзбекстан аумағында орналасқан оңтүстік бөлігінің жағдайын өзгерту мәселесіне үлкен күш салынып отырған жоқ. Осы мәселе бойынша аталған елдер арасындағы ынтымақтастық деңгейі осы күнге дейін төмен болып отыр.

Каспий теңізі мәселелері бойынша ынтымақтастық

Каспий теңізімен тоғысатын бес ел арасындағы ынтымақтастықты үлкен маңыздылыққа ие Өзірбайжан, Иран Ислам Республикасы, Қазақстан, Ресей Федерациясы және Тәжікстанды қосқанда, барлық қатысушылар бағалайды. 2003 жылғы Каспий теңізі ортасын қорғау жөніндегі Негіздемелік Конвенцияның (Тегеран Конвенциясы) өз күшіне енуі (2006 жылы) экологиялық мәселелер жөніндегі ынтымақтастыққа қол жеткізудегі маңызды қадамға айналды. Бұл Конвенцияның мақсаты каспийлік ортаны барлық ластаушы көздерден қорғауға, сондай-ақ теңіздің биологиялық ресурстарын қорғау, сақтау, қайта қалпына келтіру және тиімді пайдалануға негізделген. Қазақстан Тегеран Конвенциясын 2005 жылы бекітті. Екі жақтың қатысуымен ең бірінші конференциясы (I ЖК) Баку қаласында 2007 жылдың мамыр айында өтті.

Негіздемелік конвенция бірқатар хаттамаларды қарастырады. Каспий теңізіне қосылатын елдер төрт хаттаманың басымдылығын белгіледі, атап айтсақ:

- Ластаудың жерүсті көздері туралы Хаттама;

- Мұнайдың ластануымен күрес жүргізудегі аймақтық дайындық, шара қолдану және ынтымақтастық туралы Хаттама;
- Траншекаралық байланыста ОВОС жүргізу туралы Хаттама;
- Каспийлік әралуандылықты қорғау туралы Хаттама.

Хаттамалар жасау қызметі Еуропа елдері үшін Негіздемелік конвенцияның, сонымен бірге Халықаралық теңіз ұйымының уақытша хатшылығы ретінде (ТО туындаған жағдайдағы аймақтық ынтымақтастық туралы Хаттама бойынша) қызмет етіп отырған ЮНЕП Аймақтық офисінің жетекшілігімен атқарылады. Шындығында, тараптар тұрғысынан келісімнен өткен мұнай ластануларымен күрес жүргізудегі аймақтық дайындық, шара қолдану және ынтымақтастық туралы Хаттама жазылып бітті. 2006 жылы Каспий экологиялық бағдарламасының (КЭБ) Үйлестіру комитеті осы елдерге ұлттық бекіту үрдісін аяқтауға және берілген хаттамаға қол қоюға ұсыныс жасады. Бұл Хаттама жақын арада жазылып бітеді деп күтілуде. Эспоо Конвенциясының Хатшылығы ОВОС Хаттамасын трансшекаралық байланыста аяқтауға ықпал етеді және бұл Хаттаманың мәні Эспоо Конвенциясымен келісілетіндігін атап көрсетеді. Хаттамаларға қол қоюға дайындық жүргізудің алғашқы қадамдары қатысушы-елдердің бірінші конференциясында (I КЕК) талқыланды.

КЭП – Каспий теңізімен тоғысатын бес ел, сондай-ақ халықаралық мекемелер (ЕО, БҰҰДБ, ЮНЕП және Дүниежүзілік банк) аралығындағы аймақтық ынтымақтастық бағдарламасы. КЭП мақсаты – Каспий теңізі ортасын экологиялық жағынан тұрақты басқару және дамыту. Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған жұмыс барысының бір бөлігі экологиялық мәселелердің басымдылығымен қатар, қызметтің аймақтық Стратегиялық бағдарламасын және Каспий теңізі жөніндегі қызметтің бес ұлттық жоспарын (КҚҰЖ) жасау үрдістерін анықтайды.

Қазақстанға арнап жасалынған КҚҰЖ іс-шараларының басым бөлігі *2003 жылғы Экологиялық қауіпсіздік Тұжырымдамасында берілген*. Қазақстандық ҚСБ іске асырылуын бағалау туралы есебінде КҚҰЖ көптеген тапсырмалары ұлттық деңгейде саясатқа енгізілген деп атап көрсетіледі. Дегенмен бұл туралы ешқандай мысал келтірілмеген. Қазақстандағы мұнайгаз өнеркәсібі экологиялық іс-шараларды жүзеге асыруға немесе оларды қаржыландыру барысында елеулі рөл атқарып келеді. Мысалы, берілген мәліметтер бойынша Agip КСО компаниясы 2003 жылдан 2005 жылдар аралығында түрлі экологиялық іс-шараларды жүзеге асыруға шамамен 70 миллион АҚШ долларын жұмсаған.

Каспий теңізі аймағындағы экологиялық мониторинг жүйесін жасауға бағытталған жұмыстардың шеңберінде ҚОҚМ Атырау қаласынан Каспий теңізінің мониторингі аймақтық орталығын ашты. Аталған орталық гидрометеорологиялық зерттеулер жүргізеді және аймақтағы қоршаған ортаның ластануын қадағалайды. Осы салада мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылып отыратын, Атырау және Маңғыстау облыстарының жағалаулық тізбектерінің экологиялық қалпын бағалауға арналған геологиялық және экологиялық зерттеулер жасалып отырады.

Халықаралық техникалық көмек

Қазақстан қоршаған ортаны қорғау саласында елеулі халықаралық көмек алып отыр. Мұндай ынтымақтастықтың мысалдары жоғарыда келтірілді. Бұған қарамастан, халықаралық көмек көздерінің мәліметтері, мақсаты мен мөлшері туралы бірегей қор қалыптаспаған, бұл оның тиімділігін талдауға кедергі болуда.

Қазақстан экология және қауіпсіздік саласындағы Бастамаға қатысуда (ҚАУЭКО). Аталған бастама бірнеше халықаралық мекемелердің серіктестігінен құралады, атап айтсақ: ЮНЕП, БҰҰДБ, ЕЭК БҰҰ, ЕҚЫҰ, АЭО және НАТО. Елге ҚАУЭКО түрлі экологиялық салалардағы, ішінара тәуекелдерді басқару саласындағы өткізілетін іс-шараларынан пайда түсіп отырады. ҚАУЭКО шеңберінде өткізілетін жобаға мысал ретінде, *Саржал ауданындағы Семей ядролық сынақ полигонының радиологиялық жағдайын зерттеу жобасын* (НАТО басқаруындағы)

атауға болады, оның екінші фазасы 2004 және 2007 жылдар аралығында өткізілді. Бұл жобаның нәтижелері ҚР Үкіметіне және жергілікті басқару органдарына аумақты қайта қалпына келтіру және дамыту стратегиясын жасауға мүмкіндік береді.

Офисі Алматы қаласында орналасқан Орталық Азияның Аймақтық экологиялық орталығы (ОА АЭО) түрлі экологиялық мәселелер, ішінара, аймақтағы елдердің аса қуатты экологиялық ҮЕҰ дамуы жөніндегі субаймақтық елдерге ықпал етеді.

Халықаралық қаржы институттарын қосқанда, халықаралық мекемелермен ынтымақтастық туралы Жан-жақты мәлімет 6 тарауда берілген.

“Еуропаға арналған қоршаған орта” және Орталық-азиялық бастама

Қазақстан Республикасы “Еуропаға арналған қоршаған орта” (ЕҚО) үрдісіне және ЕҚО министрлерінің Конференцияларына белсенді қатысып келеді. Қазақстан Орталық Азия елдерінің экология министрлерінің мәжілісіне қатысты, ол Белградта 2007 жылы өткен ЕҚО министрлерінің алтыншы Конференцияға дайындық үрдісі шеңберінде өткізілген еді және мұнда Қазақстан Конференцияның ЕО және Орталық Азия елдері аралығындағы экологиялық ынтымақтастықты кеңейтудегі рөлін ерекше атап өтті. Орталық-азиялық елдер қоршаған ортаны жақсарту мақсатында және субаймақтағы тұрақты дамыту мақсатында Белградта өткен Конференциядан соң ЕҚО үрдісі қажеттіліктеріне сай негізделген және мақсат-бағдарланған міндеттерін жалғастыруға дайын екендіктерін білдірді. 4.1 бөлімде көрсетілгендей, ЕЭК БҰҰ аймағының экология министрлері Қазақстан Республикасының 2011 жылға белгіленген келесі ЕҚО Конференциясын өткізуге жасаған ұсынысын жақсы қабылдады.

Орталық-азиялық бастама

Тұрақты даму жөніндегі Орталық-азиялық бастамасын (ОАБ) Йоханнесбургтегі (2002 ж.) Дүниежүзілік саммитке дайындық жүргізу барысында Орталық Азия елдері алға қойған болатын және бұл бастама Дүниежүзілік саммиттің бірінші құжатынан қолдау тапты. ОАБ мақсаты табиғи ресурстардың тапшылығы, Орталық Азия елдерінің кедейлігі мен теңдестірілмеген экономикалық даму мәселелерін шешуге бағытталған экологиялық бағдарлама және іс-шаралар дайындығын тұрақты дамыту ауқымын кеңейтуге негізделіп жасалған. Бұл үкіметтер арасында, жекеше сектор және азаматтық қоғамдық ұйымдардың халықаралық дамыту мекемелері және донор-елдер арқылы серіктестік құру нәтижесінде жасалуы тиіс.

ОАБ дәрежесі мен келешегі 2007 жылғы Белград конференциясында талқыланды. Белгілі бір жетістікке экожүйелік басқару, тұрақты даму орнату, қоғамның қатысуы және заңнамаларды үйлестіру барысындағы бірқатар субаймақтық және ұлттық бағдарламалар, әлеуетті және пилоттық жобаларын дамыту жөніндегі жобалар арқылы қол жеткізілді. Өлі де түйіні шешілмей жатқан мәселелердің де маңызы зор. Өлі ашылмаған ішкі факторлар қатарына қоршаған орта мен табиғи ресурстарды басқарудың секторлық әдісі (интеграцияланған емес), азаматтық қоғамның және жекеше сектордың жеткіліксіз қатысуы, шектеулі ұлттық мемлекеттік қаржыландыру және жекеше салымдардың жеткіліксіздігі жатады. Жоғарыда айтылғандар ОАБ елдеріндегі айрықша ерекшеліктерді қамтитын аймақтық бағалауға жататындығына қарамастан, бұл бағалау басым жағдайда Қазақстанға да тән. Белград конференциясы өткен соң ОАБ басымдылығы белгіленді, атап айтсақ: экологиялық басқаруды күшейту; азаматтық қоғамның рөлін күшейту; тұрақты даму жағдайын алға жылжыту; су ресурстарын басқарудың үйлестірілген әдістерін қабылдау; ауа райын өзгерту мәселелерін шешу және экономикалық қызметтің экологиялық тұрақты түрлеріне арналған талаптар орнату. Қазақстан үшін, аймақтың кез келген басқа да елдері сияқты, осы мәселелерді халықаралық қауымдастықпен ынтымақтастықта іс жүзінде шешу аса маңызды.

4.5 Мыңжылдық дамуының Мақсаттарына қол жеткізудегі жетістіктер

Қазақстан БҰҰ (МДМ) мыңжылдықтың даму мақсаты аясындағы міндеттерді орындауда орта мерзімді және ұзақ мерзімді стратегиядан тұратын тұрақты даму жөніндегі елдің жалпы мақсаты үшін маңызды бөлігі ретіндегі келешегін қарастырады. 2006 жылдан бастап Қазақстан тұрақты даму әлеуетін күшейтті (1 тар. қар.). 2002 және 2005 жылдары екі Ұлттық есебі жасалынды. 2005 жылғы есепте мақсат, міндет және индикаторлар, соңғы беталысы мен ұлттық саясаттың жекелеген мәселелеріне жасалынған талдау жұмыстары берілген. Қазақстан МДМ қатары бойынша елеулі жетістіктерге қол жеткізгендігіне қарамастан, МДМ 7 прогресі (“Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету”) баяу әрі кездейсоқ жағдайда іске асты. Осы мақсаттың алдына қойған міндеттері төмендегідей (11 тапсырма Қазақстанға арнап бейімделген):

- 9 тапсырма: тұрақты дамыту қағидаларын елдің саясаты мен бағдарламасына интеграциялау және ысырап болған ресурстарды қоршаған ортаға қайтару;
- 10 тапсырма: 2015 жылға дейін қауіпсіз ауыз суға тұрақты қолжетімі жоқ халық санын екі есеге қысқарту;
- 11 тапсырма: 2020 жылға дейін ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартуға қол жеткізу.

9 тапсырманың шеңберінде Қазақстан белгілі қадамдар жасады, атап айтатын болсақ, 2006 жылы ТДАТ және 2007 жылы *Экологиялық кодекстің* қабылдануы. Осы аталған шаралардың мінсіз болмағандығына қарамастан, олар қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты дамудың заңнамалық және саяси шеңберін едәуір жақсартты. Қазақстан сонымен бірге ерекше күзетілетін аумақтардың ауданын кеңейту саласындағы жұмыстарын да жемісті атқарды. Алайда экономикалық даму, таза технологиялар енгізу үрдісін, қаржыландырудың көлемінің осыған сәйкес артуына байланысты экологиялық басқару жүйесін нығайту және энергияның баламалы көздерін қолдануды елеулі түрде күшейте отырып, энергия тиімділігін арттыру, қалдықтарды ауаға шығарудың көлемін қысқарту сияқты көптеген мәселелерді шешу қажеттілігі алда тұрған міндеттердің бірі болып табылады. Қаржыландыру мәселесіне келетін болсақ, қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған елеулі шығынның мөлшеріне қарамастан, олардың ЖІӨ құрайтын үлесі өзгеріссіз әрі қоршаған ортаны қорғаудағы күннен күнге артып келе жатқан қажеттіліктерді жабуға жеткіліксіз болып отыр (6 тар. қар.).

10 тапсырмаға тоқталсақ, 2005 жылғы есепте ұлттық статистикалық мәліметтер берілген, бұл мәліметтерге сәйкес халықтың шамамен 95 пайызының су құбыры жүйесімен қамтамасыз етілген (шамамен 75%) немесе орталықсыздандырылған көздер (20%) ауыз суды пайдалану мүмкіндігі бар делінген. Дегенмен берілген есепте бұл мәліметтер су құбыры инфрақұрылымының елеулі бөлігінің пайдалану сапасының ескіруіне және жойылуына байланысты, сондай-ақ техникалық және санитарлық талаптарға сәйкес келмеуіне қарай нақты болмауы да мүмкін деп көрсетілген. Бұған қоса, канализация жүйелерінің жағдайы мен сапасы туралы де жеткілікті мәлімет жоқ. Осылайша, құрылыс пен су жабдығы, әсіресе ауылды жерлердегі жүйелерін жөндеуді инвестициялау көлемінің артуына қарамастан, көп күш жұмсау және көп қаржы құралдарын салу қажет. Осындай іс-әрекеттер жерүсті және жерасты суларының тазартылмаған немесе шала тазартылған ағын сулармен ластануын болдырмау мақсатында орталық канализацияны құбырөткізгіш су жабдығымен қосу жұмыстарын іске асыруы тиіс (9 тар. қар.).

11 тапсырма бойынша, 2005 жылғы есепте тұрғын үй реформасы баяу қарқында жүргізілді және тұрғын үй жағдайының нашарлау мәселесі жедел арада шешілмейтін болса мақсатқа жетудің барлық мүмкіндіктерін жоюы мүмкін деген қорытынды келтірілген.

4.6 Қорытындылар мен ұсыныстар

Қазақстан қоршаған ортаны қорғау жөніндегі халықаралық ынтымақтастық саласында белсенді саясатын іске асыруды жалғастырып келеді. Қазақстан Республикасы ірі жаһандық және

аймақтық экологиялық форумдарға қатысып, екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты жалғастырды, сонымен бірге Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет нәтижесінің бірінші Шолуы жазылған (II қосымшаны қара.) уақыттан бастап бірқатар көпжақты табиғатты қорғау келісімдерін (КТҚК) бекітті. Ұлттық табиғатты қорғау заңнамасын халықаралық норма және стандарттармен, ішінара ЕО Нұсқауымен үйлестіру Қазақстанның саяси мақсатының бірі болып саналады, осыған орай Қазақстан осы мақсатқа жету үшін бар күшін салуда. 2007 жылы қабылданған *Экологиялық кодекс* осы бағытта жасалған маңызды қадам болып саналады. Бекітілген конвенциялардың талаптарын орындау мақсатында атқарылатын қызмет саясаты мен жоспарлары жасалынды немесе жасалу үстінде, және аталған ел оларды іске асыру үшін халықаралық көмекке иек артты.

ҚОҚМ қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұлттық саясатты іске асыруға жауапты негізгі мемлекеттік орган болып есептеледі. Басқа министрліктер мен ведомстволар, ішінара Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Төтенше жағдайлар министрлігі де белгілі бір КТҚК және жекелеген экологиялық мәселелеріне тікелей жауап береді немесе олардың орындалу барысына қатысады. Дегенмен ҚОҚМ және басқа да министрліктердің қызметіндегі ынтымақтастық пен оларды үйлестіру жұмыстары жеткіліксіз деңгейде болып отыр. Бұған қоса, ҚОҚМ өзге министрліктермен салыстырғанда аса әлсіз мемлекеттік орган ретінде танылған. ҚОҚМ халықаралық экологиялық ынтымақтастық саласында ұлттық саясатты іске асыруға қажетті жеткілікті ресурстары мен әлеуеті жоқ. Қазақстан Республикасының осы саладағы қызметіне ҚОҚМ жүргізген талдау жұмысы ел үшін, елдің жетістікке жетуі үшін аса пайдалы екендігін байқатады, алайда мұнда оны жүзеге асырудың актандақтары мен кемшіліктеріне сыни баға берілмеген. Қазақстанның көптеген жаһандық және аймақтық экологиялық келісімдерге қосылғандығына қарамастан, ол осы КТЫ қызмет жағдайын орнататын мыс., БҰҰАӨЖШК Киото Хаттамасы, және үлкен арақашықтықтағы ауаның трансшекаралық ластануы туралы Конвенцияның барлық хаттамаларын бекіту жөнінен қажетті күшін таныта алмады.

4.1 ұсыныс:

Қоршаған ортаны қорғау министрлігі басқа да сәйкес министрліктермен біріге отырып, көпжақты табиғатты қорғау келісімдері (КТК) мен екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты жүзеге асырумен байланысты барлық іс-шараларды ұлттық деңгейде тиісті ретпен үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында осыған сәйкес механизмдер жасауы қажет.

4.2 ұсыныс:

Қоршаған ортаны қорғау министрлігі елде бекітілген КТК, сонымен қатар әлі де бекітілмеген КТЫ маңыздылығын жүзеге асырудағы қолда бар кемшіліктерге талдау жүргізуі керек. Қазақстанның қосылған конвенциялардың хаттамаларына ерекше назар аудару қажет екендігі де белгілі. Көрсетілген талдаудың негізінде ҚОҚМ мына міндеттерді атқаруы тиіс:

(а) *орындалу барысы жақсартылуы мүмкін нақты КТЫ қатысты іс-шаралар кешенін жасау; мұндай іс-шаралар қатарына қаржы қажеттіліктерін, сондай-ақ халықаралық қауымдастыққа қаржыландыру туралы сұраныс ретінде бағытталатын ұсыныстарды анықтау мәселесі кіреді;*

(б) *Қазақстан үшін әлеуетті маңыздылықтағы хаттамаларды бекіту туралы заңнама дайындау, бұл, ішінара, ЕЭК БҰҰ бес конвенциясы мен Вена конвенциясының озон қабатын қорғау туралы Монреаль хаттамасына қатысты Монреаль, Копенгаген және Пекин түзетулерінің хаттамаларын дайындап, оны Үкімет, одан соң Парламенттің назарына ұсыну.*

Киото Хаттамасының Қазақстан үшін маңызы зор, өйткені ауа райының өзгеруі жер пайдалануға топырақ сапасына, судың болуына, биоәруандылыққа және, ақыр соңында, елдің экономикасына жағымсыз түрде ықпал етеді. Қазақстан Киото Хаттамасының шеңберінде өзінің өнеркәсіптік нысандарын ПГ қалдықтарын қысқарту жөніндегі іс-шаралармен қатар жаңарту жөніндегі икемді механизмдерді қолдана алады.

4.3 ұсыныс:

Үкімет энерготімділікті арттыруға мүмкіндік беретін таза энергетикалық технологияның инвестициясын қаржыландыруға көп қаржы тарту үшін Киотоо Хаттамасын бекіту үрдісін жылдамдатуы қажет.

II БӨЛІМ: ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ҚАРЖЫ ЖҰМЫЛДЫРУ

5 Тарау

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР

5.1 Кіріспе

Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық құралдарының арасында Қазақстанда бұрынғысынша өнеркәсіптік кәсіпорындардан шығарылатын түрлі қалдық түрлері мен аса көп ластаушыларға салынатын, ластауға қатысты төлемдер үстемдік етеді. Экологиялық жағынан зиянды өнімге төленетін төлемдер қосымша рөл атқарады. 1997 жылғы «Қоршаған ортаны қорғау» Заңында белгіленген (ҚОҚЗ) ластау деңгейін төмендеті технологияларын таратуды алға жылжытуға бағытталған субсидиялау кестесі жүзеге асырылған жоқ. Дегенмен олар сондай-ақ өз күшіне 2007 жылы енген Экологиялық кодексте де айтылған және ол ҚОҚЗ интеграцияланған. Кодекс сонымен бірге кәсіпорын деңгейінде қайта қалпына келтіру қорларын құрудың және қалдықтарға сертификаттар берудегі сауданың нарықтық кестесін жүргізудің құқықтық негізін қамтамасыз етеді. Кодексте қоршаған ортаны қорғаумен байланысты экономикалық, яғни ақшалай, экологиялық залалды бағалау мәселелерін қарастыратын ережелер де берілген. Алайда осы аталған жаңа ережелердің барлығын жүзеге асыру детальдары әлі де жасалу үстінде.

Бұған қоса, *Экологиялық кодекске сәйкес* ластауға алынатын төлемдер ауа мен суды ластаушыларға, сондай-ақ қалдықтарды өндіру үшін қалдықтардың шекті көлемі (ҚШК) көрсетілген рұқсат беру жүйесімен тығыз байланысты. 2008 ж. қызмет бабына маңызды өзгеріс енгізу жоспарланып отыр, осыған сәйкес ҚШК анықтау барысында ескерілетін ауа мен суды ластаушылардың саны елеулі түрде төмендейді. Дегенмен қоршаған ортаны ластауға байланысты төлемдер есептелетін ластағыштардың саны ЭЫДҰ (ОСЭР) елдерімен салыстырғанда едәуір үлкен болып отыр, бұл елдерде осындай төлемдер ластау деңгейін төмендету үшін аса шектеулі көлемде қолданылады (мысалы, азот тотығы (NO_x) мен күкірт тотығы (SO₂), Скандинавиялық елдерде қолданылады).

Іс жүзінде, қоршаған ортаны ластауға қатысты төлемдер жүйесі ластану деңгейін төмендетуге елеулі жағдай жасады деудің ешқандай дәлелі жоқ. Бұл ҚР Үкіметімен қабылданған 2007-2009 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшу Тұжырымдамасын жүзеге асыру жөніндегі қызмет жоспарында көрсетілген, бұл жоспар келесі мәселелерді қамтиды:

- ластаушы көздердің материалдық жауапкершілігі қағидаларын тиімді қолдану;
- қоршаған ортаны ластауға қатысты төлемдер мен айыппұлдардың қызметін ынталандыруды күшейту;
- қалдықтарды қайта өңдеуді насихаттау.

5.2 Эмиссия үшін қоршаған ортаға төлем жасау

Әрбір кәсіпорын үшін ауа мен суды ластайтын заттар бөлудің ең жоғарғы мөлшері және қоқыс шығарудың ең үлкен көлемі көрсетілген экологиялық рұқсаттар. 2002 ж. бастап осы экологиялық салаларды қамтитын бірегей рұқсат берілді. 2007 жылдың тамыз айында күшіне енген жаңа заңнамаға сәйкес қызметке рұқсат беру мерзімі бір жылдан 3-5 жылға дейін ұзартылды (2 тар.қар.). Қоршаған ортаны ластауға қатысты төлемдер белгіленген лимиттер шеңберінде есептеледі. Нормативтік заңнан тыс ластауларға нормадан ауытқығаны үшін

айыппұл салынады. Алайда қоршаған ортаны ластауға төленетін төлемдер жүйесі ешқандай айқындылығымен ерекшеленбейді, сондай-ақ олардың экологиялық тиімділігін өлшеу де қиын.

Стационарлық көздерден түсетін ластағыштарға қатысты ҚШК атмосферадағы жекелеген заттардың улылығын және осымен байланысты адам денсаулығына ықтимал әсер етуін ескергендегі шекті концентрациясы (ШЫК) арқылы анықталады. Жекелеп алынған облыстың әрбір кәсіпорны үшін ҚШК ластағыш заттардың атмосфераға таралуын компьютермен модельдеу негізінде есептеледі.

Экологиялық саясат бірнеше негізгі ластағышты көздемейді; керісінше, ауа мен су ластағыштарының жүздеген ресми тізімі бар, олардың әрқайсысына қалдық шегі анықтамасы қолданылады. Кәсіпорын үшін ҚШК белгілеу барысында ескерілетін ластағыш заттардың түрі мен саны өндіріс көлемі мен өндірісте қолданылатын технологиялардың көлеміне тығыз байланысты болады. 2007 ж. жылға дейін қауіпті қалдықтардың төрт түрлі тобына, сонымен қатар типтік қатты (немесе муниципалды) қалдықтары үшін өнеркәсіптік қалдықтардың өндірілуіне шектеу қойылды.

Нормативтік-құқықтық базадағы өзгерістер

Жаңа *Экологиялық кодексті* жүзеге асыру шеңберінде ҚР Үкіметі жаңа қаулы¹⁸ қабылдады, осы қаулыға сәйкес экологиялық шешімдер мен ластағыш заттардың қалдығына төленетін төлемдерді есептеу үшін лимиттерді анықтау барысында ескерілетін ластағыш заттардың саны едәуір азайды. Бұл тізімде атмосфералық ластағыш заттардың 15 түрі берілген, оның қатарында SO₂, NO_x, ұшпалы органикалық қоспалар (ҰОҚ) мен сутегі тотығы (СО) және көмертегі тотығы (СО), сонымен бірге су айдындарының 11 ластағышы бар. Бұған қоса, ШЫК бойынша аса қауіпті санатқа жататын «басқа да ластағыштар» тобы кездеседі (Алайда берілген санатқа қанша ластағыш жататындығы туралы мәлімет жоқ). 2008 ж. бастап жаңа тізім ҚШК анықтауға негіз болады.

Бұған қоса, *Экологиялық кодекске* сәйкес (286 б.) қалдықтың үш түрі кездеседі: қауіпті, қауіпті емес және инертті. Өнеркәсіптік қалдықтардың бес санаты бойынша классификациясы қысқартатын болады.

Ластауға қатысты төлемдер

Ластауға қатысты төлемдер экологиялық рұқсатпен белгіленген шеңбердегі барлық қалдықтар үшін алынады. Белгіленген лимиттен артып түсетін ластағыштарға базалық тарифке он есе тең жоғары айыппұл коэффициенті қолданылады. Рұқсатсыз экологиялық ластау нормативтен тыс ластау болып саналады және сәйкес деңгейде төленеді. 2006 ж. бастап «Экологиялық басқару стандарттары» ISO 14001 сәйкес сертификаттары бар компаниялар үшін төлемдер тарифі төмендетілді. Мысалы, электроэнергия өндіретін-компаниялар атмосфераға қалдық тастауға 12% жеңілдік және күл мен шылақты жоюға 5% жеңілдік алады.

Су мен ауаның ластануы бойынша тарифтер су немесе ауаның ластағыш қалдықтарының «шартты тоннасына» қарай белгіленеді. «Шартты тонналар» қалдықтардың максималды жіберілетін (аймақтық) концентрациясын ескергенде оның көлемін реттеу арқылы есептеледі.

Институционалдық көзқарас тұрғысынан, қоршаған ортаны ластауға төленетін төлем тарифтері екі кезең бойынша анықталады. «*Қоршаған ортаны қорғау туралы*» Заңның негізінде (1997 ж.) Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі (ҚОҚМ) 16 аумақтық бірліктің (14 облыс және екі ірі қала – Алматы мен Астана) әрқайсысына минималды немесе базалық тарифтерді анықтап берді. Осыған орай жергілікті билік өкілдері өзіндік аса жоғары тарифтерді белгілеуі мүмкін. Негізінен, қоршаған ортаның ласталуына төленетін төлемдер қоршаған ортаны облыс

¹⁸ ҚР Үкіметінің 2007 ж. 30 маусымдағы № 557. Қалдық нормативтері белгіленетін және қоршаған ортаға қалдық тастауға қатысты төлем алынатын ластағыш заттары мен қалдық түрлерінің тізімі.

деңгейінде қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға арналған жеткілікті кірісті басты кіріс етіп алу қажеттілігінің негізінде жасалуы тиіс еді. Шындығына келгенде, бұл құралдар үнемі басқа мақсаттар үшін қолданылды (6 тар.қар.). *Экологиялық кодекске* сәйкес (101 б.) ҚОҚМ қоршаған ортаның ластануына қатысты тек базалық қана емес, сонымен бірге шекті төлемдерін де анықтайды. Осыдан соң жергілікті билік өкілдері министрлікпен белгіленген шеңберде өзіндік қызмет етуші тарифтік төлемдерін өз бетінше белгілейді. Жаңа ережелер өз күшіне 2008 ж. бастап енгізілмек. 2006-2007 жж. қоршаған ортаның ластануына төленетін төлемдер жобаланып отырған 7% құрайтын орташа жылдық деңгейіне сәйкес өсіп кетті. Осыған қарағанда, 2006 және 2007 жж. облыстық билік орындарымен қабылданған қоршаған ортаны ластауға қатысты төлем тарифтері ҚОҚМ белгіленген минималды шекараға сәйкес деңгейге айналды.

Қоршаған ортаны ластауға қатысты белгіленген базалық тарифтер шаруашылық қызметінің және онымен байланысты ластаудың түрлері мен деңгейлерінің айырмашылықтарымен байланысты түрлі өзгешеліктерін сипаттай отырып, аймақтар бойынша ерекшеленеді. 2007 ж. стационарлық көздерден шығатын қалдықтардың бір тоннасының ауаны ластауы бойынша төленетін жүктеме мөлшерінің айырмашылығы (5.1 кесте) максималды жүктеме (Атырау) және минималды жүктеме қолданатын (Қарағанды облысы) жиырма есе болды.

5.1 Кесте: Тұрақты көздерден атмосфераға ластаушы заттардың эмиссиясы үшін алынатын төлемақылардың мөлшерлемесі

Облыс	Шартты тоннасы теңгемен	
	2006	2007
Ақмола	242	259
Ақтөбе	271	290
Алматы	977	1 045
Атырау	2 568	2 748
Шығыс Қазақстан	207	222
Қарағанды	394	422
Қостанай	749	801
Қызылорда	123	132
Маңғыстау	268	287
Солтүстік Қазақстан	298	319
Павлодар	1 381	1 478
Оңтүстік Қазақстан	225	241
Батыс Қазақстан	238	255
Жамбыл	410	439
Алматы қаласы	642	687
Астана қаласы	326	349
Орташа арифметикалық	582	623
<i>Ескерту:</i>		
Тоннасы АҚШ долларымен	4,6	4,9

Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің 2006 жылғы 4 қазандағы № 295-ІІ ластануға төленетін төлем тарифтері туралы бұйрығы

Ескерту: Төлем мөлшері АҚШ дол. есептелген, 2006 жылғы орташа жылдық айналым курсына қарай: 1 АҚШ дол. = 126,1 теңге.

Осыған ұқсас, 2007 ж. максималды жүктемедегі (Атырау) облыста өнеркәсіптік қалдықтардың тарифтері (5.2 кес.қар.) қалдықтардың барлық бес санаты бойынша минималды жүктемедегі (Қостанай) тарифтерден 16 есе артық. Бұған қоса, қалдықтардың бес санаты бойынша тариф жүктемелерінің бірегей аймақтық дифференциациясы қалыптасқан. Мысалы, улы емес қатты қалдықтармен салыстырғанда (V класс) I класс қалдықтарына (аса қауіпті) қатысты төлемдер 32 есе, ал III класс қалдықтары (шектеулі қауіпті) – 4 есе жоғары. Төлемдердің берілген дифференциациясын негіздеу үшін бұған сәйкес ешқандай мәлімет жоқ.

5.2 Кесте: Өнеркәсіптік кәсіпорындардың қалдықтар жасағаны үшін төлейтін төлемақылары

Облыс	Бір тоннасы теңгемен		
	I санат Аса қауіпті	III санат Орташа қауіпті	V санат Улы емес қатты
Ақмола	4 349	544	136
Ақтөбе	10 067	1 258	315
Алматы	5 273	659	165
Атырау	41 020	5 127	1 282
Шығыс Қазақстан	4 006	501	125
Қарағанды	3 835	479	120
Қостанай	2 739	342	86
Қызылорда	5 033	629	157
Маңғыстау	12 121	1 515	379
Солтүстік Қазақстан	3 321	415	104
Павлодар	4 383	548	137
Оңтүстік Қазақстан	4 622	578	145
Батыс Қазақстан	7 122	890	223
Жамбыл	4 109	514	128
Алматы қаласы	26 365	3 296	824
Астана қаласы	4 280	535	134
Орташа арифметикалық (өлшенбеген)	8 915	1 114	279
<i>Ескерту:</i> тоннасы АҚШ долларымен	70,4	8,8	2,2

Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің 2006 жылғы 4 қазандағы № 295-ІІ ластануға төленетін төлем тарифтері туралы бұйрығы

Ескерту: Төлем мөлшері АҚШ дол. есептелген, 2006 жылғы орташа жылдық айналым курсына қарай: 1 АҚШ дол. = 126,1 теңге.

Кәсіпорындар сондай-ақ жанар-жағармайды (бензин, дизельді жағар май, сұйылтылған газ) қолдануға негізделген қозғалмалы көздердің (көлік құралдары) пайдаланылған газдан шығарылатын ауаны ластағаны үшін де төлем жасайды. Мұндай төлемдер жеке жеңіл көліктермен пайдаланылатын жанар-жағар май түрлеріне де қолданылатын акциздерге қосымша төленеді. Қоршаған ортаны ластауға төленетін төлемдер өте төмен (5.3 кестені қар.) және, орта есеппен, бензиннің 1 мың литріне төленетін төлем шамамен 2,4 долларды құрайды және дизельді жанар-жағар майдың 1 мың литріне 3,3 доллар төлеу қарастырылған. 2007 ж. сұйытылған мұнай газдарына (СМГ) қатысты төлем 1 мың литріне 1,3 долларды құрайды. Мұндай тарифтер жанар-жағар майды қолдануды төмендетудің стимулына айналуы екіталай мәселе. Облыстарға байланысты, жанар-жағар май түрлерінің тарифтерінің едәуір айырмашылығы бар. Орта есеппен, бейэтилденген бензинмен салыстырғанда, дизельді жанар-жағар май 35% жоғары. Дегенмен түрлі облыстарда тарифтерді белгілеудің бірізді жүйесі жоқ. Кейбір облыстарда бензинмен ластауға қатысты төлемдер дизельді жанар-жағар майға қатысты төлем көлемінен асып түседі. Сондай-ақ бейэтилденген бензин сапасы бойынша да айырмашылықтар жүргізілмейді (яғни зерттелетін октандық саны (ЗОС)).

Қоршаған ортаны ластауға қатысты төлемдер мен айыппұлдан түсетін түсім

2006 ж. ластауға қатысты төлемдердің түсімі 26,5 миллиард теңгені құрады (210 миллион доллар), бұл 2000 жылғы деңгейден едәуір артады (4,5 миллиард теңге) (5.4 кес.кар.). Бағаның осылайша тез көтерілуінің негізгі факторы - өнеркәсіптің, әсіресе мұнай саласының қарқынды дамуы және соған сәйкес ауа мен суды ластағыш қалдықтардың, сондай-ақ өндіріс қалдықтарының көлемінің артуы. Қоршаған ортаны ластау тарифтерінің артуы және мониторинг жүйесінің жетілдірілуі мен түсімдерді жинау соңғы рөл атқарған жоқ. Дегенмен сәйкес мәліметтің болмау салдарынан осы факторлардың қатыстық мағынасын анықтауға да

мүмкіндік жоқ. Осыған байланысты 2004 ж. түсіммен салыстырғанда 2005 ж. қоршаған ортаны ластауға қатысты төлемнен түскен түсімнің 90% артқандығын айта кеткен жөн. Түсімдер кәсіпорындардың қалдық көлемдерін жариялауы мен табиғатты қорғау және салық органдары тарапынан жүйелі тексеру жүргізілуіне негізделіп жиналады. Қалдықтардың фактілік және жарияланатын көлемдері аралығындағы айырмашылық, сондай-ақ қоршаған ортаны ластауға қатысты төлемдердің кірісіне сәйкес ешқандай мәлімет жоқ.

5.3 Кесте: Атмосфераға жылжымалы көздердің эмиссиясы үшін төленетін төлемақы 2007 ж

Облыс	Бір тоннасы теңгемен		
	Бейәтгилды бензин	Дизель жанар майы	ТМД
Ақмола	361	564	216
Ақтөбе	614	861	430
Алматы	430	589	249
Атырау	414	653	372
Шығыс Қазақстан	385	312	252
Қарағанды	361	300	217
Қостанай	344	516	207
Қызылорда	211	346	254
Маңғыстау	507	407	340
Солтүстік Қазақстан	385	610	346
Павлодар	361	480	241
Оңтүстік Қазақстан	371	371	371
Батыс Қазақстан	401	470	298
Жамбыл	177	177	177
Алматы қаласы	954	1 510	856
Астана қаласы	300	781	432
Республика бойынша орташа есеппен (өлшенбеген)	411	559	329
<i>Ескерту:</i>			
1 мың литрі теңгемен	300	412	165
1 мың литрі USD	2	3	1

Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің 2006 жылғы 4 қазандағы № 295-ІІ ластануға төленетін төлем тарифтері туралы бұйрығы

Ескерту: кбензин мен дизель жанар-жағар майын қайта есептеу коэффициенті: 1 тонна = 1356 литр; ТМД: 1 тонна = 2000 литр. Төлем мөлшері АҚШ долларына есептелген, 2006 жылғы орташа айналым курсына қарай (1 АҚШ дол. 126.1 теңге).

2006 ж. ластауға қатысты төлемдер мен айыппұлдардың жиынтық түсімі 30,9 миллиард теңгені құрайды (245 миллион доллар), бұл ІЖӨ 0,3% сәйкеседі (айыппұл жүйесін және негізгі факторларын жасау туралы мәлімет 2 тарауда берілген). 2006 жылы түсімдер 2000 жылғы түсіммен салыстырғанда 550% артты. Алайда бұл түсімдердің нақты құны сәйкес кезеңде 116% құраған инфляцияның жоғары деңгейде болуына байланысты елеулі түрде төмендеді. Шынайы көрінісіне қарай, яғни инфляцияны есепке алғанда ластауға қатысты төлемдер мен айыппұлдан түсетін түсім 2000 жылмен салыстырғанда 2006 жылы 210% көбейді, бұл орташа жылдық өсімге шамамен 20,5% сәйкеседі.


2005-2006 жж. атмосфераға тасталатын қалдықтарға төленетін төлемдер қоршаған ортаны ластауға қатысты төлемдердің жалпы кірісінің 70% құрайды; түсімдердің шамамен төрттен бірін қалдыққа қатысты төлемдері болып есептеледі. 2005–2006 жж. кәсіпорындардың өнеркәсіптік ағын суларға қатысты төлемдері ластауға қатысты төлемдердің жалпы сомасының шамамен барлығы 2% құрады (5.1 сур.қар.).

5.4 Кесте: Ластау үшін жасалатын төлемдер мен салынатын айыппұлдардың түсімдері

Атауы	Млрд. теңге						
	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006
Ластану төлемі	4,50	5,70	6,65	10,58	13,80	25,52	26,48
Айыппұл	0,16	0,18	0,32	1,39	1,59	1,56	4,37
Жалпы сома	4,66	5,88	6,97	11,97	15,39	27,08	30,85
ІЖӨ барлығы пайызбен	0,20	0,20	0,20	0,30	0,30	0,40	0,30

Дереккөзі: Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі

5.1 Сурет: 2005–2006 жж. экологиялық салалар бөлігінде эмиссия үшін төленетін төлемақының түсімдері (орташа үлесі пайыздарда)



Дереккөзі: Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі; ЕЭК хатшылығының есептері.

Ластауға қатысты төленетін төлемдерден түсетін түсім жергілікті бюджетке түседі, алайда, олар табиғатты қорғау іс-шараларына қаржыландыру үшін бөлінбейді (6 тар.қар.).

5.3 Қалалық сумен жабдықтау үшін жасалатын төлем және ағынды суларды бұру

1993 ж. сумен жабдықтауға және ағынды суларды қайта өңдеуге қатысты жауапкершілік жергілікті билік органдарына жүктеледі (жергілікті өзін-өзі басқару органдары). Муниципалды меншіктегі жергілікті коммуналдық қызмет орындары (су каналдары) сумен жабдықтау және канализация қызметін көрсетеді. Тұтастай алғанда, мемлекеттік коммуналдық шаруашылық акционерлік қоғамы (АҚ) немесе жауапкершілігі шектеулі қоғамдарға (ЖШҚ) бөлінді. Дегенмен кейбір шағын және орташа қалаларда коммуналдық сумен жабдықтау тұтастай немесе жартылай жекешелендірілді. 2007 жылы Қазақстанда шамамен барлығы 480 бірліктегі коммуналдық сумен жабдықтау орындары қызмет етті.

Су каналдарын жергілікті билік органдары бақылайды. Негізінде, су каналдары техникалық қызмет көрсету мен сумен жабдықтау және суды есептейтін қондырғылар жүйесін дамытумен қатар, өзін-өзі қаржыландыру қағидасы бойынша жұмыс істеуге міндетті. Алайда коммуналдық сумен жабдықтау тораптары өз жұмыстарына және тарифтік саясатына бұрынғысынша халықтың судың көтерілген бағасын төлеуге қатысты тұтынушылық қабілеті жөнінде алаңдатушылық білдіріп отырған жергілікті басқару органдарының араласуын басынан өткізуде. Жалпы алғанда, коммуналдық қызметке түсетін түсім құралдарының деңгейі тек пайдалану шығындарын ғана жаба алар еді (егер болса). Су шаруашылығымен байланысты емес қажеттіліктерге сәйкес суды қолданудан құралдар алу кеңінен тарады. Осының нәтижесінде, талапқа сай жөндеу жұмыстарының жүргізілмеуіне және техникалық қызметтің көрсетілмеуінің салдарынан сумен жабдықтау жүйесінің инфрақұрылымы елеулі деңгейде нашарлады (9 тар.қар.).

Қалалық билік органдары мен су коммуналдық қызметтерінің арасында орнатылған өндірістік келісімшарттар (Алматы қаласына арналған басқарушылардың қағидалары бойынша ұсынымдарына сәйкес) аса кеңінен қолданыс тапқан жоқ. Тұтастай алғанда, мұндай келісімшарттар ірі операциялық автономия көрсетуге айырбас ретінде коммуналдық басқару мақсаттарын анықтайды. Бұған қарамастан, осындай келісімшарттардың негізінде қызмет ететін коммуналдық қызметтер соңғы жылдары белгілі бір маңыздылыққа қол жеткізді және бүгінде ол Қазақстанның 5% астам халқына қызмет көрсетіп отыр.

Су тарифі

Тарифтерді жергілікті мемлекеттік органдар және/немесе коммуналдық қызмет орындары белгілейді және ол бекіту үшін табиғи монополияларды реттеу жөніндегі Агенттіктің (ТМРА) облыстық басқармасына беріледі. Ұлттық сипаттағы ТМРА бір облыстың шеңберінен шығатын бөлуші тарап арқылы коммуналдық қызмет орындарының (5.1 енд.қара) жұмысын бақылауды жүзеге асырады. Тарифтерді арттыруға байланысты өтініштерді келісу үрдісіне байланысты коммуналдық қызмет орындары ТМРА-не торапты дамытуға қажетті негізгі құралдар мен қорды алмастыру, пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету туралы жан-жақты мәлімет беруге міндетті.

5.1 Ендіріме. Табиғи монополиялардың қызметін реттеу.

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңы (1998 жылы қабылданған) табиғи монополияларды бәсекелестік жағдай жасау немесе техникалық себептерге байланысты мүмкін емес немесе экономикалық жағынан мақсатқа сәйкес емес деңгей ретінде анықтайды. Жалпы алғанда, табиғи монополия үнемдеу мақсатында өндіріс масштабының өсу есебінен бүкіл (жеоілікті) нарыққа қызмет көрсетуге екі-үшеу емес, бір компанияға ғана мүмкіндік берген ұтымды болғанда туындайды. Осыған сәйкес мысал – суды бөлу, оған өндірістік шығыстардың жалпы құрылымында белгіленген шығыстардың (су бөлуші тораптарға салым салу) үлкен үлесі тән. Табиғи монополиялар тұтынушыларды қорғауға арналған сыртқы құралдармен реттеледі. Қазақстандағы табиғи монополиялардың толық тізімі табиғи монополиялар субъектілерінің Мемлекеттік тізімдемесіне енгізілген.

Талапқа сәйкес, тарифтер шығыстарды ескере отырып, бақылаушы органмен есептеледі. Жалпы, бұның құрамына негізгі капитал мен кірісті амортизациялауды есепке алғандағы пайдалану шығыстары қамтылады. Коммуналдық қызмет орындары сонымен бірге ағынды сулармен бірге тасталатын ластағыштар үшін де төлейтіндігін атап өту маңызды. Дегенмен Қазақстанда толық сатып алуды талап ететін жалпы құқықтық қағида қалыптаспаған. Мысалы, ТМРА тарифтерді алмастырудың іс жүзіндегі құнының емес, тарихи шығыстардың негізінде белгілейді. Бұл активтер мен кіріс нормасын амортизациялау жөніндегі ережелер, жалпы алғанда, жеткіліксіз екендігіне алып келеді. Ереженің құнды толық өтеуді қамтамасыз ете алмайтындығы сияқты басқа себебі халықтың төмен кірісімен аса жоғары тарифті төлеу қабілетіне алаңдаушылықпен тікелей байланысты.

«Бірегей» тарифтерді қолдану кеңінен таралған, яғни бір куб метрге төленетін баға суды қолданудың жалпы деңгейінен тыс өзгеріссіз қалады. Балама ретінде үдемелі сатылы-пропорционал тариф қызмет етеді, мұнда баға тұтыну көлемімен бірге өседі. Бұған қоса, тарифтер түрлі тұтынушы топтар үшін бірдей. Халыққа өнеркәсіптік кәсіпорындарға арналған тарифтер есебінен тарифтерді көлденеңінен субсидиялау да қолға алынбаған.

Қазақстанның ірі қалаларындағы су бағасының бір-бірінен айырмашылығы көп (5.5 кес.қар.). 2004 және 2005 жылдары ауыз судың бағасы (ҚСҚ-сыз) (НДС) 1 текшеметрге (Алматыда) 9,33 теңгеден (0,07 доллар) 1 текшеметрге (Шымкентте) 32,75 теңгеге (0,24 доллар) дейінгі аралықта болды. Ірі қалалардағы судың тарифі (кішігірім ерекшеліктерді қоспағанда) әлі күнге дейін жоғары болып отыр. Қолда бар жартылай мәліметтерге сүйенсек, 2004 жылдан бастап 2007 жылға дейін судың бағасы орта есеппен 20% дейін өсті, негізінен бұл, тұтынушылық баға индексінің берілген кезеңдегі орташа артуына сәйкеседі.

Судың көтерілген бағасын төлеуге байланысты тұтынушылық мүмкіндіктерге, әсіресе, елдегі төмен кірісті топтарға келсек, Қазақстанда жүйелік талдау жүргізілмейді. Өйтсе де көптеген тұтынушылар үшін судың тарифі отбасы бюджетінің елеусіз бөлігін ғана құрайды. Экономикалық дағдарыс кезеңінде тарифтерді арттыру мүмкіндігі аса шектеулі болды. Дегенмен соңғы жылдары бұл жағдай түбірімен өзгерді, бұған халықтың жан басына қатысты шынайы кірістің тез өсуі дәлел болады.

5.5 Кесте: Ірі қалаларда сумен жабдықтау қызметтеріне белгіленген 2005 ж тарифтер

Қала	Ауыз су	Канализация	м3 тенгемен
			Төлемді жүзеге асырукоэффициенті
Ақтау	24,66	22,02	100
Ақтөбе	22,08	20,93	100
Алматы	9,33	5,93	100
Астана	20,63	14,63	100
Атырау	15,29	40,96	86
Қарағанды	27,70	21,73	98
Көкшетау	24,70	22,08	100
Қостанай	16,40	15,92	100
Қызылорда	24,84	12,00	92
Павлодар	11,82	9,54	100
Петропавл	16,15	13,92	100
Шымкент	32,75	11,75	99
Тараз	8,28	4,00	81
Орал	14,00	13,18	100
Өскемен	9,80	10,55	100
Өлшенбеген орташа арифметикалық	18,56	15,94	97
<i>Ескерту:</i>			
Орташа тариф АҚШ долларымен	0,13	0,11	

Дереккөзі: Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы Министрлігінің Су ресурстары жөніндегі Комитеті, Қазақстандағы ауыз суға қолжетімділік және тазалығы. 2006 ж. қаңтар. [БҰҰДБ «Қазақстандағы су ресурстары мен суды жинақтауды интеграциялық басқарудың Ұлттық жоспары» жобасы], I қосымша.

Ескерту: ҚҚС (қосымша құн салығынсыз) жоқ

Тек бірнеше қалаларда ғана суды қолдану жүйесі толығымен су өлшеуіштерімен жабдықталды. 2003 ж. су өлшеуіштері су құбыры торабына қосылғандардың жалпы санының тек 45% ғана құрады. Су өлшеуіштерімен толық жабдықталмауына сәйкес белгіленген төмен тарифтер көпшілікті суды үнемдеуге ынталандырмайды. Алайда су өлшеуіштерін судың бағасының артуына және есеп айырысудың қатаң тәртібімен суды қолданудың елеулі төмендеуіне әкелетіндігінің дәлелі көп (мысалы, Шымкент, Оңтүстік Қазақстан облысы). Тіркелмей қолданған жағдайда тұтынушылық тариф отбасы мүшелерінің санына тең болады. Негізінен, тарифтер есептік орташа тұтынуға негізделген; су өлшеуішінсіз бір текшеметр судың бағасы, негізінен, су өлшеуіші бойынша тұтынылатын бағаға сәйкес артып түседі.

Сумен жабдықтау және канализацияға қатысты төлемдердің кірісі.

Соңғы жылдары сумен жабдықтау қызметі бағаның біртіндеп көтерілгендігіне карамастан, түсімдер, орта есеппен негізгі капиталдың амортизациялануын есепке алмағанда коммуналдық су шаруашылығын пайдалану және техникалық қызмет көрсетуге және пайдалануға жұмсалатын шығынды ғана өтейді. Бұл тұжырым суға төленетін төлемдерді жүз пайызға жинаған күннің өзінде әділ болып қала береді. Дегенмен орташа мән облыстар аралығындағы елеулі айырмашылықтарды көрсете алмайды. Мәселен, Шығыс Қазақстанда коммуналдық

төлемдер пайдалану мен техникалық қызмет көрсетуге қажетті жалпы қажетті шығыстың тек жартысынан астамын ғана өтейді. Осыған байланысты көптеген коммуналдық қызметтердің тиімді жұмысы мен инвестициялық жобаларды қаржыландыруы жергілікті билік органдары мен қарыз алу тарапынан субсидиялауға байланысты болып келеді. Дегенмен, көп жағдайда, қаржы қолдау деңгейі (егер орын алса) қажеттіліктен әлдеқайда төмен. Қорыта келгенде, сумен жабдықтау мен канализацияның инфрақұрылымы едәуір тозуға ұшыраған.

5.4 Тұтынушылардың қалдықтарды жинау мен әкетуге жасайтын төлемдері

Қазақстан Республикасында қалдықтарды жинау және жою туралы жеткілікті мәлімет жоқ. Әйтсе де, өнеркәсіптік өндірістің сеніммен өсуіне және тұтыну деңгейінің артуына себеп болған шынайы кірістің елеулі түрде артуына қарай өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарының көлемі де бірден артты деп тұжырымдауға негіз бар.

Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды басқару жөніндегі және мониторинг, қалдықтарды өңдеу және пайдаға асыруды қосқанда, сонымен байланысты заңнама сияқты ұлттық стратегия әлі күнге дейін жасалмаған. *Экологиялық кодекс* (297 бап) қалдықтардың көлемін қысқарту және жою барысын арттыруға

бағытталған ынталандырудың арнайы жүйелерін енгізудің құқықтық негізін қамтамасыз етеді. Дегенмен қалдықтардың алдын алу саясаты, соның ішінде экологиялық таза технологияларды насихаттау, сондай-ақ Экологиялық басқару және ЕО пен ISO 14001 аудиті жүйесі сияқты ерікті нормативтік құжаттар бастапқы күйінде қалып қойды. Пайдаға асыруды енгізу және ынталандыруға қатысты жүйелік әдіс те жасалынбаған. Осыған сәйкес, қалдықтарды өңдеу үлесі өте аз.

Жергілікті билік органдарының құрамына қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі қалалық қызмет кіреді, ол қалалық қоқыс үйіндісін тасымалдау, оны жою және үйінділерді бақылау қызметтерін атқарады. Іс жүзінде, барлық қалалық қоқыстар мемлекеттік санитарлық нормаларға сәйкеспейтін үйінділерге тасталады. Қазақстанда қалдықтарды өртеуге арналған арнайы орындар жоқ. Қоқысты заңсыз тастау – ауылдық жерлерде әдетке айналған.

Қалдықтарды шығару және үйінділерді ұйымдастыру жұмыстары бірқатар қалаларда (мысалы, Алматыда) жекеше мамандандырылған кәсіпорындардың қолына берілген. Егер мамандандырылған кәсіпорындар жеке меншік болса, қалалық қалдықтарға қатысты тарифті осындай кәсіпорындармен келіссөздер жүргізу нәтижесінде анықталатын келісімшарттық баға бойынша жергілікті басқару органдары анықтайды. Жалпы, қалалық қоқыстарды тасымалдау тарифінің мөлшері отбасы мүшелерінің санына теңбе-тең келеді. Алматыда 2007 жылы басына бір айлық тариф 100 теңгені (шамамен 80 цент) құрады.

Кәсіпорындар өз қызметінен шыққан қалдықтарды сақтау, пайдаға жарату және қайта өңдеу жұмыстарын өз бетінше ұйымдастырулары қажет. Өнеркәсіптік қалдықтарды ҚОҚМ бақылайды. Елде қауіпті қалдықтарды пайдаға асыруға арналған балама қондырғылардың жоқ болуына байланысты, қауіпті қалдықтар қалдықтардың басқа да түрлерімен (бірігіп тасталған қоқыс) қатар қоқыс үйінділерінде жиі сақталады немесе экспортталады.

5.5 Табиғи ресурстарды пайдалану үшін жасалатын төлемақы

Су қақпақтарына төленетін төлем

Жерүсті көздерінің су ресурстарындағы су қақпағы ережелері мемлекеттік органдар шығаратын нұсқаулар (сегіз су бассейндерінің әрқайсысы бойынша) арқылы анықталады. Квотасы анықталған су қақпағын қолдануға қатысты лицензияны Ауыл шаруашылығы Министрлігінің су ресурстары жөніндегі Комитеті (СРК) береді. Жергілікті билік органдары су қақпағының тарифін белгілейді.

Тарифтер (1 текше метрге қатысты есебі) тұтынушылардың негізгі топтарына байланысты (коммуналдық шаруашылық, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп) жасалады. Гидроэлектростанциялардың суды қолдануға қатысты төлейтін төлемі олар өндіретін электроэнергияның (Кв/ч) теңбе-тең белгіленеді. Квотадан асатын фактілік су қақпағы үш тариф бойынша төленеді. Су қақпағын рұқсатсыз қолдану үшін негізгі тарифтен бес есе асатын төлем алынады.

2007 ж. су қақпағының тарифтері өте төмен болды (5.6 кес.қар.). Олар 2002 орнатылды және содан бері әлі ауыстырылған жоқ. Соған сәйкес, суды қолданудан түсетін төлемдер елеусіз болып отыр, және олардың шынайы бағасы да соңғы жылдары жоғары инфляция салдарынан төмендеп кетті. Суды қолданудың түсімдерін жергілікті салық органдары жинайды, олар жиналған құралдарды сәйкес су бассейнінің жергілікті бюджетіне аударады. Дегенмен олар су ресурстарын қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға бөлінбейді.

Судың мәлімделген мөлшері су бассейндерін басқару жөніндегі сәйкес ұйымдардың бекітуі қажет (9 тар.қар.). Суды қолдануға қатысты түсімдердің төменгі тарифі оларды жинауға қатысты әкімшілік шығындарды жабуға да жеткіліксіз. Бұл 2005 жылы Алматы қаласының қалалық билік орындарының ауыл шаруашылығына арналған нөлдік тариф бекітуіне ықпал етті.

Су қақпағына байланысты төлемнен басқа негізінен, балық аулау және су көлігін қолданумен байланысты жерүсті дереккөздерін пайдаланудың да белгіленген төлемдері бар. Су қақпағына бекітілген төлем сияқты жерүсті дереккөздерінің төлемі де сегіз су бассейнінің әрқайсысы бойынша жергілікті билік органдарымен белгіленеді (5.6 кес.қар.).

Табиғи ресурстарды қолданудың басқа да төлемдері

Су ресурстарына қатысты төлемдерден басқа да табиғи қорды қолдануға төлем алынады. Мұндай төлемдер қатарына жер салығы, орман ресурстарын қолдануға қатысты төлемдер (ішінара, ағаш), аң аулау мен балық аулау жинақтары, сондай-ақ күзетілетін табиғи парктерді қолдануға қатысты жинақ төлемдері жатады. Әйткенмен мұның бәрі тек пайда түсіру үшін жасалған фискальды құралдар болып табылады.

Белгіленген жинақ төлемдер ресурстардың шынайы бағасын көрсетпейді, осыған байланысты олар осы ресурстарды тұрақты қолданудың және қорғаудың әрекеттік ынталандыруын қалыптастырмайды.

Мысал ретінде 2002 жылдан бастап өзгермеген орманды (ағаш даярлау) қолдануға қатысты тарифтерді алуымызға болады. 2006 ж. олар 2002 жылмен салыстырғанда (яғни инфляцияны есепке алғанда) шамамен 25% төмендеді. Орманды пайдаланудан түсетін түсімдер орманның пайдаланылатын жерлерін қорғау жөніндегі жалпы қажеттіліктердің тек 10% ғана өтейді. 2008 жылдың басында ҚР Үкіметінің мақұлдауын алғаннан кейін орманды қолдануға қатысты төлемдерді 20% арттыру жоспарланып отыр.

Пайдалы қазбалар (минералды ресурстар)

Пайдалы қазбаларға, әсіресе мұнай мен газ алу процедуралары 1996 жылы қабылданған «Кен орындары және қазба байлықтарын қолдану туралы» Заңында белгіленген. Кен орындары мен ондағы пайдалы қазба ресурстары мемлекеттің меншігі болып есептеледі. Егер келісімшартта қазбаны пайдалануға қатысты басқа құқық белгіленген болса, кен орындарынан алынған ресурстар қазбаны қолданушының меншігіне айналады. Энергетика және минералды ресурстар Министрлігі қазбаны пайдаланушыға өкілетті орган болып саналады. Өнімді бөлу туралы келісімді қосқанда (ӨБК), барлау мен қазба орнын табуға қатысты келісімшарт тараптар

арасында келісіледі. Егер барлау құқығын иеленуші «өнеркәсіптік қор» ашса, оның келісімшартта пайданы талқылауға тікелей құқығы болады.

5.6 Кесте: Жер үсті көздерінен су ресурстарын пайдалануға белгіленген орташа тарифтер

Суды қолдану	Атауы	Тарифте рі
Суды қолдану		
Тұрғын үй және мемлекеттік секторларға коммуналдық қызмет көрсету	м3 теңгемен	0,038
Өнеркәсіп	м3 теңгемен	0,108
Ауыл шаруашылығы	м3 теңгемен	0,031
Гидроэлектростанциялар	кВт/с.теңгемен	0,011
Басқа су қолданушылар		
Балық шаруашылығы	Бір тонна балық теңгемен	77,16
Тоғандарды қолданатын компаниялар	м3 теңгемен	0,030
Су көлігі (қайық)	тонно-км.теңгемен	0,004

Дереккөзі: 2002 ж. 29 наурыздағы № 374 Жарлық
Ескерту: Сегіз бассейндік су басқармалары қолданатын өлшенбеген орташа арифметикалық төлемдер.

Кәдуілгі салықтан басқа (мысалы, корпоративтік салық, акциздер), қазбаны пайдаланушыларға Салық кодексімен анықталатын арнайы жинақтар (бонус және роялти) салынады. Кодексте жазба бонусы мен коммерциялық табу бонусы туралы айтылған. Жазба бонусы барлаудың басталғанына рұқсат беруге қатысты белгіленген ақыны білдіреді. Коммерциялық табу бонусы барланған қордың құнынан 0,1% құрайды. Ол пайдалану туралы келісімшарт орнатылған соң алынып бастайды. Роялти бақыланған кен орнының жыл сайынғы пайдасының көлемінің негізінде есептеледі. Шикі мұнай экспортына рента салынады. Осы аталған төлемдер олардың көлемі экологиялық мәселелерді ескерусіз анықталатын болғандықтан, бюджетке қаржы түсімдерін тартуға арналған аса фискальды құрал болып саналады. Соған сәйкес кіріс мемлекеттік бюджетке, ал оның белгілі бір бөлігі Ұлттық инвестициялық қорға аударылады (6 тар.қар.). Экономиканың басқа да салалары сияқты, ластауға қатысты төлемдер шешімдер арқылы анықталатын шеңбердегі қоқыс тастағаны үшін жасалуы тиіс. Мұндай түсімдер жергілікті билік органдарының сәйкес бюджетіне аударылады (5.2 жоғ.қар.).

5.6 Автомобиль көлігі

Автомобиль көлігі – Қазақстандағы ауаны ластаудың негізгі көзі. Соңғы жылдары жеңіл автокөлік, жүк автокөлігі мен автобустардың саны күннен күнге көбейіп, экономикалық белсенділіктің қарқындап дамуын және сонымен байланысты халықтың шынайы кірісінің артуын сипаттайды. Бұған қарамастан, ескі автокөліктердің үлесі автокөліктің жалпы санының бірлігі бойынша аса жоғары болып отыр, дегенмен елде автокөлік құралдары паркінің жылдық мөлшері туралы ешқандай мәлімет жоқ.

2003 ж. этилды бензин қолдануға ресми түрде тыйым салынды. Бұл 2000 жылдың басымен салыстырғанда мырыштың тасталуының төмендеуіне ықпалын тигізді. Дегенмен Қазақстанда көлемі жағынан аса үлкен қара нарықтың бар екендігін білдіре отырып, этилды бензин әлі де кеңінен қолданылатын сияқты.

2007 ж. Қазақстанда автокөлік құралдарының қалдықтарына қатысты еуропалық немесе американдық стандарттарға қарағанда неғұрлым жұмсақ ескі КОМС¹⁹ (ГОСТ) талаптары әлі де қолданылу үстінде. Құрамында миллионға тең 5.000 күкірт бөлігі кездесетін дизельді жағар

¹⁹ Бұрынғы Кеңес Одағының Мемлекеттік стандарты.

май ішкі нарықта сатылған емес. Бензин құрамында кездесетін күкірт 1 миллионға 1.000 бөліктен келеді. Салыстыру үшін, «Еуро 3» және «Еуро 4» стандарттарына сәйкес 2005 ж. белгіленген максималды күкірт бензиннің де, дизельді жағар майдың да құрамында 50 бөліктен болады.

Алайда, 2008 жылдан бастап билік орындары дизельді жағар майға да, бензинге де миллионға 500 бөлік күкірттің максималды мазмұнына дейін рұқсат етілетін, көлік құралдарының пайдаланылған газдан шығарылатын қалдықтарына «Еуро 2» стандартын қолдануды бастауды қолға алмақ.²⁰ Осы аталған стандарттар тек жаңа шет елдік және отандық автокөліктерге ғана қолданылады. Осыған орай қалдық пен шуыл деңгейінің рұқсат етілген нормаларына сәйкес көлік құралдарын міндетті жиі тексеруден өткізу жоспарланып отыр. Орташа мерзімді мақсаты – 2010 ж. «Еуро 3» стандартын іске қосу. Әлі құрамында күкірт өте аз жағар майды қолдануға мүмкіндік беруі ықтимал, автокөлік жағар майына дифференциалды салық тағайындау жоспарда жоқ.

5.7 Кесте: Автокөліктің бензині мен дизель отынына белгіленген акциз, 2004-2007 жж.

	Бірлік	2004	2005	2006	2007
Бейәтилды бензин	Бір тоннасы теңгемен	5 000	0	5 000	5 000
Дизель жағар майы	Бір тоннасы теңгемен	600	0	600	600
Бейәтилды бензин	Бір тоннасы теңгемен	3,69	0	3,69	3,69
Дизель жағар майы	Бір тоннасы теңгемен	0,44	0	0,44	0,44
<i>Ескерту</i>					
Бейәтилды бензин	бір литрі АҚШ дол.	2,90	0	2,90	2,90
Дизель жағар майы	бір литрі АҚШ дол.	0,35	0	0,35	0,35

Дереккөзі: Сыртқы істер Министрлігінің тікелей мәлідемесі

Ескерту: Мұнай өңдейтін зауыттардың дербес бөлшектік өнім торабы арқылы бөлшектік сатуының акциздері. 1 мт бензин/ дизель = 1.356 л. АҚШ долларымен қойылған бағалары 2006 ж. орташа жылдық айырбас бағамына қарай қолдануға есептелген. (1 долл. = 126,1 теңге).

Автомобильді жағар майға салық пен төлемдер кеңінен салынады, алайда бұл салық салудың негізгі мақсаты салық түсімдерін тартуға негізделеді. Жоғарыда айтылғандай (5.2 тармағын қар.), кәсіпорындар үшін коммерциялық мақсатта қолданылатын көлік құралдарының жанар-жағар майды қолдануына байланысты қоршаған ортаны ластауына ең жоғарғы тариф белгіленген. Жекеше жеңіл көліктер иелеріне мұндай салық салынбайды. Осылайша, ҚСҚ (НДС) (14%) мен акциз жанар-жағар майдың барлық түрлерін сатуға салынады. Дегенмен акциздік жинақтардың көлемі ЕО нормаларымен салыстырғанда өте төмен (5.7 кес.қар.) – ол бір литр бензинге 3,7 теңге немесе шамамен 2007 жылғы бөлшектік сауданың 5% құрады. Дизельге қатысты акциздер литріне 0,4 теңгені құрады, яғни бөлшектік бағасынан 1% төмен. 2005 ж. мұнай бағасының арту салдарынан тұтынушыларды қорғау үшін ҚР Үкіметі бензин мен дизжанар майға қатысты акцизді қолданыстан шығарды.

Автокөлік құралдарын қолдануға тіркеу жинағы салынады, оның мөлшері автокөліктің техникалық сипаттасына байланысты болмайды. Ол 5,500 теңгені құрайды, бұл шамамен қырық бес долларды құрайды.

Көп уақыттан бері түрлі критерийлер бойынша көлік құралдарының түріне байланысты жіктелетін жыл сайынғы салық жүйесі қалыптасқан. Жеңіл автокөліктерге салынатын салық мөлшері қозғалтқыш (двигатель) көлеміне байланысты болады. ТМД өндірісінің алты жылдан асқан машиналарына салық жеңілдік жүктеме бойынша салынады. Экологиялық көзқарас тұрғысынан алғанда бұл тиімсіз, себебі мұндай автокөліктер осындай жылғы шет елдік автокөліктермен салыстырғанда қоршаған ортаны одан көп ластайды.

²⁰ «Еуро 2/II» Еуропалық Қауымдастық стандарттары 1996 ж., «Еуро 3/III» стандарттары - 2000 ж., ал «Еуро 4/IV» стандарттары 2006 ж. өз күшіне енді.

5.7 Қорытынды және ұсыныстар

Қазақстанда ластауға қатысты төлемдер жүйесі едәуір күрделі және әкімшілік көзқарасы тұрғысынан алғанда аса қиын. Ауа мен суды ластағыштарға қатысты төлемдер жүйесі едәуір және әкімшілік көзқарас тұрғысынан аса күрделі. Ауа мен суды ластайтын түрлі ластағыштардың орасан санына қарай қалдықтарға салық салынады. ҚШК саладағы озық сапалы технологиялардың емес, берілген облыс немесе аудандардағы ластағыш заттардың ШЫК көрсетілген медициналық-санитарлық нормалардың негізінде анықталады. Төлемдерді есептеу қағидаларының да айқындылығы жоқ. Ластауға қатысты төленетін төлемдер жекелеген негізгі ластағыштар бойынша жіктеледі, және де «шартты тонна» деп аталатын өлшеммен өлшенетін атмосфера мен суға тасталатын қалдықтардың жиынтығына қарай алынады. Ластауға қатысты төлемдердің жекелеген деңгейлерін белгілеу критерийлері белгісіз, мұнда дискрециялық әдістің елеулі үлесі басым екендігі байқалады. ҚШК белгіленген шамадан жоғары қалдықтарға қолданылатын жоғары (он есе) көбейткішпен сәйкес компанияны нормаларды сақтамағаны үшін айыппұл төлеудің алдын алу үшін қалдықтардың жеткілікті жоғары шегін таңдауына ықпал етеді. Бұл сыбайлас жемқорлықтың даму тәуекелімен байланысты. Негізгі ластағыш заттар мен ластау көздеріне тиісті көңіл бөлінбеуі қоршаған ортаны ластауға қатысты төлемдер жүйесі ҚОҚМ шектеулі ресурстарын, дәлірек айтқанда, бақылаудың сәйкес бақылау мүмкіндіктерін тиімді басқара алмайтындығын көрсетеді (2 тар.қар.).

Ластауға қатысты төлемдер жинаудың осындай жүйесінің экологиялық тиімділігі белгіленбеген, яғни белгіленген төлемдер ластау деңгейін төмендетуге ынталандыратын деңгей анықталмаған. Негізгі ластағыш заттар мен дереккөздерге тиісті көңіл бөлінбеуінің салдарынан ластауға және оларды төмендетудің шекті шығынына төленетін төлемдердің өзара қатынасын аса немесе төмен дәл бағалауға мүмкіндік бермейді. Мұндай жүйе әлі де белгіленбеген нақты экологиялық міндеттерге қол жеткізуге септігін тигізбейді. Жергілікті басқару органдары үшін, ластауға қатысты төлемдер, негізінен алғанда, бюджеттік кіріс Тарту ретінде қолданылады. Тұтастай алғанда, қолданыстағы жүйе ластаушы дереккөздің жауапкершілік қағидасын орындай алмайды.

Рұқсат беру жүйесінің басталған реформасын жалғастыру – ҚШК және онымен байланысты ластауға төленетін төлемдерге байланысты ауа мен суды ластаушы заттардың санын елеулі түрде азайту жолына дұрыс бағыт алу. Дегенмен рұқсатқа енетін ластағыштар тізімі, халықаралық стандарттармен салыстырғанда ғана емес, экологиялық саясат жасау, оны жүзеге асыру және мониторингке қатысты мемлекеттік шектеулі ресурстар көзқарасы тұрғысынан аса ұзақ болып саналады. Бұған қоса, негізгі ластаушы көздер болып саналатын кәсіпорындарға қатысты көп күш жұмсауды талап етеді.

5.1 ұсыныс:

Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі төмендегідей мақсатта ластауға қатысты төлемдердің қолданыстағы жүйесін қайта қарастырғаны жөн:

- *тек негізгі ластағыш заттар мен ластаудың негізгі көздеріне қатысты төлемдердің қолданылуын шектеу;*
- *ластауға қатысты төлемдерді аса таза өндіріс әдістерін қолданудың балама ынтасын қамтамасыз ететін деңгейге дейін біртіндеп арттыру;*
- *экономикалық құралдар және заңнамалық іс-шараларға төменгі мәселелер бойынша негізделген ынталардың «қоспасын» жетілдіру:*
 - *берілген секторға тән қолда бар озық технологиялар үшін қалдықтардың шекті көлемін (ҚШК) «байластыру»;*
 - *өнеркәсіптік кәсіпорындармен және басқа да мүдделі тараптармен консультация жүргізу барысында атмосфералық ауа мен судың негізгі ластағыштарының қалдықтарын қысқарту жөніндегі мақсаттарын орнату;*

- *кәсіпорын тарапынан қаржы әдістерін таза технологияға айналдыру, сонымен бірге экологиялық басқарудың ISO 14001 сияқты халықаралық жүйесін басым сақтау барысын жетілдіру.*

Экологиялық кодекс қалдықтарды өңдеуге арналған заңнамалық негізді анықтайды. Дегенмен Қазақстан Республикасында өнеркәсіптік және муниципалды қалдықтарға, сондай-ақ көптеген онжылдықтар бойы кен қазу жұмыстарының нәтижесінде жинақталған қалдықтың басым бөлігіне қатысты қызмет жоспары мен ұлттық стратегия жасалынбаған. Кәсіпорындарға өздері өндіретін өнімнен шыққан қалдықтарды жинау және жоюды ұйымдастыру жауапкершілігі жүктеледі. Олар арнайы мамандандырылған қызмет көрсетуші компаниялар және/немесе қалдықтарды басқарудың қалалық жүйесіне тұтынушылық жинақ төлемін өтейді. Ластауға қатысты төлемдер сондай-ақ халықаралық тәжірибеде жалпы қабылданбаған түрлі өнеркәсіптік салалардың қалдықтары үшін де салынады. Сондай-ақ су мен атмосфераға қалдық тастауға төленетін төлемдердің де жағдайы осындай: қалдықтардың түрлі санаттары бойынша нақты тариф шкаласын анықтайтындай критерийлер айқын емес. Бұл оларды негізінен, бюджеттік негіз ретінде қарастырылады деп тұжырымдауға саяды. Кез келген жағдайда, «екі жақты салық салудың» мұндай жүйесі негізсіз. Қалдықтарды жинау, қайта өңдеу және пайдаға асыру қызметтерінің балама бағасы қалдықтарды азайтуды, соның ішінде өңделген материалдарды пайдаға асырудың тиімді әдістерін жасау үшін жеткілікті болуы тиіс. Өңдеуге жатпайтын улы материалдар қоғам денсаулығы үшін де қауіпті, оған тыйым салу қажет.

5.2 ұсыныс:

ҚОҚМ аймақтық және жергілікті билік пен басқа да мүдделі тараптармен ынтымақтаса отырып, қалалық және өнеркәсіптік қалдықтарды жалпы басқарудың тиімділігін арттыруы жөн. Бұл үрдіс төмендегідей мәселелерді қамтуы тиіс:

- *қалдықтарды басқарудың ұлттық жүйесін және онымен байланысты қалдықтарды мониторингтеу, қайта өңдеу, жою және екінші рет қолдану жөніндегі заңнаманы дамыту;*
- *қалдықтарды төмендегі әдістер арқылы өңдеуге және жоюға алынатын төлемдердің қолданыстағы жүйесін жетілдіру:*
 - *өнеркәсіптік және муниципалды қалдықтармен байланысты, қалдық көлемін қысқартуға жұмылдыратын қызметтер үшін тұтынушылық жинақ белгілеу;*
 - *өндірілген өнеркәсіптік қалдықтар үшін ластауға қатысты төлемдерді қолданыстан шығару;*
- *қалдықтарды екінші рет қолдануға арналған тиімді әдістер енгізу;*
- *ISO 14001 сияқты экологиялық басқарудың халықаралық стандарттарын сақтауға арналған ынтаны жетілдіру.*

Кәсіпорындар автокөліктің пайдаланылған газдан шығарылатын қалдықтары үшін төлеулері тиіс. Мұндай төлем автокөлік жанар-жағар майын жыл сайын қолдануға төленетін төлемге теңбе-тең болғанымен, ол автокөлік құралдарының нормаларына бағынышты емес. Бұған қоса, осымен байланысты шығыстар да өте төмен және қоршаған ортаға аз ғана әсер ететін көлік құралдарын қолданудың тиісті дәрежесін қалыптастырады. Сонымен бірге, ластауға қатысты осы төлемдердің кәсіпорын автокөліктерімен салыстырғанда, осы төлемдердің әкімшілік шығысын қоспағанда, анағұрлым күрделі ластағыш көзі болып саналатын жиынтықтағы жекеше жеңіл автокөліктердің көптеген топтарына нәтижесіз салынбайтындығы белгісіз. Автокөлік құралдары қалдықтарын қысқартудың біріші қадамы 2008 жылдан бастап жаңа автокөліктерге қатысты «Еуро 2» нормасының қолданылуы болмақ. Жанар-жағар майды үнемдеу ынтасын арттыру және жоғары сапалы жанар майды, әсіресе күкірт құрамына қарай кеңінен қолдануды алға жылжыту аса маңызды мәселе. Бензиннің ағымдық акциздері халықаралық стандарттар бойынша өте төмен, бұған қоса, ол аса жоғары сападағы жанар-жағар майды қолдану мүмкіншілігімен қамтамасыз етпейді.

5.3 ұсыныс:

Үкімет автокөліктер пайдаланған газдан болатын экологиялық ауыртпалықты азайтуға бағытталған шараларды қолға алу керек. Ондай шаралар келесі жәйіттерді қарастыра алар еді:

- Орташа мерзімді уақыт ішінде пайдаланылған газды бөлу мөлшерінің «Евро-3» және «Евро-4 стандарттарына көшетін мезгілді жариялау;
- бензин мен дизельді жанар-жағар майға қатысты акцизді біртіндеп арттыру, сондай-ақ кәсіпорын автокөліктерінің пайдаланылған газдан шығарылатын қалдықтарының ластауына қатысты кемсітетін төлемдерді алып тастау;
- құрамында күкірті аз жанар-жағар майға ауысуға дифференциалды акциз қолдану;
- ескі автокөліктерді өткізу және жаңа автокөлік алуға қатысты салық ынтасы (автокөліктерді сатушылармен көрсетілетін айрықша уақыттық қаржы ынталарына сәйкес болуы мүмкін);
- пайдаланылған газдан шығарылатын газ қалдықтарын техникалық қатаң бақылау.

Қазақстандағы су ресурстары секторындағы жағдай үлкен алаңдатушылық туындатуда, сумен жабдықтаудың қалалық жүйелеріндегі және ағынды суды тазалаудың инфрақұрылымындағы нашар жағдай соның айқын дәлелі. Төменгі тарифтер сумен жабдықтаушы коммуналдық қызмет орындарына су ресурстарының инфрақұрылымын кеңейтуге және жаңартуға жаңа капитал салымдарын салуды былай қойғанда, тиісті жөндеу жұмыстарын және техникалық қызмет көрсетуге қажет деңгейден тыс пайдалануға жұмсалған шығыстарды өтеуге қажет соманы арттыратын кіріс алуына мүмкіндік бермейді.

Төменгі тарифтер суды үнемді қолдануға ешқандай ықпал жасамайды, және бұл әрбір адамға шаққандағы суды көп қолданудың жоғарғы көрсеткішінен байқалады. Тарифтерді өсіру төменгі кірісті халықтың топтарының тұтынушылық мүмкіндігіне қатысты реттеуші органның (ТМРА) алаңдатушылық туындатуына байланысты шектеліп отыр. Алайда қалалар мен ауылдық жерлерде тарифтерді көтеруге қатысты жүйелік бағалау жүргізілмеген.

5.4 ұсыныс:

Үкімет суды аса үнемді қолдануға алып келетін, коммуналдық сумен жабдықтау жүйесінің қаржылық жағдайын жақсартатын және олардың ұзақ мерзімді қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ететін шаралар қабылдауы қажет. Бұл жайтқа келесі мәселелер кіргізілер еді:

- суды үнемдеуге ықпал ететін деңгейге дейінгі су қақпағы үшін жүктемені арттыру;
- жедел жөндеу және қайта қалпына келтіру жұмыстары, сонымен бірге коммуналдық қызметтерінің толық сатып алынуына көшуге жұмсалған шығындарды өтей алатындай жеткілікті қаржыландыруды қамтамасыз ететін деңгейге дейін тарифтерді біртіндеп арттыру арқылы жасалатын сумен жабдықтау секторындағы тарифтік жүйе реформасы;
- төмен кірісті суды пайдаланушылардың төлем қабілеттілігінің мәселелерін шешу үшін мақсаттық субсидия қолдану;
- сумен жабдықтау торабына біріктірілген суды пайдаланушылардың аралығында су есептегіштерін әрі қарай тарату;
- жұмыс көрсеткіштеріне қарай негізделетін келісімшарттар жасау арқылы жергілікті биліктен сумен жабдықтау кәсіпорындарының тәуелсіз әкімшіліктерін ұлғайту.

6 Тарау

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫНДАР

6.1 Ағымдағы мәнмәтін және үрдістер

Онжылдықтың бас кезінде байқалған орташа жылдық деңгейі 10 пайыз шамасындағы қарқынды экономикалық өсу жұмыспен қамту деңгейінің артуымен, әлеуметтік жағдайлардың жақсаруымен байланысты болып, ол халықтың нақты табыстарының көбеюінен және кедейлік деңгейінің төмендеуінен көрінді (басқалардың ішінде). Негізінен, мұнай саласының күрт көтерілуіне байланысты салық түсімдерінің жоғары өсімі мемлекеттің шығындарды айтарлықтай арттыруға әкеліп, бұлар инфрақұрылымды әдеуір жақсартуға мүмкіндік туғызды және әлеуметтік саланы дамытуға бөлінетін қаржыларды ұлғайту үшін қажет арналар жасады. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын мемлекеттік шығындардың абсолюттік шамада едәуір көбейтілгеніне қарамастан, олардың мемлекеттік шығындардың жалпы көлеміндегі үлесі өзгеріссіз аз күйінде қалып, орта есеппен кейінгі жылдар аралығында 0,5 пайызды құрады. Соған сәйкес қалдықтарды басқару мен ағынды суларды өңдеуге қатысты мемлекеттік экономикалық инфрақұрылымды жақсарту бойынша ілгерілеу тежелді. Бұл қайсыбір шамада ҚОҚМ-ның орта мерзімді перспективада бюджеттік басылымдықтары белгілеу үдерісінде “естір” деген қиындығын көрсетеді. Алайда қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын біршама орташа мемлекеттік шығындар да сондай-ақ саяси реформаларға сыртқы қуатты қозғау салудың болмауымен байланысты, бұл Орталық және Шығыс Еуропа елдері үшін ЕО-ға кіру перспективасынан көрінді. Бірақ заңнаманың ЕО стандарттарына бірте-бірте жақындауының ЕО-мен әріптестік және ынтымақтастық (ӘЫК) туралы Келісім мақсаттарының бірі болып табылатынын атап өту керек. (1 Тарауды қараңыз).

Мемлекет қоршаған ортаны ластағаны үшін алым алудың есебінен түсімдердің айтарлықтай көлемдерін тартуды одан әрі жалғастырды, бірақ 2002 жылдан осы қаражаттар қоршаған ортаны қорғауға бөлінетін нысаналы (мақсатты) қаржы ретінде көрсетілген жоқ. Оның үстіне, осы аталған алымдар кәсіпорындардың ластанудың деңгейін тежеуі және азайтуы үшін айтарлықтай ынталандыру жасай алмайды. (5 Тарауды қараңыз). Бұл ретте қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындардың барлығын дерлік Қазақстанда жеке бизнес көтереді (төменнен қараңыз). Екі жақты және көп жақты көмек небәрі салыстырмалы және біршама шағын толықтырушы рол ғана атқарады.

Жалпы алғанда, Қоршаған ортаны қорғау саласының мемлекеттік бюджет жоспарларында лайықты түрдегі жоғары басымдылығы жоқ. Әрі қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындарға кәсіпорындардың едәуір қатысатындарына қарамастан, қоршаған ортаны ластауды бодырмау мен тежеу үшін жеке сектордың аударымдарын ұлғайтуға ынталандыру төмен күйінде қалып отыр. Негізгі міндеттерге жататындар: мемлекеттің бюджет жоспарлауында қоршаған ортаны қорғау саласының анағұрлым жоғары басымдығына қол жеткізу және ластауға қатысты анағұрлым жоғары стандарттарды сақтауға септігін тигізетін субъектілер үшін тиімді ынталандырулар жасайтын экологиялық саясат құралдарын біршама баламалы ұштастыру.

6.2 Саяси межелер

Табиғат қорғау саясатының негізгі бағдарламалық межелері 2004-2015 жылдарға арналған экономикалық қауіпсіздік тұжырымдамасында мазмұндалады, ол 2003 жылы бекітілді. Тұжырымдамада негізгі экологиялық проблемалардың жалпы сипаттамасы мен тиісті міндеттер берілді. (1 тарауды қараңыз). Тұжырымдаманың бастапқы сатысында (кезегінде) іске

асырылатын “Қоршаған ортаны қорғаудың 2005-2007 жылдарға арналған Бағдарламасы” 27,5 миллиард тенге шамасындағы қаржы ресурстарының жалпы көлемін көрсетеді (2006 жылғы орташа айырбас бағамы бойынша шамамен 220 миллион АҚШ доллары), бірақ жеке жобалардың немесе басымдықтардың бағасын көрсетпейді. Онда былай айтылады, қаржыландыру мемлекеттік бюджет белгіленген межелерде жүргізіледі және ол халықаралық қаржы қолдауының болуына байланысты.

Тұрлаулы дамуға өтудің 2007-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы (2006) (ТДӨТ) жалпы экономикалық және әлеуметтік мақсаттар мен табиғат қорғау қызметінің болжалды жоғары нәтижелерін мазмұндайтын ұзақ мерзімді жоспарға жатады, олар экологиялық тұрақтылықтың жиынтық индексінің (ЭТИ) негізінде өлшенеді (1 тарауды қараңыз). 2007-2009 жылдарға арналған іс-әрекеттердің Бірінші Жоспарында белгіленген мерзімдерде іске асырылуы тиіс шаралардың ұзынан-ұзақ тізбесі ұсынылады, бірақ онда міндеттер де (сандық немесе сапалық), солардың шешімімен байланысты ресурстарға қатысты талаптар да көрсетілмеген.

2002-2010 жылдарға арналған ауыз су Бағдарламасында (АСБ) 115,1 миллиард тенге мөлшеріндегі талап етілетін инвестициялық қаражаттардың есептік жалпы көлемі белгіленген (2006 жылғы орташа айырбас бағамы бойынша 913 миллион АҚШ доллары). Қаржыландыру көздері Мемлекеттік және жергілікті бюджеттерді, сондай-ақ Халықаралық кредиттер мен гранттарды қамтиды. Осы аталған шығындардың негізінен, ағынды суларды жинау мен тазартуға емес, ал сумен жабдықтау желілерін жетілдіруге нысаналанған, осы қаражаттар қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындар категориясына кірмейді. Сумен жабдықтау туралы толығырақ ақпарат 9 тарауда беріледі. БҰҰ шөлге айналумен күрес жүргізу жөніндегі Конвенциясының аясында іске асырылатын 2005-2015 жылдарға арналған шөлге айналумен күрес жүргізу Бағдарлама (ШК БҰҰК), оны іске асырудың бірінші кезегінде (2005-2007 жылдар), қабылдануы тиіс бірқатар шараларды жоспарлайды және 3,1 миллиард теңгеге жуық күрделі қаржы жұмсалымын көздейді. (2006 жылғы орташа айырбас бағамы бойынша 24,9 миллион АҚШ доллары). Қаржыландырудың негізгі бөлігі (96%) халықаралық гранттарға негізделген, небәрі 4% қаражат қана мемлекеттік бюджеттен бөлінеді.

6.3 Институционалдық құрылым

Қазақстанда табиғат Қорғау қызметіне жұмсалатын шығындарды жабудың үш негізгі көзі бар: Мемлекеттік бюджет және жергілікті бюджеттер, кәсіпорындардың меншікті қаражаттары, сондай-ақ шетелдік кредиттер мен гранттар. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарында ұлттық және жергілікті деңгейлерде құрылған экологиялық қорлар 2002 жылы 1-ші қаңтарда күшін жойды. Осы қорлардың негізгі проблемасы, олар қоршаған ортаны қорғауға қатысты саясат жасау үшін жеткіліксіз шағын қосылған құнды генерациялаумен байланысты. Халықаралық стандарттардан айырмашылығы, мұның негізгі себебіне осы аталған қорлардың жекелеген экологиялық жобаларды анықтауға, баға беру мен іріктеуге тартылмағаны жатады. Қазақстандық қорлардың мандаты қоршаған ортаны ластау үшін төлемдер жинаумен және мемлекеттік экологиялық ұйымдар үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді тікелей тендерлік сатып алуды ұйымдастырумен шектелген.

2006 жылы сәуір айында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазына» тұрақты даму Қорын құрды. Осы қордың мандаты жеті мемлекеттік даму институттарының қызметі мен жалпы экономикалық өсу мен халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабылетті арттыруға қолайлы жағдайлар жасау мақсатымен өндіруші өнеркәсіптің және ауыл шарушылығының аясынан тыс өнеркәсіптік инвестициялық жобаларды іске асыруды қамтиды. Өзінің атауына қарамастан, қор қоршаған ортаны қорғауды ілгерілету жөніндегі іс-шараларға қатыспайды. 2007 жылдың бірінші жартысында «Қазына» қорының инвестициялық портфелі жалпы сомасы 5,2 миллиард АҚШ доллары тұратын 183 жобаны қамтыды, бірақ қордың инвестициялық стратегиясына экологиялық сипаттамалардың критерийлерін (егер орын алса) енгізу туралы ешқандай ақпарат жоқ.

Мемлекет 2000 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорын құрды. (ҚРҰҚ). Қордың мандаты табиғи ресурстарды өндіруден түсетін мемлекеттік кірістерді (табыстарды) ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуді қамтыды. ҚРҰҚ әлемдік рынокта шикізат материалдарына бағалардың ауытқу жағдайларында, сондай-ақ болашақ ұрпақтар үшін табиғи өндірістерді өндіруден (шектеулі) түскен түсімдердің бөліктерін сақтауға байланысты мемлекеттік табыстарды (кірістерді) тұрақтыландыруға көмек көрсету мақсатымен құрылған тәуелсіз қор болып саналады. Қор табыстарының негізгі көздеріне корпорацияларға салынатын табыс салығы, үстеме пайдаға салынатын салық, бонустар мен ролянтилер сияқты мұнай компанияларының тікелей салықтары жатады. 2006 жылы шілдеде ҚРҰҚ толығымен мемлекеттік бюджетке интеграцияланды. Қазір мұнайдан түсетін табыстардың бәрі ҚРҰҚ-на бекітілген, ол дамуға жұмсалатын шығындар аталатындарды қаржыландыру үшін қаражаттар аударды. Бұл негізгі қаражаттарды қалыптастыруға (атап айтқанда, инфрақұрылымды) жұмсалатын шығындарды және Адам капиталын дамытуды қамтиды. Мұның ҚОҚМ үшін сәйкес бюджеттік қаржы бөлулеріне қалай әсер ететінін түсіну ғана қалады. 2007 жылдың тамыз айының соңында ҚРҰҚ 2322,6 миллиард теңгені жинақтады, 18,4 миллиард АҚШ долларын құраған осы қаражат (2006 жылғы орташа айырбас бағамы бойынша) Халықаралық қаржы рыноктарына инвестицияланды.

Мемлекеттік сектор

Мемлекеттің қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындарының түрлі деңгейлердегі жауапкершілігі мен табиғат қорғау қызметіне жататын табыстарды бөлуді Бюджеттік кодекс белгілейді. Қазақстанда орталық ұлттық бюджет «Республикалық бюджет» аталады; мемлекеттік бюджет орталық және жергілікті бюджеттерді қамтиды. 2006 жылы шілдеден бастап ҚРҰҚ мемлекеттік бюджетке енгізілді.

Орталық үкімет

Ұлттық деңгейдегі табиғат қорғау шаралары орталық мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылуы тиіс. Табиғат қорғау іс-шараларын іске асыру жауапкершілігі Қоршаған Ортаны Қорғау Министрлігіне (ҚОҚМ) және Ауыл шарушылығы Министрлігіне (АШМ) жүктелген. АШМ құрамына Су ресурстары жөніндегі Комитет (СРК) пен Орман және аңшылық шарушылығы Комитеті кіреді.

Мемлекеттік шығындарды басқаруды жетілдіру жөніндегі шаралар ұлттық деңгейдегі жылдық бюджетті жасау үшін шығындардың орта мерзімді межелерін (ШОММ) әзірлеуге ұйытқы болды (6.1 Ендірмені қараңыз). Егер, сайып келгенде, бұл бюджеттік Қаржы бөлу үдерісіне экологиялық инвестициялық бағдарламалардың интеграциясын жеңілдетуді және бекітілген жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз етуі тиіс болса, бюджеттік қаржы бөлу туралы шешімдер қабылдау үдерісінде экологиялық міндеттерді ілгерілету үшін институционалдық әлеуетті қалыптастыру қажетті талап болып табылады. Бұл сондай-ақ жобалардың құнын бағалау сапасының артуы мен мониторинг пен сараптық бағаға жұмсалатын шығындардың тиімділігін арттыруды талап етеді, бюджеттік үдерістің осал буындарына жататын аспектілер.

Жергілікті басқару органдары¹

Көпшілік елдердегі сияқты. Қазақстанда да экологиялық инфрақұрылымға инвестиция үшін (мәселен, сумен жабдықтау және ағын суларды тазарту желісі, сондай-ақ қалдықтарды әкету) жауапкершілікті ұлттық үкіметтер жергілікті басқару органдарының деңгейіне табыстау қолданылады. 2002 жылдан бастап, яғни экологиялық қорлардың күшін жойғаннан кейін, қоршаған ортаны ластағаны үшін жасалатын төлемдерден түсетін табыстар мен мемлекеттік орталық салық органдары жинайтын айыппұлдар жергілікті бюджеттерге жіберілетін болды. Алайда осы түсімдер қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды іске асыруға жұмсалатын

¹ 16 әкімшілік бірлікке, яғни 14 облыс пен облыс мәртебесіне теңестірілген әкімшілік мәртебесі бар 2 ірі қалаға (Астана және Алматы) сенім артылды.

шығындар ретінде нысаналы бағыт алған жоқ. Жергілікті билік органдары қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдердің қолданылатын мөлшерлерін белгілейді (5 тарауды қараңыз), жоспарларын жасайды. Табиғат қорғау іс-шараларына жергілікті деңгейде жұмсалатын шығындарға тән ортақ белгі қоршаған ортаны ластағаны үшін жасалатын төлемнен түсетін табыстардың арзымайтын бөлігін салу ғана болып табылды. 2006 жылы қоршаған ортаны ластаудан түскен кірістер жергілікті бюджеттердің жалпы табыстарының 3 пайызға жетпейтін шамасын құрады, бұл 2003 жылдың деңгейінен екі есе артық (1,5%).

6.1.Ендіріме: Шығындардың орта мерзімді межелері (ШОММ)

Мемлекеттік бюджеттер жыл сайын жасалып отырады. Дұрыс қалыптастыру үшін бюджеттер саяси бағыт пен жоспарлауды есепке алу арқылы әзірлеуі тиіс. Осылайша олар кезек бойынша орта мерзімді межелерге енгізілуі тиіс, олар базалық бағыттың макроэкономикалық дамуын, болжалды табыстар мен мемлекеттік бағдарламалардың және қаражаттарды жұмсау саясатының ұзақ мерзімді қаржылық қажеттіліктерін көрсетеді. Макроэкономикалық (қаржы межелерінен бөлек, ШОММ мына аспектілерді қамтиды)

- Салалық бағдарламалар мен шығындардың межелерін әзірлеу;
- Ресурстарды бөлуді белгілеу;
- Салалық бюджеттерді дайындау.
- түпкілікті саяси бекіту

ШОММ Министрліктер арасындағы ынтымақтастықты дамыту және көп жылдық перспективада жоспарлау құралына жатады. Бұлар орта мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттардың ашықтығын, сондай-ақ оларға жету стратегиясын арттырады. Осылайша олар ашықтықты арттырады және ашық талқылауларды ынталандыруы мүмкін. Кейінгі жылдарда ШОММ кедейліктің деңгейін азайту жөніндегі стратегиялардың құжаттарын дайындауда (ҚДАСҚ) кеңінен пайдаланылды.

Жергілікті бюджеттің негізгі жұмсайтын шығындары білім, денсаулық сақтау және тұрғын үй саласына бағытталады. Кейінгі жылдарда табиғат қорғау қажеттіліктеріне жұмсалатын шығындардың үлесі жұмсалатын қаражаттардың жалпы құрылымында, орта есеппен, бір пайыздың жартысынан кемін құрады. 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасының аясында әрбір жергілікті басқару органы қоршаған ортаны қорғаудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын, сондай-ақ осы бағдарламамен байланысты жекелеген жобалардың үлкен тізбесін қажетті ресурстардың көлемімен жобаларды іске асырудың күтілетін мерзімдерін көрсету арқылы дайындауы тиіс еді. Алайда біз осы аталған жобаларды іске асырудың нақты нәтижелері туралы мәліметтер алмадық. Жалпы, табиғат қорғау қызметіне жергілікті деңгейде берілетін төмен басымдықтың да, сондай-ақ экологиялық инвестицияларды белгілеу, баға беру, жоспарлау және іске асыру үшін лайықты әлеуеттің болмауын көрсететінін атап өтуге болады.

Жергілікті басқару органдары табыстардың жалпы саясатына қатысты шектеулі автономияға ие. Кейінгі жылдарда жергілікті салықтар (мәселен, мүлікке салынатын салық, жер салығы, көлік салығы) жергілікті түсімдердің жалпы көлемінің небәрі 15%-ын ғана құрады. Тек жер салығы ғана жергілікті деңгейде белгіленеді.

Жергілікті табыстардың негізгі көздері-республикалық деңгейде жиналатын табыс салығының бір бөлігін аудару және мемлекеттік бюджет қаражаттарынан берілетін гранттар. Оның үстіне, қаржылық жағдайы анағұрлым әлсіз облыстарға қолайлы салық-бюджет балансы бар облыстардан табыстарды қайта бөлуді қамтитын, облысаралық қаражаттар аудару жүйесі жұмыс істейді. Алайда осы аталған аударымдар жүйесінің формалды ережелері орталық үкімет тарапынан еркін өзгерістерге ұшырады. Бұл облыстардың табыстарына күтпеген және күшті ауытқулар жасады.

2007 жылы шілдеде ҚР Үкіметі облысаралық аударымдардың мөлшерін белгілеудің жаңа ережелерін қабылдады. ЮСАИД жобасының шеңберінде экономика және бюджет жоспарлау миинстрлігімен ынтымақтастықта әдіснама әзірленді. Жаңа ережелер қаражаттарды жұмсауға қатысты жергілікті басқару органдарының ағымдағы қажеттіліктерін белгілеуді көздейді де, бұл орайда коммуналдық қызметтерге жұмсалатын салыстырмалы қаражаттардың кенттенудің, кедейліктің деңгейін көрсететін және елді мекендердің басқа да айырмашылықты

факторларын есепке алу арқылы коммуналдық қызметтерді пайдаланушылардың саны ескеріледі. Алайда жаңа ережелердің күшіне ену мерзімдері белгіленбеген.

Оның үстіне, жергілікті билік органдары отандық капитал рыноктарында ақшалай қаражаттарды қарызға алуға немесе халықаралық қаржы институттарымен (ХҚИ) немесе екі жақты донорлармен гранттық және кредиттік операцияларға қатысуға уәкілетті емес. Бірақ бірқатар жағдайларда орталық билік органдары ХҚИ-ден несие капиталын тартты және осы қаражаттардан жергілікті басқару органдарына кредиттер берді.

«Атыраудағы сумен қамтамасыз ету жөніндегі пилоттық жоба», ең көрнекі мысал болып табылады, ол 2004 жылы аяқталды. Осы жобаны іске асыру үшін ҚР Үкіметі Дүниежүзілік Банкпен кредиттік келісім жасады, ол Атырау облысының әкімдігін кейіннен кредиттеуді көздейді. Жергілікті биліктер жобаның іске асырылуына және ортақ қаржыландыруға жауапты болды. Жергілікті бөлімше «Водоканал» МҚК ұзақ мерімді кредиттік міндеттемелердің қабылдануына байланысты жеткілікті ағымдағы және күтілетін табыстардың болмауынан бұған қатысқан жоқ. Жергілікті биліктердің ХҚИ гранттар мен кредиттер беруі жөніндегі рәсімдермен және талаптармен таныс еместігі (жергілікті бөлімшелер МҚИ «Водоканал» сияқты), осы орталықтандырылған тәсілдің тікелей нәтижесі болып табылды.

Шын мәнінде, Коммуналдық сумен қамтамасыз етудің және канализацияның жергілікті желілеріне инвестицияларды қаржыландыру мақсаттарында жеке капитал рыноктарында қаражаттарды қарызға алуларына рұқсат етілді. Алайда осы қарыз инвестицияларды инфрақұрылымға ұзақ мерзімді қаржыландыру үшін қаражаттарды қайтару мен қарызды (борышты) өтеуге байланысты тұрлаусыздық (белгісіздік) жағдайларында пайдалану шығындарын қысқа мерзімді қаржыландырумен шектелді. Бұл тарифтерді белгілеуге саяси араласу салдарының бірі, сол себепті сумен қамтамасыз етудің коммуналдық желілерінің табыстары тек пайдалану шығындары мен техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындарды ғана жабады.²

6.4 Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындардың соңғы үрдістері

жүйесіндегі соңғы үрдістер

Қазақстанда ағымдағы онжылдықтың бас кезінен тіпті шағын база жағдайларында да жеке және мемлекеттік сектордың қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын жиынтық шығындардың ұдайы өсуі байқалды. Бұлар экономикада таралатын өндіріс пен табыстардың жалпы көлемінің көрсеткіші болып табылатын ЖӨІ-ге қатысты айтарлықтай өсті. Соның нәтижесінде, қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындар 2001-2006 жылдар арасындағы ЖІӨ-нің 1,2-1,3% тұрақты көрсеткішіне сәйкестенді. Нақты есептегенде, яғни инфляцияға түзету жасау арқылы қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындар осы көрсетілген кезең арасында 50 пайыздан астам шамаға өсті. Халық санының шамалы өзгеруінде Жан басына шаққанда қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын нақты шығындардың айтарлықтай ұлғаюы байқалды, ол ұлттық ақша бірлігімен өлшенеді. (6.1 Кестені қараңыз). Халықтың Жан басына шаққанда қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындар 2001 жылғы 20 АҚШ долларымен салыстырғанда 2006 жылы 66 АҚШ долларын құрады.

Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындар экологиялық проблемаларға мемлекеттің шара қолданылуының деңгейін анықтайтын индикатор іспеттес. Шығындардың жоғары деңгейде өсуі Қазақстанда шара қолданудың айтарлықтай күшейгенін айқын көрсетеді. Алайда екінші мәселе олардың түрлі экологиялық салаларда теңгерілгеніне, және кейінгі жылдардың ішінде экологиялық проблемаларды азайтуда қол жеткен прогресстің қанағаттанарлық болған

² Дүниежүзілік Банк өзінің Атырау жобасына берген түпкілікті бағасында «Водоканал» МҚК тарифтерді көтеруге дәрменсіздігін атап көрсетті, сондай-ақ Ұлттық Антимонополиялық Комитеттің (ҰАК) рөліне және ҰАК қолданыстағы заңнаманы қолдануына тоқталды.

болмағанына қарамастан, қаржыландырылатын шаралардың экологиялық тиімділігін өлшеуге саяды. Алайда, осындай түрдегі сараптық баға үшін қажет нақтыланған ақпараттық база жоқ. Кез келген жағдайда, қоршаған ортаны қорғауға жоғары деңгейлердегі жұмсалатын шығындарды сақтау қажеттілігін, сондай-ақ қаражаттарды барабар жұмсауды қамтамасыз етуді ескере отырып, еліміз экологиялық үлкен міндеттерді шешу үстінде.

6.1 Кесте: Қоршаған ортаны қорғауға 2001 - 2006 жылдарда жұмсалған шығындар: іріктемелі индикаторлар

Бап	Деңгейі	Ақша бірлігі	2001	2002	2003	2004	2005	2006
Жалпы шығындар	ағымдағы бағаларда	млрд теңге	42,9	44,1	56,4	69,8	89,0	125,3
Жалпы шығындар, ЖІӨ%	ағымдағы бағаларда	%	1,3	1,2	1,2	1,2	1,2	1,3
Жан басына шаққандағы жалпы алынғандар	ағымдағы бағаларда	теңге	2 889	2 964	3 789	4 574	5 896	8 292
Халықтың жан басына шаққандағы нақты шығындар	коэффициент	2001=100	100	97	111	115	126	153
Халықтың жан басына шаққандағы жалпы	ағымдағы бағалар және қолданыстағы айырбас	US\$ АҚШ доллары	20	19	25	34	44	66

Дерек көзі: ҚР статистика жөніндегі агенттігі: "Қоршаған ортаны қорғау және Қазақстандағы тұрлаулы даму", Алматы, 2005 ж.; сондай-ақ БҰҰ ЕЭК мәліметтері. ХВҚ Дүниежүзілік экономикалық шолуының мәліметтері, Қазан, 2007 ж. (www.imf.org);

Ескерту: Мемлекеттік және жеке сектордың жұмсаған шығындары нақты шығындар ЖІӨ дефляторын қолдану арқылы есептелді.

Инвестициялармен салыстыруда қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын ағымдағы шығындар

2001 жылдан бастап, жыл сайын дерлік инвестициялық шығындар ағымдағы шығындардан асып отырды (6.2 Кестені қараңыз). 2001-2006 жылдар арасындағы жалпы инвестициялық шығындар қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын жалпы шығындар деңгейінің, орта есеппен 50 пайызға жуығын құрады. Ағымдағы шығындардың үлесі жалпы көлемінің шамамен 44 пайызын құрап, ал қалған бөлігін (6%) жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар құрады.³ Ластанудың деңгейін азайту бойынша интеграцияланған технологиялар инвестицияларымен салыстырғанда тазарту технологиясына жасалатын инвестициялардың салыстырмалы мәні туралы ақпарат жоқ. Алайда қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын жалпы жиынтық инвестициялық шығындар (тіпті техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді есептемегенде) ел экономикасының негізгі капиталына жалпы қаржы бөлудің жалпы деңгейінің небәрі 0,2-0,3%-ын ғана құрады (6.2 Кестені қараңыз).

Негізгі экологиялық салалар бойынша жұмсалатын шығындар

2001-2006 жылдар арасында қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындардың ең үлкен үлесі (45%) ауаны қорғауға бағытталды (6.3 кестені қараңыз), суды қорғауға (28%) және қалдықтарды басқаруға (20%) жұмсалатын шығындар екінші орын алады. Ауаны қорғауға жұмсалатын шығындар су ресурстарын қорғауға жұмсалатын 17%-бен және қалдықтарды басқаруға жұмсалатын шығындардың 11% -ға жуығымен салыстырғанда экологиялық инвестициялық шығындардың жалпы деңгейінің үштен екісіне жуығын құрады.

2004-2006 жылдар арасында ауаны қорғауға жұмсалатын шығындар орта есеппен, ауаның ластануымен күрес жүргізу саласындағы шығындардың жалпы деңгейінің шамамен 75 пайызын құрады. Суды қорғау мен қалдықтарды басқаруға жұмсалатын шығындардың сәйкес үлестері анағұрлым төмен болып шықты және сәйкестігіне қарай 32% бен 20%-ды құрады (6.1 суретті қараңыз). Осы цифрлар ағынды сулар мен қалдықтарды басқару салаларындағы

³ Халықаралық ұлттық есепшоттар жүйесі (ҰШН) бойынша ағымдағы жөндеу мен техникалық қызмет көрсету ағымдағы шығындарға жатады, ал күрделі жөндеу, реконструкция немесе негізгі қаражаттарды ұлғайту инвестициялық шығындар категориясында қаралады, бұлар тіркелген активтердің көлемін толықтырады.

анағұрлым қажет инфрақұрылымды дамытуға бөлінетін барабар қаражаттардың жоқ екенін көрсетеді.

6.2 Кесте: 2001-2006 жылдарда қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған ағымдағы және инвестициялық шығындар

	2001	2002	2003	2004	2005	2006	% үлесі
Ағымдағы шығындар	41,4	42,1	43,5	41,6	49	44,9	
Күрделі жөндеу	6,3	8,5	9,3	4,5	3,7	3,6	
Жаңа инвестициялар	52,3	49,4	47,1	53,9	47,3	51,5	
Жалпы шығындар	100	100	100	100	100	100	
<i>Мемориалдық бап:</i>							
ҚО қорғауға Жасалатын инвестициялар							
Экономиканың барлық сектор-ларының жалпы негізгі қаражат-тары қорларының %-ы есебінде	..	0,3	0,3	0,3	0,2	..	

Дерек көзі: ҚР статистика жөніндегі агенттігі; БҰҰ ЕЭК хатшылығының есептері

Ескерту: шығындар ағымдағы бағалармен көрсетілді.

6.3 Кесте: Қоршаған ортаны қорғаудың негізгі салалары бойынша 2004 - 2006 жылдарда жұмсалған шығындар

Сектор	Ағымдағы шығындар			Инвестициялар			Барлығы		
	2004	2005	2006	2004	2005	2006	2004	2005	2006
Ауа	26,4	24,9	18,4	66,7	59,1	66,5	49,2	41,7	44,1
Су ресурстары	41,6	38,9	40,3	17,0	20,9	13,2	27,7	30,0	25,9
Жерлерді қалпына келтіру	2,9	3,3	3,1	6,5	11,8	14,1	4,9	7,5	9,0
Қалдықтар*	29,1	32,9	38,1	7,4	8,0	6,2	16,8	20,7	21,1
Басқалары	2,4	0,1	0,0	1,4	0,1	..
Барлығы	100	100	100	100	100	100	100	100	100

Дерек көзі: ҚР статистика жөніндегі агенттігі.

Ескерту: Жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуге жұмсалған шығындарды қоспағандағы инвестициялар.

*Пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеу қалдықтарын қоса есептегендегі қалдықтар

Экологиялық инвестицияларды жалпы қаржыландыру

2006 жылы өнеркәсіп кәсіпорындарының үлесі қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын инвестициялық шығындардың жалпы көлемінің 87 пайызын құрады. Шетелдік қаржы көмегі (кредиттер мен гранттар) қаржыландырудың екінші көзіне айналып, инвестициялардың жалпы көлемінің шамамен 7,5%-ын құрады. Мемлекеттік бюджеттің үлесі жалпы инвестициялардың небәрі 5,5 пайызын ғана құрады, оның үштен бірі (1,8 пайыздық пункт) жергілікті бюджеттерден түсті. Өнеркәсіптік кәсіпорындар секторының инвестициялық шығындарды қаржыландырудағы рөлі салаға қарай өзгеріп отырды да, 43%-дан (қалдықтарды басқару) 97%-ға дейінгі (ауаны қорғау) шамадағы межелерде болды (6.4а Кестені қараңыз).

Түрлі экологиялық салаларға қаражаттарды салыстырмалы бөлу, қаржыландырудың негізгі көздеріне қарай үлкен айырмашылықтар бар. (6.4b кестені қараңыз). Кәсіпорындар ауаны қорғауға жалпы инвестициялардың 75%-ын бөлді, ал су ресурстарына бөлінген инвестициялар небәрі 10%-ды, ал қалдықтарды басқару 3%-ды ғана құрады. Мемлекеттік бюджетте қаржыландыратын экологиялық инвестициялар су ресурстарын қорғау саласы мен жерлерді қалпына келтірудің арасында бөлінді (44%). Қалдықтарды басқару саласына инвестицияларды мемлекеттік қаржыландыру жергілікті бюджеттердің қаражаттарын ғана енгізді. Инвестицияларды шетелдік қаржыландыру негізінен қалдықтарды басқаруға байланысты жобаларға бағытталды, бөлінген қаражаттардың ширегіне жуығы ауа мен суды қорғау саласына жұмсалды. Жалпы алғанда, 2006 жылы инвестицияларды қаржыландырудың жалпы көлемінің үштен екісіне жуығы ауаны қорғау саласының еншісіне тиді, бұл қоршаған ортаны

қорғау жөніндегі шараларды қаржыландырудағы өнеркәсіп кәсіпорындары секторының басым рөлін көрсетеді.

6.1 Сурет: Шығындардың негізгі салалары бойынша қоршаған ортаға жұмсалатын шығындардағы инвестициялардың 2004 - 2006 жылдардағы үлесі (орташа үлесі пайыздарда)



Дерек көзі: ҚР статистика жөніндегі агенттігі; БҰҰ ЕЭК есептері

Экономиканың негізгі секторлары бойынша қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар

2004-2006 жылдар арасында қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған қаражаттардың жартысынан астамы және Қазақстандағы барлық инвестициялық шығындардың 70 пайызға жуығы Кен өндіру саласының үлесіне тиді. (мұнай, газ, металл рудаларын өндіру). Өңдеуші өнеркәсіптің үлесі жалпы деңгейдің 25 пайызын құрады, бұл ретте экологиялық инвестициялар небәрі 14%-ды ғана құрады. Өңдеуші өнеркәсіп секторында экологиялық инвестициялардың негізгі бөлігі металлургия өнеркәсібінің, мұнай өңдеу және химия салаларының үлесіне тиді. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындардың көлеміндегі мемлекеттік сектордың үлесі небәрі 3 пайызды ғана құрады (6.5 Кестені қараңыз).

Қоршаған ортаны қорғау бойынша біршама жоғары емес деңгейде ағымдағы шараларға жұмсалатын шығындарды ұстап қалу ортақ ерекшелікке жатады. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын ағымдағы шығындардың жалпы өндіріс көлеміндегі орташа үлесі (яғни жиынтық өндірістік шығындар) 2004 жылы бүкіл өнеркәсіптің 0,6 пайызын құрады (6.6 Кестені қараңыз). Орташа көрсеткіштің сыртында энергетика және су ресурстары секторындағы шығындардың үлесі бүркемеленеді, ол шамамен осы көрсеткіштен екі есе жоғары.

Өңдеуші өнеркәсіпте қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын ағымдағы шығындар мұнай өңдеу секторының өндірістік шығындарының 2,2 пайызын, металлургия және химия салаларының шамамен 1 пайызын құрады. Осы салалар қоршаған ортаны ластаудың жоғары деңгейін жасайтын негізгі өндірістердің қатарына жатады.

4. Қоршаған ортаны қорғау туралы өндірістің жеке салалары бойынша ғана деректер бар. 2000-2006 жылдар арасындағы шығындар үлесінің сәйкес орташа көрсеткіштері былайша көрінеді: металлургия- 65 %, мұнай өңдеу өнеркәсібі - 23 %, химия өнеркәсібі - 6 %.

6.4a Кесте: Қоршаған ортаны қорғауға инвестицияларды 2006 жылы қаржыландыру

Экологиялық сала	Мемлекеттік сектор			Өнеркәсіп кәсіпорындары	Шетелдік қарыздар мен гранттар	Барлығы
	Жалпы көлемі	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджеттер			
Ауа	0,2	..	0,2	96,8	3,0	100
Су ресурстары	19,7	13,6	6,1	67,2	13,0	100
Жер	16,9	12,8	4,1	80,3	2,9	100
Қалдықтар	5,1	..	5,1	42,9	52,0	100
ҚО қорғау	98,7	98,7	..	1,3	..	100
Барлығы	5,5	3,6	1,8	87,2	7,3	100

Дерек көзі: ҚР Статистика жөніндегі агенттігі, тікелей мәліметтер: БҰҰ ЕЭК хатшылығының есептері

Ескерту: Бизнес-сектор ҚО қорлаудың басқа да шараларын қоса есептегенде, экологиялық қызметтердің мамандандырылған жеткізушілерін қамтиды.

6.4b Кесте: Қоршаған ортаны қорғауға инвестицияларды 2006 жылы қаржыландыру

%

Экологиялық сала	Мемлекеттік сектор			Өнеркәсіп кәсіпорындары	Шетелдік қарыздар мен гранттар	Барлығы
	Жалпы көлемі	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджеттер			
Ауа	2,6	..	7,8	73,8	26,9	66,5
Су ресурстары	47,8	49,8	43,9	10,2	23,5	13,2
Жер	43,5	49,9	31,0	13,0	5,5	14,1
Қалдықтар	5,8	..	17,3	3,1	44,1	6,2
Табиғат қорғау	0,2	0,3
Барлығы	100	100	100	100,0	100,0	100

Дерек көзі: Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

Ескерту: 2007 жылдың деректері бюджеттік жоспарларға негізделген. ҚОҚМ дамуға жұмсалған шығындары мен 2007 жылы шығындары энергосервистік компания (ЭСКО) капиталының өсуін қаржыландыруға (0,2 миллион доллар) салынған 1,29 миллиард тенге бір жолғы салымды қамтиды.

Облыстар бойынша жұмсалған шығындар

Қазақстанның орташа экономикалық көрсеткіштері экономикалық өсу мен инвестициялардағы айтарлықтай аймақтық айырмашылықтарды көрсетпейді, бұл өз кезегінде, облыстардың түрлі экономикалық айырмашылықтарын көрсетеді. USAID (2006 г.), жүргізген жуырдағы зерттеуде республиканың 14 облысы негізгі үш топ бойынша бөлінді: (а) мұнай өндіретін аймақ; (б) өнеркәсіптік аймақ (мұнайдан басқа) және (с) ауылшарушылық аймақ. Соңғы категория ауыл шарушылығы облыстың экономикалық өндірісінің ең кемі 20 пайызын құрайтын облыстарды қамтиды. Екі ірі қола (Алматы мен Астана) жеке, төртінші категорияға жатады.

Кейінгі бірнеше жылдың ішінде мұнай өндіретін кәсіпорындар елдің экономикалық өсуінің негізгі қозғаушы күші болды. Олар елдің батыс бөлігіндегі бес облыста орналасқан. Өнеркәсіптің басқа салаларымен айналысатын үш өнеркәсіптік облыс республиканың солтүстік-шығыс және орталық өңіріне орналасқан. Ауыл шарушылығы маңызды экономикалық рөл атқаратын алты облыс Қазақстанның солтүстік және оңтүстік аймақтарында. Астана мен Алматыда қарқынды өсу және көрсетілетін қызметтер секторының кеңеюі байқалды.

6.5 Кесте: Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындар құрамындағы экономиканың негізгі секторларының 2000 – 2006 жылдардағы орташа көрсеткіштері

Экономика секторы	Жалпы көлемі	Ағымдағы шығындар	Инвестиция
Ауыл, орман, аңшылық шарушылықтары	1,1	0,1	2,1
Кен өндіру өнеркәсібі	56,3	42,0	69,1
Өндіріс	25,4	37,5	13,8
Энергетика, су ресурстары	9,1	14,2	4,3
Құрылыс	0,9	0,4	1,3
Көлік және байланыс	0,8	1,0	0,8
Бизнес-қызметтер	3,4	4,1	2,8
Мемлекеттік басқару	3,1	0,5	5,7
Барлығы:	100	100	100

Дерек көзі: ҚР статистика жөніндегі агенттігінің деректеріне негізделген
 БҰҰ ЕЭК хатшылығының есептері: "Қоршаған ортаны қорғау және Қазақстандағы тұрлаулы даму", Алматы 2005 ж. сондай-ақ БҰҰ ЕЭК хатшылығына берілген тікелей мәліметтер
 Ескерту: Мемлекеттік басқару басқа да коммуналдық, әлеуметтік және тұрмыстық қызмет көрсетулерді қамтиды.

6.6 Кесте: Өнеркәсіптің қоршаған ортаны қорғауға 2004 жылы жұмсаған шығындары

Экономика секторы	өндірістің жалпы көлемінің %
Кен өндіру	0,5
Өндірісі	0,6
мыналарды қоса есептегенде	
Кокс, мұнай өңдеу	2,2
Металлургия, метиздер	1,1
Химия өнеркәсібі	1,0
Энергетика, су ресурстары	1,3
Өнеркәсіп салалары бойынша барлығы	0,6

Дерек көзі: ҚР статистика жөніндегі агенттігі:
 "Қоршаған ортаны қорғау және Қазақстандағы тұрлаулы даму", Алматы 2005 г., 36 бет;
 Статистикалық жылнама Қазақстан-2006, кестелер 13.4, 15.3., БҰҰ ЕЭК есептері.

Облыстар бойынша ұсынылған, қоршаған ортаны ластаудың жоғары деңгейімен байланысты экономикалық қызмет түрлерінің концентрациясындағы айырмашылықтар, қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындардағы аймақтық елеулі сәйкессіздіктен көрінеді (6.7 Кестені қараңыз). Қазақстанның қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған бүкіл шығындардың үштен екісі 2004-2006 жылдарда мұнай өндіретін бес облыстың үлесіне тиді. Олардың экологиялық инвестициялық шығындардың жалпы құрылымындағы үлесі шамамен 80 пайызды құрады. Тек Атырау облысында ған инвестициялық шығындардың жалпы көлемі 50%-дан астам шамаға жетті. Бұл, ең алдымен, облыс аумағындағы атмосфераға шығарылатын шығарындыларды азайту жөніндегі ойдағыдай шаралардан көрінді.

Мұнай өндірмейтін және өнеркәсіптің дамыған секторларына ие (көмір өнеркәсібі, мыс, алюминий, болат және электр энергиясын өндіру) үш облыс қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын бүкіл шығындардың 2004-2006 жылдар арасында ширекке жуығын құрады. Ауыл шарушылығы ең жоғары дамыған алты облыстың үлесі шығындардың жалпы құрылымында шамамен 11 пайызды көрсетті. Алматы мен Астана шығындарының үлесі небәрі 2,5 пайыз ғана.

Облыстар бойынша осыншама үлкен айырмашылықтар сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға Жан басына шаққанда жұмсалатын орташа жылдық шығындар құрылымынан да көрінеді, осы

көрсеткіштер 2004-2006 жылдар арасында Атырау облысында 544 АҚШ доллары, Ақмола облысында 3 АҚШ доллары болды. Жан басына шаққандағы орташа шығындар мұнай өндіретін аймақта өнеркәсіп секторының басқа салаларында маманданатын облыстардағы осындай көрсеткіштерден төрт есе жоғары болды. Ал елдің ауылшарушылық аймағына келетін болсақ, Жан басына шаққанда жұмсалатын шығындардың жоғары деңгейі Қостанай облысында тіркелді. Жақсы дамыған ауылшарушылық қызмет түрлерімен қатар облыста сондай-ақ ірі темір руднигі бар, өнеркәсіптің тамақ және химия салалары дамыған.

6.7 Кесте: Облыстар бойынша қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындардан 2004 – 2006 жылдардағы көрсеткіштері

Аймақ/облыс	Шығындардың жалпы деңгейінің орташа %-дық үлесі			Жан басына шаққандағы орташа жылдық жалпы көрсеткіштер	
	Ағымдағы шығындар	Инвестициялық шығындар	Барлығы	Тенге (1000)	АҚШ доллары
Мұнай өндіретін аймақ	43,9	80,8	63,6	21,8	173,0
Ақтөбе облысы	8,7	3,3	5,8	7,5	59,0
Атырау облысы	10,8	56,3	35,1	68,6	544,0
Батыс Қазақстан облысы	1,1	3,6	2,4	3,6	29,0
Қызылорда облысы	1,3	5,9	3,7	5,6	44,0
Маңғыстау облысы	21,9	11,7	16,6	48,0	380,0
Өнеркәсіптік аймақ (мұнайдан басқа)	35,8	12,2	23,3	5,8	46,0
Шығыс Қазақстан облысы	8,7	6,3	7,5	4,4	35,0
Павлодар облысы	12,4	4,7	8,2	9,7	77,0
Қарағанды облысы	14,7	1,3	7,5	5,1	40,0
Ауылшарушылық аймақ	17,9	4,7	10,8	1,4	11,0
Ақмола облысы	0,8	0,0	0,4	0,4	3,0
Алматы облысы	0,8	1,3	1,1	0,5	4,0
Жамбыл облысы	1,6	0,2	0,8	0,7	6,0
Қостанай облысы	11,9	1,9	6,6	6,4	51,0
Солтүстік Қазақстан облысы	0,5	0,7	0,6	0,8	6,0
Оңтүстік Қазақстан облысы	2,4	0,6	1,4	0,6	5,0
Екі ірі қала	2,4	2,3	2,3	1,2	9,0
Алматы	2,0	0,1	1,0	0,7	6,0
Астана	0,4	2,2	1,3	2,2	18,0
Аймақтар бойынша барлығы	100	100	100	6,1	48,0

Дерек көзі: ҚР статистика жөніндегі агенттігінің деректеріне негізделген БҰҰ ЕЭК хатшылығының есептері: "Қоршаған ортаны қорғау және Қазақстандағы тұрлаулы даму", Алматы 2005 г., сондай-ақ БҰҰ ЕЭК түскен тікелей мәліметтер.

Ескерту: Жеке және мемлекеттік сектордың шығындары. Жан басына шаққандағы есептер 2004 жылғы халық саны туралы деректердің негізінде жүргізілді. АҚШ долларларындағы шығындар 2006 жылғы орташа айырбас бағамы бойынша есептелді (126.1 тенге/1 АҚШ доллары).

Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын мемлекеттік шығындар

Мемлекет функцияларының сыныптамасы (МФС) негізінде алынған, орталық және жергілікті басқару органдары жөніндегі жиынтық деректер көрсеткендей, қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындар нақты есептегенде 2002-2006 жылдар арасында 80%-ға өсті де, орташа жылдық өсуі 15 пайызға жуық шаманы құрады. Алайда бұлардың мемлекеттік шығындар құрылымындағы үлесі арзымайтын шамада қалып отыр, небәрі 0,5 пайызды ғана құрайды және орталық жергілікті деңгейлердің жиынтық шығындарын көрсетеді (6.8 Кестені қараңыз). Жергілікті басқару органдарының қоршаған ортаны қорғауға жұмсаған шығындары Жалпы республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттар арқылы айтарлықтай шамада қолдау тауып отырды, бұлар 2003-2006 жылдар арасында жергілікті бюджет шығындарының жалпы деңгейінің орта есеппен 20 пайызға жуығын құрады. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындардың өсу үрдісі сондай-ақ ҚОҚМ бөлетін бюджет қаражаттарының ұлғаюынан да

көрінеді. Кейінгі жылдарда инфрақұрылым жасау жөніндегі жобалар ҚОҚМ шығындарының жалпы 20%-дан аз шамасын құрады (6.9 Кестені қараңыз).

Жалпы алғанда, кейінгі бірнеше жылдың ішінде қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын мемлекеттік шығындардың жалпы көлемі ЖІӨ-нің небәрі 0,1-ын ғана құрады. Жан басына шаққанда қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын жалпы мемлекеттік шығындар 2002 жылғы 210 теңгеден (1,4 АҚШ доллары) 2006 жылы 670 теңгеге дейін (5,3 АҚШ доллары) өсті. Бұл мемлекеттің 2006 жылы қоршаған ортаны қорғауға Жан басына шаққанда күніне 2 теңгеден аз соманы жұмсағанын білдіреді (0,014 АҚШ доллары).

Орталық мемлекеттік бюджеттен (яғни ҚОҚМ-ға қатысы жоқ бюджеттер) ортақ қаржыландырылатын ағымдағы ірі экономикалық инвестициялық жобалар (6.10 Кестені қараңыз) 2006 жылы 59 миллион АҚШ доллары көлеміндегі шығындарды қарастырды; бюджеттік жоспарлар осы соманы 2007 жылы 81 миллион АҚШ долларына дейін көбейтуді көздеді. Алайда халықаралық стандарттарға сәйкес осы қаражаттардың барлық көлемі (атап айтқанда, ауыз су Бағдарламасына жұмсалатын шығындар) қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындар категориясына түспейді.

6.8 Кесте: 2002–2006 жылдарда қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған мемлекеттік шығындар

	2002	2003	2004	2005	2006
Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындар, миллиард теңге					
Ұлттық Үкімет	3,18	4,46	8,16	9,50	10,00
- орталық органдар	1,63	2,67	5,43	6,70	6,40
- жергілікті органдар	1,55	2,54	3,59	3,70	4,00
<i>Мемориалдық бап</i>					
Жергілікті деңгейге қаражаттар аудару	-	0,80	0,90	0,90	0,40
ҚО қорғауға жергілікті биліктер жұмсайтын шығындарға қаражаттар аударудың үлесі %	-	29,50	24,00	24,30	10,00
Жалпы шығындар АҚШ долл (2006 жылғы орташа айырбас бағамы бойынша)	25,20	35,40	64,70	75,30	79,30
Мемлекеттік шығындардың жалпы деңгейінен % - ғы ҚО қорғауға жұмсалатын шығындар					
Ұлттық Үкімет	0,40	0,40	0,60	0,50	0,50
Орталық органдар	0,30	0,40	0,60	0,40	0,40
Жергілікті органдар	0,40	0,50	0,60	0,50	0,40
ҚО қорғауға жұмсалатын жалпы мемлекеттік шығындар, ЖІӨ %	0,10	0,10	0,10	0,10	0,10
ҚО қорғауға Жан басына шаққанда жұмсалатын жалпы мемлекеттік шығындар					
Ұлттық валютада	212,0	377,0	544,0	633,0	667,0
АҚШ долл. (ағымдағы орташа айырбас бағамы бойынша)	1,4	2,5	4,0	4,8	5,3

Дерек көзі: ХВҚ, Мемлекеттік қаржы статистикасының жылнамасы, 2005 ж., 2006 ж., 2007 ж., сандары; БҰҰ ЕЭК хатшылығының есептері

Ескерту: Мемлекет функцияларының сыныптамасына сәйкес келетін, қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындар.

Экологиялық қауіпсіздіктің 2004-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру аясында аймақтық деңгейде қабылданған 2005-2007 жылдар арасында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-әрекеттер Жоспарлары 2005⁴ жылы 2,86 миллиард теңге (шамамен 22 миллион АҚШ доллары); 2006 жылы 6,43 миллиард теңге (51 миллион АҚШ доллары) және 2007 жылы 7,06 миллиард теңге (58 миллион АҚШ доллары) көлеміндегі жалпы шығындарды (16 облыстың 12-сінің деректері бойынша)⁵ көздеді. Осы жобаларды елеулі дәрежеде тиісті

⁴ Атырау, Қызылорда, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарының деректері жоқ

облыстарда жұмыс істейтін кәсіпорындар қаржыландыруы тиіс еді. Осы аталған кезең арасында аталмыш жобаларды нақты іске асыру туралы деректер жоқ. Кәсіпорындар қаржыландыратын іс-шараларды есепке алғанда, қоршаған ортаны қорғау жөнінде жоспарланған шараларға жергілікті органдардың жұмсаған шығындары 2006 жылы жалпы бюджеттік шығындардың 0,6 пайызға жуығын құрады.

Салыстыру үшін, қоршаған ортаны ластағаны үшін жергілікті бюджеттерге жіберілетін түсімдер 2005-2006 жылдар арасында 25 миллиардқа жуық теңгені құрады (200 миллионға жуық доллар). 2002 жылдан кейін осы түсімдер табиғат қорғау іс-шараларымен байланысты нысаналы бағыт алған жоқ. Сондықтан жергілікті басқару органдарының қоршаған ортаны қорғауға жұмсаған шығындары 2002-2006 жылдар арасында, орта есеппен осы аталған түсімдердің ширектен кем мөлшерін құрады. (6.2 суретті қараңыз). Осы тұрғыда қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындарды жабу үшін ұлттық бюджеттен жергілікті бюджеттерге қаражаттар аудару түсініксіз күйінде қалып отыр.

6.9 Кесте: ҚОҚМ 2004–2007 жылдардағы бюджеті

	млрд. тенге			
	2004	2005	2006	2007
Ағымдағы шығындар	2,61	3,66	3,60	4,74
Дамуға жұмсалатын шығындар	1,75	1,96	1,87	3,87
Инфрақұрылымға инвестицияларды қоса есептегенде				
Жергілікті басқару органдары деңгейіне қаражаттар аудару	0,68	0,83	1,02	1,47
Жалпы шығындар	0,86	0,84	0,46	0,33
Жалпы шығындар, орталық	4,36	5,62	5,47	8,60
Үкіметтің жалпы шығындарының %-ы	0,46	0,36	0,30	..
Мемориалдық бап ҚОҚМ жалпы шығындары, АҚШ долл. (ағымдағы орташа айырбас бағамы бойынша)	32,1	42,3	43,4	70,1

Дерек көзі: Қоршаған ортаны қорғау.

Ескерту: 2007 жылғы деректер бюджеттік жоспарларға негізделген. Дамуға жұмсалатын шығындар мен ҚОҚМ 2007 жылғы шығындары энергосервис компаниясы (ЭСКО) капиталының өсуін қаржыландыруға 1,29 миллиард тенге (10,2 миллион доллар) көлеміндегі бір жолғы салымды қамтыды.

Қазақстанда қоршаған ортаны ластағаны үшін жасалатын төлемдердің түсімдерін, табиғат қорғау шараларымен байланысты емес қызметке жіберілетін бюджеттік қаражаттардың қолайлы көзі ретінде пайдаланудың ежелден қалыптасқан дәстүрі бар⁵. Бұл алаңдаушылық туындатады, өйткені ластаушы кәсіпорындардың қоршаған ортаға тигізетін зияны, ластау үшін төленетін төлемдерден түсетін қаражаттардың көлемдерінен анғұрлым көп екені туралы орнықты болжам қалыптасқан. Оның үстіне, экологиялық мақсаттарды қатар көздейтін, мемлекеттік кірістерді таратуға қатысты (мәселен, экологиялық зиянды өнімге салынатын салықтар) басқа да тиімдірек тәсілдер қолданылады.

Жалпы алғанда, бұл ластағаны үшін төлем жасаудың ебедейсіз жүйесінің шектеулі экологиялық тиімділігі мәселесін көтереді (5 тарауды қараңыз), ол ластау деңгейін азайтуға деген баламалы ынталандырулар жасамайды. Саяси құралдарды тыс орналастырған жағдайда,

⁵ Бұл мәселе бойынша да сондай-ақ Қазақстан Республикасына арналған қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет нәтижелерінің Бірінші Шолуын қараңыз (32 бет)

кәсіпорындардан түсетін қаражаттарды ластауды азайту жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін компаниялардың өздері-ақ пайдалана алар еді.

Қоршаған ортаны қорғауға жасалатын Халықаралық қаржылай көмек

Қазақстанға көрсетілген негізгі Халықаралық техникалық және қаржылай көмек көп жақты болды. Оған Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ), жаһандық экологиялық қор (ЖЭҚ), Дүниежүзілік банк пен Еуропалық комиссия қатысты. Жапония мен Норвегия, сондай-ақ басқа елдердің дамуы жөніндегі агенттіктер (мәселен GTZ⁶, DFID⁷, және USAID ерекше белсенділік көрсетті) негізгі екі жақты донорлар болды.

6.10 Кесте: Мемлекеттік бюджет қаражаттарынан ағымдағы ірі инвестициялық жобаларды ортақ қаржыландыру

Бағдарлама	Орындайтын агенттік	Жалпы бағасы	Мемлекеттік шығындар			
			Кумулятивті шығындар	2006	2007	Қалған сома
Ауыз су Бағдарламасы (2002-2010)	АШМ	22 611	5 223	4 144	6 062	7 181
Арал теңіз Бағдарламасы, (2001–2007)	АШМ/ҚОҚМ	14 900	11 084	2 846	969	..
Ауыз су Бағдарламасы (2002-2010)	ҚОҚМ	902	292	202	172	236
Шөлге айналумен күрес жүргізу (2005-2015)	..	8 231	..	54	1 541	6 662
Ормандарды қорғау Бағдарламасы (2006-2009)	АШМ
Қоршаған ортаны қорғау Бағдарламасы (2005-2007)	ҚОҚМ	3 955	82	226	1 488	2 160
Барлығы:		50 599	16 681	7 472	10 206	16 240
Мемориалдық бап:						
Қорытынды бап млн. АҚШ долл. берілді (2006 жылғы орташа айырбас бағамы бойынша)		401	132	59	81	129

Дерек көзі: Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі; тікелей мәліметтер, БҰҰ ЕЭК есептері.

Ескерту: 2007 жыл және әрі қарай: жоспарланатын шығындар. Ауыз су Бағдарламасы бойынша барлық шығындар халықаралық стандарттарға сәйкес ҚО қорғау шығындарының категориясына кіреді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы

Кейінгі жылдарда БҰҰДБ экологиялық жобалардың көп санына қатысып, негізінен, ЖЭҚ-тың атынан үйлестіру мен жәрдемдесу функцияларын орындады. 2007 жылдың соңына қарай ахуал бойынша 11 ағымдағы жоба болды, солардың БҰҰДБ басқаратын жалпы бюджеті 22 миллион долларды құрады, оның 20 миллионға жуық сомасын ЖЭҚ салды. Екі жақты донорлық көмекке қатысуы тым шектеулі болды да, осындай қатысудың үлесі шамамен 1,5 миллион долларға жетті. Осы қаражаттар басқа көздердің тарапынан, негізінен, мемлекеттің қосарлы қаржыландырумен толықтырылып, жиынтығында 135,5 миллион долларды құрады.


Төменде 2007 жылдың соңына қарай іске асырылатын ағымдағы негізгі үш жоба аталады, бұлар жалпы қаржы салымдарының 95 пайызға жуық шамасын құрайды:

⁶ Gesellschaft für technische Zusammenarbeit (Германияның техникалық ынтымақтастық жөніндегі агенттігі).

⁷ Department for International Development (Халықаралық Даму Департаменті Ұлыбритания).

- «Алтай-Саян экологиялық аймағының қазақстандық секторында биологиялық алуантүрлілікті сақтау және тұрақты пайдалану» (2007–2012 жж., жалпы бағасы - 86,1 миллион доллар, бұған мемлекеттің 83,6 миллион – салымы қосылады);
- «Қазақстанның таулы *in-situ* агро алуантүрлілігін сақтау» (2006–2011 жж.; жалпы бағасы 22,3 миллион доллар, мемлекеттің 19,53 миллион – салымын қоса есептегенде);
- «Өрістейтін құс түрлерінің жаһандық маңызға ие басым мекендеу орындарын сақтау» (2003–2010 жж.; жалпы бағасы 36 миллион доллар, оған 24,3 миллион доллар – мемлекеттің қаржыландыруы қосылады).

6.2 Сурет: Ластау үшін жасалатын төлемақы табыстарының деңгейіне пайыздық арақатынаста берілген, қоршаған ортаны қорғауға 2002–2006 жылдарда жұмсалған жергілікті шығындар



Дерек көзі: Қоршаған ортаны қорғау министрлігі; Қазақстандық экология және климат ғылыми-зерттеу институты (Қаз ЭК ҒЗИ).

Жаһандық экологиялық қор

2000-2007 жылдар арасында бір елдің қатысуын көздейтін қазақстандық 11 жоба мақұлданды. Ұсынылған гранттардың жалпы көлемі 37,6 миллион долларды құрады. Жобалар Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан қаржыландырудың елеулі көлемдерін көздейді. Мақұлданған жобалардың тақырыптамалық салалары биоалуантүрлілікті, климаттың өзгеруін, жердің тозуын, озон қабатының сарқылуын және тұрақты органикалық ластаушыларды (ТОЛ) қамтиды. Қуаң жерлерді басқару жөніндегі жобаны қаржыландыруға қатысты ЖЭҚ грантын атап өту керек (2003–2009 жж.) жобаның жалпы бағасы - 9,7 миллион доллар.

Бұған қосымша, Қазақстан ЖЭҚ мақұлдаған 2000-2007 жылдарға арналған 12 ортаазиялық аймақтық жобалардың шеңберінде көмек алды, бұлар басқалардың ішінде, Каспий теңізінің қоршаған ортасын қорғауға, жердің тозуымен күрес жүргізуге және биоалуантүрлілікті қорғауға бағытталды.

БҰҰ экономикалық комиссиясының Африкаға (ЭКА) арналған ЖЭҚ гранттық қаражаттарының сәйкес көлемі 56,4 миллион долларды құрады.

Дүниежүзілік Банк

2007 жылдың соңына қарай қолданыстағы 4 экологиялық жоба болды, олар Халықаралық қайта құру және даму банкінің (ХҚДБ) Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарыздар беруін көздейді:

- Ормандарды қорғау және қалпына келтіру жөніндегі жоба (2005 жылы қарашада бекітілді және 2012 қарашаға дейін есептелген), Дүниежүзілік банктің 30 миллион доллар мөлшерінде қарыз беруі міндеттемесін қоса есептегенде, жалпы бағасы 63,8 миллион доллар;
- Нұра өзенін тазарту жобасы (мамыр 2003 ж. – қыркүйек 2009 ж.) ХҚДБ 40,4 миллион доллар қарыз беруін қоса есептегенде, жалпы бағасы 67,8 миллион АҚШ доллары;

- 2007 жылы ақпанда бекітілген және 2003 жылғы наурызға дейін есептелген Өскеменді қоршаған ортаны қалпына келтіру жобасы, 24,3 миллион доллар қарыз беру, міндеттемесін қоса есептегенде, жобаның жалпы бағасы 40,1 миллион доллар;
- Сырдарияны және Арал теңізінің солтүстік бөлігін бақылау жобасы (I кезек) (2001 ж. маусым- 2008 ж. желтоқсан); 64,5 миллион қарыз беру жөніндегі міндеттемені қоса есептегенде, жалпы бағасы 85,8 миллион доллар. Таяу уақытқа дейін активті (белсенді) портфель сондай-ақ «Өзен», мұнай кенішін қалпына келтіру жобасын да қамтыды, жоба 1996 жылы шілдеде мақұлданды және 2007 жылғы сәуірге қарай аяқталды. Жобаның жалпы бағасы, ХҚДБ 109 миллион доллар көлемінде қарыз беруін қоса есептегенде, 136 миллион долларды құрады.

Азия даму банкі

АДБ-нің еларалық стратегиясы ауылдағы кедейліктің ауқымдарын азайтуға, және соған сәйкес ауылдық аудандардың дамуын ілгерілету, сумен қамтамасыз ету және канализация инфрақұрылымын жақсарту мен кеңейту жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға бағытталған. Осы қызмет ішінара Ислам даму банкімен және (KFW) (Германия) Kreditanstalt für Wiederaufbau ынтымақтастықта жүргізілді.

Оның үстіне, АДБ «Орталық Азия елдерінің жер пайдалану жөніндегі Бастамасы» Жобасының аясындағы барлық іс-шараларды үйлестіру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдаған көшбасшы агенттік болып табылады. Осы жоба Орталық-азиялық бес елдің әріптестігіне негізделген, және ынтымақтастықты дамыту саласындағы оннан аса көпжақты және екіжақты әріптестер аталмыш жобаны іске асыруға қатысуға даяр екендерін білдірді. АДБ-дан басқа, жобаға мына институттар қатысты: Халықаралық даму жөніндегі Канада Агенттігі (ХДКА), шөлге айналумен күрес жүргізу жөніндегі ГТЦ, ынтымақтастықты дамыту жөніндегі Швейцария Агенттігі (ЫДША), КООНБО жаһандық механизмі; қуаң аудандардағы ауылшарушылық зерттеулерінің Халықаралық орталығы (ҚЖАЗО); ауылшарушылығын дамытудың Халықаралық қоры (АШДХК); БҰҰДБ, ЮНЕП және дүниежүзілік банк.

2006 жылы қарашада іске қосылған «Орталық-азиялық елдердің жер пайдалану жөніндегі Бастамасы» жобасының он жылдың ішінде Орталық Азияның бес елінде жердің тозу үдерісін тоқтату мақсаттарында тұрақты жер пайдалануға 1,4 миллиард доллар сомаға инвестиция тарататыны күтілуде. Жобаға қатысушы әр ел ұлттық және көпұлттық бағдарламалық учакселер мен іс-шараларды жоспарлау және іске асыру жөніндегі ұлттық бағдарламасын межелерді әзірледі. 2008 жылдың соңына дейінгі кезеңге бөлінген қаржыландыру 155 миллион АҚШ долларын құрайды, бұған Орталық-азияның бес елдің-25 миллион доллар, ЖЭК-тың – 20 миллион доллар салымы қосылады және жоғарыда аталған донорлардың жиынтық салымы 110 миллион долларды құрады.

Алғашқыда ұлттық сегіз басым жобалармен әріптестік орнатылды. Қазақстанның ұлттың басым жобасы (бірлі-жарым) жойылымдық экожүйелерді басқаруға бағытталған. Оның үстіне, Қазақстан әріптестікті нығайтуға және әлеуетті дамытуға қолдау көрсетуге бағытталған бірнеше елдің қатысуымен екі жобаны іске асыруға қатысады.

Еуропа қайта құру және даму банкі

Еуропа қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) жұмысы экономикалық әртараптандыруға және экономиканың негізгі секторларындағы бәсекені күшейтуге қолдау көрсетуге бағытталды. 2006 жылғы 30 қыркүйекке қарай ахуал бойынша ЕҚДБ муниципалды және экологиялық инфрақұрылым саласындағы жобаларға қаржыландыру бөлген жоқ. Дегенмен банк өзінің негізгі қызметінде экологиялық мәселелерді ескеруін тоқтатпады. 2007-2009 жылдарға арналған Стратегиялық міндеттер энергия тұтынуға байланысты қоршаған ортаға тиетін әсерді азайтуға бағытталған энергиятиімділікке инвестицияларды жылжытуды қамтиды. Оның үстіне, ЕҚДБ Жапония қаржыландыратын жаңа экологиялық бағдарламаны іске асыруға қатысады. Бағдарламаның мақсаты-Қазақстандағы экологиялық таза технологияларды іске

қосатын және шамадан тыс қаржы ауыртпалығын қабылдау қажеттігінсіз энергия тиімділігін арттыратын шағын және орта кәсіпорындарға қолдау көрсету. Бірінші жобалар Шымкенттегі ағынды суларды тазарту мен Шығыс Қазақстандағы ауыр өнеркәсіптің негізгі орталығы, қатты ластануға ұшырайтын - Өскеменнің экологиялық жобасын қамтиды.

Еуропалық одақ /Еуропалық Комиссия

ЕО мен Қазақстан қатынастарының негізін екі жақты деңгейдегі әріптестік және ынтымақтастық туралы Келісім (ЭЫК) құрайды, ол 1999 жылдың бас кезінде күшіне енді: 2000-2006 жылдарда ЕО Орталық-азиялық аймақтық ынтымақтастық бағдарламасы мен соған байланысты Аймақтық ТАСИС бағдарламасының аясында қолдау көрсетіп отырды. ТАСИС аймақтық бағдарламасы 2000-2006 жж. Аймақтық стратегияға (АС) және сонымен байланысты Индикативті бағдарламаға қоса жүргізілді. АС пен индикативті бағдарлама қоршаған ортаны қорғауға қаржылай қаражаттардың нақты сомасын бөлуді көздеген жоқ. Алайда бірқатар экологиялық мәселелер (мәселен, климаттың өзгеруі жөніндегі халықаралық міндеттемелер, су ресурстарын басқару жүйесін әзірлеу және шөлге айналумен күрес жүргізу) АС-ке кіретін аймақтық ынтымақтастық бағдарламасының аясында орындалатын басымдықтар ретінде белгіленді. 2007 жылдан бастап ЕО ынтымақтастық құралдарын қайта қарағаннан кейін, Орталық Азияның бес елі ынтымақтастықты және экономикалық ынтымақтастықты дамыту құралының көмегін алуда. 2007-2010 жж. Негізгі көмек су ресурстарының секторына, атап айтқанда, су ресурстарын интеграциялы басқару мен трансшекаралық өзендерді басқаруға, сумен қамтамасыз ету және канализация жүйесінің саяси реформалары саласындағы қолдау көрсетуге, сондай-ақ ХҚИ су инфрақұрылымына жасалатын инвестицияларына жәрдемдесуге бағытталады.

Қолдау көрсетудің басқа салалары ормандар мен орман ресурстарын орнықты басқаруды, сондай-ақ Киото Хаттамасын іске асыруға аймақтық қолдау көрсетуді қамтиды.

6.5 Қорытындылар мен ұсыныстар

Қазақстан Республикасының экологиялық секторы материалдық инфрақұрылым мен адам ресурстарына инвестициялардың созылмалы жетіспеушілігінің ұзаққа созылған кезеңін бастан кешірді. Осыған байланысты, экологиялық қажеттіліктер біршама жоғары. Кейінгі жылдарда қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын жиынтық шығындар ұдайы өсу үрдісін көрсетті, бірақ осы өсу, негізінен, дәстүрлі түрде қазақстандағы қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындардың ең қомақты үлесін көтеріп келген Өнеркәсіптік кәсіпорындардың есебінен қамтамасыз етілді. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың қоршаған ортаны қорғауға жұмсайтын шығындары негізінен, экономикалық құралдармен қатар реттеудің дәстүрлі жүйесіне байланысты (командалық-бақылау шаралары). Осы саяси үйлестікті жетілдірудің, басқаларының ішінен, ағымдағы және көбіне қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем алудың тиімсіз жүйесін қайта қараудың және экономикалық тиімді реттеу әдістері мен экологиялық зиянды өнімге салық салудың есебінен жетілдірудің кең саласы бар (5 тарауды қараңыз).

Жалпы мемлекеттік шығындармен қатар мемлекеттің қоршаған ортаны қорғауға жұмсайтын шығындары айтарлықтай өсті.

Алайда бұлар жалпы мемлекеттік шығындармен және Жан басына шаққандағы шығындармен салыстырғанда өте аз. Сондықтан мынадай болжам жасауға болады, қоршаған ортанға мемлекеттік басымдықтар тізбесінен жоғары басымдық берілмейді. Оның үстіне, қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын мемлекеттің шығындардың экономикалық тиімділігі туралы дерек жоқтың қасы.

Дегенмен мемлекеттік сектор бюджетінің ахуалы ең алдымен мұнай мен газдан түскен табыстардың жедел өсуінің есебінен айтарлықтай жақсарды. ҚРҰҚ жинақ ақшалары кейінгі жылдарды күрт көтерілді. Бұл, сайып келгенде, әлеуметтік шығындармен арақатынаста

әлеуметтік пайданың жоғары деңгейіне ие экологиялық жобаларды қаржыландыруға қолдау көрсету үшін орталық және жергілікті бюджеттерге аударымдарды ұлғайтуды көздеуі тиіс.

Осы жалпы мәнмәтінде маңыздысы, ҚОҚМ мемлекеттік шығындардың орта мерзімдік межелерін жасауға бағытталған орталық және жергілікті билік органдарының өзара іс-қимыл механизмдерінде «естілуі» мүмкін. Бұл сондай-ақ сектордың даму стратегиясында қоршаған ортаны қорғаудың интеграциясына септігін тигізеді. Осы мәнмәтінде экономикалық әртараптандыру мен бәсекеге қабылеттілік стратегиясына ҚОҚМ-мен және басқа да тиімді интеграцияға қатысушылармен бірге экологиялық міндеттерді ілгерілетідегі «Қазына» тұрлаулы даму Қорының әлеутті рөлін айрықша атап өту керек.

6.1 Ұсыныс:

Қоршаған ортаға тигізілетін әсер мен соған байланысты қоршаған ортаны қорғауға жасалатын инвестициялардағы қажеттіліктерді жақсырақ есепке алу үшін:

(а) *Үкімет Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен басқа да мүдделі тараптардың, «Қазына», тұрлаулы даму Қоры сияқты ведомосаралық механизмдері мен институттарына барабар қатысуын қамтамасыз етуі тиіс, олар тікелей шетелдік инвестицияларды тартуды қоса есептегенде, өнеркәсіптік даму стратегиясын әзірлейді;*

(б) *Үкімет мемлекеттік бюджет жоспарлау аясында қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің анағұрлым жоғары басымдыққа жетуіне ұмтылуы тиіс;*

(в) *ҚОҚМ белгіленген экологиялық мақсаттарға жету мен қаражаттарды экономикалық тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін ірі шығындарды қарастыратын бағдарламалардың мониторингіне және сараптық бағасына бөлінетін ресурстарды күшейтуі тиіс.*

Мемлекеттік сектор шығындарының үлкен бөлігі жергілікті деңгейдің үлесіне тиеді. Алайда экологиялық міндеттер көбіне шектеулі табыстар үшін бәсекелесетін секторалды басымдықтар жағдайында бюджеттік қаражаттарды бөлу кезінде назардан тыс қалады. Бұл мынадан көрінеді, кейінгі жылдарда қоршаған ортаны қорғауға жергілікті бюджеттерден бөлінетін шығындар қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем жинаудан жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдерден едәуір төмен болды. Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдерден түсетін табыстарды экологиямен байланысты емес мақсаттарға кеңінен пайдалану «ластауға айыпты төлейді» қағидатымен қарама-қайшы келеді. Қоршаған ортаны ластауға байланысты төлемдермен салыстырғанда анағұрлым тиімді салық салу құралдары бар, олар мемлекеттің экологиялық емес бағдарламаларында жергілікті деңгейде қаржыландыруы үшін қажет табыстарын ұлғайтуға қабылетті. Осы мән-мәтінде, қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындарды жабуға ұлттық бюджеттен жергілікті бюджеттерге қаражаттар аударудың сенімді емес екенін атап өту керек.

6.2 Ұсыныс:

Үкімет қоршаған ортаны ластауға байланысты төлемдерден түсетін барлық табыстардың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды қаржыландыруға тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі күш жігерлерін жалғастыруы тиіс. Бұл үкіметтің басым жобаларын тікелей қаржыландырудың және /немесе осы түсімдерді экологиялық инвестицияларды ынталандыру үшін ластаушы кәсіпорындарға ішінара қайтарудың нысанын қабылдауы мүмкін.

Жергілікті билік органдарына отандық немесе шетелдік банкілермен немесе көп жақты қаржы институттарымен тікелей келісімдерге қатысуға рұқсат етілмейді. Орталық үкіметтің тарапынан шектеулі қаржыландыру жағдайларында бұл анағұрлым үлкен жақсартуды талап ететін экологиялық инфрақұрылымды қаржыландыруға күрделі тосқауыл болуы мүмкін. Орталық үкіметтен, жергілікті капитал рыноктарынан немесе көп жақты қаржы институттарынан үлкен қаражаттар тарту қаржы жұмсалымдарының дәйекті бағасымен (инвестициялық шығындар, пайдалану мен техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын

шығындар) және қаржыландырудың орнықты стратегиясымен сабақтасатын айқын мақсаттар мен мерзімдерді белгілеу арқылы экологиялық жобаларды әзірлеудің барабар жергілікті институционалды әлеуетін талап етеді. Жалпыланған мағынада бұл сондай-ақ мемлекеттің қаржы басқаруын күшейтетін және шығындардың тиімділігін арттыратын механизмі ретінде пайдаланылатын, жергілікті басқару органдары деңгейінде ОМАД құру қажеттілігін растайды.

6.3 Ұсыныс:

Үкімет қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жоспарлаудың, қаржыландырудың және іске асырудың жергілікті әлеуетін күшейтуі тиіс. Басқалармен қатар бұл мыналарды қамтуы мүмкін:

- *Жобаның талдауын, бағасы мен әзірлеуін, сондай-ақ қаржылық жоспарлау мен басқару әлеуетін қоса есептегенде, жобаларды басқару әлеуетін дамыту;*
- *Муниципалитеттерге жергілікті капитал рыноктарында тікелей алыс-беріс жасауға және халықаралық қаржы ұйымдарымен және шетелдік донорлармен тікелей шарттық қатыснастарға қатысуға мүмкіндік туғызатын үлкен өкілеттіктер беру. Сәйкес жобалардың аумақтық даму жоспарларында белгіленген экологиялық басымдықтармен келісуі тиіс.*


**ІІІ БӨЛІМ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕКТОРЛАР
ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ПАЙЫМДАРДЫҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ КӨТЕРМЕЛЕУ**

ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА

7.1 Бірінші шолудан бергі негізгі үрдістер

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызмет нәтижелерінің бірінші шолуынан (2000 ж.) кейінгі уақытта жедел экономикалық өсу байқалады, бұл негізінен ішкі өнеркәсіптің есебінен (7.1 және 7.2 сур.) қамтамасыз етілетін бастапқы энергияның жалпы ұсынысының (БЭЖҰ) айтарлықтай ұлғаюынан көрініс табады. Токсаныншы жылдардың екінші жартысында (негізінен, экономикадағы құрылымдық өзгерістердің себебінен) энергия сыйымдылығының елеулі азаюы (БЭЖҰ/ЖІӨ) кейінгі жылдарда анағұрлым төмен қарқындармен жалғасуда. Сонымен бірге, елдегі энергия сыйымдылығы әлемдегі ең жоғарылардың бірі, сондықтан ол энергия пайдаланудың тиімділігін арттыру және электр энергиясын үнемдеу мен энергия ысыраптарын азайту шараларын күшейту мүмкіндігін ұлғайтуға негіздеме береді.

7.1 Сурет: ЖІӨ және БЭЖЖК өзгерістері, 1998–2005 жж.



Дерек көзі: БҰҰ ЕЭК және ХЭА, 2007 ж.

Қоғамдық құрылымдар деңгейінде белгілі бір шаралар қабылданды (мәселен, электр энергиясы рыногын ырықтандыру және Киото хаттамасын ратификацияға дайындауды ұйымдастыру), сондай-ақ энергетикаға қоршаған ортаны қорғау мәселелерін енгізу бойынша стратегия жасалды. 2006 жылы 2007-2024 жылдарда тұрлаулы дамуға өту тұжырымдамасы (ТДӨТ) мақұлданды, бұл қоршаған ортаны қорғау жөніндегі кейінгі іс-әрекеттер мен энергетиканы дамытуға қажет қолда бар мүмкіндіктерді бір мезгілде қатар пайдалану үшін негіз дайындады.


Жаңғыртылатын энергия көздеріне қызығушылық ұдайы өсе түсуде, өйткені бұлар қуат көздерін әртараптандыру мен CO₂ шығарындыларын азайтудың ең озық нұсқаларының бірі болып саналады. Еліміз гидро-, жел-және-күн (гелио) энергетикасы саласында үлкен әлеуетке ие, осы әлеует сәйкес заңнамалық базаның, стратегиялар мен ынталандырушы механизмдердің болмауынан іске асырылмаған. Соның нәтижесінде энергияның экологиялық таза түрлері өте төмен бағалар бойынша қолжетімді жергілікті көмірмен бәсекелесуге дәрменсіз. Оған гидроэлектр энергиясымен біршама мардымсыз қамтамасыз етуді қоспаймыз, бүгінгі күнге қарай, атап айтқанда жел энергетика саласында ұсақ ауқымдағы тәжірибелік жобалар ғана

жүргізілуде. Биотынды пайдалану таяу перспективада нақты нұсқа ретінде қаралады. 2007-2010 жылдарға биотын рыногын дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленді және өндіріс нысандарының құрылысы жоспарланды.

Бұған қосымша, 2007 жылы қыркүйекте тұрлаулы даму жөніндегі ұлттық комиссия энергияны үнемді пайдалану мен 2024 жылғы дейін орнықты даму жағдайларында баламалы (барабар) қуат көздерін дамыту тұжырымдамасын әзірледі және оны бекітті. Жоба парламенттің бекітуін күтуде. Тұжырымдама жаңғыртылатын энергия көздерін пайдалануды кеңейту үшін қажет шаралар мен мақсаттық көрсеткіштерді белгілейді. Осы тұжырымдаманың аясында үкімет пен өзге де мүдделі-тараптар жаңғыртылатын энергия көздерін пайдалануға септігін тигізетін заңның жобасын талқылады. Осы заң жобасы жаңғыртылатын энергетика бойынша коммерциялық іске асырылатын сертификаттарды қоса есептегенде, жаңғыртылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіруге жәрдемдесетін шаралар енгізуді көздейді.

Табиғат қорғау заңнамасы бірте-бірте жетілдіріле түсуде. 2007 жылы қабылданған экологиялық кодексте былай айтылады, басқалармен қатар, энергетика секторы экологиялық қауіпсіздіктің талаптарына сәйкес және қабылданған экологиялық қауіпсіз технологияларды пайдалану арқылы дамуы тиіс. Сонымен қатар, Кодекс қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруды ынталандыратын бағдарламаларды көздейді. Бұдан бөлек, сертификацияланған субъектілердің шектеулі санына қарамастан табиғатты ұтымды пайдалану стандарттарын барған сайын көбірек пайдалану үрдісі байқалды (мәселен, ISO 14001 сияқты).

7.2 Сурет: БҚЖЖК – дегі өзгерістер, 1998–2005 жж.*



Дерек көзі: ЕЭК ООН и МЭА, 2007 ж.
Ескерту: * Электр энергиясымен сауданы қоспағанда

Заңнама одан әрі жетілдіруді қажетсінгенімен, бірақ бүгінгі күнде қолданыста бар заңдарды сақтау, басқару мен мониторингтің тиімді жүйелерін қолдану, сондай-ақ мемлекеттік және жергілікті биліктердің іс-әрекеттерін үйлестіру негізгі проблемалар болып қалуда.

Қуат көздерінің бағаларын үкімет реттейді және субсидиялайды. Шығындарды жабу үшін тарифтер бұрынғысынша тым төмен, бұл энергияны ұтымды пайдалану мен энергия үнемдеуді инвестициялауға бағытталған шараларды жүзеге асырудың негізгі кедергісі болып табылады. Сонда да болса, қазақ биліктері де, энергия рыногының операторлары да тарифтерді көтерудің қажеттілігін мойындайды.

7.2 Энергетика

Энергетикалық баланс

Қазақстан энергия ресурстарының орасан үлкен қосалқы қорларына ие, ал оның географиялық жағдайы республиканың энергия ресурстарының өңірлік және әлемдік рыногында маңызды орын алуын қамтамасыз етеді.

Минералды ресурстардың табиғи бай қосалқы қорлары (8 тарауды қараңыз) отандық металл өңдеу және металлургия өнеркәсібінің, сондай-ақ қатты отын мен энергетика кешенінің дамуы үшін берік негіздеме болып табылады. Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан бері энергия ресурстарының рыногы бірқатар өзгерістерге ұшырап, сол себепті негізгі энергетикалық энергия өндірушілер қайта құрылымданды және жекешелендірілді. Сонымен қатар жалпы мемлекеттік электр желісін басқару, сондай-ақ мұнай мен газ өндіру және тасымалдау бойынша мемлекеттік компаниялар құрылды.

Республиканың энергияға қажеттілігі негізінен, ішкі өндірістің есебінен қамтамасыз етілді (7.1 кестені қараңыз). Бірақ Қазақстан үшін энергия ресурстары мен энергия нысандарының әркелкі шоғырлануы тән. Гидроэлектр станцияларының көпшілігі солтүстік және орталық облыстарда орналасқан, ал оңтүстік аймақ сырттан әкелінетін отандық немесе импортталатын электр энергиясына бағдарланған.

7.1 Кесте: Энергиямен жабдықтау және тұтыну, 2004 ж.

	Көмір	Шикі мұнай	Мұнай өнімі	Газ	Гидро МБМТ	Электр энергиясы	Жылу энергиясы	Жалпы қосындысы	Жалпы қосындысы
Өндіріс	39 548	59 747	0	18 536	693	73	0	0	118 597
Импорт	585	3 266	2 216	9 769	0	0	450	0	16 286
Экспорт	-11 495	-50 118	-3 306	-14 492	0	0	-637	0	-80 046
БЭЖҰ (бастапқы энергияның жалпы ұсынысы)	28 621	12 896	-1 090	13 813	693	73	-187	0	54 819
ТТҚ (түлкі тұтыну қосындысы)	8 599	0	8 844	9 750	0	73	4028	9	31 303
Өнеркәсіп секторы	8 598	0	2 649	503	0	0	1148	0	12 898
Көлік секторы	0	0	3 464	0	0	0	173	0	3 637
Басқа секторлар	1	0	2 259	9 247	0	73	2706	9	14 295
Тұрғын үй	1	0	0	0	0	0	506	0	507
Өнеркәсіптік және коммуналдық қызмет көрсету	0	0	71	0	0	0	0	0	71
Ауыл/орман шаруашылығы	0	0	484	0	0	0	974	0	1 458
Көрсетілмеген	0	0	1 704	9 247	0	73	1227	9	12 260
Энергетикадан басқа пайдалану	0	0	472	0	0	0	0	0	472

Дерек көзі: Халықаралық энергетикалық агенттік (ХЭА) Қазақстанның 2004 жылғы энергетикалық балансы


Ескерту: *БЭЖҰ = отын, жаңғыртылатын энергия көздері мен қалдықтар. Ядролық, геотермикалық немесе күн энергиясы Қазақстанда өндірілмейді.

БЭЖҰ-ның үлкен бөлігін бұрынғысынша көмір құрайды. 2005 жылы бастапқы энергиямен жабдықтаудың жартысынан астамы көмірдің есебінен ұсынылды. Қалған бөлігі, негізінен, газ бен мұнайдың үлесіне тиді. Жаңғыртылатын энергия көздеріне әлі де елеусіз рөл беріледі (7.3. Сурет)

Электр балансы

Қазақстанда жалпы орнатылған энергетикалық қуаты 18 ГВт-ға жуық 5 ірі гидроэлектр станцияларын қоса есептегенде, 71 электр станциясы бар. Электр энергиясының көпшілігін дәстүрлі түрде көмір электр станциялары жасайды (7.4 сурет), олардың өнімі 2004 жылы жалпы өндірістің 70%-ға жуық шамасын құрады. Ірі жандыру қондырғылары пайдаланатын отандық көмірдің басым бөлігінің энергетикалық құндылығы өте төмен (мәселен AES электр станциясында 3,850 Ккал/кг). Көмір 35% -50 % күл және 0,4% құрамдағы күкірт шығарады өндірілетін электр энергиясының қалған бөлігі гидро- (12%), газ (10.6%) және мұнай көздері (7,4%) арасында біршама шамалас деңгейде бөлінді (7.2 кестені қараңыз). Гидроэлектрстанцияларының көпшілігі Солтүстік-шығыс Қазақстан аумағы арқылы ағатын Ертіс өзенінің бойына орналасқан. Үлкен көлемдегі уран қорларына қарамастан, республикада жұмыс істейтін атом электрстанциялары жоқ.

7.3 Сурет: БҚЖЖК – нің 2005* жылдағы үлесі.



Дерек көзі: ХЭА, 2007 ж.

Ескерту: * Электр энергиясымен сауданы қоспағанда

Қазақстанның электр энергиясының нетто-экспортшысы болып саналатынын атап өту керек.

Ішкі энергия тұтынудың үлкен бөлігі өнеркәсіптің үлесіне тиеді. 2004 жылы өнеркәсіптік энергия тұтыну 28,5%-ды құрады. Алайда, жалпы тұтынудың 30%-ға жуығын нақты секторға жатқызу мүмкін емес, сондықтан деректерді түсіндіру қиынға түседі (7.2. кестені қараңыз). Оның үстіне, бөлу кезіндегі ысыраптарды ескеру керек, олар ішкі өндірудің 18%-ын құрайды (жеке қажеттіліктер үшін энергетика тұтынуды қоспағанда).

Экономикалық дамудың жоғары қарқындарын ескергенде, электрге сұранысты ұлғайту ұйғарылады, ол жұмыс істеп тұрған станцияларды жаңғыртуды және жаңаларын салуды, сондай-ақ электр беру жүйелерін нығайтуды қажетсінеді

Қазақстанның электр желісі негізгі үш энергия жүйесінен тұрады, оның екеуі Республиканың Солтүстігінде, біреуі Оңтүстігінде орналасқан. Республиканың орнатылған қуатының үлкен бөлігін құрайтын, көмір электр станциялары жататын Солтүстіктегі энергия жүйелері Ресей Федерациясының энергия жүйесімен байланысты. Олар электрді Солтүстік бағытта экспорттайды. Белгіленген шамада жасалатын қуаттың жеткіліксіздігін ескергенде, Орталық Азияның Бірыңғай энергия жүйесімен қосылған, Оңтүстік энергия жүйесі арқылы Қырғызстан мен Өзбекстаннан электр импортының қажеттілігі туындайды. Солтүстік және Оңтүстік энергия жүйелерін 600 МВт қуаттағы 50 Кв-та электр беру желісі қосады.

Республиканың Оңтүстігін импортталатын электр энергиясынан тәуелсіз ету үшін, электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстандық компания (KEGOC) бұрынғы «Солтүстік-Оңтүстік»

желісіне қосымша электр берудің екінші желісінің құрылысын бастады. Осы желі Қазақстанның Солтүстік аймақтарынан артық энергияны Республиканың халық көп қоныстанған Оңтүстік аудандарына жеткізуге мүмкіндік туғызады, сондай-ақ Орталық Азияның энергия ресурстарының аймақтық рыногын дамытуға Қазақстанның даму банкі (ҚДБ) қатысады. Жобаның басталатын және аяқталатын мерзімі сәйкестігіне қарай 2005-2008 жылдар. Сонымен қатар бір мезгілде электр берудің жұмыс істеп тұрған желілерін және қосалқы станцияларын жаңғырту, сондай-ақ энергия ысыраптарын азайту жөніндегі жобалар жүзеге асырылады.

7.2 Кесте: Электр балансы, 2004 ж.

	ГВтч	Пайыздардағы үлес
Өндіріс		
Көмірмен	46 803	69,9
Мұнаймен	4 979	7,4
Газбен	7 103	10,6
өндірістің жалпы көлемі	8 057	12,0
өндірістің жалпы көлемі	66 942	100,0
Импорт	5 234	
Экспорт	-7 403	
Ішкі жабдықтау	64 773	
Энергетика секторы*	7 533	
Бөлу кезіндегі ысырап	10 408	
Түпкі тұтынудың қосындысы	46 832	100,0
Өнеркәсіп	13 350	28,5
Көлік	2 012	4,3
Тұрғын үй	5 883	12,6
Ауыл/орман шарушылығы	11 322	24,2
Басқа белгіленбегендері	14 265	30,5

Дерек көзі: ХЭА, 2007 г.

Ескерту: * Энергетикаға сондай-ақ жеке қажеттіліктері үшін электр станциялары тұтынатын және гидроаккумуляциялау (жинақтау) үшін пайдаланылатын электр жатады


Сондай-ақ ас әзірлеуге, жылытуға, жарықтандыруға, сумен жабдықтауға жеткіліксіз ауылдық жерлердегі энергиямен жабдықтау мәселесі алаңдаушылық туындатады. Ауыл тұрғындарының төмен табыстары электр энергиясына төлем жасауға жете бермейді. Қазір 250-ге жуық қоныстар желіге қосылмаған. Жылу мен тамақ пісіру үшін өздерін отынмен қамтамасыз етуге байланысты ауыл тұрғындары көбіне ағаш кеседі. Мұндай әрекеттер ландшафтқа нұқсан келтіреді, әрі түптің түбінде жерді тақырға айналдырады.

Жылумен жабдықтау

Қатал қыс жағдайларында, Қазақстандағы жылу энергиясының айтарлықтай бөлігі (жылына 150 млн. гкал жуық) жылыту үшін пайдаланылады. Орталықтандырылған аудандық жылумен жабдықтау мен жылу электрорталықтарының есебінен жылудың 50%-дан астам шамасы қамтамасыз етілетін қалалар негізгі тұтынушылар болып саналады.

Жылуэлектрорталықтарын пайдалану көбіне отын пайдалануды азайтады. Жылуэлектрорталық-тарының жобалық қуаты 6700 МВт-дан асады (Республикадағы барлық электр станциялары қуатының 38%-ы). «2030 жылға дейін энергетикалық секторды дамыту Бағдарламасы» (1999 жылы сәуірде қабылданды) Қазақстанның қалалық аудандарында 2005-2020 жылдар арасында жылу шығындарын 25%-ға ұлғайтуды жоспарлап отыр.

7.4 Сурет: Отын пайдалану арқылы электр энергиясы өндірісін дамыту, 1998-2005 жж.



Дерек көзі: МЭА, 2007 ж.

Шамалы ғана жөндеуден және жаңартудан өткен қалалардағы аудандық жылыту желілері ыстық су мен қамтамасыз етудің негізгі жеткізушілері болып табылады. Бұл қыс ауасында жылу жеткізудің жиі іркілістерге ұшырауына және төмен тиімділігіне себеп болады. Алматы сияқты ірі қалаларда жуырда аудандық жылыту желілерін қалпына келтіру бойынша арнайы бағдарламалар қолға алынды, бірақ жылуға төленетін төмен тарифтер мен соған сәйкес төмен табыстар, жүйені қалпына келтіру мен жаңғыртуға жасалатын инвестициялар үшін күрделі кедергіге айналды.

Едәуір жылу ысыраптары тікелей қоректендіруші электр желілерінде ғана емес, сонымен бірге ғимараттарда да болады. Есептер бойынша, жылумен жабдықтаудың осы заманғы технологияларын енгізу, көпшілік ғимараттарды жылытуға пайдаланылатын энергияны 30%-ға дейін үнемдеуге көмектеседі. Тұрғын үйлерді жылыту тарифтері көбіне пәтердің немесе үйдің жалпы көлемінің (м²) есебінен есептеледі. Есептеу жүйесінің жаппай болмауынан тұтынушылар электр энергиясын үнемдеуге ұмтылмайды.

Энергия сыйымдылығы, энергияны ұтымды пайдалану және энергиямен жабдықтау

Қазақстан энергиясымдылығы бойынша әлемде алғашқы орындардың бірінде (БЭЖҰ/ЖІӨ). Республика сондай-ақ энергияны ұтымды пайдалану мен энергия үнемдеуді арттыру үшін қажет орасан зор әлеуетке ие. Энергетика кешеніндегі көптеген электр станциялары ең бірінші кезекте электрдің жалпы көлемінің 70%-ға жуығын өндіретін көмір электр станциялары ескірді, ал энергия жүйелеріндегі ысыраптар электр энергиясының жалпы өндірісінің 15%-нан асты.

Қазақстанда «Коммуналдық жылумен жабдықтаудың энергия тиімділігін арттыру үшін тосқауылдарды жою» БҰҰД/ЖЭҚ жобасының аясында жылу жүйесінің құрылысынан және

/немесе алдын-ала оқшауланған өткізгіш құбырлардан түсетін пайдаларға сараптық баға беру жүргізілді. Энергия үнемдеу көмір қышқыл газының шығындыларын азайтуға септігін тигізеді, мұның қаланың ахуалына қарай бір метр өткізгіш құбырға шаққанда жылына 105-450 кг CO₂ құрауы мүмкін 2020-2024 жылдарға қарай қолда бар ең озық тазарту технологияларын енгізу арқылы энергия және жылумен жабдықтау секторында отын тұтынуды ықтимал азайту 20 млн. ЖОЭ-ге жетуі мүмкін. Парник газдарының шығындыларын 2024 жылға қарай азайту шамасы 15-20 млн. тоннаны құрауы мүмкін. Электрэнергиясы мен жылуды құрамдас өндірген жағдайда энергия үнемдеудің іс жүзіндегі әлеуеті (ЭЖҚӨ) шартты отынның 6-7 млн. тоннасымен бағаланады, яғни ПГ шығындыларын 10-15 млн. тоннаға азайту арқылы ЭЖҚӨ кезінде отынды шамамен 35% нақты пайдалану.

Жағыртылатын энергия көздері

Қазақстан, бір жағынан, қазба отынының ресурстарына аса бай болғанымен, екінші жағынан, жаңғыртылатын энергия көздері экономикалық және энергетикалық әртараптандыру, сондай-ақ қоршаған ортаның сапасы мен Адам денсаулығын жақсарту үшін мүмкіндік туғызар еді. Сонымен бірге, жаңғыртылатын энергия көздерін пайдалану, энергия тиімділігімен және энергия үнемдеуге қатысты шаралармен бірге БҰҰ РКИК белгіленген максаттарымен басымдықтарына жетуге септігін тигізеді (7.1 ендірмені қараңыз).

Қазақстан жаңғыртылатын энергия көздерін, әсіресе гидроэнергияны, жел энергиясы мен су энергиясын пайдалану саласында айтарлықтай әлеуетке ие, бірақ қазір осы әлеуеттің шағын бөлігі ғана іске қосылып отыр. Гидроэнергия-бүгінгі күні электр өндіру үшін пайдаланылатын жаңғыртылатын энергияның жалғыз-ақ көзі.

Гидроэнергия

2004 жылы су көздерінен (үлкен және шағын гидроэлектрстанциялары) электр энергиясын өндіру жылына 8 ТВт.-ға дейін дерлік жетті, бұл көрсеткіш электр энергиясының жалпы өндірісінің 12%-на сәйкес келеді (7.2 Кестені қараңыз). Осы энергия негізінен Ертіс өзенінің бойына орналасқан ірі бес гидроэлектрстанцияларында, сондай-ақ басқа да шағын гидроэнергияжүйелерінде өндіріледі. Бұл жылына 170 ТВт. құрайтын елдегі жалпы әлеуеттің шағын бөлігін ғана көрсетеді, соның жылына 27 ТВт. с жуығы экономикалық пайдалы болып есептеледі. Атап айтқанда, қысқа мерзімді перспективада, оларды әрмен қарай жетілдірген жағдайда, жаңғыртылатын энергияның ең пайдалы көздерінің бірі Қазақстандық шағын ЖЭС-тер болуы мүмкін. Осы саланы зерттеу мен талдау, шағын гидроэлектрстанциялардың әлеуеттік мүмкіндігінің 1380-нен 1600 МВт-ға дейін құрайтынын көрсетті, бұл жылына 5-6,3 ТВт.с энергия өндірумен сәйкес келеді.

Жел энергиясы

Қазақстанның барлық аумағында дерлік жел энергиясының айтарлықтай әлеуеті байқалады, ол шамамен 10 МВт/м² құрайды. Жел атласы бойынша, Республиканың көпшілік аумағында 30 м биіктікте 4-5 м/сек-қа тең. Кейбір аудандарға желдің үлкен әлеуеті тән, мәселен, Жоңғар қақпасының таулы өткелінде желдің жылдамдығы шамамен 6-9 м/сек-қа жетеді. Электр энергиясын 2030 жылға дейін дамыту Бағдарламасы бойынша, елде жалпы қуаты 520 МВт жел электрстанцияларын салу белгіленген, олар жыл сайын 1,7-1,8 Твт.с жасауы мүмкін.

Үкіметтің шешімі бойынша, Алматы облысындағы Қытаймен шекарадағы «Жоңғар қақпасы» таулы мекенінде қуаты 5 МВт Қазақстандағы тұңғыш желэлектрстанциясы (ЖЭС) салынады. ЖЭС тәжірибелік құрылысы ЖЭҚ-тың «Қазақстан – жел энергетикасы рыногын дамыту бастамасы» жобасының аясында жүргізіледі. Тендерді дайындауға қытысты рәсімдер аяқталды, бірақ ішкі рыноктағы электр энергиясының белгіленген бағаларының электр энергиясын өндіруге жұмсалатын шығындардан едәуір жоғары болғандығына байланысты

құрылыс әлі басталған жоқ. Электр энергиясына тарифтерді көтеру және іске асырылатын сертификаттар схемасын енгізу ЖЭС пайдалылығына септігін тигізеді.

Күн энергиясы

Құрлықтық климатқа қарай, Қазақстанда едәуір шамадағы күн радиациясы байқалады. Бір жылдағы күн сағаттарының саны шамамен 2200-3000 сағатты құрайды, бұл күн энергиясын өндіруге іс жүзінде мүмкіндік береді. Күн радиациясының көлемі жылына 1300-1800 кВт.ч/м² құрайды.

Үкімет негізгі электр беру желісіне қосылмаған немесе тоқтаусыз қосылуға жалғанбаған ауылдарда электрмен жабдықтаудың дербес фотоэлектр жүйелерін орнатуға бағытталған бағдарламаларды дамытуға және оларға қолдау көрсетуге ниет білдіріп отыр.

Ыстық суды күн коллекторларының (гелиосуқыздырғыштар) көмегімен алу күн энергиясын пайдаланудың екінші бағытына жатады. Жергілікті мамандардың бағалары бойынша, ыстық сумен жабдықтау қажеттіліктеріне су ысыту үшін күн энергиясын пайдалану арқылы 13 млн. Гкал-ға жуық алуға болады, бұл мұнай баламасындағы 1 млн.-нан көп отынды үнемдеуге мүмкіндік береді. Күн коллекторларын орталықтандырылған жылумен жабдықтайтын бу қазандарында да, сондай-ақ жеке ғимараттар үшін де пайдалануға болады (тұрмыстық гелиосуқыздырғыштар). Алайда мұндай жобалар үлкен қаражаттарды талап етеді, ал күн энергиясын өндіруді насихаттауға арналған нысаналы қаржыландырудың тетіктері әлі іске қосылған жоқ.

Осы себептерге байланысты, күн энергиясын өндіру әзірше кеңінен пайдаланылмай отыр. Сонда да болса, бүгінде күн коллекторларының отандық өндірісін ұйымдастыруға әрекеттер жасалуда (мәселен, Қарағанды облысында).

Геотермалды энергетика

Қазақстанда термалды судың едәуір мөлшердегі орташа-және төмен температуралы ресурстары бар, бұлар келешекте қуат көздері ретінде пайдаланылуы мүмкін. Жаңғыртылатын басқа энергия көздерінен айырмашылығы, геотермалды энергия өндірісі бүгінде басымдық болып табылмайды, бірақ болашақта осы саланың дамуы әбден ықтимал.

Биогаз және биоотын

Жануарлар мен ауылшарушылық қалдықтарынан алынатын биогазды пайдалану шалғайдағы ауылдық мекендерді энергиямен қамтамасыз етудің тағы бір нұсқасына жатады. Кейбір елді мекендерде биогазды көңнен жасайтын қондырғылар орнатылды.


Тәжірибе көрсеткендей, тәулігіне 15 м³ биогаз өндіру (4 айда 1 тонна көң) көлемі 60 м² үйдегі 4-5 адамнан тұратын отбасын жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етеді. Үкімет өндірісі басталған биогазға энергия көзі ретінде өсе түскен қызығушылық танытуда. Қазақстан Республикасында биоотын рыногын дамытудың 2007-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасының Жобасы бекітуді күтуде ең таяу уақытта биоотынның дамып келе жатқан әлемдік рыногында лайықты орын алу мақсатында жаңа өндіріс нысандарын іске қосу жоспарланып отыр. Биоотын өнеркәсібін дамыту түрлі шараларды іске асыруды қажетсінеді: Салықтарды азайту, кәсіпорындардың шикізат сатып алуға жұмсайтын шығындарын өтеу, сондай-ақ энергетикалық дақылдарды өндірушілерге көмек көрсету. Қазақстан биоэтанол өндірісі бойынша Солтүстік Қазақстан облысындағы Тайынша қаласында зауыт салуды жоспарлап отыр. 2006 жылы «Биохим», өнеркәсіптік кешенінің құрылысын «Баско» Қазақ ЖШС жүргізуде. Осы жобаның мақсаты-жылына 300 000 – 400 000 тонна бидайды өңдеу арқылы жыл сайын 57 мың тоннан этанол өндіру.

7.3 Қоршаған ортаға тиетін әсер

Парник газдары

Энергетика –Қазақстандағы парник газдары (ПГ) шығарындыларын жасайтын негізгі көз. Барлық ПГ ішінде CO_2 -ге барлық шығарындылардың үлкен үлесі келеді, ал метан мен азот тотықтары сәйкестігіне қарай екінші және үшінші орында.

7.5 Сурет: Парник газдарының шығарындылары, 1992-2005 жж.



Дерек көзі: ҚР Қоршаған Ортаны Қорғау Министрлігі: қоршаған ортаның ахуалы туралы Есеп, 2005 жыл.

2005 жылы ПГ эмиссияларының жалпы көлемі көмір қышқыл газының баламысында 240,7 млн. тоннаны құрады, соның 77%-ы CO_2 болды (7.5 сурет), бұл 1990 жылмен салыстырғанда 5%-дық өсуге тең (7.3 Кестені қараңыз).

Қазба отынның жанғаннан кейінгі өнімдері ПГ шығарындыларының негізгі көзіне жатады. Ластаудың негізгі көздері-жылу және электр энергиясының өндірісі, сондай-ақ өнеркәсіп өндірісі (7.3 кесте). Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында энергия тұтынумен бірге ПГ шығарындылары да азайды. Қазақ экономикасын қалпына келтіру басталған 2000 жылы мұндай азаю баяулады. 2000-2005 жылдарда шығарындылар 36%-ға көбейді, бірақ сонда да болса, 1992 жылғы деңгейден 30% төмен күйінде қалып отыр.

Алайда, Қазақстан халқының Жан басына шаққандағы CO_2 , осы өңірдегі және одан тыс жерлердегі басқа көп елдерден анағұрлым жоғары (7.4 кесте).

7.4 кестеге жүгінсек, Қазақстан Республикасында Жан басына шаққандағы CO_2 шығарындыларының жоғары деңгейі, ЖІӨ жоғары энергия сымдылығы жиынтығы мен энергия тұтынудың жоғары көміртек сымдылығының салдары болып табылады. Қазақстанды ЭЫДҰ Еуропа елдерінің орташа көрсеткіштерімен салыстырған кезде, анағұрлым жоғары ЖІӨ жағдайында CO_2 шығарындыларының үлкен көлемі Еуропада көп төмен энергия сымдылығы мен көмірсутек сымдылығының есебінен өтелетіні көрінді. Жалпы айтқанда, түрлі елдер бойынша бар деректер энергия сымдылығы дәрежесінің әр аймақтар мен мемлекеттердегі көмір қышқыл газынан бөлінетін шығарындылардың көлемдерін анықтайтынын көрсетеді.

Осыған сүйенгенде, Қазақстанның мына әрекеттер арқылы CO_2 шығарындыларын азайтуға орасан үлкен әлеуеті бар:

- Электр энергиясы өндірісінде, өнеркәсіп өндірісінде, көлік пен тұрғын үй шарушылығында энергия ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру;
- Энергетика саласында жаңғыртылатын энергия көздерінің үлесін көбейту.

7.3 Кесте: Парник газдарының шығарындылары

Категория	CO ₂ баламада млн.тонна			
	1992	1994	2000	2005
CO₂	261,2	243,7	137,3	186,3
Энергия белсенділік	246,3	236,5	126,6	170,2
Отынның жануы	243,0	233,9	120,3	163,7
Отын жанып біткеннен кейін ластаушы заттардың атмосфераға таралуы	3,3	2,6	6,3	6,5
Өндірістік үдерістер	14,9	7,2	10,7	16,1
Жер пайдалану мен орман шаруашылығындағы өзгерістер	-7,1	-4,8	-7,1	-5,9
CH₄	57,8	46,3	33,9	42,7
Энергия белсенділік	32,8	23,9	13,1	17,0
Отынның жануы	1,9	1,2	0,4	0,6
Отын жанып біткеннен кейін ластаушы заттардың атмосфераға таралуы	31,0	22,7	12,7	16,4
Өндірістік үдерістер	0,0	0,0	0,0	0,0
Ауы шарушылығы	16,5	13,6	7,4	9,5
Қалдықтар	8,5	8,7	13,4	16,2
N₂O	25,1	17,6	9,0	11,7
Энергия белсенділік	0,9	0,9	0,4	0,5
Отынның жануы	0,9	0,9	0,4	0,5
Ауыл шарушылығы	23,8	16,2	8,3	10,7
Қалдықтар	0,4	0,5	0,3	0,4
Жалпы қосындысы	344,1	307,6	180,2	240,7
Таза жиынтығы (шығаратын нысандар мен ағындылар)	336,9	302,7	173,1	234,8

Дерек көзі: ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі: Қоршаған ортаның ахуалы туарлы есеп, 2005 жыл.

Атмосфераны ластайтын басқа да заттар

Көбіне атмосфераны, әсіресе күкірт тотығының (SO_x), азот тотықтарының (NO_x), көміртек тотығының (CO) және күлдің шығарындыларымен ластау себебіне жылу электрстанцияларында электр энергиясы мен жылу өндіру жатады. Атмосфераны осындай ластаудың үлкен бөлігін өте төмен сападағы көмір жағу және ЖЭС-де газ тазартудың тиімді жүйесінің болмауы құрады. Көпшілік жағдайларда көмір жағатын ЖЭС-тер денитрификациялық және күкіртсіздендіретін қондырғыларсыз тазартудың 97-98% коэффициентіндегі газтазартқыш жабдықпен жабдықталған (қолда бар ең озық технологияның сәйкес стандарттарындағы станциялар үшін орташа норма – 95.5-99,99%) .

Ластаушы заттардың шығарындыларына лицензия кәсіпорын Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен келіссөздер жүргізгеннен кейін беріледі (2 тарауды қараңыз). Түпкілікті құжат атмосфераға түсетін шығарындылардың және су мен топыраққа тастандылардың рұқсат етілетін ең шекті көлемін көрсетуді, сондай-ақ кәсіпорынға белгіленген мерзімдерде табиғатты ұтымды пайдалануды жетілдіруді нұсқайтын ұсыныстарды мазмұндайды. Елдің солтүстігіндегі бірнеше ЖЭС тек нақты қуатта ғана пайдаланылады, мәселен, қазір 50% қуатта жұмыс істейтін Екібастұздағы AES электр станциясы (4000 МВт). Атмосфераға түсетін шығарындыларды қоса есептегенде, шығарындылардың рұқсат етілетін межелері, негізінен станцияның нақты қуаты бойынша есептелетін болғандықтан, ЖЭС-тер лицензияда көрсетілген экологиялық талаптарға сәйкестікке ерекше қиындықсыз қол жеткізеді. Таяу болашақта энергия тұтынудың болжанатын өсуін ескергенде, электр станцияларының тазарту жабдығын ауыстырусыз, талаптарға сәйкестенуге дәрменсіз болулары әбден мүмкін.

7.4 Кесте: CO₂ шығарындыларының энергетикамен байланысты 2004 жылғы негізгі коэффициенттері

	Жан басына шаққандағы CO ₂ (мың CO ₂ жан басына шаққанда)	Жан басына шаққандағы ЖІӨ (2000 USD СТК)	БЭЖҰ/ЖІӨ (ТНЭ/мың-2000 - USD СТК)	CO ₂ */БЭЖҰ (мың CO ₂ /ТНЭ)	Жан басына шаққандағы БЭЖҰ (Жан басына шаққанда ТНЭ)
Қазақстан	10,81	6 890	0,53	2,96	3,66
бұрынғы КСРО**	8,09	7 000	0,49	2,36	3,43
елдері Еуропа ЭЫДҰ***	7,72	21 830	0,16	2,21	3,50
орталық және Шығыс Еуропа****	5,41	7 290	0,34	2,25	2,41

Дерек көзі: ХЭА, 2007 ж.

Ескерту:

* CO₂ шығарындылары тек отын жануының өнімдері ғана. Жан басына шаққандағы CO₂ шығарындылары есептік ұқсастық формуласы арқылы көрсетілуі мүмкін, бұл энергия пайдаланудың түріне сүйене отырып, CO₂ шығарындыларының негізгі себептерін анықтауға көмектеседі:

Жан басына шаққандағы CO₂ - $=(\text{Жан басына шаққандағы ЖІӨ}) \times (\text{БЭЖҰ/ЖІӨ}) \times (\text{CO}_2 \text{ шығарындылары/БЭЖҰ})$

* Бұрынғы КСРО елдеріне Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Эстония, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Латвия, Литва, Молдова, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түркіменстан, Украина, Өзбекстан жатады.

**Еуропа елдері - ЭЫДҰ мүшелеріне Австрия, Бельгия, Чех Республикасы, Дания, Финляндия, Франция, Германия, Грекия, Венгрия, Исландия, Италия, Люксембург, Нидерланды, Норвегия, Польша, Португалия, Словакия Республикасы, Испания, Швеция, Швейцария, Түркия және Ұлыбритания жатады.

**** Орталық және Шығыс Еуропа елдеріне Албания, Беларусь, Болгария, Кипр, Эстония, Босния және Герцеговина, Хорватия, Латвия, Литва, Мальта, Молдова, Монтенегро, Румыния, Сербия, Словакия және бұрынғы югославиялық Македония Республикасы жатады.

Елдер ХЭА анықтамасына сәйкес топтарға жатқызылды

Топырақ пен суға қатысты салдарлар (зардаптар)

Қазақстанда жер қыртыстарының ластануының негізгі себебіне- ауыр металлдар, мұнай және мұнай өнімдері жатады. Электр энергиясының 70% көмір жағатын электр станцияларында өндірілетінін және көмір бәрінен де кәсіпорындарда көп пайдаланылатынын ескергенде, атмосферадан топырақ пен суға түсетін ұшпалы құрамдарда болатын, ауыр металлдар шығарындыларының едәуір үлесімен көмір жағуды байланыстыру орынды болар еді. Ең ірі электр станциялары көмір шахталарына жақын орналасқан, сондықтан көмір тасымалына байланысты салдарларды барынша кемітеді. Осыған байланысты сондай-ақ мына жәйтті де ұмытпау керек, электр станцияларының SO_x и NO_x шығарындылары қышқылды жаңбырлар жауғызады да, су мен топырақты қышқылдандырып, сол арқылы ауыл шарушылығына, ормандар мен биоалуантүрлілікке зиян келтіреді.

7.4 Энергетикалық саясат

Энергетика саясаты мен стратегиялары

Үкіметтің негізгі басымдықтарының бірі-энергетикалық тәуелсіздікке қол жеткізу. 1999 жылы сәуірде қабылдаған «Энергетиканы 2030 жылға дейін дамыту Бағдарламасы», - осы бағытта жасалған түбегейлі маңызды қадам. Бағдарлама экспортқа бағдарланған және озық технологияларға негізделген энергетикалық рынок құру мақсатында әзірленді. Бағдарламаның мақсаты-елдегі энергиямен жабдықтау ісінің қауіпсіздігі мен сенімсіздігін қамтамасыз ету және энергия өндірісінде газдың үлесін ұлғайту.

Осыған байланысты үкіметтің алдында энергетикалық инфрақұрылымды күшейту, электр энергиясының бәсекеге қабылетті рыногын дамыту, жылумен жабдықтаудың жұмыс істеп тұрған жүйелерін жаңарту, жаңғыртылатын энергия көздері мен энергияны ұтымды пайдалануды одан әрі пысықтау, сондай-ақ зиянды газдардың шығарындыларына қатысты квоталар рыногына шығу мүмкіндігін алу, яғни, экологиялық даму тетігі аясындағы

уағдаластық пен ратификациялағаннан кейін Киото хаттамасын бірлесіп іске асыру міндеттері тұр.

Саясаттың негізгі мақсаттарының бірі-электрмен жабдықтауда өзіндік қамтамасыздыққа қол жеткізу. Оның үстіне, қалған барлық энергия жүйесі сияқты, секторды басым дәрежеде экспортқа бағдарлау және оны жеке, соның ішінде шетелдік инвесторларға анағұрлым қолжетімді ету жоспарлануда. Қазқастанның біртұтас энергия беру жүйесін құру және электр энергиясын бөлу, сондай-ақ Ресей Федерациясының біртұтас энергия жүйесімен және Орталық-азиялық мемлекеттердің жүйелерімен ынтымақтастықты кеңейту осымен байланысты мұның стратегиялық міндеттерге қатысы бар. Биліктер де сондай-ақ жұмыс істеп тұрған энергетикалық қуаттарды қайта құру мен жаңарту қажеттілігіне өздеріне есеп береді. Электр энергиясын беру мен бөлудің қазақ секторына ірі күрделі қаржы жұмсалымдарын жасауға кедергі жасайтын басқа да бөгеуілдер бар (электр энергиясының төмен бағалары).

Ал жылу энергетика секторына келетін болсақ, бір мезгілде қатар электр және жылу энергиясының ең жоғары мөлшерін алуға мүмкіндік беретін қолданыстағы жылу жүйелерін қайта құру мен жаңарту негізгі стратегиялық мақсат болып табылады. Қазақстан да сондай-ақ атом энергетикасын дамыту мүмкіндігін қарастыруда, бұл жаңа өндіріс нысандарын салуды талап етеді. Ақтауда орналасқан 90 МВт-ғы жалғыз Маңғыстау АЭС-і 1999 жылы жабылды.



Екібастұз АЕС-і (бұрынғы ГРЭС-1)

Тұрақты өндіріс және энергия тұтыну: қоршаған ортаның мақсаттық көрсеткіштерінің саясаты, стратегиясы және интеграциясы

Жаңғырылатын энергия көздерін дамыту, энергетика инфрақұрылымын жақсарту мен ПГ шығарындыларын азайту үшін қажет қадам болып саналады. Жаңғыртылатын энергия көздерін пайдалану осы уақытқа дейін барынша аз күйінде қалып отыр (2004 жылы 1.4 % БЭЖҰ) және ол тиісті ынталандырулардың болмауы себебінен, іс жүзінде, негізінен гидроэнергетикаға саяды.

Стратегиялық маңызды бағыт ретінде баламалы энергия көздерін дамыту қажеттілігін нұсқаған 1999 жылғы энергетикалық Бағдарламадан бері, тұрақты өндіріс пен энергия тұтынуды қоса есептегенде, экономикалық саясаттың өзге де құралдары жетілдірілді.

2007-2024 жылдарда тұрақты дамуға өту тұжырымдамасы (ТДӨТ, 2006 ж. тарауды қараңыз) ресурстарды пайдаланудың тиімділігіне, ғылыми-техникалық жаңалықтарға, өндіріс пен

тұтырудың орнықты үлгілеріне, баламалы энергия көздеріне қатысты қағидаттарды, басымдықтарды, мақсаттар мен тетіктерді белгіледі. ТДӨТ басымдықтарына энергияны ұтымды пайдалану мен үнемдеу, сондай-ақ экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету жатады. Басқаларын айтпағанда, тұжырымдама өнеркәсіп және энергетика нысандарына белгіленетін экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу, тұрақты мақсаттық көрсеткіштерінің айқын критерийлеріне, анғұрлым экологиялық өндірістің стратегияларын белсендірек пайдалануға, баламалы энергия көздері мен қалдықтарды өңдеу жүйелерін енгізуге арналған ынталандыруларды дамытуға негізделеді.

Тұрақты даму Ұлттық Кеңесінің өтініші бойынша (ТДҰК), тұжырымдаманың негіздемесінде 2024 жылға дейін тұрақты даму жағдайларында энергияны ұтымды пайдалану және баламалы қуат көздерін дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленді (1 тараудағы 1.3. ендірімені қараңыз). 2007 жылы қыркүйекте ТДҰК мақұлдаған жоба үкіметтің бекітуіне берілді. Тұжырымдамада жаңғыртылатын энергия көздерін пайдалануды дамыту қажеттілігі туралы айтылады және жел энергиясына, күн энергиясы мен жылу насостарына ерекше назар аударылады. Түрлі баламалардың іске асырылуын негіздейтін тәжірибелік жобалар барынша жан-жақты көтермеленеді.

Орта-және ұзақ мерзімді перспективада ресурстарды пайдаланудың жалпы тиімдігін арттыруға және 2024 жылға қарай үлесін барлық энергия ресурстарының 10%-на дейін жеткізу жоспарланған жаңғыртылатын энергия көздерін кеңірек қолдануды насихаттауға арналған мақсаттық көрсеткітер белгіленді. Электр энергетикасы саласында, жаңғыртылатын энергия көздеріне арналған мақсаттық көрсеткіштер 2024 жылға қарай 3000 МВт нақты қуатты құрайды, бұл 10 ТВт.с өндірумен барабар (ірі ГЭС-терді есепке алмағанда).

7.1 Ендіріме: Энергия сервистік компания деген не?

Энергосервистік компания (ЭСКО) зауыттар немесе құрылыстар сияқты түрлі нысандарда энергияны ұтымды пайдалану үшін қажет ғылыми – техникалық тәжірибе береді, сондай-ақ ол өзіне іске асырылатын шараларды орындауға қатысты тәуекелдерді жүктейді. Ықтимал энергия үнемдеу бағаларына сүйене отырып, ЭСКО инвестициялық жобаны әзірлейді және оны іске асырады. Перфоманс-келісім шарт осындай қызметтер көрсету үшін негіздеме болып табылады, осы арқылы жобаның нысанына жататын қуат көздерін үнемдеу кепілденеді. ЭСКО көрсеткен қызметтері үшін төлем алуы энергия үнемдеу көлеміне тікелей байланысты болады. Қағида бойынша, ЭСКО-жеке фирмалар. Өндіріске күрделі қаржы жұмсауға қатысты шығындар қуат көздеріне жұмсалатын шығындарды сәйкес төмендетудің есебінен өтелетін болғандықтан, ЭСКО жобалары-өзін-өзі қаржыландырады. Батыс Еуропа мен АҚШ-та энергия қызметтерінің осындай түрдегі рыногы біршама ілеріде құрылды. Ал өтпелі экономикалы елдерге келетін болсақ, ЭСКО секторы бастамалық ахуалда тұр, бұл басқаларын айтпағанда, қуат көздерінің төмен бағаларының, жетілмеген заңнамалық базаның, әкімшілік тосқауылдар мен түпкі тұтынушылар тарапынан түсінбеушіліктің салдары болып табылады. ЕҚДБ басқа елдермен қатар, сондай-ақ Венгрия мен Украинада ЭСКО жобаларын дамытуға қолдау көрсетеді.

Осыған байланысты энергетика министрлігі мен Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жаңғыртылатын энергия көздерін пайдалану арқылы өнірілген электрге қатысты коммерциялық іске асырылатын сертификаттар енгізуді жоспарлап отыр. Қазір сол үшін құқықтық базаны қамтамасыз етуге арналған заңның жобасы дайындалуда (жаңғыртылатын энергия көздерін пайдалануға қолдау көрсететін заң). Жаңғыртылатын энергия көздерінен алынған электрді рынокта сату кезінде, өндіруші-кәсіпорындар сертификаттау жүйесін бақылауға уәкілетті органға сәйкес сертификаттар беретін болады. Өндірістің дәстүрлі көздерін пайдаланатын қалған өндірушілер уәкілетті органнан осы сертификаттарды сатып алуға міндетті болады және осы сертификаттарды экологиялық таза электр сатып алуды қалайтын тұтынушыларға бөлшек сауда бағаларымен сатады.

Ал электр үнемдеуге келетін болсақ, төмен тарифтер, техникалық даярлықтың төмен деңгейі және ақпарат пен хабардарлықтың жетіспеуі сияқты бірқатар кедергілердің себебінен пәрменді шаралар қабылдау осы уақытқа дейін жүргізілмей отыр. Энергия пайдалану тарифтерді бірте-бірте көтеруге қарамастан, энергия үнемдеудің жергілікті айрықшылығын, сондай-ақ нормативтік құралдарды жете білмеу сезіледі (әсіресе ірі қалаларда өткір сезіледі).

Заңнамалық және нормативтік негіз, ұйымдық құрылым

Қазақстандағы энергетика саясатына жауапты негізгі мемлекеттік құрылым Энергетика және минералды ресурстар министрлігі болып табылады. Министрліктің қарауына дәстүрлі де, сондай-ақ баламалы да көздерден алынатын энергия ресурстарын басқару, олардың қауіпсіздігі мен сақтау мәселелері жатады, сондай-ақ энергетикалық кешен "Қазмұнайгаз" (ҚМТ)-ең кемі өнімді бөлу туралы барлық келісімдер бойынша өндірудің жартысына иелік ететін мемлекеттік мұнай газ компаниясы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі экологиялық таза энергия көздерін насихаттауға,

Экологиялық салдарлар мен қоршаған ортаны қорғау мәселелерін энергетикалық саясатқа енгізуге жауапты.

Энергияны ұтымды пайдалану мәселелерін мемлекеттің заңнамалық негізіне енгізу мақсатымен, 1997 жылы «Энергия үнемдеу туралы» Заң қабылданды. Заңда бірқатар басымдықтар мен ынталандырулар белгіленеді, алайда іске асырудың әлсіз тетіктері мен айқын белгіленген мақсаттардың болмауы оны пәрменді қолдануға бөгет жасайды. Соның салдарынан, осы салада жаңа заңнамалық актілердің жасалуы күтілуде. Екінші жағынан, бірнеше бастама жергілікті деңгейде ойдағыдай жүргізілді. Бұған мысал ретінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, тәжірибелік жобалар арқылы энергияны ұтымды пайдалану мен сақтау бағдарламаларын насихаттауға арналған энергиятиімділік орталықтарын құруын келтіруге болады. Осы мақсаттар үшін энергиясервистік компаниялар (7.1 Ендірмені қараңыз), құрылыстардың экологиялық талаптарға сәйкестігін сертификаттау, сондай-ақ энергияүнемдеудің жаңа технологияларын енгізу ұйымдастырылуда. Соған қарамастан, энергияны тиімді пайдалануға қатысты жалпы мемлекеттік бағдарламаның және мәселен, жаңа құрылыстарға қолданылатын, міндетті нормативтері бар ойластырылған заңнамалық негіздің жоқтығы сезіледі.

Ал енді энергетикалық сектор туралы айтатын болсақ, Қазақстан Тәуелсіздік алғалы бері электр энергиясын реформалау үшін маңызды бірқатар қадамдар жасалды. 1996 жылы электрэнергетикалық саланы жекешелендіру мен қайта құрылымдау жөнінде мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстандық Компанияның (KEGOC) қарауында электр тарататын (бөлетін) желі бар. 2000 жылы электр энергиясын орталықтандырған сатуды бақылау мақсатымен рыноктың жаңа операторы – «Электр энергиясы мен қуаты рыногының Қазақстандық операторы» құрылды.

Қазақстандағы электр станцияларының көпшілігі жекешелендірілсе де, бөлу (тарату) желілерінің үлкен бөлігі KEGOC бақылауына жатады. KEGOC бірнеше жеке компанияға басқару құқын берді. Алайда бұл ретте АҚ жоғары кернеудегі электр беру желілеріне, қосалқы станциялар мен орталық инженерлік-техникалық қызметке бақылауын сақтайды. Бұл орайда, биліктер энергия желісін жекешелендіруді әрмен қарай жалғастыруды жоспарлап отыр. 2004 жылғы «Электрэнергетика туралы» Заң және 1998 жылғы «Монополиялар туралы Заң» осы үрдіске септігін тигізетін маңызды заңнамалық құралдар.

Жалпы, қолданыстағы заңдарды орындау зәру және шешілмеген мәселе болып қалуда.

Энергия ресурстарына бағалар белгілеу (қалыптастыру) және экономикалық құралдар; олардың қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты дамуды ынталандырудағы маңызы.

Электрге белгіленетін тарифтер ЭБЖ берудің құнын өндіруші алатын, KEGOC-қа және/немесе тиісті аймақтық кәсіпорындарға төленетін бағаға, сондай-ақ бөлуге белгіленетін тарифке байланысты болады.

2007 жылы тұтынушыларға арналған ақырғы тариф (бір отбасына есептегенде) 4,9-дан 6,1 тенге/кВт.с-ға дейін ауытқып отырды (от 0,04 до 0.05 ам. доллар/кВт.с). Өндірушілердің тарифтері реттелмейтін рынок арқылы белгіленеді. Электр энергиясын беру тарифтерін

KEGOC белгілейді, бірақ оларды табиғи монополияларды реттеу жөніндегі Агенттік (ТМРА) алдын-ала бекітуі тиіс. Кемсітушілікті (алалауды) болдырмау және бүкіл халыққа электрмен жабдықтау қызметтеріне қолжетімдікті кепілдеу үшін ТМРА-ға жалпы өкілеттіктер берілген. Бөлуге арналған тарифтерді өнеркәсіп министрлігінің бөлімшесі-бәсекені қорғау жөніндегі комитет бақылайды. Бөлетін ұйымдар электр беру желісін бақылайтын не жалпы мемлекеттік (< 220 кВ) кәсіпорындармен жасалатын келісімдерге қол қояды, жеткізуші ұйымдардан электр энергиясын сатып алады және оны тұтынушыларға сатады. Жоғары вольтті электр беру жүйесіне қосылған ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндірушілермен тікелей келісімшарттарға қол қою мүмкіндігі бар.

Халықтың табысы аз жіктерін электр энергиясымен сәйкес жабдықтауды қамтамасыз ету және өндірістік секторды шаруашылық жағынан қалпына келтіруге сеп болу үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайлар күрделі болып есептелгендіктен, үкімет электр энергиясына белгіленетін тарифтерді қатаң бақылауға алады. Алайда мұндай саясат электр станциялары мен инфрақұрылымды жаңартуға көмектесетін күрделі қаржы жұмсалымдарының түсіміне кедергі жасайды. Қуат көздеріне белгіленген төмен бағалар Қазақстанда электр энергиясын ұтымды пайдалану үшін күрделі бөгет болып табылады, өйткені кемітілген (төмен) бағалар тұтынушыны энергияны үнемдеуге және өндірушіні-тиімді де экологиялық таза технологияларға жұмсайтын шығындарға ынталандырмайды. Бірақ үкімет қазба отын түрлерінің өндіріске субсидия (жәрдем ақша) беруін тоқтатты (Жамбыл газ электрстанциясымен байланысты кәсіпорындарды субсидиялау қазір кезек бойынша қысқартылуда).

Жедел экономикалық өсу мен халықтың өсе түскен нақты табысын ескергенде, қуат көздеріне бағаларды көтеру қажеттілігі барған сайын жиі мойындалуда. Шын мәнінде, кейінгі жылдарда электрге белгіленетін бағалар біршама өсті және болжамдар бойынша 2015 жылға қарай америкалық 7-8 цент деңгейіне жетеді. Бұдан бөлек, жуырда жылу тарифтері де көтерілді. Мәселен, Алматыда жылумен жабдықтауға иелік ететін үш кәсіпорынға 2006 жылғы қаңтардан 2007 жылдың қыркүйегіне дейін тарифтерді шамамен 10%-ға өсірудің сәті түсті.

7.5 Қорытындылар мен ұсыныстар

Өткен онжылдықтың ішінде үкімет стратегиялық мәндегі құжаттар, сондай-ақ жаңғыртылатын энергия көздеріне, энергияны ұтымды пайдалану мен энергия өндірудің және энергия пайдаланудың экологиялық салдарына қатысты жаңа құқықтық нормалар әзірледі. Мәселен, 2007-2024 жылдар арасында тұрақты дамуға өту тұжырымдамасында және оның 2024 жылға дейін тұрақты даму жағдайларында энергияны ұтымды пайдалану мен жаңғыртылатын энергия көздерін дамыту тұжырымдамасының жобаларындағы энергетикаға қолдануға жарамды ережелерін әрмен қарай нақтылауда, энергетика саясатының негізгі мәселелері ашық көрінеді. Сондай-ақ жергілікті деңгейде тұрақты даму саясатымен байланысты энергетика мәселері назар аударуды қажетсінеді.

Болжамдар бойынша экономиканың өсуі әрі қарай жалғасатын болғандықтан, жылу мен энергия өндіру де сондай-ақ ұлғаятын болады. Мәселен, құрамдас циклдегі электр станциялары сияқты қолда бар ең озық технологияларды ескеріп, жаңа, анағұрлым экологиялық таза және тиімді энергия технологияларын енгізу арқылы энергия өндірісін жетілдіруге болады. Беру және бөлу желісі де сондай-ақ қосымша ресурстарды қажетсінеді.

7.1: Ұсыныс:

Қоршаған ортаны қорғау министрлігі ластаушы заттардың шығарындыларын азайту және мониторингі: мен бақылау үшін жабдықты жетілдіру мақсатында, электр станцияларына анағұрлым қатаң экологиялық талаптар белгілеуі тиіс.

Анағұрлым экологиялық таза энергия технологияларына күрделі қаржы жұмсалымдары қажет. Ол үшін тиісті қаржылай қаражаттар мен білікті кадрлар қажет. Осы мағынада әсіресе Киото

хаттамасының т.ж. икемді тетіктері өте пайдалы болуы мүмкін: экологиялық дамудың таза механизмі мен СО₂. Бұлар инвесторларды тартуға септігін тигізеді және ғылыми-техникалық тәжірибе мен технологиялар берудің арқасында ішкі ресурстарды жұмылдырады. Хаттаманың таяу уақытта болуы тиіс ратификациясын ескергенде, СО₂ үшін бірнеше жобалық ұсыныстар дайындалып та қойды.

4 тараудағы 4.3 ұсынысты қараңыз.

Қазақстан экономикасы үшін жоғары энергия сыйымдылығы мен оның экологиялық салдарлары, әсіресе төмен сапалы көмірге байланысты атмосфераға шығарындылар негізгі кемшіліктер болып табылады. Энергияны әлдеқайда ұтымды пайдалану, энергия үнемдеу мен энергия ысыраптарын азайту, сондай-ақ энергетикалық кешеннің қоршаған ортаға тигізетін әсерлерін барынша төмендету жөніндегі шаралар үшін елеулі мүмкіндіктер бар. Алайда әзірленген стратегиялар мен заңнама іске асырудың сәйкес тетігінде өзінің нақты қолданылуын табуы тиіс. Мақсаттық көрсеткіштерге жету тиімді құралдар мен қажетті жоспарлаудың, сондай-ақ белгіленген шаралардың орындалуы мониторингінің көмегімен қамтамасыз етілуі керек. Мәселен, энергиясервистік компаниялардың белсендірек қатынасуымен энергияны анағұрлым ұтымды пайдалануға қол жеткізуге болар еді. Бұдан бөлек, бағдарлық (салалық) министрліктер үшін халықаралық ұйымдардың ұзақ мерзімді ынтымақтастық үдерісінде жинақталған ғылыми-техникалық тәжірибе мен білім өте пайдалы болар еді. Елдің ең алдымен, гидроэнергетика, жел және күн энергетикасы сияқты көздерді пайдаланудың орасан үлкен әлеуетіне ие екеніне қарамастан, Қазақстанда жаңғыртылатын энергия көздері осал дамыған. Энергетиканың осы салаларын дамыту және ілгерілету үшін пәрменді заңнамалық база мен ынталандыруға және көтермелеуге қатысты айқын жүйе қажет. Жобаларды жеделдету үшін нормативтік құжаттар мен арнайы бағдарламалардың тапшылығы сезіледі (мәселен банк секторының қатысуымен нысандар құрылысын тікелей қаржыландыру немесе қаржыландырудың басқа механизмдері сұранысты ынталандырар еді).

Жаңғыртылатын энергия көздеріне (мәселен, күн энергиясы) сұранысты лайықты ынталандыратын қаржыландыру тетіктерін қолданумен бірге пайдаланатын өндіріс қуаттарын жасау шығындарды едәуір азайтар еді, әрі сол арқылы бүкіл елдің энергетикасында жаңғыртылатын энергия көздерінің үлесін ұлғайтуға және СО₂ шығарындыларын сәйкес азайтуға қол жеткізуге септігін тигізеді.

Бұдан бөлек, энергия үнемдеу технологиялары саласында ғылыми-техникалық даярлықты күшейткен лазым, оған ЭСКО-ны дамыту жолымен қол жеткізуге болады. Осындай түрдегі қаражаттар мен бағдарламалар жаңғыртылатын және дәстүрлі энергия көздерінің арасында бәсеке жасай алады, әсіресе негізгі электр желісіне қосылмаған және дәстүрлі энергия көздерінен жеткізушілердің электр беруге мүмкіндігі жоқ түпкірдегі шалғай мекендерде.

7.2: Ұсыныс:

Өндірістің анағұрлым тұрақты параметрлеріне жақындау және энергияны пайдалану үшін:

(а) *Үкімет:*

- *2024 жылға дейін тұрақты даму мәнмәтіні бойынша энергияны ұтымды пайдалану, энергия үнемдеу және баламалы энергия көздерін дамыту тұжырымдамасының Жобасын және өз мақсаттарына жету үшін жаңғыртылатын энергия көздері жөнінде коммерциялық іске асырылатын сертификаттар сияқты тиісті заңнамалық құжаттарды әзірлеуі;*
- *Энергияны ұтымды пайдалану және энергия үнемдеу жөнінде шұғыл түрде шаралар әзірлеуі және соларды іске асыруы, сондай-ақ электр-және жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу мен тұтыну бағдарламаларын жасауы;*
- *Энергиясервистік компаниялардың жұмысы үшін қолайлы орта қалыптастыруы;*

- *Өндірушілер мен тұтынушылардың арасында нәтижелі түсіндірмелік және ақпараттық жұмыс жүргізуі керек.*

(б) Энергетика және минералды ресурстар Министрлігі мен Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі негізгі электр желісіне қосылмаған, шалғай аудандарда орналасқан, жаңғыртылатын энергия көздерін пайдаланатын оқшауланған жүйелерді қоса есептегенде, жаңғыртылатын энергия көздерінің жобаларын іс-әрекетке қабылетті ететін механизмдер мен ынталандыруларды әзірлеулері керек.

Қуат көздеріне белгіленген төмен тарифтер жоғарыда аталған шараларды қабылдау үшін осы уақытқа дейін елеулі кедергі болуда, өйткені олар энергетиканы ұтымды пайдалану мен экологиялық жабдыққа инвестициялар жасауға септігін тигізбейді. Күрделі қаржы жұмсалымдарының түсімі үшін қуат көздеріне анағұрлым жоғары тарифтер белгілеу керек.

Тарифтерді көтеру энергия компанияларының табыстарын көбейтер еді де, сол арқылы қосымша қаржылай қаражаттарды босатады, осы қаражаттарды электр станциялары мен инфрақұрылымды қайта құруға, сондай-ақ өндірістің қуаты мен тиімділігін арттыруға пайдалануға болады.

Тарифтерді көтеру қажеттілігі үкіметке де, сондай-ақ энергия компанияларына да түсінікті. Үкіметтің мұны қалай жасайтыны және жалпы жасау-жасамауы туралы мәселе ашық күйінде қалып отыр. Бөлетін ұйымдар мен жеткізушілердің арасында рыноктың қағидаттары мен бәсекені қолдану қажетті қозғау солар еді. Қалай болғанда да осындай өзгерістердің қажеттілігі туралы ақпаратты өндірушілер мен тұтынушыларға алдын-ала жеткізу керек, сол арқылы оларға жаңа жағдайларға бейімделуге мүмкіндік беріледі. Қуат көздеріне тарифтерді айтарлықтай көтеру, шамасы, халықтың табысы аз жіктеріне мақсаттық көмек көрсетумен қатар жүрсе керек.

7.3: Ұсыныс:

Үкімет:

- *Өндірістің шығындарын өтеуді қамтамасыз ететін және энергия тұтынуды азайтуды ынталандыратын тиісті мөлшерлерде қуат көздеріне тарифтер белгілеуге жәрдемдесуі;*
- *Халықтың ең қауқарсыз топтарын электрмен жабдықтау үшін мақсатты әлеуметтік шаралар әзірлеуі керек..*

8 Тарау

МИНЕРАЛДЫ РЕСУРСТАРДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА

8.1 Елдің өндіруші өнеркәсібінің шолуы

Қазақстан металды және бейметалды ресурстармен қатар жерасты қазба отын қорларына ие. Елдің индустриалық секторының басым бөлігі осы ресурстарды өндіріп-өңдеумен айналысады. Қоршаған ортаны қорғау шараларын қарастырған алғашқы шолу 2000-жылы жасалғаннан бері ел экономикасы негізінен мұнай, минералдар және басқа да шикі өнімдер өндірісі мен экспорты көлемінің ұлғаюы арқасында қарқынды дамыды. Дүниежүзілік сұраныс өсіп, өнімдер бағасы шарықтап кеткеннен кейін табиғи ресурстар өндірісінен түсетін табыс деңгейі де күрт көтерілді. Әйтсе де, мұнай мен газ өндіруден түсетін табыстың Қазақстан экономикасындағы рөлі зор болғанымен, 2004-ші жылғы көрсеткіш бойынша, кен өндіру секторының жалпы ішкі өнімдегі (ЖІӨ) үлесі шамамен 15-ақ пайызды құраған. Ел өндірісі тұрғысынан алғанда, шикі өндіріс секторы жалпы өндіріс өнімінің жартысын шығарып, саладағы жұмыс орындарының 20 пайызын қамтамасыз етеді. Бұрынғы Кеңес Одағына кірген мемлекеттер ішінен Қазақстан шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) ЖІӨ-дегі үлесі бойынша бірінші орында болса, ШТИ-дың жан басына шаққандағы деңгейі бойынша екінші орынға ие. ШТИ-ға бизнес ортасының жақсарып, экономикалық реформалардың іске асырылуы және макроэкономиканың тұрақталғаны жағымды әсер етеді. 2003-2006 жылдар аралығында ШТИ-дан түскен жалпы қаржының 40 пайызға жуығы мұнай мен табиғи газ секторына құйылды. Минералдық өнімдер экспорты жалпы өнімдер экспорты көлемінің 75 пайызын құрады.

Металдар және минералдарды өндіру

Қазақстан минералдық ресурстарға бай. Мұнда хром, ванадий, висмут, фтордың ең үлкен қорлары ғана емес, сонымен қатар боксит, көмір, мыс, темір және цинк мол шоғырланған. Қазақстан алюминий, мыс, темір, қорғасын, цинк, вольфрам, молибден, бор қышқылының тұздары, фосфорит, калий және кадмийдің ең ірі өндірушісі болып табылады (8.1 Кесте). Алтын қорларының көлемі бойынша Қазақстан Шығыс Европа, Кавказ және Орталық Азия елдері ішінен үшінші орынға ие. Алтын өндіру саласындағы компаниялар мен активтердің басым бөлігі жекешелендірілген. Металл мен металдан жасалған өнімдер экспортының көлемі 2006-шы жылы жалпы өнімдер экспортының алтыдан бірін құрады.

8.1 Кесте Тауарлардың жеке түрлері бойынша өндіру көлемдері, 2002–2005 жылдар

	мың тонна			
	2002	2003	2004	2005
Темір кені	17,68	19,28	20,30	19,47
Мыс кені	36,70	34,89	30,38	34,07
Цинк кені	6,16	6,37	6,33	6,62
Алюминий кені	4,38	4,74	4,71	4,82
Марганец кені	1,84	2,37	2,32	2,23
Хром	2,37	2,93	3,29	3,58

Дерек көзі: Қазақстанның статистикалық жылдық есебі, 2006ж.

Ашық және жерасты шахталары, сондай-ақ, шикізат өңдеу зауыттары түрлі бизнес топтардың иелігіне беріліп, өзара топтастырылған. Саладағы ең ірі кәсіпорындар: «Қазақалтын» тобы, «Қазақхром» АҚ, «Алюминий Қазақстан» АҚ, «Шымкент мұнай өңдеу зауыты», «Балқашмыс» АҚ және «Қазақмыс» корпорациясы.

Минералды отын шығару

Мұнай және газ секторы

Қазақстандағы мұнай қорларының көлемі 9-17,6 миллиард баррель шамасында, ал, газ конденсатының қорлары шамамен 700 миллион тоннаға тең мөлшерде бағаланады. Бұл құрылықтағы және теңіздегі кен орындардың бәрін қоса есептегендегі көрсеткіштер. Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, 2007-ші жылы елдегі мұнай өндірісінің жалпы көлемі 64,8 миллион тонна болды (бұл 2006-шы жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 8 миллион тонна артық). Ал 2007-жылғы газ өндірісі 32 миллиард м³ болған (бұл 2006-шы жылмен салыстырғанда шамамен 4 миллиард м³ көп). Бүгінгі күні Қазақстан әлемдегі ең ірі мұнай өндірушілер тізімінде 18-ші орынға ие. Өндірісі 2015-ші жылы толыққанды басталады деп көзделіп отырған тағы бір жаңа кен орны іске қосылғаннан кейін елдің дүниежүзілік нарықтағы ролі одан сайын артады деп күтілуде. Өндірілген мұнай және газдың басым бөлігі экспортқа шығарылады. Елдің жыл сайынғы ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыруға 3 мұнай өңдеу зауытына тасымалданатын 10 миллион метрикалық тонна шикі мұнай және шетелден әкелінетін мұнай өнімдерінің шағын көлемі жетеді. Мұнай елдің бес аймағында өндіріледі: Ақтөбе, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарында. Қазақстандағы ең ірі мұнай мен газ кен көздері – Теңіз, Қарашығанақ, Қашаған және Құрманғазы кеніштері.

Теңіз кен орны 1979 жылы Атырау облысында ашылды. Ол әлемдегі ең үлкен кен орындарының қатарында 6-шы орында. Осындағы өндірістік қорлар 6 – 9 миллиард баррельге тең деп бағалануда. Ал жуырда өткізілген сейсмикалық зерттеуге сәйкес, бұл көрсеткіш тіпті 9 - 13,5 миллиард баррель шамасында болуы мүмкін. Теңіздегі мұнай өндірісі 1994-ші жылғы 2 миллион тоннадан 2006-шы жылғы 14 миллион тоннаға дейін өсті. Ашылуы 2009-шы жылға көзделіп отырған жаңа мұнай өңдеу орны іске қосылғаннан кейін кен орнындағы мұнай өндірісі екі есе өседі деп күтілуде.

1979-ші жылы ашылған Қарашығанақ кен орны Батыс Қазақстан облысында, Ресей шекарасымен іргелес орналасқан. Мұнда мұнай, газ конденсаты және табиғи газ шоғырланған. Мұнай қорларының көлемі 1,2 миллиард тонна, газ конденсатының қорлары 8,8 миллиард баррель және табиғи газ қорларының көлемі 500 миллиард м³ деп бағалануда. Осы есептеулер жасалған кезде Қарашығанақтың тереңде жатқан геологиялық құрылымдарының кейбірі есепке алынбағандықтан, бұл кен орны болашақта өсуі мүмкін деген болжам бар.

Жуырда ашылған көмірсутек кен орындардың ішінен ең көп үміт күттіретіні – ол теңіз асты Қашаған кен орны. Қашағандағы қорлардың көлемі Теңіздегі қорлардан үш есе көп деген болжам бар, ол Таяу Шығыс өңірінен тыс жатқан мұнай кен орындарының ең үлкені болуы ықтимал. Каспий теңізінің бетінен 4500 метр тереңдіктегі 5000 км²-лік осы көмірсутек блогын игеріп жатқан консорциумның құрамына жеті халықаралық мұнай компаниясы кіреді. Игеру жұмыстары күрт қиындап кетуінің салдарынан, жұмсалып жатқан шығындар көлемі де шамадан тыс ұлғая түсті. 2008-ші жылы өндіріс басталып, мұнай өндіру көлемі күніне 75000 миллиард баррельге жетеді деп күтілгенімен, 2007-ші жылдың ақпан айында өндірістің 2010-шы жылдың үшінші тоқсанына дейін басталмайтыны туралы жарияланды.

Құрманғазы кен орны Қазақстанның Ресей Федерациясымен Каспий теңізіндегі шекарасы бойында орналасқан. 1998-ші жылғы келісім мен 2002-ші жылғы хаттама бойынша, Қазақстан Құрманғазы кен орнын иеленуге құқық алып, Ресей Федерациясы жақын жердегі тағы екі кен орнын өз иелігіне алды. Оның үшеуі де өнімді жартылай бөлу қағидаты бойынша игеріледі. Кен орындарындағы мұнай қорларының көлемі 1 миллиард тоннамен бағаланады. Сондай-ақ, жуық арада Қытаймен шекаралас Шығыс Қазақстан облысында Қарабұлақ және Сарыбұлақ атты екі кен орны табылды.

«Қазмұнайгаз» (ҚМГ) ұлттық компаниясы АҚ – Қазақстанның ұлттық мұнай компаниясы болып табылады. Ол Қазақстандағы ең ірі мұнай өндірушілері қатарында үшінші болып келеді және оған 2000-шы жылдан бері жасалған жобалардың барлығының дерлік бақылау пакеттері тиесілі. Қалғандарындағы меншіктік үлесі әлдеқайда аз. Компания және оның бөлімшелерінде 34 мыңнан аса адам жұмыс істейді. 2005-ші жылы ҚМГ өзінің коммерциялық операцияларынан түскен табысының көлемін 4,8 миллиард доллар деп хабарлады.

Қазақстанда қазіргі және алда жоспарланып отырған мұнай-газ өндірісіне қажет құбырлар жүйесі жетіспейді. Сондықтан да, Қазақстан Атырау-Саранск-Самара құбыры, Каспий Құбыры Консорциумы, Ақтау-Баку-Тбилиси-Жейхан құбыры сияқты жаңа экспорттық маршруттарды дамыту ұйғарылды. Қытайға тікелей мұнай таситын құбыр салынып жатыр.

8.2 Кесте: Қазақстанда мұнай, газ және көмір өндіру, 2002–2005 жж.

	2002	2003	2004	2005
Көмір (мың тонна)	73,7	84,9	86,9	86,6
Мұнай (мың тонна)	42,1	45,4	50,7	50,9
Газ конденсаты (мың тонна)	5,2	6,1	8,0	10,6
Табиғи газ (мың тонна)	14,1	16,6	22,1	25,0

Дерек көзі: Қазақстанның статистикалық жылдық есебі, 2006ж.

Көмір

Қазақстанда Орталық Азиядағы өндіріске қолайлы ең үлкен көмір қорлары шоғырланған. Негізінен антрациттік және тас көмірден тұратын осы қорлардың көлемі 37,5 миллиард тоннаға тең. 2005-ші жылы Қазақстан 86,6 миллион тонна көмір өндірді. Бұл 2002-ші жылмен салыстырғанда 15 пайызға артық. Көмір өндіру көлемі бойынша Қазақстан әлем елдері арасынан сегізінші орында келе жатыр. Елде табылған 40-тан астам көмір депозиті ашылды.

Көмір секторы негізінен елдің солтүстік-шығыс аймағындағы Қарағанды және Екібастұз бассейндерінде шоғырланған (Карта 8.1). Қарағанды бассейні көбіне жоғары сапалы коксті таскөмір өндіретін жерасты көмір шахталарынан құралған. Сондағы күлдің құрамы 10-35 пайызға тең. Бассейн газдың көптігімен ерекшеленіп, кезінде мұнда метан көптеп шығарылған болатын. Елдегі ең ірі көмір өндіруші - «Арселор Миттал» халықаралық металлургиялық компаниясы. «Арселор Миттал» көмірді өзінің болат өндіретін зауытына пайдаланады.

1990-ші жылдан бері Қарағанды бассейніндегі кейбір шахталар жабылып, оларды мемлекеттік «Қарағандыликвидшахт» компаниясы басқаруға алды. Бұл компания жойылған шахталардағы метан қорларының көлемін өлшеп, шахталарды қауіпсіз жабу ісімен және мүмкін болған жағдайда метанды шығарумен белсенді айналысады. Екібастұз бассейні Астанадан солтүстік-батыстағы Павлодар облысында орналасқан. Мұнда Қазақстандағы метанға бай көмірдің ашық карьерлері шоғырланған. Екібастұз бассейнінің еншісіне Қазақстандағы өндірілетін көмірдің ең үлкен үлесі тиеді. Карьерлерді басқаруға алған мемлекеттік компания («Богатырь-Акцесс») елде өндірілетін көмірдің 35 пайызын шығарады. Екібастұз көміріндегі күлдің құрамы жоғары, 35-50 пайыз аралығында болады. Мұндай көмір көбіне үй шаруашылығында және жылу электр станцияларында қолданылады (7-ші бөлімді қараңыз).

Уран

Қазақстан табылған уран қорларының көлемі жағынан әлемде екінші орында тұр. Мұнда дүниежүзіндегі уран ресурстарының 20 пайызы шоғырланған. Қазақстандық қорларды алты аймаққа бөліп топтастыруға болады: Шу-Сарысу, Сырдария, Солтүстік Қазақстан, Каспий теңізі, Балқаш көлі және Іле өзені өңірі. Мемлекет иелігіндегі «Қазатомөнеркәсіп» ядролық холдингтік компаниясы әлемдегі ең ірі уран өндірушілерінің қатарында төртінші орынға ие. 2006-шы жылы Қазақстандағы уран өндірісі 5300 тонна болса, соның 3000 тоннасын «Қазатомөнеркәсіп» өндірген. 2007-жылғы өндіріс көлемі 6937 тоннаға жетуі тиіс.

8.2 Кен өндіру саласы және қоршаған ортаны қорғау

Мұнай және газ саласы

Соңғы кезде кейбір оңтайлы өзгерістердің болғанына қарамастан, мұнай мен газ өндіру кезіндегі ластану әлі де орын алып келеді. Көмірсутек кен орындарын барлау мен игеру кезінде 500-800 метр радиустағы өсімдік жамылғының 70-80 пайызы жойылады. Мұнай өндіру үдерісі кезінде атмосфераға шығарылатын қалдықтар мен төгілетін мұнай ең үлкен залал келтіреді (8.1 қосымшаны қараңыз). Қоршаған орта мен адам денсаулығына қатысты ең басты проблемалардың бірі - мұнай өндіру кезінде ілеспелі газдың көптеп бөлініп шығуы. Қазақстанда жылына 800 миллион текше метрден астам ілеспелі газ жанып шығады. Мұнайдың төгілуіне тотығу, құрылыс және монтаж жұмыстары кезіндегі ақаулар себеп болады. Оның үстіне қазақстандық ішкі тасымал құбырларының ешқайсысында мұнай төгілу апатының алдын алатын сенімді төтенше жағдай жүйесі жоқ. Өндіру, жинау, сақтау, тасымалдау және өңдеу процестерінің түрлі сатыларында кеткен шығынды есептеу жүйелері де ресурстар тиімділігіне қатысты қазіргі заманғы талаптарға сай емес. Есептеулерге сәйкес, жыл сайын мұнай кен орындары орналасқан және мұнай құбырлары тартылған аймақтардың 1 шаршы шақырымына шаққанда 0,02 тонна мұнай сыртқа ағып кетеді. Қазақстанның мұнай және газ саласындағы экологиялық проблемалардың ең бастылары мыналар:

- Құрамында қоршаған орта мен адам денсаулығына зиянды күкіртті газ, күкірт қостотығы, күкіртті көміртегі және басқа да сульфидтер мен қоскүкіртті қоспалар бар айтарлықтай тереңдікте жатқан «тұзасты» шөгінділердің (яғни тұз қабаттарының) (Қарашығанақ, Жаңажол, Теңіз және өзге де кен орындары) игерілуі;
- Сусыздандыру және минералсыздандыру кезінде бөлінетін ілеспелі сулар, газдар, ең соңғы (хвостовые) және өзге қалдықтар, сондай-ақ миллиондаған күкіртті қалдық үйінділері құрамында болатын техникалық және технологиялық қалдықтардың көп көлемде шығарылуы;
- Шикі мұнайдың Қаспий теңізі бассейнінде өндірілуі. Су асты бұрғылау жұмыстарының жүргізілуі апаттарға соқтырып (күкіртті көміртегінің ауаға шығып кетуі және мұнайдың төгіліп кетуі сияқты жағдайлар), теңізге, теңіз жағасына орасан зор нұқсан келтіріп, аймақтың тірі организмдерін едәір уландыруы мүмкін.

2000-ші жылы мұнай саласындағы игеру жұмыстарына Маңғыстау облысының 2300 га жері берілді. Соның 134 гектарында ғана сауықтыру шаралары қолға алынған. Өндірістік қолданысқа берілген жердің басым бөлігі «Теңізшевройл» компаниясына тиесілі «Күлсарымұнай» және «Прорваннефть» кен орындарының үлесіне тиеді. Жер ластануының басты көздері мынадай:

- Тасымалдау, бұрғылау және құрылыс кезінде аса қуатты және зардап келтіруі мүмкін ескі қондырғылар мен құрал-жабдықтардың пайдаланылуы;
- Шикізат тасымалына арналған тасымалдау жүйесінің үнемі жалғанып, кеңейтіліп отыруы;
- Мұнай кен орындарында қолданылатын қондырғылар және тасымал құралдарының талапқа сай еместігі;
- Мұнай және бұрғылаудан қалған шөгіндінің жиналуы, соның өңделуі және кәдеге жаратылуы;
- Күкіртті сутегілік қышқылдың шикізат құрамындағы жоғары деңгейі;
- Мұнайдың төгілуі ;
- Су қоймаларының және жер асты суларының қалдықтармен және дизель отынымен ластанып отыратыны.

8.1 Карта: Негізгі кен орындары



Ескерту: Картада көрсетілген шекаралар мен атаулар ресми түрде танылмауы және БҰҰ тарапынан бекітілмеуі мүмкін.

Дерек көзі: Қазақстандағы қоршаған ортаны қорғау шараларына шолу, 2000ж.

8.1 Ендіріме: Қашаған теңіз мұнай кеніші (Каспий теңізінің солтүстік бөлігі)

2000-шы жылы ашылған Қашаған мұнай кен орны Атырау қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 80 шақырым қашықтықта орналасқан. Ол Каспий теңізінің тайызсулы аймағының 1800 шаршы шақырым жерін қамтиды. Қазіргі есептеулерге сәйкес, Қашағандағы 38 миллиард баррель мұнайдың 9-13 миллиард баррелін жер бетіне шығаруға болады. Мұнай 4000-5000 метр тереңдікте 600 бар қысым жағдайында жатыр. Оның құрамындағы қышқыл газ деңгейі жоғары болып келеді (20% күкіртсутек қышқылы). Қашағанды Аджип ККО компаниясы игеріп жатыр. Алғашқы ұңғыма 2006-шы жылы іске қосылды. Мұнай қолдан жасалған бұрғылау аралдарынан теңіздің түбі бойымен жалғанған құбырлар арқылы Атырау қаласының жанында құрылып жатқан «Болашақ» өңдеу зауытына тасымалданады. Құрылысы аяқталғаннан кейін аталмыш зауыт күніне көп дегенде 300 мың баррель мұнай өңдей алатын болады. Күкіртсутек қышқылы қайтадан жер асты резервуарға айдалады деп жоспарланғанымен, күкірттің ашық түрде сақталу мүмкіндігі де қарастырылуда. Бұл туралы келіссөздер қазір үкіметпен жүргізіліп жатыр.

Теңіз суының таяздығы, су бетіне қыста мұз қататыны, дауылды ауа-райының қолайсыздығы және қоршаған ортаға төнетін қатері себебінен Қашаған аса қиын жоба болып саналады. Айналасы жермен қоршалғандықтан, Каспий теңізі ашық мұхитпен салыстырғанда экологиялық зардаптарға аса сезімтал келеді. Көптеген шағын аралдар салып, мұнай өндіріп-өңдеуді көздейтін Қашаған жобасы Каспий теңізі және оның айналасындағы қоршаған ортаға өте үлкен қауіп төндіреді. Аджип ККО компаниясы мұнай өндірісінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтау мақсатында жобаның алғашқы кезеңінен бастап ортаның ластануы және биоресурстар мониторингін жүргізіп келеді. Компания, сондай-ақ, мұнай сыртқа ағылып кеткен жағдайда апаттың салдарын жоюға бағытталған арнайы жоспар дайындады. Дегенмен, үлкен көлемді апаттың салдары тым ауыр болатыны себепті компанияға сырттан көрсетілетін төтенше көмек қажет болады. Каспий теңізіне қатысты жуырда жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес, қоршаған ортаның ластануы өсімдік өнімдері мен тірі организмдердің ұдайы өндірілуін тежеп, бекіре тұқымдас популяциясының күрт азаюына тікелей әкеп соқтырды. Сондай-ақ, Каспий итбалықтары ластанушы заттарға үнемі душар болғандықтан, олардың иммунитет жүйелері қатты әлсіреген. 90-шы жылдардың басынан бері Каспийдегі итбалықтардың жалпы саны 80 пайызға қысқарды.

Дерек көзі: <http://www.parstimes.com/caspian/>



Теңіз мұнай кенішіндегі күкірт және факел блоктары

Қазақстандағы мұнай өндірісінің ең маңызды қосымша ілемелі өнімі – күкірт. Күкіртті көптеген өндіріс салаларында пайдаланады. Ол түрлі құрамда шикі мұнайда да, табиғи газда да бар. Қазақстан дүниежүзі бойынша өндірілетін күкірттің 4 пайызын шығарады. Күкірт өндірісін басқару мәселесін Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі де, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі де ең маңызды мәселелердің бірі деп қарастырады. Қазақстанның классификациясына сәйкес, күкірт қауіпті емес қалдықтар қатарына жатқызылады. Осы қалдықтарды шығаратын кәсіпорындар экологиялық төлемдер жасаулары тиіс.

2003-2006 жылдар аралығында Қазақстанда жұмыс істейтін мұнай компанияларының өтініші бойынша, Қазақстанның Мұнай және газ министрлігі күкіртті кәдеге жарату, оның ұзақ

мерзімді сақталуы және қоршаған ортаға тигізетін әсері мәселелеріне арнап бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Онда жасалған болжамдарға сәйкес, ұзақ мерзімде күкірт өндірісінің деңгейі сұраныс деңгейінен асып кетіп (Қазақстанда және шетелде), күкірт қалдықтары көлемінің ұлғаюы проблемасы ушығып кетеді. Зерттеу есептеулерінше, 2020-жылға қарай екі ең ірі мұнай компаниясына (Аджип және Теңізшевройл) тиесілі күкірт қалдықтарының жалпы көлемі 35 миллион тоннадан асып кетеді. Ұзақ мерзім бойы ашық түрде сақталған осындай көп көлемдегі күкірт қоршаған ортаға айтарлықтай әсерін тигізеді. Бұл мұнай компаниялары тарапынан күкіртке қатысты басқару стратегияларын дамыту қажеттілігін көрсетіп отыр (8.2 Қосымша).

8. 2 Ендіріме: «Теңізшевройл» компаниясының күкіртті кәдеге жарату жөніндегі стратегиясы

«Теңізшевройл» (ТШО) Каспий теңізі жағалауынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан аса көлемді «Теңіз» кен орны мен соның қасындағы Королев мұнай кен орнының есебінен күніне 300 мың баррель мұнай шығаратын Қазақстандағы ең ірі мұнай компаниялардың бірі. ТШО өндіретін шикі мұнайдың құрамында 14 пайыз сутек сульфидтен құралған «қышқыл газ» бар. Мұнай ұдайы күкірттен тазартылып отырады да, өндіріліп шығатын күкірттің көлемі жылына 1,6 миллион тоннаны құрайды. ТШО қазір өзінің мұнай өндіру қуатын арттырып, кеңейту шараларын қолға алды. «Екінші толқын жобасы» деп аталатын бастамасы аяқталғаннан кейін компаниядағы мұнай өндірісі көлемі күніне 500 мың баррельге дейін жетеді деп көзделіп отыр. Сонымен қатар, күкірт өндірісі де өсіп, жылына 2,4 миллион тонна құрайтын болады. Қазірдің өзінде ТШО-да күкірттің шамамен 9 миллион тоннасы жинақталған. Бұл қорлар монолитті қатты блок түрінде арнайы құрастырылған алаңдарда сақталады. Пайдаланылу нысанына қарай күкірт блоктары ерітіліп, үлпектер немесе түйіршіктер түрінде теміржол арқылы тасымалданады. Күкірт нарығы циклдік заңға бағынатындықтан, соңғы бірнеше жыл бойы оған деген сұраныс өндіріс көлемінен кем болған. Осыған және күкіртті қауіпсіз тасымалдау қиыншылықтарына байланысты ТШО-да күкірт аса көп көлемде жинақталып қалған. «Теңіз» кен орнын Қара теңіздегі Новороссийск портымен байланыстыратын Каспий мұнай құбыры 2001-жылы іске қосылғанға дейін ТШО шикі мұнайдың бір бөлігін теміржолмен тасымалдаған болатын. Мұнай құбырының өткізу мүмкіншілігі артқан сайын теміржол арқылы мұнайды емес, күкіртті тасымалдауға мүмкіндік туды.

Күкірт сату көлемі ұлғайғандықтан, 2006-шы жылы қоймадағы күкірт көлемі 2000-шы жылмен салыстырғанда 88,000 тоннаға азайды. Компанияның болжауынша, 2008-ші жылға дейін күкірттің бір жылғы сатылу көлемі 3 миллион тонна болмақ. Өндірістегі күкірт жетпей қалған жағдайда ТШО қоймада сақталып жатқан артық күкіртті пайдалана алады. Әйтсе де, ұзақ мерзімде компания күкіртті өзгеше пайдалануды көздеп отыр. Жоспарға сәйкес, өндіріс тәсілінің жетілдірілуі арқасында мұнайдан бөлініп шыққан қышқыл газ қайтадан жерасты қабатындағы резервуарға айдалады. ТШО Қазақстан және Америка Құрама Штаттары арасындағы келісімге сүйеніп, күкіртпен жұмыс істеудің халықаралық стандарттары мен ережелеріне бағынады. Компания Американдық өнеркәсіптік гигиена ассоциациясының талаптары мен ережелеріне сай өндіріс орындарындағы ауаның сапасын үнемі бақылап отырады. Топырақ пен су Мәскеу мемлекеттік университеті мамандары ұсынған тәсілдердің көмегімен тұрақты түрде сынақтан өткізіледі. ТШО-ның айтуынша, күкірттің сатылу деңгейі өндіріс деңгейінен кем болғандықтан, компания күкірт өндірудің жылдық көлемін 3 миллион тоннаға дейін арттыруды көздеп отыр. Алайда үкіметтің пікірінше, ТШО 9 миллион тонна күкірт жинақталып үлгерген қойма-алаңдарды тез арада азайту үшін бар мүмкіндікті пайдаланбай отыр. ТШО мен Қоршаған орта министрлігі бірлесіп құрған арнайы кеңес тобы күкіртті ашық күйінде сақтаудың қоршаған ортаға тигізетін әсерін зерттейтін жұмысты қолға алды.

Дерек көзі: Теңізшевройл (ТШО), 2007ж.

Каспий теңізінің қазақстандық бөлігіндегі тағы бір үлкен проблема – ол мұнай мен газ операциялары салдарынан радиоактивті ластанудың пайда болуы (мұнай құрамында уран сияқты радиоактивті элементтер бар):

- 2006-жылдың ортасында Маңғыстау облысында «Қазмұнайгаз» (ҚМГ) қалдырған төменрадиоактивті қалдықтардың бірнеше жыл бойы жинақталып қалған көлемі 13 мың тоннаны құрады. ҚМГ-ның мұнай саласында жүргізген жұмыстарының салдарынан облыста 3000 текше метр сұйық радиоактивті қалдық, 7000 тонна қатты радиоактивті қалдық, соның ішінде 1,5 тонна радиоактивті металл қалдықтары жиналды. Ионданатын радиацияның пайдаланылып біткен көздері су астындағы арнайы қоймада сақталады. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қалдырған радиоактивті қалдықтың мөлшері бүгінгі күні 1500 тоннаны құрайды. Соның 300 тоннасы 2006-жылдың бірінші жартысында шығарылды.

- Атырау облысында 275 мұнай кен орнының радионуклидпен (уран, радий, торий) зақымдалғаны анықталды. Мұндағы басты проблема - мұнай жатқан жер қабатындағы судың зақымдалуы (осындай жер қабаттарының астында мұнай, су және газ аралас). Каспий теңізі

өңіріндегі Атырау мен Маңғыстау облыстарында жабулы тұрған ескі ұңғымалардағы мұнай сыртқа төгіліп кетіп, құрамындағы радионуклидтер, фенол және мұнай өнімдері жерасты суларын лаптап, Каспий теңізінің қоршаған ортасына үлкен қауіп төндіреді.

Көмір өндіру саласы

Көмір шахталарындағы метан Қазақстанға тән ең ауыр экологиялық және қауіпсіздік проблемаларының бірі болып табылады. Елдегі көмір шахталарында метан құрамының деңгейі айтарлықтай жоғары. 2005-ші жылы Қазақстанда ауаға бөлініп шыққан метан мөлшері көмірқышқыл газдың (CO₂) 6,7 миллион тоннасымен шамалас еді. Бұл, демек, дүниежүзі елдерінің көрсеткіштерімен салыстырғанда 13-ші орынмен бірдей. Болжамдарға сәйкес, метан эмиссиялары 2015-ші жылға дейін сәл төмендеуі тиіс. Шахтадағы метанның басым бөлігі (50 пайыздан көбі) сыртқы, яғни жер бетіне ең жақын жатқан қабаттарда шоғырланған. Содан кейінгі кезекте жерасты шахталарындағы вентиляциялық жүйелер тұр. Мұнда метанның 40 пайыздайы шоғырланған.

Қазақстандық көмір аса газды келетіндіктен, жарылысты болдырмай, жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шахталарды алдын ала газдан тазалап, вентиляциялау керек. Қарағанды бассейніндегі жерасты шахталарын газсыздандыру мақсатында арнайы ұңғымаларды бұрғылау әдісі кең тараған. Дегенмен, метанды кәдеге жарату дәрежесі өте төмен. Жылына 12 миллион текше метр метан (бұл 171000 тонна CO₂-мен бірдей) ғана өндіріліп, оның бәрі шахталарды жылытатын 3-4 бойлер қондырғыларында пайдаланылады. Жердің сыртқы қабатындағы шахталар қатты вентиляцияланады, бірақ вентиляциядан өткен құрамында 1% метан концентрациясы бар ауа әдетте атмосфераға шығарылады. Екібастұз бассейнінде, кәдеге жаратылатын метанның мөлшері тым аз, тіптен жоқтың қасы деуге болады.

Үкімет жабулы тұрған ескі көмір шахталарындағы метанды энергия өндіруге жұмсауды жоспарлауда. 2004-ші жылы Қарағанды көмір бассейнінің Талдықұдық ауданындағы ескі көмір шахталарында метанды барлау және өндіру жұмыстарын жүргізуге тендер жарияланып, сол бойынша келісім-шартқа да қол қойылған болатын. Бұл жоба қазір барлау жүргізу сатысында жүзеге асырылып келеді. 2003-жылы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Екібастұз бассейнінде метан өндіруге арналған тағы бір бастамаға қолдау көрсетті. Бүгінгі күні, сондай-ақ, барлау жұмыстарын жүргізіп (соның ішінде сейсмикалық зерттеулер де болуы тиіс), 5-6 сынақ ұңғымасынан тұратын пилоттық жобаны қолға алып, қажетті технологияны анықтап, өндіріске жарамды метан қорларын барланған ресурстар қатарына жатқызып, соларды тіркеуден өткізе алатын ұлттық және халықаралық инвесторларды тарту көзделіп отыр.

Қарағанды бассейнінде жерасты шахталарынан метанды айдап шығару ісі ауыр проблемаға айналды. Соңғы бірнеше жыл бойы метан жарылыстары адам өліміне ұшыратқан. Жергілікті халықтың қауіпсіздігіне қатер төндіретін тағы бір жағдай – ол тұрғын аудандардың бұрын жабылған ескі шахталардың үстіне салынғаны. Шахталар жабылғанымен, солардың ішінде метан бар. 1996-шы жылдан бері аса газды деп есептелетін кем дегенде 14 жерасты шахтасы жабылған болатын. Жарылыс және соның салдарынан шахтаның опырылып құлауы²⁸ сияқты келеңсіз жағдайларды болдырмау мақсатында Қарағанды облысы әкімшілігі мемлекеттік «Қарағандыликвидшахт» компаниясына метан шығару және оны пайдалану мәселесін жүктеді. Осыдан бөлек, көмір қалдықтарының үймелері Қарағанды бассейні аумағының әр тұсына қалдырыла береді. Өздігінен жанатын осы қалдықтар кейде өрттің шығуына себеп болады. Өрт кезінде ауаға CO₂ бөлініп, айналадағы ландшафтқа кері әсерін тигізіп отырады.

Тау-кен өндірісі және металлургия саласы

²⁸ Шахталардың опырылып құлауы қазба және өндіру процесі кезінде пайдаланылатын жерасты камералары, штрек және шурфтардың құлап түсуі салдарынан болады

Тау-кен өндірісі мен металлургиялық кәсіпорындардың іс-әрекеттері салдарынан ауаның ластанып отыруы Қазақстандағы ең үлкен экологиялық проблемалардың бірі. Аса зиянды заттар қатарына күкірттің қостотығы (SO_2), көміртек оксиді, азот оксидтері, күкіртті сутектер, аммиак, көмірсутектер және буланғыш органикалық қоспалар жатады. Оның үстіне, CO_2 -нің айтарлықтай мөлшердегі эмиссиялары бар. Елдегі ең ірі ластаушы кәсіпорын – «Қазақмыс» корпорациясы. «Қазақмыс» елдегі ауа ластаушы эмиссиялардың 69 пайызын шығарады. Ірі ластаушы кәсіпорындар қатарында, сондай-ақ, «Арселор Миттал Теміртау» және «Қазцинк» АҚ бар.

«Қазақмыс» корпорациясы металлургиялық сектордың ауаға бөліп шығаратын SO_2 эмиссиясының 75 пайызына, сондай-ақ, қатты ластаушы заттардың жалпы мөлшерінің 37 пайызына жауапты. «Қазақмыс» кәсіпорындары ауаға шығаратын қатты бөлшек заттардың мөлшері әр түрлі (1000-нан 0,1 микронға дейін) және олардың құрамында ауыр металдар (кадмий, қорғасын, цинк, мыс, хром және т.б.) бар. Тозаң түрінде тарайтын осы заттардың құрамында, сондай-ақ, силикоздың пайда болуына әкеп соқтыратын кремний диоксидінің 20 пайызы бар. Тозаң 10 км-ге дейін тарайды. Санитарлық буферлік зонаның металлургиялық зауыттарға тағайындалған нормасы бойынша, ол 1000м-ден аспауы қажет. «Арселор Миттал Теміртау» металлургия өнеркәсібі тарапынан шығарылатын көміртек диоксидінің 87 пайызын, азот диоксидінің 57,6 пайызын және қатты қалдықтардың 32,5 пайызын ауаға шығарады. Соған қоса, Қазақстанда ферросплавтар өндіретін зауыттар көбіне қалалардың ішінде орналасқан. Бұл өндіріс кезінде ауаға тарап кететін өнеркәсіптік тозаң бірге зиянды заттардың тұрғын аудандарға дейін оңай жетіп, адам денсаулығына зиян келтіруіне әкеп соқтырады. Өнеркәсіптік тозаң құрамында мыс, барий, цинк, никель, кобальт және бериллий сияқты алуан түрлі металдар бар. 2007-ші жылы ферросплав өндірісінен ауаға бөлініп шыққан қатты қалдық заттардың мөлшері ықтимал ең жоғары концентрация деңгейінен асып кетті. Жер шаң-тозаңы концентрациясы ең жоғары ықтимал көрсеткіштен 2-6 есе жоғары. Ауаға бөлінетін өндірістік эмиссияларды бақылау жүйелері металлургиялық нысандардың барлығында дерлік бар болғанымен, олардың көбі ескіріп, ауа сапасының стандартқа сай сақталуын қамтамасыз ете алмайды. Әйтсе де, тау-кен өндірісі және металлургиялық кәсіпорындардың кейбірі соңғы бірнеше жыл ішінде жаңа технологиялар мен алдыңғы қатарлы тәжірибені өндіріске енгізу арқылы өздерінің экологиялық көрсеткіштерін түзете алды. Мысалы, «Қазцинк» өндіріске даниялық технологияны енгізу арқылы және ауыр металдардың қалдық үймелерінен сыртқа бөлінуін тежейтін жаңа сүзгі қондырғысын орнату арқылы SO_2 -ні тиімдірек қайта өңдеуге мүмкіндік алды.

Қазақстандағы өндіріс және өңдеу салаларының ел экономикасы үшін маңыздылығын есепке ала отырып, осы салада жыл сайын жиналып, мөлшері жағынан өсіп келе жатқан қатты қалдықтардың қаншалықты үлкен мәселеге айналғанын түсінуге болады. Жасалған есептеулер бойынша, 2006-шы жылға дейін жиналған түрлі қатты қалдықтардың жалпы мөлшері шамамен 21 миллиард тоннаны құрады. Және де бұл көрсеткіш жыл сайын 1 миллиард тоннаға дейін ұлғайып барады. Қалдықтардың басым бөлігі Қарағанды облысында (29,4%), Шығыс Қазақстан облысында (25,7%) және Қостанай облысында (17,0%) шоғырланған. Осы қалдықтардың түрін қайта өңдеу ісі Қазақстанда жолға қойылмаған. Полиметалдық кен заттардың ең соңғы қалдықтары негізінен Өскемен қаласының маңында жатыр. Қойма шахталарындағы қышқыл судың қашыртқысы нәтижесінде қалдықтардың құрамындағы ауыр металдар жерасты және жербеті сулары мен топыраққа сіңіп кетеді. Сонымен қатар, алтын өндіріс кезінде цианид тәсілінің дұрыс қолданылмауы экологияға және денсаулыққа көп нұқсан келтіруі мүмкін. Мұндай тәсіл Қазақстанда Васильковский кешенінде пайдаланылады.

Уран

Қазақстандағы тау-кен өндірісі саласындағы жұмыс істейтін кәсіпорындар уранды кеңінен тараған жерасты сілтілендіру (ЖС) тәсілін қолданып өндіреді. Бұл тәсілдің көмегімен уранды құм-тас қабатының жұтаң кенінен сілтілеп алуға болады. Әдістің бір артықшылығы - өндіріс

кезінде ең ақырғы қалдықтар шығарылмайтындықтан, жер беті мен топыраққа аса зиян келтірілмейді. Өндіріп алынған уран шөгінділерінен тұратын блоктарды өңдеп, кәдеге жарату керек. Бұл мақсатта арнайы тарату қоры құрылған болатын. 1999-2003ж.ж. аралығында уран өндірісінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін, соның ішінде ЖС тәсілінің экология және адам денсаулығына жасайтын ықпалын анықтайтын егжей-тегжейлі зерттеу жұмысы жүргізілді. Зерттеу нәтижелері үкімет мамандары тарапынан жіті қадағаланып, ЖС тәсілі қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтірмейді деген қорытынды шығарылды. 2004-ші жылы Үлбі металлургиялық зауытындағы («Қазатомөнеркәсіп») қоршаған ортаға байланысты мәселелердің басқарылу жүйесі тексеріліп, ол ISO 14001 стандарттарына сай деп табылды.

Еш бақылауға алынбаған ескі уран қалдықтары Қазақстанның жер-жерінде кездесіп, қоршаған орта, адам денсаулығы мен қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндіреді. Ең көлемді уран қалдықтары Қошқар Ата (8.3 қосымшасын қараңыз) радиациялы қалдықтар қоймасында. Осында 52 миллион тонна радиоактивті қалдық бар. Сондай-ақ, Степногорск және Өскемен қоймаларында сәйкестігіне қарай 50 миллион тонна және 4 миллион радиоактивті материал жатыр.

8.3 Минералды ресурстарды тұрлаулы басқару

Саясат, стратегиялар және институттар

Қазақстан минералдық ресурстар секторындағы саясаттың қатарына экологиялық тұрақтылық мәселелерін енгіземіз деп жариялағанымен, белгілі-бір стратегия ұстанбайды. Елдің экологиялық тұрақтылық тұрғысынан дамуын көздейтін мемлекеттік құжаттар аясына 2001-жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының 2010-шы жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспары» (бұл Қазақстанның 2030-шы жылға дейінгі даму стратегиясын орындаудың екінші кезеңі болып табылады) және 2003-ші жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының 2003-2015ж.ж.-ға арналған инновациялық - индустриялық даму стратегиясы» кіреді (1-бөлімді қараңыз). Орта мерзімде елдің экономикалық өсіміне бұрынғыдай көмірсутек өндірісінің кеңеюі әсер ететін болса да, ұзақ мерзімдегі ең басты қиыншылықтың мұнайдан өзге секторлар бәсекелестігін көтеріп, елдің өндірістік базасын әртараптандыру екені сөзсіз. Бұл мақсатта Қазақстанда «Қазына» тұрақты даму қоры және Қазақстан Республикасының ұлттық қоры құрылды. Олардың басты міндеті - мұнайдан түскен табыстың бір бөлігін экономикалық әртараптандыруға жұмсап, мұнайға қатысы жоқ өзге секторлардың дамуына демеу беру. 2006-шы жылы жарық көрген «2007-2024-ші жылдарға арналған тұрақты дамуға көшу тұжырымдамасы» жоғарыда аталған міндеттердің бәрін құптайды. Минералдық ресурстар секторына тиесілі экологиялық басымдықтар «2004-2015-жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік концепциясы» (2003ж.) және «2005-2007-жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау бағдарламасында» көрсетілген. Жекелеген салаларға арналып дайындалған бағдарламаларда да қоршаған орта проблемаларына назар аударылады. Бұған мысал ретінде 2004-ші жылы шыққан «Қазақстан Республикасындағы радиоактивтік ластану проблемаларын шешуге арналған радиациялық қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік бағдарламасын» келтіруге болады.

Энергетика және минералды ресурстар министрлігі Қазақстандағы минералдық ресурстар, соның ішінде мұнай, газ және көмір ресурстары саласындағы басқару сапасын қадағалайтын басты орган болып табылады. Министрлік минералдық барлау және өндіруге лицензия беретін жеке-дара орган. Министрліктің қарамағында геологиялық зерттеулер жүргізетін Геология және минералдық ресурстар комитеті кіреді. Қоршаған ортаны қорғау министрлігі болса, саладағы экологиялық стандарттар мен талаптар даярлайтын, әрі экологиялық рұқсат құжаттарын тарататын орган болып табылады. Жергілікті басқару органдары да бірқатар реттеушілік және қадағалау функцияларын атқарады (бұл туралы толығырақ 2-бөлімде). Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі қауіпсіздік және еңбек жағдайларына қатысты мәселелерді қарастыратын басты орган. Төтенше жағдайлар министрлігі адам өміріне қауіп төндіретін әрекеттерге, соның ішінде тау-кен, мұнай және газ өндіру саласында, дайындық және қатерге

төтеп беру қабілетінің деңгейін тексереді. Төтенше жағдайлар мен өндіріс қауіпсіздігін мемлекеттік бақылау комитеті және Республикалық кризистік орталық Төтенше жағдайлар министрлігінің құрамына кіреді. Өндірістік саладағы тексерулерді жоспарлау және жүргізу кезінде министрліктердің өзара бірлесіп жұмыс істеу мәдениеті әлі қалыптаспаған.

8.3 Ендіріме: «Қошқар-Ата» радиоактивті ақырғы қалдық сақтау қоймасын қалпына келтіру, Маңғыстау облысы

Маңғыстау облысындағы Ақтау қаласының маңында, Каспий теңізінен 8 шақырым жердегі Қошқар-Ата қоймасына 1965-ші жылдан бері Каспий тау-кен және металлургиялық комбинатынан улы және радиациялы қалдықтар әкелініп төгіліп келген. Жалпы активтілігі 11000 кюри құрайтын осы радиоактивті қалдықтар уран – 238, радий – 226 және торий - 230 табиғи серияларынан құралған. Қалдықтар желмен бірге жан-жаққа тарап кетпес үшін суға батырылып, көл күйінде сақталып келген. Алайда соңғы 15 жыл бойы қоймадағы су деңгейі төмендеп, соның кесірінен қоршаған ортаға тиетін зиян артып барады. Су деңгейінің төмендеуі салдарынан радиациялы және улы заттар кеуіп, олардың желмен тозандану қаупі бар. Су деңгейінің төмендеуіне зауыттағы өндіріс көлемінің қысқарып, қалдықтар қоймасына төгілетін сұйық заттар мөлшерінің төмендегені себеп болды. Қазір күн сайын қоймаға Ақтаудың тазалаудан өткен 17-32 мың текше метр сарқынды сулары және 7 мың текше метр тазаланбаған үй қалдығының сұйықтықтары ағызылады. Осының арқасында қойманың батыс бөлігіндегі 5 шаршы шақырымдық аудан қайтадан сумен жабдықталған болатын. Алайда осы шаралар қойманы әрдайым толтыруға мүмкіндік бермейді. Түбінде радиоактивті қалдықтар жатқан ойпаттың 24 шаршы шақырымы әлі де болса құрғақ күйінде тұр. Радионуклидтер, ауыр металдар және тағы басқа химиялық заттар желмен бірге тарап кетіп, қоршаған орта мен қала тұрғындарының денсаулығына өте үлкен қауіп төндіреді. Қошқар Ата қоймасының маңындағы ауаның ластану жағдайы өте нашар: фтор және фосфат мөлшері ықтимал ең жоғары нормадан сәйкестігіне қарай 1,3 және 1,8 есе көп. Соның үстіне, қоймадағы қалдықтар жерасты суларына өтіп, Каспий теңізінің қоршаған ортасына орасан зор қауіп төндіре алады.

Ескі радиоактивті қалдықтарды қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан қалпына келтіру мақсатында 2001-2010ж.ж-ға арналған уран өндіруші кәсіпорындарды консервациялау және уран кеніштерін игеру зардаптарын жою жөніндегі бағдарламасы қабылданған болатын. Қошқар Ата қоймасы проблемасының маңыздылығын ескере отырып, Маңғыстау облысының әкімшілігі 2002-2004ж.ж. жергілікті бюджеттен 64,5 миллион теңге (516 мың АҚШ доллары) бөлуді көздеп, бұл қаржыны 5 түрлі техникалық жоба арасында таратып берді. Жобалардың орындалуы 2006-шы жылы басталып, зақымданған аудан ең алдымен оқшауланған болатын. Содан кейін қойманың жан-жағындағы периметр бойынша орналасқан су ұңғымыларындағы жерасты сулардың сапасы тексеріліп, улы және радиоактивті заттардан бөлінетін шаңтозан ахуалына мониторинг жүргізіле бастады. Қойманың сұйық бөлігіндегі ортасын тұрақтандыруға бағытталған бірқатар шаралар да қолға алынды. Ғылыми зеттеулер көрсеткендей, қатты жел соғу жағдайында ауадағы Pb-210 қорғасын изотопының концентрациясы фондық көрсеткіштен 15 есе көп. Никель, цинк, мыс, хром және вольфрам да қойманың маңындағы ауа құрамында табылған болатын. Маңайдағы Ақшұқыр, Баянды, Қызылтөбе елді-мекендерінде және Маңғыстау теміржол станциясының тұсынан алынған топырақтың құрамындағы ауыр элементтердің концентрациясы өлшенді. Осы сияқты улы және радиоактивті заттардың аса сезімтал келетін Каспий теңізінің қоршаған ортасына түсіретін салмағы әлі де нақты анықталмағандықтан, қосымша зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Дерек көзі: Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, 2007ж.

Заң жүйесі

2000-жылдан бері минералдық ресурстарды басқаруға қатысты заңнама айтарлықтай жетілдірілді. Минералдық ресурстар саласындағы мәселелерді реттейтін ең алғашқы заң актісіне 1996-шы жылы шыққан «*Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы*» заң жатады. Бұл заңға бірнеше рет өзгерістер жасалды. Соңғы өзгерістер 2007-ші жылдың қаңтар айында енгізілді.

Мұнай саласында жұмыс істейтіндер үшін ең маңызды құжат – ол «*Мұнай туралы*» заң. 2004-ші жылы осы заң қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне байланысты айтулы өзгерістерге ұшырады. Соның ішінде мұнай операциялары кезінде газды кәдеге жарату және жандыру туралы (30-35 баптарды қараныз), Каспий теңізі қазақстандық секторының солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік маңыздылығы бар қорғалған аймақтарда мұнай операцияларын жүргізуге қойылатын арнайы экологиялық талаптар (46-бөлім) туралы өзгерістер бар. Экологиялық талаптар мына нысандар мен іс-әрекеттер үшін енгізілді:

- Құбырлар арқылы тасымалдау;

- Теңіз жағалауындағы сақтау қоймалары және жағалауға жақын орналасқан жер үсті мұнай кеніштері;
- Кеме қатынасы;
- Сақтау және жоюға дайындау;
- Апатты жағдайлардың алдын алу және тазалау;
- Каспий теңізі қазақстандық секторының солтүстік бөлігіндегі қорғалған аймақтарда экологиялық мониторинг жүргізу.

2007-ші жылы шыққан «Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі» мен өзге де бірқатар экологиялық және қауіпсіздік заң актілерінің минералдық секторға тікелей қатысы бар (8.4 қосымшасын қараңыз).

8.4 Ендіріме: Минералды ресурстарды пайдалануға қатысты қызметке қолданылатын заңнама

- Міндетті экологиялық сақтандыру туралы заң (2005ж.)
- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау туралы заң (2004ж.)
- Қауіпті өндіріс орындарындағы өндірістік қауіпсіздік туралы заң (2002ж.)
- Төтенше жағдай туралы заң (2003ж.)
- Техникалық реттеу туралы заң (2004ж.)
- Үшінші тарапқа залал келтіру қаупі бар нысан иелерінің жуапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заң (2004ж.)
- Экологиялық қаупі бар экономикалық іс-әрекеттер тізімін және оларға міндетті мемлекеттік лицензия беру ережелерін бекіту туралы қаулы (2004ж.)
- Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өндірістік апаттар мен олардың шекара аралық салдарының алдын алу, дайындық жүргізу және шара қолдану туралы бұйрығы (2005ж.)
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің мұнай төгілуінің алдын алу және теңіз суы мен ішкі су қоймаларында болатын мұнай төгілу апаттарына шара қолдану туралы қаулысы (2000ж.)

2003-жылы қабылданған «Өндірістік қауіпсіздік туралы» заң қауіпсіздік декларацияларының жасалуын, құрал-жабдықтың сертификациядан өтуін, тексерулер мен сақтандыру шараларының қолға алынуын талап етеді. Заң, сондай-ақ, төтенше жағдайға шұғыл түрде шара қолдану жоспары, соның ішінде өндіріс учаскілері мен олардың сыртындағы аумақтарды қамтитын апаттан құтқару жоспарларының жасалуын көздейді. Өндіріс учаскелеріне қатысты жасалған осындай жоспарлар тиісті органдар тарапынан бекітілуі қажет.

Қоршаған ортаны қорғау шараларын көздеген алғашқы шолу 2000-шы жылы шыққалы бері Қазақстандық заң жүйесі реформаланып, оң өзгерістерге ұшырағанымен, заңдардың іс жүзінде орындалуына байланысты қиыншылықтар әлі де болса өте көп. Ал минералдық сектордың экологиялық тұрғыдан тұрақты дамуы, заңдардың тиісінше орындалып, жүзеге асуына тікелей байланысты. Заңдардың толығымен күшіне ене алмай, жүзеге аспауы белгілі-бір заң құжаттарына нұқсан келтірумен шектелместен, бүгінгі және болашақ инвесторлардың елдегі заң жүйесіне қатысты сенімсіздігін туындатады.

Әкімшілік және экономикалық құралдар

Қазып шығару өндірісі саласындағы жобаларды бастамақ бұрын үкіметтен алдымен түрлі рұқсат қағаздарын алу керек. Соның бірі қоршаған ортаның қорғалуына қатысты. Бұл рұқсат қағазында өндірістің ауаға шығаратын ластаушы заттардың ең жоғары және ең төмен шегі жазылып, өндіріс кезінде пайда болатын қалдық пен судың мөлшері көрсетілуі керек. 2002-ші жылдан бастап бірыңғай кешендік рұқсат құжаты пайда болды. Ол 3 жылға беріледі. Еуропа Одағы елдеріндегі сияқты экологиялық рұқсат берудің интеграциялық жүйесінің принциптері Қазақстанда әлі енгізілмеген. Рұқсат қағазынан бөлек минералдық ресурстарды пайдаланушылар лицензия алулары керек. Бұған қоса, әрбір кәсіпорында қазба жұмыстары аяқталғаннан кейін өндірістің әсері тиген аумақта, сауықтыру шараларын өткізуге мүмкіндік беретін реабилитациялық қор құрылуы тиіс. Алайда іс жүзінде осындай қалпына келтіру қорларын құруға тек ірі кәсіпорындардың ғана шамасы келеді. Өндіріс компаниялары, сондай-

ақ, өз беттерімен мониторинг жүргізіп, қоршаған ортаны қорғау органдарына есеп беріп тұрулары керек. Мысалы, «Арселор Миттал Темиртау» өткен жылы мониторинг бағдарламасын жүргізуге 1,5 миллион теңге (шамамен 12000 АҚШ доллары) жұмсады. Ірі компанияларда тексерулер жылына бір рет өткізіледі (рұқсат беру және инспекциялар туралы 2-бөлімде, мониторинг туралы 3-бөлімде толығырақ мәлімет беріледі).

Ауа эмиссиясы, су және қалдық заттарды шығару үшін кәсіпорындар арнайы экологиялық төлемдер жасаулары тиіс (5-бөлімді қара). Үкімет жуырда ISO 14001 экологиялық басқару стандарттарын енгізген компанияларға экономикалық жеңілдіктер бере бастады.

Арнайы төлемдер, салықтар және минералдық ресурстар пайдалануға тағайындалатын рояльти түрлі заң құжаттарына сәйкес тағайындалады. Бұл мемлекеттік салық туралы, минералдық ресурстарды пайдалану туралы, келтірілген залалды қалпына келтіру туралы заң актілері және өндіріс өнімін бөлу туралы келісімдер. Осы құжаттардың бәрі 1996-жылғы «*Жерасты қойнауы және жерасты қойнауын пайдалану туралы*» заңға негізделеді. Заңға сәйкес, кәсіпорындар, үкіметтік және басқа да ұйымдар жерасты барлау және өндіріс жұмыстарын жүргізуге арнайы салықтар, төлемдер және рояльти төлеулері тиіс. Осы және басқа да төлемдер «*Салық кодексінде*» белгіленеді (5-бөлімді қара).

Халықаралық келісімдер және өндіру өнеркәсібі

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негізгі конвенциясын ратификациядан өткізіп, қол қойғанымен, Киото хаттамасын әлі ратификациялаған жоқ. Қазақстанның жасаған мәлімдемесіне сәйкес, республика Киото хаттамасын ратификациялағаннан кейін құжаттың «Б» Қосымшасында аталған қатысушы-елдермен қатар ауа эмиссиясын қысқарту туралы міндеттеме алады. Алайда хаттаманың Б Қосымшасында көрсетілген эмиссиялар мөлшеріне жеткізетіндей шаралар әлі қарастырылмай отыр (4-бөлім, Қазақстан және климаттың өзгеруі мәселесіне қатысты жазылған 4.2 қосымшасын қараңыз).

2000-жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропаға арналған экономикалық комиссиясының (БҰҰЕЭК) «Өндірістік апаттардың трансшекаралық зардаптары туралы тұжырымдамасына» қол қойды. Конвенцияның орындалуына Төтенше жағдайлар министрлігі жауапты. 2003-ші жылы Қазақстан, сондай-ақ, Каспий теңізі елдерінің барлығымен бірге теңіз аумағын қорғау туралы негіздемелік конвенцияға қол қойды. Аталмыш конвенция Каспий теңізі қоршаған ортасының қорғалуына арқау болады. Онда экологиялық ықпалды шекарааралық контекстінде бағалаудың ережелері бекітіліп, мұнай өндіру салдарынан ластанудың алдын алу шаралары қарастырылған. Қазақстан қол қойған халықаралық келісімдер туралы толығырақ 4-бөлімнен оқуға болады.

Кәсіпорындардағы қоршаған орта менеджменті

Жоғарыда атап көрсетілгендей, үкімет ISO 14001 экологиялық басқару стандарттарын енгізген кәсіпорындарға экономикалық жеңілдіктер (ластау үшін жасалатын төлемдерді азайту арқылы) береді. 2003-жылдан бері өндіріс саласындағы экологиялық жетістіктер Тұрақты даму мақсатында табиғи ресурстарды пайдаланушылардың ассоциациясы тарапынан белсенді қолданылып келеді. Аталмыш ұйым Тұрақты даму мақсатындағы дүниежүзілік бизнес кеңесінің мүшесі болып табылады. Қазақстандық ассоциацияның басты мақсаттары: а) өндіріс саласында қоршаған ортаны қорғау шараларына бөлінетін инвестицияларды арттыру; б) әлеуметтік корпоративтік жауапкершілік принциптерін алға жылжыту. Ассоциация құрамына Қазақстанның ең ірі 20 компаниясы кіреді. Солардың арасында тау-кен және мұнай өндірісі саласындағы ірі компаниялар бар. Бірқатары ISO 14001 стандарттарын енгізсе, бірқатары сертификациялаудан өтуге дайындық үстінде.

8.4 Қорытындылар мен ұсыныстар

Мұнай және газ секторының дамуы арқасында қарқынды өсіп келе жатқан Қазақстан экономикасы біршама экологиялық қиындықтар туындатты. Мұнай және газ өндірісі орналасқан аймақтардағы қоршаған орта проблемалары 2000-шы жылы Қоршаған ортаны қорғау шараларына алғашқы шолу жасалғалы бергі уақытта барған сайын ушыға түсті. Жерде және теңізде жаңа кеніштердің өндіріле бастап, мұнай және газ құбырларының, жолдардың, темір жолдарының, мұнай мен газды өңдеу зауыттарының салынуы қоршаған ортаны біртіндеп ластай береді. Бұл ұзақ мерзімде жинала келіп, ауа, су, жануарлар әлеміне және өсімдіктерге үлкен нұқсан келтіреді. Тау-кен және мұнай мен газ өндірісі салаларының қоршаған ортаға, адам денсаулығына және жалпы қауіпсіздікке жасайтын ықпалының салдары қаншалықты елеулі екені әлі де болса таныла бермейді. Оны өлшеу мен сараптау жұмыстары да, ластауға тосқауыл қоятын шаралар да тіптен жеткіліксіз. Қоршаған орта ластануының қазіргі және болашақ зардаптарына ойдағыдай мән берілмей келеді. Бұл әсіресе Каспий теңізі мен оның жағалауындағы аса сезімтал келетін аймақ үшін зиянды.

8.1 Ұсыныс:

Минералды ресурстар, соның ішінде мұнай мен газ өндірісінің қоршаған ортаға, адам денсаулығы мен қауіпсіздігіне келтіретін кері ықпалын азайту мақсатында келесі шараларды қолға алу керек (әсіресе Каспий теңізі аймағында):

а) Энергетика және минералды ресурстар министрлігі, тау-кен, мұнай және газ компаниялары ғылыми институттармен бірлесіп, минералды ресурстар өндіру саласының, соның ішінде Каспий теңізі мен соның жағалауындағы жаңа мұнай кеніштері, сонда жүргізіліп жатқан барлау және тағы басқа жұмыстардың жасайтын кумулятивтік ықпалын жан-жақты және егжей-тегжейлі зерттеу керек. Қоршаған Орта министрлігі осы іс-әрекетке мемлекеттік экологиялық сараптама жасауы керек;

б) Үкімет «ластаушы төлесін» деген принципті есепке алып, қоршаған ортаның ластануын азайтатын шараларды жоспарлап, орындауы керек. Ол, сондай-ақ, минералды ресурстарды өндіру және өңдеу аймақтарында экологиялық консервациялауға, мониторингке және бақылауға көбірек қаражат бөлуі тиіс.

Қазақстан Үкіметі көмір кеніштері мен көмір шахталарынан шығатын метан резервтерін пайдалануды солармен жасалған келісімдерге сәйкес жеке меншік операторларына берді. Көмір шахталарындағы метанды өндірумен айналысатын компаниялардың көмір өндіруші компаниялармен бірлесулері тиіс. Алайда метан өндіру жобаларына қатысты заң жүйесі жан-жақты және тиянақты дамымаған. Киото хаттамасының ратификациялануын күтіп отырған бірнеше метан өндіру жобасы бар. Киото хаттамасының шеңберінде қарастырылған бірлесіп өндіру схемасы метан эмиссияларын қысқартып, шахталардағы қауіпсіздік жағдайларын жақсартуға жол ашар еді. Ішкі және аймақтық дәрежеде газға деген сұраныстың артып отырғанын есепке алғанда, бұл метаннан энергия өндірудің тиімділігін арттыру арқылы, энергетика саласындағы нарықтарға де әсер ете ала еді. Дүниежүзі бойынша табиғи газ бағаларының өсуі де метан өндірісіне деген экономикалық қызығушылықты арттыруы қажет. .

8.2 Ұсыныс:

Үкімет басқа мүдделі топтармен бірігіп, Киото хаттамасының икемді механизмдері тарапынан қолдауға ие бола алатын көмір шахталарындағы метанды өндіру жобаларын дайындай беруі қажет.

4-бөлімдегі 4.3 ұсынысты қараңыз.

Тау-кен өндірісіндегі компаниялар көмір шахталарында болуы мүмкін апаттар мен солардың қоршаған ортаға келтіретін зардаптарының ауырлығын жақсы түсінеді. Экологиялық және қауіпсіздік стандарттары өскен сайын өндіріс шығындары да артып, бұл кейбір компанияларға ауыр тиіп, мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек жиі керек болады. Көмір шахталарының

қауіпсіздігі Қазақстандағы жерасты және жер үсті шахталарын басқаратын әрбір компанияның бірінші кезекте тұратын проблемасы болып табылады. Алайда бүгінгі күнге дейін республикада көмір шахталарындағы қауіпсіздік туралы заң жасалмаған. Соңғы бірнеше жыл ішінде метан жарылыстары салдарынан болған адам өлімі мен адамдардың жарақаттануы осы проблеманың қаншалықты өзекті екенін көрсетіп, шахталардағы қауіпсіздік стандарттары жүйесін жетілдіру қажеттілігін айқындады.

8.3 Ұсыныс:

Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігімен бірлесіп, шахталарда жұмыс істейтін жұмысшылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін халықаралық стандарттарға сәйкес қамтамасыз ететін заң және оның орындалуына қажетті басқа да нормативті актілерді дайындауы керек. Үкімет, сондай-ақ, заң талаптарын орындауға қаржылай мұршасы жоқ компанияларға қолғабыстигізе алатын қосымша қорлар ұсынуы қажет.

Қазақстан өз экономикасын мұнай мен газға толығымен таңып қоймауы үшін әртараптандыруға бет алып, тұрақты дамуға қолайлы жағдай жасауға барынша күш салып жатыр. Осы мақсатпен елде заң жүйесі жетілдіріліп, отандық институттар мен қорлар құрылуда. Алайда «Қазына» ұлттық қоры сияқты жанадан құрылған институттар мен олардың тұрақты даму мақсатында қойған міндеттерінің орындалуын қажетті біліктілігі бар кадрлардың, отандық технологиялар мен жаңа инновациялық идеялардың жетіспеуі, сонымен бірге жобаларды іріктеу критерийлерінің жетілдірілмеуі тежеп отырады. Жаңа жобалардың тұрақты даму мақсаттары мен тиімділігі толығымен анықталмай жатып, олардың қабылдануы немесе қабылданбауы жиі кездеседі. Тау-кен және металлургия саласында, сондай-ақ мұнай және газ саласында экологиялық көрсеткіштерді арттырып, денсаулық және қауіпсіздік жағдайларын жақсартуға бағытталған стратегиялық жобалар аса маңыздылар қатарына жатқызылуы тиіс. Өндіруші сала ашықтығы бастамасына, яғни өндірушілердің халыққа ашықтығы дәрежесін көтеру арқылы басқару процесін жетілдіруге баса назар аударылу керек. Бұл міндеттердің орындалуы жаңа институттардың дәрменсіздігінен әлі де болса баяу жүріп жатыр.

1-бөлімдегі 1.3 ұсынысты және 6-бөлімдегі 6.3 ұсынысты оқыңыз.

Қазақстан қазіргі қолайлы экономикалық жағдайды пайдаланып, ұлттық ғылыми әлеуетті дамыту мен пайдалануға күш салуы керек. Тау-кен және мұнай мен газ секторларындағы компанияларда инновациялардың өркендеуіне мейлінше қолайлы жағдай жасалуы тиіс. Сонда компаниялардың мұның ұтылыссыз бастама екеніне көзі жетіп, өндіруші кәсіпорындар, жергілікті жабдықтаушы компаниялар, жұмысшылар және ғылыми институттар арасында байланыс пайда болып, тұрақтандыра еді. Өндірістің белгілі-бір бөлігіндегі инновациялармен жұмыс істейтін, не болмаса белгілі-бір географиялық аймақтардағы мәселелерді зерттейтін арнаулы техникалық орталықтар құрылып, солардың арқасында жаңа технологияны саладағы өндіріске біртіндеп енгізуге мүмкіндік туар еді. 2008/1/ЕС директивасына негізделген Еуропа Одағының Алдыңғы қатарлы техникалық әдістер келтірілетін сілтеме құжаты жоғарыда айтылған бастаманы жүзеге асыруға пайдалы нұсқау бола алар еді. Бұл құжатта қоршаған орта ластануының алдын алу мен бақылау мәселелері қамтылып, көптеген өндірістік процестер мен өндіріс қалдықтарын басқаруға қатысты ең тиімді әрі қолдан келетін техникалық тәсілдер қарастырылады.

8.4 Ұсыныс:

а) Үкімет тау-кен өндірісі және мұнай мен газ салаларындағы кәсіпорындардың инновация тұрғысынан дамуын қолдап, ғылыми зерттеу жұмыстарына ерекше көңіл бөлуі керек. Мұнай өндірісі, металлургиялық өндіріс және экологиялық басқару салаларында Инновациялар және таза технологиялар орталықтары құрылуы қажет;

б) Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Энергетика және минералды ресурстар министрлігі шикізат өндіру процесін жетілдіретін озат тәжірибе үлгілерін жасап, енгізіп, соларға сәйкестік көрсеткіштерін жасауы керек. Осындай тәжірибе үлгілерінің орта мерзімде міндетті түрде қабылданулары шарт.

9 Тарау

СУ РЕСУРСТАРЫН ТҮРЛАУЛЫ БАСҚАРУ

9.1 Экологиялық қызметтің нәтижелілігі туралы Бірінші шолу жазылғаннан бергі уақыттағы су ресурстарының ахуалы мен үрдістері

Қазақстан аумағының шамамен үштен бір бөлігін қамтитын елдің солтүстік-шығыс бөлігі Арктикалық мұхитқа құйылатын Обь бассейнінің жоғарғы ағысы есебінен суарылады. Осы гидрологиялық аймақ арқылы Ресей Федерациясы аумағына қарай ағатын басты үш өзен бар (бастыстан шығысқа қарай): Тобыл, Есіл және Ертіс өзендері. Ертіс өзені бойында Павлодар, Өскемен және Семей сияқты ірі қалалар орналасқан. Есілдің жоғарғы ағысы өңірінде елдің қарқынды өсіп келе жатқан бас қаласы Астана қоныс тепкен. Қазақстанның өзге аймақтарымен салыстырғанда солтүстік-шығыс өңірі, әсіресе Ертіс бойындағы жер аймағы суға бай болып келеді. Сондықтан осы аймақта өндіріс орындары да, халық та ең көп шоғырланған (15 миллиондай халқы бар Қазақстанның жартысына жуығы осы аймақта мекендейді).

Елдің өзге аймақтарындағы су бассейндері(алаптары) жабық болып табылады. Осы тектес бассейндер «ластану концентрациясы» деп аталатын феноменге өте тез душар болуы мүмкін. Қазақстанның көршілес мемлекеттермен бөлісетін екі теңізі бар: Каспий теңізі және Арал теңізі. Сондай-ақ, Қазақстанның өзіне ғана тиесілі көл суы: Балқаш көлі, Алакөл және Теңіз көлі бар. Осы аталған жабық теңіз бен көлдерге су апаратын бірнеше өзен бар. Олар - Ресейден бастау алып, Каспий теңізіне құйылатын Орал өзені, Орталық Азия елдері бірқатарының аумағы арқылы өтіп, Арал теңізінің солтүстік бөлігіне құйылатын Сырдария өзені және Қытайдан ағылып келіп, Балқаш көліне құйылытан Іле өзені. Жылдың белгілі бір мезгілдері кезінде ғана шөлейт далалы жерлерді суғаратын кіші өзен бассейндері де бар. Олар – елдің орталық бөлігіндегі Торғай, Нұра және Сарысу өзендері және оңтүстіктегі Шу мен Талас өзендері.

Қазақстанның климаты (Кіріспені қараңыз) ұзаққа созылатын қыс мезгілі кезінде өте суық, ал қысқа жаз кезінде өте ыстық екендігімен ерекшеленеді. Жаз айларында ауа температурасы экстрималды көрсеткіштерге дейін жетіп, қуаңшылық жиі пайда болады. Ал қаңтар айында ауа температурасы -45°C дейін жетеді. Қыс мезгілінің суықтығы салдарынан елдің солтүстігіндегі құрылыс жұмыстары жылына 6-ақ ай бойы ғана жүргізіледі. Соның үстіне, қысты күні аяздап кетпес үшін су құбырлары жылу изоляциясына алынып, жер бетінен 3 метрге дейінгі тереңдікте көмілуі керек. Ауыл шаруашылығы салысында суды пайдаланудың да өзіндік ерекшелігі бар: оңтүстіктегі егін маусымы наурыз айынан қазан айына дейін, ал солтүстікте сәуір айынан қыркүйек айына дейін созылады, демек жылына бір-ақ рет болады. Булану деңгейінің жоғарылығынан, жауын-шашынның аз түсуінен елдің айтарлықтай бөліктері қосымша суаруды қажет етеді. Ауыл шаруашылығы егістік жерлерінің басым бөлігі климаты жұмсақтау келетін оңтүстік облыстарда шоғырланған.

Қазақстандағы жер беті су ресурстарының жалпы мөлшері жылына орташа есеппен 100.5 текше км-ге тең болса, соның 56.5 км³-і ғана Қазақстаннан бастау алады. Қалғаны көршілес елдерден ағып келеді. Су ең көп мөлшерде Қырғызстаннан, содан кейін Қытайдан, Ресей Федерациясынан және Өзбекстаннан келеді. Климаттың ерекшеліктері себепті өзен сулары ағымының 90 пайызға жуығы көктемде болады. Су ресурстары ел аумағы бойынша біркелкі, тең тарамайды. Оның үстіне су мөлшері жыл және мезгіл сайын өзгеріп отырады. Суды толығымен пайдалану мақсатында елдің барлық аймақтарында су ресурстарын және солардың ағысын реттейтін арнайы гидротехникалық нысандар салынған. Түрлі салаларда суға деген сұраныс әр-түрлі болғандықтан, және су ағымының мөлшері мезгіл сайын күрт өзгере беретіндіктен (мысалы, көктемгі сең және жазғы қуаңшылық), су кейде тасып, кейде керісінше тартылады. Суды пайдаланудың өзара бәсекелес екі жолы бар: қысқы мезгілде аса

қажет болатын гидроэлектр қуатын өндіру жолы және жазғы мезгілдегі ирригация(суландыру) жолы.

Жерасты суларының Қазақстандағы жалпы мөлшері $64,27 \text{ км}^3$ /жылмен бағаланады. Алайда су құрамындағы кермектік деңгейі жоғары. Келтірілген көрсеткіштің $40,44 \text{ км}^3$ /жылға тең бөлігінде минералдау деңгейі 1 г/л-ден кем. Су ресурстары ел бойынша біркелкі тарамайды. Тұщы жерасты суларының басым бөлігі (жалпы ресурстардың 60 пайызы) елдің оңтүстігінде шоғырланған болса, Каспий аймағы мен солтүстік-шығыс аймағында тұщы су сирек кездеседі.

Сегіз түрлі өзен бассейнінің ерекшеліктері: судың пайдаланылуы, проблемалар және үрдістер

Әкімшіліктік тұрғыдан алғанда, Қазақстанда халықаралық өзен бассейндерінің құрамдас бөлігі болып табылатын сегіз өзен бассейні бар: Ертіс, Есіл, Тобыл-Торғай, Нұра-Сарысу, Орал-Каспий, Арал-Сырдария, Шу-Талас және Балқаш-Алакөл (9.1 суретті қараңыз). Суды сандық тұрғыдан басқару мақсатында жасалған осындай ұйымдастыру принципі су ресурстарының бірлескен менеджменті схемасына көшуіне мүмкіндік берді.

Батыс және оңтүстік аймақтардағы ішкі бассейндер

Орал-Каспий өзен бассейні

Орал-Каспий өзен айдыны Қазақстандағы сегіз өзен бассейнінің ең үлкені болып табылады. Оның құрамына Ресей Федерациясындағы Орал тауларынан басталып, Каспий теңізіне құйылатын Орал өзені су жиғыш алаңының (жалпы ауданы 231 мың км^2) бір бөлігі (64%), Волга атырауының бір тармағына дейінгі Еділ мен Орал өзендерінің арасы (107 мың км^2) және Орал мен Ембі өзендерінің арасы (72 мың км^2) кіреді.

Орал өзені арқылы Каспий теңізіне жылына $8,1 \text{ км}^3$ су құйылады. Каспийдің құрылықпен қоршалғаны белгілі. Солай бола тұра, Орал суы теңізге келіп құйылатын жалпы су мөлшерінің 3-ақ пайызын құрайды. Волга өзені Каспий суының 80 пайызын толтырып отырады. Орал өзеніндегі су деңгейі және ағым мөлшері жыл бойы күрт өзгеріп отырады. Мысалы, жылдық ағым мөлшерінің 65-70 пайызы көктемгі су тасқыны кезінде ағып кетеді. Орал өзені көбіне реттелмейтін болғандықтан, оның экожүйесі халықаралық тұрғыдан алғанда өте маңызды деп есептеледі. Бұл өзен әсіресе бекіре балығының өніп-өсуі үшін өте маңызды. Жалпы алғанда, өзен ағымының 72 пайызы Ресей аумағынан бастау алады.

Шекараның арғы жағында, Ресейдің Магнитогорск және Орынбор облыстарындағы ірі өндірістік орындар Орал өзенінің шекара маңындағы сапасына кері әсер етіп, суды ауыр металдармен ластайды. Қазақстан аумағында болса, Орал-Каспий бассейні аймағында мекендейтін адам саны шамамен 2,2 миллионға тең. Ақтөбе, Атырау, Орал сияқты ірі қалалардың канализациялық сулары ойдағыдай тазаланбаған күйінде Оралға ағызылады. Мұндай қалдық сұйықтықтардың құрамында негізінен азық-түлік және органикалық қалдықтар бар. Ең ірі ластау көздері, мұнай және газ секторларына тікелей қатысты. Ал ауыл шаруашылығының өзенге келтіретін зияны өте аз немесе жоқтың қасы. Фенолдар, ауыр металдар және мұнай өнімдері бассейнді ластайтын ең зиянды заттар болып табылады. Ластаудың өзге көздері ретінде көктемде болатын су тасқынын және сұйық қалдықтар қоймаларынан байқаусыз ағылып кететін суды атауға болады. Су тасқыны кезінде өзен суы канализациялық алаңдардағы суды шайып әкетеді. Каспий теңізі жағалауындағы мұнай кеніштеріндегі қоймалардан да сұйық заттар сыртқа ағып кетсе (Қаламқас, Қаражанбас, Мартыши, Прорва және Теңіз), міндетті түрде Орал өзеніне келіп құйылады. Тасқынның кері әсері көп екеніне қарамастан, Оралдың көктемдегі сең кезінде қатты тасып кетуі өзен суын біраз сұйылтып, сондағы ластану концентрациясын азайтып, өзеннің өздігінен тазаруына жағдай жасайды.

Арал-Сырдария өзен бассейні

Арал теңізінің солтүстік бөлігіне құйылытан Сырдария өзенінің жалпы су жиғыш алаңы 782 617 км² құрайды. Соның 218 400 км²-і Қазақстан аумағында. Өзен Орталық Азия мемлекеттерінің бірнешеуі арқылы ағып өтетіндіктен, Сырдария трансшекаралық сипатқа ие. Оның Қазақстан аумағындағы ұзындығы (Шардара су қоймасынан Арал теңізіндегі сағасына дейін) 1 627 км-ге тең, ал жалпы ұзындығы (Нарын өзенінен бастап санағанда) 3 019 км-ді құрайды. Өзеннің жоғарғы ағысында орналасқан мемлекеттер: Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстанның шағын бөлігі. Өзен бассейнінің құрамындағы су ресурстарының мөлшері 12 км³-ді құрайды.

Өзен суы негізінен мақта және күріш өсіру алқаптарын суаруға пайдаланылады. Ауыл шаруашылығының осы екі түрі әсіресе Өзбекстанда кең тараған. Ал Қазақстан Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру мақсатында жаппай ирригацияны қысқартып, өзенге түсетін салмақты әдейі жеңілдетті. Алайда, аймақтағы Шымкент және Қызылорда сияқты ірі қалалардың ластануы өзенге антропогендік қысым жасайды. Мәселе аталмыш қалаларда қалдық суларын тазалайтын нысандардың жетіспеуінде болып отыр. Өзен бассейнінің қазақстандық бөлігіндегі жалпы халық саны шамамен 2,6 миллион адамға тең (бұл ел халқының 17%-ын құрайды). Солардың 1,4 миллионы (бассейн аумағында тұратындардың 46%-ы) қалаларда, 1,4 миллионы (54%) ауылдық жерде тұрады. Өзенге жасалатын тағы бір антропогендік қысым – ол Өзбекстанның суэлектр қуатын өндіру мақсатында өзен ағысын қолдан реттеп отыратыны. Өзен суының жетіспеуі Арал теңізінің тартылуына әкеліп соқтырып жатқанымен, қысты күні су тасып, Қызылорда қаласын басып кететіні де бар. Трансшекаралық су қарым-қатынастарының жетілмегені себепті Қазақстан Өзбекстандағы су саласында болып жатқан өзгерістер мен іс-қимылдарға аса сезімтал күйде.

Арал теңізі тарылып, соның үштен бірі ғана қалса да, бұл процесс(үдеріс) қазір тоқтап, кері бұрылатынға ұқсайды. Сырдария өзенінен теңіздің солтүстік бөлігіне құйылып жатқан суды жинақтау мақсатында арнайы бөген салынып (бұл 2000ж. шыққан Қоршаған ортаны қорғау шараларына шолу есебінде егжей-тегжейлі сипатталады), Дүниежүзілік банктің қолдауымен (68 миллион АҚШ доллары көлеміндегі несиенің есебінен), бірқатар гидротехникалық нысандар құрылды. Соның нәтижесінде тұз жайлаған шөлді даланың айтарлықтай бөлігін теңіз суы басып, бұл элеуметтік тұрғыдан да, қоршаған ортаның жағдайы тұрғысынан да жағымды ықпал жасап отыр. Аймақтың климаты және балық аулау шаруашылығы айтарлықтай жақсарып қалды. Қосымша 126 миллион доллар көлемінде жаңа несие берілгеннен кейін Аралда тағы бір су бөгені құрыла бастады. Соның нәтижесінде теңіз суы 2010-жылға дейін 40 жыл бойы сусыз құрғап тұрған ең басты теңіз портына дейін жетеді деген үміт бар.

Шу-Талас өзен бассейні

Бұл өзен бассейні Асса өзенінің төменгі ағысы, Шу және Талас өзендерінен құралған. Бұл өзендер Қырғызстандағы таулардан бастау алып, Мойынқұм шөліне жеткеннен кейін мүлде тартылады. Судың басым бөлігі Қырғызстанда пайда болады. Суды ирригация және өзге мақсатта негізгі арнадан айыру сияқты кадамдар алдын-ала қатал қадағаланып, реттеліп отырады. Шу-Талас өзендері бассейнінің аумағында суғарылатын жердің жалпы көлемі 665 900 гектарға тең. Соның 382 000 гектары Қазақстанға, ал 283 900 гектары Қырғызстанға тиесілі. Шу өзеніндегі су ресурстары 6,64 текше км-ге тең. Соның 42 пайызы Қазақстанның үлесінде. Талас өзенінің су ресурстары 1,81 текше км құрап, екі ел арасында тең бөлінген.

9.1 Карта: Су ресурстарын басқарудағы өзен бассейндері(су алаптары)



Ескертпе: Картада көрсетілген шекаралар мен атаулар ресми түрде танылмауы немесе БҰҰ тарапынан бекітілмеуі мүмкін.
Дерек көзі: Су ресурстары жөніндегі комитет, 2004ж.

Сумен қамтамасыз ету және суды реттеу мәселелері аймақтағы ең басты проблемалар болып табылады. Шектеулі су ресурстары жағдайындағы ерекшеліктер және Қазақстанның су мәселелерінде Қырғызстанға тығыз байланып қалғаны халықаралық қауымдастықтың назарын тартып, соның нәтижесінде екі жақ арасында арнайы ынтымақтастық шаралары қолға алынды. Қоршаған ортаны қорғау шараларын зерттеген соңғы шолу жасалғаннан кейін Қазақстан және Қырғызстан Шу мен Талас өзендерінде сумен қамтамасыз ететін коммуналдық жүйелерді басқару жөнінде келісімге қол қойып (2000ж.), бассейн деңгейінде Халықаралық инновация комиссиясын құру жөнінде келісім жасады (2005ж.). Әдетте мұндай жағдайларда халықаралық емес, екіжақты мемлекеттік келісімдер ғана жасалады (4 Тараудағы халықаралық су менеджменті жөніндегі келісімдерге арналған бөлімді қараңыз).

Балқаш – Алакөл өзен бассейні

Балқаш – Алакөл бассейні көлемі жағынан орасан үлкен 413 мың км² аумақты қамтиды. Оның бір бөлігі Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында (353 мың км²). Қалғаны көршілес Қытай аумағына (Шыңжаң ұйғыр автономиялық аймағының солтүстік-батыс бөлігі) орналасқан. Қытайдан бастау алатын Іле өзені (Қазақстандағы ұзындығы 815 км) Балқаш көліне ең көп (80%) су құятын өзен болып табылады. Өзендегі қолданысқа жарамды судың мөлшері 8,6 км³ құрайды.

Қазақстанның ең ірі қаласы Алматы Іле бассейні аумағында орналасқан. Бассейннің қазақстандық аумағында 3,3 миллион адам мекендейді. Халықтың басым көпшілігі – 1,6 миллион адам – Алматы облысында шоғырланған. Ауылдық жерде тұратындардың саны 1,5 миллионға тең.

Өзен суына деген сұраныс пен оның пайдаланылуына қатысты проблемалар Арал-Сырдария бассейніндегі проблемаларға өте ұқсас келеді. Қысты күні электр қуаты өндірісі суды көп талап етсе, жаз айларында ирригация қажеттіліктері өзенге салмақ түсіреді. Өндірістің салдарынан өзеннің ластану деңгейі жоғары. Әсіресе Балқаш көлінің жағдайы қиын. Мұндағы мыс қорыту және цинк зауыты келтіретін залал қатаң бақылауға алынбаған. Қалалық ластану факторы да бар. Бұл халық санының көптігі мен адамдардың Алматыда көбірек шоғырлануы себепті пайда болды.

Тағы бір алаңдатарлық жайт - әлемдегі тұщы көлдер арасынан ірілігі жағынан үшінші орындағы Балқаш көлі судың шамадан тыс пайдаланылып жатқаны себепті тартылып жатыр. Сондай-ақ, Қазақстанда суға деген сұраныс мәселесіне келгенде, басқару сапасы өте төмен. Есесіне Қытайдың өзен суына деген сұранысы батыстағы аймақтардың дамуына байланысты барынша ұлғайған. Қытай Балқаш-Алакөл бассейні аумағын қамтитын Шыңжаң аймағына елдің басқа тұстарынан адамдарды көшіру мақсатында «Батысқа бет ал» деген атауға ие болған саясат жүргізіліп келеді. Негізгі сызық сценарийі бойынша жасалған болжамға сәйкес, аталмыш аймақтың жалпы халқы 40 миллиондай адамға дейін жетуі мүмкін. Адам саны өскен сайын ауыл шаруышылығы және өндіріс дамып, суға деген сұраныс өседі. Ал Қытайдағы су пайдалану тиімділігі Қазақстандағы сияқты өте төмен.

Обь бассейніне құйылатын солтүстік-шығыстағы өзен салалары мен орталық аймақтағы далалы жер арқылы өтетін өзендер

Ертіс өзен бассейні

Ертіс өзенінің Қазақстандағы ұзындығы – 1 200 км. Ал Қытайдан ағып келетін Қара Ертіс және Ертістің Ресей жерімен өтіп, Обь өзеніне құйылатын төменгі ағыс бөлігін бірге есептегенде, өзен ұзындығы 4 248 км болады. Демек, Ертіс дүниежүзіндегі ең ұзын өзен болып табылады. Бассейн аумағының жалпы көлемі - 1,64 миллион км².

Ертістің Қазақстан аумағына өтетін шекаралық нүктесіндегі ағыс жылдамдығы секундына 300 текше метр құрайды ($9 \text{ км}^3/\text{жыл}$). Ал өзеннің төменгі ағысында, Ресей Федерациясының Қазақстанмен шекаралас Черлак ауылындағы жылдамдығы - $840 \text{ м}^3/\text{сек}$ ($27 \text{ км}^3/\text{жыл}$). Осы бассейн су ресурстарының молдығы жағынан ең қомақты болып саналады. Осындағы қолданысқа қолайлы су ресурстарының жалпы мөлшері 33 миллион км^3 -ге тең. Алайда Франциядағы Ғаламдық қоршаған орта қоры жасаған сандық үлгіге сәйкес, Қытай мен Қазақстан өзен суын өзге аймақтарға айдауды күшейтетін болса, жағдай күрт өзгеруі кетуі мүмкін. Бүгінгі күні өзен суы екі түрлі жасанды канал арқылы тармақталады. Бірінші канал – Ертіс-Қарағанды каналы (485 км) - 1962-1974ж.ж. аралығында Астана қаласынан оңтүстікке қарай орналасқан бірталай өндіріс орындарының қажеттілігін қанағаттандыру үшін салынған болатын. Екінші канал (300 км) 2000-жылдардың басында Қытай аумағында, Қарамай қаласында күрт дамытыла бастаған мұнай өндірісі үшін салынған. Ертіс суын Астананың қажеттіліктеріне жарату мақсатында оны Есіл бассейнімен канал арқылы байланыстыру жоспары қазір қарастырылып жатыр. Алайда суға сұраныс пен судың пайдаланылуын реттейтін қатаң басқару шаралары қолға алынбаса, аталмыш жоспар үлкен проблемаға әкеліп соқтыруы әбден мүмкін (төменде берілген мәліметті қараңыз).

Ертістің қазақстандық бөлігінде су электр станциясы орнатылған үш басты су қоймасы бар: Бұқтырма, Шүлбі және Өскемен. Осы үш су қоймасының көмегімен Ертістің ағымын және деңгейін реттеуге болады. Қоймалардың бәрі өзеннің жоғарғы ағысында Семей қаласының маңындағы таулы аймақтарда орналасқанымен, төменгі ағыстағы кемелердің жүзуі сол су қоймаларының қалай басқарылып жатқанына тікелей тәуелді. Семейден өткен соң өзеннің ағысы баяулап, далалы жерге жеткеннен кейін арнасы айтарлықтай кеңейеді. Ресейдегі Омбы қаласына дейін оған қандай да бір елеулі өзеншіктер қосылмайды. Ертіс 400 мың км^2 -ден асып кететін байтақ әрі ылғалды жерді ғана емес, 330 мың тұрғыны бар өндірістік Павлодар қаласын да сумен қамтамасыз етеді. Суды реттеу және басқару дағдысы жетіліп, осы саладағы білім деңгейі көтеріліп, үлгілеу мүмкіндіктері ашыла бастады. Әйтсе де, өзен арнасының гидроморфологиялық өзгеріске ұшырап жатуы бұрынғысынанша экожүйелерге әсер ететін басты фактор болып қала береді.

Өндірістің ластау факторлары су сапасына басты қауіп төндіреді. Бұл, атап айтқанда, тау-кен өндірісі және бұрыннан кележатқан ежелгі ластау факторлары. Соның ішінде Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін Кеңес Одағы әскерлері пайдаланған Семей ядролық сынақ алаңы.

Есіл және Тобыл-Торғай өзен бассейндері

Есіл және Тобыл өзендері Солтүстік Қазақстаннан бастау алып, содан кейін Ертіс өзеніне қосылып, сонымен бірге Қазақстан-Ресей шекарасының арғы жағына ағып өтеді. Осы екі өзеннің гидрологиялық режимі бір-біріне ұқсас келеді: сыртқы ағыстарының басым бөлігі қар еріген кезде пайда болады. Басты ерекшеліктері – түрлі жыл мезгілдері мен әр жылдары ағыс деңгейінің біркелкі болмауы. Сондай-ақ, судың ағымдық мөлшері жылдан жылға өзгеріп, әр жылдағы көрсеткіштер бір-бірінен 100 есе көп немесе аз болуы мүмкін. Сондықтан осы өзендердегі су ресурстарын тиімді пайдалану өте қиын. Жерасты су ресурстарының Есіл бассейнінің аймағында тым аз екенін ескерсек, аталмыш екі өзен бассейндерінде су ресурстарының жетіспей жатқаны түсінікті болады. Ал суға сұраныс болса, барған сайын өсіп келеді. $1,9$ миллион адам тұратын Есіл өзенінің бойында осы мәселе ерекше мәнге ие. Есілдің бойында Астана да тұр, бірақ аталған $1,9$ миллионның жартысынан астамы қазірдің өзінде ауылдық жерде мекендейді. Тобыл-Торғай өзен бассейніндегі халық саны $1,05$ миллион адамға тең. Торғай өзені Тобыл өзенінің оңтүстігінде ағады. Ол ешбір су қоймасымен байланыспаған құрғақ далалы өзен болып табылады. Сондықтан бұл өзен үнемі су ресурстарына тапшы.

Аталған бассейндердің екеуі де өндіріс қалдықтары және қалалардағы қалдық сулар салдарынан ластанады. Астанадағы суға деген сұраныстың өсуі қала дамуы үшін аса маңызды тағы бір проблема. Солай бола тұра, су сұранысын қысқарту саясаты әлі де болса қатайтылмаған. Қаладағы үй шаруашылықтардың жартысы ғана суды өлшейтін есепші құрал

орнатып, судың ел аумағындағы орташа бағасы бұрынғыдай төмен болып қалып отыр (ауыз судың бағасы - 22.13 теңге/м³ немесе \$0.180, канализациялық суды әкетудің бағасы – 15,79 теңге/м³ немесе \$0.128). Тобыл бассейні ауыз суды тасымалдайтын инфрақұрылымдық нысандарды жұмысына қатты байланып қалған. Яғни сумен қамтамасыз етудің шығындары жоғары болып, ұзақ қашықтықтарға жалғанған құбырларға тәуелді.

Нұра-Сарысу өзен бассейні

Бұл бассейнге ең үлкен Нұра өзені кіреді. Оның ұзындығы 978 км болса, су бассейнінің көлемі 58 100 км²-ге тең. Нұра Теңіз көліне барып құйылады. Нұра-Сарысу бассейні аумағында мекендейтін халық саны шамамен 1 миллион адамға тең. Мұнда аса ірі өндірістік қала – Қарағанды – бар. 2006-жылы Қарағанды халқының саны 446 200 адам еді. Демек ол Қазақстан қалаларының ішінен ірілігі жағынан 4-орында болған. Су ресурстары өте шектеулі. Су ресурстарын молайту мақсатында кезінде Ертістен Ертіс-Қарағанды су каналы жалғанған болатын (жоғарыдағы бөлімді қараңыз). Ирригация мен сумен қамтамасыз ету мақсатында салынған осы канал бүгінгі күні Қарағандының өндірістік орталықтарына қызмет етеді. Соның ішінде канал суы көмір шахталары мен болат өндіру зауытының қажеттіліктеріне жаратылып жатыр. Жерасты сулары жалпы су ресурстарының 25 пайызын құрайды. Бассейндегі өзендердің сулары өзге аймақтардағыдай көктем айларында мол болып (жылдық ағымның 90%-ы), жазда су деңгейі тек кейде ғана уақытша көтерілуі мүмкін. Нұра-Сарысу бассейні аумағында 2 мыңға жуық көл мен 400-дей жасанды су қоймасы бар.

Ластанудың басты көздері – аймақты бұрыннан бері ластап жатқан өндіріс, соның ішінде ауыр өндіріс қалдықтары және қалалық жерлердегі қалдық сұйықтықтар (канализация). Нұра өзенін барынша ластап жатқан бір нысан – сынап шығаратын Теміртаудағы карбид зауыты. Аталмыш өнеркәсіп орны кеңес дәуірі кезінде катализатор ретінде сұйық металды пайдаланған. Ластануға қарсы, өзенді сауықтыру шаралары қаншама қолға алынғанымен, сынап өзеннің айтарлықтай бөлігіне тарап үлгерді.

Сондай-ақ, өзен суын бассейнің өзге аймақтарына жеткізетін Ертіс-Қарағанды каналының нашар халі және сирек жөнделетіні қатты алаңдатады. Суға деген сұраныстың ойдағыдай реттелмей жатқанын еске алсақ, өзен суының канал арқылы тым көп мөлшерде ағып кететіні аймақтағы экологиялық тұрақсыздыққа әкеліп соқтырмай ма деген тағы бір қауіп бар. Судың барлық деңгейде құбырлардан ағып кетуі, салқындататын судың өңделмеуі және көптеген артезиан құдықтарының қараусыз қалғаны аймақтағы су тапшылығы және су тасымалының қымбаттылығы жағдайында аса ауыр болып көрінеді.

9.2 Су ресурстарын басқару мен су қорғаудың институционалды және саяси межелері

Заңнамалық негіздер

2000-шы жылғы Қоршаған ортаны қорғау шараларына шолу жасалғаннан бері жаңа *Су кодексі* (9 шілде, 2003ж.) қабылданып, су мәселесіне қатысты заңдар мен актілер жаңартыла бастады. *Су кодексі* су мен гидравликалық нысандарды пайдалануға және иеленуге қатысты құқықтарды реттейді. Су және су қоймасы бар жер мемлекеттің ерекше меншігі болып табылады. Мемлекеттің функциялары экономикалық әрекетке қатысушы өзге тараптардан айқын ажыратылып, бөлек белгіленген. Әйтсе де институционалдық жүйенің басым бөлігі әлі де болса орталықтандырылған сипаттан арылған жоқ. Суды пайдалану мен суды қорғауға Су ресурстары комитеті жауапты басты орган болып (СРК) тағайындалды.

2003-ші жылғы *Су кодексі* бұрынғы (1993-ші жылғы) кодекске қайшы келмейді. Жаңа кодекс су бассейндерін басқару керек деген принципті күшейтіп, су менеджментіне қатысы бар түрлі үкіметтік және үкіметтік емес орындар арасында консультациялар жүргізуге жол ашты. Үкіметтік емес ұйымдар қатарына су пайдалушылар ассоциациялары және су саласындағы

басқа да үкіметтік емес ұйымдарды жатқызуға болады (бассейн деңгейінде арнайы кеңестік органдар құрып, солардың функциялары жайлы 43-мақаладан оқыңыз). Жаңа *Су кодексінде* ӨБҰ ұғымы берілген. Бұл өзен бассейндерінің ұйымдары (бұрынғы атауы – Бассейн суы департаменттері) деген сөз. Құжатта бұл ұйымдардың ролі мен мақсаттары келтірілген.

Осыған қоса, Су ресурстары комитеті (СРК) мен өзен бассейні ұйымдарының (ӨБҰ-лар) жұмысын реттеуді қолға алу туралы 2005-жылы арнайы қаулы қабылданып, Қазақстан су ресурстарының бірлескен менеджменті концепциясына қарай бет алды. Мысалы, қаулыда СРК-ға келесі функциялар жүктеледі: «басты өзен бассейндерінің әрқайсысына қатысты бірлесіп басқару принципіне сүйеніп, су ресурстарын пайдалану және қорғаудың негізгі жоспарын дайындау», «су қоймаларына қатысты мәлімет базасын жасап, соған қызығушылық білдірген барлық ұйымдар мен жеке тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз ету». Өзен бассейндері ұйымдарының (ӨБҰ-лар) басты мақсаты – «бассейн принципіне сүйеніп, су ресурстарының бірлескен менеджментін жүргізу» болып табылады (*Су кодексі*, 2003ж., 10-бап).

2002-жылы су менеджментін экожүйелік тұрғыдан жүргізу мақсатында *2010-жылға дейін су секторының дамуы және су менеджменті саясатының тұжырымдамасы мен Ауыз су бағдарламасы* қабылданған болатын. Бұл бағдарламалардың басты мақсаты – сумен қамтамасыз ету жүйелерін қалпына келтіру, жетілдіру және жаңадан салу; судың баламалы көздерін табу; су сапасын жақсарту; және су ресурстарын ұтымды пайдалану қажеттілігін насихаттау.

Институционалдық негіздер

Орталық деңгейде(Ұлттық деңгей)

СРК жер беті және жерасты су ресурстарын пайдалануға рұқсат беретін мемлекеттік орган болып табылады. Комитет, сондай-ақ, су жүйелерін басқару үшін, ұжымшарлар мен ауылдық жердегі халықты сумен қамтамасыз ету үшін де жауап береді. Су жүйелерінің басым бөлігі кеңес дәуірі кезінде салынғанын айтып кету керек. Міне осы міндеттердің бәрін орындау мақсатында комитет құрамында 34 адам жұмыс істейтін 3 департамент бар (9.1 суретін қараңыз).

СРК жұмысы аймақтық деңгейде сегіз ӨБҰ-ы арқылы атқарылады (өзен бассейндері туралы 9.1-бөлімде жазылған). ӨБҰ-лардың функциялары *Су кодексінің* 40-бабында және Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2005-жылдың 8-шілдесінде шыққан №136-бұйрығында толығымен сипатталады. *Су кодексінің* 40-шы бабында су менеджменті және суды реттеу мәселесіне қатысты басты роль орталықтандырылған мемлекеттік бір органға ғана жүктелген болса, жоғарыда аталған министрліктің бұйрығында үйлестірудің маңыздылығына ерекше орын беріліп отырғаны аңғарылады. Демек, бұл құжатта Су ресурстарының бірлескен менеджменті (СРБМ) принципіне қол жеткізу жолында бір қадам алға жасалды.

Шын мәніне келгенде, ӨБҰ-лардағы жұмыс істейтіндер саны өте аз (8 бассейнде барлығы 182 адам жұмыс істейді. Ең аз адам Шу-Таластағы ӨБҰ-да істейді – 16-ақ адам. Ең көп адам – 32 – Балқаш-Алакөл ӨБҰ-нда). Басты назар бұрынғысынша су ресурстарын сандық тұрғыдан басқаруға бөлінеді. Бұл Кеңес Одағы кезінде қалыптасқан әдет. Ұйымдарға жүктелген басты міндеттер келесідей:

- Су пайдаланушылардың салық органдарына тапсыратын су пайдалану декларацияларын тексеру және әкімшіліктік түрде бекіту; суды пайдалану төлемдерінің төленуін қадағалау (5 Тарау, 5.5-бөлімді қараңыз);
- Су ресурстары комитетіне су менеджментінің сандық есептерін және жоспарларын дайындау және тапсыру (толығырақ 9.3-бөлімде жазылған).

ӨБҰ-лар тапсыратын жоспарларда суға деген сұраныс пен ұсыныс деңгейіне қатысты болжамлар жасалып жүргенімен, судың ең ақырғы пайдаланушылары мен су пайдалануға қатысы бар әкімшіліктік өзге органдардан түскен мәлімет мүлдем келтірілмейді. Сондықтан, бұл жоспарларда суға қатысты проблемалар мен шараларға біржақты көзқарас берілген. Оның үстіне су ресурстарының сапасына қатысты берілетін мәлімет өте аз немесе жоқтың қасы. ӨБҰ-лардың бюджеттері өте аз болғандықтан, жоспарлау процесін түрлі секторлардағы сұраныспен байланыстырып, экономикалық шектеулерді есепке ала отырып, оларды жүзеге асыра алатын білімді мамандар жетіспейді.

9.1 Сурет: СРК құрылымы мен штаты



Дерек көзі: СРК, 2006ж.

Су басқаруға қатысы бар өзге де негізгі министрліктер мен ұйымдардың тізімі төменде келтіріледі. Мұнда барлық ұйымдар түгелдей берілмесе де, суды басқару мәселесінде түрлі үкіметтік құрылымдарға жүктелген жауапкершіліктің өзара ұштасып жататыны айқын көрсетіледі:

- **Қоршаған ортаны қорғау министрлігі:** экологиялық рұқсат қағаздарын беріп, жербеті суларының жағдайын бақылайды. «Казгидромет» ұлттық гидрометеорологиялық институты судың сапасы мен мөлшерін өлшеумен айналысады. Қоршаған ортаны қорғаудың аймақтық басқармалары қоршаған ортаға қатысты инспекциялардың жүрісін қадағалап, қалдық сулардың тасталуын бақылайды және ластаушы орындарды жауапкершілікке тартады. 2008-ші жылы осындай 16 облыстық басқарма екі есе қысқартылып, 8 өзен бассейніне сәйкестіріліп, 8 басқарма қалды (2 Тарауды қараңыз). Осыған қоса, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі экожүйелердің қорғалуын қамтамасыз ету үшін суды пайдаланудың негізгі режимдерін анықтайды. Бұл режимдер сулы-батпақты алқаптар, атыраулар, өзендер және көлдерге қатысты қолданылады.
- **Ауыл шаруашылығы министрлігі:** Құрамына Су ресурстары комитеті кіретін бұл министрлік өзге міндеттермен қатар ауыл шаруашылығындағы зерттеу, жер мелиорациясы, елдің оңтүстігіндегі бес облыста жүргізілетін ирригациялық жобалар үшін су қашыртқысы мен топырақтың сапасын жіті бақылау функцияларын атқарады. Бұған қоса, министрлік балық аулау секторындағы басқару үшін де жауап береді. Балық шаруашылығы жөніндегі комитет Ауыл шаруашылығы министрлігінің бір құрамдас бөлігі болып табылса да, оның Су ресурстары комитетімен арақатынасы өте әлсіз. Себебі Қазақстанда балықты су сапасының биологиялық индикаторы ретінде қарастырмайды.

- Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі: Бұл министрлік өзінің Геология және минералдық ресурстарды пайдалану комитеті арқылы жерасты сулары мен соның сапасын бақылау үшін жауап береді.
- Денсаулық сақтау министрлігі: Халықтың ауыз суға қол жеткізуі және ауыз су сапасы мәселелерімен айналысады. Бақылауды облыс деңгейіндегі санитарлық-эпидемиологиялық бөлімдер мен департаменттер жүргізеді.
- Төтенше жағдайлар министрлігі: Су тасқыны, қуаңшылық және су қоймаларын апат салдарынан қорғау мәселелері үшін жауап береді. Министрлік, сондай-ақ, гидравликалық нысандардағы қауіпсіздік шараларын қадағалауы қажет.
- Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі және Қаржы министрлігі: Бұл екі министрлік өзге министрліктер мен департаменттерге жүктелген міндеттердің орындалуына қажетті бюджеттің болуын қамтамасыз етеді. Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары су менеджменті саласындағы бюджет қатты қысқартылып, саладағы жұмыскерлердің саны 90%-ға дейін қысқартылған болатын. Ал қазір жаңа ұйымдастыру тұжырымдамасын қайтадан дамытуға мүмкіндік беретіндей икемділік жетіспейді. Су төлемдері бар болғанымен, солардың деңгейін есептейтін ӨБҰ-лар мен төлем жинайтын министрліктер арасында үйлесім жоқ.
- Әділет министрлігі: заңдар мен заң актілерінің өзара қайшы келмей, бірін-бірі толықтыруын қамтамасыз етеді. Бұл көпжақты су секторы мен су менеджменті үшін өте маңызды міндет.
- Табиғи монополияларды реттеу агенттігі: Су компанияларының су тарифтерін көтеру туралы өтініштерін қанағаттандыратын агенттік. Алайда шешімдерді қабылдаған кезде агенттік су қызметіне кететін шығындардың тиімділігіне қатысты зерттеу жүргізуді талап етпейді. Су тарифтеріне қатысты шешімнің бәріне саяси сипат тән. Су бағасы техникалық қызмет көрсету шығындарын өтей алмайды. Тарифтердің төмендігі суды пайдаланушыларға да ықпал жасай алмайды. Нәтижесінде су пайдаланушыларының суды үнемдеу дағдысы қалыптаспайды.
- Жер ресурстарын басқару агенттігі: су айырғыштардағы кеңістікті жобалау жұмыстарын реттейді. Демек, агенттік дренаж, эрозия, су тасқыны сияқты жағдайларда жасайтын шешімдері арқылы су ресурстары саласындағы менеджментке ықпал жасайды.

Жергілікті әкімшілік

Облыстар деңгейінде айрықша құзыреті бар ең маңызды мемлекеттік органға облыс әкімшіліктері жатады. Қазақстанда 14 облыс және арнайы мәртебе берілген 2 қала бар (Алматы мен Астана). Қала әкімшіліктерінің де су санитариясы және сумен қамтамсыз ету салаларындағы атқаратын ролі зор. Мұнда белгілі-бір аумақты дамытуға арналған бағдарламалар қабылданып, жергілікті бюджет бекітіледі.

Траншекаралық өзен бассейндерін басқару

СРК су ресурстарына қатысты халықаралық қарым-қатынас үшін жауапты орган болып табылады. Соның ішінде, комитет көршілес елдермен өзара келісімдер жасайды.

Қазақстан және Ресей Федерациясы арасындағы келісім

Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасында тарихи әрі сындарлы ынтымақтастық қалыптасқан. Соның негізі 1992 жылы қол қойылған *Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы үкіметтері арасындағы трансшекаралық су қоймаларын бірге пайдалану және қорғау туралы келісімде* қаланған. Келісімге қол қойылғаннан кейін Траншекаралық су қоймаларын бірге пайдалану және қорғау жөнінде екіжақты Қазақстан-Ресей комиссиясы құрылған болатын. Қазіргі уақытта комиссия географиялық аймақтар бойынша жұмыс топтарына бөлініп, жұмыс істейді. Суды өлшеу мәселелеріне баса назар аударылады (мысалы, су резервуарларын басқару мәселесі, су жинаудың межесін анықтау).

Қазақстанның Орталық Азия мемлекеттерімен арадағы келісімдері

Тарихы ортақ Орталық Азия елдері су саласында ынтымақтастықтың жоғары деңгейіне жетіп отыр. Бұл ынтымақтастықты аймақ деңгейінде орындалатын халықаралық бағдарламалар мен жобалар да жан-жақты қолдауға тырысады. Орталық Азияда суды үйлестіру жөнінде мемлекетаралық комиссия жұмыс істейді. Оның құрамына су компанияларының директорлары кіреді. Аталмыш комиссия Сырдария бассейніне қатысты ортақ су саясатын белгілеп, бассейнге кіретін елдердің әрқайсысына өзен суын пайдаланудың шегін тағайындайды. Аймақтың түрлі елдерінде бір орталыққа бағынатын тренинг орталықтары құрылып, трансшекаралық су менеджменті саласында ортақ кадрлар даярлау мен ортақ ресурстар жинақтау жүйесі қалыптасып келеді. Солай бола тұра, халықаралық ынтымақтастық жолындағы кедергілер де аз емес. Бір елдегі ирригация және су электр қуатын өндіруге қажетті су мөлшері екінші елдің мүддесіне жиі қайшы келеді. Инфрақұрылымның ескіріп кетуі де көршілес елдерге теріс ықпал жасап отыр.

Шу және Талас өзендеріне қатысты жасалған ынтымақтастықты корнекі мысал ретінде келтіруге болады. Бассейн деңгейінде суды бөлісу және гидротехникалық нысандарды жөндеп отыру жұмыстарын үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасында «Суды басқару нысандарын пайдалану жөніндегі мемлекетаралық мәртебесі бар комиссия» құрылды.

Қазақстан және Қытай арасындағы келісім

Жоғарыда атап өтілгендей, трансшекаралық Іле өзені бар Балқаш-Алакөл бассейні мен Ертіс бассейнідерінің жоғарғы ағысына қатысты Қытай елімен қарым-қатынас орнату Қазақстан үшін өте маңызды. Қазақстан және Қытай үкіметтері арасындағы келісімге 2001-жылдың 12-ші қыркүйегінде Астанада қол қойылған болатын. Содан кейін Трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Қытай бірлескен комиссиясы құрылды. Комиссия жылына бір рет бас қосады. Алайда Қытайдың Ертіс пен Іле өзендері суын пайдалану дағдысы және соның болшақта Қазақстан үшін теріс ықпал тигізу перспективасы екі ел арасындағы ынтықтастықты одан сайын күшейтуді талап етеді. Бұл үшін Қытайда даму жобаларын жүзеге асыру кезінде суға деген сұраныс қатаң шектелуі қажет. Жуырда Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы мен Еуропалық Комиссияның Қазақстандағы делегациясының қолдауымен Қытай, Қазақстан және Қырғызстан Іле-Балқаш бассейніндегі су ресурстарын бірігіп басқару туралы келісімінің жобасын жасады. Алайда бұл келісімге әлі қол қойылған жоқ.

9.3 Су ресурстарын интеграциялы басқару тұжырымдамасының негізінде өзен суалаптарын басқару

Өзен бассейндерінің институттары

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Қазақстанның су саласы өте қиын өтпелі кезеңнен өтті. Бұған ел ішіндегі су ресурстарының көршілес елдерге байлаулы екендігі, бассейндердің жабықтығы, яғни құрылықпен қоршалғандығы және тәуелсіздік жарияланғаннан кейін басқару жұмысындағы қызметкерлердің елден жаппай көше бастағаны себеп болды. Осының нәтижесінде алыс жатқан ауылдық жерлерге, мемлекеттік компаниялар мен ұжымшарларға ауыз су мен ирригация суын тасымалдауға арналған инфрақұрылымдық нысандар құлдырауға ұшырады. Бұл нысандардың бәрі қымбат әрі түбегейлі жөндеу жұмыстарын қажет етеді. Бүгінгі жағдайда оны қалпына келтіру экономикалық тұрғыдан тиімсіз көрінеді.

Жоғарыда сипатталғандай, суды басқару шаралары Қазақстанда екі деңгейде іске асырылады: облыс деңгейінде (немесе аймақтық деңгейде) және орталық деңгейде. Соған қарамастан, қатаң сатылас басқару жүйесіне үйренген әкімшілік органдары орталық деңгейге ғана ресми түрде есеп беріп, өзара мәлімет алмасу және өзара үйлестіру мүмкіншіліктеріне өте аз назар

аударды. Жиналған мәлімет бассейндің деңгейінде бірге қарастырылмай, бөлек-салақ, біржақты мағынадағы күйінде қала береді. Халықаралық ынтымақтастық жобалары, соның ішінде БҰҰДБ-ның жобалары осы жайтқа ерекше назар аударған болатын.

Соның нәтижесінде, заң шығару саласында су ресурстарының бірлескен менеджменті тұжырымдамасы туралы ең алғаш 2005-ші жылы ғана айтыла бастады. 2003-ші жылғы *Су кодексі*н, атап айтқанда СРК және ӨБҰ-лар туралы сөз қозғайтын 37 және 40-баптарды жіті зерттеген кезде, бұл екеуі су пайдалануды жоспарлауға да, рұқсат беруге де жауапты деп түсінуге болады. Шын мәнінде, қызметкерлердің жетіспеуі және ұйымдастыру деңгейінің төмендігі себепті бұл функцияларды толығымен орындау жоғарыда аталған органдардың қолынан келмейді. Оның үстіне аталмыш функциялар араларында нақты бөлінбегендіктен, СРК мен ӨБҰ-лар арасында келіспеушіліктер орын алып, су ресурстарының бірлескен менеджменті концепциясына тіптен қайшы келетін жағдай туындайды. Міндеттер, адам ресурстары мен бюджеттің анық бөлінбеуі, басқарудың тым орталықтандырылған нысаны және тиімділікті көтеруге жол ашатын ақпараттық технологиялардың тиісті дәрежеде пайдаланылмауы су ресурстарын бірлесіп басқаруды тежеп отыр.

Осы дағдарысты жағдайдан шығу жолдарын табу мақсатында су пайдаланушыларының қажеттіліктерін есепке алатын шаралар бағдарламасы жасалған болатын. Бұл бағдарлама әрбір бассейндің басқару жоспарының құрамына енгізілген.

Су басқаруға қатысты жоспарлар

Өзен бассейндерінің ұйымдары (ӨБҰ-лар) судың басқарылуына қатысты сандық есеп дайындап, соны Су ресурстары комитетіне (СРК) тапсырады. Бұл есепті жоспар деп те атауға болады. Мұнда әрбір облыс, әрбір бассейн бойынша ірі су пайдаланушылары (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, қала әкімшіліктері немесе су компаниялары) пайдаланылатын су мөлшері туралы мәлімет берілген. Бұл мәлімет пайдаланушыларға берілген рұқсат қағаздарындағы шектеулерге және су салығының төлеуіне негізделіп есептеледі. Басты су қоймаларындағы су балансы бақыланып, суды пайдалану динамикасы зерттеледі. Алайда судың сапасы мен қандай да бір түзеу шараларына қатысты мәлімет өте аз.

Бұрын гидротехникалық нысандардың салынуына жауап берген «Казгидроводколхоз» жобалау институты Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қатты қысқартылып, қазір мұнда бұрынғы 3 мың адамның 100-і ғана қалды. Институт контракт бойынша жұмыс істейді. Оның мамандары су ресурстарын бірлесіп пайдалану тұжырымдамасы мен жиынтық көрсеткіштерге негізделіп, әрбір бассейндегі ӨБҰ үшін жеке жоспар дайындады. Бұл жоспарлар суды сандық тұрғыдан басқару мәселелеріне арналғанымен, мұнда негізгі сызық сценарийі жасалып, басты шаралар және олардың инвестициялық шығындары беріледі. Әйтсе де, осы жоспарлардың өзінде егжей-тегжейлі мәлімет жоқ. Бұл мониторинг жасау және мәлімет жинау жүйелерінің жеткілікті деңгейде басқарылмауы себепті болып отыр. Екіншіден, аталмыш жоспарларда қолға алынатын шаралар бағдарламалары және тиісті қаржылық механизмдері берілмейді. Бүгінгі күні осы құжаттарды не әкімшілік қарастырмайды, не өзге мүдделі тараптар мен жергілікті қауымдастық зерттемейді.

2005-ші жылдан бастап БҰҰДБ-ның қолдауымен сегіз өзен бассейндің негізінде арнайы кеңес беру органдары құрылды. Солардың басты мақсаты – барлық мүдделі тараптарды басқару процесіне тарту үшін форумдар ұйымдастыру. Алайда бұл кеңес органдарының басым көпшілігі БҰҰДБ-ның қолдауымен алғашқы кездесу өткізілгеннен кейін өз беттерінше бір-де-бір рет форум ұйымдастырған жоқ. Демек су мәселелеріне қатысы бар түрлі ұйымдар мен халық өкілдері өзен суын пайдалану және басқару жоспарларын жасауға мүлде қатыспайды. Жоғарыда атап өтілгеніндей, үкімет тарапынан суды бірігіп басқару жолында бірқатар қадам жасала бастағанымен, әлі де болса саяси қолдау мен тәжірибе жетіспейді.

9.4 Су ресурстарын интеграциялы басқару тұжырымдамасының негізінде өзен суалаптарын басқару

Жалпы жағдай және статистика

БҰҰДБ-ның мәліметіне сәйкес, 2006-жылы Қазақстан халқының 39 пайызы таза ауыз суға тұрақты түрде қол жеткізе алмаған. Бұл проблема әсіресе ауылдық жерде қатты байқалады. Ауылдық жерде тұратын халықтың үштен екісінің қолы ауыз суға әрдайым жете бермейді (9.1 кестені қараңыз).

Осыған ең алдымен сумен қамтамасыз ету жүйесінің техникалық ескіргені себеп болып отыр. Су нысандарының басым көпшілігі осыдан 25-30 жыл бұрын салынған. Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары қаржының жетіспеуі себепті сирек жүргізілетін болды. Бір жағынан мемлекеттің бұл мақсаттарға бөлетін қаржысы бұрынғымен салыстырғанда азайса, екінші жағынан су бағасының әдейі төмен деңгейде ұсталатындығы салаға қаржы тартуға мүмкіндік бермейді. Техникалық құрал-жабдықтар физикалық және моральдық жағынан ескіріп қалды. Тек соңғы жылдары ғана, *2002-2010-жылдарға арналған Ауыз су бағдарламасы және 2004-2010-жылдарға арналған Ауыл бағдарламасы* қабылданғаннан кейін ғана ауыз сумен қамтамасыз ету жүйелерін жаңартуға біртіндеп көбірек қаржы бөліне бастады.

СРК үйлестіретін мемлекеттік бюджет негізінен ауыз суды аймақтар арасында тасымалдау жүйелерін қалпына келтіру мақсатында жұмсалады. 2000-жылы осыған 705 миллион теңге (4,96 миллион АҚШ доллары) бөлінсе, 2006-жылғы бюджет 18,416 миллиард теңгені (146 миллион АҚШ доллары) құраған. 2007-жылы бұл көрсеткіш 25 000 миллиард теңге шамасында (204 миллион АҚШ доллары) болады деп болжанып отыр.

Осы қаржы есебінен қалпына келтірілген нысандар қазіргі таңда жүйелі түрде облыс әкімшіліктерінің қолына беріліп жатыр. Алайда болашақта осы нысандарды жөндеуге жергілікті билік органдары мен суды пайдаланушылардың мұршасы жетпейтіндігіне ұқсайды. Өзге техникалық мүмкіндіктер де жіті зерттеліп көрмеген. Мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаржының күрт ұлғайғанына қарамастан, өткен қателіктер қайталануы әбден мүмкін.

9.1 Кесте: Халықтың ауыз су мен канализацияға қолжетімділігі

	Халық саны		Ауыз суға қол		Канализацияны	
	Адам	Пайыздық үлес	Адам	Пайыздық үлес	Адам	Пайыздық үлес
Қалаларда	8 520 222	57,0	6 777 789	79,4	5 373 499	63,0
Ауылдық жерде	6 433 510	43,0	2 319 360	36,1		
Барлығы	14 953 732	100,0	9 097 149	60,8		

Дерек көзі: БҰҰДБ-ның «Қазақстанда ауыз су мен канализацияға қол жеткізу» есебі, 2006-жылдың қаңтар айы.

Ал қалалар деңгейінде болса, су басқару жүйесі 2000-ші жылдан бастап орталықсыздандырыла бастағаннан кейін қала әкімшіліктері мен су компаниялары (*Суканал* компаниялары) өздерінің басқару құрылымдары мен нысандарын өзгерткілері келмей, дайындық жұмыстарына, үйлестіру шараларының қажеттілігіне қажетті көңіл бөлмей, аз коммуникация және жеткіліксіз тәжірибе жағдайында жұмыс істей берген. Аймақтық қалаларда эксперимент түрінде мынадай басқару үлгілері жүзеге асырылып көрген: а) толыққанды жеке компаниялар моделі (Шымкент); ә) жартылай мемлекеттік компаниялар (Қарағанды); б) мемлекеттік компаниялар (Ақтөбе); және в) лизингтік компаниялар (Павлодар). Ауылдық елді мекендерде және тұрғындар саны 20 мыңнан аз шағын қалаларда негізінен жеке компаниялар енгізілген. Кейін осы жаппай әрі стихиялық жекешелендіру процесіне шамалы тоқтау салу үшін Президенттің

арнайы №4694 қаулысы шығып, стратегиялық маңыздылығы бар су қоймалары мен нысандары мемлекеттің бақылауында қалу керек екендігі ұйғарылды.

Аталмыш өтпелі кезең кезінде *Суканал* компанияларының кейбірі су мөлшерін есептейтін есепші құралдарды (счетчиктерді) қолданысқа енгізуді қолға алды. Мысалы, Шымкентте жедел жұмыс істейтін компаниялардың кейбірі 100% толығымен осындай есепшілерге көшіп үлгерді. Бұл суға деген сұраныстың күрт қысқаруына әкелді. Демек, суға тиімді инвестициялар жасау жолында ілгері қарай бір қадам жасалды.

Басқару жүйесі қаншама әр түрлі болса, су тарифтері де соншама әркелкі болады. Қалалық жерлерде су тарифтері бұрынғыдай төмен болып қала берді. Әсіресе орташа тұрмыс деңгейі ең жоғары Алматы қаласында: ауыз су бағасы - 12,34 теңге/м³ (0,10 АҚШ доллары), канализация бағасы – 7,28 теңге/м³ (0,059 АҚШ доллары). Суы ең қымбат дейтін қалаларда ауыз су мен канализацияның жалпы бағасы шамамен 50 теңге/м³ (0,40 АҚШ доллары) құрайды. Су төлемдерін жинау дәрежесі негізінен жоғары деуге болады. Бірақ төмен табыс табатын үй шаруашылықтары шоғырланған жерлерде суға жоғары баға тағайындалғанда, төлемдерді жинау деңгейі 40 пайызға түсетін кездер де болады.

Су компанияларының мәліметтеріне қарағанда, қалалық жерлерде су қызметін көрсетуге кететін пайдалану шығындары көбіне өтелмейді, сондықтан компаниялар мемлекеттік субсидияларсыз күн көре алмайды. Субсидиялар инвестициялар жасау үшін ғана емес, кейде тіпті компаниялардың пайдалану шығындарын өтеу үшін де қажет. Бұл алаңдатарлық жағдай болып отыр. Себебі шығындардың өтелмеуі компаниялардың су желілері мен тазарту нысандарын жөндеуді, жетілдіруді тежеуі мүмкін.

Су тарифтері жергілікті билік орындары мен Табиғи монополияларды реттеу агенттігіне бірдей тәуелді. *Суканалдары* бюджетке өтініш жасаған кезде инвестициялық жоспарды да қосып жіберулері тиіс. Солай бола тұра су компанияларының шығындары өтеле ме, жоқ па, сондай-ақ төмен табыс табатын тұтынушылар тағайындалған су тарифтерін көтере ала ма, алмай ма – осының ешқайсысы әлі күнге дейін зерттелмеген көрінеді. Бұған қоса тағы бір проблема – жергілікті және орталық билік органдары (әкімшіліктер және Табиғи монополиялар агенттігі) *Суканалдарының* қаржылық өтініштерін объективті техникалық критерийлерге сүйеніп бағалай алмайтынға ұқсайды. Сондай-ақ, облыс әкімшіліктерінде инвестициялар жасау процесінің процедуралық, әрі техникалық жақтарын басқаруға мүмкіндік беретін тәжірибе мен білім жетіспейді.

9.5 Қорытындылар мен ұсыныстар

Қоршаған ортаны қорғау шараларына алғашқы шолу жасалғалы бері жаңа заңдар мен стратегиялар қабылданып, Қазақстанның кең байтақ аумағындағы су ресурстарын бірігіп басқаруға бағытталған даму процесі басталып, жаңа су саясаты іске асырылып келеді. Осы жаңа саясаттың құрамдас бөліктері түрлі халықаралық ынтымақтастық жобалары арқылы алға жылжытылып, трансшекаралық бассейндерге қатысты келісімдерге қол қойылып, су пайдалануға қатысы бар түрлі мүдделі топтарды басқару процесіне тарту мақсатында сегіз бассейндік аумағында арнайы кеңес топтары құрылған болатын.

Алайда саяси ынталандырудың әлсіздігі себепті Қоршаған ортаны қорғау шараларына алғашқы шолу жасалғаннан бері су саласындағы басқару ісі реформаланбай, бұрынғы күйде қала берді. Бұған су ресурстарын басқару ісіне қатысы бар түрлі әкімшілік органдардың арасында үйлесімнің жетіспеуі де өз әсерін тигізеді. Қазіргі таңда су менеджментінің жеке мәселелерімен (мысалы, қоршаған ортаны қорғау, суды ауыл шаруашылығында пайдалану, жерасты суын жерге шығару, су сапасын бақылау) айналысатын түрлі билік орындары арасында үйлесімдік емес, ал өзара қарсыласу әдеті кеңінен қанат жайып келеді. Ауыл шаруашылығы министрлігі құрамындағы Су ресурстары комитетінің қолында айтарлықтай билік те, тәуелсіздік те жоқ болғандықтан, оның беделі түсіп жатыр. Судың негізгі пайдаланушысы болып табылатын осы комитет су басқару ісіне қатысы бар өзге органдардың функцияларын үйлестіре алмайды.

Екінші жағынан, үкімет көп жағдайда су менеджментіне қатысты мәселелердің бәрін кешенді түрде жіті қарастырмастан шешімдер қабылдай салады. Сондай-ақ, СРК мәртебесінің төмендігі оған трансшекаралық су ресурстарына қатысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуіне мүмкіндік бермейді. Орталық Азия мен Қытай арасындағы ымыралық шешімге тек ең жоғары деңгейде және мәліметтің толық жиналуы мен екі жақтың мүддесін есепке алатын жоспарлау жағдайында ғана қол жетуі мүмкін.

Су басқарудың түрлі аспектілерімен шұғылданатын институттар арасындағы тартысқа міндетті түрде тоқтау салынуы керек. Агенттіктер арасында мәлімет алмасу жетілдіріліп, бірлесіп жұмыс істеу және шешім қабылдау тәжірибесі дамытылуы керек. Шешімдер жоғары деңгейде қабылданып, министрліктер арасында ашық үйлесім болуы керек. Өз беттерінше шешім қабылдайтын түрлі үкіметтік ұйымдар арасында «көпір» салынуы керек.

9.1 ұсынысы:

Үкімет Тұрақты даму жөніндегі ұлттық кеңеске жоғары дәрежеде шешім қабылдау өкілеттігін беріп, су ресурстарын пайдалану және қорғауға қатысты маңызды мәселелер бойынша үйлестіру жұмысын жүктеуі керек.

Тұрақты даму жөніндегі ұлттық кеңес шешім қабылдай бастауы үшін оған жоғары-сапалы техникалық және қаржылық мәлімет берілуі керек. Бұл мәліметті сегіз өзен бассейні ұйымдарымен тікелей жұмыс істейтін орталықтағы бір билік органы жинай алады. Осы органды қазіргі Су ресурстары комитетін қайта ұйымдастыру арқылы құруға болар еді. Сонда СРК-ның ОБҰ-лармен арадағы иерархиялық байланысы үзілмейді. Бұл су секторындағы іс-әрекеттердің бәрін ойдағыдай үйлестіріп, су ресурстарын бірлесіп басқару жоспарын дайындауға мүмкіндік береді. Осы міндетті іске асыру үшін мына талаптардың орындалуы қажет: а) мәлімет жинақтау, сақтау және реттеу мүмкіндіктері арттырылуы тиіс; ә) қаржы тапшылығы мәселесін шешуге көмектесетін экономикалық анализ жасалуы тиіс; б) халықтың су проблемаларына қатысты хабардар болуына жағдай жасалып, тұтынушылардың басқару процесіне қатысуына мүмкіндік беру мақсатында қоғамдық коммуникация жетілдірілуі керек; және в) су мониторингі және мәлімет негізінде үлгілеу. Сондай-ақ, аталмыш жаңа орган өзге билік орындарының ешқайсысы атқармайтын келесі міндеттерді жүзеге асырады: түрлі мақсаттарға пайдаланылатын судың сапасын жақсартуға бағытталған іс-шаралар бағдарламасын дайындау; мәлімет жинау, сақтау және реттеу жұмысын үйлестіру; жалпыұлттық су мониторингі бағдарламасын жасап, соны орындау және «тұтынушы төлесін», «ластаушы төлесін» принциптерін практика жүзінде қолданысқа енгізу.

9.2 ұсынысы:

Үкімет су ресурстарының бірлескен менеджменті шеңберіндегі жоспарлауды қолға алып, су секторындағы іс-әрекеттерді өзара үйлестіретін жоғары мәртебелі бір құрылымның негізін салуы керек. Осыны Ауыл шаруышылығы министрлігінің жанындағы Су ресурстары комитетін қайта ұйымдастыру арқылы жасауға болар еді. Жаңа орган су ресурстарын пайдалану және қорғауға қатысты ұлттық саясатты дамытып, орындаған болар еді.

9.2 ұсыныстың әр тұстарын жүзеге асырып, алдағы жылдары пайда болатын жаңа қиыншылықтардан сүрінбей өту үшін Қазақстанға ең алдымен кадрлар сапасы мәселесін шешу керек. Халықаралық ынтымақтастық жобалары ақпараттық және жалпы қолдау көрсете алады. Орталық Азияның өзге елдерімен су менеджменті тәжірибесіне қатысты белсенді түрде ынтымақтасып, әрбір елдің ең озық тәжірибесінен үйренуге болады. Бұл Орталық Азияда су үйлестіру жөніндегі мемлекетаралық комиссияның шеңберінде қазірдің өзінде қолға алына бастады. Қатысушы елдер бүкіл аймақ бойынша су ресурстары жөніндегі біртұтас тренингтік орталықтар жүйесін құрып үлгерді. Осы және осыған ұқсас басқа да шаралар әрі қарай жетілдіріліп, алға жылжытылуы керек. Қазақстанның су саласындағы басқару әкімшілігі (СРК және ОБҰ-лар) жаңа білім мен тәжірибені орталық деңгейде де ақпараттық және коммуникациялық технологияның көмегімен тарата алар еді. Жаңа ғасыр мүмкіндіктері Қазақстан үкіметі шеңберінде әлі сәл шектеулі болғанымен, болашағынан үлкен үміт күттіреді.

Жаңа технологияның көмегімен түрлі географиялық аймақтарда орналасқан ұйымдар және сондағы жұмыскерлер бірлесіп жұмыс істеп, ақпарат бөлісіп, тәжірибе алмасар еді. Бұл шығындарды да қысқартар еді: мысалы, қызметтері ұқсас, бірақ түрлі ӨБҰ-ларда жұмыс істейтін қызметкерлер жұмысты өзара үйлестіруге бағытталған кездесулерді коммуникациялық технологияның көмегімен белгілеп, өткізе алар еді. СРК немесе басқа бір орталық орган мамандарының ұйғаруымен ұйымдастырылатын осындай кездесулер ӨБҰ-лар деңгейіндегі жұмысты тиімді ұйымдастырып, тәжірибе алмасуға жақсы мүмкіндік берер еді.

9.3 ұсынысы:

Үкімет су саласындағы институттарды су ресурстарының бірлескен менеджменті тұжырымдамасы тұрғысынан ұйымдастыру мақсатында жаңадан құрылған жұмыс топтарын тренингтерден өткізіп, солардың тәжірибесі мен білім деңгейін көтеруге жағдай жасауы керек. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар сияқты қазіргі заманғы жаңа тәсілдер алға жылжытылып, су ресурстарының жағдайына қатысты толық әрі сенімді ақпарат жинастырылуы қажет.

Қазақстан 90-жылдардан бері ауыз сумен қамтамасыз ету және қалдық суларды жинау (канализация) жүйелерін жөндеу жұмыстарына тиесілі қаржы бөлмеген. Осылай бола берсе, қалпына келтіру және жаңарту жұмыстары қолға алынбаса, Кеңес Одағы дәуірінен сақталып қалған инфрақұрылым әбден тозып бітуі мүмкін. Бірқатар облыстардың басты қалаларындағы инфрақұрылымдық нысандардың 80 пайызы ескіріп, облыстар арасындағы суды үйлестіру желілерінің кейбірі тіптен істен шыққан. Ұлттық су бағдарламасы қабылданып, салаға ақша біртіндеп құйыла бастағаннан кейін сумен қамтамасыз ету секторы мен өзен бассейндерін басқару секторы біріне - бірі қолдау көрсете алатын, су саласына инвестицияның тұрақты түрде келіп, тиімді пайдаланылуына мүдделі одақтастар бола алады. Су ресурстарының бірлескен менеджменті анық әрі түсінікті су саясатын жасауға қолдау көрсетіп, ең жақсы, ең икемді су ресурстарын таңдап, суды пайдалану мен қорғаудың ең жақсы жолдарын іздеуге көмектесер еді.

Сумен қамтамасыз етуді басқару ісін жетілдіру мақсатында өзге де шаралар қолға алынуы керек. Мысалы, су бағасы бейімделіп, су қызметтерінің сапасы жақсартылып, су компанияларының жұмысына мониторинг жүргізіліп, су қызметін көрсету секторында жұмыс істейтін қызметкерлердің біліктілігі көтерілуі керек. Бұл шараларды су бассейндеріндегі әкімшіліктер СРК-ның басшылығымен барлық деңгейдегі инстанциялармен ынтымақтаса отырып жасауы тиіс.

9.4 ұсынысы:

Үкімет сумен қамтамасыз ету және канализация нысандарына салынатын инвестициялардың ақталуын қамтамасыз ету мақсатында су компанияларын (Суканалдары) басқарудың механизмдерін енгізе бастауы тиіс.

Сондай-ақ, 5.4 ұсынысты қараңыз.

ҚОСЫМШАЛАР

I Қосымша: Экологиялық қызметтің нәтижелілігі туралы Бірінші шолуда мазмұндалған ұсыныстарды жүзеге асыру

II Қосымша: Жекелеген аймақтық және жаһандық табиғат қорғау келісімдері

III Қосымша: Жекелеген экономикалық және экологиялық көрсеткіштер

IV Қосымша: Қазақстандағы қоршаған ортаны қорғауға қатысты негізгі заңнамалық актілердің тізбес

I Қосымша

ЭКОЛОГИЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ ТУРАЛЫ БІРІНШІ ШОЛУДА МАЗМҰНДАЛҒАН ҰСЫНЫСТАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ*

**I-БӨЛІМ: ҚОРШАҒАН ОРТА САЯСАТЫ МЕН МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЗАНДЫҚ
ЖӘНЕ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**1 Тарау: Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған заң құралдары және
институционалдық тұғырнама**

1.1 ұсыныс:

Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған заңнаманы күшейту үшін енді жетіспейтін заңдар мен заң актілерін дайындап (мыс., озон, биологиялық әр түрлілік, флора мәселелеріне қатысты), бұған дейін қабылданған заңдарды іс жүзінде орындауға күш салу керек. Ең басты назар қоршаған орта сараптамасының процедурасын соңына дейін анықтайтын, қоршаған орта саласындағы қамсыздандыру схемасын (соның ішінде міндеттемелер схемасын) қалыптастыратын, қоғамды қатыстыру процедураларын айқындайтын және, қоршаған орта туралы мәліметтерге қол жеткізу құқығын қорғайтын заң актілеріне аударылуы тиіс. Бұрынғы Кеңес Одағы кездерінен қалған ескі заң құралдарын жаңадан жетілдіру керек. Министрліктің құрамында қоршаған ортаға қатысты заң шығару жұмысын үйлестіретін арнайы заң департаменті құрылуы қажет. 3.1, 5.1, 7.1, 8.1, 9.1, 13.1. ұсыныстарын қараңыз.

2000-жылдан бері ел үкіметі заңнамадағы кем-кетіктерді толтырып, бірқатар заң мен заң актісін қабылдап үлгерді. Ел Президентінің 2006-жылы халыққа жолдаған жолдауынан кейін, 2007-жылы Экологиялық кодекс қабылданды. Аталмыш кодекс қазақстандық заңнаманы халықаралық көпжақты келісімдермен сәйкестендіруге, өзге мемлекеттердің заң жүйелеріндегі озық тәжірибені есепке алып, жаңа стандарттаға көшуге, қоршаған орта саласында мемлекеттік бақылау жүйесін дамытуға бағытталған. Экологиялық кодекс бір жылдың ішінде әзірленді. Ауа қабатын қорғау туралы заң және Қоршаған ортаны қорғау туралы заң сияқты 80-ге жуық түрлі нормативтік құжат Экологиялық кодекстің құрамына кіргізілді. Кодекстің әзірленуіне берілген уақыттың тар болғаны сонша, кодекс қабылданған кезде 40-тан астам заң актісі әлі дайын болмаған еді. 2008-жылдың сәуір айына жетіспеген 46 нормативтік құжаттың бәрі қабылданып үлгерді. Қоршаған орта саласындағы заңнаманың барлық аспектілерімен айналысатын және соған байланысты әрекеттің бәрін үйлестіруші орган - Қоршаған ортаны қорғау министрлігі құрамындағы Заң және халықаралық ынтымақтастық департаменті.

1.2 ұсыныс:

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұлттық іс-әрекет жоспары қайта қаралып, сондағы басымдықтар қайта анықталуы қажет. Бұл жоспар қоршаған ортаны қорғау саласындағы жүйелі іс-шаралардың бірден-бір жоспарлау бағдарына айналуы тиіс. Онда көрсетілген қадамдардың барлығына сәйкесінше қаржы бөлінуі қажет. Жаңадан жасалған өзгерістер өзге стратегиялық саясат құжаттарға қайшы келмеуі шарт. Өзгертілгеннен кейін жоспарды басып шығарып, Парламенттің қарауына беру керек. Жоспардың орындалуын тұрақты түрде бақылайтын және өзгеріс енгізетін механизмдер келісіліп, басып шығарылуы тиіс. 14.2 ұсынысты қараңыз.

* Қазақстанда алғашқы шолу 2000-жылы жасалды

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұлттық іс-әрекет жоспарының мерзімі 2000-жылы аяқталды. 2003-жылы Қазақстан 2004-2015-жылдарға арналған Экологиялық қауіпсіздік туралы тұжырымдаманы қабылдады. Бұл құжат алғашқы жоспардың орнын басты деуге болады. 2004-жылы аталмыш тұжырымдаманың келешек сатыларын орындауға бағытталған іс-шараларды анықтайтын 2004-2006-жылдарға арналған іс-шаралар жоспары қабылданады. 2005-2007-жылдарға арналған Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы да 2004-жылы қабылданды. 2007-2009-жылдарға арналған іс-шаралар жоспары 2007-жылы қабылданды. Бағдарламада атқарылуға тиісті шаралар мен жобалармен қатар, соған жауапты мемлекет органдары, орындалу мерзімдері және шығындар көрсетілген. Бұл кез-келген жоба мен бағдарламалардың мемлекеттік бюджетке енгізілуінің алғышарты болып табылады. Алайда, Қазақстанда іс-шаралардың орындалуын тұрақты түрде бақылау әдістемелері жетілмеген. Сондықтан, іс-шаралардың жүзеге асырылуын, орындалу есептері мен шығындар есептерінің көмегімен ғана қадағалауға болады.

1.3 ұсыныс:

Қоршаған ортаны басқару институттарының барлық міндеттері мен жауапкершіліктері жетілдірілген, әрі ашық болуы тиіс. Ол үшін Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі ішкі және сыртқы (өзге министрліктер және әкімшіліктермен) қатынастарды дамытуы қажет. Радиоактивті менеджментке жауапты институттар анықталуы керек. Қоршаған ортаның жағдайы туралы есептер дайындайтын департамент тағайындалуы тиіс. Қоршаған ортаны инспекциялау қызметтері күшейтіліп, соларға тренинг, құрал-жабдықтар және қаражат берілуі керек. 6.5 ұсынысты қараңыз.

2000-жылдан кейін үкімет құрамы ауысып, қоршаған орта саласындағы басқару органдары өзгеріске ұшырады. Геология, суды қорғау, жер, орман және биологиялық әр-түрлілік мәселелері Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің орнын басқан Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің құзырынан алынып, өзге министрліктерге берілді. Осы өзгерістің нәтижесінде аталмыш салаларда қоршаған ортаны қорғау сапасының қаншалықты жақсарғанын тексеру мүмкін емес. Үкімет құрылымындағы өзгерістерден кейін түрлі органдардың функциялары бірін-бірі қайталап, министрліктер арасындағы ынтымақтастық деңгейі шамалы нашарлап кетті. Кейінгі уақытта үкімет орындарына әрекеттердің барлығын өзара үйлестіру жөнінде ресми талаптар қойылып, кейбірінің функциялары қайта анықталып, осының нәтижесінде басқару органдары өзара үйлесімдірек жұмыс істейтін болды. Түрлі министрліктерде қызмет ететін жұмыскерлер өзара жақсырақ танысып, ақпаратты көбірек бөлісетін болды. Радиоактивтік бақылау жүргізу міндеті Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне жүктелді. Қоршаған ортаның жағдайы туралы ұлттық есепті жыл сайын Қазақстанның Экология және климат жөніндегі зерттеу институты әзірлейді. Бұл есеп «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми зерттеу» мемлекеттік бағдарламасының аясында жасалады. Аталмыш бағдарлама Қоршаған орта министрлігі қарамағындағы Тұрақты даму және ғылыми-талдамалық қолдау көрсету департаментінің басқаруымен жүзеге асырылады. Қазақстанда экологиялық инспекциялар жүргізу саласында біраз жетістіктерге қол жеткізілсе де, өндіріс процесі мен қоршаған ортаны қорғау шараларын толығымен бағалап-зерттеу мүмкіндігі әлі де болса өте төмен. Бұған өндіріс процестерін толығымен түсінбеу, тәжірибенің жетіспеуі және мониторинг жүргізетін құрал-саймандардың жетіспеуі әсер етеді.

1.4 ұсыныс:

Біртұтас экологиялық ақпарат жүйесі біртіндеп құрыла басталуы тиіс. Экологиялық ақпараттың таратылуы осы жүйенің аясында реттелуі қажет. Бұл процесі Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі және басқа да үкіметтік институттардағы экологиялық ақпаратты түгендеуден бастау керек. Түгендеуден түскен мәліметті дер кезінде және жүйелі түрде жариялау халықтың экологиялық ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуге жол ашар еді. 10.1 және 12.4 ұсыныстарын қараңыз.

Қоршаған орта мен табиғи ресурстарды бақылаудың біріккен мемлекеттік жүйесін (ҚОТРББМЖ) құру жобасының аясында түрлі үкіметтік органдар жүзеге асыратын экологиялық мониторинг пен мәлімет жинауды сапалы үйлестіру мақсатында заң және институционалдық деңгейде бірқатар шаралар қолға алынды. 2001-жылы үкімет ҚОТРББМЖ-ні құру мен жүргізудің ережелерін бекітті. 2005-жылы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі аталмыш жүйенің жұмысын ұйымдастыру мен жүргізу мақсатында агенттіктердің бірлескен жұмыс тобын құрды. Оның құрамына Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, басқа да үкімет орындары мен ғылыми институттардың мамандары кірді. 2007-жылдың мамыр айында Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жүйенің аясында алмасуға тиесілі ақпарат түрлерін анықтап, соның алмасу нысаны мен тәртібін белгіледі. Ал 2006-жылы министрлік өзге үкімет орындарымен бірлесіп, ҚОТРББМЖ-нің тұжырымдамасын қабылдап, 2007-жылы осы тұжырымдаманың жекелеген тұстары Экологиялық кодекске енгізілді.

2004-жылы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі төрт түрлі ақпарат түрін сақтайтын интернетке қосылған мәлімет базасын құрастырудың моделін жасауға кірісті. Осы төрт ақпарат топтарының бірі қалдықтардың ауаға шығарылуын, төгілуін, биологиялық әр-түрлілік пен табиғи ресурстарды қозғайды. 2005-жылы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Ақпараттық және талдамалық орталығы табиғи ресурстарының кадастрлері (түгендемесі) туралы мәлімет сақтайтын электрондық базаны құрастыра бастады. Осы бастама үкіметтің 2000-жылы шыққан «Цифрлік гео-ақпарат жүйелеріне негізделіп, Қазақстан Республикасындағы табиғи нысандардың мемлекеттік кадастарлері кіретін біріккен жүйені құру туралы» қарарын орындау аясында қолға алынды. 2007-жылғы Экологиялық кодекс осындай кадастрлер мен мәлімет базаларының құрылуын құптайды.

1.5 ұсыныс:

Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі халықтың қоршаған орта туралы білімін көтеру мақсатында үкіметтік емес ұйымдармен (ҰЕҰ) бірлесіп жұмыс істеуі керек. Қоршаған орта саласында білім беруді жетілдіру мәселесі бойынша да осылай жасау қажет. Ғылым және білім беру министрлігімен бірлесіп, қоршаған ортаға қатысты тренинг бағдарламаларын ортақ қаржыландырыған дұрыс болар еді. Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, сондай-ақ, облыстар деңгейінде қоршаған орта мәселесімен айналысатын органдарда жұмыс істейтін қызметкерлерді оқыту бағдарламалары анықталуы керек. 10.1 ұсынысын қараңыз.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қоғамдық кеңес Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің бұйрығымен құрылды. Оның құрамына республикалық экологиялық ҰЕҰ-дардың өкілдері кіреді. Кеңес мүшелері Қоршаған ортаны қорғау министрлігі алқасының кеңейтілген отырыстарына қатысып, сонда талқыланатын құжаттардың жобаларына қатысты өз пікірлерін білдіреді. Министрліктің құрамына кіретін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық басқармалардың (ҚОҚТБ) ҰЕҰ-мен ынтымақтасу нысандары әртүрлі болады. Мысалы, Алматы қалалық ҚОҚТБ-сы қалада қоршаған орта мәселелерімен белсенді айналысатын 22 ҰЕҰ-мен бірлесіп жұмыс істеу туралы арнайы келісімге қол қойды. Қоршаған ортаны қорғау министрлігі салада жұмыс істейтін ұйымдарды 2004-жылдан бастап қаржылай қолдап келеді. 2007-жылы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі ҰЕҰ-дар тарапынан іске асырылған төрт жобаны қаржыландыру мақсатында 10 миллион теңге жұмсады. Аумақтық басқармалардың да ҰЕҰ-дарды қолдайтындай арнайы бюджеттік қаржысы бар.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің ақпараттық және талдамалық орталығы 2005-жылдан бастап Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар саласындағы менеджмент мәселелеріне арналған тренинг орталығын басқарып келеді. Бұған қоса, Қазақстанның экология және климатты зерттеу институты өнеркәсіп орындары үшін арнайы техникалық курстар жүргізеді. Мемлекеттік қызметкерлердің білімін жетілдіретін Мемлекеттік басқару академиясы оқу бағдарламасына қоршаған ортаға қатысты пәндерді енгізді. Білім беру және ғылым министрлігінің құрамында қоршаған орта және тұрақты даму саласында білім беру мәселелеріне жауапты арнайы құрылым жоқ. Білім беру саласын дамыту жөнінде 2005–2010-

жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында қоршаған орта немесе тұрақты даму саласында білім беруге қатысты қандай да бір шаралардың қолға алынуы қарастырылмайды. Аталмыш екі министрлік арасындағы және басқа да министрліктер мен мүдделі топтар (ҰЕҰ-дар, университеттер, бизнес топтары, т.б.) арасындағы ынтымақтастықтың деңгейі әді де болса төмен.

2 Тарау: Басқару құралдары және экономикалық құралдар

2.1 ұсыныс:

Қазақстан тұрақты дамудың алғышарты ретінде қоршаған орта саласындағы менеджментке және экологиялық проблемаларды шешуге мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлуге ынта білдіруі қажет. Мемлекеттік бюджетке, аймақтық бюджеттерге және қоршаған ортаны қорғау қорларына экологиялық айыппұлдар мен төлемдер қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жобалар арасында үлестірілуі тиіс. Экологиялық төлемдер деңгейі қоршаған ортаны қорғауға кететін қаржы деңгейінен жоғары болса, төлемдер деңгейі қысқартылуы керек. Шығын пайда болатын болса, оның орнын өзге салықтар есебінен толтыру шарт. 8.6 ұсынысты қараңыз.

Үкімет қоршаған ортаны қорғау проблемаларын шешу мақсатында қаржы бөлуді тоқтатпаса да, қаржыландыру көлемі қысқарып келеді. Соңғы бірнеше жыл бойы қоршаған ортаны қорғауға кеткен шығындар көлемі жалпы мемлекеттік шығындардың 0.5-ақ пайызын құрады. 2002-2005ж.ж. аралығында жергілікті әкімшіліктердің экологияға жұмсаған қаржы көлемі ауаның ластануы үшін жиналатын төлемдер көлемінен әлдеқайда аз болған. Тек 2006-жылы ғана шығындардың деңгейі табыс деңгейімен орта есеппен теңелді.

2.2 ұсыныс:

Экологиялық төлемдердің бір бөлігін өнеркәсіп орындарының өздеріне қалдырып, солар бұл ақшаны қоршаған ортаны қорғау шараларына жұмсайтындай салық жеңілдіктері жүйесі қалыптастырылуы керек. Ұзақ мерзімде қоршаған ортаны ластау үшін жасалған төлемдердің бір бөлігін экологиялық инвестицияларға қажетті жұмсақ несиелерге беруге болар еді. Бұл тек қоршаған ортаның жағдайы айтарлықтай жақсарған кезде ғана мүмкін болады.

Жеке меншік сектордың қоршаған ортаны қорғау мақсатында жасайтын шығындарын арттыруды көздейтін салық жеңілдіктері жетіспейді. Экологиялық төлемдерден түсетін табыс (иә болмаса, соның бір бөлігі) кәсіпорындарға ластауды төмендету және бақылау жүргізу шараларын қаржыландыру мақсатында қайта берілмейді. Қаржыландыруға мүмкіндік бере алатын жұмсақ несиелер тарату жүйесі де әлі қалыптаспаған.

2.3 ұсыныс:

Қоршаған ортаны қорғау қорларын басқару тәсілдері қайта қарастырылса, аймақтардың арасындағы қоршаған орта жағдайына қатысты айырмашылық азаяр еді.

Қоршаған ортаны қорғау қорлары және экологиялық төлемдерді алдын-ала үлестіру шаралары 2002-жылы күшін жойды. Қоршаған ортаны қорғау шаралары республикалық және облыстық бюджеттерден қаржыландырылып отырады.

2.4 ұсыныс:

Экологиялық рұқсат қағаздарын үлестіру және экологиялық зардапты бағалау жүйелері жаңа жағдайға және жаңа қажеттіліктерге сәйкес әрі қарай жетілдірілуі керек. Осы орайдағы кезек күтірмейтін басты міндет – экологиялық рұқсат берген кезде технология критерийіне сүйеніп шешім қабылдау. 11.2 ұсынысты қараңыз.

Қоршаған ортаға тиетін әсерді бағалау жүйесі мен экологиялық рұқсат беру жүйесін реформалау халықаралық тәжірибеге сүйену арқылы жүзеге асырылып отырған. Қоршаған

ортаға тиетін әсерді бағалау жүйесі, оның процедуралары да қалың жұртшылыққа түсінікті әрі анық болатындай деңгейге дейін жеткізілді. Алайда бағалау шараларының аясы кәсіпорындардың барлығын дерлік қамтиды. Олардың көлемі, шағын және орта бизнес басым келетін салалардың қазіргі қажеттіліктері есепке алынбайды. Іс-әрекеттің бөлек-бөлек түрлеріне берілетін экологиялық рұқсат қағаздар бірегей бір құжатқа біріктіріліп, жаңадан қабылданған Экологиялық кодексте 2008-жылдан бастап ірі индустриялық секторлар үшін біртұтас рұқсат беруді енгізу керек деп ұйғарылған. Осындай бірегей рұқсат қағаздарындағы талаптар қолда бар ең ұтымды технологияларға негізделетін болады. Алайда бұл әдісті қолданысқа енгізуге керекті білім мен тәжірибе деңгейі жетіспейді.

3 Тарау: Халықаралық ынтымақтастық

3.1 ұсыныс:

Елдің қоршаған ортаға қатысты заңнама жүйесі халықаралық нормалар мен стандарттарды есепке алып қана қоймай, күшіне ене алатындай және қатаң қадағалатындай болуы тиіс. Қоршаған орта нормалары мен іс-шаралар жоспарларын халықаралық міндеттемелерге сәйкес жүзеге асыру және қадағалау ісі Қазақстанның экологиялық саясатының ең басты міндетіне айналуы керек. 1.1 ұсынысты қараңыз.

2007-жылы қабылданған Экологиялық кодекс қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы бір жүйеге келтіріп, соны халықаралық нормалар мен стандарттарға, әсіресе Еуропа Одағы заңнамасына сәйкестендіруге бағытталған. Алайда экологиялық заңдарды жүзеге асырудың тиімді механизмдері әлі де болса жетілмеген. Қоршаған орта саласында ратификациядан өткен халықаралық келісімдердің талаптарын орындау мақсатында бірқатар саяси құжаттар мен іс-шаралар жоспарлары дамытылды, немесе дамытылып жатыр. Халықаралық экологиялық ынтымақтастық саласындағы ұлттық бағдарламаларды жүзеге асыруға жауапты басты мемлекеттік орган болып табылатын Қоршаған ортаны қорғау министрлігінде не ресурстар, не білім мен тәжірибе деңгейі жетіспейді. Қоршаған орта және тұрақты даму саласындағы басты саяси құжаттарда халықаралық ынтымақтастықтың жекелеген тұстары атап көрсетілмейді.

3.2 ұсыныс:

Орталық Азия елдері арасында, әсіресе трансшекаралық су және су объектілеріне қатысты мәселе бойынша ынтымақтастық күшейтілуі керек. Экономикалық мүддеден гөрі табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауға баса назар аударылуы тиіс. Аймақтық экологиялық іс-шаралар жоспарын дайындау кезінде аймақтық деңгейдегі мәселелерге ортақ, бірлескен шешім ізделуі қажет.

Қазақстан қоршаған ортаны қорғау саласында екіжақты, әрі көпжақты аймақтық ынтымақтастық құруға белсенді араласып келеді. Ел үкіметі қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты ондаған мемлекеттермен, соның ішінде Орталық Азиядағы көршілес елдермен екіжақты келісімдерге қол қойды. Аймақтық ынтымақтастық саласында ерекше назар трансшекаралық су мәселелеріне бөлінген. Қазақстан және Қырғызстан арасында Шу мен Талас өзендері бойынша Су менеджменті нысандарын пайдаланудың үкіметаралық комиссиясы құрылды. Комиссияның жұмысы оң бағаланып, Орта Азияда трансшекаралық сулар бойынша ынтымақтасудың жақсы үлгісі ретінде қарастырылып отыр.

Басты аймақтық проблемаларды шешу мақсатында 2001-жылы Аймақтық экологиялық іс-шаралар жоспары дүниеге келді. Алайда бұл жоспардың жекелеген мемлекеттер деңгейінде қалай орындалатыны туралы ақпарат жоқ. Сондай-ақ, осы құжаттың негізінде аймақтық және екіжақты деңгейде әлі бір де бір жоба жасалып көрмеген. Сондықтан, аталмыш жоспар аймақтық ынтымақтастықты дамытуға, аймақтық проблемаларға ортақ шешім табуға қауқарсыз болып шықты деп түйіндеуге тура келеді.

3.3 ұсыныс:

Ұлттық экологиялық орталықтың тәжірибесі жалғастырылып, оны Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің құрамына қосу керек. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық конвенциялар мен саяси құжаттар және солардың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы туралы ақпарат республикалық және облыстық деңгейде таратылып, үкіметтің барлық деңгейлерінде және халық арасында арнайы оқыту және білім беру бағдарламалары қолға алыну керек. Қазақстан халықаралық экологиялық конвенциялардың ел үшін маңыздылығын зерттеп, соның негізінде ең басты құжаттардың барлығын ратификациядан өткізу мақсатында еңбектенуі керек.

Ұлттық экологиялық орталық өз жұмысын тоқтатты. Қоршаған орта саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру жауапкершілігі Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің құрамындағы Заң және халықаралық ынтымақтастық департаментіне жүктелді. Халықаралық экологиялық келісімдерге сәйкес ұлттық саясатты дамытып, соның жүзеге асырылуын үйлестіру міндеті де аталмыш департаментке табысталды. Халықаралық экологиялық келісімдер туралы білім беру мақсатында, ұлттық деңгейде бірқатар білім беру және тренинг бағдарламалары жасалды.

Қазақстан көпжақты экологиялық келісімдердің 24-не жеке тарап болып қосылды. Қоршаған ортаны қорғау шараларына алғашқы шолу жарыққа шыққан бері сол келісімдердің 12-сі ратификацияланды. Дегенмен, келісімдердің іс жүзінде күшіне енуіне жол ашатын хаттаманың көпшілігін Қазақстан әлі де болса ратификациядан өткізбеді. Солардың ішінде БҰҰ-ның климаттың өзгеруі бойынша негіздемелік конвенциясына қатысты Киото хаттамасы және БҰҰ-ның Еуропаға арналған экономикалық комиссиясы дайындаған конвенциялардың хаттамалары бар.

II БӨЛІМ: ЛАСТАУДАН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МЕНЕДЖМЕНТІ

4 Тарау: Ауаны қорғау менеджменті

4.1 ұсыныс:

Санаулы ластаушыларға арнап, ластау концентрацияларының қысқа мерзімдік және жылдық шектерін анықтау қажет. Соларды Дүниежүзілік денсаулық ұйымының нормаларымен сәйкестендіру керек. Жаңадан ашылған және қайта құрудан өткен ластау көздері шығаратын техникалық эмиссиялардың шегі анықталып, бұл көрсеткіш ауаны қорғау жөніндегі заң құжаттарына енгізілуі керек. Бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан ауаны ластайтын нысандарға эмиссия көлемдері жаңадан анықталған ресми нормаларға сәйкес шығарылуы үшін біршама уақыт беру керек.

Ауаның сапасын қадағалау саласындағы реттеу шаралары әлі де болса Дүниежүзілік денсаулық ұйымының нормалары мен әдістеріне сай келмейді. Ластаушы кәсіпорындарды осы нормаларға бағындыру мақсатында экологиялық рұқсат қағаздарын беру жүйесіне жаңа элемент қосылды. Ол - қоршаған ортаны қорғауды жетілдіру бағдарламасы. Оның көмегімен кәсіпорындардың экологиялық шараларының аясын біртіндеп кеңейтуге болады.

4.2 ұсыныс:

Ауаны қорғау жүйесін қарапайым ғана стандарттарға сай келтіру мақсатында ауа сапасын бақылау және метеорологиялық мониторинг жүргізу бағдарламаларын ең болмағанда 1990-жылғы деңгейге дейін қайта жеткізу керек. Ауа менеджменті саласындағы болашақ талаптарға бүгіннен дайындалып, жалпыұлттық және аймақтық мұқтаждықтарға бейімделген жаңа мониторингтік жүйе қалыптастырылуы тиіс. Сондай-ақ, ауа сапасының стандарттары қайта қарастырылып, бекітілуі қажет. 14.6 ұсынысты қараңыз.

2000-2007-жылдар аралығында жылжымайтын тұрақты мониторинг жасау станцияларының саны үш есе көбейді. Соның үстіне он жаңа жылжымалы лаборатория жұмыс істейді. Мониторинг жүргізу жүйесі жаңартылып жатыр. 2006-2008-жылдары осы жұмыстарға

бюджеттен бөлінген қаржының есебінен 2009-жылға дейін 29 автоматтандырылған мониторинг станциясын құрып, 9 жылжымалы лабораторияны құрастыруға болады. Мониторинг жүргізу стратегиясы әлі қалыптастырылмаған.

4.3 ұсыныс:

Ауаның ластануын қысқартуға бөлінетін қаржы ең алдымен табиғатқа көп залал келтіретін энергетика саласына берілуі қажет. Мұнда таза технологиялар және/немесе таза отынды енгізу арқылы эмиссиялар көлемін көп шығынсыз-ақ қысқартуға болар еді. 13.2 ұсынысты қараңыз.

Ауаның ластануын қысқартуға қаржы бөлінетін кезде энергетика саласына қатысты қандай да бір мәселелер есепке алынбайды. Алайда таза отын және таза технологияларды енгізу мәселесі үкімет бағдарламаларының кейбірінде атап өтіледі. Мысалы, 2007-2024ж.ж. арналған Қазақстан Ресубликасының тұрақты дамуға өту стратегиясы мен оның орындалуына қатысты жоспарларда нақты іс-шаралар қарастырылған. Ауаның ластануына шек қою және бақылауды күшейту бойынша инвестициялардың басым бөлігін жеке кәсіпорындар көтереді. Мемлекет бюджетінен болса осы мақсатта бөлінетін қаржы көлемі өте шектеулі. Бұл әсіресе энергетика секторында анық байқалады.

4.4 ұсыныс:

Заң шығару шаралары мен экономикалық ынталандыру шаралары этилді бензинді айналымнан шығаруға, заңсыз этилдендіру әрекеттерін тоқтатуға бағытталуы керек. 14.5 ұсынысты қараңыз.

Этилді бензин 2003-жылы ресми түрде айналымнан шығарылған болатын. Алайда этилді бензин шетелден заңсыз әкелініп, этилді емес бензинді этилдендіру әрекеттері тыйымдалып келеді.

4.5 ұсыныс:

Ауа атмосферасын қорғау мақсатында автокөліктердің техникалық параметрлері туралы арнайы нұсқау шығару керек. Ауа эмиссияларын қысқартатын автокөліктер үшін кеден төлемі және салықтың деңгейі айтарлықтай төмен болуы тиіс. Техникалық параметрлерді тексеретін автокөлік инспекциялары күшейтілуі қажет.

Техникалық бақылау жүргізу және реттеу тұжырымдамасы 2003-жылы заң жүзінде бекітілді. Бұл заң барлық салаларды бірдей қамтиды. Оған сәйкес реттеу саясатының жекелеген тұстары және шаралары әрі қарай жетілдірілуі тиіс. Осыған орай Қоршаған ортаны қорғау министрлігі автокөліктерден ауаға бөлінетін эмиссияларға қатысты үкімет жарлығының жобасын даярлады. Бұл құжатта автокөліктен шығатын улы газдардың максималды мөлшері, шу деңгейі және отын сапасының критерийлері берілген. Осы талаптар Евро 2/II стандартына сай келеді. 2008-жылдан бастап, үкімет жаңа автокөліктерге қатысты Евро 2 стандартын қолдана бастайды. Алайда қолданыста жүрген көліктерді бұл ереже қамтымайтын болады. Аз күкіртті бензин қолдануға үгітте умақсатында бензиннің түріне қарап салық салу саясаты жуық арада енгізілмейтінге ұқсайды. Жолаушыларға арналған автокөліктер үшін жыл сайын төленетін көлік салығының деңгейі мотордың көлеміне байланысты. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы аумағында өндіріліп, 6 жылдан астам уақыт бойы қолданыста жүрген көліктерге салық жеңілдіктері беріледі. Солай бола тұра, осындай машиналар өзге аймақтардан елге әкелінетін көліктерге қарағанда ауаны анағұрлым көп ластайды.

5 Тарау: Қазақстанның шығыс облыстарындағы муниципалды және өндірістік қалдықтар менеджменті

5.1 ұсыныс:

Қазіргі заманғы қалдықтар-менеджменті жүйесін құрудың, соның ішінде аймақтық және жергілікті деңгейлерде әлеуетті ұлғайту шараларының алғы шарты ретінде қалдықтар

туралы заңды қабылдау керек. Заң қабылданғаннан кейін соған бағынышты заң актілері дайындалып, қолданысқа енгізілуі қажет. 1.1 ұсынысты қараңыз.

2004-жылы Қоршаған ортаны қорғау туралы заңға енгізілген өзгерістер өндірістік және тұрмыстық қалдықтар бойынша қазіргі заманғы менеджмент жүйесін есепке алады. Жеті түрлі заң актілері қабылданды. Заң талаптарына сай, қалдықтарды сақтайтын полигондар жұмысы басталды. 2007-жылы қабылданған Экологиялық кодекске халықаралық стандарттарға негізделген қалдықтар менеджменті туралы қағидалар енгізілген. Базель конвенциясы және Еуропа Одағы нұсқауларына сәйкес, қалдықтарды сыныптау жүйесі Қазақстан үшін бейімделіп алынған.

5.2 ұсыныс:

Түрлі әкімшіліктік деңгейлердегі қалдықтар менеджментін үйлестіру жұмыстары қалдықтар-менеджменті бағдарламасын даярлау арқылы жүзеге асырылу керек. Аталмыш бағдарлама қоршаған орта жағдайына қатысты аймақтар арасындағы келеңсіз айырмашылықтарды жоюға бағытталуы тиіс. Бұған қоса, қалдықтар туралы кешенді стратегия толығымен дайындалғанға дейін мына мәселелерді реттеп алған жөн:

- *Кен өндірісі және металлургиялық өндірістен қалған қалдықтардан құнды компоненттерді бөліп шығарып, қайта өңдеуден өткізу дәрежесін көтеру керек*
- *Жағдайы ең қиын дейтін ірі қалалардан бастап, елдің барлық аумағында муниципалды тұрмыс қалдықтарын жинап, іріктеп, орталықтандырылған түрде кәдеге жарату жүйесін енгізу. Бақылауға алынбаған қалдық төгу орындарын біртіндеп жою*
- *Барлық ірі қалаларда тұрмыс қалдықтарын жеке түрде жинап, тасымалдауды және, қайта өңдеуді жолға қою. Осыны қалдықтардан энергия өндіру үшін де қолдануға болар еді*
- *Медициналық қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату үшін қажетті жағдайлар жасау*
- *Қалдықты кәдеге жарату орындардың барлығын тексеретін мониторинг жүйесін құрып, қаржыландыру*

9.2 ұсынысты қараңыз.

Экологиялық кодекс қалдықтарды иелену құқықтарын анықтайтын нормаларға сүйеніп, иесі жоқ қалдықты әкімшіліктің немесе мемлекеттің меншігі деп атайды. Қоршаған ортаны қорғау министрлігі қалдықтарды төгудің және сақтаудың нормативті жүйесін жасау үшін жауапты болып табылады. 2006-жылдан бастап облыстық деңгейдегі қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламалардың барлығында қалдықтар менеджментіне арналған тараулар болуы тиіс. Бақылауға алынбаған кездейсоқ қалдық полигондарын жабу процесі басталды. Муниципалды қалдықты жинау жүйесі ірі қалаларда жұмыс істеп жатыр. Муниципалды қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті әлі толығымен қалалық әкімшіліктерге жүктеледі. Сондықтан қиыншылықтар жоқ емес. Медициналық қалдықтар қауіпсіз жолмен қалдық полигондарында орналастырылған арнайы пештерде отқа жағылып жойылады. Алайда, жалпы алғанда, қалдықтар менеджменті саласында әлі де болса түбегейлі жетілдіру жұмыстарын жүргізу керек.

5.3 ұсыныс:

Қазақстанның статистика жөніндегі агенттігі Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, сондай-ақ, жергілікті әкімшіліктермен бірлесіп, өндірістік және муниципалды қалдықтарды өндіру, сақтау және кәдеге асыру туралы статистикалық мәліметті жинап, есеп беру жүйесін әрі қарай жетілдіру керек. Зақымданған орындар және қалдықтар төгілетін барлық полигондар, соның ішінде жұмыс істейтін және жабылып қалған қалдық орындарының тізімдері ұдайы даярланып отыруы тиіс.

2006-жылы Статистикалық агенттік тұрмыстық қалдықтар туралы мәлімет жинайтын екі түрлі жаңа статистикалық нысанды қолданысқа енгізді. Оның нәтижесін бағалау әзірше мүмкін емес.

6 Тарау: Радиоактивті зақымдануға ұшыраған аумақтардың менеджменті

6.1 ұсыныс:

Ресей басқару органдарынан, мұрағаттардан (әскери, экологиялық, санитарлы-эпидемиологиялық станциялар), сондай-ақ, басқа да ақпарат көздерінен, соның ішінде халықаралық деңгейде, уранды өндіру шахталарындағы қалдықтардың төгілуі туралы (төгу орындары және тағы басқа), қауіпсіздік зоналары, ядролық жарылыстар, радиоактивті материалдардың сақталуы, қоршаған ортаға мониторингтің жасалуы және радиациялық сәуле шығаратын орындарды табу жұмыстары туралы барлық құжаттар мен мәліметтерді анықтау керек. Осы мәліметтің бәрі іріктеліп, бағаланып, толық түрінде (географиялық мәліметпен қоса) ұлттық, аймақтық және жергілікті басқару орындарына ақырғы өңдеуге жіберілуі тиіс.

«Волковгеология» институты республика бойынша ескі уран өндірісінен қалған радиоактивті материалдар салдарынан зақымданған жерлерді аудандастырып, залалды аумақтарды анықтаумен айналысады. Институт Денсаулық сақтау министрлігінің санитарлық және гигиеналық қызметімен бірлесіп, осындай зақымданған аудандардың радиоактивті және гигиеналық паспорттарын даярлайды. Бұл шара 2004-жылы жарық көрген «Қазақстан Республикасының радиоактивті қауіпсіздігі» атты мемлекеттік бағдарламасын орындау шеңберінде қолға алынған. Ұлттық ядролық орталық бұрын ядролық сынақ орны болған Семей полигоны территориясында радиологиялық және экологиялық сараптама жасап жатыр. Бұған дейін қауіпсіз деп саналған аудандардың кейбірінде радиоактивті сәуле шығару фактісі анықталды.

6.2 ұсыныс:

Гидрометтің радиометрикалық жүйесі қайта жаңғыртылып, қазіргі заманғы өлшеу және талдау техникалары меңгерілуі тиіс. Стандарттандырылған өлшеу, бағалау және есеп беру процедуралары енгізілуі қажет. Табиғи және антропогендік факторлардың себебінен пайда болған жоғары радиоактивті аудандарға жіті назар аударылуы керек. Сондай-ақ, радон деңгейлеріне мониторинг жасау мақсатында өлшеу шаралары қолға алынуы қажет. 14.4 ұсынысты қараңыз.

«Қазгидромет» атмосфераның зақымдану деңгейін гамма-радиацияны және қалалардағы радиациялық атмосфералық қалдықтар мөлшерін күнделікті өлшеу арқылы бақылап отырады.

6.3 ұсыныс:

Радиацияның зиянсыз дозасы деңгейіне негізделіп, зақымданған жер мен материалдарды болашақта пайдаланудың стандарттары мен нұсқаулары даярлануы керек. Осындай зақымданған материалдарды пайдалану туралы шешімдер мемлекеттік немесе жергілікті деңгейде қабылдануы тиіс. Бұл үшін екі түрлі жолдың барлық оң және теріс жақтары жете зерттелуі қажет: зақымданған жерді материалдардан тазалау немесе радиациясы бар жерді қоршап алып, оны әрі қарай пайдаланудың жолын табу. Осы тектес шешімдерді қабылдауға жергілікті халықты тарту керек. Бұл ақпаратты тарату бағдарламасын орындауға үлес қосар еді.

2004-жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының радиациялық қауіпсіздігі» туралы мемлекеттік бағдарламасы аясында «Волковгеология» институты ескі уран кен орындары аумақтарында радиацияға душар болған жерлерді іздеп, соларға тұрақты радиологиялық мониторинг жүргізумен айналысады.

6.4 ұсыныс:

Уран және басқа да табиғи ресурстарды өндіру және байыту, әскери және бейбіт мақсаттағы жарылыстарды жасау, радиоактивті көздерді өндіріс мақсатында пайдалану және ядролық реакторды жұмыс істету сияқты іс- әрекеттер нәтижесінде пайда болатын радиоактивті қалдықтарды сақтаудың жан-жақты тұжырымдамасы жасалуы керек. Бұл тұжырымдама әрбір объектінің өзіндік параметрлерін есепке алып, «мейлінше аз» (ALARA) принципінің негізінде ғана дамытылуы қажет. 9.4 ұсынысты қараңыз.

Экологиялық кодексте радиоактивті материалдар мен ядролық энергияны пайдаланудың, радиоактивті заттар және қалдықтармен жұмыс істегенде радиоактивті қауіпсіздікті қамтамасыз етудің талаптары берілген. Кодексте, сондай-ақ, радиоактивті қалдықтар төгіліп, сақталып жатқан объектілерге де талаптар қойылады. 2001-жылы Уран өндірісі кәсіпорындарын консервациялау және уран депозиттерін өндірудің салдарын жою туралы 2001-2010ж.ж. арналған бағдарлама қабылданып, ол қазір іске асырылып жатыр (8 Тараудағы 8.3 қосымшасын қараңыз).

6.5 ұсыныс:

Зақымдалған аумақтарды басқару, реттеу және радиациядан қорғау саласында жауапкершілікті бөлу процесі жетілдірілуі керек. Саясат басымдықтарын ерекше бөліп шығару мақсатында Атом энергиясы комитеті Табиғи ресурстар және қоршана ортаны қорғау министрлігінің басқарылуына берілуі қажет. 1.3 ұсынысты қараңыз.

Зақымдалған аумақтарды басқару мен реттеу және радиоактивті қорғау міндеттері Энергетика және минералды ресурстар министрлігіне жүктелді. Атомдық энергия комитеті осы министрліктің құрамына кіреді. Комитет зақымдалған аумақтар мен радиациядан қорғау мәселелері бойынша Қоршаған орта министрлігімен бірлесіп жұмыс істейді.

6.6 ұсыныс:

Семей ядролық полигонына қатысты дайындалған қалпына келтіру және реабилитациялау шаралары мен жобалары, соған жағдайы ұқсас басқа да залалды аумақтарға бейімделуі керек. Семей ядролық полигонына қатысты жиналған тәжірибе пайдаланылып, өмірге енгізілуі тиіс.

Радиоактивті материалдар мен қалдықтарды сақтайтын объектілердің үстінен бақылау жүргізу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары жасалып жатыр. 2001-жылы Уран өндірісі кәсіпорындарын консервациялау және уран депозиттерін өндірудің салдарын жою туралы 2001-2010ж.ж. арналған бағдарлама қабылданып, орындалып келеді. Семей ядролық полигонының тарихы ерекше болғандықтан, онда жиналған тәжірибе іс жүзінде жиі қолданылмайды.

7 Тарау: Су ресурстарының менеджменті мен сапасы

7.1 ұсыныс:

Су кодексі тезірек қайта қаралуы тиіс. Жаңа заң суды тиімді пайдалану және судың ластануын азайту мәселелеріне басты көңіл бөлуі керек. Бұл құжатта су сапасының нормалары, қалдық суларын төгу стандарттары және алға қойылған мақсаттарға жетуге жол ашатын экономикалық және басқару құралдары анықталуы қажет. 1.1 және 14.1 ұсыныстарды қараңыз.

Жаңа Су кодексі 2003-жылы қабылданды. Кодекс су ресурстарын басқару саласында қазіргі заманғы тәсілдерге көшуге негіз береді. Су бұрынғысынша мемлекеттің меншігі болып, түрлі үкіметтік органдардың жауапкершіліктері шамалы бірін-бірі қайталап жатқанымен, жалпы алғанда, үкіметтің ролі бұрынғымен салыстырғанда біршама анығырақ айқындалып, экономикалық өзге тараптардан бөлек сипат алды. Су ресурстарының бірлескен менеджменті принципі заңнамаға кіргізілсе де, соған қажетті экономикалық құралдар мен мемлекеттік қаржы

жетіспейді. Нәтижесінде, бірлескен менеджментті жүзеге асыра алатын білімді әрі тәжірибелі адам ресурстары жоқ.

7.2 ұсыныс:

Сумен қамтамасыз ету қызметтерінің, үкіметтік емес ұйымдардың, жеке меншік секторының және жергілікті қауымдастық топтардың басын қосатын институционалды құрылымдар жасалуы тиіс. Бұл аталмыш тараптардың сумен қамтамасыз ету жобалары және санитария мәселелері бойынша пікір алмасып, тәжірибелерін ортаға салып, шешім дайындауларына мүмкіндік берер еді. Түрлі құрылымдардың су саласындағы менеджментке қатысты тәсілдеріндегі айырмашылықты болдырмау мақсатында республика деңгейінде стандарт енгізу жауапкершілігі реттелеуі қажет. Институционалдық өзгерістердің басты мақсаты – бассейндер іс-жоспарларын (әсіресе жоғары тәуекелді бассейндер және солардың құрамындағы өзендер, көлдер, жер асты сулары) дайындау болып табылады.

Өзен бассейндері кеңестерін құруға негіз беретін заңнамалық тұғырнама 2003-жылы қабылданған Су кодексінде қаланды. Кейін БҰҰДБ-ның көмегімен Өзен бассейндерінің кеңестері құрыла бастады. Алайда қосымша жұмыс әлі де болса көп. Алдымен республикалық деңгейде заң реформаларын алға жылжытатын консультациялық механизм құрылу керек. Жергілікті деңгейде болса, сумен қамтамасыз ету және санитарлық тазалықты сақтау мәселелеріне қатысты халықты көбірек араластыру керек. Себебі ұсынылатын жаңа қызметтер ең алдымен халықтың мұқтаждарын есепке алып, тұтынушылардың төлеу қабілетіне негізделуі тиіс. Мониторинг жүргізу, стандарттарды анықтау жұмысын жолға қою үшін айқын деректер базасы мен сапа менеджменті қажет.

7.3 ұсыныс:

Ауыз су жүйесінің қала және ауыл тұрғындары үшін ұзақ мерзімде қауіпсіз болып қалуын көздейтін шаралар жетіспейді. Бұл шаралардың қатарында жер асты су қорларын анықтап, соларды қорғау, сондай-ақ, тұтыну зонасындағы жер асты суларына қауіп төндіретін ластау көздерін тауып, түгендеп, мөлшерлеуге мүмкіндік беретін шұғыл бағалау процедураларын дамыту және қолдану сияқты іс-әрекеттер бар. 14.1 ұсынысты қараңыз.

2002-2010 ж.ж. арналған «Ауыз су» салалық бағдарламасы қабылданып, мемлекет бюджетінен бөлінген 100 миллион АҚШ доллары есебінен қаржыландырылып келеді. Үкімет алғашқы кезде аймақаралық сумен қамтамасыз ету және үйлестіру жүйесін қалпына келтіруге біршама инвестициялар жасағанымен, су объектілеріне қажетті қаржы бәрібір жетіспейді. Нәтижесінде, объектілер ескіріп, инфрақұрылымның нашарлануы салдарынан қалалардағы ауыз су сапасы төмендей түсуде. Ұлттық деңгейде сумен қамтамасыз ету объектілері үстінен мониторинг жасайтын жоғары тәжірибелі кадрлар жетіспесе, жергілікті деңгейде инвестициялар менеджментін жүзеге асыра алатын адамдар жоқ.

7.4 ұсыныс:

Жан-жақты су стратегиясы және соны толықтыратын іс-жоспар бағдарламасы дайындалуы керек. Аталмыш стратегия сумен қамтамасыз ету мәселесіне ғана емес, қалдық суларды тазалаудың тиімділігі мәселесіне де назар аударуы тиіс. Келесі қадамдар жасауға болар еді:

- *Канализация және қалдық суларды тазалау мен кәдеге жарату жүйесіне салынатын инвестициялардың ең бастылары анықталуы керек. Соның ішінде жаңа қондырғыларды салып, ескі қондырғыларды қалпына келтіру жұмыстары да бар. Аталмыш инвестициялар алдын-ала жоспарланып, қаржыландыруға қатысты дайындық жұмыстары қолға алынуы керек.*
- *Барлық тұтынушылар үшін есепші құралдар орнатылуы керек.*
- *Суға баға тағайындау стратегиясын анықтап алу қажет. Судың бағасы су өндірісі мен қалдық суларды кәдеге жарату жүйелерін қолдауға кететін инвестицияларды, жөндеу жұмыстарын және пайдалану шығындарын толығымен ақтауы тиіс. Осының салдарынан ұзақ мерзімде пайда болатын әлеуметтік қиыншылықтарды су бағасының есебінен шешуге*

болмайды. Бұл сумен қамтамасыз ету және кәдеге жарату мәселелерін одан сайын қиындатып жібереді.

- Қалдық суларды тазалау объектілерінде жұмыс істейтін жұмыскерлерге арнап тренингтер өткізу керек. Зауыт қондырғыларын іске қосу, басқару және құралдарды пайдалану сияқты сауалдар қамтылуы керек.

Су менеджментіндегі ұзақ мерзімді мәселелерді шешуге бағытталған жан-жақты су стратегиясын дамытып, қабылдауға мүмкіндік беретін реформалар баяу жүргізіледі. Алайда су объектілерін басқарудың сапасы біртіндеп жақсарып келе жатыр. Бұған қоса судың пайдаланылуын өлшейтін құрал-жабдықтарды орнату және пайдалану ісінде де айтарлықтай жетістіктер бар. Бұл көптен күткен су тарифтерінің өзгертілуіне жол ашуы мүмкін.

8 Тарау: Арал және Каспий теңіздері аймақтарындағы жекелеген проблемаларды шешу

Каспий теңізіндегі менеджмент

8.1 ұсыныс:

Каспий аймағының экологиялық бағдарламасын орындауға қажетті заңнама жүйесі шұғыл түрде құрылып, күшейтілуі керек. Заң жүйесі тиесілі органдардың бағдарламаны орындауға қатысты жауапкершіліктерін айқындап, проблемаларды шешуге бағытталған үйлестіру жұмысын реттеуі тиіс. Атап айтқанда, қатысушы органдар мен институттар арасында ақпарат алмасу міндетке айналып, бағдарламаны қаржыландыру көздері анықталуы керек.

1.1 ұсынысты қараңыз.

2000-жылдан кейін Каспий теңізіне қатысты реттеуші құжаттар дайындалып, қабылдана бастады. Құжаттардың басым бөлігі Каспий теңізі аймағында жұмыс істейтін компанияларға қойылатын арнайы талаптарды тізіп шығады. Бұған қоса, аймақтағы іс-әрекет түрлері, кәсіпорындардың жергілікті және ұлттық органдарға экологиялық мәліметті жинап, тапсыру сияқты қоршаған ортаға қатысты міндеттемелері атап көрсетіледі. Бұл мәліметті аймақ ішіндегі және соның сыртындағы мүдделі топтардың бәрі алып, пайдалана алады. Мәліметті, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа жария етеді. 2007-жылы қабылданған Экологиялық кодексте, Каспий теңізін қорғаудың алғышарттары мазмұндалады.

8.2 ұсыныс:

Мұнай өндірісімен айналысатын компаниялар (мемлекеттік және жеке меншік) маңыздылығы ерекше кез-келген қалпына келтіру жұмысын қаржыландыруға тартылуы керек. Бұрын ластанған объектілерді тазалау және сол үшін бейімі бар белгілі-бір технологияны анықтау мақсатында пилоттық жобаларды қаржыландыру керек. Мұнай секторында жұмыс істейтін өндірушілерден қаржы жинап, соны қалпына келтіру жұмыстарына үлестіретін қорды құру мүмкіндігі қарастырылуы керек.

Басты ірі мұнай компаниялары қоршаған ортаға бұрын тигізілген және қазіргі күні тигізілетін зиянды жою мақсатында экологиялық іс-әрекеттерді қолға алып келеді. Қазмұнайгаз, Теңізшевройл (ТШО) және Аджип сияқты басты компаниялардың басым көпшілігі ISO 14001 сертификатын жеңіп алған. Мемлекеттік Қазмұнайгаз компаниясы 2006-2015ж.ж арналған Жан-жақты экологиялық бағдарламаны даярлады. Аталмыш бағдарлама әсіресе бұрыннан зақымдалған объектілерді қалпына келтіру міндетіне көп көңіл бөледі. Қалпына келтіру жұмыстарын қаржыландыратын қордың құрылуы туралы мәлімет жоқ.

8.3 ұсыныс:

Каспий теңізінің жағалауындағы жерді пайдалану мәселесіне келгенде, жан-жақты аумақтық жоспар жұмысын іске асыру керек болып тұр. Бұл істе Атыраудағы Биологиялық әр-түрлілікті қорғау жөніндегі тематикалық топ жасаған биологиялық саналуандық карталарына сүйеніп, экологиялық ерекшеліктерді есепке алған жөн. Ең алдымен аймақтың

аса сезімтал және қорғауды қажет ететін зоналарын анықтаудан бастау керек сияқты. 10.1 және 10.4 ұсыныстарды қараңыз.

2005-2015ж.ж. арналған жердің шөлейттенуіне қарсы күрес бағдарламасын орындауға бағытталған 2005-2007ж.ж. іс-шаралар жоспары қабылданып, онда Каспий теңізінің жағалауына қатысты бірқатар шаралар ұсынылған. Энергетика және минералды ресурстар министрлігі Каспий теңізінің қазақстандық бөлігіндегі жағалауын дамытудың жан-жақты жоспарын дайындап, оны басқа министрліктердің қарауына жіберді. Жағалауды су тасқынынан және құм басудан қорғау, тозған және зақымдалған жерлерді қалпына келтіру, заңсыз күл-қоқыс орындарын жою жұмыстары Атырау және Маңғыстау облыстарында жүргізіліп келеді. Атырау және Маңғыстау облыстарында Орал өзенінің атырауындағы «Ақжайық» сынды табиғи парктер ашу мақсатында алдын-ала дайындау жұмыстары қолға алынды. Маңғыстау облысында мұнай және газ секторларының биологиялық алуан түрлілікке тигізетін әсерін зерттеу жұмысы аяқталды. Кеме қатынасының биологиялық әртүрлілікке тигізетін әсерін азайту мақсатында Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі қорғалатын жер бөлігін аудандап алу жұмысы әлі алғашқы сатыда ғана жүргізіліп келеді.

8.4 ұсыныс:

Қазақстанда Каспий теңізінің үстінен экологиялық мониторинг жүргізу жүйесі қалпына келтірілуі тиіс. Мониторинг бағдарламасының нәтижелері саясат қалыптастыруға пайдалы болуы керек. Үкіметтік бағдарламалар сараптауға жарамды міндеттер қойып, мониторинг жүргізу жүйесі сол міндеттердің орындалу дәрежесін бағамдауы керек.

2005-жылы «Казгидромет» Атыраудағы аймақтық бөлімшесінің негізінде Каспий теңізі мониторинг орталығын құрды. Бұл орталық мұнай саласы объектілерінің маңындағы ауаның сапасын, жауын-шашын құрамын, жер және су беті, сондай-ақ теңіздегі мұнай өндірісі қондырғыларының түбіндегі су мен жер табанының сапасын, қалалық жерлердегі және мұнай өндіріс объектілерінің маңындағы топырақтың сапасы мен аймақтағы радиация деңгейін анықтап, өлшеп отырады.

Арал теңізінің менеджменті

8.5 ұсыныс:

Қазақстан Арал теңізін сақтау жөніндегі халықаралық қордың мүшесі ретінде қорды қаржыландырып отырған халықаралық донорлық ұйымдар мен елдер арасында ашық әрі айқын үйлестіру жұмысының қажеттелігі мәселесін көтеру керек. Арал теңізі бассейні жөніндегі бағдарламаны тиімді орындау үшін ең алдымен орындалу барысын елге көрінетіндей етіп ашық көрсетіп, қаржының қалай жұмсалып отырғанын жариялап отыру керек. Осыған қоса бағдарламаға мүше елдердің ішінде жергілікті және ұлттық деңгейде қолға алынатын бастамалар туралы мәлімет халықаралық деңгейде еркін алмасуы отыруы тиіс.

Аймақ деңгейінде Арал теңізі бассейніндегі жағдайды жақсартуға бағытталған бірқатар жобалар дайындалып, іске асырылды. Соның ішінде «Арал теңізі бассейнінің әлеуетін дамыту» және «Арал теңізі бассейнінде тұрақты даму индикаторларын сынау» бағдарламалары бар. «Сырдария өзенінің арнасын және Солтүстік Арал теңізін ретке келтіру» деп аталатын тағы бір жоба қазір іске асырылып жатыр. Бұл жобаның алғашқы сатысына қажетті қаржының бір бөлігін (64,5 миллион АҚШ доллары) Дүниежүзілік банк несие ретінде беріп, қалғанын (21,3 миллион АҚШ доллары) Қазақстанның мемлекеттік бюджеті көтеріп келеді. Аталмыш жоба міндеттерінің бірі – Сырдария өзені атырауындағы және Солтүстік Арал теңізіндегі экологиялық жағдайды жақсарту болып табылады.

8.6 ұсыныс:

Арал теңізі және Каспий теңізі проблемаларын шешуге бағытталған саяси қадамдар қалпына келтіру жобаларын қолдауға қажетті мемлекеттік қаржыландыруды ұлғайтудан басталу

керек. Бұл қаржы экологиялық мониторинг жүргізуге, сондай-ақ, ауа, су, топырақ және азық-түлік сапасын тексеріп, зерттеуге жұмсалуды тиіс. 2.1 ұсынысты қараңыз.

Каспий теңізінің қазақстандық бөлігін дамыту туралы мемлекеттік бағдарлама 2003-жылы қабылданған болатын. Оның аясында мемлекет қаржысының есебінен орындалып жатқан іс-әрекеттер қатарында істен шығарылған мұнай ұңғымаларын қалпына келтіру және мұнай өндірісінің экологиялық әсерін бағалау шаралары бар. 2004-жылы Арал теңізі аймағының проблемаларын шешуге бағытталған жан-жақты шаралар қолдану бағдарламасы қабылданды.

9 Тарау: Минералды ресурстардың менеджменті

9.1 ұсыныс:

Минералды ресурстардың тұрақты менеджментіне қажетті заңнамалық және реттеу тетіктері жетілдіріліп, күшейтілуі керек. Бұл әсіресе мұнай мен газ секторына қажетті болып тұр. Орындау және күшке енгізудің тиімді механизмдерін, атап айтқанда, экономикалық механизмдерді дамытуға ерекше көңіл бөлінуі қажет. 1.1 ұсынысты қараңыз.

2000-жылдан бері минералды ресурстар менеджментіне қажетті заңнамалық негіз айтарлықтай жетіле түсті. Минералды ресурстардың пайдаланылуын реттейтін ең басты заң актісіне 1996-жылы қабылданған «Жер қойнауы және жер асты байлықтарын пайдалану туралы» заң жатады. Бұл заң бірнеше рет өзгеріске ұшырап, оның ақырғы мәтіні 2007-жылдың қаңтар айында ғана бекітілді. Жаңадан енгізілген өзгерістер экологиялық әсерді азайтуға бағытталған талаптардың орындалуын көздейді. 2004-жылы 1995-жылғы «Мұнай және газ туралы» заңға қоршаған ортаны қорғауға байланысты бірқатар елеулі өзгерістер жасалды. Атап айтқанда, мұнай операциялары кезінде газды кәдеге жарату және жандыруды реттеу процесіне жаңалықтар енгізіліп, Каспий теңізінің солтүстігіндегі қорғауға алынған қазақстандық бөлікте мұнай операцияларын жүргізуге қойылған талаптар өзгерді. Дегенмен, заңдарды орындау және қолданысқа енгізу ісінде ақаулар өте көп. Бұл бағытта әрмен қарай жұмыс істеу керек.

9.2 ұсыныс:

Тау-кен өндірісіндегі қоршаған ортаны қорғау шараларын алға жылжыту мақсатында жаңа технологиялардың енгізілуін жан-жақты қолдау керек. Елдің ең ірі өндірістік аймақтарында таза өндіріс орталықтарын құруға қаржылай көмек көрсеткен дұрыс болар еді. 5.2 және 11.3 ұсыныстарды қараңыз.

Тау-кен өндірісі саласында қоршаған ортаны қорғау мақсатында жаңа технологиялардың енгізілуін ынталандыратын арнайы шаралар қолға алынбаған. 2007-жылы шыққан Экологиялық кодексте қазба өндірісімен айналысатын компаниялар қолда бар ең жақсы технологиялардың негізінде ЛААББ (ластаудың алдын алу және бірлесіп бақылау) рұқсаттарын алуы мүмкін деп жазылғанымен, бұл әрекет іске аспады. Республикада екі таза өндіріс орталығы құрылды: бірі Павлодарда (тау-кен өндірісі орталықтарының бірі), екіншісі Алматыда. Алайда тау-кен өндірісі саласында таза өндіріс тәсілдерін алға жылжытуды көздейтін осы орталықтардың нақты іс-әрекеттері туралы мәлімет жоқ.

9.3 ұсыныс:

Қазба өндірісімен шұғылдануға лицензия берудің алғышарты ретінде халықаралық экологиялық менеджмент стандарттарына (ISO 14000 және т.б.) сай жасалған толық экологиялық менеджмент жүйесінің (ЭМЖ) енгізілуі керек. Қазба өндірісі саласындағы экологиялық менеджмент жеке пән ретінде тау-кен және газ өндіру саласы үшін мамандар даярлайтын мектептер мен басқа да білім беру орталықтарындағы оқу бағдарламаларына енгізіліп, түрлі дәрежедегі тау-кен мамандарына экологиялық тренингтер өткізілуі тиіс.

Қоршаған ортаны қорғауға қатысты заңнамаға сәйкес, лицензия алғысы келген кез-келген компания экологиялық менеджмент жоспарын тапсыруы керек. Алайда халықаралық экологиялық менеджмент стандарттарына сәйкес толық ЭМЖ жасау талап етілмейді. ISO 14000

стандарттарына сәйкес сертификациядан өткен компаниялар төлем ставкасын түсіру коэффициенті себепті ластау төлемдерін аз төлейді. Салық кодексі ISO 14000 және ISO 9000 стандарттарына сәйкес сертификацияланған компанияларға біршама салық жеңілдіктерін береді. Қоршаған орта менеджменті бойынша кәсіби оқыту бағдарламалары, соның ішінде тау-кен өндірісінде жұмыс істейтін мамандар үшін жасалған тренингтік бағдарламалар енді ғана дамытыла бастады.

9.4 ұсыныс:

Ұлттық экологиялық іс-шаралар жоспары шеңберінде минералды сектордың қоршаған ортаға келтіретін зиянын жойып немесе соның алдын алуды көздейтін барлық басты жобалар шұғыл түрде орындалуы тиіс. Қазба өндірісінен қалатын қалдықтардың, соның ішінде қауіпті және радиоактивті қалдықтардың менеджментін жетілдіретін кең ауқымды бағдарлама жасалуы керек. Осы бағдарламаға қаржы бөлініп, ол орындалуы керек. 6.4 ұсынысты қараңыз.

Қазба өндірісі саласында қоршаған ортаны ластаудың алдын алу және соның салдарын жоюға бағытталған бірқатар жобалар тұтас орындалып, ал кейбірі қазір орындалып жатыр. Дегенмен де, өндірістік саладағы туындаған экологиялық проблемалар аз емес. 2001-жылы Уран өндірісі кәсіпорындарын консервациялау және уран депозиттерін өндірудің салдарын жою туралы 2001-2010ж.ж. арналған бағдарлама қабылданып, қазір орындалып келеді. Радиоактивті қалдықтардың кейбірін реабилитациялау жұмысы да іске асырылуда.

9.5 ұсыныс:

Қазба жұмыстары халықаралық экологиялық стандарттар мен ережелерге сай қадағалануы тиіс. Қоршаған орта туралы шынайы ақпарат бере алатын мемлекеттік мониторинг жүйесін жасау міндеті бүгінгі күннің кезек күтірмейтін ең маңызды мәселелердің бірі ретінде қарастырылуы қажет. Осы орайда, Геология және жер қойнауын қорғау комитеті жасаған мониторингтік жоспар қазіргі күйінде жүзеге асырылуы тиіс.

Экологиялық кодекс өндірістік бақылау және мониторинг жүргізуге бұрынғымен салыстырғанда анағұрлым қатал талаптар қояды. Экологиялық бақылау комитеті осы талаптардың компаниялар тарапынан (соның ішінде қазба өндірісінде жұмыс істейтін компаниялар да бар) орындалуын қадағалап отырады. Мемлекеттің экологиялық мониторинг жүйесі шамалы жетілгенімен, мониторинг саласында олқылықтар әлі де көп.

9.6 ұсыныс:

Минералды ресурстар менеджментін жетілдіру мақсатында жер асты ресурстарына геологиялық тұрғыдан зерттеу жүргізу аса қажет болып тұр. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін біріккен ақпарат жүйесін құрып, кадрлардың білім деңгейін көтеру керек.

Энергетика және минералды ресурстар министрлігі құрамындағы Геология және жер қойнауы комитеті елдегі геологиялық зерттеулерді жүргізетін орган болып табылады. Жер асты байлықтарын қорғау жауапкершілігі Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жүктелді.

10 Тарау: Табиғат және орман менеджменті

10.1 ұсыныс:

Табиғатты пайдалану және биологиялық алуан түрлілікті консервациялауға бағытталған жан-жақты басқару жүйесін орындаған кезде келесі мақсаттарға ұмтылу керек: (а) заңнама негіздерін қалыптастыруды аяқтау (соның ішінде табиғат компоненттерін, әсіресе өсімдіктерді тұрақты пайдалану және қорғауды реттейтін заң инструменттерін дамыту), сонымен бірге жергілікті және аймақтық деңгейде басқару жауапкершілігін арттыру, (б) зерттеу жұмыстарын жоспарлап, қаржыландыру, (в) халықтың арасында насихат жұмысын жүргізу арқылы қоғамның табиғатты дұрыс пайдалану дағдысын қалыптастыру. Елдегі барлық табиғи түрлер туралы, соларды пайдалану мүмкіндіктері, өсіп-өну жағдайы

және төнетін қауіп-қатерлер туралы мәлімет жинауды дамытудың арқасында ғана жоғарыда айтылған менеджмент жүйесін құруға болады. 1.4, 1.5, 8.3, 12.1 және 12.3 ұсыныстарды қараңыз.

Биологиялық алуан түрлілікті консервациялау мақсаттары ұлттық саяси құжаттарға кіргізілген. Бұл орайдағы жұмыстың аясында сирек кездесетін және жойылуға жақын тұрған түрлерді сақтауды көздейтін іс-шаралар жоспарлары дайындалып, популяциялардың үстінен, соның ішінде миграцияға ұшырайтын түрлердің үстінен мониторинг жүргізіліп, заңнамалық негіздер жетілдіріліп жатыр. 2030-жылға дейінгі «Қорғалған аудандарды дамыту және басқару тұжырымдамасы» қорғалатын аудандардың аумағы 17,5 миллион га (ел аумағының 64%) болу керек деп анықтайды. Қорғалатын аумақтарды құру жөніндегі жұмыстар басталып та кетті. Алайда табиғатты пайдалану және биологиялық әр-түрлілікті консервациялау бойынша жан-жақты басқару жүйесін құруға қатысты жұмыс әлі де жалғасып отыруы тиіс.

10.2 ұсыныс:

Қорғалатын аумақтардың жүйесі елдегі барлық негізгі экожүйелерді есепке алып, жойылуға жақын түрлердің барлығына сенімді қорғанға айналуы тиіс. Қорғалған аудандар категориялары халықаралық деңгейде қалыптасып қойған категориялармен біркелкі болуы керек. Шөл және шөлейтті, сондай-ақ, батпақты жерлердің экожүйелері және басқа да акватикалық экожүйелер, сонда мекендейтін/өсетін түрлер ерекше қорғауды қажет етеді. Бөтен түрлердің акватикалық экожүйелерге әкелінуін қатал бақылау қажет. Олардың түрлері, мекен ету ортасы және биологиялық әр-түрлілікке қатысты білім дәрежесін көтеру мақсатында арнайы зерттеу шараларын қолға алу керек.

2030-жылға дейінгі Қорғалған аудандарды дамыту және басқару туралы тұжырымдамаға сәйкес, халықаралық ұйымдардың көмегімен елде 13 жаңа ұлттық парк (жалпы территориясы 2100 га-дан астам), 25 мемлекеттік табиғи қорық (2800 га-дан астам) және 6 биосфералық қорық ашылуы керек. Қорғалған аудандардың категориялары халықаралық ұғымдарға сәйкестендіріліп жатыр. Қазақстан елдің солтүстігіндегі Сары-Арқаны ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізіміне қосу жөнінде ұсыныс тапсырды. Ауылшаруашылығы министрлігіндегі балық шаруашылығы комитеті бөтен түрлердің акватикалық экожүйелерге кіруін және әкелінуін қадағалап, соның алдын алуға күш салып жатыр.

10.3 ұсыныс:

Ормансыз жер аумақтарына жасыл желек егу мүмкіндігін қарастыру қажет. Коммерция мақсатында өсіретін түрлердің генетикалық мәлімет базасын кеңейтіп, орталықтандыру керек. Ормандарды өрт пен зиянкестерден қорғау шаралары күшейтілуі тиіс. Екпе ағаштар орман менеджментінің ең басты мақсаты ретінде қарастырылып, соған қаржы бөлінуі керек.

2004-жылы Қазақстан 2004-2006ж.ж. арналған «Қазақстан ормандары» бағдарламасын қабылдады. Соның орындалуы орманды қорғау (соның ішінде өрт пен залалкестерден), орманды қалпына келтіру, ағаш отырғызу және орманның ағаш құрылымын жақсарту сияқты іс-әрекеттердің қолға алынуын көздейді. Бағдарламаны жүзеге асыруға мемлекеттік бюджеттен жылына шамамен 80 миллион АҚШ доллары бөлініп отырған.

10.4 ұсыныс:

Солтүстік Каспий теңізінің су асты және жағалаудағы экожүйелерінің биологиялық әр-түрлілігіне шұғыл түрде сенімді мониторинг жасала бастауы тиіс. Мониторинг жүйесі табиғатты қорғауға қажетті ақпаратты жинай алады. 8.3 ұсыныстарды қараңыз.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің құрамындағы балық шаруашылығы комитеті Қазақстандағы балық түрлерін зерттеп, балық кадастрын жүргізеді. Бұған қоса, комитет сирек кездесетін және жойылып бітуге жақын балық түрлері (мысалы бекіре балығы) мен каспий итбалықтарын зерттеп отырады.

10.5 ұсыныс:

Биологиялық әр-түрлілікті консервациялау қажеттілігі туралы жарияланғаннан кейін осы мақсатқа жеткілікті қаржы бөлініп, бұл қаржы орындауға жауапты барлық әкімшілік деңгейлері арасында тең бөлінуі қажет. Биологиялық әр-түрлілікті консервациялау жөніндегі шаралар сияқты іс-әрекет жоспарлары үнемі қайта қаралып, бейімделіп отыруы керек. Бөліп көрсетілген шараларды орындаудың мерзімдері және қаржы көздері анық берілуі тиіс. Шаралардың орындалуын қадағалайтын бақылау механизмін құру қажет.

Қазақстан биологиялық әр-түрлілікті консервациялау жөнінде қол қойған халықаралық келісімдер бойынша жауапкершілігіне алған міндеттемелерді жүзеге асыру мақсатында белсенді жұмыс істеп келеді. Елге халықаралық техникалық көмек көрсетіліп жатыр. Бұған қоса мемлекеттік бюджеттен жоғарыда көрсетілген мақсаттарға тиесілі қаржы бөлініп, оң ықпал жасайтын саясат пен жобалар орындалып келеді (4 Тараудың 4.3-бөлімін қараңыз).

III-бөлім: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЛАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ

11 Тарау: Индустрия саласына таза технологиялар енгізу

11.1 ұсыныс:

Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және басқа да мүдделі институттармен бірлесіп, сондай-ақ, индустриялық ассоциациялар мен жеке кәсіпорындармен ынтымақтаса отырып, кәсіпорындардың таза өндіріс мәселелеріне деген қызығушылығын арттыруы керек.

Өндірістік кәсіпорындар ISO 14000 стандарттарын енгізіп, соның арқасында таза өндіріске бағытталған арнайы бағдарламаларды дайындауға кірісті. Қоршаған ортаны қорғау министрлігі энергетика саласында жұмыс істейтін кәсіпорындарға қатысты экологиялық төлем ақысын (ауа эмиссиялары мен күл тасталғаны үшін) азайтатын коэффициентті қолдану арқылы ISO 14000 стандарттарының қабылдануын алға жылжытып отыр. Қоршаған ортаны шектен тыс ластау үшін төленетін ақының деңгейі шектен шықпайтын көрсеткіштер үшін төленетін ақы деңгейінен анағұрлым жоғары болады.

11.2 ұсыныс:

Кәсіпорындарға лицензия беру жүйесі өзгертілуі керек. Лицензия беру туралы шешім қабылданған кезде кәсіпорында қолданылатын технологиялар бағаланып, эмиссия шығарудың шегі анықталуы қажет. Экологиялық бағалау жүргізілген кезде таза технологиялардың қолданылуын және экологиялық аудит жүргізуді талап ететін реттеу құжаттары шұғыл түрде дайындалуы керек. Таза өндіріс әдістерін енгізуге экономикалық ынталандыру шаралары (салық пен түрлі төлем төлеуді қысқарту арқылы) қолғабыс болар еді. Қоршаған ортаны ластайтын және ерік білдірген кәсіпорындардың кейбірімен жеңілдетілген инспекциялар жүргізу туралы арнайы келісімдер жасауға болар еді. Бұл келісімдерге сәйкес кәсіпорындар өз беттерінше мониторинг жасап, таза технологияларды алға жылжытатын инструмент бойынша үнемі есеп беріп отырулары керек. 2.4 ұсынысты қараңыз.

Экологиялық кодекс лицензиялар таратудың жаңа жүйесін енгізді. Белгілі-бір әрекет түріне берілетін жекелеген экологиялық рұқсат қағаздардың бәрі ортақ бір құжатқа біріктірілді. Осындай біріңғай рұқсат беру жүйесі өндіріс саласына 2008-жылдан бастап жаппай енгізілетін болады. Жаңа рұқсат қағаздарындағы талаптар қолда бар ең ұтымды технологияларға негізделеді. Алайда кейінгі уақытта осы әдісті қолдануға мүмкіндік бермейтін шектеу пайда болуы мүмкін. Салық салу, өтемақы салу сияқты экономикалық ынталандыру әдістері әлі де болса тым әлсіз болғандықтан, компаниялардың таза өндіріс технологияларын қолдану туралы шешімдеріне еш әсер ете алмайды.

11.3 ұсыныс:

Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Ұлттық экологиялық іс-шаралар жоспарын іске асыруды жеделдетуі керек. Бұл жоспар Таза өндіріс орталықтарын

құруды көздейді. Осыған орай таза өндіріс бастамасын іске асыруға араласатын барлық институттар, атап айтқанда, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Энергетика, индустрия және сауда министрлігі бір-бірімен ынтымақтаса отырып, тиесілі жұмысты атқара бастаулары қажет. 9.2 ұсынысты қараңыз.

Қазақстанда әр уақытта бірнеше таза өндіріс орталығы пайда болды. Кейбірінің жұмысы кейін тоқтатылған болатын. 1998-жылы қалдықтарды қысқарту жобасы аясында Павлодарда таза өндіріс орталығы пайда болды. Қазіргі уақытта бұл орталық кәсіпорындарға эмиссиялар жасау мен қалдық төгудің нормалары туралы мәлімет беру сияқты консультациялар ұсынады. 2002-жылы Норвегия үкіметінің қолдауымен Алматыда Энергия тиімділігі және таза өндіріс орталығының негізі қаланған. Оның ең басты мақсаты үй шаруашылықтары секторында энергияны үнемдеу бағдарламаларын орындау болып табылады. 2005-жылы Тасистің ТМД елдерінің кейбірінде (Молдова, Грузия және Қазақстан) таза өндіріс орнату жобасы шеңберінде Алматыда Тұрақты өндіріс және тұтыну орталығы пайда болды. Бұл орталық үкіметтік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен және бизнес топтармен тұрақты өндіріс және тұтыну модельдерін іске асыру, тренингтік бағдарламаларды дамыту және пилоттық жобаларды орындау сияқты мәселелер бойынша жұмыс істейді.

11.4 ұсыныс:

Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі ең басты бірқатар өндіріс салаларында таза өндірістің үлгісі бола алатын жобаны қолға алуы керек. Бұл өте маңызды міндеттердің қатарына жатқызылуы тиіс. Аталмыш жобаға қатысушы кәсіпорындар Экологиялық менеджмент жүйелерін енгізіп, шығындары төмен инвестицияларға көшу керек.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігі таза өндіріс үлгісіндегі жобаны іске асыруды жоспарлағанымен, бұл іске аспады. 2007-жылдың қараша айында Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру жөніндегі агенттік-аралық комиссия кәсіпорындарда таза өндірісті енгізу мәселесін қарастырған. Соның нәтижесінде ISO 14001 стандарттарын қолдаудың бір амалы ретінде әрбір өндіріс саласынан екі-үш кәсіпорынды тандап, сонда таза өндіріс енгізу жөнінде пилоттық жобаларды қолға алу туралы ұйғарым жасалды.

12 Тарау: Ауыл шарушылығы және шөлге айналу

12.1 ұсыныс:

Жер туралы жаңа заңда фермерлер мен фермерлік шаруашылықтардың жерді, фермалық объектілерді және суаруға қажетті суды экологиялық талаптарға сай пайдалану құқықтары мен жауапкершіліктері анықталуы керек. Жер учаскілерін тарату ережелері жердің шамадан тыс фрагментацияға ұшырауын болдырмауы керек. 10.1 ұсынысты қараңыз.

2003-жылы шыққан Жер кодексінде қоршаған ортаны қорғау және жерді қорғау мәселелерін есепке алатын баптар бар. Жерді тарату ережелерін үкіметтің арнайы нұсқауы анықтайды. Онда жерді қауіптен алдын ала сақтау, соның ішінде фрагментация және шөлейттену сияқты процестердің алдын алу шаралары қарастырылған. 2007-жылы Жер кодексіне біраз өзгертулер жасалды. Бұл өзгерістер ауыл шарушылығындағы жердің нарығын дамыту мақсатында енгізілген.

12.2 ұсыныс:

Шөлейттенуге қарсы күресу мақсатында қажетті технологияларды жетілдіретін арнайы зерттеу бағдарламалары қажет болып тұр. Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі ұлттық стратегияда және соның іс-шаралар жоспарында көрсетілген экологиялық білім беру және халыққа мәлімдеу міндеттері ұзақ мерзімді емес қысқа мерзімді мақсаттар болып анықталуы тиіс. Себебі жергілікті халық осы мәселелерде басты рөл атқаруы керек. Шөлейттенуге қарсы күреске қаржы бөлу механизмдерін анықтау қажет.

2005-жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасының 2005-2015ж.ж. арналған шөлейттенуге қарсы күрес жүргізу бағдарламасы қабылданған болатын. Бағдарламада зерттеу жүргізу және халыққа мәлімет таратуды көздейтін бірқатар шаралар көрсетіледі. Бағдарламаның 2007-2007ж.ж. арналған алғышқы сатысы халықтың осы мәселе туралы құлағдар болып, шешім қабылдау процесіне қатысуына жол ашуды көздейді. Бағдарламаның 2005-2007ж.ж. арналған іс-шаралар жоспары да қабылданды. Ал 2008-2010ж.ж. арналған екінші сатысында фермерлер мен жергілікті тұрғындар үшін ауыл шаруашылығының экологиялық аспектілері туралы семинарлар мен жалпы білім деңгейін көтеру бағдарламаларын көздейді. Бағдарламаның іске асырылуына қажетті қаржының басым бөлігі (3 жылға 25 миллион АҚШ доллары) халықаралық агенттіктерден келіп түседі. 1 миллион АҚШ доллары мемлекеттік бюджеттен бөлінеді.

12.3 ұсыныс:

Түрлі институттар, саяси құжаттар, жоспарлар және бағдарламалар арасында экологиялық мәселелерге байланысты өзара үйлесімділік болуы керек. Ұлттық стратегиялар мен бағдарламаларға ауыл шаруашылығының тұрақты дамуының критерийлері енгізілуі қажет. 10.1 ұсынысты қараңыз.

1.3 ұсыныстың орындалуы туралы оқыңыз. 2006-2010ж.ж арналған Ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы туралы тұжырымдама мен басқа да тұжырымдамалардың бәрі ауыл шаруашылығын дамыту критерийлерін анықтап, қоршаған ортаны қорғау саясатының шараларын айқындайды. Бұл критерийлер облыс пен қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі орта мерзімдік жоспарларына кіргізілген.

12.4 ұсыныс:

Шөлейттену қаупі төнген аудандарды анықтайтын арнайы мониторинг жүйесін құру керек. Басымдықтар қатарына, сондай-ақ, суаруға пайдаланылатын судың үстінен мониторинг жасау, әсіресе судың екінші кезектегі тұздануы сияқты процес қатал басқарылуы тиіс. 1.3 ұсынысты қараңыз.

«Қазгидромет» 16 қалада топырақтың ауыр металдар салдарынан (Cd, Cr, Cu, Pb and Zn) зақымдалуын бақылап отырады. 2010-жылға дейін ауыл шаруашылығы жерлерінің пестицид және басқа да органикалық зиянкестер тарапынан ластануын қадағалайтын шаралар енгізілуі керек. Шөлейттену қаупі бар аудандарда мониторинг жүргізу және суармалы суды бақылау туралы мәлімет жоқ.

13 Тарау: Энергетика саласындағы экологиялық проблемалар

13.1 ұсыныс:

Энергетика секторындағы реформалар ең алдымен энергияны үнемдейтін бағдарламаларды іске асырудан басталуы керек. Бұл үшін Энергияны сақтау жөніндегі заңда көрсетілген реттеу механизмдерін жетілдіріп, іске қосу қажет. Энергетика саласына құйылатын инвестицияларды арттыру мақсатында заңнамалық, басқару және институционалдық құрылымды тұрақтандыру керек. Қомақты инвестициялар тартылған кезде осы құрылым өндірістің экологиялық әсерін анықтайтын, қоршаған ортаны күнделікті негізде қорғайтын деңгейде болуы керек. 1.1 ұсынысты қараңыз.

Энергияны үнемдеу туралы заң (1997ж.) энергетика секторындағы тиімділікті айтарлықтай көтере алмады. Заңда көрсетілген шаралар мен ынталандыру механизмдері Қазақстан жағдайында жүзеге аса алмады. Елде заңның орындалуын қамтамасыз ете алатын институционалдық тетіктер жетіспейді. Әйтсе де энергияны тиімді пайдалану және энергияны үнемдеу ісінде жетістіктер жоқ емес. Олардың көбісі халықаралық ұйымдармен бірлесе отырып жүзеге асырылған пилоттық бастамалар кезінде жасалған. 2008-2009ж.ж. энергияны сақтау туралы жаңа заңды қабылдау жоспары қарастырылып жатыр. Энергетика саласындағы инвестициялардың тиімділігіне қуат тарифтерінің төмендігі бөгет болып тұр. Қоршаған ортаны

қорғау министрлігі 2024-жылға дейін энергияны және қайта жаңғыратын энергия көздері туралы стратегияның жобасын және қайта жаңғыратын энергия көздерін пайдалануға қолдау көрсету жөніндегі заң жобасын даярлады. Осы екі құжат үкіметке тапсырылып, енді министрліктердің талқылануына салынады деп күтілуде.

13.2 ұсыныс:

Энергетика саласындағы реформалар ең алдымен жылу электр станцияларының ауаға шығаратын эмиссия деңгейін қысқартуға және ұзақ мерзімде елдің энергетикалық жүйелерін көршілес елдердегі жүйелермен біріктіріп, байланыстыруға бағытталуы керек. 4.3 ұсынысты қараңыз.

Электр станцияларында бұған дейін жасалып келген жетілдіру жұмыстарының бәрі энергетика объектілерін энергияға деген сұранысты қанағаттандыратындай деңгейге жеткізуге ғана бағытталған болатын. Зауыттардың кейбірі ескі техниканы жаңа және таза технологияларға ауыстырып жатқанымен, экологиялық ластауды қысқартуға бағытталған шаралар жетіспейді. Бақылау жүйелері әлсіз болып қала берді. Тарифтерді көтеру есебінен үкімет ауаның ластануына тосқауыл қоятын тиімді шаралардың жүзеге асырылуын талап ете алар еді. Энергетика жүйесін жетілдіру жұмысы жалғасып келеді. «Солтүстік-Оңтүстік» энергетикалық байланыс жобасының іске асуы нәтижесінде энергетика жүйесі бұрынғымен салыстырғанда әрі тиімді, әрі сенімді болады деп күтілуде. Аталмыш жоба жуық арада іске қосылып, электр қуаты саласындағы баланс орнына келіп, энергетика саласында біршама қауіпсіздік пайда болады деген үміт бар.

13.3 ұсыныс:

Мұнай және газ салаларындағы қоршаған ортаны қорғау шаралары шұғыл түрде қолға алынуы керек. Осы салада жұмыс істейтін кәсіпорындар экологиялық менеджмент жүйелерін енгізіп, қоршаған ортаны қорғау шараларын қолға алуы керек.

Мұнай мен газ салаларындағы қоршаған ортаны қорғау мәселесі ең көкейкесті мәселелердің бірі болып қалса да, бірқатар оң шаралар қолға алынып үлгерді. Ірі мұнай компаниялары бұрынғы және қазіргі ластанудың залалын жоюға бағытталған қадамдар жасап келеді. Ең басты дейтін компаниялар, соның ішінде Қазмұнайгаз, Теңізшевройл, Аджип және т.б. ISO 14001 сертификациялауынан өтті. Мұнай өндіру кезінде газды жандыруға тыйым салынған. Компанияларға 2009-жылға дейін газды кәдеге жарату жөнінде шара қолдану жүктелген.

14 Тарау: Денсаулық сақтау және қоршаған орта

14.1 ұсыныс:

Ауыз судың сапасын және соны қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру керек. Ауыз сумен қамтамасыз ету жүйесін (ауыз судың таза көздері, соларды қорғау, суды үлестіру жүйесін жақсарту) қайта құру қажет. Шұғыл түрде қолға алынуды қажет ететін міндеттер – ол ауыз суды дұрыс хлорлау және минералдық концентрациясы жоғары қам суды дұрыс тұзсыздандыруды жүргізу. Осы және басқа да қажетті шаралар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының нұсқауларына сай келетін арнайы үкіметтік бағдарлама мен заңның жасалуын қажет етеді. 7.1 және 7.3 ұсыныстарды қараңыз.

2002-жылы «Ауыз су» аталатын салалық бағдарлама қабылданған болатын. Ол 2002-2010-жылдарды қамтиды. Бағдарлама қабылданғаннан кейін ауыз сумен қамтамасыз ету жүйесіне үкімет тарапынан бөлінетін қаржы көлемі біртіндеп өсе бастады. Бұл инвестициялар негізінен аймақаралық сумен қамтамасыз ету және үлестіру жүйесін қалпына келтіруге жұмсалады. Алайда су объектілерін қалпына келтіруге бөлінетін қаржы жеткіліксіз. Су және канализация тарифтерінің төмендігі сумен қамтамасыз ететін компанияларға (Водоканалдар) тиесілі инвестиция жасауға мүмкіндік бермейді. Қалалардағы сумен қамтамасыз ету жүйелері тым ескіріп қалғандықтан, судың қауіпсіздігі мәселесі бірінші орынға шығып отыр.

14.2 ұсыныс:

Экологиялық жағдайды сауықтыру жөніндегі ұлттық іс-шаралар жоспары орындалуы үшін жергілікті деңгейлерде осыған ұқсас аймақтық жоспарлар дайындалуы керек. Осы жоспарлардың бәрі министрліктер арасында, жергілікті басқару органдары, денсаулық сақтау ұйымдары және ҰЕҰ-дар арасында үйлестіріліп, кеңінен тартылуы тиіс. 1.2 ұсынысты қараңыз.

Жергілікті деңгейде экологиялық жағдайды сауықтыруға бағытталған іс-шаралар жоспарлары дайындалып жатыр деген мәліметті жинау мүмкін емес.

14.3 ұсыныс:

Азық-түліктің сапасына және тағам мәлишеріне қойылатын талаптар қатайтылуы керек. Азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйелері үстінен жүргізілетін бақылау күшейтілуі қажет. Бұл азық-түліктің салдарынан пайда болатын ауру ошақтарын жойып отыру үшін керек. Азық-түлік өндірушілері мен жалпы халық үшін азық-түлік гигиенасы және денсаулыққа жағымды тамақтану дағдысы туралы арнайы білім көтеру бағдарламалары ұсынылуы тиіс. Тамақтандыру институты ұсынған Ұлттық тамақтандыру саясаты іске асырылуы керек.

Азық-түлік сапасы және тамақтандыру саясатына қатысты өзгерістер туралы мәлімет жоқ.

14.4 ұсыныс:

Ядролық сынақ орындары адам мен жануарларға жабық болуы тиіс. Ескі уран шахталары жан-жақтан қоршалуы керек. Ескі уран шахталарынан өндірілген материалдарды құрылыс заттары ретінде пайдалану туралы арнайы зеттеу қолға алынуы керек. Аса қауіпті учаскелерді табу мақсатында ғимараттардың, үйлердің ішіндегі радон деңгейін өлшеу керек. Бұл алдын-алу шараларын қолға алып, соларды дұрыс бағалау үшін қажет. Ескі уран шахталарынан алынған материалдарды құрылыс заттары ретінде пайдаланудың зияны, радон мен оның төндіретін қауіптері туралы мәлімет халық арасында таратылып, ақпараттық кампаниялар қолға алынуы керек. Құрылыс материалдарының радиоактивті құрамы туралы арнайы үкіметтік нұсқаулар шығарылып, солардың көмегімен ғимараттар, үйлер ішіндегі радиация деңгейін қадағалап отыру керек. 6.2 ұсынысты қараңыз.

Уран өндірісі кәсіпорындарын консервациялау және уран депозиттерін өндірудің салдарын жою туралы 2001-2010ж.ж. арналған бағдарлама қабылданып, қазір жүзеге асып жатыр. Соны орындау шеңберінде тұрғын аудандарға жақын жатқан радиоактивті қалдықтар орындары жабылды. Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағында және соның маңында істеліп жатқан әрекеттердің бәрі қатаң бақылауға алынды. Бақылауды Ұлттық ядролық орталық жүзеге асырады. Үй ішіндегі радон деңгейін өлшеу шаралары жалғасып келеді. Құрылыс материалдары құрамындағы және ғимараттар ішіндегі радиация деңгейінің нормалары туралы ресми құжаттар қабылданды.

14.5 ұсыныс:

Құрамында қорғасын жоқ бензинді ең болмағанда ірі қалаларда пайдалану қажеттілігі алға жылжытылуы керек. 4.4 ұсынысты қараңыз.

Қорғасыны бар бензинді пайдалануға 2003-жылы тыйым салынған болатын. Алайда сондай бензинді елге әкелу әрекеттері бар және қорғасыны жоқ бензинді этилдендіру әрекеттері де әлі тыйылмай келеді.

14.6 ұсыныс:

Үй ішіндегі ауаның ластануына көбірек көңіл бөлу керек. Осыны ластанудың көздерін анықтаудан бастауға болады. Сол сияқты жұмыс орындарында ауаның ластануын қадағалайтын бақылау жүйелері орнатылуы керек. 4.2 ұсынысты қараңыз.

Денсаулық сақтау министрлігі сандық көрсеткіштердің көмегімен үй ішіндегі ластанудың әсері туралы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына есеп береді. Бұл мәліметке сәйкес, үй ішінде қатты отынды пайдалану кезінде шығатын түтін Қазақстанда ауруларды туғызатын ең басты 10 факторлардың біріне жатады. Айта кету керек, осындай отынды пайдаланатын үй шарушылықтарының саны жалпы халықтың 5-ақ пайызын құрайды. Қауіпсіз жұмыс жағдайлары туралы жаңа реттеу құжаттары қабылданды. Алайда жұмыс орындарындағы ауаның сапасын бақылайтын жүйелердің дамытылып, енгізілгені туралы ақпарат жоқ.

14.7 ұсыныс:

Экологиялық жағдайды сауықтыру мақсатында санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер жүйесін қайта құрып, күшейту керек. Осы қызметтерден түсетін мәліметтердің пайдасын арттыру мақсатында аталмыш жүйенің қолданатын компьютерлік жүйесін және лабораториялық құрал-жабдықтарын жаңарту керек. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің географиялық және демографиялық тұрғыдан алып қарастырғандағы ең оңтайлы ауқымын анықтайтын зерттеу жүргізу қажет.

Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің компьютерлік және лабораториялық жүйелерін жаңарту жөніндегі бірқатар жұмыстар қолға алынса да, жүйені қайта құрып, күшейтуге бағытталған ешқандай талпыныстар әлі жасалған жоқ.

II Қосымша

ЖЕКЕЛЕГЕН АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ КЕЛІСІМДЕРІ

Дүниежүзін қамтитын келісімдер		
2008ж. 21-сәуір күнгі жағдай бойынша	Дата	Статус
1958 (ЖЕНЕВА) Континенталды шельф туралы конвенция	Жоқ	Жоқ
1958 (ЖЕНЕВА) Аумақтық теңіз және жағалау зонасы туралы конвенция	Жоқ	Жоқ
1958 (ЖЕНЕВА) Жоғары теңіздер туралы конвенция	Жоқ	Жоқ
1961 (ПАРИЖ) Өсімдіктердің жаңа түрлерін қорғау жөніндегі халықаралық конвенция	Жоқ	Жоқ
1963 (ВЬЕНА) Ядролық зиян келтіру бойынша азаматтық жауапкершілік туралы конвенция	Жоқ	Жоқ
1997 (ВЬЕНА) Ядролық зиян келтіру бойынша азаматтық жауапкершілік туралы 1963-жылғы Вьенна конвенциясына өзгеріс енгізу туралы хаттама	Жоқ	Жоқ
1966 Жүк тиеу сызығы туралы халықаралық конвенция	07.06.1994	Қос
1969 Кемелерді тонна бойынша өлшеу жөніндегі халықаралық конвенция	07.06.1994	Қос
1969 Мұнаймен зиян келтіру бойынша азаматтық жауапкершілік туралы конвенция	05.06.1994	Қос
1971 (РАМСАР) Халықаралық маңыздылығы бар сулы-батпақты алқаптар, әсіресе суда жүзетін құстар ортасына айналған алқаптар туралы конвенция	02.05.2007	Ра
1982 (ПАРИЖ) Өзгертулер	02.05.2007	Ра
1987 (РЕГИНА) Өзгертулер	02.05.2007	Ра
1971 (ЖЕНЕВА) Бензолмен зақымдалудан қорғау туралы конвенция (ХЕУ 136)	Жоқ	Жоқ
1971 (БРЮССЕЛЬ) Мұнаймен ластау салдарынан пайда болған зиянды өтейтін халықаралық қор құру жөніндегі конвенция	Жоқ	Жоқ
1971 (ЛОНДОН, МЭСКЕУ, ВАШИНГТОН) Ядролық қаруды және басқа да жаппай қырып-жоятын қару түрлерін мұхит пен теңіз түбінде және қойнауында сақтауға тыйым салу	Жоқ	Жоқ
1972 (ПАРИЖ) Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау жөніндегі конвенция	29.04.1994	Қаб
1972 (ЛОНДОН) Теңіздің қалдықтар және басқа заттарды төгу салдарынан ластануының алдын алу туралы конвенция	Жоқ	Жоқ
1978 (ТОРРЕМОЛИНОС) Өзгертулер (жандыру)	Жоқ	Жоқ
1980 Өзгерістер (ластау заттарының тізімі)	Жоқ	Жоқ
1972 (ЛОНДОН, МЭСКЕУ, ВАШИНГТОН) Бактериологиялық (биологиялық) және токсикалық (улы) қару-жарақты дамыту, өндіру және сақтауға тыйым салу және	Жоқ	Жоқ
1972 (ЛОНДОН) Теңіздегі қақтығысулардың алдын алу жөніндегі халықаралық реттеу	07.03.1994	Қос
1972 (ЖЕНЕВА) Қауіпсіз контейнерлер туралы конвенция	07.03.1995	Қос
1973 (ВАШИНГТОН) Жабайы флора мен фаунаың жойылып бітуге жақын түрлерін халықаралық саудаға салу туралы конвенция	20.01.2000	Қос
1979 (БОНН) Өзгертулер	20.01.2000	Қос
1983 (ГАБОРОНЕ) Өзгертулер	Жоқ	Жоқ
1973 (ЛОНДОН) Кемелер салдарынан болатын ластаудың алдын алу туралы конвенция	07.06.1994	Қос
1978 (ЛОНДОН) хаттама (ажыратылған балласт)	07.06.1994	Қос
1978 (ЛОНДОН) Қапталған түрінде тасымалданатын қауіпті заттар туралы III-қосымша	07.06.1994	Қос
1978 (ЛОНДОН) Саркынды сулар туралы IV-қосымша	07.06.1994	Қос
1978 (ЛОНДОН) Қоқыс туралы V-қосымша	07.06.1994	Қос
1974 Теңіздегі өмір қауіпсіздігі туралы халықаралық конвенция	07.06.1994	Қос

Қос = Қосылу; Сак= сақтау; Қаб= қабылдау; КҮЖ = Күш жою;
ҚҚ = Қол қойылған; ҚМ = құқық мирасқорлығы; Ра = Ратификация.

Дүниежүзін қамтитын келісімдер (жалғасы)		
2008ж. 21-сәуір күнгі жағдай бойынша	Дата	Статус
1976 Қоршаған ортаны модификациялау әдістерін әскери және басқа да дұшпандық мақсатта пайдалануға тыйым салу жөніндегі конвенция	(Конвенция қосылу туралы шешім 20.02.1995 күні жасалған болатын)	Әлі қол қойылмаған
1977 (ЖЕНЕВА) Жұмысшыларды ауа атмосферасының ластануы, даңғыр мен вибрациялар себепті пайда болған кәсіби қауіп-қатерден қорғау туралы конвенция (ХЕУ 148)	30.07.1996	Ра
1978 Кемешілерді оқыту мен сертификациялау және кеме күзетін жүргізу стандарттары туралы халықаралық конвенция	07.06.1994	Қос
1979 (БОНН) Жабайы жануарлардың миграцияға ұшырайтын түрлерін консервациялау туралы конвенция	01.05.2006 (13.12.2005)	Ра
1980 (НЬЮ ЙОРК, ВЬЕНА) Ядролық материалдарды физикалық қорғау туралы конвенция	02.09.2005	Қос
1981 (ЖЕНЕВА) Кәсіби денсаулық сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жұмыс ортасы туралы конвенция	30.07.1996	Ра
1982 (МОНТЕГО-БЕЙ) Теңіз құқығы туралы конвенция	Жоқ	Жоқ
1994 (НЬЮ ЙОРК) Конвенцияның XI-бөлігін орындауға қатысты келісім	Жоқ	Жоқ
1994 (НЬЮ ЙОРК) БҰҰ-ның 1982ж. 10-желтоқсан күнгі Теңіз құқығы бойынша конвенцияның трансшекаралық балықтар және алысқа миграциялайтын балық қорларын консервациялау және басқару туралы баптарын орындауға бағытталған келісім	Жоқ	Жоқ
1985 (ЖЕНЕВА) Жұмыс орнында денсаулық сақтау қызметтері туралы конвенция	Жоқ	Жоқ
1985 (ВЬЕНА) Озон қабатын қорғау туралы конвенция	26.08.1998	Қос
1987 (МОНРЕАЛЬ) Озон қабатына зиян келтіретін заттар туралы хаттама	26.08.1998	Қос
1990 (ЛОНДОН) хаттама өзгерістері	26.07.2001	Қос
1992 (КОПЕНГАГЕН) хаттама өзгерістері	Жоқ	Жоқ
1997 (МОНРЕАЛЬ) хаттама өзгерістері	Жоқ	Жоқ
1999 (БЕЙЖИН) хаттама өзгерістері	Жоқ	Жоқ
1986 Асбестосты пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы конвенция	Жоқ	Жоқ
1986 (ВЬЕНА) Ядролық апат туралы шұғыл хабарлау туралы конвенция	Жоқ	Жоқ
1986 (ВЬЕНА) Ядролық апат немесе радиологиялық төтенше жағдайында көмек көрсету туралы конвенция	Жоқ	Жоқ
1988 Кеме қатынасының қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз әрекеттерге қарсы күрес туралы конвенция	22.02.2004	Қос
1989 (БАЗЕЛЬ) Қауіпті қалдық заттардың трансшекаралық ауқымда тасымалдануын және жойылуын бақылау туралы конвенция	03.06.2003	Қос
1995 Өзгерістер		
1999 (БАЗЕЛЬ) Жауапкершілік және өтемақы төлеу туралы хаттама		
1990 (ЛОНДОН) Мұнаймен ластану жағдайларына дайындалу, шара қолдану және ынтымақтасу туралы конвенция	Жоқ	Жоқ
1991 Қоршаған ортаға тигізілген әсердің көлемін трансшекаралық ауқымда өлшеу туралы	11.01.2001	Қаб
1992 (РИО-ДЕ-ЖАНЕЙРО) Биологиялық әртүрлілік туралы конвенция	06.09.1994	Ра
2000 (КАРТАХЕНА) Биологиялық қауіпсіздік туралы хаттама	Жоқ	Жоқ
1992 (НЬЮ ЙОРК) Климаттың өзгеруі туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының рамалық	17.05.1995	Ра
1997 (КИОТО) хаттама	12.03.1999	ҚҚ
1993 (ПАРИЖ) Химиялық қаруды дамытуға, өндіруге және сақтауға тыйым салу және жою	23.03.2000	Ра
1994 (ВЬЕНА) Ядролық қауіпсіздік туралы конвенция		
1994 (ПАРИЖ) Ауыр қуаңшылық және/немесе шөлейттену жағдайында қалған елдерде, әсіресе Африкада, шөлейттенуге қарсы күрес жүргізу туралы конвенция	09.07.1997	Ра

Қос = Қосылу; Сақ= сақтау; Қаб= қабылдау; КүЖ = Күш жою;
ҚҚ = Қол қойылған; ҚМ = құқық мирасқорлығы; Ра = Ратификация.

Дүниежүзін қамтитын келісімдер (жалғасы)			
1997	(ВЬЕНА) Пайдаланылған отын менеджментінің және радиоактивті қалдықтар менеджментінің қауіпсіздігі туралы бірлескен конвенция	29.09.1997	ҚҚ
1997	(ВЬЕНА) Ядролық зиян келтірілгені үшін қосымша өтемақы төлеу туралы конвенция	Жоқ	Жоқ
1997	Өсімдіктерді қорғау жөніндегі халықаралық конвенция	Жоқ	Жоқ
1998	(ОРХУС) Қоршаған орта мәселелеріне қатысты ақпарат алуға қол жеткізу, халықтың шешім қабылдау процесіне қатысуы және әділеттілікке қол жеткізуі туралы конвенция	11.01.2001	Ра
1998	(РОТТЕРДАМ) Халықаралық саудада белгілі-бір қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге саналы түрде алдын ала келісу процедуралары туралы конвенция	01.11.2007	Қос
2001	(СТОКГОЛЬМ) Тұрақты органикалық лақтаушылар туралы конвенция	09.11.2007	Ра

Қос = Қосылу; Сақ= сақтау; Қаб= қабылдау; КүЖ = Күш жою;

ҚҚ = Қол қойылған; ҚМ = құқық мирасқорлығы; Ра = Ратификация.

Аймақтық және аймақ ішіндегі келісімдер		Қазақстан	
2008ж. 21-сәуір күнгі жағдай бойынша		Дата	Статус
1947	Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның конвенциясы	05.05.1993	Қос
1950	(ПАРИЖ) Құстарды қорғау жөніндегі халықаралық конвенция	Жоқ	Жоқ
1957	(ЖЕНЕВА) Еуропалық келісім - Қауіпті тауарларды жолмен халықаралық деңгейде тасымалдау (ҚЖТК)	26.07.2001	Қос
	А Қосымшасы: Қауіпті материалдар мен заттарға қатысты баптар		
	Б Қосымшасы: көлік құрал-жабдықтары және көлік операцияларына қатысты баптар		
1958	(ЖЕНЕВА) Келісім - Моторды, көлік техникасы мен бөлшектерді көпжақты түрде бекіту және мойындауға қажетті бірыңғай талаптарды қабылдау	Жоқ	Жоқ
1968	(ПАРИЖ) Еуропалық конвенция - Халықаралық тасымалдау кезінде жануарларды	Жоқ	Жоқ
	1979 (СТРАСБУРГ) Қосымша хаттама	Жоқ	Жоқ
1969	(ЛОНДОН) Еуропалық конвенция - Археологиялық мұраларды қорғау (қайта қаралған нұсқасы)	Жоқ	Жоқ
	1992 (қайта қаралған версиясы)		
1976	(СТРАСБУРГ) Фермерлік мақсатта сақталатын жануарларды қорғау жөніндегі Еуропалық конвенция	Жоқ	Жоқ
1979	(БЕРН) Еуропадағы жабайы жануарларды және табиғи мекен орталарын сақтау туралы конвенция	Жоқ	Жоқ
1979	(ЖЕНЕВА) Ауаның ұзақ қашықтыққа тарайтын трансшекаралық ластануы туралы	11.01.2001	Қос
